1923–1926 жылдары Темірбек Жүргенов Қазак АССР-ның Туркістан республикасындағы уәкілетті өкілі ретінде Орта Азия республикалары мен Қазақстанды ұлттық-территориялық жағынан бөлу ісін әзірлеуге белсене қатысады. Одан соң қазақтың тұнғыш педагогикалық институтының ректоры және Орта Азия мемлекеттік университетінің ғылыми қызметкері болып істейді. Осы кезеңде Жүргенов бірнеше тарихи-этнографиялық және демографиялық очерктерін жарияладап, баспасөзге де белсенді түрде қатысқан еді.

Темірбектің тәжік, өзбек тілдерін жақсы білетіндігі мен оның үйымдастырушылық қабілетін жоғары бағалаған ВКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия жөніндегі бюросы оны 1929 жылы Тәжікстанға қызметке жібереді. Ол мұнда 1929–1930 жылдары финанс халық комиссары болып істеп, Советтік Тәжікстанның экономикасын нығайтуға атсалысады. Ал 1930–1933 жылдары Т. Жүргеновті партия Өзбекстанға жұмысқа жібереді. Бұл жылдары Өзбекстан халық ағарту комиссары болып істеген Т. Жүргенов республика мәдениетін өркендету, халыққа білім беру ісіне үлкен үлес қосады.

1933 жылдың басында ВКП(б) Орталық Комитеті Темірбек Жүргеновті Қазак АССР тіл жібереді. Осы жұмыста және Қазақ АССР Халық Комиссари ағы өнер жөніндегі комитетінің председателі болып істей жүріп,

Темірбек Жүргенов өзінің тамаша ұйымдастыруши екенін көрсете білді. Өмірінің соңғы үш-төрт жылына тұстас келген кезеңде Жүргенов қазақ мәдениетін өркендетуге, ұлттық мәдениет кадрларын – артистерді, композиторларды даярауға бүкіл күш-жігерін жұмсады.

Жұбайы Дәмеш Ермекова былай деп еске алады: «Қазақстан өлкелік партия комитеті мен үкіметі мәдениет пен өнерді дамыту жөнінде бірсыныра қауылдар қабылдады. Мысалы, музика театры, филармония ашу міндегі алға қойылды. Бұл жұмыс Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновке тапсырылды. Ол үлкен шабытпен, өзіне біткен еңбексүйгіштікпен қазақтың тұнғыш музикалық театрын ұйымдастыруды қолға алды. Жүргенов театр жұмысына талантты қазақ жазушылары Сәкен Сейфуллинді, Бейімбет Майллинді, Илияс Жансүгіровті, Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты, Ғабит Мұсіреповті, Ғаббас Тоқжановты, Әбділдә Тәжібаевті, Сағыр Камаловты және басқаларын тартты. Мысалы, Мұхтар Әуезовке «Айман-Шолпанның», Бейімбет Майлинге «Жалбырдың», Ғабит Мұсіреповке «Қызы Жібектің» либреттоларын бір-екі айданын ішінде жазып бітіруді тапсырды. Жүргенов олардың сценарийлері мен либреттосын талқылауға белсене қатысты».

Опера және балет театры мен қазақ филармониясы, хореографиялық училище де сол кезеңде ашылған еді. Сондай-ақ жергілікті жерлерде де театр өнері кең қанат жайды. Т. Жүргенов сол кездегі қазақ өнерін дамытуға әкелік қамқорлық жасады десек, асыра айтқандық болмайды. Өйткені ол халық арасынан шыққан талантты әншілерді, ақындарды, жыршы-жырауларды, бишілерді, күйшілерді үнемі іздестіріп тауып, олардың шеберліктерін шындауына қамқорлық жасап отырды.

Қысқа мерзім ішінде өнер саласында кол жеткен табыстарға байланысты 1936 жылы Москвада қазақ әдебиеті мен өнерінің тұнғыш онкүндігі өткізілгені мәлім. Осы онкүндікке қатысқан бір топ ақындармен, артистермен бірге Темірбек Жүргенов те Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Темірбек Жүргенов халық ағарту саласында да орасан зор із қалдырды. Ол қазақ орта мектептерін құру үшін республиканың халық ағарту қызметкерлерін ұйымдастыруға көп күш-жігер жұмсады, мұғалім кадрларын даярауға, мектептердің оқу-материалдық базаларын нығайтуға жаңа мектептер, интернаттар, балалар бақшаларын салу ісіне зор көніл бөліп отырды. Сол кезде Алматының өзінде ғана Т. Жүргеновтің басшылығымен 18 мектеп үйі, Мәдениет үйі мен консерватория салынғаны, қазіргі опера мен балет театры үйінің салынуы оның орасан зор жемісті жұмыс жүргізгеніне дәлел бола алады.

Халқымыздың мәдени өмірін өркендетуге осындағы үлкен үлестер қосқан азamatы жайындағы шағын мақалада оның бүкіл өмірі мен қызметін толық баяндап беру мүмкін емес. Оның қысқа өмірінде тындырған қыруар ісі келелі де көлемді зерттеуді керек етеді. Біздің қолға қалам алғандағы мақсатымыз – тұған халқының әдебиеті мен мәдениетіне Темірбек Жүргенов¹ нын еске сала кету еді.

ТАБАНДЫ КҮРЕСКЕР

Бүкіл еліміздегідей Қазақстан мен Орта Азияда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күрестің барысында партия революция мен халық ісіне қалтқысыз берілген нағыз большевик-лениншілдердің бүтіндей бір ұрпағын тәрбиелеп шығарғаны мәлім. Оның ішінде Темірбек Жүргенов те лайықты орын алады.

Темірбек Жүргенов 1898 жылы ноябрьде Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы Басықарақопа деген жерде (қазіргі «Жабасақ» совхозы) туды. Оның ауылды жазда Ырғыз уезінің Басықарақопа дейтін жердегі Орскіге жақын жайлайруды жайлайтын да, кузде Перовскіге (Қызылорда) жақын Сыр бойындағы өзінің тұрақты қыстауына қоныстанатын. Осы жерде Темірбек тұнғыш рет ауыл мектебінің табандырығын аттайды. Бұл мектепте сол кездегі білімді адамдардың бірі әрі дарынды талант иесі, ақын Тұрмамбет Ізтілев-уов мұғалім болып істейтін-ді. Ол өзінің жас шәкірті Темірбек Жүргеновтің қөкірегінде терен де өшпес із қалдырды.

Тұрмамбет ақыннан алған білімі, тәжік және өзбек тілдерін үйренуі Т. Жүргеновке кейін Тәжікстан мен Өзбекстанда жауапты қызметтер атқарған кезінде зор пайдасын тигізді.

1909 жылы әкесі Қара Жүргенов Темірбекті Аламесекке апарып, болыстық орыс-қазақ бастауыш мектебіне береді. Аламесек сол кездегі көшпелі қазактардың сауда және әкімшілік оргалығы болатын.

Аламесек бастауыш мектебін Темірбек 1913 жылы үздік бағамен бітіреді де, сол жылы Перовскідегі Сұханский атындағы қалалық жоғары орыс-қазақ училищесіне туседі. Бұл сол кездегі Перовскідегі ең ірі оку орны болатын. Училищеде Темірбек өзінің табандылығымен, ұстамдылығымен, принциптілігімен көзге туседі. Ол қазақ оқушылары арасында орыс әдебиетін оқып үйрену үйірмесін құрады да, оның жұмысына қызу атсалысады. Мұның өзі оның әдебиетке деген құмарлығын арттырып, қабілетін шындаі туседі. Сол жылдары кәмелетке жетіп үлгірмеген Темірбек Крылов пен Некрасовтың шығармаларын қазақ тіліне аударуға әрекет жасайды. Темірбек өзінің алғашқы туындыларының бірі – «Бастық алдындағы тілмаш» деген өлеңін сол мезгілде жазады. Бұл шығармасында ол халықтың қарандылығы мен надандығын өзінің кара ниет мүддесіне пайдаланып келген парапор тілмаштарды әшкерелейді. Кейінде Темірбектің бұл шығармасы қазақ сахна өнерінің майталманы – Социалистік Еңбек Ери, Қазақ ССР халық артисі Серке Қожамқұловтың репертуарынан көп жылға дейін орын алып келгені аян. Бұл жөнінде Серке аға былай деп есіне алады:

– «Тілмаш аудармашымен» ұзак жылдар бойы айрылысқаным жоқ, оны 1936 жылы
адебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігі программасына да
шарда да оны жадыма сақтап келдім.

Сұханский атындағы училищені Темірбек 1917 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

Жасынан білімге құштар Темірбек оқуын одан әрі жалғастыруды мақсат етіп қояды. Сол жылы ол Уфаға барып, жер өлшеу училищесіне түседі. Оның 1 курсын үздік бағамен бітірген соң Темірбек Жүргеновке окудан қол үзуге тура келеді. Т. Жүргенов, езінің өмірбаянында ашып көрсеткенідей, ол жер өлшеу училищесінен 1918 жылы бірден Совет органдарына қызметке ауысады, сонымен бірге Қазақстанның кейір жерлерінде Совет өкіметін орнатуға қатысады.

Жігерлі де білімді жас Темірбек Жүргеновтің дүниеге революциялық көзқарасының қалыптасуына қазақ халқынан шыққан тұңғыш большевик Әліби Жангелдин зор ықпал етті. Темірбек Жүргенов Әліби Жангелдинмен 1918 жылы Торғайда танысады. Торғай дағала комиссары Ә. Жангелдин білімді де жігерлі жас Темірбекті Советтердің Торғай облыстық съезін шақыруға даярлық жұмысына тартты. Т. Жүргенов съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросының секретары болып тағайындалды.

Бұл съезд 1918 жылы 21 марта өтті. Ол Қазақстанда жас Совет өкіметін нығайтуда, республиканың батыс облыстарында еңбекшілердің қалың бұқарасының саяси санасын оятып, белсенділігін арттыруды үлкен рөл атқарды. Сол кезде Ұлы Октябрь идеяларын бұқара арасында кеңінен насихаттау кезек күттірмейтін міндетке айналды. Бұл аса құрметті де, құрделі міндетті орындауда газеттердің рөлі ете зор болды. Осыған орай жер-жерде советтік алғашқы газеттер шыға бастады. Солардың бірі Торғайда 1918 жылы апрельде шыққан «Қазақ мұнды» газеті еді. Оның редакция алқасына халық мұддесіне шексіз берілген, даярлығы мол, қабілетті де іскер бір топ адамдармен бірге Т. Жүргенов те енді. Ол өзінің журналистика саласынан тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, газетті шығарудың барлық процесіне қызу атсалысты. Мұнда ол 1919 жылға дейін қызмет жасады.

Ол кезде Қазақстанда саяси жағдай қайтадан шиеленісе бастаған-ды. Ақғвардияшылар мен алашордашылар опасызызықпен Торғайды басып алып, ардагер А. Имановты атып өлтірді, большевик Таранды айуандықпен жазалады. Жаулар елді мекендерді басып алып, партия, совет қызметкерлерін құғынға ұшыратты.

Сол бір сұрапыл кезеңде Т. Жүргенов Қызыл Армияның тәжірибелі қолбасшысы, Үргызың бірінші соғыс комиссары Иван Федорович Киселевпен және Октябрь революциясының көрнекті ардагерлерінің бірі Бәймен Алмановпен достасып, жас Совет өкіметінің жауларына қарсы күрес жүргізеді.

Үргыз акғвардияшылар мен алашордашылардан азат етілген соң, Т. Жүргенов Кенжекорада болыстық революциялық комитеттің председателі болады, бай-кулактар элементтерінің жеке қарулы көтерілістерін талқандауға басшылық етті. Өзінің революциялық күресінде ол Әліби Жангелдиннің нұсқауларын үнемі басшылыққа алып отырды. Т. Жүргеновтің сол кездегі серіктерінің бірі А. С. Сытдыков кейінде былай деп жазды:

«Ақ бандылар мен алашордашылардың қарулы отрядтарының қалдықтарын құрту жөніндегі жауынгерлік тапсынышын ол (Т. Жүргенов) ... А. С. Сытдыков Әлібо Жангелдиннің тапсыруымен орынады.



1920 жылы Ыргыз партия үйімі Т. Жұргеновті Коммунистік партияның мүшелігіне қабылдады. Сол жылы Т. Жұргенов Ыргыз уездік революциялық комитетінің председателінің орынбасары, көп кешікпей председателі болып сайланды. Сонымен қатар ол 1921 жылға дейін жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Ыргыз уездік Советі атқару комитетінің председателі болып істеді.

1921 жылы Ыргыз уезі таратылады да, Т. Жұргенов Орынбордағы жұмысшылар факультетінде окуга түседі. Тұрмыстың ауырлығына қарамастан, ол өзінің басқа да көптеген серіктепер сияқты окуды бар ынтасымен жақсы оқыды. Сезімтал да кішіпейіл Т. Жұргенов жолдастарының күрметіне бөлөніп, олардың үйткышы болды. Сол кезде Орынборда татардың халық ағарту институтында оқыған Серке Қожамқұлов Темірбек туралы былай деп есіне алады:

«Ол жұмысшылар факультетінде өзімен бірге оқытын досы Ерғали Алдонғаровпен бірге біздің жатақханаға жиі келіп жүрді. Сөзге ұтымды, әңгімешіл, қазақтың өлең-жырлары мен ән-күйлерін жақсы білетін Темірбек біздерді тез еліктіріп, жабырау көңілімізді сергітіп жіберетін-ді. Сондықтан да біздер әрқашан оның келуін қуана қарсы алатынбыз, өздеріміз де оған жиі-жиі барып, ақыл-кеңес сұрап, пікірлесіп тұратынбыз, қажет болған кезде қолдау табушы едік».

Орынбордағы жұмысшылар факультетін ойдағыдай бітіріп, Т. Жұргенов 1923 жылы В. И. Ленин атындағы Орта Азия университетіне жолдама алып, заң факультетінің студенті болды. Бұл кезде ол университеттің нығайып, кемеліне келген шағы болатын. Университет Орта Азия республикалары мен Қазақстан үшін мамандар даярлайтын ірі оқу орнына айналған-ды.

Екінші семестрден бастап-ак Т. Жұргенов университеттегі оқуын жауапты қызметпен тығыз ұштастырды. Бұл сол дәүірдің, нақтылы тарихи жағдайдан тұған құбылыс болатын. Университетте оқи жүріп, Т. Жұргенов Қазақ АССР-ның Түркістан республикасындағы тольқ праволы өкілі қызметін ойдағыдай атқарды. Қазақ және Түркістан республикаларының қоғамдық өміріне белсене араласқан Т. Жұргенов осы республикалардың Орталық Атқару Комитеттерінің мүшесі болды, облыстық, өлкелік және республикалық партия конференцияларына делегаттыққа сайланды.

В. И. Ленин атындағы Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жүрген кезінде Т. Жұргенов ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданады. Бұл жұмыста оған университеттегі оқу, право, тарих, этнография саласындағы мамандар зор көмек көрсетті. 1924 жылы Т. Жұргенов өзінің «Орта Азия республикаларында тұратын қазақтардың хал-жайы» атты тарихи-этнографиялық очерктерін жариялады.

1926 жылы Ташкентте Қазақтың тұңғыш педагогикалық жоғары оқу орны ашылды. Оның ректоры болып университеттің соңғы курсында оқып жүрген Т. Жұргенов тағайындалады.

Сол жылы 7 сентябрьде «Советская степь» газеті Т. Жұргеновтің «Қазақстандағы педагогары оқу орнының міндеттері. Дүниежүзілік мәдениетті халық мәдениеті» деген көлемді мақаласын жариялады. Онда Қазақстандағы

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

жүргізіліп жатқан мәдени революцияның тарихи маңызы атап көрсетіліп, қабілетті де іскер мамандар даярлау туралы баяндалады.

Арада бір жыл өткенде, Т. Жүргенов «ҚАССР-інде жоғары оку орнын ұйымдастырудың қорытындылары мен перспективалары» деген тақырыпта баяндама жасады. Бұл баяндама 1928 жылы Ташкентте «Қазақ педагогикалық институтының бір жылғы жұмысы» деген атпен жеке кітапша болып шықты. Т. Жүргенов бұл еңбегінде республика астанасы – Алматыда университет ашудың қажеттігін терең де жанжакты дәлелдеп берді. Университет ашу, жоғары мектепті дамыту, деп атап көрсетті Т. Жүргенов, орасан зор территориясы бар бай өлкені игеру қажеттігінен, оның экономикалық-мәдени жағынан артта қалушылығын жою міндеттерінен туып отыр. «Өлкенің мұлгіген табиғат байлығы, – деп жазды ол, – өзінің зерттеушілерін және ең алдымен жергілікті халық арасынан шыққан жоғары техникалық білімі бар адамдарды күтіп отыр. Халық шаруашылығын одан әрі дамыту процесі халық арасында кеңінен білім тарату қажеттігіне тіреліп отыр».

Бұл мәселе жайында 1927 жылы «Советская степь» газетінде жарияланған «Қазақ университетін ұйымдастыру туралы» деген мақаласында тағы сөз етеді.

Т. Жүргенов Орта Азияның Мемлекеттік университетін 1927 жылы үздік бітіріп шығып, мемлекеттік право жөніндегі ғылыми қызметкер болып университеттің өзінде қалдырылды. Ол «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» деген тақырыпқа диплом жұмысын ойдағыдай қорғап шықты. Бұл тақырыптың маңыздылығын, проблемалық терең қойылышын және оның тындығын ескере келіп, мемлекеттік комиссия Т. Жүргеновтің диплом жұмысын жеке кітап етіп шығару туралы шешім қабылдады. Сол жылдың аяғында кітапша Қызылордада басылып шықты.

Т. Жүргенов университетті бітірген соң да енбек пен окуду шебер жалғастыра білді. Ол халықтың қалың бұқарасы арасында марксизм-ленинизм идеяларын насиҳаттауға үлкен үлес косты. Ол алғашқылардың бірі болып К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Лениннің шығармаларын аударды. 1938 жылға дейін Т. Жүргенов ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың жеке еңбектерін, жинақтарын, таңдамалы шығармаларын қазақ тілінде баспаға әзірлеу жөніндегі редакциялық советтер мен алкалардың тұрақты мүшесі болды.

1929 жылы ВКП (б) Орталық Комитетінің Орта Азиялық Бюросы Т. Жүргеновті жаңадан шаңырақ көтерген Тәжік ССР финанс халық комиссары етіп жібереді, ал 1930 жылы Өзбек ССР Халық ағарту комиссары болып тағайындалады.

1933 жылы Т. Жүргеновті партия Қазақстанға Халық ағарту комиссары етіп жіберді. Ол кезде барлық оку, мәдениет, көркемөнер жұмыстары түгелімен халық ағарту комиссариатына қарайтын. Абзal азамат, табанды коммунист Т. Жүргенов сол кезде республикада қанатын көңге жайған мәдени революцияның көкейтесті де күрделі мәселелерін шебер шешіп отырды. Ол 1934-1935-жылдарының бүкілқазақстандық ТА



байтак республикамызың түпкір-түпкірінен домбырашылар, қобызшылар, әншілер, жыршылар мен жыраулар қатынасқаны мәлім. Сол бір өнер иелерінің шабытын тасытқан тамаша жиынның барысында келешекте есімдері ел мақтанышына айналған талай талант иелері бөлініп шыққанын кім білмейді.

Т. Жұргенов халық ағарту комиссары қызметін асқан іскерлікпен атқарып, республикамызда мәдени революцияны жүзеге асыруға тікелей басшылық етіп, көп еңбек сінірді.

Сол жылдары республикамызда жүздеген мектептер ашылып, сауатсыздықты жою саласында құрес кең көлемде жүргізілді. Соның нәтижесінде революцияға дейін халқының небәрі 2 пайызы сауатты болған Қазақстанда сауаттылық 1936 жылы 60 пайызға артқаны мәлім. Республикада мұғалімдер даярлау, окулықтар мен методикалық құралдар шығару ісі кең көлемде жүргізілді. Т. Жұргенов республикада жоғары оқу орындарын ашуға қызу атсалысты. Ол Қазақтың Мемлекеттік университетін ашуға көп еңбек сінірді. Бұл университет 1934 жылы ашылды.

Көрнекті жазушы, ғалым Әбділдә Тәжібаев Темірбек Жұргенов жөнінде былай деп еске алады:

«1936 жыл. Барлық оқу, мәдениет, көркемөнер жұмыстарын түгел осы Наркомпрос басқаратын. Осындағ аса күрделі міндеттер атқаратын республикалық үлкен мекеменің басшылығына ерекше іскер және қайратты Наркомның келгеніне екі жылдай болып қалған.

— Темірбек десе, Темірбек көрінеді. Нағыз темір Нарком!

Расында да Жұргеновтің ісі Алматы көшесін аралап жүрген жай адамның да көзіне оттай басылатын. Аз ғана уақыттың ішінде қанша мектеп салынды! 1934 жылы бүкілқазақстандық тұнғыш слет өткізілді! Бұл алыста жатқан домбырашы, қобызшы мен әнші, жыршыларды өз дүбірімен елеңдепткен тамаша жиын болды.

Темірбек орта бойлы, қаршыға пішіндес кісі еді. Ол шешіп сөйлей, кесіп істегенді ұнататын. «Осындағ іскер мактаулы Нарком».

Т. Жұргенов 1936 жылы Москвада өткен қазақ өнерінің бірінші онкүндігін даярлауға және өткізуге зор еңбек сінірді. Қазақ өнері санлактарының бірі – Қанабек Байсейітов «Күштар көніл» атты кітабында былай деп жазды: «Сол онкүндіктің тұсында Темкен біздің бас қолбасшымыз болды десем, шындыққа қиянат болмайтын шығар. Ең зәру, ең жедел шешім қажет мәселелерді тікелей Темкенің араласуымен қолма-қол шешіп жүрдік».

Сол жылы қазақ өнерін дамытудағы еңбегі үшін Т. Жұргенов Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Ардагер азamat, жалынды насихатшы, темір нарком Т. Жұргенов еңбекшілердің қалың бұқарасы арасында зор құрметке бөлөнді. 1937 жылы Қазақстан Компартиясының бірінші съезінде ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі болып сайланды.

Темірбек Караұлының өмірі мен қызметі партия мен халыққа қалтқысыз қызмет ету-
былады. Сондықтан да халқымыз оның есімін зор ілтипат-
тар тұтады.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Казакстан мен Орта Азияда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күрестеке белсene қатысушы, мемлекеттік қайраткер Темірбек Қараұлы Жургеновтің туғанына сексен жыл толды.

Ол 1898 жылғы ноябрьде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы қазіргі «Жабасак» совхозы тұрған жерде туды. Ауылдары кектем, жазда Ырғыз жағын жайлап, күз түсे Перовскіге (Қызылорда) жақын, Сырдария бойындағы өзінің тұрақты қыстауына көшіп келетін. Қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы «Жаңа талап» совхозы тұрған жерде ол алғаш рет ауыл мектебіне барды. Алғашқы үстазы, сол кездегі білімді адамдардың бірі әрі белгілі ақын Тұрмагамбет Істілеуов бала Темірбектің өмірінде терең із қалдырыды.

1909 жылы Қара Жұргенов ұлын орыс-қазақ бастауыш мектебіне окуға береді. Оны 1913 жылы үздік бағамен бітіріп шыққан соң Перовскідегі Суханский атындағы қала-лық жоғары орыс-қазақ училищесінде білім алады. Ал 1917 жылы Темірбек Уфадағы жер өлшеу училищесіне окуға түседі. Өзі өмірбаянында көрсеткендей, жер өлшеу училищесінен 1918 жылы бірден совет органдарына қызметке ауысады, сонымен бірге Қазакстанның кейір жерлерінде Совет өкіметін орнатуға қатысады.

Жалынды большевик Әліби Жангелдинмен кездесіп, оның басшылығымен жұмыс істеуі Т. Жүргеновтің революциялық көзқарасының қалыптасуына үлкен әсер етті. Жас Жүргеновтің алғашкы жауынгерлік қадамы – 1918 жылы Ырғыз уезіндегі Қызылқұм деген жерде алашордашыларға қарсы құрес ұйымдастыруы болды. Сол жылы Ә. Жангелдин жігерлі де білімді жас жігітті Советтердің Торғай облыстық съезіне даярлық ісіне тартты. Т. Жүргенов съезді шакыру жөніндегі ұйымдастыру бюросының секретары болып тағайындалды. 1918 жылы Торғайды шыққан алғашкы совет газеттерінің бірі – «Қазақ мұны» газеті редколлегиясының мүшесі болып, онда 1919 жылға дейін істеді.

Ырғызы ақғвардияшылар мен алашордашылардан азат еткеннен кейін Жүргенов Қенжеқарада болыстық революциялық комитеттің председателі болып, контрреволюцияның қалдықтарына қарсы күресті, бай-кулак элементтердің қарсылығын басып-жаншуға қатысқан шағын милиция отрядына басшылық етті. 1920 жылы Ырғыз партия үйімі Темірбек Жүргеновті Коммунистік партияның мүшелігіне кабылдады. Сол жылы-ақ ол Ырғыз уездік революциялық комитеті председателінің орынбасары, көп ұзамай оның председателі болып сайланды.

Ырғыз уезі таратылысымен 1921 жылы Орынбордағы жұмысшы факультетіне оқуға келді. Екі жылдан кейін Ташкенттегі В. И. Ленин атындағы Орта Азия университеті заң факультетінің студенті 6:

университеттегі оқуынан қол



республикасындағы толық праволы өкілі болып тағайындалды. Қазақ және Түркістан республикаларының қайнаған қоғамдық өміріне белсene араласты. Ол Қазақстан мен Түркістан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды, облыстық, өлкелік және республикалық партия үйымдарының конференциялары мен пленумдарына делегат болып қатысты.

1926 жылды Ташкентте Қазақтың педагогтік жоғары оқу орны ашылды. Оның тұнғыш ректоры болып университеттің соңғы курсында оқып жүрген Темірбек Қараұлы Жүргенов тағайындалды. Орта Азия мемлекеттік университеттін Темірбек Қараұлы Жүргенов 1927 жылды үздік бітіріп шықты және мемлекеттік право жөнінен ғылыми қызметкер болып, университетте қалдырылды. Оның «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» деген тақырыптағы диплом жұмысы жеке кітапша болып басылып, оған жазған алғы сөзінде университеттің профессоры Н. Фиолетов былай деп көрсетті: «Сынақ комиссиясы бұл жұмысты дипломдық жұмыстарға қойылатын дағдылы талаптар дәрежесінің шеңберінен жоғары деп бағалады. Бұл жұмыстың авторы қазір мемлекеттік право кафедрасында ғылыми қызметкер есебінде факультетте қалдырылып отыр».

Университеттен кейін Т. Жүргенов қазақ халқының қалың бұқарасы арасында марксизм-ленинизм идеясын тарату және насиҳаттау ісіне едәуір үлес қосты. Ол Марксін, Энгельстің және Лениннің еңбектерін қазақ тіліне алғаш аударғандардың бірі. 1938 жылға дейін ғылыми коммунизм негізін салушылардың жеке еңбектерін, сондай-ақ жинақтарын, тандамалы шығармаларын баспаға әзірлеу жөніндегі редакциялық советтер мен коллегиялардың тұрақты мүшесі болды.

ВКП(б) Орталық Комитеті Ортаазиялық бюросының қаулысы бойынша 1929 жылды Т. К. Жүргенов Тәжікстанға финанс халық комиссары қызметіне, ал 1930 жылды ВКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауымен Өзбек ССР халық ағарту халық комиссары қызметіне жіберілді.

1933 жылды Т. К. Жүргенов Қазақ АССР Халық ағарту комиссары қызметіне тағайындалды, көп ұзамай ВКП(б) өлкелік комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. Т. К. Жүргенов өзінің бүкіл күш-жігерін, мол саяси тәжірибесін және терең де жанжақты білімін сарқа жұмсай отырып, мәдениет саласындағы көптеген нақты міндеттерді шешуге табандылықпен кірісті. 1934 жылды халық көркем өнерпаздарының бүкіл қазақстандық тұнғыш слётін откізді. Бұл алыста жатқан домбырашы, қобызшы мен әнші, жыршы-жырауларды да дүбірімен елеңдепткен тамаша жиын болды.

Өмірінің соңғы кезеңіндегі сол бір үш-төрт жылда ол көп нәрсе істеді. Қазақстан мәдениетін өркендешту ісінде терең із қалдырды. 1935 жылды жарияланған бірқатар сөздері мен еңбектерінде, мәдениет майданындағы жағдайға, атап айтқанда республикада халыққа білім беру ісін өркендешту жайына талдау жасайды.

Қазақстанның 30-шы жылдардағы әдебиеті мен өнерін өркендештеде ғеі бар. Қазақстан мәдениетінің революцияға дейінгі тарихи мәбдіктерінде түгел қамтылып, бірқатар халық ақындары мен

композиторларының творчествосына дұрыс баға берілді. Ол әдебиет пен өнердің партиялылығы, халықтығы үшін күресті. Қазақ театрын ұйымдастыруға да көп күш салды. Т. К. Жүргенов 1936 жылы Москвада өткен Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне дайындалуға ғаламат еңбек сіздірді. Осы жылы қазақ өнерін дамытудағы үздік үлесі үшін Т. Жүргенов Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Қазақстанда мәдени революцияны жүзеге асырудың талантты ұйымдастырушысы, республиканың көрнекті мемлекет қайраткері, адал да принципті коммунист, қажырлы еңбеккер, сыпайы да сезімтал жолдас Темірбек Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін Қазақстан еңбекшілерінің қалың жұртшылығы арасында үлкен құрметке бөленип, зор беделге ие болды.

Қазақстан Коммунистік партиясының 1 съезінде ол республика Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, ал Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйымдастыру пленумында Орталық Комитеттің бюро мүшесі болып сайланды.

Темірбек Қараұлы Жүргеновтің жарқын өмірі – партия мен Отанға берілгендейдіктің айшықты үлгісі, жас үрпақ үшін үлкен өнеге.

Рамазан Сулейменов

ПОЛПРЕД КУЛЬТУРЫ

Среди первопроходцев Октября было немало представителей некогда угнетенных национальных окраин. При содействии и помощи русских большевиков в исключительно сжатые сроки они проходили школу политической и идейной закалки, становились в ряды сознательных и стойких борцов за народное дело. Один из них – Темирбек Караевич Жургенев, пламенный большевик, видный государственный деятель Казахстана, внесший большой вклад в строительство новой культуры республики.

Он родился в 1898 году в Иргизском районе Актюбинской области в семье кочевника. Учился в Перовском училище имени Суханского и землемерном училище в Уфе. В становлении Т. К. Жургенева как коммуниста и активного борца за новую жизнь в Казахстане сыграли роль такие революционеры, как А. Т. Джангильдин, А. А. Айтиев, Н. Т. Тюrekulov, И. Ф. Киселев и другие. Первым по-настоящему боевым крещением для молодого Жургенева было восстание в урочище Кзыл-Кум против местной алашордынской власти. Тогда же он стал секретарем организационного бюро по созыву Тургайского съезда Советов. Вскоре он вошел в редакколлегию местной советской газеты «Қазақ мұнды» («Думы казахов»).

В то тревожное и насыщенное бурными событиями время ему, как и многим его современникам, частенько приходилось активно участвовать в разгроме



становится председателем ревкома, во главе отряда милиции ликвидирует остатки контрреволюции, байско-кулацких элементов.

В 1920 году Жургенев вступил в ряды Коммунистической партии. Вскоре избирается председателем Иргизского уездного ревкома и председателем исполкома Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов этого уезда. В 1921 году партия направляет его на учебу на Оренбургский рабфак.

Через два года он как один из лучших рабфаковцев был направлен на факультет права Среднеазиатского университета – первого высшего учебного заведения на востоке страны, созданного по инициативе В. И. Ленина.

Университетские годы были не только годами упорной и плодотворной учебы, но и периодом активной политической деятельности. Уже на первом курсе ему пришлось занять ответственный пост – полномочного представителя Казахской АССР в Туркестанской Республике. Студент избирается членом ЦИКа Казахстана и Туркестана, делегируется на конференции и пленумы областных, краевых и республиканских партийных организаций.

Полпред и студент Жургенев работает на совесть. Государственное дело и учеба в его жизни органически переплетаются. Вместе с партийными и советскими работниками, учеными и педагогами края он стремится практически осуществить идею В. И. Ленина о национально-территориальном размежевании республик Средней Азии и Казахстана, последовательно разоблачает буржуазно-националистические тенденции, групповщину, часто выступает с остропублицистическими статьями и очерками, в которых поднимает актуальные, жизненно важные проблемы. Таков цикл его очерков «Положение казахов Средней Азии».

Многое делает Жургенев и для практического претворения в жизнь заветов В. И. Ленина о культурной революции, успехи которой в республике сдерживались многими факторами и прежде всего отсутствием подготовленных учительских кадров. Преодолевая косное сопротивление националистов и шовинистов, партия поддержала инициативу коммунистов Казахстана о создании своего педагогического вуза. В 1926 году вуз был организован, но не в самой республике, а в Ташкенте, и его директором назначается Т. К. Жургенев.

В своих статьях и выступлениях молодой директор, вопреки националистическим элементам, твердившим, что казахи не доросли до университета и что вузы будут «навязывать казахскому народу чуждую ему культуру», убедительно доказывал необходимость создания высшей школы республики. И то, что на первых порах обучение в них придется вести на русском языке, с помощью русских профессоров, писал он, будет служить духовному раскрепощению и расцвету казахской нации.

В 1927 году Т. К. Жургенев с отличием заканчивает университет. Его дипломная работа публикуется отдельной книгой, а сам он остается работать на кафедре госправа. В
 учебе переведом произведений классиков марксизма-ленинизма и учебники по политической экономии и правоведению.

В начале 30-х годов Жургенев возглавил Народный Комиссариат просвещения, был избран членом Казахстанского Краевого Комитета ВКП(б) и членом бюро Казкрайкома партии. Главное внимание он сосредоточивает на проблемах народного образования. Глубокий анализ недостатков сочетает с поиском позитивных путей к их устраниению. И делает это не в одиночку, а при широком участии учительства, общественности, всех трудящихся республики. Новый народный комиссар просвещения колесит по городам и аулам, посещая школы и техникумы, рабфаки и вузы. Встречи, беседы с учителями и работниками местных учреждений культуры дают богатый материал для многочисленных устных и печатных выступлений. Значительным событием в жизни республики той поры явился первый съезд деятелей культурного строительства Казахстана, где по решению бюро райкома партии Жургенев выступил с обстоятельным докладом, опубликованным вскоре отдельной книгой – «Культурная революция в Казахстане».

Добиваясь расширения и упорядочения сети педагогических учебных заведений, совершенствования системы переподготовки учительских кадров, Жургенев ведет большую воспитательную работу среди учительства, часто выступает с лекциями и докладами на конференциях, совещаниях и съездах, публикует статьи как по вопросам учебной работы, так и на мировоззренческие темы, нацеливает учителей на активную идеологическую борьбу с религиозными и феодально-родовыми взглядами и традициями.

Штаб культурной революции республики и его руководитель с самого начала своей деятельности остро, по-партийному ставили и решали задачи ликвидации неграмотности, подготовки квалифицированных специалистов.

По-ленински заботливое отношение Жургенев проявлял к художественному наследию прошлого. Он ратовал за творческое использование и развитие лучших традиций народного эпоса, богатейшего фольклора, горячо поддерживал Мухтара Ауэзова и молодой коллектив музыкальной студии республики.

Современников восхищала и поражала неутомимость, одержимость Жургенева в поисках талантов из народа. Он был инициатором созыва ряда слетов и конкурсов народных акынов, мастеров прикладного искусства, артистов художественной самодеятельности, инструменталистов. По-настоящему раскрылся в Т. К. Жургеневе талант организатора в период подготовки и проведения первой Декады литературы и искусства Казахстана в Москве (май, 1936 г.). По итогам декады Т. Жургенев, К. Байсеитова, С. Сейфуллин и Джамбул были награждены орденами Трудового Красного Знамени.

«Декада, – писал позднее Т. К. Жургенев, – явилась прежде всего новой формой интернационального общения, творческой учебы». Дальнейший прогресс культуры он видел в углублении и интенсификации культурного взаимодействия, интернационального духовного общения казахского народа со всеми народами СССР.

Деятельность одного из талантливых организаторов культурной революции в Казахстане, честного и принципиального коммуниста, человека большого обаяния и доброты, каким был Т. К. Жургенев, авторитет среди трудящихся Казахстана.



ЕЛДІҢ ШЕКАРАСЫН БЕЛГІЛЕП, МӘДЕНИЕТІНЕ ҚАМҚОР БОЛҒАН

1937

жылғы күгін-сүргін зобаланды жұртшылық 60 жыл бойы түсініп жа-
рытпай, енді ғана біле бастағандай. «Халық жауы» деп жазаланғандар-
дың жазықсыз жандар екенін қазіргі оларды ақтаған заңды құжаттар айқын дәлелдеп
отыр. Бірақ мындаған зиялыштар мен ел қайраткерлері жазықсыз құрбан болып кеткені
қандай өкінішті. Солардың бірі еліміздің ардақты перзенті Темірбек Жұргенов еди.

Темірбек Жұргенов 1898 жылы Ақтөбе облысы Ырғыз уезінің «Басықара» деген
жерінде дүниеге келген. Ата-тегі Сырды қыстап, қырды жайлап, мыңғырған мал өсірген
ауқатты жандар екен.

Өз әкесі Қара деген кісі 1928 жылы ірі байлардың қатарында тәркіленіп, жер
аударылыпты.

Әкесі Темірбекті ерте ауыл мектебіне берген. Ол оқыған мектептің мұғалімі атақты
Тұрмагамбет Ізтілеуов ақын болыпты да, сол тамаша адамның сабагы Темірбектің
бала кезінен-ак зеректігін ұшталты. Сөйтіп, ол сол ауыл мектебінде Тұрмагамбет
акыннан жалпы білім алушымен бірге тәжік, өзбек тілдерін де үйренген. Әкесі Қара
1909–1913 жылдары Темірбекті Аламесектегі орыс бастауыш мектебіне оқуға береді,
оны да ойдағыдай аяқтайды. Бұдан соң да окуды біраз жалғастырып, 1917 жылы Уфа
қаласындағы жер өлшеу (землемерие) училищесіне түседі. Бірақ 1918 жылғы елдегі
болып жатқан азамат соғысы салдарынан училище жабылып қалып, окуды аяқтай
алмаған.

Сөйтіп, Т. Жұргеновке Ырғызға қайтып келіп, елде жүріп жатқан советтендіру жұ-
мыстарына белсене араласуға тұра келген. Өйткені осы жылы оған Әліби Жангелдин
кездеседі де, ол жас Темірбектің қажырын танып, оны елді советтендіру ісіне кеңінен
пайдаланады. Ал 1918 жылы Ә. Жангелдин оны Торғай облыстық советтерінің бірін-
ші съезін дайындауға қатыстырыпты. Ол 1920 жылы партия қатарына өтіп, сол жылы
Ырғыз уездік ревком төрағасының орынбасары, іле-шала төрағасы болған. 1921 жылы
Ырғыз уездік совет атқару комитетінің төрағасы болып сайланған. Осы жылы Ырғыз
уезі екіге бөлініп (Ырғыз, Шалқар аудандары болып бөлінеді) таратылуына байланысты,
ол бүл міндеттінен босатылған. Соған байланысты 1921 жылы Орынбордағы орта
білім беретін рабфакқа түсіп, оны 1928 жылы аяқтаған.

Сол 1928 жылы ол Ташкенттегі Орта Азия университетінің заң факультетіне оқуға
түсіп, 1927 жылы оны үздік дипломмен бітіргеннен кейін, университетте сабак беруге
қалдырылған. Ташкентте оқыған жылдары оған үлкен сенім артылып, Қазақ АССР-ы,
Түркістан республикасы Орталық Атқару комитеттерінің мүшесі болып сайланған.
Үштөрмешекендерінің болісү, елді аудандастыру ісіне тапсырма алып, бұған белсене қа-
нда 1926 жылы алғашқы ашылған қазақ педагогикалық инсти-

тұтынын тұңғыш ректоры болып тағайындалған. Міне, осы жұмыстарды атқарып жүргендеге, 30-ға толмаған кезі екен.

Партияның орталық комитеті Орталық Азия бюросы Жүргенов Темірбекті 1929 жылы Тәжікстан республикасына қаржы министрі етіп жіберген. Бір жылдан кейін 1930 жылы ВКП(б) орталық комитеті оны кері шақырып, Өзбекстан Республикасының халық ағарту комиссары етіп жіберіпті. Мұнда ол 1933 жылға дейін істеген. Ал 1933–1937 жылдары Қазақстан Республикасының халық ағарту комиссары болып қызмет атқарған.

Бұл комиссариат республиканың жарты өмірін (қазіргі оқу, мәдениет, ғылым, баспа, көркемөнер, кино, сурет, жазушылар, спорт сияқты желілер түгел қараған) басқарды десе болғандай, 1937 жылғы маусым айында ол Семей сайлау округінен СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып ұсынылған, бірақ оны сайлану күніне жеткізбей, отыз жетінің зобалаңы анғарына тартып кеткен.

Темірбек Жүргенов 1924–25 жылдары ұлттық шекараны белгілеуге қатысып, Түркістан Республикасы қарамағындағы Жетісу, Сырдария облыстарын Қазақстанға қарату ісінде біліктілік танытып, жан-жақты дәлелдеп шығады. Елді аудандастыру алдындағы үлкен теориялық, практикалық талқыларға талай араласып, «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» деген тақырыпта дипломдық жұмысын жазып шығады. Бұл еңбек маңыздылығына байланысты кітапша етіп шығарылды. Онда ол елді рулық жүйесімен аудандастырудың қате екенін дәлелдеп, дұрысы теориялық аудандастыру екенін ұсынады. Сонымен бірге ол «Орта Азия республикасында тұратын қазактардың хал-жайы» дейтін тарихи-этнографиялық очерктері, «1916 жылғы қазактар көтерілісі кезіндегі қала мен ауыл» деген жалпы атпен бірнеше мақаласы «Советская степь» газетінде 1926 жылы жарияланды. Оның бұл еңбектері қазақ халқының жағдайына талдау жасап, тарихи орнын айқын көрсету екен. Темірбек Жүргеновтің қайраткерлігі мен елге деген патриоттық іс-қимылды Қазақстанда Нарком болып істеген 3–4 жыл ішінде айқын танылады. Ол бар қажыр-қайратын республикадағы мәдени революция ісіне арнады. Осы тұста республика мектептерінің құрылымы реттеліп, әрбір ауданда орта мектеп болуы жүзеге асқан, сол жылдары республикада 2,5 мыңның үстінде мектеп үйі жаңадан салыныпты. Елде сауатсыздыққа қарсы майдан ашылып, халықтың сауаттылығы 60 процентке көтеріліпті. Жүргенов Қазақтың мемлекеттік университеттің ашқызуға барынша күш салып, сонымен бірге Тау-кен металлургия институтын аштырған, тіл тазалығына, терминологияның қалыптастасына атсалысқан.

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің өркендеуіне ерекше қызмет еткен жан. Оның ұсынысымен 1934 жылды халық өнері таланттарының бүкілқазақстандық слеті өткізіліп, оған республиканың жер-жерінен тамаша талант иелері келіп тоғысқан. Осы слет тамаша өнер адамдарының есімін елге таныстырған. Алматыда хореография мектебін, қуыршак театрын және музикалық театр аштырып, оған көйылатын спектакльдердің жандануына ықпал еткен.



Т. Жүргеновтің қызы қолдауымен 1935 жылы Қазақ филармониясы, А. Жұбановтың үйімдастырымынан Құрманғазы атындағы Қазақтың ұлт аспаптары оркестрі күрілған. Осындай ықпалмен 30-шы жылдары барлық облыстарда, бірсиптерге аудандарда жекелеген колхоз-совхоздарда театrlар ашылып, кітапхана, клуб мекемелерінің жүйесі кеңейген. Қазақ көркем өнері мен әдебиетінің үлкен белеске көтеріліп, Одаққа танылуына 1936 жылғы Мәскеуде өткен онкүндіктің маңызы үлкен. Бұл істің бастауында үкімет басшылары болғанымен, оны дайындалатқару ісі Т. Жүргеновтің мойнында болған және тамаша еңбек сініргенін онкүндіктің қорытындысында оған берілген Еңбек Қызыл Ту ордені айқын дәлелдесе керек. Осы тұстағы К. Байсейітова, Ш. Жиенқұлова, Қ. Жандарбеков, Қ. Байсейітов, Р. Елебаев, С. Кожамқұлов, Қ. Куанышбаев, Е. Өмірзаков, Қ. Бадыров, Қ. Қармысов, т. б. сияқты өнер тарландарының есімдері де Т. Жүргенов есімімен, ол атқарған үлкен істермен тығыз байланысты.

1937 жылдың басында Алматыдағы музика театрын опера және балет театры етіп қайта құру мәселесін қолға алғып, теардың жаңа үйін салудың жобаларын жасаттырады. Алматыда театр салынатын орынды өзі таңдалап, оның іргетасын қалауға қатысады.

ВКП(б) Қазақстан өлкелік комитетінің алтыншы пленумында Л. И. Мирзоянның «... Наш наркомпрос, надо полагать, после обновления и укрепления руководства сумеет поставить эту работу. Думаю, что с помощью краевых организаций Т. Жүргенев превратит наркомпрос в настоящий штаб по руководству строительством национальной культуры» деген сөзі оған үлкен сенім артылғанын айқын дәлелдейді.

Міне, осындай ел перзентін 1937 жылы «халық жауы» деген жалған айыппен үстап, 1938 жылы атып тынған. Сол кездегі солақай саясаттың белсенділері, өсекші-жалғаншылар, тергеуші-мансапшылары, үкім шығаратын үштіктері талай жазықсыздарды қанға бектіріп, елдің аяулы азаматтарының көзін жойғаны жауыздық екендігін уақыт дәлелдеп отыр.

Ақын Серік Сатанов «Нарком Жүргенов» деген өлеңінде былай деген:

«Мен адамын арыма, мен адамын жарыма,

Мен адамын Отанға,

Елім, жерім, бағыма.

Ажал келіп тырнағын салса егер де тағы да,

Есіне алар туған ел есіне алар сағына»,

— деп Теміrbекті сөйлемдіп, оның тау жүргегі туған еліне деген сенімін жоғалттай, өлім аузындағы тұрган сәтіне дейін тайсалмай жауап бергізеді. Теміrbек Жүргенов сияқты үлкен перзентін ел-жұрты ешқашан ұмытпақ емес.

Т. Жүргеновтің есімін есте қалдыру шараларын ел-жұрты қолға алғып, тиісті шешім алатын орындарға макулдаттырғаны бір төбе. Қазір Теміrbек Жүргенов есімі Алматының, Ақтөбенің, Ыргызының көшелеріне, Алматының мемлекеттік театр және кино институтына беріліп, Ыргызы селосының орталығында 1986 жылдың азат азamatқа ескерткіші орнанылған. Міне елінің өз перзентіне деген құрметі ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса

АЗАПТЫ ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

Жана дүниенің жарық көруі қын да қызықты. Әсіресе тұсаукесер сәті ерекше үміт те, күдік те осында. Оны әзірлеушілер де, көріп тамашалауға келген көпшілік те мұндай күйді бастан өткермей қоймайды.

Әкрандағы алғашкы кадрлар бізді осынау алыс жылдарға бірден апармайды. Бүгіннен бастайды. Кәдімгі мектептегі сабак. География сабакы. Мұғалім Африкадағы баршамызға белгілі Алжир республикасы жайлы айтып жатыр. Окушы парагына мөлдіреп Алжир сөзі де түсті. Ақ параптағы айшықты таңба. Сол сәтте қыыр құрлықтағы осы елдің кітаптан оқыған, болмаса кинодан көрген сәттері ойға оралуы мүмкін. Тек окушылар ма? Біз де, бәріміз де осы түсініктे жүргенімізге қашан. Жариялышық жарыққа шығармаса, қайғы мен азап құрсаған көнілдер сыры көмүлі қала берер ме еді.

Әне, үйітқып азынаған долы боран ыскыра соғып, ақ қар қымтаған үшін-қырысыз жазық даланы дулей күшімен билеп алған. Аздан кейін ақша қар бетіне жерден көтеріліп тікенді қабырға тұра қалды. «Алжир» – бұл біз оқып жүрген, бізге таныс Алжир мемлекеті емес. Ол кітап бетінде, дәлтер парагында қалған. Ал мынау – жердегі таңба. Қасірет таңбасы. Кең байтақ қазақ жеріндегі зұлмат жылдарда орын алған азап лагері. «Ақмолинский лагерь жен «изменников» Родины». Апыр-ай, аты қандай сесті. Отанын сатқан опасыздары кім? Қуні кеше Октябрь революциясының от жалынында жан аямай күресіп, Совет мемлекетінің қалыптасуына қажыр-қабілетін аямай жұмсал жүрген қайсар құрыштарға қойылған киянат кой бұл.

Долы боран одан сайын өрши түседі де, экран дала төсіндегі киіз үйге – іргелі елдің отауының символына назарынызды аударады. Заман – екіленген бүрқасын – іргедегі бесікті де, ошактағы қазанды да төңкеріп, бір сүмдикты бастады да кетті. Әне, туырлық та жел ығынан желл-желл етіп жерге түсуге таяу тұр. Сол сәтте табиғаттың тәкаппар күші берік ұстап тұрған уықтарға төнген. Біртіндеп оны да сындыра берді. Аянышты көрініс осы тұстан өрбиді. Режиссерлік тапқырлыққа сай әрбір уық – жанағана аштықтың азабынан еңсе жиған елдін, ардақты азаматтарының тағдыры екенин бірден ұғасыз. Әр уық сынған сайын экран аяулы бейнелерді, партия, совет, мемлекет қызметіндегі көрнекіті күрескерлерімізді, революция жеңісі жолында антынан таймаган адаптациялар: Т. Рысқұловты, С. Қожановты, С. Сейфуллинді, Т. Жургеновті, Ұ. Құлымбетовті, Қ. Тәштитовты, тағы басқаларды бейнесімен көз алдына әкеледі. Әр уық – жеке тағдыр. Режиссерлік шешім осы. Ұлттық бітім бар. Соган сүйсінесін. Келесі бір тұста китель мен құрым етік кигендер алшақ басып, даланың қызғалдақтарын таптап барады. Фильм осы сәттен бастап біздерге «Алжирдің» сырын ашады. Гүл – нәзіктік баламасы, яғни қыз, әйе...

Әр есіктен адаптациялар да ардақты...



ұшыра айтқан сөздерімен қатар, жендеттердің зекіріп, жауыздықпен қинап жатқанын сезінген сайын тұла бойың түршігеді. Келесі кезекте сол түрме олардың аяулы да асыл жарларына есік ашқан. Зар жылаған ана дауысы, күніренген үндер – азапты жылдар гимні сияқты. Жан жолдасы «жау» аталып жаладан жапа шеккені аздай, балаларынан айрып, опасыздық атын таңып, тар темір құрсауда қиянат тарттырған зұлмат заманға еріксіз зығырданың қайнайды.

Орталық архивтен алынған кинодокумент соншалықты қысқа болса да, сол жылдардың қatal қыспағынан елес береді. Әне, ұйтқып соққан желде дірдек қағып тексеруге түрған біздің әпкелеріміз бен апаларымыз. Кешегі ақ та, адап өмірмен, керемет істерімен даңққа бөленіп, сталиндік өлім тұзағында тұншыққан жалынды жандардың жарлары. Тікенекті қоршаудан кен далаға телміре қарап түрған балалардың жазығы не екен? Мына бір жылап жатқан орыс қызын бауырына басып, жұбатып түрған казак қызы қызын шақта да бауырмалдық қасиетін жоғалтқысы келмейді. Лента одан әрі жылжығанда, біз осынау азап лагерінде сегіз жыл қиянат шеккен, қatal қысымды бастан өткерген жандардың, тірі қуәгерлердің жан түршіктірлік сөздерін, көзben көрген сұмдықтарын естіп, әр кейіпкердің көкейіндегі тебіреністі сырларын толғаныспен тыңдаймыз. Міне, Т. Жүргеновтің жары Дәмеш Ермекова-Жүргенова (жақында қайтыс болды), Т. Рыскұловтың Москвада тұратын қызы Риданың, С. Қожановтың зайыбы, тоқсанға келіп, таяудаған қайтпас сапарға аттанған Құләнда апайдың, Н. Нұрмақовтың жары Зұфнұн Нұрмақованың, «Лениншіл жастың» алғашқы редакторларының бірі З. Темірбековтің жары Сақыпжамал Назарованың, казак совет әдебиетінің алыптарының бірі Б. Майлиниң қызы Ғалия Бейімбетқызының айтқан ашы шындықтары мен көніл ырқына көнбекен азапты жылдардың жасы да ауыр ойға қалдырады.

Қандай бір фильмнің конымды болып шығуы оның тартыстылығында. Кино сценарийін жазушылар мұны ерекше ескерген. Сондықтан жанрлық сипаты бойынша көркем-публицистикалық аталған бұл лентаның тартымдылығы да өткір тартыска құрылуында. Ақмола лагерінің сол кездегі бастығы, яғни 1939–1953 жылдардағы қиянат қамалының әміршісі С. В. Баринов пен оның орынбасары М. Т. Юзипенконың қатыстырылуы арқылы фильм эпизодтары дамытылып, идеясы жан-жақты ашыла түсken. Олардың сөздерінен бір қарағанда бәрі де жақсы, ешқандай азап, қинау болмағанын аңғарғандайсыз. Іс жүзінде солай болды ма екен? Мұны қуәгерлер, фильм кейіпкерлері ашына, шынайы жеткізеді. Кей күндері 3–4 сағат көз ілгендерін, тіпті тексеруді сылтау етіп шырт ұйқыларын бұзғандарын, өлгендерді жасырып көмгендерін, азап пен қинауға салғандарын, еңбек тәртібін бұзғандарын, атып тастағанын естіген кезде, жауыздық сырлары жүрекке терендей еніп, жанарына жас үйірледі. Мәселен, партия, совет ардагері, кешегі шахтер – Айтжан Бутин ақсақал айтқан оқиға да нағыз сұмдықтың болғандығын айғақтай түседі. Жана тұған сиырдың бұзауын өлтіріп алғаны үшін уш бірдей әйелді шахтерлер поселкесінің маңында зұлымдықпен атып тастауы,

қалтай жауыздық, қандай қатыгездік. Мұның бәрін қуәгерлер та, кешегі лагерь басшылары бүгінгі еңбек демалысындағы

«ардагерлер» мойындағысы келмейді. Бәрін теріске шығаруға әрекеттенеді. Бірақ бұл – бос әрекет. Ар сотында ақиқат жеңеді. Азапты жылдар зобалаңын көзбен көргендердің қай-қайсысы да ақиқатты бетке басады.

Фильмнің танымдылығы да, тартымдылығы да – оның интернационалдық сипатында. Режиссер Аяған Шәжімбаев пен сценарий авторы Армиял Тасымбеков фильм кеңіпкерлерін республика өнірінен ғана алмаған. Фильм эпизодтарына көрнекті қолбасшы, маршал М. Тухачевскийдің туған қарындасты Елизавета Николаеваның, әзіrbайжан совет әдебиетінің іргетасын қаласқандарының бірі, ақын-аудармашы, драматург А. Ахунзаденің зайыбы Шухри Сүлеймонқызының, тағы басқалардың катысусы, лагерьдегі қындықтарды жан-жақты жеткізуі кім-кімді де толғандырмай қоймайды.

Дегенмен де «Алжир» фильмі қысқа уақытта жасалғанымен, зұлмат жылдардың сырын ашатын танымдылығы терең кинотуынды. Фильм жанрына орай нақтылы деректер негізінде ғана емес, өткір тартыстармен, ұттымды эпизодтарымен, сәтті көріністерімен қызықтырады. Киноның музыкасын жазған белгілі композитор С. Бәйттереков те аз еңбек сінірмеген. Ал бас оператор Н. Раисовтың өзіндік шешімі, ізденісі де көрермендерді бейтарап қалдыра алмайды. Фильмнің бірден-бір кемшілігі – оның шұбаланқылығында.

Жаңа кино қалың көрерменмен енді ғана жүздесе бастады. Ұзақ сапарға шықты. Ендігі жерде көрермен талқысы, халық бағасы.

Армиял Тасымбеков

АЛЖИР – МАЛИНОВКА

Халық жауының» әйелдері деп танылған әрбір анаға алды 3 жыл, арты 8 жылдан берсе, 1937 жылдан 1954-жылға дейін қаншама адамның тағдыры тәрк болғанын ойланыз. Жалпы 26-шы нүктеде қанша тұтқын әйел отырды деген сауалға лагерьдің бұрынғы басшылары нақты жауап бере алмады. Эркім әрқалай айтты. Орта есеппен мұнда 22 мындағы тұтқын әйелдер азап шеккені белгілі болып отыр. Қарапайым үй шаруасындағы әйелдерден бастап, ақын, жазушы, ғалым, әнші, биши, артист, режиссер, дәрігер, партия, комсомол, кәсіподақ қызметкерлері, стенографист, мұғалім, тіпті мал дәрігерлеріне дейінгі әрқылы мамандық иелері корлық көрген екен. Сол лагерьдің қазіргі кезде сұлбасы да жоқ. Орнына қала типтес Малиновка поселкесі орналасқан. Жол бойы жайқалған жасыл теректер. Шоғыр-шоғыр орман. Бәрі де тұтқын аналардың қолымен отырғызылыпты. Ақмола облысына қарасты ірі құс фабрикасы осы маңайда – бұрынғы «Ақмоладағы отанын сатқандарлың әйелдерінің лагері» немесе «Ақмолинский лагерь жен измени» лагерьлер бас басқармасының 10-



екен. Республикаға белгілі ірі шаруашылық. Табысы шаш-етектен. Халықтың тұрмыс жағдайы өте жақсы.

Қазір көзі тірі алжирлік аналардың жасы жетпіс-сексен аралығында. Көшілігі арамызда жоқ. Бұдан 50–55 жыл бұрын олар 18–25 жастағы көкөрім жастар, әдемі келіншектер, ақылды, жаны жайсан, парасатты аналар еді-ау. Сталиндік зобаландың не істегенін қарашы? Көктей солдырған. Қасірет-қайғы сол мындаған аналардың өмірлеріне өшпестей таңба, көңілдеріне кеппестей көлеңке қалдырыпты.

1990 жылы Малиновка поселкесінде сталиндік зобаланда, «Алжирде» қайтыс болған аналарға арнап «Әділет-Мемориал» қозғалысының үйғарымымен және көшіліктің талап-тілегімен ескерткіш орнатылды. Бұған сондағы Ақмола құс фабрикасының басшылары мұрындық болып, қолдау көрсеткенін атап өткеніміз жөн. Бұрынғы Кеңес Одағының әр жерінен тірі қалған аналар жиналды. Дәл осы құс фабрикасы орналасқан жерге аналардың жерленгені белгілі. Жергілікті тұрғындар жер қазып, бау-бақша егіп, үй салып жүргендерінде әлденеше рет адам сүйектеріне тап болыпты. Әсіреле сол кезеңде түн жамылып адам сүйегін жасыратын жердің үстіне тал теректер егіліп, қазір ол маңай ну орман болып кеткені анықталды. Ортасынан қақ айрылған бес жұлдызды ескерткіштің жанына христиандық белгі қойылды. Бұған діні басқа аналар, әсіреле қазақ аналары наразылығын білдірген болатын. «Рас, мұнда тілі басқа, діні басқа, түрі басқа мындаған әйелдер болғаны белгілі. Сондықтан, христиандық белгімен қатар, басқа да діни жоралғыны көрсететін белгілер болуын қалаймыз. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып қатар сақталуын талап етеміз», – деген еді. Дегенмен, шүкіршілік, қасіретті жыл еске алынды, дұға оқылды. Естеліктер айтылды. Ресми жиын аяқталған соң ақ шашты бір ана: «Осы жерге біздің көз жасымыз сіңіп қалған. Осы жерден біздің жан даусымызды естуге болады. Қайғы-қасіретімді немен жеткізерімді білмей тұрмын. Еске алған дұрыс-ау. Бәріміз қайғымызды жасырып ән айтушы едік. Бір-бірімізді демеп айтқан әнімізден рухани күш алып өзімізді өзіміз жұбатушы едік. Талабымыз мен таланттымызды тәлеккетті ғой» деген болатын дауысы дірілдеп.

Араға жарты ғасыр салып Ақмолаға жиналған, өздерінің өкінішті өмірін әңгімелеп берген аналар естеліктерін келтіре кетуді жөн көрдім. Бір таңданарлығы, олар шетінен өнер адамдары еді. Мәскеулік Оксана Козьменаның: «Өмірімнің 8 жылын Қазақстанға беріп кеттім» деген әңгімесінің астарын бірден түсіне қойдым. Әрі қалжынға сүйеніп айтқан әңгімесінің сырын да үққандаймын.

– Біздер кезінде «Ақмоланың сұлулары» атандық. Әсіреле даланың ызгарлы суығында бетімізге «қан жүгіріп», әрленіп кететінбіз. Білеу темірді алғашында көтере алмадық. Құдай басқа салса бәріне көнеді екенсің. Бірте-бірте қолымыздың қарына жан бітіп, ерлер үстайтын білем темірді үршықша үйіретін болдық. Терлеп-тепшіп жол тазартамыз, жер казамыз. Қимылға бағынбасаң, тер қатып, суық тиіп ауырып қалатынымыз белгілі. Содан сілеміз катқанша жұмыс істеп барактарымызға қайтамыз. Өзімізге тиісті қойырт-

түң. «Тәрбиешілеріміз» көркемөнерпаздар үйрмесінің мүшесілері дайыннатқызызады. Себебі кімнің-кім екендігі өмірбаян-

дық қағаздарымызда жазылған ғой. Мен болсам, былайша айтқанда, кәсіпкөй артиспін, әрі әншілігім тағы бар, құдай тағала дауысты да аямаған... «Сталиндік кезеңнің еңбегі сінірген артисі болдым», – деп өз әңгімесіне өзі риза болып жан дүниесімен жадырай құлмесі бар ма, – ән деген тағдыр, тарих, тағылым. Шындығын айтсам, балам, ән – мениң өмірім. Ақмоланың колониясында ән айтпасам қайғы-мұнға батып, қасіреттен өліп қалатын сияқтымын. Сондықтан ән айтудан аянатын мен жоқ. Бар өнерімді салдым ғой. «Москонцерттің» белсенді әншісі едім. Күйеуімді атып тастап, өзімді «халық жауының» әйелісің деп тұтқынға алғанда, есімнен алжасып қала жаздадым. Амал қанша, тамүқ түнін өткіздік. Содан түрме де түрме, этаптан-этап, ақыры сіздердің Ақмоладан бір-ақ шықтық қой. Ішкеніміз – у, жегеніміз – желім болды. Қайғыдан қан жүттық. Көз жасымызды мүлдем құрғатып алдық. Арнайы зектердің вагонымен біздерді – қаптаған әйелдерді Мәскеуден, Ленинградтан, Одессадан, Киевтен, Бакуден, Тбилисиден тағы басқа қалалардан 26-нүктеге таси берді, таси берді. Біздер, алжирліктер, сталиндік кездегі сіздердің жерлестерініз болғанбыз. Мениң қалжынымды шындық деп түсін, балам. Біз туралы талай әңгіме, повесть жазып, көптеген фильм түсіруге болады.

Оксана апайдың әңгімесін тағы бір алжирлік апай бөліп кетті.

– Баяғы «Алжирді» әңгімелеп отыр едік, – дейді Оксана апай оған мән-жайды баяндал.

– Ә, оны әйелдер «монастырі» десенші. Айтпақшы, Евгения Головня әжесі туралы кино түсіріп бітті ме екен?

– Ол киносын аяқтады. Эпизодқа мені де түсірді. Любовь Головня жайлыш бір естелік айттайын. Мына балам тыңдал алсын. Люба НКВД-лықтар тартып алып кеткен, балалар үйіне тапсырылған ауру ұлын қолына алатын болды. Әбден ауру-сырқаудан қажыған, көзі шүңірейген ұлын бергенде, бәріміз сол сәбидің жылағанына қарап бірге жылайтынбыз. Құлсे бірге күлетінбіз. Жеке-жеке қолымызға алып көтеруші едік. Ал әлгі бізді киноға түсірген немересі – Евгенияның шешесін Люба, мен білсем, 15 жыл өткен соң тауып алды. Бір-бірін танымай қалды. Евгенияның әжесінің рухына арнап кино түсіргені тамаша болды. Шындықты жасырмаяуымыз керек. Жылдар бойы жұмған аузымызды аша алмай келіп едік. Мұнысы бір ганибет емес пе.

... Ақмоладағы әйелдер лагеріндегі кейбір сұрқия оқиғаларды айта кетпесем болmas. Әрине, әйел заты әдемілікті, әсемдікті, сұлулықты мансұқ ететіні рас. Арамызда небір сұнғыла сұлу қыз-келіншектер бар еді. Олар біреудің жары, біреудің апасы, немесе біреудің қарындасты дегендей. Мінеки, осындағы әсем қыз-келіншектерге біздің өзіміздің «жендettеріміз» сұқтана қарапты... Әдептен, ұяттан айрылған «біздің тәрбиелеушілер» – НКВД жендettері кей сәтте әйелдердің төсіне қол салатын. Қайсыбір белгілі қоғам қайраткерлерінің әйелдерін ауыр жұмыстарға әдейі жұмсайтын. Ол ол ма, әдемі сұлу келіншектерді «кездесуге шақыратын»... Осындағы сұрқия сүмдік оқиғалар болды десем, біреулар сенер, яки сенбес. Ал қайсыбір аналар мұны бекер айттың дес жазғыратын шығар. Жоқ, айтуым керек және айтамын да. Сталиннің елді кан қақсаткан «ойыны» адам тағдырын тәлекекке салды... өзі қол салды. Біреулері есінен...



былып қалды. Кейде өзіммен бірге абақтылас болған қазақ әйелдерін де еске аламын. Аты-жөндерін ұмыттым, есте қалмады. Алайда «Ксения, бір ән айтып көңілімізді көтерші» деп өтініш айтып келгендері есімнен кетпейді. Олар алыста қалған бала-шағаларын жиі естеріне алушы еді. Менің есімде өнер адамдарының өзінің биік мәдениетімен, асқан шебер ойынымен абақтылас жолдастарына күш-қайрат бергені мәнгі қалар. Әсіреле балет бишісі Рахиль Михайловна Плесецкаяның өнері ерекше еді. Бұл сияқты ондаған бишілердің өнерін талай-талай тамашалағанбыз. Мінеки, қазақстандық журналист, саған айтқан азызым осымен бітсін. Айта берсем, әңгіме жетерлік. Қазақстандағы көзі тірі абақтылас әйелдерге дүғай-дүғай сәлем айт!

Осылай шешіле әңгімесін айтқан Ксения Евдокимовна «Алжирде» сегіз жыл отырып шығыпты. Ксения апайдың бұдан басқа да естеліктерін жазып алған едім. Әсіреле ол өзімен бірге отырған абақтыластарының аты-жөнін жаза кетуді өтінген еді. Мен Ксения апайдың өтінішін орындауды өзімнің азamatтық борышым деп есептедім. Сондықтан «Алжирде» отырған бірнеше апайлардың аты-жөнін жаза кетуді жөн көрдім.

Галина Ковтюк, София Викентьевна Шпель, Екатерина Михошина, Галина Колдоносова, Елена Пятницкая, Зоя Попова, Клавдия Жунько, Татьяна Торина, Валентина Думбадзе, Валентина Подвойская, Полина Нестерова, Екатерина Савельева, Фаина және Зоя Гамарниктер, Анна Кушнир, Валентина Маевская, Александра Бак, Зоя Саркисовна Шахмурадова, Елена Татаева, Зинаида Дибенко, Тамара Васильева, Ксения Путинцева, Федосия Дубинина, Вера Лапина, Антонина Акимова, әйгілі Мәскеу опереттасының дирижері Мария Иосифовна Лер, Нина Стрелкова, Марина Скоборинская...

Мәскеу қаласына барғанда, осы аты аталған апалардың көзі тірілерімен және олардың туыстарымен де кездесіп, естеліктер жазып алу мүмкіндігіне ие болдым. «Апырау, бізді бұрын ешкім елемеуші еді. Біз кімге керек едік. Сталиннің кезінде «халық жауының» туыс-туғандары, әйелдері ретінде қан жұтып, қайғы-қасіретке ұшырадық. Одан кейін де бүгежектеп күн көрдік. Енді міне, аты-жөнімізді айғақтап жазып отырмыз. Тағдырдың мандаіймызға жазғаны осы шығар. 18 жыл ғұмырымызды жәндептер ойыншық жасады. Ендігі осы күнге жеткенімізге тәубе дейміз. Келешек үрпак бұл зобаланды енді көрмей-ақ қойсын, балам», – деп тек қана тілектерін білдірген сол абзаз аналарға, олардың туыстарына мен де ризашылығымды білдірдім. Басқа сөз аузыма түспеді. Себебі олардың көрген зобаланы аныз емес, нағыз шындық еді.

– Ой, айтпа! – деп запастағы подполковник иығын қомдап қояды. – Біздің көркемөнерпаздарға Қазақстанда ешкім жетпейді. Ылғи жүлделі орынды иемденетінбіз. Ленинград филармониясынан келген 70 әйел, кезек-кезек жарыска түсіп, бірін-бірі жене алмаушы еді. Кәдімгі ит жығыс. Ал Одессадан келгендердің өнері жеке дара.

– Сол ленинградтық, мәскеулік әйелдердің бәрі «халық жауының» әйелдері болған гой. Сонда олар не үшін, өнерлері үшін бе, әлде белгілі қылмыспен отырды ма?

– Енқандай қылмыстары жоқ. Тек «халық жауының» әйелдері болғандықтан отыр-сұлу, келбетті әйелдер еді. Тума талант иелері, – дейді за-зының суы құрып, сол кезеңді есіне алғанда.

ДӘМЕШ

Ертегісін Темірбек жолшыбай мені жұмысқа апарып тастамақ болып кеңесіне – кіріп кеткені сол еді, іле-шала бір бөгде адам келіп: «Сіз өзіңіз жүре беріңіз», – деді маған. НКВД-нің адамдары Темірбекті жұмыс орнынан күтіп отыр екен ғой, қайдан білейін.

Біз машинада күтіп отырғанбыз. Бір кездे бейтаныс жігіт мені шақырды. Бардым. Ол Халық ағарту комиссариатының акт залына ертіл барды да: «Осында отыра тұрыңыз» – деп, өзі шығып кетті. Темірбектің айтқаны шығар деп отыра берілпін. Біраз уақыт етті. Кенет... есіктен оның көмекшісін көріп қалдым...

- Темірбек қайда?
- Білмеймін, әлгінде шығып кеткен...

Жүргім зу ете қалды. Жүгіріп сыртқа шықтым. Машина ішінде шешем жылап отыр.

– Әлгінде, – дейді ол, – екі жігіт Темірбектің екі жағынан ұстап басқа көлікпен алғып кетті. Сірә, сені іздең, бірнәрсе айтқысы келді-ау деймін, қайта-қайта осы жаққа мойын бұрып қараумен болды...

Қазір ашық айтылып жатқан, ал сол кезде жай түскендей әсер ететін оқиға ғой бұл енді. Сасып қалдым. Содан ба, үйге оралғанда, Темірбектің қағаздарын қаттауға келген адамдардан не алғандарының тізімін де сұрамаппын. Есімді жигандағы ең алғаш өкінгенім – еріммен қоштаса да алмай қалғаным болды. Не айтқысы келді екен? Кейінгі үрпақтарға жеткізер аманатын да тыңдай алмай қалдым-ау! Осы өкініш мені әлі күнге мазалайды.

Кейін кездесу береді дегенді естіп НКВД-ге бардым. Рұқсат алдым. Бірақ қажет болар-ау деген заттарды дайынтаймын деп жүріп уақыттан бес минут кешігіппін. Соның сұлтауымен кездесе алмадым. Темірбекке тапсырындар деген хатымды әзер өткіздім. Ертеңіне тағы барсам, маған жауап бар екен. Хат шығар деп куана ашсам, екі айлық ақшасын алуға сенім білдірген қолхат екен. Ол ақшаны алуға бармадым да... Бітті, сол кеткеннен Темірбекімнен айрылып қалдым. Иле-шала өзімізді де тұтқындалды.

«Айыпталатынымды» Темірбектердің қазасы туралы хабарды оқыған сәтте-ақ білгенмін, қалалық «Социалды Алматы» газетінің версткасынан оқыдым. Көшеде есітіп, құлап қалмасын деп таныстарым беріп жіберіпті. Хабарды оқып болған соң, «Кетіңіз қазір» дедім қаралы хабар алып келген жанашырыма. Айтқандай-ақ, бір жарым сағаттан соң мені алып кетуге адамдар келді... .

«Халық жауының» әйелі деп пәтерден қуды. 58-ші статьяның 17-тармағымен 8 жылға кесіп, соттап жіберді. Тұрме толған эйеллер. Тіпті кейбіреулерін смешектегі балаларымен алып келген.

Бәрімізді қайғының қара бұлты басып, зар енірейміз. Көз жасымыз көл болды. Кімлі кінәлаймыз. Сонда кімді? Бала-өз құлағыммен естідім. Ақырын



жерімізді «26-шы нүкте» дейді еken. Ұлы Отан соғысы басталысымен, соғысқа алыңыз деп 100-ден аса арыз жаздым. Мамандығым – дәрігер. Мына лагерьде жүргеннен гөрі, қан майданға араласып, әскерлерге қолдан келген көмегімді көрсеткім келеді. Амал не, жазған өтініштерімнің бәріне жауап ала алмадым. Үш жылдан соң Ақмолада болдым, содан соң мені Нижний Тагил қаласының маңындағы лагерьге ауыстырыды. Мұнда да сол әйелдердің лагері. Ал мен көрген күндерімді қайтып айтып жеткізsem еken?! Әсіреле, есімнен кетпейтіні – Тұrap Рысқұловтың әйелі Әзиза Рысқұлова... емшектегі баласымен көрмегенді көрді-ау, байғұс... Көз жасы көл болған Әзизага қабырғам қайысатын. Шіркін-ай, күні кеше халқының қамын жеп шапқылап жүретін Темірбекімнен бір айрылып, ұlyмнан бір айрылып, өзімнің айдалып кетуімді қалай ғана ұмытайын. Сөйтіп 8 жыл көрмейтінді көріп, естімейтінді естідік қой. Құдай басқа бермесін ол күндерді...

Әлі есімде... Ол астанамыз Мәскеуден көңілді оралды. Бір топ өнер шеберлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Қазақстан өнер шеберлерінің алғашқы декадасы жөніндегі әңгімесін желлініп тұрып айтатын. Бір күні кешкісін Алматының жұпар іісті ауасын жұтып, серуенде жүр едік.

– Міне, міне, таптым, болашақ театрымыздың орнына лайық жер еken, – деп айналасын бағдарлай қарап, адымдап өзінше жेर өлшеп кетті.

Сол жылы ол Қырымға демалысқа жүріп кеткен. Қайтар жолында Одесса қаласына соғып, жаңадан ашылған опера театрының қырық шақты суреттері мен жобасын алдып келіпті. Осы жоба бойынша Темірбек көрсеткен орынға жаңа театрдың іргетасы құйылған. Бірақ шаңырақ көтергенін көре алмай кетті. Бұғінгі Абай атындағы академиялық опера және балет театрының жанынан өткен сайын сол бір серуенге шыққан жаймашуақ кешті еске аламын.

... «Алжир». Ал Одақ бойынша мұндай лагерьлер көптеген жерде бар еді. 1937 жылғы ұсталғандардың әйелдері туралы әңгіме ұзак бір күнде айтып тауса алмайсың. 8 жылдың сергелденін бір сағат, бір күнде айтып бола алмаспрын. Осы Алматыда солардан көзі тірі жеті-сегіз ғана адам бар еkenбіз. Айтпақшы, мен айдауда жүргеннің өзінде Темірбек жөнінде әлденеше арызданым. Сол кездерді ойласам, өзегім өртенеді. Дәметай деп еркелеткенін қалай ұмытайын. Әнеки, қараңызышы, осы бір ғана суреті қалыпты. Мәскеудегі декадаға барып келгеннен кейін түскен суреті. Қалған суретін, жазған-сызғандарын құртып, жойып жіберді кезінде. Қарап отырсам, қазір арамызда елу жыл айырмашылық болса да, Темірбекім үйге кіріп келетіндей көрінеді де тұрады.

Әңгімені телефон шырылы бөліп кетті.

– Алло, кім, кім дейсіз? Женеше, қалыңыз қалай, е-е, ауырлап қалды ғой. Өткен-кеткен әңгімені айтып отырмын. Баяғы «Алжирді» еске алып, бір тілші бала келген еken. Дұрыс ғой, дұрыс... Шындықты айтқанға не жетсін. Қап, қап, Әзизадан да (Рысқұлова) айрылып қалдық... Енді қалғандары сіз бен мен, Мәдіна Оразова, Бібіжамал Сырғабекова – осы тортевуміз бе – тағы кім бар еді? Жарайды, жарайды, женгей, хабарласамыз фон трубкасын қойып жатып, – бұл Күләндәм женгей ғой,

Сексеннің төртінегінде келген Дәмеш апайдың Күләндәм апайға жеңге деуінің өзі жүрекке жылы тиіп жатты.

– Бұл әңгімелердің айтып отырғандағы мақсатым, бугінгі ұрпақ уақыт шындырын, тарих тағылымын тереңірек ұғынын деген ой. Әйтпесе қанша қындыққа жолықсақ та, біздің санамыздағы партияға, еліміздің болашағына деген сенім бір сәтте бәсендеген емес. Ақмола маңында сегіз жыл болған жеті мың әйел – коммунистер, саяси қайраткерлердің сүйген жарлары бар қолымыздан келгенше адал енбек еттік. Ал соғыс басталғанда, жаппай майданға сұрандық. Егер сол мекеменің архиві сақталса, одан майданға жіберудің сұраған бір менің ғана жүзге жуық арызымын табар еди. Біз бір-біріміздің саяси сенімізді демейтінбіз, достық пен жолдастыққа да дақ салмай алып еттік. Бірде мынадай оқиға болды: әрқайсымыздың қай жұмысқа денсаулығымыздың жарайтынын ай сайын тексеріп тұратын комиссия бар-ды. Кезекті тексерушілер келгенде, мен сырқаттанып жүргенмін. Комиссия екі адам: біреуі жас жігіт те, екіншісі қарт дәрігер. Жастардан жүргегім шайлығып қалған басым ана үлкен кісіге көрінгім келген.

– Сіз бері келіңіз! – деп орта жолдан жас жігіт өзіне шақырды. Қарасам, менің қагазымды қолына ұстап отыр. Тексерді, қарады. Біраз ұнсіздіктен кейін:

– Шырамытамын, Сіз осы Алматы медицина институтында сабак берген жоксыз ба? – дегені.

– Иә, дәріс оқығанмын.

– Мм... Қүйеуіздің фамилиясы қатар тұрған соң танымай қалғаным. Мен сіздің шәкіртіңізбін ғой, Павел Беляевпін. Есіңізге түспей ме? Жарайды, сіз неге мұнда өз мамандығыңыз бойынша жұмыс іstemей жүрсіз?

– Біздің арамызда жүзге жуық дәрігер бар. Ал орын он үш-ақ. Қайсымызға жетсін.

– Жоқ, сіз мамансыз, – деді ол үзілді-кесілді, – мамандығыңызды ұмытпауға тиіссіз. Орынды өзім сұрап алып беремін.

Сонымен мен дәрігер болдым. Қысылғанда көп адамға қол ұшын бердім. Гүлбаһрам, Әзия, Бибіжамал, Айша, Мәриям – бәрі ризашылықтарын күні кешеге дейін айтатын. Соғыс басталған соң, майданға сұрандым. Бірақ мені майданға емес, дәрігерлер ете қажет деп солтустік аудандарға жіберді. Қай жерде жүрсем де, Отаным берген бар білімімді сол өз Отанымның азаматтарын сауықтыруға жұмсадым. Ал жеке басқа табыну зардаптарын әшкерелеп, адал адамдардың шынайы коммунистік арларын «жападан» аршып алған КПСС XX съезінен кейін елге оралып, қанша жыл шәкірт тәрбиеледім. Міне, қазір республикалық дәрежедегі дербес зейнеткермін. Шәкірттерім келіп тұрады. Қазір Ленинградка коныс тепкен Павел Денисович Беляев та Алматыға келген сайын бір соқтай кетпейді. Өз ғұмырыма ризамын, тек Темірбек ағаларының айта алмай кеткен аманаты болмаса... Артында қалған азды-көпті мұрасын зерделеген жаң түсінер, бәлкім.

Иә, лагерьдің барлық қындықтарын бастан өткөрген Күләндәм апай мен Дәмеш апай бірін-бірі іздең, хабарласып тұралы. Өткенлі еске алып көз жастарына ерік береді. Алыста қалған сәттерін айтса:

акталу қағазын қолдарына алтын...



ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

19 ер азаматтың қатарында Боралдайдағы «Қандысайға» көмілгендердің бірі халқымыздың ардақты ұлы – Темірбек Жүргенов. «Шығыстың Луначарский» атанған абзal азаматтың Орта Азия мен Қазақстанға сінірген еңбегі ұшан-төңіз. Ол «халық жауы» деген жалған жаламен ұсталатын кезде Қазақ ССР Оку-ағарту халық комиссары еді. Ұсталатынынан бірер күн бұрын жан жары Дәмеш Әмірханқызына:

– Дәметай, бұл заманға не болып бара жатыр, түсіне алмадым. Адал азаматтарды шетінен қамауға алуда. Халқымыз үшін қызмет істеп келеміз. Мына жалалар асқынып кетті. Сескеніп қалдым... – деп өз күмәнін де айтыпты.

«Темірбектің қазасы туралы Алматы қалалық «Социалистическая Алма-Ата» газетінің версткасынан оқыдым. Көшеде есітіп, құлап қалмасын деп таныстарым беріп жіберіпті. Хабарды оқып болған соң, «Кетіңіз қазір» дедім қаралы хабар алып келген жанаширыма. Айтқандай-ақ, бір жарым сағаттан соң мені алып кетуге адамдар келді. Бәрін де өзіне айтып бергенмін. Жаздыңдар да, біздің, аналардың, тағдыры жөнінде кино түсірдіндер де. «58-ші статьяның 17-тармағы бойынша күйеуіңмен – Темірбек Жүргеновпен бірге қылмысты іске қатыстысың» деп 8 жыл кесіп соттап жіберді.

Іә, араға 50 жыл өткізіп абзal азамат Темірбек Жүргеновтің есімі халқына қайта оралды. 90 жылдығын республика жүртшылығы атап өтті. Театр-көркеменер институты Темірбек Жүргеновтің есімімен аталды. Осынау қуаныштың басы-қасында бірге жүріп, Темкенің асыл жары Дәмеш Әмірханқызы Жүргенова-Ермекова апаймен әңгімелескенімізде, бірde ол:

– Елі есімде... Ол Москвадан көнілді оралды. Бір топ өнер шеберлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Қазақстан өнер шеберлерінің алғашқы декадасы жөнінде желпініп, мақтанишпен: «Москвауда әріптестеріміз қазақ өнеріне дән риза болды. Қазақ халқын бүкіл Отанымызға таныстырудық. Жанкешті дайындығымыз бекер далаға кетпеді, Дәмеш» деп әңгімелеп еді. Расында, қазақ әдебиеті мен өнерінің Москва қаласындағы алғашқы декадасының іс жүзіндегі басқарушысы, жауаптысы да – Темірбек Жүргенов болатын.

Қазақстанның халық артисі Шара Жиенқұлова апай:

– Темірбек Жүргенов халқымыздың бір тума азаматы еді. Оның еңбегі көпке дейін аталмай жүрді. Егер қазақ халқы 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы декадасын мақтаниш ететін болса, алдымен Темкенді атаяу керек. Москва қаласында да түн үйкісін төрт бөліп, қазақстандық өнер шеберлерінің базы-қасында жүруі, жанға қуатты жалынды сөзі біздерге қаншама күш берді десенізші, – деп есінс алып, Темірбек Жүргеновтің үйымдастырушылық қабілетіне байланысты әңгіме тиегін ағытқан болатын.

Тұның бір күні бірсыныра азамат Темкенің жары Дәмешті «Қандысайға» барған еді. Шара апамыз да бірге болды. Бұл

көріністі ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жарты ғасыр өткен соң Дәмеш апай Темкеңнің басына барып гүл қойды. Бұдан 50 жыл бұрынғы қасіret шерменде болған кекіректі жарып өткендей, Темкеңнің аты Боралдай саласында Дәмеш аpanың дауыс салуымен жаңғырганы-ай... Астанамыз Алматыдағы Абай атындағы академиялық опера және балет театрының жанынан өткен сайын Дәмеш апайдың бір айтқан әңгімесі көкейіме орала береді.

— «Міне, міне, таптым, болашақ театрымызға лайық жер екен», — деп адымдап өзінше жер өлшеп кетті, — деп еске алып еді Дәмеш апай, сол жылы ол Қырымға демалысқа жүріп кеткен. Қайтар жолында Одесса қаласына соғып, жаңадан ашылған опера театрының қырық шақты суреттері мен жобасын алып келіпті. Осы жоба бойынша Темірбек көрсеткен орынға жаңа театрдың іргетасы қалана бастады. Бірақ театрдың шаңырақ көтергенін көре алмай кетті, арманда кетті гой Темірбегім.

Ақын өлеңіндегі «Сәкен бәтеңкесінің іздері бар» қаладай, Темірбек арманындағы қазіргі Абай атындағы академиялық опера және балет театрының асқақтал тұруы ғаламат емес пе?

Ағаларымыздың өздері жоқ болса да, көксеген көп арман-ұміттері орындалып жатыр. Қазақтың іргелі ел болғанын көксеп еді арыстар... Тәуелсіздігімізді алдық қой, ешкімнен кем болмаспыйз. Тек әйтеуір арманда кеткен ағаларымызды ұмытпайық.

ОЛАР 19 ЕДІ...

Зұлматты 1936–37 жылдардың мерзімді баспасөзіне назар аударап болсак, жеке басқа табынудың зардалтараты көз алдымызға бәз қалпында келе қалар еді. 1936 жылы тамызда «Троцкистік-зиновьевшілдік террористік орталыққа» қатысты сот процесі Н. И. Бухариннің атылуымен аяқталған еді. Бұдан кейін НКВД-нің «Үштік» – «терттіктерінің» қолымен расталып, мөрімен белгіленген айыптау қорытындыларының қойыртпағымен талай азamat оққа байланды. Репрессияның қара дауылы қазақ даласына да шаңдатып жетті. 1937 жылы 16–23 қантарда Алматыда өткізілген Қазақстан Өлкелік партия комитетінің VII пленумының қорытындыларын параптайды. Қазақстан Өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы С. Нүрпейісовтің баяндамасында: «То, что мы сумели разоблачить и исключить из партии значительное количество врагов, не дает нам никакого права успокаиваться. Наша обязанность – поднять еще выше большевистскую бдительность, мобилизовать парторганизацию, чтобы каждый коммунист умел распознавать и своевременно разоблачать троцкистско-зиновьевских гадов, агентов фашизма, контрреволюционных националистов, правых отщепенцев и других врагов партии и народа.

В проекте решения бюро крайкома о борьбе с казахским национали-



казахских националистов с контрреволюционным троцкизмом. Казахские националисты, как записано в проекте решения крайкома, являются агентами японской военщины. У нас имеется достаточно материалов, доказывающих это неопровергимо».

(*Казахстанская правда. 1937, 3 февраля*)

Осы пленумның қорытындысы неге әкелгенін қараңызы. Әркім өз көлекесінен қорқып айналасынан жау іздейтін болды. Әрбір коммунист, комсомол мүшесі қырағылық пен сақтыққа бейімделді. Бұған да бір дәлел келтіре кетпесек болmas.

«Необходимо разъяснительную и агитационно-пропагандистскую работу направить на то, чтобы каждый коммунист, комсомолец, каждый трудящийся усвоил, что националистические элементы являются прямыми союзниками контрреволюционных троцкистов, фашистов и агентами японской военщины».

(*Коммунистическая партия Казахстана в решениях.
2 том, 336 стр., 1981 год*)

Сонымен «халық жауларын» іздестіру, табу, әшкерелеу науқаны басталып кетті. Партия үйымдарындағы үгіт-насихат жұмысының өрбігені соншама, халық жауларын «тапқандардың» тасы өрге домалап, билікті, беделді орындарға жоғарылатылды. Өсіресе, Ежов бастаған еліміздің НКВД-сі жазалау шараларын қолдану жағынан инквизицияның небір сорақылығын пайдалануда, күш қолдануда алдарына жан салмады. НКВД қызметкерлерінің жан бағуы мен нан тауып жеуі тікелей өздері жасаған қатыгездіктеріне байланысты болды. Үрей мен қорқыныш жайлған 1937-жылдың қасіреті осылай басталған еді.

1937-жылы 23-қантарда Москвада Пятаков, Сокольников, Радеке т. б. байырғы большевиктерге сот процесі даңғаза түрде жүргізілді. 1937-жылдың 23-ақпан мен 5-наурызы арасында өткен Орталық партия Комитетінің Пленумы «халық жауларын» әшкерелеуге арналды. Коммунистік партияның тарихында кара таңдақ болып қалған бұл пленумның халқымызға тигізген залалын ауызben айтып жеткізу өте қыын. Осыған орай Пленумда жасалған И. В. Сталиннің баяндамасынан үзінді келтіре кетейік. «Барлық халықтардың кесемі» халық жауларын үш түрге бөліп қарады.

«Во-первых, вредительская и диверсионно-шпионская работа агентов иностранных государств, в числе которых довольно активную роль играли троцкисты, задела в той иной степени все или почти все наши организации, как хозяйственные, так и административные и партийные.

иностранных государств, в том числе троцкисты, проникли не
лиции, но и на некоторые ответственные посты.

В-третих, наши руководящие товарищи, как в центре, так и на местах, не только не сумели разглядеть шпионов и убийц, но оказались до того беспечными, благодушными и наивными, что нередко сами содействовали продвижению агентов иностранных государств на те или иные ответственные посты».

(*Большевик. 1937 г. № 76 1–2 стр.*)

Улы кесемнің көрсеткен ақылы мен нұсқауына сүйенген партия үйымдары өз
ортасынан троцкист-зиновьевшілдерді тіміскілеп, іздей бастады. «Халық жаулары»
деп танылғандарға тағылған айыптың өзі таңданарлықтай. Одактас республикалардың
орналасу жағдайына байланысты олармен шекаралас шетел мемлекеттері қалай аталса,
солай жала жабылып, «немістің, ағылшының, француздың, поляктың, жапонның
шпионы, тыңшысы» болып шыға келгенін немен түсіндіреміз? Айыптаудың алдыңғы
анықтаушысы «троцкий-зиновьевшіл, бухариншіл» деп көлтіріледі де, әрі қарай кімнің,
қай елдің шпионы екені жазылады. Қазактар жапонның шпионы болып шыға келеді.
Сонау шығыстағы Тынық мұхит бөліп жатқан тым алыстағы елдің арақашықтығын
айтпағанның өзінде, тілі де, діні де мұлдем өзгеше Жапонияның қазақ зиялышарына,
халқына қаншалық қатысы бар екендігіне таңымыз бар. «Барлық халықтардың көсемі»
халық жауларын барлық халықтардың арасынан іздестіруді талап етті. Былайша
айтқанда, халық жауларын іздестіруде «интернационалдық халықтар достығы»
деген ұғым қалыптасты. Сонымен, репрессияның доңғалағы ұлан-байтақ еліміздің
милиондаған мандай алды ұл-қыздарының тағдыр-талайын мылжалай басып, ел ішін
үрей мен құдікке, қорқақтық пен сақтыққа, қайғы мен мұнға батыра бастады. Соның
нәтижесінде сталиндік зобалаң халық санының кемуіне әкеліп соқтырды. 1937 жылы
Советтер Одағы бойынша бір рет халық санағы жүргізілді. Стalin үлгі санақтың
нәтижесін дұрыс емес дегенді сұлтау етіп, оны мұлдем жойып жіберуге тікелей нұсқау
береді. Халық санағын жүргізуші статистер сталиндік жазаларға ілінді. Еліміз бойынша
халықтың 1937 жылы 12 миллион адамға азайғанын білген «барлық халықтардың
көсемі» қолда бар деректерді жойып, шынғырған шындықты тұншықтырып тасталды.

Одақтық баспасөзде Мәскеуде жазалау шаралары одактас республикаларға үлгі бо-
лып көрсетілді. Бұл жағынан үлгі алуға ұмтылған Қазакстанның Орталық партия коми-
теті мен ішкі істер халық комиссариаты, прокуратурасы мен соты алдына жан салма-
ды. Тіпті асып түсуге асықты. Қазақстан Орталық партия комитетінің мүшелері НКВД
қарауылына іліне бастады. 1939-жылы Одақ бойынша тағы бір санақ өтіледі. Осыған
орай баспасөзде жарияланған халық санағы жөніндегі деректерге назар аудара кете-
йік. 1932 жылғы ашаршылыққа дейінгі казактар саны 4 миллион 120 мын болса, 1939
жылғы санақта халықтың саны 2,5 миллионга түсken. Ал Ахмет Байтұрсынов Ұлы Қа-
зан революциясына дейінгі қаты-
гін емес. 1939 жылы бір жағын...



ші жағынан зобалаң жалғасып жатты емес пе? Эрине, бас бостандығынан айрылып, еліміздің түкпір-түкпіріндегі жұздеген күрсаулы, тікенек темірлі лагерьлерге айдалған тұтқындар адам санатына жатқызылмады. Көпшілігі жер-ананың бір-бір төмпешігі болып, атаусыз көмілді. Тұрмelerдегі карцерлерде желке тұсынан атылғандардың сүйектері ел көзінен тасаға, жарға, шұңқырларға көміліп, беттері жасырылды.

Біз қазір 1936–37 жылдардан бастап атылғандардың сүйегі, мәйіті қайда? – деп тиісті орындардан сұрауға құқымыз бар екенін біле тұра, оларға накты талап қоя алмай жүрміз. Олар да (МХК) тайғақтап-тайсақтап жауап береді.

Тарихшы Рой Медведевтің дәлелдеріне қарағанда, сталиндік зобалаң 1926 жылдан басталған көрінеді. Бәлкім, бұдан да ертерек басталған болар... Ал 1937 жылғы жазалау 1936 жылғы жазалаудан он ессе асып түсken. Қанқүйлы 1937 жылғы зобалаңда халқымыздың ең нағыз айтулы азаматтары, сүт бетінен шығатын кіл қаймақтарында тіл үйірер тәттілері, халқым, елім, Отаным деген ак жүректі азаматтары НКВД-ның сүйек қаруның қаруауылана ілікті. Сонымен, тағы да қайталап айтарымыз – есіл ер, ардақты азаматтардың сүйегі қайда? «Өліні құрметтемей, тірі жалшымайды» демекші, араға жартығасыр салып барып, шындықтың ауылына қарай бет бүрдыш емес пе? Бұған да шүкіршілік дейміз. Ел аузында аңыз болып қалған Боралдай – Өжет арасындағы сай-сала, жарқабак, табылған сүйектер жөніндегі әнгіменің бекер еместігіне көзіміз жетті. Аңыздан шындыққа қарай жолға шыққан едік. Жер қойнауына жасырылған 19 ер азаматтың мәйітінің табылуы, оның айналасы күтімге алынуы, алғашқы ескерткіш макеттерінің жасала бастауы – шындықты қалпына келтірудің алғашқы адымдары десек артық кетпегеніміз. Ендігі айтарымыз – 19 ер азаматтың қалай атылып, қалай көмілгендігі жайлы аңыз-әнгіменің шындыққа айналуы төнірегінде болмақ. Тіс жарып айтуға болмайтын осы оқиғаны Алматы облыстық партия комитетінің 1938 жылғы хатшысы Шақпак Артықбаевқа шофері Айтжан баяндап берсе, 18 жылын сталиндік лагерьлерге беріп, еліне аман-есен оралған Шақпак ақсақал болған оқиғаны жасырын көмілген 19 адамның бірі Сүлеймен Есқараевтың ұлы Марат Есқараевқа әнгімелейді. Марат Есқараев Шақпак ақсақалдан естігенін былайша баяндайды. Бұл күндері арамызда жоқ, алайда бар шындықты айтып кеткен ардақты азаматтың – Шақпак ақсақалдың әнгімесінің мазмұны төмөндегідей.

– Шоферімнің 2–3 күн жұмысқа келмей хабарсыз кетуі маған күдік туғызған еді. Тіпті шоферім Айтжан менің үстімнен «донос» жинап жұр ме екен деп те қорықтым. Уақыт солай еді гой. Ақыры бір күні өң-түсі жоқ, келіп тұр. Алғашқыда ауырып қалған екен деп те ойладым. Жөн сұрасам, жауап бермейді. Жұмысқа неге келмедің деп ұрсағын десем, өз шоферімнен өзім қорқамын. Ол кезде басшыларына шоферін «із кесуге» салып қоятын уақыт еді гой. Үйге келген соң «әке-кеке, саған не болды. Екі-үш күн қайда болдың, түсіндірші» деймін шоферіме жалынғандай болып. Ол әнгімесін айтуға ынғайланды. Айналасына жалтақтай қараған соң, есік-терезені мықтап бекіттік. Ол әнжурегім аузыма келгендей болды. Мәселе өзіме мәлім атылған міншілдердің оның әнгімесін күніреніп отырып тындаадым.

– Екі НКВД қызметкері сол түні мені ұстап алғып, Дзержинский көшесінің бойындағы НКВД-нің ішкі ауласына алғып келді, – деп әңгімесін жалғастырды Айтжан. – Кабинаның ішінде отырған маған: «Көзінді жұм, ешнэрсөн көрмейсің, білмейсің, ұқтың ба?» – деді. Мен ұқтым дегендей басымды изеп, көзімді жұмып алдым. Шамалы уақыттан кейін бұлар не істеп жатыр екен деп білгім келіп, көзімді сыйырайтып ашып артыма қарасам – қапқа салынған әлдебір нәрселерді машинаның қорабына салып жатыр екен. Мен қайда тұрганымды, қайда келгенімді сезіп жон арқамнан шып-шып тер шыға бастады. Төбе шашым тік тұрды. Машинаға әлгі қаптарды тиеп болған соң, өздері де жайғасып отырды. Сонымен біз ауладан шықтық. Жол көрсетушінің бағыты бойынша Алматыдан шыға салысымен ойлы-қырлы жолмен Қарасу поселкесіне қарай тарттық. Содан соң Боралдай жаққа қарай бұрылдық. Бір кезде белгіленген жерге келген болуымыз керек, НКВД адамдары қолдарындағы фонарларымен «дайындалған шұңқылардың» айналасын бір рет сүзіп қарап шықты да, қаптарды түсіре бастады. Мен бәрін бақылап отырмын. Қаптардың ішіндегі қан-қан болған адам денелері анық байқалады. Бастары бұлт-бұлт етіп, тілті аяқ-колдары, дene бітімдері қапты түсіріп жатқанда анық білініп тұрды. Қою қаранғылық түрліліп келе жатқанда, олар жанталасып өліктердің беттерін жабуға кірісті. Қаптардың саны жиырма шакты. Алдымызыдағы жар қабактары, ірлі-ұсақты төмпешік, ши түбіртектері айқын анғарыла бастады. Кар еріп, жер батпақ болып жататын кез еді. Тұнгі салқынмен жер тоңазып қалған. Сонымен кері қарай жолға шықтық. Әлгі қаптар көмілген жерді көз алдымға келтіріп, санама тоқып алғым келгендіктен, жолшыбай жүрген жеріме өзімше белгі қойып отырдым. Шақпак аға-ай, ойласам, жаным түршігеді. Таңғы сағат 6-да біз Алматыда болдық. Олар белгілі жерге келген соң менің сөзге беріктігімді тексерді. Мен «білмеймін, көрмедім» деп дауысым қалтырап, бұл жерден аман-есен кетуге асықтым. Ғайыптан қалай ғана құтылғанымды білмеймін. Екі-үш күн бойы жасырынып жүрмін. Қорқыныштан үйқыдан да айрылдым. Қапқа салынып көмілген адамдар түсіме кіріп мазамды алды, – деген шоферім екі иығы бүлкілдеп жылай бастады. Мән-жайға толық қанықкан соң Айтжанға:

– Онда былай болсын. Ертең Каскелен ауданына жұмыс бабымен барамыз. Тұнделетіп қайтамыз. Жолда маған сол жерді көрсет – деп өтініш жасап едім, – Сіз ешкімге тіс жарып айтпайсыз ба? Қорқамын, ұстап кететін сияқты, – деп қауіп білдірді. Сол күні екеуіміз ант-су ішіп, ол маған өліктер көмілген жерді көрсететін болды. Біз түн қаранғылығында барып сол жерді көруді жоспарладық. Сонымен мен – Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы және шоферім Айтжан екеуіміз басымызды қауіп-қатерге байлан, нар тәуекелге бел буып, Айтжанның белгілеп кеткен жеріне жақындастық. Жақындаған сайын екеуімізде зәре-иман жок. Қорыққанымыз соншама, денеміз түршігіл кетті.

– Мінеки, мына жерде жатыр олар, – деді Айтжан дауысы дірілдеп. Екеуіміз кабинадан түсіп, адам мәйті көмілген жерді бағдарлап бір айналып шықтық. Топырағын тегістеп тастамақ болған екен. Біракта үйінде қалыпташып калған көмілгендердің көмілгендігін бірден-ак се



Айналамызға сақтықпен қараймыз. Боралдай ауылы сонадайдан қарауытып көрінеді. Анда-санда үрген иттердің дауысы естіледі. Жар қабак. Қорқынышты қоңыр түн. Бұл оқиға мәнгілік ұмыт қалмауы үшін Айтжан екеуіміз өзіміз ғана білетін белгілерімізді тастап, түн ішінде машинамыздың жарығын жақпай қара жолға шыққанша асықтық.

Менің жанымды жегідей жеген бір жәй бар еді. Әлгі қасіретті жерден ұзаған сайын сол жүргімді ауыртты. Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде бір парап бетке амалсыздан, шарасызыдықтан қол қойғаным есімде. Бірақ та ондағы тізімде белгіленген азаматтардың аты-жөні маған көрсетілмеген еді. Жолда келе жатып Айтжаннан:

— Қанша қап еді, шамамен қанша адам? — деп қайта-қайта сұрадым. Ол: «19 қап болатын», — деді. Сонда ғана мен «Социалды Қазақстан» газетіне шыққан ҚазТАГ-тың хабарламасындағы 19 азаматтың аты-жөнін ойша санап шықтым. Байқаймын, шоферім де мен сияқты қалың ойда келеді. Құдай-ай, келесі күні Айтжаннан айрылып қалатынымды қайдан білейін. Көп ұзамай мені де қамауға алды. Қазіргі Дзержинский көшесі бойындағы КГБ-ның зынданында НКВД баскесерлерінің небір зұлымдықтарын, айуандықтарын өз көзіммен көрдім. Система солай еді ғой. Күндердің күні мені де ұстайтынын сезгенмін. Бірақ қандай жағдайда, қай уақытта, неліктен, неге ұстайтынын сезді дейсің бе – акыры қамап тынды ғой. Бір күні Алматы көшесінде өзіме бейтансы сияқты бөгде біреу күлімсіреп жынысып амандасты. Мен де сондай ишара жасадым. Кенеттен екі жағымнан екі азамат келіп қолымды артыма қайырып машинасына тығып жіберді. Содан менің кіммен кездескенімді, жапон тыңышларымен қалай байланысқанымды күні бойы, түні бойы кезек-кезек сұрап карцерге қамап, ұрып-соғып әбден қорлық көрсетті. Алматы түрмесінде айлап отырдым. Алдында өлім жазасына кесіп еді. Кейіннен 10 жылға Краснояр лагеріне жіберді. 1938 жылдың орта шенінен ату жазасы бұрынғыдай жиі қолданылмайтын болды. Туған жерге тірі оралсам, қайтсем де Боралдай сайына көмілген азаматтар жөнінде туған-туыстарына айтып беру арманым еді. Алайда уақыт солай болды ма, тіс жарып ешкімге ешнәрсе айтуға жасқандым. Жас жетіп, картайған шағымда тарихта болған сол бір кезеңнің уақиғасын өзіңе ғана әнгімелеп отырмын. Сол 19-дың ішінде сенің де әкен бар еді.

Шақпақ Артықбаевтың бұл қымбат естелігі Марат Сүлейменұлы Ескараевты толғандырғаны соншалық:

— Ақсақал-ай, әкемді көрген адамсыз. Мұндай әнгімені бұрын естімеп едім. Сол жерді көрсете аласыз ба? Есінізде бар ма? Ұмытқан жок шығарсыз, — деп қылышп өтініш жасайды. Бір күрсініп алған Шақпақ ақсақал:

— Менің де арманым сол жерді бір көріп, есіл ерлерге мінәжат етіп қайту еді. Әкен жатқан жерді көрсетейін, — деп келісімін береді.

Бұл 1966-жылдың жаз айы еді.

— Межелі жерге жеттік, ары қарай жаяу жүреміз, — деп Шақпақ ақсақал машинаны құпак аға адымдап алға шықты. Жарқабактың үстінен шықты әбастады. Менің дымым ішімде. Жүргім дүрс-дүрс соғып

аганың соңынан төменге қарай түсे бердім. Алдыңнан әкем тіріліп шыға келетіндей күй кештім. Шақпақ аға топырақ жасырған бір белгі тасты тауып алыш: «Міне, дәл осы жер, осында» – деді дегбірсізденіп. Үш-төрт адым жүрді де, екі-үш төмпешіктің ортасына келіп тізерлеп отырды да, топыракты уыстап тұрып: «Бауырларым-ай, боздақтарым-ай, ерлерім-ай», – деп дауыс салып жылады. Көзімнен парлап аққан жасты тоқтата алсамшы... «Әкем-ай», – деп мен де дауыс салып жыладым деңіз.

Бұл ара қамысты сай екен. Шөп өсіп, тәбешіктерді жасырып та үлгеріпти. Дегенмен бұдан 30 жыл бұрынғы адам көму үшін арнайы қазылған ордың орны айқын. Сонау бікте бір тұп тал өсіпті. Мынау сай едәүір аймақты алыш жатқанына қарағанда, мезгіл-mezgіl болатын су тасқындарынан пайда болған сияқты. Енді бұл жерді өзім ұмытып қалмайын деген ниетпен әр жерге бір-бір белгі қойып жатырмын. Шақпақ аға сол күні қатты толқуда болды. Әлсін-әлсін егіліп жылай берді. Бір-бірімізге басу айтамыз. Әкемнің сүйегін іздел жүргеніме риза болған Шақпақ ақсақал: «Айналайын, Марат-ай. Әкеннің әруағын бір қозгадың, ер азамат деген осылай болу керек. Заман деген құбылмалы гой. Айтпақшы, мына сайды жергілікті ел «Қанды сай» деп атайдын көрінеді. Бұл маңайда 1919 жылы патша әкіметі ұлт-азаттық көтерілісінің Жетісуудағы басшысы Бекболат Әшекеевті дарға асқан екен. 1937–38 жылдары «халық жаулары» деген желеумен атылғандарды жасырын көмген жерлері осы арада. Дәл қай жер екенін айта алмасам да жүздеген азаматтың мәйіті осы Алматы маңындағы сай-салаларда деп білген жөн. Ал мынау тас – марқұм Айтжан екеуміздің қойған белгіміз. Жарықтық, шөп өсіп, жер өзгеріп сала берілті-ау. Тіпті қойған белгі тасымызды жасырып қалғысы келген екен» – деп өткенді әкінішпен есіне алған Шақпақ аға екеуміз кеш бата бір үлкен іс тындырығандай Алматыға қайттық. Әрине, бекер қайтқанымыз жоқ. Әлгі жердің топырағын ала қайттым. Қасиетті жерді көрсеткен Шақпақ Артықбаев өзінің адамдық имандылығы мен азаматтық борышын өтеп, 19 азамат көмілген жерді көрсетіп өмірден қайтты. Тоқырау жылдары бұл тақырып жабулы күйінде қалды. Сондықтан мен де ешкімге тіс жарып ешнэрсе айтпадым. Уақыт соншама қытымыр болса да, бір ерлік жасадым. 1969 жылы «Қанды сайдағы» әкемнің жатқан жерінің топырағын Қызылордаға апарып, үлкен зираттың ішіне салып, әкеме ескерткіш орнаттым. Алматыдан ескерткіш бюстін жасап, әкемді көзімен көрген дос-жарандарын жинап, туыс-туғандарының басын қосып ас бердім. Одан бері 20 жыл өтті. Енді мен сол бір жасырған сырымды өзіңе ғана баяндалп отырмын. Бұл әнгімемді қалай жариялайсың, қалай жазасың өз еркінде. Алдыңа кедергілер кездесіп, көлденең көк аттылар жарға итермесе жарап еді. Құдай куә, мен куә, егер де осы 19 ер азамат жөнінде жариялағанынды ел білетін болса, Шақпақ ақсақал мен менің жылдар бойы жасырып келген тарихи сырымызды көпшілікке ашып бере алсан, тек ғана 19 ер азаматтың семьясы ғана емес, мындаған адамның алғысын арқалаған болар едің. Іске сәт, мен айттым, қалғаны өз қолында.

Айтса айтқандай-ақ, 1988-жылы жастардың «Өркен» апталығында «Олар 19 еді» деген сериялы мақала жарияланып, үлкен ғана 19 ер азаматтың семьясынан баспасөз жөніндегі нұсқаушысы...

сқа терілген мақаланың келесі санға дайындалған нұсқасы шашылып тасталынды. Апталық газеттің сол кездегі редакторы В. Столяров бүйрүгімен мақала авторы жұмыстан босатылды.

* * *

Зұлымдық басталған жылы Марат Сүлейменұлы 8 жаста екен. Маған әңгімесін асықпай отырып баяндаған кезінде оның дауысынан бір түрлі діріл байқадым. Өте толқып отырды. 19 азаматтың басына апарып, тарих шежіресінен сұыртпақтап сыр тартып әнгімелеп берген Мараттың өзі жөніндегі естелігін жариялай кетуді жөн көрдім.

— Сол жылы баспасөзде аты-жөні жарияланып айуандықпен атылған 19 адамның ішінде менің де әкемнің бар екендігін елден естіп білдім. Он жастағы апайым Әлияны мектеп оқушыларының алдында: «Мына тұрған халық жауы Сүлеймен Ескараевтың қызы. Біздің ортамызда мұндай жауыздың қызына жол жоқ. Мұндай сілімтікті пионер қатарынан шығару керек», — деп қаралап, мойнынан галстугін шешіп алыпты. Оның өксіп-өксіп жылағаны әлі есімде. Үйімізден қуып шыққан соң шешем Мәуияны «АЛЖИР-ге» айдан алып кетті. Ал біз болсақ, балалар үйінің ботқасын жеп, әке-шешемізден айрылып қайғы-зарға баттық та қалдық. Ұмытпасам, біздер, Сүлеймен Ескараевтың балалары «халық жауының ұрпағы» ретінде тәрбиеленген мекемені № 1 балалар үйі дейтін. Мұнда мен сияқты «халық жауларының» балалары көп еді. Ботадай боздап, көгендеген қозыдай улап-шулап жатушы едік. Бізге жанашырлықпен кім қарайтын еді? Мандайымызға жазылған осы бір жарлық көпкө дейін қалмады. Пионерге, комсомол қатарына өтейін десен де, алдыңнан кес-кестеп өтетін қара мысықтай «халық жауының баласы» деген бәле-жала қалмай қойды. Кәмелеттік жасқа толып, оқуға түсейік десек те, осы бәлеке тап боламыз.

Сонымен заманақыр Сүлеймен Ескараевтың семьясына да қөлеңкесін әбден түсірген екен. Әйелі Ескараева Мәуия «АЛЖИР-ге» айдалады. 8 жасар Марат Алматыдағы балалар үйіне тәрбиеге алынады. Әпкесі Әлия қанғырып далада қалады.

— Жылай-жылай діңкем күрып, көзіме көк шыбын үймелеп бұрышта отыр едім, — деп еске алады Марат Сүлейменұлы, — бір егде тартқан орыс шалы: «Сенің атың Марат па?» — деп сұрады. — Иә, Мараттың, — дейін оған жаутандап.

— Олай болса, балақай, бері келші, бір кісі сені күтіп тұр, — деді де қолымнан ұстап аулаға алып шықты. Қөшеде екі ат жегулі арба тұр. Арбада еуропалық калпақ киген бір танымайтың кісі маған жымынып: «Марат, келе гой, ботақаным, Маратым» деп алдына отырғызып алды да, әлгі мені балалар үйінен ертіп алып шыққан кісіге кішігірім дорбаны ұстата салды. Бұл мені ертіп шыққаны үшін берген сыйы екен оған. Кейін естіп білуімше дорбадағы әженттәуір ақша болса керек. Сөйтсем, бұл кісі менің әкемнің туған

шықты. Поезға мінген кезімізде: «Сүлеймен бауырымның жалғыз 111», — деп кемсендеп жылай берді. Қызылордаға мені жетімдер

үйінен ұрлап алып кеткен осы ағайымның тапқырлығы туралы қармақшылықтар: «Апыр-ай, Сейдалының мықтысы-ай, өкіметтің қолынан Сүлейменнің баласын қоярда қоймай тартып алып келді» – деп аңыз қылып әңгімелейтін. Расында, әр нәрсе кезіне қарап болатын болса Сейдалы ағайымның мені Алматыдан тауып алып келуі нағыз ерлік емес пе? Ол өмір өтіп кетті. Ер жеттік, есейдік, талай көйлек тоздырдық демекші, тек қана қоңілде қалған бір нала – әкеміздің атылып, шешеміздің сотталуы еді. Ер жеткен соң әке алдындағы парызым күннен күнге мазалай берді. 1958 жылы әкемнің әктағаны туралы анықтаманы қолыма алған соң, мен әрі қарай іздене бастадым. Әкемді қөзі көрген азаматтардың қатары сирей түскен. Қөвшілігі атылып немесе айдаудан қайта оралмай қалған. Қөзі көргендерін соғыс жалмап кетті. «Халық жауы» деп сотталып, қайта оралғандардан – тірі қалғандардан суыртпақтан сыр тартамын. 1937–38 жылдары атылғандардың сүйектері Алматы маңындағы сай-жыраларда көмілген екен деген әңгімені де естідім. Алматыда оқып жүрген кезім. Арақ ішіп, қызып алған бір азамат: «Енді несін жасырайын, тілімді кесіп алса да айта аламын. 1938 жылы атылғандардың мolasын қазып, құрым етіктерін шешіп алып, кек базарға апарып сататынбыз», – дегенін естіп қалып, ендігі оның сау кезіндегі әңгімесін естігенше дегірім қалмады. Ол сап-сау қалпы сол әңгімені бәз-баяғы қалпында баяндап шықты. Сонда барып әңгіме төркіні шындық екеніне көзімді жеткіздім.

Марат Сүлейменұлы Есқараев айтқан әңгіме сонау қасіретті жылдарға, бұдан жартығасыр бұрынғы қанды оқиғаларға жақындана түсті. Марат Сүлейменұлынан естіген әңгімeden соң мен де көз көрген, қанды оқиғаларға күә болғандарды іздестіре бастадым.

Мәселе төркіні тек 19 ер азамат төнірегінде ғана емес екендігін оқырмандар түсіне жатар. Жұздеген, мындаған ер азаматтардың сүйегі қайсы қуыста жатыр, қайда? Осы сауал мені қатты мазалады. Атылған азаматтар жөніндегі анықтамаларда олардың жатқан жерлері мүлдем айтылмайды. Ал естіген әңгімелерім аңыз бер ақиқаттың арасында шындық сүрлеуіне жете алмай, көзі көрген адамдардың күдігі мен корқынышының арасында қала беретіні мені қатты таңдандырды. Жасы 80-нен асқан Бейсенбай Келдібаев ақсақалдың естелігінен:

— 1938 жылы мен ауданда мал дәрігері едім. Бір күні Боралдайдағы нағашымның үйіне бара қалдым. Ұмытпасам, бұл ақпан-наурыз айлары еді. Әңгіме арасында нағашым: «Апыр-ай, айнала қан сасып кетті. Өңкей жақсы кісілерді осында әкеліп, түнделетіп атып жатыр. Кейбіреулері жан тәсілім жасарда айғайладап өлеңді», – деп еді. Бәріміз болып оған: «Ойбай, аузыңа ие бол. Дегерестегі Әлімфожа Жайнақов сияқты ұсталып кетесін», – деп әңгімесін тынып тастандық. Жасы 70-тен асқан Әлімфожа карияны бір ауыз сөзі үшін НКВД ұстап алып кетіп еді. Осы төніректегі бір ауылдың жасы егде тартқан кемпірінің үйіне келгендер: «Апа, төріңізде ілулі түрған адам кім?» – деп Сталиннің суретін көрсетсе керек. Қаранғы адам қайдан білсін: «Е, ит білсін бе, балалар төрге іліп жүр ғой, журналға шықкан бір орыстың суреті шығар», – депті. Сол 70-тен асқан кемпірді әлгі әңгімесі үшін 1938 жылдан асқан адам күлерлік оқиға...



1937–38 жылдары әркім жаңынан түзілетін уақыт еді ғой. Тұнгі мылтықтың үнін естіп, тілімізді тістеп отыра беретінбіз. Қазір де Алматы маңайындағы ауылдарда сол қанды оқиғаларды көріп қалғандар бар. Алайда олар айтудан қорқады. «Көрдім деген көп сөз» деген қазақ мақалы НКВД тергеушілерінің айтатын мысалы еді ғой. Өзім күе болған бір оқиға айта кетейін. 1938-жылы жаз айында Өжетте тұратын бір танысым «халық жаулары» деп көміп тастағандардың бейітінің топырағын аршып, өліктің екі пар құрым етігін сипырып алады да, Алматыдағы бір танысына сатып жібереді. Күндердің күні әлгі етікті сатып алған адам етік сатқышты біздің көзімізше жер-жебіріне жетіп боқтасын келіп. Сөйтсе, сатып алған етігінің іші сасып, құрттап кетсе керек. «Міне, сенбесендер, көріндер», – деп құрттарын көзімізге көрсеткенде, бәріміз әлгі өліктің аяқ киімін сипырып алған алаяқтың сазайын тартқызып, 50 сомын иесіне қайтарып бергіздік. Боралдайлықтар «Алматы қан сасып кетті», – деп бір-біріне сыйырлап қана әңгімелеп жатқанын мына құлақ естіген.

Мұндай оқиғаны Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік педагогикалық университетінің тарих факультетінің оқытушысы доцент Өжетбек Өмірзақов әңгімелеп беріп еді.

– Өжеттегі сегіз жылдық мектептің тарих пәнінің мұғалімі едім. Мамыр айының соңында оқушыларды туған жер табиғатымен таныстыру үшін саяхатқа алып шыққанбыз. Балалар Боралдай сайы бойынша жоғарылап бара жатты. Кенеттен Володя Попов деген оқушым: «Мына жерде адамның сүйегі жатыр, бері келіндер» – деп бәрімізді қол бұлғап шақырды. Біз барғанша, Володя адамның екі бас сүйегін қолына алып алдымыздан қарсы шықты.

Біз оған орнына апар деп үрсип жатырмыз. Дегенмен бас сүйекті мұқият қарап шықтым. Екі бастың да шүйде жағы тессілген. Бұл оқтың орны еді. Бұл оқиға ауыл-аймаққа таралып кетті. Ауыл қарттары әлгі сүйектерді қайта көмгізді. Әкем бұл адам бастарының 1938 жылы атылғандардікі екендігін айтЫП, енді бұл жаққа балаларды алып баруға болмайтындығын ескертті. Көрдім деп айтуға болмайтын кез еді ғой.

Халықта «ауруын жасырған өлеңді» деген мақал бар. Ал біз атылып кеткендерімізді жасырып келдік. Айтуға аузымыз бармады. Қорықтық.

Өжетбек ағаның айтқаны рас қой. Күні кешеге дейін көп шындықты айтуға қорқып келгенімізді кімнен жасырамыз. Енді, кеш те болса, абзал азаматтарымыздың атын кірден тазартып алсақ жарап еді.

Бұдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрынғы республикалық орталық газетте жарияланған хабарламаны оқып қабырған қайысады. Сонымен әңгімемізге негіз болған 19 ер азаматтың өлімі жөніндегі нақты фактіге назар аударайықшы. 1938 жылғы наурыздың 22-сі күні шыққан «Социалистическая Алма-Ата» газетінің № 66 (548) санындағы хабарламада былай делінген: «В Военной коллегии Верховного суда Союза ССР 6–12 марта 1938 года выездная сессия Военной коллегии Верховного суда СССР

васедании в порядке закона от 1-го декабря 1934 года рассмотрены дела чекистов, троцкистов и бухаринцев Кулумбетова У., Сыр-

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ

габекова Н., Ескараева С., Молдажанова И., Нурмухамедова Х., Иванова В. И., Случака В. Е., Чудочкина М. А., Берлина Б. М., Михайленко Л. Н., Жургенова Т., Садвакасова Ж., Досова А., Курамысова И., Сафарбекова С., Мусина А., Кошенбаева Х., Султанбекова Ж. и Кенжина А. по обвинению в измене Родине, в попытках отторжения Казахстана от СССР, превращения его в колонию иностранного империализма, в террористической деятельности, вредительской и диверсионной работе и шпионаже в пользу иностранных государств, т. е. преступлениях, предусмотренных статьями 58-1 А, 58-6, 58-7, 58-8, 58-9 Уголовного кодекса РСФСР.

Все вышеперечисленные обвиняемые полностью признали себя виновными в предъявленных им обвинениях.

Выездная сессия Военной коллегии Верховного суда Союза ССР приговорила обвиняемых к высшей мере наказания – расстрелу.

Приговор приведен в исполнение».

Бізде сакталып қалған бірден-бір документ осы ҚазТАГ хабары. Хабарды оқығанда қабырғамыз қайыса түскендей. Олардың қылмысты істі мойындауы қандай адам айтқысыз жазалау шаралары арқылы жүргізілді десенізші. Оларды «Жапон империализмінің протекторатының тікелей басшылығымен Қазақстанда Кенес үкіметін құлату әрекетін жасаған» деп қаралады. Бұлардың Москвадағы тікелей басшылары Тұратын Рысқұлов пен Нығмет Нұрмақов болыпты-мыс. Ал Қазақстандағы басшысы Ұзақбай Құлымбетов делінген.

Москвада 1938 жылы 13 наурызда «оңышл троцкистер» тобын соттау процесі бітіп, 18 адам ату жазасына кесілді. Үшеуі өмірлік катортага айдалды. Тура осындай сот процесінің Алматыдағы көшірмесіне таңдануға болмайды. Бір ғана айырмашылық – Москвада 18 адам атылса, бұл сан Алматыда бір адамға артық. 1938 жылы наурыздың 22-дегі «Социалды Қазақстан» өзінің бас мақаласында былай деп жазыпты:

«Қазақ халқының ежелгі жаулары. ССР Союзының Жоғарғы сотының соғыс коллегиясының көшпелі сессиясы 19 үлтшыл-фашистердің, троцкишілдердің және бухариншілердің шектен асқан қылмысты ісін қарап, оларды жазаның ең ауырына – атуға бұйырды. Үкім орындалды. Әрбір совет азаматы, адал ниетті, ақ жүректі адам баласы бұл хабарды естігендे шын жүргінен сүйсінеді, еңбекшілердің, социализмнің жаулауына қарсы тұрып күйінеді...»

Қазақстанның еңбекшілері бұл 19 жауга шығарылған үкімді де бірауыздан қостайтыны күмәнсіз. Қаны қарайған бұл қанқұйлылар қайта туган қазақ халқының ең қымбаттысына, ең ардақтысына, ең аяулысына оқталды. Қазақ халқын бақытты қызық дәуренінен айыруға тырысқан үлтшыл-фашист, троцкишіл, бухариншіл, шпион бандиттерді дер кезінде әшкерелеген данқты чекистерге, олардың сталиншіл наркомы И. Ежов жолдасқа Қазақстан халқы көп-көп алғыс айтуда, жауларды түгел жоюда НКВД орындарына әрқашан жәрдемесіп отыруға дайын».

Мінеки, қорқыныш пен үрейді...
кезеңнің аңы шындығын дәлел...



Қазақ интелигенциясының – зиялды қауымының 1937 жылдан тұтқынға алынуы қырылған қазақтар жөнінде Сталинге хат жазған бесеудің бірі Мансүр Фатауллиннен басталды. Ол 1937 жылы мамыр айының басында қамалды. Мамыр айының сонында 1937 жылы Кисловодскіде демалып жатқан жерінен Тұрар Рысқұлов тұтқындалса, маусым айында Москвада Нығмет Нұрмаков қамауға алынды. Маусымның бесінде Қарағанды облыстық атқару комитетінің председателі Абдолла Асылбеков және Қарағанды обкомының екінші хатшысы Нұргали Нұрсейітов тұтқынға алынды. Іле-шала маусымның 12-де Қабылбек Сарымолдаев, шілденің 10-да Ұзақбай Құлымбетов, шілденің 29-да Габбас Тоғжанов, Илияс Молдажанов, Асқар Лекеров, Абдолла Розыбақиев қамалды. Қыркүйектің 5-де Жанайдар Садуақасов пен Ізмұқан Құрамысов тұтқындалды. Қыркүйектің 22-де Оңтүстік Қазақстан обкомының бірінші хатшысы Әбілқайыр Досов пен Алматы облыстық атқару комитетінің председателі Ораз Жандосов тұтқындалды. Бұл кезеңде С. Асфендияров, Қ. Жұбанов, С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлин, Қ. Ташитов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев сияқты азаматтар ұсталып, НКВД түрмесінің (казіргі Дзержинский-Виноградов көшелерінің бұрышы) қорлық-зорлығын көріп жатқан еді. Көп ұзамай олардың бәрі де атылды. Алайда олардың бейіттері қайда жатқандары белгісіз. Табылар деген үміт күштірек. Бәлкім, мұның бәрін білетін, бірақ та айтуға аузы бармай қорқып отырған бұрынғы НКВД қызметкерлері бір көзсіз ерлік жасап жазықсыз жазаланғандардың жатқан жерлерін көрсетер...

Әзірше бізге айғақты документтер арқылы 19 ер азаматтың жатқан жері белгілі болды.

Д. Әшірбеков

ЖАРТЫ ҒАСЫРҒА СОЗЫЛҒАН ҚҰПИЯ ЖАҢАЛЫҚ АУЫЛЫНДА ЖАРИЯ БОЛДЫ

Лаға жарты ғасырдан астам уақыт салып кешігіп жеткен хабар бүкіл иісі қазақ атаулының бір жарқыратты, бір күрсіндірді. Жадыратқаны – осыншама жылдар бойы беймағлұм болып келген құпияның беті ашылды. Ол халқымыздың үш арысы – Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиппінің, Илияс Жансүгіровтің (жатқан жерінің то-пырақтары торқа болсын) белгілі болуы еді. Күрсінгекені – дәл елу төрт жыл бұрын аса құпия жағдайда атылған опасыз оқтың тек ол үшеуінің гана емес, мындаған асыл азаматтардың жалынды өмірлерін қиганы, бұл сүмдік қылмысты көріністің санамызға тағы бір белгі беріп, сағымдай көлбендеуі еді.

Оғы Жаңалық ауылдың маңайында өткен жұмада болған
Рессияға ұшырағандарды еске алу рәсіміне жиналғандардың

арасында күрсінбекен жан болмаған шығар-ау. Айналасы ат шаптырым алқаптың ортасындағы үстін шөп басқан төмпешіктердің астында кімдердің жатқанын толық жарайлауға тиісті орындардың, әсіресе Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің батылдығы әлі күнге жетпей келеді. Осыдан уш жыл бұрын кездейсоқ жағдайда табылған адамның бас сүйегі бұл қылмыста қайсы органның қолтаңбасы бар екенін және бұл жерде бір ғана емес, бірнеше жүздеген жазықсыз жандардың сүйектері жатқанынан хабардар еткен еді. Сонымен, республикалық «Әділет» қоғамының, ғалымдардың, жазушылардың, журналистердің қызу іске кірсіу арқылы тарихи қылмыстың бізге беймәлім талай-талай беттері ашылғандай болды.

Белгілі фольклоршы-ғалым Мардан Байділдаевтың айтуынша, 1938 жылы 21 наурызда Қазақстанның сол кездегі асыл азаматтары, бетке ұстар қоғам қайраткерлері Боралдай мен осы Жаңалық ауылдың манайында бір-ак түнде атылған. Олардың ішінде 19 халық комиссары да бар.

Бекболат Мұстафин, 83 жастағы зейнеткер: «Бұл азалы күн, бүтін біз халқының азаттығы жолында бастарын байлаган аптал азаматтарымызды еске түсіріп отырмыз. Мына топырақтың астында тек Сәкеннің, Илияс пен Бейімбеттің мәйіті ғана емес, елім деп еңіреп, халқым деп қайғырған талай-талай тағдырлар жатыр. Жетпіс жылдың ішінде миллиондаған адамынан айрылған жалғыз қазақ елі.

Көптеген тарих зерттеушілері осыншама зұлымдық пен зұлматты бір ғана Стalinнің басына жабады. Тарихи қылмысты «халықтың көсемі» жалғыз істеген жоқ. Оның жанында қылышынан қан тамған талай жендеттер болды. Соның ең басты баскесерлерінің бірі – Филипп Голощекин еді. Голощекиннің мойнында ашаршылықта, репресияда қырылған, қудаланған миллиондаған қазактардың қаны бар.

Мен Илияспен бір камерада отырдым. Жақында сол камераны жазбай танып, көрсетіп бергенімде, Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің лауазымды қызметкерлері «Арада жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Көп нәрсе ескірді. Сіз ол камераны қайdan білесіз. Ұмыттыңыз ғой» деп, безілдеп жолатқысы келмеді. Адамның санасы ескірмейді. «Ат ауыздығымен су ішкен, ер толарсақтан саз кешкен» сол бір жылдар жадынан өше ме? Қазақ поэзиясының құлагері – Илияс Жансүтіровпен түрмеде бірге отырған уақыт, одан кейінгі құғынға түсіп, қан жұтып өткізген он сегіз жылым – иә, осының бәрі менің өмірімнің бөлшегі. Оны қалай ғана ұмытарсың. Мына төмпешіктің астында солармен бірге менің де сүйегім жатуы мүмкін еді ғой. Әйтеүір тағдырдың шапағаты шығар түсken, тірі қалып, жер басып жүрмін».

Өмірінің жалынды жылдарын тар қапаста өткізген ақсақалдың айтқан сөзінен кейін жиналған жүрттың талайының қолы еріксіз жанарына барып та қалған еді. Көшілік қауымның алдында уш арыстың суреттерін ұстап манадан бері тапжылмай тұрған мектеп оқушылары да қозғалактап қалды.

Иә, жүрек тебірентерлік сэт еді бұл. Дәл елу төрт жылдан кейін керемет кездейсоқтықтан тірі қалған камералас ..



немере-ұрпақтары көктемнің осындай бір шуақты күні жамырап келіп, әруақтарының алдында бас иіп, құран оқытатынын, ел болып еске алатынын, халық болып ескерткіш қоятынын, эттең, білмеді-ау боздақтар.

Опасыз жылдардың ойранынан опат болған тұлғалардың мәйіті жатқан бұл жер бұдан былай қазақ топырағындағы ең бір қасиетті түкпір, азалы орынға айналады. Иә, жиналған жамағаттың күнірене тұрып, тебірене шешкен шешімі осы еді.

Ортаға шыққан көзілдірікті жігіт ағасының жұрт алып тұлғасына емес, алдымен аппақ кудай болған шашына зер салды.

– Әруағынан айналайын, эке! – деп баstadtы көкейіндегі сөзін Илиястың ұлы Боллат Ғабитов. – Сенің сүйегің қай жерде қалғанын осы уақытқа дейін білуге мүмкіндік болмады. Мезгіліне жетпей ағарған шашымда осы ауыртпалықтың белгісі бар. Шүкір дейін, енді қай жерде жатқаныңды білу көңіліме медеу, өміріме өзек болғандай.

Ал, Елена Федоровна Берещагина ортаға шыққанда, жиналған жұрттың біразы «мына кемпір не айтар екен. Бұл жерде тек қазақтардың сүйектері ғана жатыр емес не?» деп дұдамал ойларын жасыра алмаған еді.

«Мен Сәкен Сейфуллинді жақын білетін едім. Менің күйеуімнің мәйіті де осында жатыр деген болжам бар. Олардың әруақтары алдында басымды иемін».

Елена Федоровна осыны айтып орамалымен көзін сүртті.

Ақ шашты ананың сөзі мені мына бір ойға жетелегендей болды. Жаңалық ауылының маңайында тек қазақтар ғана емес, басқа да көптеген ұлттың боздақтары мәнгі тыныштық тапқан сияқты. Демек, тағдыр тәлкегі ұлт талғамайды, зират таңдамайды. Демек, бұл болашақта ұлтаралық мемориалдық зират болуы керек.

Сәкенмен түрмеде бірге отырған 87 жастағы Айтжан Бутиннің айтқаны арқылы Сейфуллин сияқты дара тұлғаның түбіне жеткен қанішердің де аты-жөнін білген жөн. Ол – тергеуші Геннадий Михайлов.

Еске алу рәсімінде ақсақал жазушы Әлжаппар Әбішев өзін әдебиет майданына шығарған Сәкен Сейфуллин еді деп есіне алды. Ал Ораз Жандосовтың ұлы республикалық «Әділет» қоғамының төрағасы Санжар Жандосов болса, бүгінге де, болашаққа да тағылым болар мына бір жәйтты әдейілеп айтты. «Осы жерде менің де әкемнің сүйегі көмілсе, оның жанында менің екінші әкем Илияс Жансүгіровтің де мәйіті жатыр. 1926 жылы Қарқара көтерілісінің 10 жылдығына орай Ереуілтөбеде болған үлкен жәрменекіде әкем халыққа мынадай ұсыныс жасаған екен. Ереуілтөбе – бүкіл қазақ халқының жадында сақталатын жер болуы керек. Сондықтан оны көруге барған, қасиетін ардақтайтын әрбір қазақ бұл жерге қолдарына бір-бірден тас ұстап апарып, қорған жасасын».

Санжар ағаның айтқаны, шынында да, ұлағатты сөз еді. Жаңалық ауылының маңайында жатқан ұлы тұлғаларымызға ескерткіш мемориалын жасағымыз келсе, біздің де әрқайсымыз өз үлесімізді қосқанымыз жөн болар, ағайын.

НАРКОМ ЖУРГЕНОВ

Кыска да нұсқа сөйлеп, көп шаруа тындыруға дағдыланған Темірбек Қараұлы Жүргенов 1933 жылы Қазақ АССР-ы Халық ағарту комиссары бол тағайындалады. Алға биік мақсат қоя біletін және соған табандылықпен жетіп отыратын бұл азамат күллі күш-жігері мен қажыр-қайратын республикадағы мәдени революция ісіне арнады.

Алматыға аудықтанға дейінгі он жыл уақытын Түркістан өлкесінде өткізді. Қатардағы студенттен Өзбек ССР-інің үкімет мүшесі – Халық ағарту комиссары дәрежесіне жетті. Түрлі мемлекеттік істерде ысылған тәжірибелі қайраткер болды. Орта Азия мемлекеттік университетіне түсken 1923 жылы ол Қазақ АССР-інің Түркістан АССР-індегі толық өкілетті өкілі қызметіне шақырылған.

Т. Жүргенов 1918 жылы Әліби Жангелдиннің басшылығымен Советтердің Торғай облыстық съезін өткізуге атсалысты. Одан кейін туған жері Ыргыз өңірін ақтардан азат етуге қатысты. Болыстық ревкомның председателі, уездік ревком председателінің орынбасары, одан председателі, уездік атқару комитетінің председателі болды. Большевиктер партиясына 1920 жылы өтті.

Т. Жүргенов Қазақ және Түркістан республикалары Орталық атқару комитеттерінің мүшесі ретінде сол кездегі саяси өмірдің бел ортасында жүрді. Орта Азияны ұлт тұрғысынан межелуе ісіне белсene арапасты. Оның «Еңбекші қазақ» беттерінде жарияланған очерктері – жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігін, Түркістанның этнографиялық картасын жасау мақсатында зерттеген комиссия жұмысына қосылған елеулі үлес болғаны күмәнсіз. Ол қазақтардың жалпы жағдайын, санын, кәсібін, шаруашылығы мен әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді, атқарылуға тиіс міндеттерді жеке-жеке қарастырып, орын алған жаңсақ пікірлерді сынады. Отаршылдардың қайткенде біріктірмеу саясаты: «Бөлшектеп таста да – билей бер!» – ұранымен қазақтарды ту-талақай етіп Қоқанға, Бұқар әміршісіне, Хиуа хандығына қосқанын маркстік тұрғыдан сараптап берген. Т. Жүргеновтің қоғамдық ойды дамытуға атсалыса аларлық қабілетін САГУ-ды бітірерде жазған диплом жұмысынан да танисыз. «СССР мен Қазақстанда әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» деп аталатын бұл еңбек үздік бағаланып, жеке кітап бол шықты. А. С. Пушкин атындағы Орталық кітапхана қорында күні бүгінге дейін тұрған осы кітапқа жазған алғы сөзінде университет профессоры бұл диплом жұмысының жоғары мектеп бітірушігে қойылар талаптар деңгейінен әлдеқайда артық дәрежеде орындалғанын атап көрсетіпти.

Т. Жүргенов тұнғыш рет 1926 жылы Ташкентте арнайы орта білімді мұғалімдер даярлайтын, Халық ағарту институтының бірінші ректоры



жоғары оқу орнының дүниеге келуіне байланысты Темкен сол жылы «Советская степь» газетінә педвуз міндеттері мен бүкіл әлемдік мәдениетті жерсіндіру, жергілікті халыққа жеткізу мәселелері туралы мақала жазса, келесі жылы «ҚАССР-інде жоғары оқу орындарын ұйымдастырудың нәтижесі мен болашағы» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамасы «Қазақ педагогика институтының бір жылғы жұмысы» деген атпен жеке кітапша бол басылды. Мұнда мәдениет майданындағы ұлтшылдық пен шовинистік көзқарастарға қарсы курс жақсы көрініс тапқан. Ұлт нигилистері ол кезде «қазақ өз алдына жоғары мектеп ашарлықтай дәрежеге әлі жеткен жоқ, мына институт қазақ халқына бөтен мәдениетті тықпалайтын болады» деп үріксе, шовинистер жоғары оқу орындарын қазактарға арнап ашудан мүлдем бас тарту саясатын ұстанған-тын. Темірбек Қараұлының бұл орайдағы ұстамды, дәйекті, марксілік-лениндік тұрғыдан саралтаған тұжырымдары ете маңызды.

Педагогика институты ұзамай Алматыға көшіріледі де, ол САГУ-дың мемлекеттік право бойынша ғылыми қызметкері болып істей берген. Алайда ВКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия бюросы (Средазбюро) оны мемлекеттік шаруаларға жұмсауды қажет деп тапты. 1929 жылы Жүргенов Тәжік АССР-інің Қаржы жөніндегі халық комиссары (бұл кезде Тәжікстан Өзбек ССР-інің құрамындағы автономиялық республика еді, 1929 жылдың октябрінде одактас республикаға айналды), 1930 жылы Өзбек ССР Халық ағарту комиссары болды. Осы қызметінде ол Қазақ АССР-іне шақырылғанша істеді.

Сол шақта қазақ өлкесі солақай басшылық пен шолақ белсенділердің қаскей әрекеттері ұшыратқан ауыр жұтқа екі миллионға тарта адам өмірі мен қырық миллиондай мал басын шығындалп, қатты есендіреп тұрған. Асыра сілтеу зардантарын жою – лениншіл большевиктер алдындағы кезек күттірмес мәселе-тін.

Ағарту жөніндегі халық комиссариатының жаңа нарком келісімен жедел қолға алған негізгі шаруаларының бірі – мектеп ісін жақсарту мәселесі еді. Ол Наркомпроста жинақталған ақпаратармен қанағаттанған жоқ. Ауыл ауылды өзі аралап, оқу-ағартудың жай-күйін өз көзімен көрді. Терең талдауға толы мақалалар жазды. Наркоматтың коллегиясына талқылауға құрделі мәселелер енгізді. Жаппай сауатсыздықты жоюға арналған окулықтар мен көмекші құралдардың әзірленуін ұйымдастырып, көптеп шығарылуына қамқорлық етті. Мұғалімдердің бірінші съезін шақыруға үйтқы болды. Съезде жағдайды жан-жақты саралаған проблемалы баяндама жасады.

Қазақстандағы мектептердің құрылымын ретке келтіру, қазақ орта мектептерін көбейту туралы ВКП(б) өлкелік комитеті мен республика үкіметі бірлескен қаулы қабылдады. Республиканың барлық облыстарында мектеп құрылышына баса назар аударылды. Тек Алматының өзінде 18 мектеп үйі салынды. Осы құрылыштар біткенше Темкеннің жарғақ құлағы жастықта тимепті. 1934 жылы Қазақ университеті, Тау-кен металлургия институты және Коммунистік журналистика институты шаңырақ көтеріп, көптеп мектептердің съестерін айқара ашты. Дегенмен бұлар ұлт кадрларына мұқтаждықты

Сондықтан еліміздің байырғы оқу орындарына жастарды

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

арнайы жіберіп тұрған. Темірбек Қараұлы істеген жылдары республикадан тысқары университеттер мен институттардан 3 мын адам мамандық алғып қайтты.

Халық ағарту, жоғары мектеп шаруаларымен қатар ұлт тілін дамыту, оның қоғамдық функциясын арттыру, қазақша түрлі терминдер жасап, қалыптастыру істері қоса жүргізілді. Мұнда ертеректе оқыған интеллигенцияның қүшімен ғылымның әр саласынан оқулықтар жазғызды. Тіл – әдебиет оқулыктарын жазуға әдебиетшілер үлес қости. Наркомпрос бұл орайда арнайы мерзімдік басылым шығарды. 1935 жылдың қантарында жарық көрген «Мемлекеттік терминдер комиссиясының бюллетені» майда өткен мәдениетшілер съезіне дейін төрт номерін шығарып үлгеріпті. Осы істердің басы-қасында Жүргенов болды.

Дегенмен Темкенді халық жүргегіне бекем ұялатқан тұс – мәдениет майданындағы, өнерді дамытудағы кесек-кесек істері еді. Соларды атамас бұрын, алдымен, аздал шегініс жасап алған дұрыс сиякты.

Бала кезінде Темірбек әйгілі Тұрмағамбет Ізтілеуовтен дәріс алған. Шығыс поэзиясымен, өзбек, тәжік тілдерімен жақындасты – сол кісінің ықпалынан екенін кейін талай мәрте ілтипатпен еске алады. Ол Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, ВКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының секретары Ақмал Икрамов секілді ірі партия және мемлекет қайраткерімен істес әрі үзенгілес болған. Тәжікстан мен Өзбекстанда істеген жылдары ол жергілікті халықтар тілінде баяндамалар жасап, емін-еркін сөйлесе алған. Мақалалар да жазған болу керек – бұл әлі зерттелуін тосып тұрған шаруа. Ал журналистика мен Жүргенов ерте-ақ бауырласқан. Ол 1918 жылы Орынборда «Қазақ мұнды» атты газеттің редколлегия мүшесі болды. (Бұл газет 1918 жылғы 16 апрельден шыға бастады да, Орынбордың акттарда қалуына байланысты уақытша тоқтап, 1919 жылдың 17 декабрінде «Ұшқын» деген атпен қайта жарық көреді. Осы датаны «Социалистік Қазақстан» өзінің тұған қуні етіп алғып жүр). Темірбектің баспасағындағы келуіне Перовск жоғары орыс-түзем мектебі қабырғасындағы әдебиет үйірмесінің әсері болса, ал қаламының тез төсөліп кетуінде сол «Қазак мұндының» редакторы Нәзір Төрекұловтың – кейін партия, мемлекет қайраткері, дипломат, СССР баспа ісін ұйымдастырушылардың бірі болған, қазақ, өзбек, орыс, тәжік, араб, парсы, неміс тілдерін білген, шығыстану ғылымында елеулі із қалдырған азаматтың үлесі бар.

1921–1923 жылдары Темірбек Орынбор жұмысшы факультетінде оқыды. Бұл Александр Викторович Затаевичтің сонда қазақ музыкасын жинап жүрген кезі. Оның әйгілі кітабы «Қазақ халқының 1000 әні» 1925 жылы шықты. Этнограф кітаптың түсіндірмесінде Жүргеновті Сырдария әндерінің ғаламат білгірі, өзіне Хиуа қазақтары әндерінен бағалы мәліметтер берген байыпты жас қазақ интеллигенті деп атап, «Өзімнің сонша тырысқаным қарамастан, осы адамның өз Отанындағы ежелгі ән творчествосынан көл-көсір хабардарлығын, өкінішке қарай, мейлінше толық кәдеге асыра алмадым», – деген сөздермен өкінішін білдіреді.

Рабфак оқуы өз алдына жинастыруды. Орынборда оқын...



Бұл орайда Серке Қожамқұловтың естелігі қызық. Ол Темірбекті ұшқыр ойлы азamat, байыпты әңгімеші ретінде дәріптейді. Татардың халыққа білім беру институты (ТИНО) жатақханасына рабфакшы Темірбек жиі келіп, көніл-күйлерін көтеріп кетеді екен. Студенттер оны әрдайым қуана қарсы алушы еді дейді. Бірде Темкең өзі шығарған «Бастық алдындағы тілмаш» деген елеңін оқып бергенде, олар қуана-қуана жаттап алыпты. Өлең 1920 жылы «Ұшқын» (қазіргі «СК») газетінде жарияланғанды. Қожамқұлов оны 1926 жылы Қызылордада, Қазақ театры тұнғыш шымылдық көтергенде, ұлттық үлкен сахнадан оқиды. Қатты риза болған көрермендер көздерінен жас аққанша күледі. Содан «Тілмаш-аудармашы» Серкенің репертуарынан бекем орын тепкен, тіпті 1936 жылғы Москва декадасының программасына да енгізіліпті...

Ал Жүргенов құрастырған жинағына үлкен кіріспе мақала жазып, қолжазбаны баспаға тапсырды. Кітап «Терме» деген атпен 1924 жылы жарық көреді. Кейін, 1936 жылы, әйгілі онкүндік қарсаңында, ол жинақты едөуір толықтырып, жаңадан алғысөз жазады да, «Қазақ халық ақындары» деген атпен, екі тілде, Москва мен Алматыда бастырады...

* * *

Ларту комиссары міндетіне кіріскең 1933 жылдың көктемінде Жүргенов халықтың музикалық мұрасын өркендетуді мақсат еткен. Әуелі музика-драма техникумында қазақ ән-күйін зерттейтін ғылыми кабинет ашты. Ұзамай сол кабинеттің жанынан халық музика аспаптарын жасайтын шеберхана үйимдастырып, онда істейтін шеберлерді табуга да өзі тікелей араласты. Ахмет Жұбановтың домбырашылардан оркестр құруына ұдайы камкорлық көрсетіл отырды. Ұлттық өнер кадрларын баулитын ұстаздарды Москва, Ленинград, Ташкенттен шақыртты. Музика студиясын ашып, аз уақытта оны музика театрына ұластирыды. Хореография мектебін, куыршақ театрын ашты. Театрларға арнап сценарий, пьеса, либреттолар жазуды үйимдастыруға, жазылған жұмыстарды талқылауға міндетті түрде өзі катысты. Костюмерлерге шейін назарынан тыс қалдырмады, спектакльдерге қажет костюм үлгілерін қазақ түрмисының, этнографиясының білгірі ретінде өзі түсіндіріп тігілген киімдердің алғашқы сыншысы өзі болды.

1934 жылғы июньде Букілқазақстандық халық өнерпаздарының бірінші слеті болды. «Казахстанская правда» газетінде Жүргенов слетке орай берген интервью (24. V. 1934 ж.) мен слеттің жабылу рәсімінде сөйлеген қорытынды сөз (27. VI. 1934 ж.) бар. Интервьюде ол профессионал өнер байқауы ретінде слет өткізу идеясы 1933 жылдың күзінде туғанын, слетке республика өнер шеберлерінің «Шұға» музикалық спектаклін, алғашқы домбыра оркестрінің, бишілер тобының концерттері секілді біршама жаңалық өзірлегенін, сондай-ак, Қазақстанның халық артисі А. В. Затаевичке құрмет тағағы он жылдық қызметін тойлау жобаланып отырғанын айтты. Ақын Жамбылдан бастап, жас әнші Fарифоллаға дейінгі

халық таланттарын қалың жұртшылыққа танымал еткен алғашқы слеттің маңызы мен мән-мағынасына тоқталған.

Еңбекшілерді өнермен бауырластыру ісі жаңа қарқынмен өрістей түсті. Облыстарда, өндіріс ошақтары мен ауылдарда көркемөнерпаздар коллективтері жаңадан құрылып, хал-қадірлерінше өсіп-өркендеп жатты. Астанада филармония дүниеге келді. Оның құрамында халық аспаптар оркестрі, ұлттық хор мен ән-би ансамблі жұмыс істеді. Музыка театрында орыс труппасы өнер көрсетті. Көркемсурет галереясы ашылды.

1935 жылдың май айында өткен Мәдениет қайраткерлерінің бірінші съезі нарком Жүргеновтің баяндамасын тындалды. Халық комиссары өзінің баяндамасында республикадағы мәдени революция бағыттарын дәйектілікпен талдай келе, ағарту істерімен қатар, профессионал өнер және көркемөнерпаздар жұмысына мол көңіл бөліп, шешімін күткен мәселелер көтерді. Баяндама жеке кітап болып басылып шықты.

Қазак әдебиеті мен өнерінің Москвадағы бірінші онкүндігіне дайындық осы съезден кейін-ақ басталып кетеді. Еліміздің астанасында 1936 жылғы майда өткен декада қазақ совет мәдениетінің әрі айтулы мерекесі, әрі одақтық көлемде тапсырған аса маңызды емтиханы еді. Темірбек Қараулының бұл тұстағы еңбегі көптеген естеліктерде егжей-тегжейлі, үлкен сүйіспеншілікпен баяндалған. Онкүндікке қатысушылардың Кремльдегі Үлкен Сарайда партия және үкімет басшыларымен, астана өнер қайраткерлері, еңбекшілері өкілдерімен кездесуінде Жүргенов: «Москвада біз көп нәрсені үйрендік, бізге өз жұмысымыздың сапасын одан әрі жақсарту, Қазақстандағы мәдени революцияны күшайте тұсу міндепті жүктелетінін ұғып, қабыл алдық», – деді. («Правда», 26. V. 1936 ж.)

Қазақтың социалистік мәдениетін дамытуда сіңірген аса ірі еңбегі үшін мәдениет қайраткері Темірбек Жүргенов республиканың бір топ артист, акын, жазушысы қатарында (Жамбыл, Құләш, Құрманбек, Сәкенмен бірге) Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Бұл үлкен қайраткер елі талай іс тындыруды армандаста керек.

1937 жылдың басында музыка театрын Опера және балет театры деп атау туралы шешім қабылданады. Енді оған атына лайық үй салыниса... Темекен кезекті еңбек де-малысында Одессаға барып, сондағы опера және балет театрымен танысады. Тиісті адамдармен сөйлесіп, ғимараттың сурет, эскиз, сызбаларын, құрылышқа қажет түрлі документтерін алып қайтады. Қазақ опера театрына жаңа үй салу мәселесінің күллі ресми жағын реттеп, ең арғысы, ғимарат бой түзер орынға шейін өзі таңдайды. Іргетасының қалана бастауына да қатысады. Бірақ тағдыр оған ғимараттың салынып бітіп, халыққа қызмет етуін көруді жазбады...

1936 жылы наркомпрос Алматыда үйғыр халқының мәдениет қызметкерлерінің бірінші конференциясын өткізді. «Үйғыр еңбекшіліктерінің ұлттық мәслини курылышы» деген тақырыптағы негізгі ба-

1937 жылы Жүргенов Бүкілқазақстандық Пушкин комиссиясының председателі ретінде республикада ұлы ақынның 100 жыл толуына орай ірі іс-шараларын жүзеге асыруды ұйымдастырады. Баспасөзде көптеген зерттеулер жарық көреді. Жер-жерде ұлы поэзияға халық ерекше ықылас қойып, Пушкинді қазақша сөйлетуге баса назар аударылды. Қазақ даласындағы ақын аяғы тиген жерде Орал қазақ педагогика институты, соңдай-ақ астанада ҚАССР-інің 10 жылдығы атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы будан былай А. С. Пушкин есімімен аталсын деп республика үкіметі қаулы қабылдады. Темірбек Қараұлының өзі «Бүкілхалықтық ақын» деген үлкен мақала («Каз. правда», 10. 11. 1937 ж.) жазды. Мәдениет сарайында Мирзоян бастаған республика басшыларының қатысуымен өткен салтанатты қыска да мәнді кіріспе сөзбел ашып, жиналысты жүргізіп отырды.

Ұлттардың рухани жақындастырында тәржіма ісі алар орынға лайықты мән берे білген нарком «Бұқарада оқыған молда» ретінде күгіндалған Тұрмашамбет ақынды құтқарып, наркомпросқа ғылыми қызметкер етіп алады. Шығыс білімпазына жан-жақты жәрдем беру жөнінде үкімет комиссиясын құрғызып, дербес пенсия тағайыннатты. Фирдоусидің «Шахнамасын» аударуына жағдай туғызды. Өзіне жасалған қамкорлыктан шабыттанған ақын әйгілі дастанды он айда тәржімалап шықты, алайда қамкоршысы 37-жылдың нәубетіне ұшырағандықтан, «Шаһнама» тасқа басылмады, толық жариялау мәселесі күні бүгінге дейін шешілмей тұр...

Бәлкім, мұнда ойдағыдай өрістетілген мәдени революцияның да септігі бар шығар -1936 жылғы СССР Конституясы бойынша Қазақстан одактас республикаға айналды.

1937 жылдың мартаңда өткен Советтердің төтенше Х Бүкілқазактық съезінде нарком Жұргенов съезд курған редакциялық комиссияның құрамында Қазақ ССР Конституциясы текстін ақырғы өндөуден өткізуге қатысты. Ал июньде, Қазақстан Компартиясының бірінші съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Алғашқы ұйымдастыру пленумында Орталық Комитеттің Бюро мүшесі болды. Ұзамай, Семей сайлау округінен СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат бол ұсынылды.

* * *

Орталықтан сүйк жел есті. ВКП(б) Орталық Комитетінің 1937 жылғы февраль-март пленумында Сталин аузынан заң боп шыққан қате де қатерлі тезис қара ниетін саясатпен білдірмей бояп қоюға шебер шолақ белсендерлерге тыңнан куат берді. «Троцкистерге қарсы құресте қазір ескі әдістер – дискуссия әдістері керек емес, жана әдістер, түп-тамырымен құрту, талқандау әдістері керек» екендігі олардың жандарына майдай жакты. «Шаш ал» десе бас алуға эзір тұратындарға енді «бас ал» деген ұран тасталса, қанды ойнақтарын қалайша салмасын... Әйтсе де, Алматыда ел шілдеге

«әшкөрелеп», қашан тұтқындау керектігі мүсінші жоспарланып, орталықтағы нарком Ежовтың құзырынан бағалы нұсқау тосылған болар.

Сонымен, шілденің ыстық күндерінде ақпанның мұзды ызғары соқты. Алғашқылардың бірі боп республика прокуроры Есқараев кетті – ыңғайы, одактық Бас прокурор Вышинский болашак айыптау сөздерін сейлеуде өзінің «тырнағына татымайды» деп есептеген шығар... Араға көп уақыт салмай, августың басында ағарту халық комиссары Жүргенов қамауға алынды. Одан соң КазЦИК председателі Құлымбетовтің өзін, егіншілік, қаржы, денсаулық наркомдары Сыргабеков, Молдажанов, Нұрмұхамедовтерді, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші секретары Жанайдар Сәдуақасовты, басқа облыстардағы басшыларды да бірінен соң бірін әкетіп жатты. Баспасөз де науқанға лайық жаршы болуға тырысты. «Ұлтшыл-фашистерге өмір сүргізбейміз», – деп «Социалистік Қазақстан» ұрандатты. «Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» деп «Қазақ әдебиеті» дабыл көтерді. «ҚазАПП кезіндегі ұлтшыл-фашист-прокурор Байділдиннің зиянкестігін, әдебиеттегі алашордашылардың, қазіргі ұлтшыл-фашистердің контрреволюцияшыл фашист төбеттері – Нұрмақов, Рыскұлов, Сәдуақасов, Құлымбетов, Жүргенов, Кожанов, Тоғжановтардың қалдықтарын түп-тамырымен құрту бүгінгі таңдағы ірі міндеттіміз екенін бір минут те ұмытпауымыз керек», – деп міндет койған газет («Қ. Ә.», 13 август 1937 жыл) сөзімен кейбір аты да, заты да бар қаламгерлеріміздің бірі «дер кезіндегі қаруланып үлгергені сондай, жазушылардың қалалық жалпы жиналысында: «Халық жаулары Жүргенов, Тоғжанов искусство жұмысына қырсығын тигізіп, зиянкестік істеді. Қазақтың советтік искусствосын жоққа шығармақшы болды, өздерін әдебиеттің, искусствоның «генийлері» етіп көрсетуге тырысты, – деп сайрай келе («Қ. Ә», 10 сентябрь 1937 ж.) – сол дүшпандардың сілімтіктерінен тез құтылуымыз керек» – деген сөздермен көзін ақитты.

Ежов – Залин топтарының ойдан шығарған «айыптарын» тұтқындардың «мойнына қою» қандай айуандық тәсілмен жүргілгені қазір айтыла бастады. Бірақ, неге екенін, Залиннің атқарған жұмысы Ежовты қанағаттандырмagan сиякты. Қазақстанға жаңа нарком аттандырды. Сол кезеңді басынан кешкен кісілер Залиннің орнына келген Реденстің айрықша қатығез болғанын айтады. Ел арасында: «Реденс Сталиннің өте сенімді адамы екен, тіпті, бажасы көрінеді, өзі тіке нұсқау беріп, Қазақстанға әдейі жіберіпті», – деген сыйбыс жүрсе керек. Қалай болғанда да, мұндағы қанды оқиғаларды жүзеге асырудың басында Реденс тұрғаны рас. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1938 жылғы февральдың аяғында өткен пленумында ол Бюро мүшесі болады, сонан соң, Москвада 2 марта әйгілі «Антисоветтік оңшыл-троцкистік блок процесі» басталысымен, Алматыдағы қапаста жатқан «өз троцкистерін» колға алып, 6 марта ашылған жабық сотка береді де, істі карауды Москва иропесімен бір күнде, 12 марта бітіреді. Ол айыпталушылардың санын да шамамен Москва сотына іліккендердей, 19 адам етеді. Тек



ғана атып, 4–5-еүін ұзак мерзімге сottаған болса, бұл өзінің 19-ын түгел атқызады; егер Москва процесінің барысы күнбек-күн хабарланып, тергеу протоколдары баспаса зде халықтың «ой-пікірі, талап-тілегімен» қоса жарияланып отырған болса, Алматыда да сот болғанын және оның жабық өткенін, бәрін атуға үкім етіліп, үкімнің орындалғанын ол халыққа араға он күн салып қана хабарлайды. Соттың ресми желеуіне көз салайық: «ұлтшыл-фашистер, троцкийшілдер мен бухариншілдер, ішінде Темірбек Жүргенов бар 19 партия, совет қызметкері (Отанға опасыздық істеді, Қазақстанды СССР-ден бөліп әкетуге, оны шетел империализмінің колониясына айналдыруға тырысқан әрекеттері, терроршылдық істері, зиянкестік және диверсиялық жұмыстары, шетелдік шпионаж жасағаны үшін) яғни РСФСР Қылмыс заңының 58–ІА, 58–6, 58–7, 58–8 және 58–9 статьялармен айыпталыпты. Жығылсан – нардан жығыл. Жоқ, Реденс жығылмайды. Ол жоқтан бар жасаса – үкімет мүддесі үшін, жоғарыдағы қожайындарының еркіне сай істеп отыр, әрі мұның әшкере леген жаулары үшін даңққа бөлениетіндер де анда, ал бұл көлеңкеде кала береді... Жо-жоқ, қожайынының даңқы – оның даңқы... Атылған 19-ды «Қазақ халқының ежелгі жаулары» деп атаған «СҚ» 1938 жылғы 22 марта: «Қазақ халқын бақытты, қызық дәуренінен айыруға тырысқан ұлтшыл-фашист, троцкийшіл-бухариншіл шпион бандиттерді дер кезінде әшкере леген даңқты чекистерге, олардың сталиншіл наркомы Н. И. Ежов жолдасқа Қазақстан халқы көп-көп алғыс айтуда, жауларды түгел жоюда НКВД орындарына әрқашан жәрдемдесіп отыруға дайын» деп жазады...

Осындай жағдайда опат болған Жүргеновтің есімі де тарихтан мәнгі өшіріліп тасталған тәрізді еді. Зайыбы Дәмеш Әмірханқызын да іле-шала халық жауының әйелі ретінде партиядан шығарып, сегіз жылға сottаған жіберген. Жазасын өтеп келгеннен кейін де ол кісі, біржола аласталғандай, Алматыда тұруға рұқсат ала алмаған-тын. Әділет жеке басқа табынушылық құрсауы бұзылған соң барып, біртіндеп қалпына келтіріле бағтады...

Шексіз көрінген ауыр жиырда артқа тастап, Дәмеш апай ақыры өзінің де, ерінің де ақталған қағазын алды. Сосын зерттеуші Мардан Байділдаевпен бірлесіп, Жүргеновтің өмір жолы мен қызметін көрсететін материалдарды тірнектеп қайта жинауға кірісті. (Темкенді ұстағанда, үйдегі архивін семьялық суреттерге шейін қалдырмай, «чекистер» сыйырып кеткен болатын). Олардың көмегіне сүйене отырып, тарихшы Рамазан Сүлейменов өмірбаяндық очерк жазып шықты. Кітапша 1968 жыллы, Жүргеновтің туғанына 70 жыл толуына орай, «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. 1978 жылды Партия тарихы институтының ұйымдастыруымен қайраткердің 80 жылдығы атап өтілді. Одан бергі жылдары Алматының бір көшесіне Жүргенов есімі берілді. Ақтөбе облысы Ыргыз ауданының енбекшілері өз қаржыларына аяулы жерлестерінің мүсіндік портретін жасатып, аудан орталығына ескерткіш орнатты.

1988 жылды Темірбек Қараұлы Жүргеновтің туғанына 90 жыл толды. Бұл мүшел той тұлсытық, күллі тыныс-тіршілігімізді демократияландыру бағытшакқа сәйкес келіп, жаңа мазмұнмен ажарлана, қанатын бір-

шама кеңге жая мерекеленді. Астанада және Қызылорда облысының Жалағаш ауданында жұртшылық жиналыстары өтті. Алматыдағы театр-көркемсурет институты осынау жазықсыз жазаланған мәдениет қайраткерінің атымен аталды. Әйтсе де әлі атқарылуға тиіс біраз шаруа бар...

Жүргеновтің өзімен бірге «тұтқындалған» түрлі қолжазба, хат-қағаздарын, турмеде өткізген жарты жыл ғұмырынан елес берерлік деректерді, зерттеулерін, публицистикасын жинап бастыруды қолға алған орынды болмақ. Қазақстан ғана емес, Өзбекстан мен Тәжікстандағы қызметтің қоса зерттеу арқылы халық ұлының есімін мәңгі есте қалдыруға бағытталған шараларды жүзеге асырған жән.

Лениндік мұраттарға адаптациялық аяулы ұлын ардақтау – азаматтық борышымыз.

Әмірхан Бекірұлы

ЖУРГЕНОВТЕР ОТБАСЫ ҚАЛАЙ ЖАЗАЛАНДЫ?

Бұрынғы КСРО Әскери Бас прокурорының мәлімдемесі бойынша 1939–1940 жылдары НКВД-нің 2079 қызметкөрінген кезінде жіберген заңсыздықтары үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылыпты. Орталық НКВД қолбасшысы Ежовтан бастап одактас және облыстық НКВД басқарма бастықтарының басым көпшілігі жазаланған. Олар басқаларға қандай қиянат жасаса, өздеріне де сондай қиянат пен ойдан шығарылған «НКВД органдарындағы сойқанға» қатысқан деп айыпталған. Өкінішке орай, бұл кезекті науқанға қазақтың талайының көз жасын теккен жендертердің бірі С. А. Пяткин ілінбей қалыпты. Жаппай репрессияның қызып тұрған кезінде, яғни 1937–1938 жылдары, ол Қармақшы аудандық НКВД бөлімшесінің бастығы болған. Архив құжаттарына қарағанда, ол өте «іскер» адам болған. Оған куә төмендегі мінездеме.

«Пяткин жолдас жеке өзі Қармақшы ауданында жасырын ұлтшыл-контрреволюциялық үйімді ашып, 63 адамды жауапқа тартты. Оның 13 адамы «жоғарғы жазаға» (яғни ату жазасына – А. Б.) кесілді. Сонымен қатар, аудан бойынша 15 контрреволюциялық элементтерді ұстады, оның жетеуі ату жазасына кесілді, 13 адамнан құрылған көтерілісші-бандаларды ұстады. Олардың барлығы да атылды. Террорлық-көтерілішілер тобына тергеу ісін қозғап, бұл іс бойынша 24 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды және де 16 шпиондық іс қозғады.

Қармақшы аудандық НКВД бөлімшесін басқарған кезінде Пяткин өз жұмысын дұрыс үйімдестіра білді. Соның нәтижесінде күрделі табыстарға жетті.

Оның қандай табыстарға жетті? 1937–1938 жылдары Қармақшы аудандық аудандық НКВД бөлімшесін басқарған кезінде Пяткин өз жұмысын дұрыс үйімдестіра білді. Соның нәтижесінде күрделі табыстарға жетті.



ҚАРА ЖҮРГЕНОВ

1937 жылды 2 тамызда Қазақ КСР Халық агарту комиссары Темірбек Жүргенов Алматы қаласында қамауға алынды. Бұл хабар кешікпей С. А. Пяткинге де жетіпті. Ол кідірмesten Онтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасына (ол кезде Қызылорда және аудандық НКВД бөлімшелері сол жаққа қарайтын – А. Б.) арнайы қысқа хат жолдап, мынаны мәлімдеген:

«Капитан Кальнингке. Бұтінде қамауға алынған Халық агарту комиссарының экесі конфискацияның жартылай феодал Қара Жүргеновті тұтқындауға және 1-категориямен (ату жазасына деген сөз – А. Б.) репрессияға тартылатындардың тізіміне қосуға рұқсат сұраймын. Қара Жүргенов 80 жаста, бұрынғы жартылай феодал, шықкан жері Қармақшы ауданы, 16-ауыл. 1928 жылды конфискацияның сот арқылы үш жылға жер аударылып, кулактар лагерінде болған. Конфискацияне дейін 450 ірі қара, 1000 майда малы болған және 7 батрак жалдаган. Жартылай феодал және баласы Халық агарту комиссары болған соң ауылда құрметке ие болды. Жат элементтермен ауылдың активтерін маңайына жинаиды. Олар да оны кез келген себептермен қонақ етіп сыйлайды. Кездесулерде ол теріс сөздер айтады. Бұл жайында 3-бөлімде (облыстық НКВД басқармасының бөлімі – А. Б.) толық материалдар бар. Олар да оны бір категорияға жатқызууды қолдаған. Бірақ кезінде оперативтік қызметкерлер болмай, мұны жүзеге асыра алмадық. Сонымен катар, мынаны да еске алу қажет. Баласының қамалғанына байланысты ол құмға кетіп жасырынуы мүмкін. Олай болған жағдайда оны іздел табу кынға түседі. Сержант Пяткин».

Өте купия белгісімен жедел түрде жолданған бұл қысқа хат бірсыныра сауалдар туғызады. Мәселен, С. А. Пяткин неге Қара Жүргеновті тұтқындауға асықты? Сексен жастагы қария Кеңес өкіметіне қандай зиян келтіруі мүмкін еді? Оны «категорияға» жатқызуға не себеп болды?

Әрине, жасы үлғайған Қ. Жүргенов Кеңес өкіметіне ешқандай да қауіп туғызған жок. Оның өлімі ар-ојданнан жұрдай және мансап күган Пяткинге ғана керек болғаны анық. Сол кездері НКВД басшылары – Ягода, Ежов және олардың сыйбайластары И. В. Сталинге жағымпазданып, мемлекет мүддесін қорғауды желеу етіп, жаппай репрессия қажеттігін жақтап отырған. Олар өздерінің қылмысты әрекеттерін орталық және жергілікті НКВД органдарының көптеген «соқыр» орындаушылары арқылы жүзеге асырған. Осындай орындаушылардың бірі – Пяткин болатын. Ол Шымкент қаласындағы басшыларынан қолдау тауып, 17 тамызда Қара Жүргеновті қамауға алған.

Тергеу мәліметтері бойынша, Қ. Жүргенов 1858 жылы Қазалы уезі Қаракөл деген жерде туған. 1910 жылға дейін осы аймақта мал шаруашылығымен айналысқан. Бін көзтепі болжыстық сайлауға да түскен. 1928 жылды бай ретінде Ыргыз ауданында та жер аударылған. Жазасын өтегеннен кейін 1933–1934 жылдарда оралған. Қазан төңкерлісіне дейін 300 жылқысы, 70 түйесі,

140 сиыры, 700 қой, 6 қара үйі және басқа да дүние-мұліктері болған. Төңкерілістен кейін 250 жылқысы, 50 түйесі, 80 сиыры, 400–500-дей қойы қалған. Осы цифрлардың соңына НКВД қызметкери былай деп ескертіпті: «Бұл шамамен жазылған, нақты қанша малы болғаны анықталмаған». 1937 жылы 14 тамызда оның қолында бір құлыны мен екі түйесі ғана қалыпты. Ел аузындағы әңгімелерге құлақ салсақ, Қ. Жүргеновтің майдарының көптігі соншалық, олар Сырдарияны кешіп өткенде, ағып жатқан су байланады екен. Міне, сол қалың малдан 1928 жылы конфискеден кейін қалғаны осы.

Жүргеновтің жеті ұлы, бір қызы болған. Ұлдары Қосшан мен Досшан Қараевтар отызынши жылдардың бас кезінде майдары конфискациялана, өздері жер аударылған. Кейіннен екеуі де жазықсыз репрессияға ұшырап, атылып кетті. 1937 жылы тағы екі ұлы – Темірбек пен Ысқақ та НКВД қолынан қаза тапты. Ысқакты да заңсыз қылмысты жауапқа тартқан сол қиянатшыл Пяткин еді. 1937 жылы 19 желтоқсанда оны қамауға алып, «антисоветский» уголовный закономен бірге жүргіздін» деп айыптаған. Соның негізінде 1938 жылы 27 қантарда соттан тыс ұштіктің шешімімен ол Қызылорда қаласында атылған. Сонында зайыбы Ақшекер мен жалғыз ұлы қалған екен. Сол ұлы кейінгі соғыста қаза тауыпты. Сейтіп, Ақшекер әжей қартайған шағында бір өзі қалған. Архивтік тергеу ісінде ол кісінің облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына жазған хаты сақталыпты. Ел басына түсken қайғы-қасіреттің куәлігі болғандықтан, біз бұл құжатты жария етуді дұрыс көрдік.

Облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына

Өтініш

Менің жұбайым Ысқақ Қараевты 1937 жылы Қармақшы аудандық мемлекеттік қауіпсіздік комитеті қамауға алған еді. Жуырда жұбайымның ісі бойынша прокуратураға өтініш білдіріп едім, олардан мынадай жауап келді. «Осуждение его в 1937 году нами признано неправильным и по нашему протесту, постановлением Президиума Кызылординского облсуда от 23 сентября 1957 года дело на него прекращено, то есть Караваев Ысқақ реабилитирован. Для выяснения судьбы Вашего мужа Вам необходимо обратиться с заявлением в УКГБ по Кызыл-Ординской области». Сол себепті жұбайымның кейінгі тағдыры туралы анықтап беруді енді, міне, мен сіздерден сұраймын. Күйеуімнен көз жазып қалғалы 20 жыл өтті. Мен жалғызбасты кемпір болдым. Ұлы Отан соғысында ұлым қаза болды. Өзім ешкімге керегім жок, науқаспын. Осы уақытқа дейін жазықсыз жазаланған жұбайымды қайғырып келемін. Жасайтын өмірім де аз қалды. Өлер алдында кінесіз жәберленген жұбайымның тағдырын білсем деймін.

Сіздерден жұбайымның тағдыры туралы хабар күтсемін. Ысқакова Ақшекер. Тереңөзек қыстағы. 1957 жыл 29 қазан».

Жаппай репрессия зардабын
қауіпсіздік комитеті қалай жауап.



басқармасы 1957 жылы 13 қарашада Теренөзек аудандық милиция бөліміне мынадай нұсқау берген.

*Аудандық милиция бөлімінің бастығы
милиция майоры Қаюпов жолдасқа*

Теренөзек қыстагы Хрушев атындағы көше № 15 үйдің түрғыны азаматша Ақшекер Ысқақоваға ауызша мынаны жариялаңыз: жұбайы Ысқақ Қараев 1937 жылы 10 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. 1945 жылы 15 қарашада қамауда жүрген жерінде ішкі кеселден дүние салды. Өлгені туралы анықтаманы Теренөзек аудандық ЗАГС бюросынан алуына болады. Жариялау мерзімін бізге хабарлаңыз.

*Облыстық мемлекеттік қауіпсіздік
комитетінің полковнігі Дьяков*

Бұл жалған хабарды Ақшекер Ысқақоваға аудандық милиция бөлімі 1957 жылы 18 қарашада тапсырған.

Сейтіп, Қара Жүргеновтің төрт баласы бірдей жазықсыз жазаланған. Қалған балалары туралы бізде дерек жоқ. Журналист М. Исаевтың мәліметтеріне қарағанда, Жүргеновтер әuletінен репрессия жылдары тоғыз адам құрбан болған көрінеді.

Осыдан кейін Қара Жүргенов Кеңес өкіметін мойындар ма еді?

Тергеу барысында ол бір-ақ жауап берген. НКВД қызметкері И. В. Ивановтың: «Сіз контрреволюциялық ұйымға мүшесіз. Қылмыстық әрекетіңді тыңғылықты етіп айтып беріңіз» деп, үзілді-кесілді қойған сұрағына ол былай деген: «Мен ешқандай контрреволюциялық ұйымына мүше болғаным жоқ. Бұрын бай және болыс болғаным рас. 1928 жылы Кеңес өкіметі менің барлық мал-мұлкімді конфискация, өзімді Үргыз ауданынан Қаркаралы округіне жер аударды. Сол сәттен бастап мен Кеңес өкіметіне өшпен-ділікпен қарадым...»

Әрі қарай И. В. Иванов Қ. Жүргеновтің сауатсыздығын және орыс тілін білмейтіндігін жақсы пайдаланып, өзіне қажетті жауапты қағазға былай деп түсірген: «1929 жылы өзімнің беделімді пайдаланып, жеке басым Үргыз ауданында болмасам да, Қарақұмда Кеңес өкіметіне қарсы құрпесу мақсатында бандалар ұйымдастырыдым...» «Қармақшы ауданында шаруалар арасында контрреволюциялық үгіт жүргіздім...»

Міне, осындағы «мойындау» сөздерін келтірген. Жауап алу хаттамасының соңына «Сауатсыз болғандықтан қолының бас бармағын басты» деп анықтама енгізген. Жаңында сияға боялған бас бармақтың ізі бар.

Осы жауаптың негізінде 1937 жылы 15 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан НКВД басқармасының үштігі Қара Жүргеновті ату жазасына кескен. Үкім 25 қыркүйекте 16...
...шеге асырылған.

Қара Жүргенов жайындағы істі осымен жабуға да болар еді. Қазан төңкерісінің қайғылы беттерінің бірі – әкені балаға, баланы әкеге карсы айдал салғанын айтпасқа болмас. Әкесі Қара Жүргенов пен баласы Темірбек Жүргенов он жылдан астам бір-бірімен кездеспеген. Әкесі малынан айырған Кенес өкіметіне қызмет еткен баласына ренжіп қатыспаған. Ал баласы болса, Кенес өкіметінің қаһарынан сескеніп, ұзак жылдар бойы әкесімен жүздесе алмаған, ақыр соңында оның өзі де сол өкіметтің құрбандығына шалынды...

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ

Қайғылы 1937 жылы Орта Азия мен Қазақстанда КСРО және республикалық НКВД органдары мифтік ұлтшыл-буржуазиялық ұйымдарды жою мақсатында терең ойластырылған тағы бір кең масштабты операция өткізді. Нәтижесінде көптеген қогам және мемлекет қайраткерлері жалған айыптармен қамауға алынды. Әдепті ұсталғандардың ішінде С. Қожанов, С. Есқараев, Т. Жүргенов және басқа да қазақтың аяулы ұлдары болды. С. Қожанов 1937 жылы Ташкент қаласында ұсталды. Кейін оны Мәскеуге алдырытып, тергеуін НКВД-нің өзі жүргізді. Алдын ала тергеу барысында НКВД қызметкерлері алпысқа жуық «ұлтшылдардың» тізімін жасаған екен. Осы тізімнің бетінде қолмен жазылған мынадай сөздер бар: «Неполный. Далеко неполный состав членов организаций». Бұл қаралы белгіні қалдырған адам белгісіз. Бірақ оның жоғарғы лауазым иесі екені анық. «Ұлтшылдармен» күресу науқаны осылайша Мәскеуде әзірленген болатын.

Қазақстанда «ұлтшылдармен» күресуді жүргізген белгілі жендет Залин Лев Борисович. Ол 1935–1937 жылдары республикалық НКВД органын басқарған. Кейіннен қызмет бабымен Мәскеуге қоныс аударып, Орталық НКВД-нің бөлім бастығы болған. 1938 жылы 8 маусымда өз әріптестері оны «шет ел барлауының агенті ретінде НКВД органдарында зиянды жұмыстар жүргізген» деген ойдан шығарылған айыптаумен қамауға алған. Тергеуге берген жауаптарының бірінде ол былай депті: «Мен Ягода, Мирзоян және басқалармен байланыста болғаным рас. 1937 жылы Мирзоянның нұқсауымен Жүргенов, Есқараев, Сәдуақасов, Сырғабеков, Қабылов және Доссовты тұтқынға алудан құтқаруға тырыстым...»

Бұл оның жаны қысылғанда айтқан сандырағы. Ал іс жүзінде ол «ұлтшылдарды» күртуға керісінше өте белсенділік көрсеткен. Оны қолымыздың күжаттар айғактайты. 1937 жылы 1–5 тамызда Қазақстан Орталық КП(б) Комитетінің Пленумы болып өткен. Құн тәртібі бойынша басқа мәсслелермен катар НКВД комиссары Залиннің мәлімдемесі тыңдалған. Осыған орай Пленум арнайы қаулы қабылдаған. Содан үзінді келтірейік.



ҚАУЛЫДАН: «1. ОК және Қазақ ССР НКВД алдағы уақытта барлық контрреволюциялық элементтерді түгелдей талқандап, тамырына дейін құртқанша жұмыстарын әрі қарай жалғастырысын.

II. Халық жауы Т. Жүргенов Орталық КП(б) Комитетінің Пленумы құрамынан және партия қатарынан шығарылсын. Орталық КП(б) хатшысы Л. Мирзоян».

Темірбек Жүргенов үстінен қара бұлт төнгенін сезген болуы керек, Л. Мирзоянға басқа жұмысқа аудисуына ықылас та білдірген. Осыған байланысты жазған өміrbаянының соңында былай депті: «... Мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына пайдаланған дұрыс деп есептеймін. Жүргенов. 1937 жыл 27 көкек». Бұл өтініш белгілі себептермен қанағаттандырылмаған.

1937 жылы 2 тамызда КСРО прокуроры Вышинскийдің санкциясымен Жүргенов қамауга алынды. Оны тергеуге Залин белсенді араласты. Жүргеновті қыркүйектің сегізі күні кабинетіне алдырып, екі-үш НКВД қызметкерлерімен оған қатты қысым жасаған. Тура бір ай алты күн. «Мен өзімді кінәлімін деп есептемеймін. Себебі ешқандай контрреволюциялық ұйымға мүше болғаным жоқ және ондай ұйымның бар-жоғы маған мұлдем белгісіз» деп үзілді-кесілді жауап берген Жүргенов бір сәтте өзінің «қылмыстық әрекеттерін» мойындалап шыға келген. Бірақ Залинге және оның сыйбайластарына Жүргеновтің «ұлтшылмын» деп мойындағаны жеткіліксіз болған. Өйткені ол кезде жауапқа тартылған адамдардың қылмыстық кодексте қаралған «контрреволюциялық қылмыстары» міндегі түрде толықтырылатын. Соңдықтан бұл іс бойынша Алматы қаласындағы орта мектептердің бірінде әскери дайындықтан сабак беретін Н. Т. Сукин деген біреуден қосымша жауап алышты. Ол тергеуде былай деген: «Халық Ағарту комиссары Жүргенов контрреволюциялық ұйымға мені әскери маман ретінде тартты. Оның өтініші бойынша Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкету мақсатында дайындалып жатқан ұлтшылдар көтерілісін жүзеге асыратын оперативтік жоспар дайындағым. Мен жапондардың әскери атташесі, бас штабтың полковнігі Мине және оның көмекшісі Судзукимен шпиондық байланыста болдым. Солардың әңгімелерінен Жүргеновтің ұлтшылдарға қару- жарап алып беру мақсатында жапондармен құпия жағдайда келіссөз жүргізгенін анғардым...»

Әрине, бұл жаланы Жүргенов мойнына алмаған. Соған байланысты 1937 жылы 25 қарашада Сукин мен Жүргеновтің арасында беттестіру жүргізілген. ҚазССР НКВД комиссарының орынбасары Володзьконың (ол да 1938 жылы тергеу істерін бүрмалағаны үшін атылып кетті – А. Б.). – Сукиннің жауабын қуаттайсың ба? – деп қойған сұрағына Жүргенов: «Жоқ, қуаттамаймын. Оның айтып отырғаны жала. Қарсы отырған Сукинді мұлдем танымаймын және онымен ешқандай байланыста болғаным жоқ», – деген. Шамасы, ол Жүргеновті әшкерелеу үшін НКВД-ның дайындаған адамы болуы керек. Өйткені келесі күні 1937 жылы 26 қарашада КСРО-ның шешімімен Н. Т. Сукин атылып кетті. Пәннен НКРП қызметкерлері өздерінің қысастық іздерін жою мақсатында пайымдауға негіз бар. Сейтіп, осы жалған беттестіруден

кейін Жүргеновті «жансыз» деп айыпташтық кодексте қаралған бір ауыр бапты мойнына қызып салған.

Бұл кезде республика басшылары Жүргенов жайында теріс қоғамдық пікірлер туғызып, оны жазықсыз әшкерелейтін көптеген мақалалар жариялады жатты. Тергеушілер әрекеттерінің «шынайы» екендігін дәлелдеу үшін және басқа айғақтары болмаған соң әлгі мақалаларды газеттен алғып, қылмыстық іске тіркепті. Солардың кейбірін атап өтейік: «Казахстанская правда» газеті 20 қыркүйекте «Ликвидировать вражескую истину в казахской орфографии», 31 қыркүйекте «Как в Наркоме редактируют учебники», 3 қазанда «Кто скрывается под фамилией Ынтықбаев?», 17 қазанда «Вражеское охвостье в органах Наркомпроса» және т. б.

Алдын ала тергеудің қорытындысы бойынша Т. Жүргеновке мынадай сандырақ айыптар тағылған.

1. Жүргенов ұлтшыл-антикеңестік, терроршыл-көтерілісші, шпиондық-диверсијалық ұйымының күрылған кезінен (1926–1927 жылдары) бастап оған басшылық еткен, жұмыстарына белсенді катысады.

2. Контрреволюциялық ұйымға жаңа мүшелер қабылдаған.

3. 1930 жылғы Кеңес өкіметіне қарсы Қарақұм көтерілісінің ұйымдастырушыларының бірі болған.

4. Қазақстандағы контрреволюциялық ұйым жетекшілерінің бірі, шетел мемлекеттерінің Кеңес Одағына қарсы соғыс жариялауына туралап көтеріліс әзірлеген.

5. Контрреволюциялық ұйымның терроршыл жұмыстары жайында хабардар болған және кадрларды сол мақсатқа дайындаған. Ұйым басшыларының тапсырмасы бойынша Орталық ВКП(б) Комитетінің Саяси Бюро мүшелеріне террорлық акт әзірлеген. Сондай-ақ Қазақстан ОК КП(б) хатшысы Мирзоян жолдасқа террорлық акт жасауға басшылардан тапсырма алған.

6. Қазақстанда өнеркәсіп және ауыл шаруашылығындағы жүргізіліп жатқан диверсиялық әрекеттерді білген. Басшылардың директивасы бойынша жеке өзі де диверсиялық топ құрып, 1936 жылы Алматы қаласындағы баспахананы өртеуге дайындық жүргізген және ұйым мүшелеріне темір жолда диверсиялық әрекеттерді жүргізуге тапсырма берген.

7. Халық Ағарту Комиссариатының барлық саласында зиянкестік жұмыс жүргізген және бұл іске өзі басшылық еткен, яғни РСФСР қылмыстық кодексінің 58-1 «а», 58-7, 58-8 және 58-9-баптарында қаралған қылмыстарды жасаған... ».

Осы айыптау бойынша КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының көшпелі мәжілісінде (1938 жылы 25 ақпанда) Темірбек Жүргеновтің «қылмыстық ісін» қысқа мерзімде, небәрі 20 минут ішінде қарап, оны ату жазасына кескен. Үкімді сот мәжілісі аяқталысымен-ақ сол кеште жүзеге асырған.

Кешікпей зайыбы Ермекова (Жүргенова) Дәмеш «халық жауының әйелі» атаниш, бас бостандығынан айрылып, өзінен атады.

Содан кейін де бірнеше рет жерде атады.



соң Дәмеш апай күйеуінің акталуына көп күш салған екен. Жоғарғы инстанцияларға хаттар жазған. Соның бірін жария етейік:

KCPO Бас Әскери прокурорына

Отініш

Менің жұбайым Жұргенов Темірбек Қараұлының ісін қайта қарауларыңызды сұраймын. Ол 1898 жылы туған, қазақ, 1921 жылдан бастап КОКП мүшесі, 1937 жылы тұтқындалғанға дейін Қазақ ССР Халық ағарту комиссары және республикалық көркеменер комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған. Алматы қаласындағы Қазақ опера театрын үйімдастыруышы болған.

Он бір жыл бірге өткізген өмірімізге қарап, Жұргеновті революция ісіне шын берілген большевик, дарынды үйімдастыруышы және жетекші деп айта аламын.

Ол Орта Азия мемлекеттік университеттің бітіріп, 1928 жылдан 1930 жылға дейін Ташкент Мемлекеттік университетінің проректоры болып істеді, Тәжік ССР Қаржы халық комиссары болды, 1930–1933 жылдар аралығында Өзбек ССР Халық ағарту комиссары болып қызмет етті. 1933 жылы шілде айында КОКП ОК шешімі бойынша ол Қазақ Республикасының Халық ағарту комиссары болып тағайындалды.

Қазақ опера театрын үйімдастырғаны үшін, Мәскеуде Қазақ көркеменер күнін жоғары дәрежеде өткізгені үшін ол 1936 жылы мамыр айында KCPO Жоғарғы Кенесінің шешімі бойынша Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. КОКП ОК және Сіздерге айтатынным, менің жұбайымды, соған байланысты мені айыптау, социалистік отбасын жою – Берия және оның сыйбайластарының ісі.

Менің қазақ екенімді және Кенес мектебінде тәрбиеленіп, Коммунистік партияның арқасында жоғары білім алғанымды ескерулерінізді сұраймын. 1924 жылы Ташкент университетінің дәрігерлік факультетін бітірдім. 1921 жылдан КОКП мүшесімін, жұбайым тұтқындалғанға дейін Қазақ дәрігерлер институтының терапевтік клиникасының асистенті болдым.

1938 жылы мен кінәсіз, сотсыз және тергеусіз тұтқындалып, 8 жылға Солтүстік Орал НКВД-нің түрмесіне қамалдым. Жеті жылдан соң мені лагерьден бір жылға ерте босатты.

1946 жылдың аяғында Қазақстанға, Алматы қаласына оралдым. Бұл жерде 1948 жылға дейін дәрігерлер институтында жұмыс істедім. 1948 жылы Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен бір жылға жер аударылдым. 1953 жылдан Қарағанды қаласында қалалық туб. ауруханасында 18 жыл бойы «халық жауының жанұясының мүшесі» деген таңбамен дәрігер болып аянбай қызмет еттім.

Ендігі жерде жұбайым екеуміздің ісімізді жеделдетіп қарап және ақтап, сүйікті Коммунистік партия қатарына қосылуымызды сұраймын. Қызметім жайлы мінездемені 1953 жылты Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің басқармасы арқылы және 1955 жылы ғанаған арызымға тіркегенмін.

Жұбайымыз екеуміз айыпталуымызға байланысты басыма түскен қындықтарды өткізгеніме, лагерде және бостандықта қызметімді адал атқарғаныма көніл бөлурлерізді сұраймын.

Істің қайта қаралуы 2 жылға созылып, менің онсыз да құрыған денсаулығыма қатты әсер етіп отыр.

Менің өтінішімді қабыл алудыңызды сұраймын.

*Дәмеш Ермекова-Жүргенова
1955 жылғы 26 қыркүйек*

Осы өтініштің негізінде 1957 жылы 16 көкекте ССРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының шешімімен Темірбек Жүргенов заң жүзінде толық акталды.

1994 жылы қыркүйек айларында Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінде Темірбек Жүргенов жайлы мақала жарияланған еді. Сол мақаланың соңына байлай деп едік: «Әрине, 1957 жылы көкекте КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Жүргеновті заң жүзінде толық актады. Бірақ социалистік қоғамның – қатыгез системасының қорлығы мен мазағына ұшыраған. Бір шаңырактың тұқым-теберігі осылай түгел құрып, біржола жоқ болды... » Кешікпей облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетіне Жалағаш қыстағының тұрғыны Қиназар Қосжанов келіп: «Жүргеновтердің үрім-бұтағы түгел құрып кеткен жоқ. Құдайға шүкір, біз бармыз», – деп жарты ғасыр бойы айтылмай келген қайғылы оқиғаны баяндап берді.

«Менің көкем Қара Жүргенов және оның балалары Досжан, Қосжан, Ысқак, Темірбек, Қөпназар және Айназарлардың ОГПУ-НКВД қолдарынан жазықсыз қаза тапқандары рас, – деді Қ. Қосжанов. – Тек сол кездері Ташкент қаласында оқып жүрген балалары Бекназар мен Жұманазар аман қалды. Кейіннен бұл екеуі өз еріктірімен соғысқа кетіп, елге Бекназар ғана оралды. Ол ұзақ жылдар ағарту саласында еңбек етіп, 1991 жылы дүние салды. Сонынан үш ұл, төрт қызы қалды. Өзімнің екі ұлым және екі қызым бар. Менен екі жас үлкен Үрзалипа апамның да балалары бар. Кешегі қарғыс атқыр соғыс пен сталиндік репрессия болмағанда, қанша ұрпақ жаятын едік...»

Әкем Қараев Қосжан ұсталғанда, мен үш жаста екенмін. ОГПУ қызметкерлерінің үйге келе жатқанын көріп, үй ішіндегілер менің үстіме үлкен тайқазанды аудара салыпты. Сөйтіп, екеуміз де аман қалыптыз. Бірақ «халық жауының балалары» атанип, соның азабы мен қорлығын көп көрдік. Әлі есімде, сол кездері мен төртінші класта оқитын едім. Бір күні түске жақын мұғалімдердің бірі окушы балаларды екі катардан сапқа тұрғызып, қолында ұстап тұрған газетін оки бастады: «Ескарасв, Құлымбетов, Сырғабаев, Жүргенов... бар!»
Осыдан кейін мұғалім бір жак.



Қосжанова Үрзалипанаң әкелері Қараев Қосжан – тізімдегі Темірбек Жүргеновтің туған інісі. Ол Кеңес өкіметіне қарсы оқ атқаны үшін жазаланған. Сондықтан бұлар жауыздың балалары, пионер болуға лайықты емес», – деп, мойнымыздың қызыл галстуктерімізді шешіп алды. Қасымызда тұрған балалар бізді барынша жек көріп тұрды. Біз апамыз екеуміз жылап, төмен қарадық. Сапта тұрған балаларды таратқан соң класқа келіп, кітаптарымызды алып, ызадан өлердей қорланып үйге қайттық. Жолай бізben бірге қайтатын балалар соңымыздан қыып жетіп: «Халық жауының балалары, жауыздар, сендер басқа жолмен жүріндер» – деп бізді кесекпен шөкелеп әбден қорлады. Олардан қорғанып жүріп, апам қолтығына қысып келе жатқан кітаптары мен дәптерлерін жерге шашып алды. Соларды жинап, мандайына түскен шашын жөндеп, бір қолымен көзінің жасын сүртіп, қашып бара жатқаны қазірге дейін көз алдында. Апамды аяғаным соншалық, жолдың ортасына тұрып алып, бізді мазақ етіп сондарымыздан еріп келе жатқан балаларға қарай жерден күм алып шаша бердім, шаша бердім.

Ертеңіне класқа келсек, бізben бірге партага ешкім отырғысы келмеді. Олар: «Сендер халық жауының баласысындар, қасымызға отырмайсындар» – деп шынтақтарымен бізді итермелеп, партага отырғызбады. Окушылар бізben ойнауды, тіпті сөйлесуді де қойды. Мұғалімдердің де көзқарастары өзгеріп, тіпті қол кетерсек те, сабак сұрамады. Біз мектепке тек келіп-кетіп жүрдік. Балалардікі балалық шығар, ал мұғалімдер соншама неге сөйтті екен деп ойлаушы едім. Кейін түсіндім, сол кезде «халық жауының» екі бірдей баласын оқытуға, олардың әкесінің атын атауға мұғалімдер қорыққан екен. Олай дейтінім, Темірбек Жүргенов көкем атылғаннан кейін арада екі-үш апта өткен соң мені және Үрзалипана мұғалімдер бөлмесіне шақырып: «Сендер қазіргі фамилияларынды өзгертесіндер. Бұдан былай «халық жауының» атымен аталмайсындар, класс журналынан сендердің фамилияларынды өшіреміз» – деді. Мен мұғалімдерге қарап: «Сонда біз кім боламыз?» – деп сұрадым. Мұғалімдердің бірі: «Шешен қүйеуге тиу керек, сол тиген қүйеуінің есімімен аталасындар» – деп жауап қайтарды. Екінші бір мұғалім тұрып: «Шешесінің атымен Ардаханов болса қайтеді?» – деп басқа мұғалімдерге қарады. Мен бірден Ардаханов болсам болайын деп келісе кеттім. Себебі, біріншіден, Кеңес өкіметіне қарсы оқ атқан әкемнің түр-түсін білмесем де, сол сәтте іштей жек көріп тұрдым. Екіншіден, шешемнің бөтен біреууге қүйеуге тигенін қаламадым. Бірақ менің бұл жылдам берген жауабыма мұғалімдер ду күлді. Тек күлмеген бір-ақ кісі болды. Ол оқу белімінің менгерушісі Халел Қабдешев еді. «Ай, сорлап тұрған баланы одан сайын сорлатып, күлмесендерші», – деп ол аяушылық білдірді. Сол сөзі үшін-ак Халел ағай оқу жылының аяғына жетпей ұсталып кетті. Жақсы адамдар қай кезде де болған ғой. Мен бұл кісінің жақсылығын өмірбақи ұмытпаймын.

Біз Үрзалипа екеуміз үйге келіп, мұғалімдердің айтқан ұсыныстарын жылап отырып шешемізгे айтып бердік. Қайран шешем... Бізді үнсіз тыңдал, екеумізді бауырына бағыттым? Жиырма тоғыз жасымда жесір қалып едім. Бірақ сонда ассоциацияның арамдатпаймын, соңынан қалған қос тұяғын ешкімге

көзтүрткі етпеймін деп, күйеуге тимеген едім. Енді не істеймін?» – деп қатты қиналды.

Сол жылы ауылға Темірбек Жүргеновтің он екі жасар Жұманазар деген жалғыз баласы келді. Көкем Темірбек атылып, женгем Дәмеш сегіз жылға сотталған соң бір таныстарына Жұманазарды ертіп жіберген екен. Ол кісі «халық жауының баласын алып келді» деген атқа қаламын деп, Жұманазарды Қаракеткен станциясынан түсіріп, Жалағаш қыстағына бара жатқан біреудің шанасына салып жіберіпті. Ол кісі де Жұманазарды тікелей біздің үйге ертіп келуге қорқып, оған қашықтан үйді көрсетіп, бір өзін жіберіпті. Мен ол кезде 9–10 жаста едім. Әлі есімде, үйдің сыртында 5–6 бала ойнап жүр едік, жанымызға орысша киінген бір бала келді. Қолында шағын чемоданы бар. Ол бізге үлкен көзімен аландап қарай берді. Біздің таңдана қараганымызды байқап: «Я – Жургенов бала. Я – Жургенов бала», – деп кеудесін бірнеше рет ұрды. Мен үйге кіріп: «Жүргенов деп бір бала келіп тұр», – дедім. Үлкен кісілер дереу оны үйге кіргізіп, сұрай бастанды. «Қайдан келдің? Кімнің баласысың?» Жұманазар өзінің атын айтып: «Я – Жургенов бала. Папа, мама – ту» деп қолымен шығыс жақты көрсетіп жылап жіберді. Оның мулдем қазақша білмейтінін сол кезде сездік. «Бұл Темірбектің баласығой», – деп үйдің іші у-шу болды.

Жұманазар көпкө дейін күн батар алдында шығысқа қарап: «Мама, папа» деп жылап жүрді. Онымен қосыла біз де жылайтынбыз. Кейін ол ауыл өміріне үйрене бастады. Бірге мектепке барып жүрдік. Ол бізді орыс тіліне үйретті, ал біз оны қазақ тіліне үйреттік. Өзі батыл болатын. Бірде мұғалімдер балаларды сапқа тұрғызып, Жұманазардың тағып жүрген мойнындағы қызыл галстугін шешіп алғысы келді. Бірақ ол мұғалімнің қолын қағып жіберіп, мектептен қашып кетті. Содан кейін бір жыл сабакқа қатыса алмады. Кейін бізбен бірге окуын жалғастырды. Ол өте жақсы оқитын. Мектепті бітірген соң өзінен кейінгілерге орыс тілінен сабак та берді. 1941 жылы соғыс басталған соң Жұманазар өзіне бір-екі жас қосып, 16–17 жасында майданға аттанып кетті. Содан қайтып елге оралмады, жау қолынан қаза тапты. Ол ауылда жүргенде: «Мамам мен папамды ақтап алам, олар халық жауы емес», – деп жиі айтатын. Жұманазардың сол арманы кеш те болса орындалды. Алдымен Дәмеш женғем акталды. Мен 1946 жылы КазГУ-дің бірінші курсында оқып жүрген едім. Дәмеш женғемнің акталғанын естіп, үйіне бардым. Мені көріп ол өз баласын көргендей қатты қуанды. Әңгіме үстінде Жұманазар туралы қайта-қайта сұрады. «Қандай болып өсті? Қалай оқыды? Қандай адам болды?» – дей берді. Дәмеш женғеме болған жағдайдың барлығын түгелдей айтып бердім... »

— Міне, менің айтайын дегенім осы еді, шырағым, — деп эңгімесін аяқтады Қина-зар ағамыз. Басқармадан шыға бере, ол Ф. Э. Дзержинскийдің мүсініне қарап: «Мына ескерткішті алып тастауға болмас па екен?» — деп бізге сынай қарады.

Иә, «НКВД балалары» атанған Ескенлір, Сәуле және Роза Рысқұловтар, Болат Жансүгіров, Зиба Қожанова, Элия Ескараева, Қиназар Қосжановтардың көрген азабы мен корлығын сөзбен айтып жеткізілді. Мұнға толы



өйткені олар барынша сыпайы, нәзік сезімді жандар. Сондықтан да әңгіме арамызыда жүрген мұндай адамдарға зор ықыласпен қарайық, ағайын, дегім келеді.

Ерлан Арын

ЖУРГЕНОВ НАРКОМ БОП ЖУРГЕНДЕ

Барлық дәүірде де, сірә, қоғам керуені сапарының жаңа қоныс-жайлауға кеп бай-сал тапқан жайбарақт шағынан өзін, «Қарататудың басынан көш келеді... » дегендей, қабағат тұстарында елім деп еңіреп туған ерлерді халықтық мұрат-мұдде мен өмірлік қажеттілік әлсін-әлсін өзі-ақ әлеумет майданына шығарып тұрса керек. Абылай заманындағы тепсінісіп келген жауға тебінгіден ала балта суырысып атойлаған екінің біріндей, егіздің сыңарындағы әруақты батырларымыз берілгенде арқалы жырауларымыз соған күэ. Ал осы ғасыр басында алаш алдындағы азаматтық, перзенттік парыздарын айқын сезініп, отаршылдық озбырлығы, ойсыратуға айналған алты миллион «құл халықтың көнілін кегертуге» оқу-білім арқылы озық ой-сана ұрығын дарытушы Адамдық Диқан-шысы қызметінің қын да азапты жанкештілік жолына түсken жақсы-жайсан шығармашылық зиялыштарымыздың шынға біткен шынардай тұтас шоғыры бой көрсетуі де заманалық құбылыс саналар заңдылық еді. Ондай кеменгер дарабоздар кембағал қауымның келешек тағдырына да кемелдену нұрын шашып, ұлттық ұйысу мен жалпыхалықтық жаңғыру ісіне жан-жақты ықпал етіп, адамзат дамуына өшпес із, өлмес өнеге қалдырады.

Сондай халықтың құрметке лайық, сүйсінерге тұрарлық біртуар тұлғаның бірі кезінде жақсы мағынасында «темір Нарком» атанған Темірбек Жүргенов болатын. Жазда Ырғызды жайлап, кыста Сырда қоныс тепкен бай-бағылан Қараның отбасында аттай бір ғасыр бұрын дүниеге келген оның ардақты аты мен алдағы заманаларға да жалғасып кете берер зор қызметіне деген ел сүйіспеншілігін ештене де – қырық жасында қыршынынан қиған жалған жалақорлық та, өкіметтік тыйым-зорлық та жұрт жадынан өшіре алмапты. Оны айтасыз, ұлттық өнер мереі ұлы асуға көтерілген сайын, қазақ мәдениетінің қарқара марғасқалары көз жұмғанша көкейкесті бір сағынышпен: «Жүргенов Нарком боп жүргенде... », – деп ауыздарынан тастамай өткеніне мен кәміл сенемін.

Темкең 1933 жылдың ақпанында Қазақ Республикасы Халық ағарту комиссары қызметінс тағайындалыпты әрі Өлкелік партия комитеті бюро мүшелігіне сайланған екен. Бұған дейін ілім-білім жинауда біраз ілгерілеп, шын қайраткерлік, ірі мемлекеттік үйымдастырушысы дәрежесінде шындалып дегендей, тұбі бір Түркістан үзілісшісінде.

Ауыл молдасынан хат тану, Сыр сүлейі, атақты шайыр
жоғарыдан дәріс алу, Аламесектегі бастауыш мектеп, Перовскідегі

орыс-қазак училищесі, Орынбордағы жұмысшы факультеті, Орта Азия университеті – оның ой қазынасын қалыннатқан оқу ордалары осылар. Жүргенов 1917 жылы Уфадағы жер өлшеу училищесінде студент бол жүр еді, бірақ дүниені дүр сілкіндіре жөнелген дурбелең оқиғалар ірімі он тоғызыдағы отты жігітті өзіне тартып әкетіп, Торғайда со-веттердің облыстық съезін өткізуге күш салған Төтенше комиссар Әліби Жангелдиннің қасынан, енді бірде Кенжекара облыстық, сосын Ырғыз уездік ревкомдары мен атқару комитетінің басынан табылғанын көреміз. Сол тұстарда азаттық үшін арпалыс, саясат майданында сакарып қалған Әбдірахман Эйтіев, Ұзақбай Құлымбетов секілді агаларымен де қатар ұшқан қаздай қанаттаса қарекет қылу пешенесіне бұйырыпты. Көрнекті мемлекет қайраткері, көп жүрттың тілін білген ғұлама ғалым, дипломат, қарымды қаламгер, білікті баспағер әрі ақын-аудармашы Нәзір Төрекұлов редакторлық еткен «Қазақ мұны» газетінде бірқыдыру уақыт қызмет істегені және бар. Бәлкім, Темкеннің көсемсөз шебері, халық ауыз әдебиеті мен мәдени-этнографиялық мураларды жинал, зерттеуші, қазак тілінің қамқоршысы, тамаша тәржімеші, артына «Меруерт» сынды әдемі көркем әңгімелер де жазып қалдырған кабілетті суреткер бол қалыптасуына мұның иғі әсері болды десек, кателеспеспіз.

Жүргенов жаңа қызмет жауапкершілігін орындауға кіріскең шақта бүкіл білім, ағарту салалары, мәдениет пен өнер істері түгел қараган Наркомпростағы жағдай мәз емес-ті. Ахуал өте күрделі еді. Өйткені «революция құйыны ауылға соқпай, жанынан зу етіп өте шығыпты» деген желеумен, «Кіші Октябрь төңкерісін» бастап жіберген голо-щекиндік саясат халық шаруашылығын әбден тұралатып, Қазақ елін екінші «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратқаны мәлім. Қос өкімет тұсында ақтардың да, қызылдардың да қылышымен қосарлана шабылып, аузындағы ырзығынан қағылып, аламан ат тұяғының астынан арып шыққан көшпендейлерге солақай басшылық пен содыр, шолақ белсен-ділер жүргізген жаппай отырықшыландыру, байларды төркілеу, күштеп ұжымдастыру, «ұлтшылдарды әшкереleу», «тап дүшпандарын табу» науқандары келіп килікті. Осы асыра сілтеу зардаптары нәтижесінде туындаған ашаршылық кезінде екі миллионнан астам қазақ қырылды... Ал жиырмасыншы жылдардың аяғында-ақ басталған репрес-сия ұлт зиялышарының алдыңғы толқынын сыптырып әкеткен-ді. Жүсіпбек Аймауытов, Смағұл Сәдуақасов, Жақып Ақбасев, Міржақып Дулатовтар жалған жаламен атылып кетсе, Халел Досмұхамедұлы Воронеж қаласында айдауда, алаш қауымы аузына қа-раған көсем, Қазақ Республикасының тұңғыш Халық ағарту комиссары Ахмет Бай-тұрсынұлы алыстағы Архангельскіде ағаш ағызып жүр еді... Тіпті, Ташкентте студент, Тәжікстанда Қаржы Комиссары, Өзбекстанда Ағарту комиссары бол, араға он жыл са-лып Қазақстанға оралған Темірбектің әкесінің өзі де 1928 жылы жетпіс жасында ірі бай ретінде кәмпескеленіп, байыргы ата қонысынан Қарқаралы уезіне жер аударылған-ды.

Міне, Мирзоян бастаған партиялық жана басшылық пен нарком Жүргеновтердің ал-дында асыра сілтеудің ауыр зардабын жойып қана коймай, сзілген халықтың еңесін көтеріп, Қазақ елін тез қарқынмен гүллендіру міндетті түрлі. Ал бұл тіпті де онай ша-руа емес-ті. 22 жасында болып калары Орталық атқару комите.



университетінің студенті шағынан-ақ Қазақ АССР-інің Түркістан Республикасындағы өкілетті уәкілі, 1926 жылы Ташкентте арнайы орта білімді мұғалімдер даярлайтын халық ағарту институтының орнына ашылған тұнғыш қазақ педагогика институтының бірінші ректоры ретінде сол кездегі қайнаған қат-қабат саяси-мәдени өмірдің бел орталында жүрген Жүргенов үшін өз елінде болған өзек өртер өкінішті жағдайлар мағлұм еді. Аяулы азамат талай тұндер алаш тағдырына аландармен күйзелген де шығар-ау! Қаршадайынан-ақ «Қазақ мұны», кейін «Еңбекші қазақ» газетінде елшілдік сөзін сөйлеуден танбаған ержүрек азамат сонау 1924 жылы: «Жері тұтас, елі аралас қазақ халқының үш мемлекетте жүруі, әркім өз ана тілінде түрі ұлттық, мазмұны социалистік даму жолын орнатамыз деп жатқанда, мұндай жағдай жөнді болмас», – деп толғаныпты. Осы пікірін өрбіте келе: «1917 жылғы санаққа қарағанда, 1920 жылғы санақта қазақ халқының саны көп төмендеген. Бұл қалайша?» – деген сауал тастайды. Қазақ далаларындағы қалалардың салыну тарихына үңіліп: «Ол патша өкіметінің отарлау саясатымен қабысып жатыр», – деген ой түйіпті (1926 ж.). Сол сарғыш тартқан газет тігінділерінде гі мақалаларын оқып отырып, Темкенді қалай ұлтжанды ұлы тұлға демейсің! 20-жылдарда жарық көрген «Орта Азия республикаларында тұратын қазақтардың хал-жайы» атты тарихи-этнографиялық очеркі мен «КСРО мен Қазақстанды әкімшілік және шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемалары» сынды диплом жұмысы сыңайында жазған енбегінен Жүргеновтің зерделі зерттеушілік ғана емес, ат басындағы азаматтық жүргегі де соғып тұргандай сезіледі. Республикадағы халық ағарту ісінің басшылығына, міне, осындағы теориялық та, практикалық та мол тәжірибесі бар білікті ұйымдастырушының келуі көп ұзамай кемел жемісін береді де. Өлкелік партия комитетінің VII пленумында Л. И. Мирзоянның: «Артта қалған өлкеден алдыңғы қатарлы өлкеге айналып келеміз. Біздің комиссар Т. Қ. Жүргенов басшылықты жақсартып, тұралап қалған жұмысты қайтадан жандандырды, ұлттық мәдени құрылышты өркендешту штабына айналдырды», – деп ризашылық білдіруі тегін емес-ті. Өйткені Темкеннің білім жөніндегі ұстанған бағыты «оку тәрбие үшін керек, тәрбие оку үшін керек» деген тұжырымда масына табан тірдейтін-ді. Біздердің кешегі кенес кезінде де, қазіргі уақытта да ауыздан тастамай айтып жүрген «сапалы білім, саналы тәрбие» деген бір-бірінен ешқашан белінбес егіз ұғым, бағдарламалық концепция сол принциптен шыққанын білмек парыз. Себебі Жүргеновтің түсінігінде «мектеп – адам баласының мәдениетті, сәулетті өмірінің стержені, мектеп жұмысы кең жолға қойылған жерде халықтың мәдениеті соғырлым жоғары болады, сонымен бірге мектеп оқушыларының толық білімді болып шыгуына шындалп қөмектеседі». Сондықтан жаңа нарком 20-жылдардың басында Ахмет Байтұрсынұлы құлышына кіріскең, бірақ сол кездегі саяси ахуал орындауға тосқауыл койған үшін міндетті: мектеп жүйесін кеңейту, оку кітаптарын молайту және оқытушы кадрлар даярлау ісін жүзеге асыруға белсене кіріспін кетті. «Мұғалімдік міндетті дұрыс атқару үшін, мұғалімнің ең алдымен өзі білімді болуы керек», – деген пікірі ардакты

... газеті арқылы айтқан мұрат-мұддемен үндесіп-ақ тұрган жок
... керектері» аталатын мақаласында Байтұрсынұлы мектептің

үш түрлі тірек-тиянағын алға тартушы еді ғой. Бұдан біз Темкеннің алдыңғы алыптар тобындағы Ұлт Ұстаздарынан да ұлағат алып өскенін аңғарамыз. Мүмкін, 1934 жылы айдаудан аман-есен Алматыға оралған Ахан біраз уақыт үйсіз-күйсіз, жұмыссыз жүріп қалғанда, өзі сүйетін ұстаздық-ағартушылық қызметке оралуына Жүргеновтің себі ти-ген шығар деген де ой келеді. Жазушы Жайық Бектұровтың естелігінде: «Уш-төрт кісі Темірбекті өз кабинетінде тұтқынға алды. НКВД адамдары үстелінің суырmasынан чек книжкаларын алды. Темірбектің ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовке «Шаһнаманы» аудар-тып, айдаудан келген Ахмет Байтұрсыновқа қазақ тілі ғылымының тарихын жаздырып жүргенін білетінбіз. Жаңағы чектерде осы кісілерге ақша берген тұбіршектер бар екен», – деп өз көзімен көрген Рақым Момынов есімді кісінің айтқан әңгімесі жазылған. Ендеше, жоғарыдағы болжамды да жоққа шығаруға болмас. Бір өзінің бойына да, ойына да бұқіл қалқымыз сыйып кеткен Ахан әулие ғой, оның орны бөлек. Қазақ Республикасы тарихында мәдениет министрі болған Илияс Омаров пен Өзбекәлі Жәнібектің де есімдерін ерекше ілтипатпен атаймыз. Алайда бас-аяғы төрт-бес жыл ішінде елдегі ағарту шарасын өрге шығарып, төрге оздырған, соншама қауырт қажымас қайратпен ұланғайыр іс тындырған нарком Жүргеновтей үйымдастыруыш қазақ тарихында си-рек. Ол 1933–1937 жылдары бастауыш һәм жеті жылдық және орта мектептердің тұтас жүйесін дүниеге келтіріп, есік үйлерден жаңа ғимараттарға қоныс тепкізіп, окулықтар шығару, мұғалім кадрларын даярлау, кәсіби шеберлікті арттыру сияқты қам-қарекет-тердің бәрін де жар құлағы жастыққа тимей жүріп орындал үлгерді. Сол бір жылдарда ит байласа тұрғысыз қиян ауылдағы мектеп үйін өз көзіммен көрүім керек деп, күрек-теп көмір жағатын қара пойызбен-ақ жолға шығып бара жатқан Қазақ Республикасы партия үйымының бюро мүшесін, «темір нарком» Темірбек Жүргеновті жиі жолықты-руға болатын еді дейді қуәгерлер. Бір ғана Алматының өзінде жаңадан 18 мектеп ашуы неге тұрады! Оның бұл қызметін қазақ халқы ешқашан ұмытпайды.

Нарком Жүргенов тұсында ұлттық жоғары мектептер катары да жауыннан кейінгі көктей жамырап өскені белгілі. Та什кенттегі Қазақ педагогика институтын Алматыға көшірген де Жүргенов еді. Темірбек Жүргенов десек – сол кісінің қажыр-қайратымен шаңырақ көтерген қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ, Тау-кен институты, тағы басқа да ондаған жоғары оқу орталары, орта арнаулы училищелер мен техникумдар, ғылыми-зерттеу орталықтары ойға оралады. Темірбек Жүргенов десек – И. Михайловскийдің Темкен 1928 жылы қазақ тіліне тәржімелеген отыз жетінші жылға дейін студенттер қолынан тұслеген «Саяси экономия» оқулығы еске түсер еді. Темірбек Жүргенов десек – республикада тұнғыш рет мұғалімдер съезін шакырып, оның үлкен мінберінен: «Қазақстанға керегі 7–10 жылдық мектеп жүйесін құру, ал Голощекин қазақ тек хат таныса болды деген болатын. Жоқ, бізге үлкен білім орталары керек!» – деп, жалпақ елге жар салып тұрған орта бойлы, дембеліше, жауырынды, кырыққа тола қоймаса да қайратты, шашы бурыл тарта бастаған қатал да, алғыр кісінің қияпаты көз алдыңа келеді.

Ана тілімізге қамқорлығы қандай
– деп қайталаудан жалықпас жа-



Т. Жүргеновтің ана тілге деген сүйіспеншілігі мен қамкор көзқарасын белгілі композитор Е. Брусиловский өзінің «Дүйім дұлдулдер» атты мемуарлық кітабында сүйсіне еске алады: «Жүргенов өз кабинетінде жиналыш өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам – қарағандылық Б. Н. Орлов және мен орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да, Жүргеновтен қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол тусінетіндей болуы үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтің қара көздері ұшқындалап кетті. Жүрттың бері бұкшие түсіп, тым-тырыс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» Ашу найзагайы үрейлене бүгжиген қайраткерлердің үстінен ойқастай шашыды. «Сіз қайда жүрсіз, өзіңіз!» – деп Жүргенов дауысын бұрынғыдан да бетер қатайта сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдініз екен, егерде мұнда жұмыс істегініз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?», – деп өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті».

Жұрт Жүргеновтен корқатын. Бірақ оның ұлттық өнерге толассыз сүйіспеншілігі, соның жолында уақыты мен күш-жігерін әрдайым аямайтыны үшін оны сыйлайтын да. Ол аз сейлейтін. Бірақ қашан болсын накты, қысқа және батыл сейлейтін».

Шіркін-ай, ұлт намысы дегендеге жаңып кетер сондай батылдық бүгінгі қандас шенеуніктердің бойында да болса ғой деп киялдайсың. Өкінішке қарай, басқа ұлттың бірлі-жарым өкілі отырса болды-ақ, «бәрімізге түсінікті тілде сөйлейін» деп, орысша сайрай жөнелетін дергінен біз әлі де арыла алмай журміз-ау. Жүргеновтің жоғарыда Брусиловский еске алып кеткен мәрттігі де – ұлken тағылым. Сол Темекен 1935 жылы мәдениет қайраткерлерінің съезінде қазақ тілі орфографиясын дамыту, термин сөздерге мән беру, оны орынды қолданып, пайымды аудару жөнінде де құнды пікірлер айтыпты. Бұл мәселелер күн тәртібіне қазіргі күнде де өткір түрде қойылып отыр.

Темірбек Жүргеновтей отаншыл азамат үшін мектеп ашу да, оқуға қамтылмаған бала болмауын талап ету де театр, ойын-сауық отауларын, студиялар, ансамбльдер, клуб-кітапханалар жүйесін жасау да жалаң мақсат емес-ті. Осы қат-қабат шаруа-карекеттердің бері-бері, сайлып келгенде, елдіктің іргесін бекемдеу мұраг-мұддесімен үштасып жатқан-ды. Оның: «Ең алдымен, қазақ халқының Қазақстан болуының өзі – ұлken мәдениет», – деуінде сондай гәп бар. Сөйтіп, мәдениет ісіне тар шенберде емес, елдік болмыс, егемендік мерей-мәртебе деңгейінде мән бергеніне тәнті боламыз. Бүгінгі тәуелсіздігімізге тәубе дей отырып, ағалар аманатын жаңа ғасырға жалғастыруышы біздер де Жүргеновтің бұл жүрекжарды қағидасын анттай қабылдал, тәбемізге ту етіп көтереміз. Иә, шынында да, отаршылдықтың үш ғасырға созылған қысталандарында құрып кетпей, қазақ халқының егеменді Қазақстан Республикасы болу бақытына қол жеткізуінің өзі – ұлken мәдениет екенінде күмән жоқ! Ал оның алғашқы алтын қазығын қақкан Темкендердің теңдессіз де тегеуінді қайрат-жігеріне қалай мактансак та жарасады.

тегу кажет. Мәдениет, өнер, оқу-ағарту саласында қаймағы
, үш түр. Күн-түн демей, мәдениетті арттырудың қамын жеу

керек, – дейді екен Темкең. Бұл міндет-парызды жүзеге асырудың да барша ауыртпалағын көтеруді өзінен бастаған өнегесін замандастары естеліктерінде соншалықты бір ыстық сезіммен өрнектеп кетіпті. Қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлт аспаптары оркестрі, Абай атындағы опера және балет театры, ұлттық филармониямыз, бір сәзбен, он сан өнер ордалары, біздің халық арасынан жарқылдап шыққан алғашқы кәсіби домбырашы, әртіс, режиссер, сахна жүлдyzдарымыз, әнші-биші бетке ұстарларымыз түгелдей дерлік Жұргенов түлеткен таланттар тобынан еді. Ахмет Жұбанов, Жұмат Шанин, Құрманбек Жандарбеков, Дина Нұрпейісова, Қанабек Байсейітов, Серке Қожамқұлов, сандугаштай сайраған Құләш, мың бұралған биши Шара... тілті, санаң тауысу мүмкін емес. Сол сом алтындардың бәрі 1934 жылы өткен Бүкілқазақстандық өнерпаздар слетінде әйгіленіп еді ғой. Ұзынагаштағы ауылышнда жатқан Жамбыл бабамызды да Әбділда Тәжібаевты әдей жіберіп Алматыға алдырып, ақындық таланттын алғаш әйгілеген кім еді? Қазақ драмасына қамқоршы бол, оның жұмысына Мұхтар, Сәбит, Ғабиттерді тартып, ұлттық музыкалық театр сахнасының шымылдығын Әуезовтің «Айман-Шолпанымен» ашуға қажымас қайрат жұмсаған ұйымдастыруышы кім еді? Әрине, нарком Темірбек Жұргенов-тін. Құрманбек Жандарбеков айтқандай, «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде білеміз. Біз оны қазақ оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз». Бұған атақты шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуұлына Фирдоусидің «Шаһнамасын» қазақшаға аудартқанын қосыңыз...

Осылардың бәрін былай қойғаның өзінде, 1936 жылы Мәскеуде казақ өнері мен әдебиетінің тұнғыш онқундігін табысты өткізіп, сол кездегі бүкіл Одақты тамсандыра, таңданта, музыкалық, фольклорлық мәдениетіміздің мерейін үстем етіп оралған орасан зор енбегімен-ақ ол ұлт тарихында өзіне ешқашан ұмытылmas, мәңгілік ескерткіш орнатып кеткені ақырат. Тоталитаризм балтасы талайдың басын жаландап шауып тұрған тар кезенін тайғақ кешулі қысым-қыспағында жүріп-ақ ұйымдастырығыш ұлы қабілет-жігерімен бір өзі соншама өнери де мәдени Өрлеу дәуірін туғыза білген Жұргеновті енді нағыз ержүрек еді демегендеге, не дейміз!

Сөзімізді Мұхтар Әуезовтің толғанысымен түйіндейік: «Ер – ел тарихының белі дейміз. Өзі өткен соң, кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады... Бір кездегі бел көрінсе келер ұрпақ тарихына: өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, тастан кеткен ұлгісімен, нұсқап кеткен белгісімен енді бел ғана емес, биік тұрғы бол, аскар тау бол көрінеді... Ұлар – анық қадірмен қымбаттылар. Өздері некен-саяқ, бірақ бір десен, бағыланың дерсін. Кейінгі тарихтың әрбір жаңа кезеңі, әрбір жаңа күні солай етпесе де, күндердің ішінде бір күндері, дәуірлер ішінде бір дәуірі келеді де, асылымыз атын алып, асыл дегізіп, биікке бір-ақ шырқатып, мәңгілікке бір-ақ орнатады».

Осыдан 60 жыл бұрын «халық жауы» деген жалған жаламен қырыққа тола сала қыршын кеткен Темірбек Жұргенов те, сол Мұхан мензеген «дәуірлер ішінде бір дәуірі келіп», асыл азamat деген атын а...

Соған тәубе дейміз!



ЖҮРГЕНОВКЕ ЖАҢАША ҚАРАЙЫҚ

Казақ өнері мен мәдениетінің ілгерілеуіне ерекше еңбегі сіңген Темірбек Жүргеновті, Илияс Омаровты, Өзбекәлі Жәнібековті, бүгінгінің тілімен айтқанда, ұлттық мәдениеттің XX ғасырдағы тамаша менеджерлері десек те әден болады. Биыл Жүргеновтің тұганына 110 жыл. 40 жылдық қысқа ғұмырында 4000-ға жуық мектеп салдырды, халқымыздың күйлери мен жырларын жинастырыды. Ахмет Жұбановпен бірге қазақ ұлт аспаптар оркестрін құруға атсалысты. Абай атындағы опера және балет театрының іргетасын қалады. Мұның бәрі де Темірбек Жүргеновтің темірдей тәртібімен біткен шаруалар.

Алматы іргесіндегі Қандысайда бір күнде атылған 19 арыстың сүйегі жатыр. Ұлпардың араларында «Темір нарком» Жүргенов, республикадағы суландыру жүйесін жасаған, жоспарлаудың білгір маманы Т. Жаманмұрынов, Алашорда үкіметтің оку комиссариатын басқарған Телжан Шонанұлы, Қазақ АССР-інің атқару комитеттің тәрағасы Ұзақбай Құлымбетов бар. Үргыз топырағынан қанаттанған төрт арыс қатар қызмет атқарды. Бірге атылды. Бірақ, іздеушісі мен сұраушысы аз болғандықтан, қысқа ғұмырында ел-жұрты үшін қыруар тер төккен Темірбек Жүргеновтің 100 жылдық мерейтойы республика көлемінде лайықты аталмады...

Жергілікті өлкетанушы, облыстық тарихи ескерткіштерді қорғау инспекциясының бастығы Бекарыстан Мырзабай «Темір наркомының» табаны тиген топырақтан талай деректі жинастырып, әңгімелеп берді бізге. Төменде – Б. Мырзабайдың Т. Жүргенов туралы әңгімесі.

I. ҰШҚАН ҰЯ

Темірбек 1898 жылдың қарашасында Ыргыз уезі Кенжеғара болысының Басықара қопасы дейтін жерінде дүниеге келген. Қазіргі Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданы Жабасак елді мекені. Басықара қопасы деген жер атауы күні бүгінге дейін бар. Сол жерде Темірбектің ата-бабасының шағын қорымы жатыр. Ұл – қазіргі Ақжү ауылының іргесінде. Басықарадан солтүстікте Әбілқайыр хан сүйегі жатқан «Хан моласы». Ар жағы шетсіз-шексіз Торғай даласы...

Темірбек – бай тұқымы. Арғы атасы Жәрімбет керуен жүргізіп, сауда жасаған. Кіктің бір пар мүйізі бір жылқы болып тұрған заманда Қытаймен арада керуен жүргізілті. Жәрімбеттен – Әлен мен Басықара, Әлленнен – Қуан, Қуаннан – Жүрген, Жүргеннен – Қынғын. Көрнекі – Темірбек тұған. Сәбит Мұқанов «Қара дейтін байдың З мың туýесі

Куан тұқымының жаз жайлауы Басықара қопасы, Тобыл жағасы болған. Қыстауы – Сыр бойы. Куан бай Сырдың Куандариясында 10 мыңда жылқы айдапты. Қазіргі Ақтөбенің Қарабұтақ, Үргез табанындағы елдер қыс қыстауын Сыр бойы Қызылқұмға дейін апарған.

... Қара үш әйел алған. Екінші әйелі – Темірбектің анасы Жаныш. Он екі ата Байұлы ішіндегі тана руының қызы. Сырым қозғалысы, Исатай-Махамбет көтерлісінен құғын көрген ағайынға Кенжегара болысы Алмат таршылық жасамапты. Екі жасында анасы өкпе ауруынан қайтыс болғанда, Темірбекті әкесінің үшінші әйелі Кәмпитет асырайды. Кейіннен қызмет бабымен қай жерге барса да, шешесін қадірлейтіні соншалық, үйішілік қандай шаруа болсын, Темірбек «Алам біледі» деп онымен ақылласпай ештеңе шешпепті. Жолдастары: «Темірбек білмейді, апасы біледі» – деп қалжындаиды екен.

Қараның 3 әйелінен 10-нан аса ұл-қыз өрген. Солардың ішінен Қара Ысқакты ерекше жақсы көрген. 1928 жылы ірі байлар қатарында жер аударылғанда, өкімет адамдарына балам Ысқақ пен келінім Ақшеберді бізben бірге жер аудар деп өтініш жасаған. Ақшеберді көзіміз көрді, әнгімесін естідік, 80-нен асып қайтыс болды.

Оның бір әнгімесі мынадай. Ақшебердің жаңа түскен кезі екен. Аққұмдағы дөсек руының жайлауы мен Басықара дағы Қара байдың қонысы қатар. Ақшебер де байдың қызы. Қос отаумен ұзатылған. «Барған жерінде ешкімге жалтақтама!» – деп әке-шешесі 100 құнан қойды бөлек айдатқан. Дөсек ауылының жастары Ақшебердің отауына құтты болсын айтып келген күні, арнайы қой сойып: «Жастар келді, әнгімесін айтып, батасын берсін!» – деп атасына бала жүгіртеді.

Қара бай: «Неғылған көргенсіз келін! Түспей жатып, билеп-төстеп... Қой сойып, қонақ жайлап жатқан. Әнгімесін өзі айтып, батасын өзі бере берсін», – дегіті шақырушы балаға. Ақшебер жалма-жан әлгі баланы төркін ауылындағы женгесіне жүмсайды: «Атам ашулы, не істеймін? Ақылын айтсын», – деп. Женгесінің ақылы: «Бірінші сойылған қойдың басы мен жамбасын салып, толық табақ етіп, ата-енесіне тартсын, қалғанын садақа деп ауылға таратсын. Екінші қойды сойып, қонақтарын жайлай берсін. Ертең сәскеге дейін бір амалын табармын».

Ертенгісін қонақтарын жайлап, тараған кезде атасынан «Тез үлкен үйге келсін» деген хабар келді. Жүргегі аузына тығылған Ақшебер есіктен кіре бергенде, тола жүрттың көзінше, Қара былай дегіті: «Кеше таршылық жасап, Ысқактың үйіндегі келінді жөнсіз айылтадым. Сол сөзімді қайтып алдым, Ақшебер келіннің төркінінен мына кісілер келіп отыр «Қызымыздың жіберген қателігінің айыбы» деп 100 құнан қой айдал. Ысқақ шырағым, күн көтеріле үйінді жық та, 100 қойдың орнына аударып тік. Құдаларымның көзінше айтарым, осы 100 құнан кой Ысқақжанымның өзінен кейінгі қараларына беретін еншісі болсын, жиған байлығымның сидігі жерде конакқа берер қонағасысының билігі Ақшебер келіннің билігінде болсын!»

Ал енді сондай ата-ене, женин болды, бауырыма басқан жалғыз.



дегені бар. Атасын ірі бай деп Жезқазганның Жаңарқасына жер аударғанда, күйеуімен бірге жер ауып журді. Содан жаяулап Қызылордаға келгенінде, көз алдында атасы мен күйеуін қолдарын байлап алыш кетті. Сол кеткеннен жоқ. Қайсы күні, қай жерде атып тастағаны да белгісіз. Азапты жолдан өтсе де, мойымаған Ақшебер әжеміздің айтқан сөзі әлгіндей: «Жалғыз ұлдың әйелін қалай тәрбиелерімді білмедім...» Темірбектің өскен ортасы, ұшқан ұясы осындай еді.

Қара байдың қыстауы – Сыр бойы. Осында Темірбекті атақты «Көкілташ» медресесін тауысқан, Сыр бойының білгірі Тұрмамбет Ізтілеуовке окуға береді. Тұрмамбет ақын балаға араб, парсы, шағатай тілдерін үйреткен. Кейіннен Темірбек Өзбекстан мен Тәжікстанда қызмет атқарғанда, тәжік, өзбек тілдерінде еркін сөйлеп, баяндама жасаған. Мұның бәрі Тұрмамбет ұстаздың арқасы. Темірбектің жас кезінде әкесі Қараға жала жабылып, жер аударылады. Шешендігі іске аспай, бір ауыз орысша білмегендіктен тілсіз қалғанда, Қара бай өзіне серт беріпті: «Осыдан аман шықсам, бір баламды орысша оқытармын!» деп.

Артынан құтылып шығып, Темірбекті Аламесек орыс-қазақ мектебіне кіргізді. Екі жылдан соң, Уфадағы жер өлшеу училищесіне окуға түсіп еді, 1918-дің аласапыранында училище ауласына снаряд түсіп, оку тоқтайды. Темірбек елге қайтады.

1982 жылы Жақыпов Рахмет ақсақал Темірбекке қатысты мынадай дерек айтты: «Қараның ауылы Сыр бойындағы қыстауынан жайлауға көшті. Николай патша тақтан түсken, жолай Қорқыт стансасында суретін төмен қараты іліп қойған екен. Көш Уәлі өткелінен өткесін, Былқылдақ жайлауынан ары Басықара қопасына тоқтады.

Караның Теміршесі келе жатыр деген соң, Қара ауылының бір топ адамымен бірге мен де тайға мініп, алдынан шықтық. Алыстан, топ ішінен үшеу ерекше көрінді. Үшеуі де ак костюм киген. Бармақтай мұрт қойған селдірлеу сарғыш шаштысы – Тел Жаманмұрынов, жанында мұрты шоқтай, шашы бүйра орыс азаматы және шашын кейін қайырган, үстінде ақшыл киімі бар, аяғына бәтенке киген Темірбек. Шаш қойған адамды, бәтенке киген адамды тұңғыш көруіміз. Шалқарда поездан түсіп, Ырғызға жеткен. Ертеңіне ауыл ду ете қалды. Қараның оқымысты баласы әкесіне ақыл айттыпты: «Заман өзгеріп барады. Байлық жинаған адамды жактырмайтын большевиктер келеді. Солардың үкіметі орнайды». Бұл кезде баланың әкеге ақыл айтуды ұғымға сыймайды. Қара шарт кетті: «Әй, шырағым! Сені адам бол деп оқытсам, маған ақыл айту үшін оқыдың ба? Менікі жуса кетпейтін байлық. Құдай берген байлықты көрінгенге таратсам, қадірін біле ме?»...

1916 жылы орыс-герман соғысына аттанған қазақтар арасына Алашорданың арнайы жіберген бір өкілі, Петербор ауылшаруашылығы академиясында оқып жатқан Тел Жаманмұрынов: «Орыстың тілін, өнерін, мылтық атуды үйреніндер. Алашорда мемлекеттің өз әскерін құратын сендерсіндер», – деп үтіт жүргізген. Т. Жаманмұрынов патша құлаған соң елге оралған. Қасындағы орыс азаматы Подвойский – Петербор 1917-1918-ші өкілі. Ырғызда уақытша үкіметті жасақтауға жіберілген. Патша үкіметті өкілі болып Тел Жаманмұрынов сайланады.

Тел Жаманмұрыновтың ықпалы болса керек, Темірбек Торғайға барып, «Кедей» газетінің тілшісі болады. Екі жылдан соң Орынбор рабфагіне оқуға түсті. Орынборда аласапыран. Көрінген тілмашқа жалтақтаап, түрмеде жатқан қазақ көп. Тілмаштың наны жүріп тұр. Патша шенеунігі мен тіл білмейтін қазақты қорқытып, арада пара алып жүрген сол пысықтар. Темірбек «Бастық алдындағы тілмаш» сатирапы әңгімесін жазды. «Темірбектің сатирасы Кеңес өкіметін алдап, қолтыққа енегін деп жүрген тілмаштарды тұмсыққа ұрды», – дейді Сәкен Сейфуллин. Сахнаға шығаруға тапсырма береді Серке Қожамқұловқа.

Кейіннен осы көрініс Сер ағаның орындаудында 1978 жылы Темірбек Жүргеновтің 80 жылдығында сахнаға тағы шықты.

2. «ОРЫСТАН ӘЛЕКЕНДІ ЖЕҢЕТІН МАҢДАЙЛЫ ҰЛ ТУҒАН ЕКЕН!»

Темірбектің рабфактан кейінгі жолы Ташкентте жалғасты. Мұнда Орта Азия университетіне оқуға келді. Заң факультетінде оқып жүріп, 3-курсында Қазақ АССР-і педагогиституты ректоры әрі Қазақ АССР-інің өкілетті елшісі болып тағайындалды. Кіндік Азия халықтарының тарихы мен этнографиясын, экономикалық-әлеуметтік жағдайын бас алмай зерттеді. Шекара бөлісі мәселелерімен шүғылданған. Фылыми диссертация дәрежесіндегі осы фылыми еңбегі қайда? Қазақтың термесі, жыр-күйлері туралы кітаптары қайда? 90-жылдар басында Қалтай Мұхамеджанов Темірбектің еңбектерін иемденіп, докторлық қорғаған белгілі ғалымдарымыз жөнінде ащы айтқаны бар...

Ташкент – қазақ қайраткерлерінің бесігі. 20-жылдар басында Тұrap Рысқұлов бастап, Түркістан республикасын құруға әрекеттегендеге, қазаққа билік бергісі жоқ Сібір өлкесінің өкілі Соколов Сібір автономиясын құрам деп, Арқаны да өзіне қосып алмақшы. Алашорда мемлекеті идеясы талқандалды. Тұrap Рысқұлов бастаған қайраткерлеріміздің жанкешті болып жүргені осы тұс. Түркістан үшін Мәскеуде Ленинмен сағаттап айттықсан Әлімхан Ермековтің аныз боп тараған ерлігі осы жолы. Тахауи Ахтановқа Ахмет Жұбанов айтқан бір дерек: «Мәскеудегі жиыннан қайтып келгесін, тәшкенттегілер не болғанын сұрайды. «Ой, болмады. Ленин дейтін шешені бар екен. Әлекен де айттысып бақты, болмады». Сонда Ахан (А. Байтұрсынов): «Біздің Әлімханды жеңетін орыстан да бір маңдайлы ұл туған екен!» – депті.

Әлімхан Ермеков – Рысқұловтың кеңесшісі, Темірбек Жүргеновтің заýбы Дәмештің ағасы. Атасы Ермек қажы Құнанбаймен бірге Меккеге барып, 39 жасында Мединеге жерленген.

Темірбекті елге қызметке шақырғанымен, ол бармайды. Себебі әкесі ірі байлар қатарында мал-мұлкі тәркіленіп, 1928 жылы жер аударылды. Өзі өзбек жеріне кетті. Бұл кезде елде апыр-топыр. Голоцек... Ыылды. Қалған жүртты қалай ам...



басқармасы бастығы орынбасарлығын, жоспарлау комитетіндегі жауапты жұмыстарын ысырып қойып, Тел Жаманмұрынов Шымкентте түйе шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын құрды, директоры да өзі. 1936 жылы Рысқұловтың тікелей араласуымен Қазақстан мен Қарақалпақстанды қайтадан жартылай көшпелі шаруашылыққа көшіру жөнінде қаулы қабылданды. Ол үшін түйе алдырту керек. Монголиядан 8 мың түйе әкелуге Тел Жаманмұрынов жіберілді.

1933 жылы Мирзоян Ғабит Мұсірепов арқылы Темірбекке елге келуін сұрайды. Темірбектің талабы: «Бай баласы деп құғында масын. Қазкрайкомның Бюро мүшелігіне өткісін. Себебі сөзімде салмақ болуы керек! Ушіншіден, қаржыдан қақпасын. Қанша қаржы сұрасам да, беретін болсын!»

1937 жылдың құрбандағына іліккенге дейін 4 жылда елдің мәдени және оқу-ағарту саласын тік тұрғызды. «Өмір мектебінің» 3-томында Сәбит Мұқанов: «Жүргенов жүйрік қазақтың бірі, оқу комиссарларының ішіндегі ең күштің еді», – дейді. 1933–37 жылдары Жүргенов жүздеген мектеп салдырды! Бүгінде анықталғаны, «Темір нарком» 4 жыл ішінде 4 мыннан астам мектеп салдырыпты!

3. «ЕҢБЕГІ БАР ЕДІ ФОЙ!»

1978 жылы Жүргеновтің 80 жылдығы Алматыдағы партия тарихы институтының шағын залында өтті. Сонда Ғабит Мұсірепов сол кездегі мәдениет министріне мынадай сөз айтты: «Еркінбек, қарағым! Екі «Волғаң» бар екен, мына Жүргенов қайраткерді құлағың естіді. Ат-арбамен, полуторкамен жүріп-ақ, Қазақстанда 4 мындей, бір Алматының өзінде 18 мектеп салдырғанын былай қойғанда, опера және балет театрының іргетасын өзі қалап кетіп еді. Сол театр тұрғанда, халықты 150 адамдық шағын залға жинап отырсын. Еңбегі бар еді фой!»

Қазақтың тұнғыш ұлт-аспаптар оркестрі де Жүргеновтің араласуымен құрылды. Ленинградтан Алматыға келіп, оркестр құру ісін қалай бастағаны туралы Ахмет Жұбановтың Ә. Нүрпейісовке айтқан естелігі: «Бір көпестің жерге жартылай кіріп кеткен ескі үй. Жер сызы, ішінде қанылтырмен қалталған контрамарка пеш. Адамдарымыз жерде сабан төсектің үстінде тізерлеп отырады. Кебі әріп те танымайды. Саяатсыздықты жою сабагын әрі нота үйретудемін. Аяғы қисайған жалғыз орындық. Контрамарка пешті тақта етіп, бормен жазып жатыр едім, Жүргенов кіріп келді де, жанжагына қарады. Соナン соң маған:

– Бала, ертең маған кел, – деді.

Ертеңіне кабинетіне бардым. Темкең маған бастырмалатып:

– Парта қайда? Текта қайда? Нота дәптері қайда? Неге менен сұрамайсың?

– Сіздің жұмысыңыз көп кой...

– Әй, Ахмет! Мен бүгін наркоммын, ертең нарком емеспін. Ал сен қазақ дейтін

шылтықтың жаңа замандағы оркестрін құрып, тарихқа кіресін.

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ

Мен сенің оркестріңнен үлкемнің бе? Еш жасқанба, кез келген мәселемен маған тұра кел, – деді.

Кешкілік машина гүр ете қалды. Жүргеновтің полуторкасы. Жүтіріп шықсам, көлігіне керектің бәрін тиетіп, жүргізушісің жіберіпті.

...Жүргенов осылай жұмыс істейтін. Айтқандарын тез орындастын».

Өзбекстанда бас сауғалап жүрген Әбілқайыр ханның үрпағы, күйші Қамбар Медетовты оркестрге шақыртты. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігінде, Сталин алдында «Ақсақ құлан» күйін тартқан – Қамбар Медетов.

1936 жылы мамырдағы онкүндікте қазақ өнерін танытудағы Жүргеновтің ерекше енбегі тарихта қалды. 1933 жылы Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Шара Жиенқұлова, Құрманбек Жандарбековпен бірге опера театрын құрған да – Жүргенов.

Жамбыл Жабаев, Дина Нұрпейісова, Нұрпейіс Байғанинді де Алматыға алдыртқан – Жүргенов.

Тұрмағамбет Ізтілеуовті шақырып, Фирдоусидің «Шахнамасын» аудартқан да – Жүргенов. Тұрмағамбет 10 айда аударып бітті. Ақынның бірнеше ондаған дәптер арабша қолжазбасы болған. 1936 жылы үкімет Тұрмағамбет ақынға 500 сом өмірлік зейнетакы тағайындауды. Бірақ 37-жылдың сойқаны Тұрмағамбет ақынға да таяқ болып тиді. Жүргенов ұсталатын болған соң, ұстазына «Алматыдан кет» дейді. Сол 37-нің жазғы түркімінде Тұрмағамбет 80 мың жол қолжазбасын арқалап, Қызылордаға жетті. Баласы Әбдірәуіпке: «Жақсы эке жаман балаға азық деген. Заманым солай, мен азық емес, саған қазық болдым. Артынан түртеді де отырады. Мына қолжазбаны түпнұсқасымен көм де, үстіне қойдың көнін аудар! Бір күні жүрегін сенген адамға ашып бер», – деп өсiet айтты. Ертеңіне ауылды жинап: «Фирдоусиге опа бермеген «Шаһнама» маған да опа бермес. Өз қолыммен өртеймін», – деп жүрт көзінше бір қапшық қағазды жағып жіберген. Ақынды осы айла-әрекет те күткәрмады. Тұрмағамбет түрме таяғынан өлді. Бірақ қолжазба мұра аман қалды».

R. S. Ұлтты шын мәнінде сүюдің ерекше улгісін көрсеткен тұлғалар шогырының бір ірі өкілі Темірбек Жүргеновтің еңбектерін «шаң басқан» архивтерден іздестіреілік. Мақалаларын, еңбектерін жинастырып, қайта жарыққа шығарайық. Оның 80, 90, 100 жылдығы ел көлемінде лайықты деңгейде өткізілді. Аласапыран уақытта ұлтқа қызмет етудің тамаша улгісін көрсеткен қайраткерді ұмытып бара жатырмыз...

Т. ЖУРГЕНОВ – КЕҢЕСТИК ЖҮЙЕ САЯСАТЫНЫң ҚҰРБАНЫ

Темірбек Қараұлы Жүргенов, большевиктер партиясы қатарына өтерде өзі жазғанында, 1898 жылы қараша айында әкесі Қараның жайлауында бұрынғы Торғай облысы Ырғыз уезі Кенжеқара болысина қарасты «Басықара қопасы» деген жерде дүниеге келді. Бұл жер қазіргі Ақтөбе облысы Әйтке би ауданы Жабасақ ауылдық округі Аққұм ауылының маңы.

Жетінші бабасы Жәрімбет қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданы Куандарияның бойын қыстап (Жәрімбеттің қорымы Куандария бойындағы Қарақтың тауы деген жерде), жаз Торғай, Тобыл бойын жайлаған, жәрімбет сарқаскалардың қорымы «Басықара қопасының» түбінде әлі күнге дейін сақталған.

Көнекөз қарттардың айтуынша, Қараның үш әйелінен 9 ұл, 2 қыз өрбиді. Екінші әйелі – он екі ата Байұлы Қараман тананың қызы Жәніштен Қосжан, Досжан, Темірбек, Ысқақ дүниеге келіп, ол кісі дуниеден ертерек озады. Сөйтіп, Темірбекті кіші шешесі Токсейіт сарқасқаның қызы Кәмпіт тәрбиелеп өсіреді.

Алғаш Темірбекті оқытып, сауатын ашқан әйгілі Сыр бойының шайыры, ақын Тұрмагамбет Ізтілеуов 3–4 жыл оған араб, парсы, шағатай тілдерін үйретіп, Шығыс халықтарының озық ойлы ғұламаларының дәстүрінде тәрбиелейді. Мұны болашақ қайраткердің өзі де мойындап, алғашқы ұстазының есімін ерекше ілтипатпен еске алып: «Тұрмагамбет ақын мені Науайдын, Омар Хайямның идеяларымен, жалпы Орта Азия мәдениетімен сусындалтты», – дейді. Ізтілеуовten алған білімі, өсіресе тәжік және көне өзбек тілдерін үйренуі оған кейін, Тәжікстан мен Ташкентте жоғары қызмет басында жүргенде пайдасын тигізді.

1909 жылы 11 жасар Темірбекті әкесі Қара Жүргенұлы Перовск уезіне қарасты Аламесектегі болыстық орыс-түземдік мектепке апарып, онда оған Омар Сатаев, Досмұханбет Букин сияқты демократиялық көзқарастагы мұғалімдер дәріс береді. Бұл мектепті 1913 жылы үздік бітіріп шығып, сол жылы Перовскідегі Суханский атындағы қалалық жоғары орыс-түземдік училищесіне оқуға түседі. Бұл осы кезде Перовскідегі ең ірі оқу орны болатын. Мұнда оған Баубек Есенов, И. Г. Давыдов, Н. Шинков, М. Широков сияқты прогресші ниеттегі адамдар сабак берген. Оның әдебиетке деген қабілеттілігі де осы уақытта айқындалады. Ол Крыловты, Некрасовты қазақ тіліне аударып, өзінің жолдастарын орыс жазушыларымен таныстырады. Ұстаздары мен жолдастары кейін өз естеліктерінде «Темірбек жастығына қарамай табанды, ұстамды, батыл және принципшіл еді» дейді.

Перовск училищесін бітірген соң Уфа жер өлшеу училищесіне оқуға аттанады.

Уфага барған ағасы Ноғай, туысқаны Бегім қалаға тараған

оба ауруынан қайтыс болып, бірінші курсты жақсы бітірген ол окуын тастап, елге оралуға мәжбүр болады. 1902 жылы туған Рахмет Жақыпов ақсақал: «Бір жылы жаз шыға Сыр бойындағы қыстаудан біздің ауыл жайлауға көшті. Қорқыт стансасы, Қарақұм, Жіңішкеқұм, Атанбас, Ақирик, Сұңқарқия-Косбүйрек арқылы Торғай өзенінің Үәлі өткелінен өтіп, Алматұлы Самұрат ауылының жайлауы Былқылдақтың қасындағы Басықара қопасындағы жайлауға жетті. Қасында Тел Жаманмұрынов және бір орыс азаматы бар окудан келген Темірбекті ауыл болып алдынан шығып күтіп алдық. «Қараның жеті жүрттың окуын тауысқан баласы Темірше әкесіне мал-мұлікті жарлы-жақыбайға бөліп беріп, жаңа заманға бейімделу қажет деген ақыл айтқанын ел аңыз қылды», – деп еске алады. Қарттың естелігін архивтік деректермен салыстырсақ, 1917 жылы 14 маусымда Петроград жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің өкілі Н. Подвойский, Санкт-Петербург ауыл шаруашылығы академиясының суландыру бөлімі факультетінде оқып жатып, Алаш азаматтарының тапсырмасымен орыс-герман майданы шебіндегі қазактар арасында үгіт жұмысында жүрген Т. Жаманмұрынов Шалқар стансасы арқылы Ырғызыға келіп, Ырғыз азаматтық комитетінің төрағалығына Тел Жаманмұрыновты сайлайды. Біздінше, қарттың Т. Жаманмұрынов пен Т. Жүргеновті көрүі осы кезеңге сәйкес келеді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін «Алаш» қозғалысының басшылары ұлт-азаттық көтеріліс женіліс тапқан соң өзге аймақтарға кеткендерді атамекендеріне қайта-руга, көтеріліске қатысушыларға үкімет тарарапынан кешірім (амнистия) жасатуға көп улес қосты. Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейін де қазак зиялышлары жаңа большевиктік режимді қолдаудың киын екендігін түсініп, орнына Алашорда ұлттық-автономиялық үкімет құру жолын тандады. Орынборда өткен тұнғыш Қазақ съезінде Орал облысынан F. Есенқұловпен бірге 1-Думаға депутат болып сайланған Алпысбай Қалменов, Торғай облысынан Тел Жаманмұрынов, А. Бірімжанов қатысады. Қазан төңкерісінің алғашқы сатысы есебіндегі Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылы барлық жерде қос үкімет пайда болды. Оның бірі – Уақытша үкіметтің саясатын жүргізетін азаматтық атқару комитеті, екіншісі – жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі. Халық арасында әрқайсысы өз билігін жүргізуге тырысқан бұл қос биліктің өзара қырқысына 1917 жылғы 25 қазандығы (7-қараша) әйгілі төңкеріс нүктө қойды.

1918 жылы Эліби Жангелдин жігерлі де, білімді жас жігітті Советтердің Торғай облыстық съезінә даярлық жұмыстарына тартты. Сөйтіп, ол Торғай облысындағы тұнғыш Кеңестер съезін шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросының мүшесінән жауапты хатшысы қызметтің атқарды. 20 жастағы балаң жігіт Темірбек Жүргенов, тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, Орынборда шыға бастаған «Қазақ мұны» газетінің жауапты хатшысы ретінде оны шығарудың барлық процесіне қызу атсалысты. Бұл кезең революция толқыны өте етек алған уақыт болатын. Сондықтан бұқара арасында жаңа заман идеяларын таратудың күрделі міндеттерін орынлауда газеттің рөлі өте зор болды. КСРО баспа ісін ұйымдастырушыла тәжік, парсы, араб, неміс тілдері...



мемлекет қайраткері, «Қазақ мұңы» газетін басқарған Нәзір Төреқұлов: «Темірбек жас та болса алғыр, принципті жас жігіт» деп жақсы баға берген.

Ірғыз актардан тазартылған 1919 жылы Т. Жүргенов Кенжеқара болыстық ревкомының төрағасы болып, сонымен бірге кеңес үкіметіне қарсы құштердің қалдықтарымен күреске арналған шағын милиция отрядына басшылық етеді. 1920 жылы коммунистік партия қатарына өткен ол Ірғызда 21 адамнан құралған коммунистік жастар одағын ұйымдастырып, оның тұнғыш жетекшісі болды.

1920 жылы 26 шілдеде Бүкілrossиялық Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Қеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декрет қабылдап, оған құрамында Қостанай, Ақтөбе, Ірғыз уездері бар Торғай облысы ендірілді. 1920 жылы желтоқсанда Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің сессиясында Қазақстанда 7 губернияның бірі болып, құрамында Ақтөбе, Ірғыз, Темір, Шалқар уездері мен Ақбұлақ ауданы бар Ақтөбе губерниясы құрылды. Жаңадан құрылған Ақтөбе губерниясы Ірғыз уезінің ревком төрағасының орынбасары, көп ұзамай төрағасы болып Темірбек Жүргенов тағайындалды. Бұл кездерде оның қызметтес серіктегі Ұзақбай Құлымбетов, Әліби Жангелдин, Бәймен Алманов, Тел Жаманмұрынов, Телжан Шонанұлы, Иса Қисықов және тағы басқалар болды. 1921 жылы Ірғыз уездік кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланды.

Ірғыз уезі Ірғыз, Шалқар аудандары болып екіге бөлініп таратылуына байланысты ол бұл міндеттен босатылады да, Орынбордағы орта білім беретін екі жылдық жұмысшылар факультетіне оқуға жіберіледі. Осы кезеңдегі оның «Ұшқын» газетінде жарияланған аса қызықты тарихы бар «Переводчиктің қиялъ» атты сатиравық тырнақалды туындысын Сәкен Сейфуллиннің нұсқауымен белгілі актер Серке Қожамқұлов 1937 жылға дейін және 1970 жылдардан кейін ұзак уақыт сахнада табысты орындалап келді.

1922 жылы Орынбор рабфагін бітіргеннен кейін осы факультеттің таңдаулы студенттерінің бірі ретінде Т. Жүргеновке Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне жолдама беріледі. Бірінші курста оқып жүріп-ақ ол осында жауапты қызметтер атқара бастайды. Үлкен сенім жүктелген Т. Жүргенов Қазақ АКСР-нің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады.

1926 жылы Ташкентте алғашқы Қазақ педагогикалық институты ашылып, оның тұнғыш ректоры болып университеттің соңғы курсында оқытын студент Темірбек Жүргенов тағайындалады. Алғашқы ұлттық педагогикалық жоғары оқу орнының дүниеге келуіне байланысты ол «Советская степь» газетіне педвуз міндеттері мен бүкіл әлемдік мәдениетті жерсіндіру, жергілікті халыққа жеткізу мәселелері туралы мақалалар жазса, 1927 жылы «Қазақ АКСР-інде жоғары оқу орындарын ұйымдастырудың нәтижесі мен болашағы» деген такырыпта баяндама жасады. Баяндамада «қазақ өз алдына жоғары мектеп ашарлықтай дәрежеге әлі жеткен жоқ, мына институт қазақ халқына бөтен мә-

тады» деген ұлт нигилистері мен мәдениет майданындағы шо-
карсы батыл тойтарыс бере отырып, ұлттық жоғары оқу орын-

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

дарын ашу қажеттігін және мұнда орыс профессорларының дәріс беруі қазақ халқының бүкіл дүниежүзілік мәдениетке, ғылым-білімге тезірек әрі кеңінен араласуға мүмкіндік беретінін жан-жақты дәлелдеп шықты. Баяндама «Қазақ педагогика институтының бір жылғы жұмысы» деген атпен жеке кітапша болып басылды.

Ташкентте оқып, жұмыс жасаған жылдары Темірбек Жүргеновтің саяси білімінің терендеу кезеңі болды. Сол кездегі бес одақтас республиканың бірі Түркістан және Қазақ Автономиялы Республикасы Орталық атқару комитеттерінің мүшесі ретінде Орта Азия аймағындағы саяси оқигалардың бел ортасында жүрген Т. Жүргенов қазақ халқының саяси және қоғамдық-мәдени өмір сахнасына дербес ұлт ретінде шығуына, тартысқа түскен ұлттық шекараның дұрыс белгіленуіне айрықша белсене араласты. «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінде жарияланған «Орта Азия Республикасында тұратын қазактардың хал-жайы» атты тарихи-этнографиялық очерктерінде қазактардың жалпы жағдайын, санын, кәсібін, шаруашылығы мен әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді, атқарылуғатиісті міндеттерді жеке-жеке қарастырып, орын алған жаңсақ пікірлерді сынады. Елді аудандастыру қарсаңындағы теориялық-практикалық жұмыстарға, талқылауларға катыса отырып, университетті бітірер қарсанда «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» деп аталағын диплом жұмысын жазып, бұл диплом жұмысына профессор Н. Фиолетов жоғары мектеп бітірушіге қойылар талап дәрежесінен әлдеқайда биік деңгейде орындалған деген жоғары баға берді. Диплом жұмысы 1928 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Патша екіметінің отаршылдық ниетпен қазақ жерін қайткенде біріктірмей мақсатында Қоканға, Бұқар әмірлігіне, Хиуа хандығына қосқан қазақ жерлерін тарихи-ғылыми тұрғыдан сараптап, Түркістан Республикасының қарамағындағы Жетісу, Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу ісіне студент-елші Т. Жүргеновтің қосқан үлесі зор. Сол кезеңнің басты мәселесі – Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік шекарасын межелеу ісіне белсене араласқан ол Қазақстанның іргесінің ұлттық тұтастануына, онтүстік өнірдің калың қазағының бір шаңырақ астына топтасуына айтарлықтай атсалысты.

Қазақ студенттері үшін «Саяси экономия» оқулығын аударып, ол 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шықты. Осы еңбек он жыл бойы жоғары мектеп студенттерінің, партия, кеңес, шаруашылық қызметкерлерінің, ғылыми шығармашылық интеллигенцияның пайдаланған оқу күралы болды.

Темірбек Жүргенов 1927 жылы университетті үздік бітіргеннен кейін, осы оку орнының мемлекеттік құқық бойынша ғылыми қызметкери болып істеді. 1929 жылы БК(б)П Орталық Комитетінің Орта Азия бюросы оны Тәжік АКСР-ның қаржы халық комиссары етіп тағайындауды. Ал 1930–1933 жылдары Өзбек КСР халық ағарту комиссары қызметін абыраймен атқарды. Сөйтін, ол Тәжікстан мен Өзбекстаниның экономикасын нығайтуға, мәдениетін көтеруге, халыққа білім беру ісін жолға қоюға, сол кезде қолға алынған үлкен ресурслардың қаржынан өзбек экономикасын көріспейтін мектептердің жүзеге айналдыруға атқарды. Ал 1933 жылы Өзбекстан мемлекеттік міндеттердің өнірдің калың қазағынан өзбек экономикасын көріспейтін мектептердің жүзеге айналдыруға атқарды.

бұл бауырлас халықтар арасында жоғары сенімге ие болуының басты себебі – осы екі ұлттың тілдерін жетік менгергендігінен. Бала кезіндегі Тұрмағамбет шайырдан өзбек, тәжік, араб, парсы тілдерін үйренуі қызмет істеп жүрген кезінде жергілікті халықпен емін-еркін сөйлесіп, олардың тілінде баяндамалар жасауға септігін тигізді. Т. Жүргеновтің архив қойнауларындағы бұл еңбектерін зерттеу-зерттеушілерін күтіп жатқан іс.

Өзбекстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Акмал Икрамовтың Темірбек Жүргеновті ерекше қадір тұтып, өзіне үзенгілес серік етуі оның Өзбекстанда жауапты жұмыстарды абыраймен атқаруына илгі септігін тигізді.

1933 жылы ақпанды «кіші октябрь» идеясымен қазақ халқын аштық пен ауа кешуғе ұшыратқан Ф. Голощекиннің орнына БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшысы болып Левон Исаевич Мирзоян келді. Оның қазақ халқы үшін істеген жақсылықтарының бірі – ұлт кадрларын өсіру мақсатымен республика аймағынан тыс жүрген азаматтарды Қазақстанға шақыртып, жауапты қызметтер беруі. Солардың бірі – Т. Жүргеновке Қазақ АКСР-нің Халық ағарту комиссары қызметі ұсынылып, ол арнайы шақырумен Өзбекстанға барған F. Мұсіреповке үш түрлі шарт қояды:

- біріншіден, мені байдың баласы деп қудаламайтын болсын;
- екіншіден, жергілікті органдарға айтқан сөзім өтімді болуы үшін Өлкелік партия комитеті бюросының құрамына енгізін;
- үшіншіден, қаржыдан қақпасын, Халық ағарту комиссариатына бөлінген қаржы-қаржат толық өз билігімде болсын.

Бұл шарттармен Л. И. Мирзоян толық келісіп, Т. Жүргеновтің оку-ағарту, мәдениет, ғылым, өнер салаларындағы қат-қабат шаруалары басталып кетті. Әуелі сауатсыздықты жою, жаппай бастауыш мектептер ашу ісі қолға алынды. Барлық облыс орталықтарында 6 айлық курстар ашылды, «Әрбір мұғалім кем дегенде 35 адамның сауатын аш!» деген ұран көтерілді. Комиссариат жанынан ересек адамдарды оқыту жөнінде басқарма құрылды, оның сауатсыздар, шала сауаттылар және жоғары типтегі мектептер атты бөлімдері болды. «Төте оку» атты газет шығып тұрды. 1934 жылы 468 мың дана, ал 1935 жылы 1,5 млн дана оқулық кітаптар басылып, таратылды. 1935 жылы бастауыш мектеп саны 6587-ге (оның 3751-і қазақ мектебі) жетті, 573 орталau және 169 орта қазақ мектептері болды, оларда 640 100 оқушы оқыды. Осы 1935 жылы Халық ағарту комиссары Т. Жүргеновтің тікелей қатысуымен республика басшылығы бірнеше қаулы-қарарлар қабылдады. Енді бастауыш мектеп – 4-кластық, орталau мектеп – 7-кластық, орта мектеп – 10-кластық болып белгіленді. Елімізде 1929 жылы оку-ағарту ісіне бір адамға шаққанда 3 сом бөлініп келсе, 1935 жылы 33 сом, ал 1937 жылы 90 сом бөлінетін болды. Мемлекет қаржысына 3000, колхозшылар құшімен және 1000 жаңа мектеп салынды, бұрыннан бар мектептер ұлғайтылды. Осылайша 1937–38 оку жылында Қазақстанда оқушылар саны 1,0 миллионнан асты. Орталau мектеп саны 417-ден 1097-

315-ке дейін көбейді.

* * *

Бұл кезең туралы Сәбит Мұқанов былай деп жазды: «Мирзоян басшылығының ерекше қолға алған мәселесінің біреуі – оқу-ағарту болды. Ол кезде Қазақстанның оқу комиссары болып Т. Жүргенов тағайындалды. Мектептен алған мамандығы экономист болғанымен, бұл жігіт мәдениет мәселесіне де жүйрік қазактың біреуі болды. Орта Азия университетін 1926 жылы бітірген ол республиканың әртурлі қызметін атқарып жүрді де, Мирзоян келе оқу комиссариатына тағайындалды. Бұл қызметтің алғашқы күнінен-ақ оның қоңіл бөлгөн үлкен мәселелерінің біреуі – мектептерге, мәдениет мекемелеріне үйлер салу болды. 1933–1937 жылдарда Т. Жүргеновтің ынта жұмсауымен республикада салынған мектептің жақсы үйлерін жүздел санауга болады. Бір ғана Алматының өзінде осы қалаға көрік беретін 18 мектеп салғызыды. Оқу кітаптарын, оқу құралдарын молайтуға да Жүргенов ете көп еңбек сінірді. Мен Қазақстан Республикасы үйымдастынан бері оқу жұмысын басқарып келген адамдардың бәрімен де таныспын. Жүргеновті солардың ішіндегі ең күштілерінің бірі еді десем, еңбегіне лайық баға ғана болар еді».

Оқу-ағартумен қоса мәдениет пен әдебиет саласындағы Т. Жүргеновтің жасампаз құмылдары оның сол кездегі «О пьесе «Хан Кене» и его критиках», «Казахский перевод «Шах-наме», «Торжество казахского искусства», «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Мектеп мәселелері», «О чуждых явлениях в казахском литературном языке», «Декада казахского искусства», «Жерүйық», «Қазақстанның ақындары мен жазушылары», «Искусство Казахстана на Всесоюзной сцене», «Праздник расцвета национальной культуры», «К вершинам культуры», «О прошлом и настоящем искусстве казахского народа» және т. б. кітаптары мен жүздеген мақалаларында айқын көрініс тапқан.

1934 жылы қаңтарда екпінді мұғалімдер съезі, ал мамырда мәдениет қызметкерлерінің бүкілқазақстандық I съезі өткізілді.

1934 жылы 13 қаңтарда қойылған «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы – қазак операсының туған күні. Одан кейін сахналанған «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» операларында да, музыкалық студияның Қазақ мемлекеттік музыкалық театры (қазіргі Абай атындағы академиялық опера және балет театры) болып қайта құрылуында да Темірбек Жүргеновтің қажырлы қайраты, көсем басшылығының ізі жатыр.

1934 жылы 15 қаңтарда Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. Алматыда, Оралда, Ақтөбеде, Қарағандыда, Қызылордада, Петропавлда, Семейде, Шымкентте екі жылдық мұғалімдік институттары ашылды. Мәдени-ағарту саласында 30-ға жуық, ал өнеркәсіп, транспорт, байланыс үшін 20-дан астам техникум үйымдастырылды. 1936 жылы алғашқы 66 маман-дәрігер мединститутты бітіріп шықты. 1934 жылы Семейдегі геология-барлау институты Алматыға көшіріп әкелініп, Қазақ кен-металлургия институты (ҚазПТИ) құрылды.

Сол жылы Алматы музыкалық жасақталып, оның жанында кт.



музыкалық-хореографиялық мектебі алғашкы оқушыларын қабылдады. Оралда да музикалық мектеп ашылды. Қазақстан жазушыларының I съезі өткізіліп, халық өнері шеберлерінің слёттері ұйымдастырылып, ел ішінде көміліп жаткан таланттардың көзі ашылды.

1935 жылы қаңтарда Қазақстанды зерттеу қоғамының жаңа жарғысы бекітілді. Барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіретін арнайы ғылым комитеті құрылды, архив, музейлер ұйымдастырылды. Кожа Ахмет Яссауи мавзолейі мемлекет қарауына алынды.

1935 жылы Қазақ мемлекеттік филармониясы құрылды, одан бұрынырақ ҚазЦИК атындағы (қазіргі Құрманғазы атындағы) халық аспаптар оркестрі негізін қалаған болатын. Бұл туралы академик Ахмет Жұбанов: «Казак-орыстың сыз жеркепесінде оркестр мүшелеріне саужой сабағын өткізіп жатқанмын. Парта деген атымен жоқ, жер еденге әркім барын астына төсеп, қаңылтыр пешті тақта қылыш лаждан жүрміз. Кешкі алаке-үімде Жүргенов кіріп келді. Жан-жағына қарап: «Бала, ертең маған келіп кет», – деді. Ертеңіне кабинетіне кірген бойда: «Ахмет, мұның не?! Парта қайда, тақта қайда, қағаз, қалам,nota дәппері қайда, маған неге айтпайсың, неге келмейсің?!» – деп баstryrmalata сұрактар қойды. Мен болсам не айтарымды білмей: «Үлкен қызметтегі адамсыз, сіздің бізсіз де қат-қабат жұмыстарыңыз көп қой», – дедім.

– Эй, Ахмет, сен білесің бе? Сен тарихқа Қазақ деген халықтың жаңа заманға лайық үлттық аспаптар оркестрінің тұңғыш ұйымдастырушысы болып енесің. Мен бүгін Наркоммын, ертең Нарком емеспін. Мен сенің оркестріңнен үлкенмін бе?! Әңгімені қой, бұдан былай кез келген мәселеде маған тікелей кел, есігім ашық, – деді. Сол күні кеште ертенгілік айтылған парта, тақта, қағаз, қалам, nota дәппері тиелген «темір наркомның» полуторкасы біз орналасқан жеркепенің алдына келіп тоқтады да, біздің еншімізге тек түсіріп алу ғана тиді. Жүргенов солай жұмыс істейтін. Темірбекпен сейлесіп шыққанда, «Алатауды айырып, Қарататуды қайырып жібергендей» жігермен үйге қайтатынбыз. Өнер саласында қай-қайсысымыз үшін сол Темірбектің жүрегі жетпейтін», – деп еске алады.

Т. Жүргеновтің осындай қасиеттеріне сүйсінген Сәкен Сейфуллин оны «Біздің Жүргенов – жұмыскер нарком» деп бағаласа, Л. И. Мирзоян БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің алтыншы пленумында «... Жүргенов жолдас Халық ағарту комиссариатын үлттық мәдени құрылышқа басшылық етудің шын мәніндегі штабына айналдырады деп ойлаймын» деп сенім білдірді, кейінірек «Жүргенов – железный нарком» деп өзге министрлерге үлгі етті. Ол туралы академик-жазушы Ғабит Мұсіреповтің «Мәдениет майданына мейрам келді. Халық ағарту комиссары Т. Жүргенов тілді де тісті, жігерлі де іскер адам еді» деп, ал халық әртісі Құрманбек Жандарбековтің: «Темірбек Қараұлының театрдың творчестволық өсуіне қаншалықты құш салып, енбек еткенін сөзбен айтып жеткізу өте киын. Өзінің тұңғышын сүйіспеншілікпен қуана қарсы алған әке сияқты, Т. Жүргенов – қазақтың музикалық сахна театрын әкелік камкорлықпен аялады.

Артқы қарағандық бізге қосымша құш берді. Біз де еселеңген

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

жігермен жұмыс істедік. 1934 жылы 7 январьда біз тұнғыш рет қазақ драма театрының сахнасынан «Айман-Шолпан» спектаклін көрсеттік.

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз, біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде білеміз, біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз», – деп естеліктер жазуы шын көңілден шыққан ризалық сезімдер еді.

1935 жылдың мамыр айында мәдени құрылыш қайраткерлерінің бірінші съезі болып, онда нарком Жүргенов баяндама жасады. Ол көркемөнер, мәдениет, әдебиет, ағарту ісі жұмыстарының жетістіктеріне шолу жасап, алдағы міндеттерді саралап көрсетті. Ол міндеттердің тоғысар түйіні қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі алғашқы онкундігіне дайындық екенін халық комиссары сол съезден кейін республикалық газеттерде жарияланған мақалалары мен берген сұхбаттарында бірнеше рет атап көрсетті.

Онкундік 1936 жылдың мамыр айында Мәскеуде өтті. Бұл қазақ әдебиеті мен өнерінің одақ көлеміндегі алғашқы мерекесі әрі саяси мәні бар маңызды емтиханы болды. Осы онкундіктің ете табысты өткені, даланың ән мен күйін, сез өнерін сол кездегі Одақ астанасының талғампаз қауымы жылы қабылдағаны белгілі. Ал бұл шараны дайындалап, өткізу тікелей Темірбек Қараулының басшылығымен жүргізілді. Ол туралы көптеген естеліктерде асқан сүйіспеншілікпен баяндалады. «Жабырлап барғасын жарқырап қайтайық» деген принциптегі намыскер наркомның осындай аса ірі еңбегі лайықты бағаланды, онкундіктің корытындысы бойынша Жамбыл, Сәкен, Құләш, Құрманбектермен бірге Темірбек Жүргенов те Еңбек Қызыл Ту орденімен марарапатталды.

Мәскеудегі онкундіктен кейін 1937 жылдың басында Қазақстан Үкіметінің шешімімен музыкалық театр «Қазақтың мемлекеттік опера және балет театры» болып қайта құрылды. Театрдың лайықты орнының болмауына аландыған Т. Жүргенов 1937 жылдың жазында Қырымға емделуге барғанында Одессаның опера театрында болып, одан 20-дан астам фотосуреттер, эскиздер алып келеді. Бұл мәселені жоғарғы органдардың алдына қойып, ресми жағын реттестіріп, ең ақырғысы ғимарат бой көтерер орынға дейін өзі таңдайды.

Бұл туралы зайыбы Дәмеш Ермекова-Жүргенова былай деп еске алады: «Бір күні Темірбек екеуміз Калинин көшесінің бойымен қыдырып келе жатып, кенет ол тоқтай қалды да маған қарап «осы жерде біздің опера театрымыздың уйі салынады» деді. Іргетасын құйып, алғашқы кірпіштерін қалауға Т. Жүргеновтің өзі тікелей қатысқан сол жерде бүгінде үлттық өнеріміздің Алтын Ордасы – Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театры жүртшылыққа есігін айқара ашып тұр».

Т. Жүргенов республика Халық ағарту комиссары болып небәрі төрт жыл ғана істеді. Бірақ сол төрт жылда қазақ өнері мен мәдениеті, білім беру ісі салаларында ете көп істер тындырылды. Қазақ өнерінің көркем өнерпаздар дәрежесінде тұрып қалған мимырт тіршілігіне ерт салынды. Төрт жыл көлемінде аткарылға



өмірін өзгертуге бел шешіп, білек сыбанып кіріскенін айқын көрсетеді. Ол әрбір жылт етіп көрінген жаңалықтарды, бойындағы таланттын сездірген жаңа есімдерді Өлкелік партия комитеті мен республика үкіметіне шұғыл жеткізіп, бірге қуантып отырды. Сөйтіп, республика басшылығын өндіріс пен шаруашылық мәселелерінен бір де кем емес рухани саланы үнемі назарда ұстауға табанды істерімен, өткір пікірлерімен ықпал жасады. Жамбыл, Тұрмажамбет, Дина, Нұрпейіс, Күләш, Шара, Қанабек, Құрманбек, Ахмет, Ғамбар, Әбілхан, т. б. ондаған, жүздеген талантты өнер қайраткерлерінің жарқырап көрінуі, олардың шығармашылық шарықтауы, одактық көлемде насиҳатталуы Теміrbектің тегеурінді іс-қимылдарының нәтижесі екендігін ондаған естеліктер дәлелдей алады.

«Темір Нарком», «Қазақ Луначарский» атанған Т. Жүргенов жоғарыдағы аталған кесек-кесек істерді өзі басқарды, өзі үйымдастырды, өзі қадағалады. Аудан, ауылдарды аралады, театр репетицияларына қатысты, қойылымдарға сын жазды. Шаруа көбейген сайын, жауапкершілігі артқан сайын шарқайрақша қайралып, шарқ үрдьы.

1930 жылдардағы қазақ аспанында осындағы жарық жүлдyzдар ондап, жүзден саналды. Өкінішке орай, заманның ағымына қаншалықты бейімделсе де, олардың барлығы дерлік кеңестік тоталитарлық жүйенің құғынына түсті, жазықсыз жапа шегіп, жазаланды.

Қазақ АССР-і жеке отау тіккен 1920 жылдан 1938 жылға дейін кеңестік идеологияның қара тізіміне іліккен, саяси құғын-сүргіннің құрбаны болған еліміздің білім, оқу-ағарту, мәдениет саласын басқарған, халқын жарқын заманға жеткізе алмай арманда кеткен 11 қазақ ардақтыларының тізімін сараптар болсақ, кеңестік жүйе саясатының шын бейнесін басқа дәлелдеусіз-ақ ашып көрсетер еді:

1. Ахмет Байтұрсынов (1920–1922 жж.)
2. Аспандияр Қенжин (1922 ж.)
3. Нұрман Зәлиев (1922–1925 жж.)
4. Смағұл Садуақасов (1925–1927 жж.)
5. Қарім Тоқтабаев (1927–1930 жж.)
6. Ораз Жандосов (1930 ж.)
7. Нұрман Манаев (1930 ж.)
8. Сейітқали Мендешов (1930–1933 жж.)
9. Темірбек Жүргенов (1933–1937 жж.)
10. Біржан Манкин (1937 ж.)
11. Хансұлтан Сүйіншалин (1937–1938 жж.)

1937 жылы маусым айында Семей сайлау округі бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат болып ұсынылды. Тамыздың 2-сі күні тұтқынға алынды. 1938 жылы ақпан-наурызда «халық жауы» деген жалған жаламен атылды. 1937 жылы 15 қыркүйек күні әкесі Қара, бауыры Ысқақ та ұсталып, сотсыз, тергеусіз олар да атылды.

Жа-Жүргенова 1938 жылы түрмеге қамалып, 8 жылға сottалды. КСРО Премьер-Министрі Ермековтің қарындасты, «халық жауының әйелі» 18 жыл

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ

азаптан соң, 1957 жылы ғана Алматыға оралды. Олардың Шоратай атты жалқы үлдәрү Тәшкенде жастай қайтыс болды. Бауырларына басқан іні-баласы Жұманазар «халық жауы» деген түртпекке шыдамай, Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға өз еркімен сұранып кетіп, оралмады.

Қырыққа толар-толмас қысқа ғұмырында халқы үшін қыруар іс тындырған, жалынды публицист, іскер үйымдастырушы, білгір маман, көрнекті қайраткер кеңестік tota-литарлық жүйенің құрбаны болған Темірбек Қараұлы Жүргенов 1957 жылы ақталды. 1968 жылы Т. Жүргеновтің өмірі мен қызметіне кеңестік идеология тұрғысынан талдау жасаған Рамазан Сүлейменовтің «Темірбек Жүргенов» атты кітапшасы жарық қөрді. Ол туралы мақала, естеліктер жазылды. Т. Жүргеновтің өмірдерегін жылдар бойы жа-лықпай жинаған Мардан Байділдаевтың іс-кимылдары арқасында оның 80 жылдық, 90 жылдық мерейтойлары Алматы қаласында кен көлемде атап өтіліп, 1978 жылы Ырғыз ауданы Нұра ауылындағы мектепке Т. Жүргеновтің есімі берілді. 1986 жылы Ырғыз ауданының орталығында ескерткіш-бюсті орнатылды. 1984 жылы Алматы қаласындағы бір көшеге, кейін Өнер академиясына Т. Жүргеновтің есімі берілді. 2013 жылы Эйтеке би ауданының бір көшесіне ескерткіш тақта орнатылды. Темірбек Жүргеновтің публицистикалық еңбектері туралы журналист Б. Иманғалиев, педагогикалық идеялары туралы А. Садықовадар кандидаттық диссертациялар корғады. Журналист Т. Дайрабаев «Тұғыры биік тұлға» атты жинақ шығарды. Б. Иманғалиевтің құрастыруымен 2001 жылы оның таңдамалы шығармалары жарық қөрді.

Алайда Т. Жүргеновтің тарихи тұлғасын кейінгі ұрпаққа толыққанды таныта алар іргелі зерттеулер мен еңбектер, бүгіндегі күн тұрғысынан оның қайраткерлік тұлғасына жасалар зерделеулер алдағы күндердің еншісінде.

Тынышибек Даирабай

ЖҮРГЕНОВТЕР ӘУЛЕТИНІҢ АҚИҚАТАСЫ

Жүргеновтердің арғы бабалары – Шемекейдің Бозғұлынан тарайтын Сарғасқа руынан шыққан Жәрімбет би. Жәрімбет бидің есімі 1803, 1805 жылдардағы Ресей құжаттарында жазылып, оның Шемекей руының айтулы 6 биінің бірі екені көрсетілген. Жәрімбет бүгінде ру атын алған. Осы Жәрімбет биден туған Әлен, одан тараган Куан (ірі байлар болған), Куаннан Жүрген, Тұрған тағы басқа ұрпақтар өсіп-өнген. Жәрімбет бидің тікелей алтыншы ұрпағы болып табылатын Темірбек (Теміршес) Қараұлы Жүргенов және Жүргеновтер әулетінен тараған ұрпақтардың кеңестік жүйеден көрген зорлық-зомбылықтары ауыр трагедиялық жайт.

Әрине, оқырман қауым 1933
жылғы кызмет істеген Т. Жүргенов



толық ақталғанын білері сөзсіз. Алайда оның бірге туған інілері, әкесі мен Тұрған үрпактарының басына түскен зобаланды біле бермеуі әбден мүмкін.

Колхоздастыру кезінде мал-жанды бір орталыққа ұйыстыруға қарсы шыққандар арасында Жүргенұлы Қара, оның балалары Қосжан, Досжан, Жұдырық баласы Нұржан болған.

Жүргеннен – Қазыбай, Қара, Жұдырық, т. б. балалар өсіп-өнген. Осы үрпақтын ішінде Қара есімі ерекше құрметпен аталады. Қара Жүргенұлы 1858 жылы Қазалы уезіне қарайтын Қаракөл-Қуандария болысында көшпелі отбасында өмірге келеді. Жоғарыда айтқанымыздай, Жәрімбет, Әлен, Куан да өз кезеңінің тұлғалы азаматтары болған. Есімі Сыр мен Арқаға бірдей таныс, Сыр сүлейлерінің ұстазы атанған Сарыбай Әзілкеш ақынның Болық қызын айттысында:

«... Ақ Болық жіңішке мен жуан қандай?
Сыймайды-ау қамзолыңа сыбанғандай!
Мақтайсың оның несін, ей, ақ Болық,
Қоздатқан сексен мынды Куан қандай!»

Міне, сексен мың қой қоздатып, 3 мың жылқы өргізген Қуаның бел балалары Жүрген, Тұрған, Дәгір мұрза. Байлығы демекші, ел аузындағы әңгімелерде XIX ғасырдың 40–50 жылдарында Қаракұмда Дәгір мұрза қайтыс болғанда, кеш 40 күн еру болып, Шатырлыда күмбезді үй-там салайын десе, құмдак жерде кесек құя алмайтын болады. Сонда Қуан екі мың жылқының жалы мен құйрығын құзеп, құнде мың биені саудырып, құмды сұтке илеп, кірпіш бастырады. Осы әдіспен үй-там салғызып, ұсталардың тамағына 90 қызырақ байлатыпты. Сол үй-там сол кезден бері Дәгір тамы аталып келеді.

Жәрімбеттен басталған билік, байлық Қара Жүргенұлына да жеткен. 1898–1901 жылдарда болыс болған.

Қазақстан үкіметінің 1927 жылғы ірі байларды тәркілеуіне Қара Жүргенұлы 1928 жылы ілінеді, ал оның үлкен балалары Қосжан мен Досжан тәркілеуден қашып, Қаракұмды паналяған.

Мемлекеттік мұрағаттағы сарғайған құжаттар арасында Қара Жүргенұлы, оның баласы Ысқақ пен немересі Миназардың іс-қағаздары кездесті.

Бұрынғы Жарқөл болысының ауылында тұруши К. Жүргеновті 1928 жылы 4 қантарда Қазы деген жерде малдарын алдын-ала есепке алып, оның жазда Мамытта, қыста Қазы мен Сырдария бойында болатындығын және 100 ірі жылқысы, 40 құлын-тай, 120 түйе мен ботасы, 50 сиыры бар екенін, қой-ешкісінің 500 басты құрайтының іске тігілті. Сонымен қатар осы құжатта: саманнан салынған үйі, 4 жалшы ұстайтыны, жеке құймесінің де барлығы тіркеліпті. Мұнда және оның жеке қыс қыстауы, жаз жайлауы, майса шабындығы, оған бөтен ешкімнің малы жіберілмейтіні, 1919–20 жылдардағы қызметі, 1926 жылы жеке қаражатымен мешіт салдырғаны да жазылған.

Ақтөбе облыстық комиссиясының 27-тамыз бен 4-қыркүйектегі қаулылары бойынша
—мүлкін тәркілеп, осы жылдың 27-қарашасынан қалмай
(...) қаралы округіне барып тіркелуін міндettegen.

Ыңғыз аудандық тәркілеу комиссиясының мәжілісінде (4-қараша, 1928 ж.) № 27 санды шешімімен ҮІсқақ Қараұлының мал-мүлкін тәркіледі. Миназардың шаруашылықтары бөлек емес, К. Жүргенұлымен бірге деп қаулы шығарған. Бұған қарсы ҮІсқақ Қараев, Миназар Ноғайұлы: «Біздің еншіміз бөлек» десе, 1928 жылдың 22-қарашасында А. Бәйімбетов өз малдарының Досжан, Қосжан Қара балалары мен К. Жүргенов малдары ішінде кетіп отырғанын, тәркілеу комиссиясынан малдарын қайтаруды сұрап арызданған. Қаншама арызданса да, олардың еншілері (мал-мүлкі) Қарамен бірге деп үйгарым жасалған.

8-қараша 1928 жылы Ырғыз ауданында өткен жалпы жинальыста салық төлемегені үшін: 1). Жүргенұлының малын алуға; 2). Алты құлышынды бие, 2-бойдақ байтал, бір айғырын сатуға үйғарым да жасапты.

Күжаттар дерегін қарап отырсақ, жазбалар түрліше болып, тіпті бір-біріне қайшы тұстары кездеседі. Бұл кезеңнің (1928–1929 жылдары) нағыз аласапыран болып, байларды аяусыз құтындағаны, тіpten олардың арасында кедейлер мен оргашалардың да жапа шеккендері айқындала тұstі.

Қ. Жүргеновтің 1928 жылдың 10-тамызында комиссиялардың есептеуінше 388 бас (ірі қараға шаққанда) малы болса, қазір 204, жасының 65-те екені күжатқа тускен.

Тәркілеуге (ірі байларға) жатпайтынын айтып Қара Жұргенұлы Қазак үкіметінің басшысы Елтай Ерназаров пен Бүкілодақ ақсақалы атанған М. Калининге дейін арызданған. Алайда оның бұл арыздары қанағаттандырылмапты. Сондай-ақ ол арызында: «Мал шаруашылығымен айналысқанын, 3 отбасында 14-жанның барлығын, мал бағудан басқа ешнәрсе білмегенін, көрмегенін, жазығының жоқ екенін айта отырып, Қ. Жұргенұлы Қазак ССР Жоғарғы тәркілеу комиссиясына тағы да арызданған.

«... Мені актілегенде Ыргыз ауданында едім. 27-тамызда байларды тәркілеу туралы шығарылған декреті бойынша ұстап отыр. Декреттегі заңға малым жетпейді, малымның саны – 66 ірлі-уақты жылқы, 18 түйе, 65 қой, 1 бұзаулы сиыр. Мені бай деп ұстап отыр. Тәркілеуге алдын-ала есептеген жоқ, қыстау, там да, қымбат мүлік те жоқ. Ыргызыда ешбір жұмысқа араласқан емеспін. Болыс болғаным жоқ, қайта патшалық кезенде 2 жыл Ыргызда абақтыда, түрмеде болдым. Ол туралы қолымда құжаттарым да бар. Алашорда кезінде кеңеске жақ болдым. Сол үшін Алашорда бастықтары А. Теміров, К. Сейдалин дегендер 300 түйе айып салып, малымды талады және өздері қашып кеткен-нен кейін де менің басымды жауапкершіліктен шығармады. Кеңес кезінде жаман сөзге ілікken емеспін, жауапты болғаным жоқ. Жайыма көшіп жүрген шаруамын». (Әкесі хат танымайтын болғандықтан, әкесі Қара үшін, растанап қол қойған баласы ЫІсқақ).

Қара Жүргенов арызында жоғарыдай баяндаса, 1928 жылдың 8-қарашасындағы Ырғыздағы № 18 ауыл адамдарының жалпы жиналышында Қара хакында былайша жазылыпты: «Қара Жүргенов Николай заманында 3 жыл болыс болған. Болыс болып жүргенде өзінің хатшысы Заркүм дегенмен кас болады. Сөйтіп айтысып жүргеніле араға пара кіріп, Заркүмдү Сібірге айн.

24 айға түрмеге жапқызды. Со...



Жүргеновтер әuletінің өмір жолдарын 45 жылдан бері зерттеп жүргендіктен, сол кезеңдегі құжаттардан Қара жайлы жазбаларының (байлығы, іс-әрекеті, қызметі) кейбірінің шындыққа жанасатынын аңғардық. Қ. Жүргеновтің жоғарыда үзінді келтірілген арызында болыс болғаным жок деуі өтірік те, 2 жыл түрмеде болғаны шындық. Өйткені 1901 жылдың 25-наурызында Қара Жүргенұлы мен Қошпан Айтбаевтың үстінен қылмыстық іс қозғалып, № 362 бап бойынша сотқа тартылып, ісі қаралған. Бұл жөнінде «Туркестанская ведомость» газетінде хабарлама да басылған.

Қараның мәлімдеме арызында үш отбасының бірге екенін жазса, баласы Ысқақ пен немересі Миназар Ноғайұлы: «... 1923 жылдан Қарадан еншілерінің бөлек екенін, жеке малдарына салық төлеген түбіршіктерінің (квитанция) барлығын, Ысқақта 24 жылқы, 13 түйе, 9 сиыр, 50 қой-ешкінін, Миназарда 14 жылқы, 11 түйе, 6 сиыр, 30-майда малының Қара Жүргеновтің малдарына қосылып есептелгенін айттып арызданған». Олардың арызын Қызылорда округтік нотариус Құрымшин бекітіп, қолын қойған.

Жергілікті ұйымдар мен тәркілеу комиссиясынан басқа Қазақ үкіметінің басшысына арызданған. Е. Ерназаров 1928 жылдың 30-карашасында Ысқақ Қараұлы мен Ноғаев Миназарды тәркілеуден босатуды тапсырған. Бұл кезде Миназардың қарауында шешесі Сұлу, қарындасты Сымбат болса, Ысқақта екі жан ғана екен. Мұрағат деректері осылай дейді.

Мұрағат құжаттарын қарап отырсаныз, әке мен баланы, іні мен аға арасын шатастырған, бір-біріне қарсы қойған деректер де бой көрсетіп қалады. Сондай деректің бірі Қараұлы Ысқақтың Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Ізмұқан Құрамысовқа жазған хатында:

«Ізмұқан ағай!

Ғафу ете көріңіз, аз ғана менің арызым бар. «Мақтаған кісідей, шаққан өлтірет» деп нақақтан сорлап отырмын. Өзім екі бастан өткен заманда жас болдым, кенес өкімет басында ауыздығын аузынан сүйіп аққан жасының бірі емеспін бе? Бір алжығанның қылмысына айырбасып, нақақтан түсіп, жас басым көктей солып, қыршыннан қылып, құқығынан айыратында жана өкіметке не жазығым бар. Әділеттілік келеді ғой деп едім, олай болмады. Аяғында, осында болдым.

Енді, Ізмұқан аға, ұрсаныз да сізден басқа жылайтын адам таба алмадым. Өз қолыңыздан өлтіріңіз. Жаңа занға қарсылығым емес. Біреу үшін қүйіп барамын. Бағызыда екі-үш күн болса да етігіңізді тартып, төсегіңізді салған, қосшылық акымды екі дүниеде сұраймын», – дейді.

Әкесі мен баласын қарсы қойған кеңестік саясаттың нәтижесінде баласы бар кінәны әкесіне аударып, оны «алжыған», «біреу үшін» деген сөздерді еріксіз айттырып, жаздырып отыр.

1928-1929 жылдар аралығында жүргізілген тәркілеудің көрінісі осында болса, 1930 жылғы шаруалардың кенес өкіметіне қарсы қарулы көтерілісі осы тәркілеуден,

бітталған. Қара Жүргенұлының ең үлкен ұлы Ноғай тәркілеуден, одан кейінгі үлкендері Қосжан, Досжан Қаракүмға қашып

барып, сарбаздар жасақтап, бүгінде «Қарақұм көтерілісі» деген атпен белгілі көтеріліс басшыларының бірі болған.

Алайда кеңес өкіметі басшыларының тарапынан кеңшілік болады деген сөзге сеніп, ақыры түрмеге қамалды. Қараев Қосжан, Досжан екеуі ОГПУ алқасының 1932 жылдың 19-қантардағы қаулысымен атылған. Ал Қара Жүргенұлының өзі 1929–1932 жылдары Қарқаралы округіне жер аударылып, ақыры 1933 жылы Жалағаштағы №16 ауылға келіп ашаршылықтан әупірім деп аман қалады. Кейін тыныш өмір сүріп жатқан Жүргеновтер әuletі басына тағы да зобалаң түседі. Ең алдымен Қазақстан Халық ағарту комиссары қызметіндегі Темірбек Жүргенов 1937 жылдың 2-тамызында КСРО прокуроры Вышинскийдің санкциясымен ұсталып, қамауға алынып, РСФСР қылмыстық кодексінің 58–1а, 58-6, 58-7, 58-8 және 58-9 баптары бойынша айыпталған.

1937 жылдың 6-шы қыркүйегінде тергеушілерге берген жауабында Т. Жүргенов: «... Мен өзімді кінәлімін деп есептемеймін. Себебі ешқандай контрреволюциялық үйымға мүше болғаным жоқ және ондай үйымның бар-жоғы маган мүлде белгісіз», – деген. Т. Жүргенов кейінгі жауаптарында тағылған айыптардың біразын мойындаған. Шын мәнінде оны зорлап мойыннатқан. Сондай-ақ тергеушілердің ісіне республикалық басылымдардың жала жапқан мақалалары да көмектескен тәрізді.

КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының көшпелі мәжілісінде Темірбек Жүргеновтің қылмыстық ісі қаралып, ату жазасына кесілген 19 комиссардың бірі болды. Үкім 1938 жылдың 25-ақпанында қазіргі Жаңалық ауылында орындалыпты.

Алматыдағы Темірбектің ұсталуын күтіп отырғандай Қармақшы аудандық НКВД бөлімшесін басқарған сержант С. А. Пяткин Оңтүстік Қазақстан облыстық НКВД басқармасына қатынас жолдап, Қара Жүргеновті 1 категориямен тұтқындауға рұқсат сұраған.

Басшыларынан келісім алған Пяткин К. Жүргеновті 17-тамызда камап, 15-қыркүйегіндегі Оңтүстік Қазақстан НКВД басқармасының «үштігінің» шешімімен атуға бұйрық шығарылып, ол үкім 1938 жылдың 25-қыркүйегінде Қызылорда қаласы маңында орындалған.

«Халық жауының» әйелі атанған Дәмеш Ермекова бас бостандығынан айрылып, «Алжирде» болады. 1946 жылы ғана Алматыға келуге рұқсат етілген. Ал Темірбек Карапұлы Жүргеновтің өзі 1957 жылдың 18-көкегіндегі КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының шешімімен толық актальды. Алайда Д. Ермекова, М. Байділдаев т. б. азаматтардың ізденістері нәтижесінде алғаш рет Т. Жүргеновтің 70 жылдығы 1968 жылы атальды. Міне, содан бері 80, 90, 100, 110 жылдық мерейлі жылдары аталаған өттіде. Көптеген мектептер мен мәдени орындарға, көшелерге Т. Жүргенов есімі берілді. Алматыдағы өнер академиясы Т. Жүргенов есімімен аталады.

Жүргеновтер әuletінің басынан кешкендерін осымен токтатуға болар еді. Алайда Жүргенов үрпактарының бірі «Карташ» шахматистың 50-жылдық тарихы (1927–2000) ағайдың жазған.



1937 жылдың айы, күні көрсетілмеген қамаудағы Қ. Жұргенов туралы анкетада оның 1858 жылдың Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылорда ауданында Қаракөл деген жерде туып, Қармақшы ауданының №16 ауылында тұрғаны жазылып, отбасы мүшелері түзілген. Әйелі Кәмпитет Демесінова 49 жаста, ұлдары: Қосжан Қараев 44, Досжан Қараев 43, Темірбек Жұргенов 40, Ысқақ Қараев 30, Кәпназар 29, Миназар Ноғаев 17, Қараев Айназар 12, Загипа Қараева 5 жаста деп көрсетіліп, айыптау құжатының № 937 іс екенін де анық жазған. Міне осындағы тізімде Ташкентте оқуда жұрген Биназар (Битай) Куановтың есімі жоқ, ол 1920 жылды туылған.

Қара Жұргеновті ұстал, үйіне тінту жүргізгендегі (1937 жылдың 17-тамызында) мынадай заттары тізімге алынған:

1. 6250 сом ақшасы (1919 жылғы ұлғідегі);
2. 160 сом ақша (бұл ақшасы қайтарылып берілген);
3. Қойын дәптері (қазактың руы жазылған);
4. Ақшаны айырбастау туралы «Нарком Финге» жазған арызы;
5. Пенсияға шығуы туралы өтініш қағазы көрсетілген.

Қара Жұргенов КСРО Жоғарғы Кенесі президиумының 1989 жылғы 16-қаңтардағы «30–40 жылдары 50 жылдың бас кезінде орын алған жаппай құғын-сүргін құрбандарының праволарын қалпына келтіру туралы» жарлығына сәйкес 1990 жылды 28 қарашада Жұргенов Қара ақталған. Осылайша әкелі-бала ақталды. Ақталса да олардың үрім-бұтактарының жүргегінде орны толmas қайғы, ауыр жылдардың өксігі мен азы запыраны қалды. Бұл ойларды Қараның кенжесі – Загипа Смағұлова мен немересі Қиназар Қосжановпен сөйлескенде анық аңғаратын едім.

Жұргенов Қарадан тікелей тараған ұрпақтары: Қосжан, Досжан, Темірбек, Ысқақ, Алматыдағы Тау-кен институтының студенті Кәпназар, Айназар ОГПУ-НКВД құрығына түсіп, атылып кетсе, кіші баласы Биназар, немересі Миназар, Жұманазар соғыска қатысып, майданнан Биназар (Битай) ғана аман оралды. Бір Қараның ұрпағынан (өзін қоса есептегендегі) 7 адам атылса, Қарамен бірге туған Жұдырықтың баласы Нұржан (1893–1973) Владивостокқа 10 жылға жер аударылып, көп азап тартып елге келді. Жұргенмен бірге туған Тұрған ұрпақтары Қаракұлдың (1848-жылы туған) алымды туған баласы Пірназар Қарақұлов (1902 жылы туылған, қазіргі «Жаңаталап» колхозының алғашқы басқарма төрағасы болған тұсында Қараның баласы Ысқақпен бірге 1937 жылғы 29 желтоқсан НКВД «ұштігінің» үкімімен ұсталып, 1938 жылдың 27 қаңтарында сотсыз атылған. Сондай-ақ Қара Жұргеновтің немере інілері Жарасбай, оның ұлдары Смахан мен Ысқақ та Қаракүм көтерілісінде опат болады.

Жұргеновтердің кейінгі ұрпақтары да қабілет-қарымы мол, сауатты бола тұра кенестік кезеңде зорлықтан құтыла алмады.

Т. Жұргенов жайлы жазылған бір мақаланың соңында:

«... Социалистік қоғамның – қатығез жүйенің қорлығы мен мазағына ұшыраған бір тұлға осылай түгел құрып, біржола жоқ болды» деп жазған-ды.

Алғындағы әулетінің бірі, ұстаз Қиназар Қосжанов «Жұлдыз» жур-

налы мен «Егемен Қазақстан» газеттерінде «Күдайға шүкір, біз бармыз» деп өзінің көкейінде жұрген ойларын ортаға салған-ды. Біз де 31 мамыр – саяси күғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында бір әулеттен қашшама кіслердің кеңестің кесір саясаты нәтижесінде құрбан болғандығын нақты құжаттардағы деректермен сез етуге үмтүлдік.

Сергей Исаев

УРОКИ НАВСЕГДА

Заслуженный врач республики, вдова Темирбека Жургенова (1898–1938), народного комиссара просвещения Казахстана (1933–1937), расстрелянного в годы сталинских репрессий, сама была узницей ГУЛАГа, отсидев 8 лет в Акмолинском лагере жен изменников родины (АЛЖИР) и в российском СевУраллаге, где работала сначала на каторжном лесоповале, а затем врачом в лагерной больнице. Оставшись верной памяти безвинно погибшего мужа, скорбя по бесчисленным утратам, понесенным народом, Д. А. Ермекова (1905–1990 г.) всю жизнь сохраняла преданность идеалам юности, не расставаясь с верой в доброту людей и надеждой в торжество исторической справедливости.

В конце 1980 годов мне довелось побывать в гостях у Дамеш Амирхановны и записать фрагменты ее рассказа о пережитом. Эти сугубо личные признания, на мой взгляд, не уступают по значимости историческому документу, благодаря доверительности их изложения, искренности и простоте. Точность этих воспоминаний подтверждают документальные свидетельства, любезно предоставленные научными сотрудниками отдела истории политических репрессий музея истории г. Алматы и Марой Мажитовой, племянницей Д. А. Ермековой. Редакция выражает им признательность за консультативную публикацию.

— Я учились в Среднеазиатском государственном университете (САГУ) на медицинском факультете, — рассказала Дамеш Амирхановна. — Меня послал на учебу в Ташкент в 1923 году мой дядя Алимхан Ермеков. — Твое сердце очень мягкое, — сказал он, — тебе нужно быть врачом. На факультете нас было всего три девушки казашки. Мы пришли к известному в народе лидеру Советского Туркестана Акмалю Икрамову. В то время прийти в ЦК или в правительство, да куда угодно, было просто, нас везде с удовольствием принимали. Тем более мы, юные казашки, ходили с открытыми лицами, парапанджу никогда не носили. И мы сказали Икрамову: «Мы энергичные и сильные, у нас много времени, и мы хотим внести свою лепту в строительство новой жизни на том участке, где мы можем помочь». Икрам...
займитесь раскрепощением женщин...».



И мы, взяв с собой также русских девушек; стали ходить по узким переулочкам глинобитного Ташкента, заглядывали в дома, скрытые за высокими дувалами и разъясняли женщинам их права. Мы старались находить ключ к душе и сердцу каждой женщины. Говорили с ними об их равноправии с мужчинами, о том, что они могут работать вместе со своими мужьями, что они должны снять паранджу и начать учиться. Многие узбекские женщины нам признавались, что им нравится, как тепло мы с ними разговариваем, но они боятся своих мужей.

— А сами вы не опасались гнева их супругов?

— Мы всегда ходили в сопровождении нескольких студентов, которые нас оберегали. Да, мы особенно и не боялись. Мы были очень сильны духом.

— Насколько эффективной была ваша работа?

— Примерно с 1928 года узбечки мало-помалу начали снимать паранджу, их стали принимать в колхозы. Но работали они в поле не в утренние часы вместе с мужчинами, а отдельно, во второй половине дня, по 3–4 часа. Мы в это время занимались с их детьми как нянечки. Даже на свои стипендии покупали им игрушки. Тогда ведь не было ни детских яслей, ни садов.

Спустя какое-то время партийная ячейка послала меня на Ташкентский хлопко-перерабатывающий завод № 51 вести политическую пропаганду среди рабочих и служащих три раза в неделю, по вечерам. Мне приходилось много читать газет, чтобы самой быть политически развитой и разбираться в текущих вопросах. И все свои новообретенные знания, что я вычитывала в печати, приносила на завод. Рабочие были очень довольны и не хотели, чтобы я от них уходила. Я проработала пропагандистом на этом заводе пять лет и также в 1931 году была принята в Коммунистическую партию.

— Эта занятость не мешала учебе?

— Учеба давалась мне довольно легко. Я хорошо знала немецкий язык и потому все латинские медицинские термины усваивала быстро. Я окончила школу в городе Каркаралинске, где мой дядя был политическим ссыльным. Немецкий язык нам преподавала учительница немка. Кроме того, нашей гувернанткой в доме у дяди тоже была немка, поэтому мы все очень хорошо знали этот язык. Еще в 1913 году, когда мне было восемь лет, мой дядя Алимхан, будучи студентом первого курса Томского политехнического института, привез к нам в аул Потанина. Тот очень интересовался жизнью степняков и прожил у нас два месяца. Мой дядя был у него переводчиком. Вместе с Потаниным приехали две девушки-сестры. Одна — художник, другая — ботаник. Мы с ней лазили по Каркаралинским горам босиком. Она собирала гербарий, и я ей то и дело всякие травки подсовывала. Набегаюсь и в юрту заглядываю: «Что там делает наш гость?» Потанин произвел на меня большое впечатление. Я думала, это же надо, ему уже под восемьдесят лет, а он собирает вокруг себя акынов, мастеров народно-прикладного искусства.

Что они ему говорят, что поют, что рассказывают, что Потанин подозвал меня к себе и стал по голове гладить. Я не

ТЕМИРБЕК ЖУРГЕНОВ

понимаю, что он говорит, он не понимает, что я говорю. Гладит он меня и приговаривает, надо учиться и тычет пальцем в книгу – он сразу мне эту книгу подарил, как-только приехал – я теперь уже не помню какую. И потом говорит дядя Алимжану, какая она у тебя шустрая, надо эту любознательную девушку учить.

А как мне не быть шустрой, если я была старшим ребенком в семье, где нас было шестеро сестер и братьев. У казахов все первым ребенком ждут мальчика, и отец меня держал как мальчика, всегда находил иноходца для меня – сажал на лошадь. Я любила скакать верхом, ездить за ягодами. Отец умер рано в возрасте 35 лет, от легочной болезни. Мама была неграмотная. И я оказалась на полном иждивении своего дяди, благодаря заботам которого я встала на ноги.

– Кто-то из ваших родных владел домбрай?

– Папа немножко играл. А дядя неплохо пел. Не как артист, конечно, – по-домашнему. И брат тоже пел. В доме у дяди было пианино, и он обучал нас играть на нем – своего сына, дочь и меня. Мы одновременно учились немецкому языку и музыке. Я хорошо пела. В нашем ауле часто бывал Жусупбек Аймауытов. Однажды он оставил для меня письмо, где излил свои сердечные чувства ко мне. Очень красиво, очень... Объясняться в любви тоже ведь надо уметь. Это надо уметь.

Когда я приехала Ташкент и поступила в университет, то забросила музыку, хотя я пела на студенческих вечерах. Исполняла песни на стихи Аймауытова и Магжана Жумабаева. У них у обоих язык был настоящий, не просто культурный, а красивый, художественный. Не то что у нынешних наших поэтов. У этих что-то, знаете, не то. Магжан и Жусупбек хорошо владели также и литературным русским языком.

В 1929 году я окончила САГУ, стала работать врачом. Вышла замуж за Темирбека Жургенова. Потом мы поехали в Таджикистан, где он возглавил наркомат финансов, затем вернулись в Ташкент. В Казахстан его перебросили в 1933 году, как тогда говорили, по партийной линии, по инициативе Мирзояна.

Работая в республиках Средней Азии, Жургенов сильно тосковал по родине и часто говорил мне: «Хорошо бы такой университет, как САГУ, создать и в Казахстане. И чтобы занятия там велись на русском языке. Это очень важно для культурного обогащения казахского народа, для его общения со всеми народами Советского Союза».

И в 1926 году наш первый национальный вуз – Казахский пединститут – был открыт сначала в Ташкенте на базе Казахского отделения САГУ. По инициативе, в частности и Жургенова, который стал первым его ректором. А в 1928 году КазПИ был переведен в Алма-Ату. В 1935 году ему было присвоено имя Абая. Наверное, тоже не без участия Жургенова, который был народным комиссаром просвещения.

В последние годы правления Голощекина в Казахстане царил голод. Власти требовали от скотоводов сдавать государству все кожевенное сырье и чтобы выполнить план сдачи люди вынуждены были забирать свой чистый скот. Естественно, стало нечего. В наших родных местах, в том не было, и голодные люди из



работать на угольные шахты. До Караганды было несколько десятков километров и многие не выдерживали тягот пути, падали и умирали прямо на дороге.

А жители южных областей Казахстана двинулись в Узбекистан. Однажды Жургенов ехал в какой-то район на машине и видит – стоит мальчик лет шести-семи, подняв руку. Останавливает машину: что такое? Тот говорит: «Помогите отец вон там лежит. Поднимите его». Подошли, а его отец, истощенный, уже мертв. Жургенов говорит мальчику: «Я за твоим отцом пошлю человека, а ты садись ко мне в машину». Привез мальчика к нам домой, сказал: «Надо его накормить, одеть, пусть он у нас поживет, а потом мы его в детский дом устроим».

– Все мы знаем, что Темирбек Жургенов был одним из организаторов первой Декады казахской литературы и искусства в Москве в 1936 году, которая прошла с огромным успехом. Многие казахские артисты были удостоены почетных званий и правительственные наград. Куляш Байсеитова стала народной артисткой СССР, Темирбек Жургенов был награжден орденом Трудового Красного Знамени.

– Да, об этом широко известно, но мало кто знает, что место под строительство здания Казахского театра оперы и балета имени Абая было выбрано именно Жургеновым. Правда, театр открыли уже после его гибели.

– Можно представить, что вы пережили в те страшные годы...

– За три дня до своего ареста Жургенов, придя с работы домой, а жили мы в доме по улице Фурманова, чуть выше улицы Шевченко, с такой болью мне сказал: «Даметай, арестовывают честных, преданных, работоспособных коммунистов. Ескараев арестован». Мы с Темирбеком не знали причину того, что происходит. «Мне просто жаль. Ведь посадили не только Нурмакова, но и его жену». Хотел еще что-то добавить, но я ему больше слова не дала сказать: «Знаешь что, Темирбек, может, это и не случится. Но если это случится, я тебя найду, где бы то ни было». Дала такой обет. Он пожал мне руку и погладил по голове.

Когда его арестовали и заключили в тюрьму, а я еще была на воле, все мои друзья, хорошие товарищи, знакомые, кто меня видел на улице, отворачивались, не желая кланяться. Я и сама виновата, старалась ни с кем не встречаться. Однажды иду по улице Фурманова, а навстречу мне жена Мирзояна – Юлия Федоровна Тевосян. Она работала директором Казахского филиала института марксизма-ленинизма. Это была умная, культурная, образованная женщина, очень человечная, добрая. Я хотела было повернуться и уйти, а она мне кричит: – Дамеш, – говорит, – мы знаем, что Жургенов ни в чем не виноват. Мирзоян очень удивляется, что таких честных коммунистов арестовывают. Мы не знаем за что, но мы уверены – органы во всем разберутся и Жургенова освободят. Не плачь и не горюй. Как она меня успокаивала. Я слезы вытерла, и мы разошлись. После ареста и заключения в тюрьму Юлия Федоровна сошла с ума. ее переселили в психбольницу. Она все время твердила: «Левон не

– честный, честный...» С этими словами она и умерла в

Я еще продолжала работать в институте, когда меня с моими родными вышвырнули из нашей комнаты. Я пошла в НКВД, к Залину. Мы когда-то жили с ним по соседству, знали друг друга хорошо, встречались часто на собраниях, на разных вечерях... Прихожу, меня впустили к нему в кабинет. Я говорю: «Что мне делать? У меня сын, бабушка, мать и сестра. Почему нас выкинули из квартиры? Куда нам деваться?» Залин сказал: «Жургенов признался, что он враг народа». Я ему: «Знаете, что? Во-первых, я пришла к вам не по этому вопросу. А во-вторых, я не верю, что он признался. В чем ему признаваться? Мне об этом не надо рассказывать, я об этом и слышать не хочу. А пришла я потому, что меня выбросили из квартиры. В Конституции записано, что я имею право на жилье!» Он помолчал, потом звонит Исаеву (тот еще был здоров): «У меня тут сидит жена Жургенова, говорит, что ее выбросили из квартиры». Когда я пришла к Залину во второй раз, он сказал: «Ну, хорошо. Идите. Ваше жилье там-то. Вселили нас в какую-то комнатенку. Мама, как и я, ужасно все переживала, но однажды сказала мне: «Ты уже на грани потери рассудка. Опомнись! Ведь он живой! Опомнись!»

Когда меня исключили из партии, коллеги по институту кричали мне: «Твой муж – враг народа. А ты это не хочешь признавать! Я ответила: «Мне, конечно, дорог партбилет, потому что я коммунистка честная. И я уверяю вас, что мой муж тоже честный коммунист. Так что поступайте как знаете!» Исключили меня. Когда пришли за мной, сестра моя Аяужан воскликнула: «Даметай, вы тоже враг народа?» Она была студенткой, и ей это внущили в вузе. Я сказала: «Да никакой я не враг народа. И Темирбек не враг. Помни это, Аяужан!» Сняла со своей руки золотые часы и надела ей на руку.

Находясь в заключении, я все время убеждала женщин: мы не виноваты в том, в чем нас обвиняют. И мужья наши ни в чем не виноваты. Мы все честно работали. В лагере мы трудились по 12–16 часов в надежде, что нас скорее освободят и мы сможем со своими детьми жить. Ни моя мать, ни брат Муслим, ни сестра Бопан не отказались от меня, они очень меня поддерживали, посыпали в лагерь письма, посылки.

... Судьба нашего поколения оказалась трагичной. В жуткие годы сталинского террора безвинно погибли самые образованные, культурные, эрудированные специалисты, цвет казахской интеллигенции. Все предельно честные люди. И такие молодые ...

Невзирая на обрушившиеся на нее беды и перенесенные мытарства, Дамеш Амирхановна Ермекова до конца своих дней оставалась верной священному долгу врача, помогая многим страждущим соотечественникам. Она оберегала и физическое их здоровье, и нравственное, защищая души от злых духов противоречивой эпохи, в ситуациях самых драматических.

ҰЛТЫН АРДАҚТАҒАН ҰЛТЖАНДЫ ТҰЛҒА

Темірбек Қараұлы Жүргеновтің есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі. Ол Тәжік АССР-інің Қаржы наркомы, Өзбек АССР-інің Халық ағарту комиссары, Қазақ АССР-інің Халық ағарту комиссары қызметтерін абыраймен атқарған азамат. Т. Жүргеновтің қазақ мәдениеті мен әдебиеті, ғылыми мен білімін дамытуға, олардың аса қыын кезеңде қалыптасуына қосқан үлесі зор. Ол қазақ өнерінің дамуы мен қазақ тілінің республикада негізгі қолданыс тілі болуын арман етті және сол үшін күресті.

Бүгінгі сөз – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің төрт тірегінің тек бірегейі қайраткер-қаламгер Т. Жүргеновтің әдеби мұрасы туралы болмақ.

Оның жазушылық және публицистикалық қызметтің қайраткерлік қызметтінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алғып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметті біршама зерттелсе де, Т. Жүргеновтің қаламгерлік қарымы назардан тыс қалып келеді. Себебі – оның қаламгерлік қабілеті мемлекеттік қызметтінің тасасында қалды.

Қайраткердің қаламгер ретінде қалыптасуына бірнеше себептер бар. Алдымен Темірбек Жүргенов Шығыс пен Батыстың мәдениетін тен игерген жаңа толқынның өкілі. Ол кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын анғара білген көзі қарасты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды, дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, саз бен сөз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні – Сыр бойының белгілі ағартушысы, ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабак берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айтқан жән. Алғашқы ұстаздының шарапатты әсерімен жас Темірбек бірнеше шығыс тілін менгеріп, шығыс мәдениеттің жауқарларымен жастай танысса, соңғы ұстаздының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық тәңкериңшіл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т. Жүргеновтің дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соныра оның мәдени құрылышқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарихи отырмына көп көмегін тигізді.

20–30 жылдардағы үркөрдей қазақ интеллигенциясының

жынысындағы өзіншілдегі ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық ояну,

көтерілу, серпілу және ұлттық-саяси тәуелсіздік жолында күресу кезеңіне түспа-түс келді. Т. Жүргенов Нәзір Терекұлов, Әлібі Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иштік тіресіп, ен алдымен өзі өкілі болып саналатын казақ халқының мұддесіне қызмет етті. Осы жерде Т. Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционер емес, 1918 жылы «Қазақ мұнды» газетінің жауапты хатшысы болып, қалам қаруын сілтей бастағанын баса айту жөн. 20-жылдар басында Т. Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатайту ісіне қаламымен де, ұйымдастырушылық қажырымен де атсалысты.

1924 жылы Ташкентке келіп, САГУ-да (Орталық Азия мемлекеттік университеті) оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі қызметін атқарған кезде де Т. Жүргенов қалам майданының қақ ортасынан табылды. Осылайша уақыт алға тартқан өзекті міндеттердің үдесінен шығып, іс пен сөздің арасын алшақтатпай, принципшілдікпен, әк жарма турашылдықпен тер төкті. Оку-ағарту ісінің талантты ұйымдастырушысы болды.

Темірбек Жүргенов дегендеге, 1927 жылы Ташкентте ұйымдаşқан алғашқы Қазақ педагогикалық институтының ректоры (Абай атындағы ҚазМПУ), Тау-кен институтын (К. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ін құру, жаппай сауаттандыру, 10 жылдық білім берудің күні бүтінгі деяйін үзілмеген желісі еске түседі. Т. Жүргенов дегендеге, 30-жылдар басында Голошекин лаңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп, 4000 мектеп салдырып, «қазақтың Луначарский» атанған ағарту комиссары, тұңғыш ұлттық опера өнерін дүниеге келтірген, 1936 жылы Мәскеудегі сәтті өткен қазақ өнер декадасы, «Шахнаменің» тұңғыш қазақшага аударылуы, «Хан Кене», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш көрсетілімдері, Қожа Ахмет Яссави кесенесін өзі басқаратын Мәдениет комитетінің карауына алуы ойға оралады. Осындағы іргелі, игілікті істерді басқарып жүріп ол артына мол әдеби-публицистикалық еңбектер қалдырган. Тарихи аналогия жағынан бір мысал өркениеті мен мәдениеті тенескен батыс елдердегі қоғам қызметін қалам қызметімен қатар алып жүрген М. Робеспьер, Е. Даշкова, Ф. Раскольников тәрізді қайраткерлер үлгісімен тенеседі.

Темірбек Қараұлы ғалым, зерттеуші еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімдіктің соңына біржола түсуге заманы мұрша бермесе де, ол өмірінің акырына деяйін тасқа басылған сөзге деген сағынышының сарығын баса алмай өтті.

Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен Т. Жүргеновтің 1920 жылы Орынборда «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің киялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің үлгісінде жазылған бұл сахналық интермедија казақ әдебиетінде сатириалық монологтардың алғашқы үлгілерінің бірінен саналады. «Переводчиктің киялы» казақ сахнасының майталманы Серке тұрақты орын алды.



Оның 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының № 4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі 20-жылдардағы үлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейтесті тақырыптың бірі – әйел тенденсіне арналған.

Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М. Әуезовтің «Қорғансыздың күйі» әңгімесімен ұндыс. Ол сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға (Меруерттің иесіз қорада жатып қалып, шалығуы), яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым.

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі өнер қайраткері Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оку ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз», – дейді, ал академик Ахмет Жұбанов: «Жүргеновтің кабинетінен шыққанда, Алатауды айырып Қаратауды қайырып шығатында күш-жігермен шығатын едік», – деп, өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағаласа, жазушы Ғабит Мусірепов: «Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам» деп таланттына ерекше ден қояды.

Т. Жүргенов 30-жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл болғен. Бұл өреде Б. Майлиниң «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Шұға» рецензиясын (Казахстанская правда, 1934, 21-маусым) атап айтқан жән. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет.

«Өнер – өнер үшін емес, енер – әлеуметтің мұн-муқтажына, арман-тілегіне қызмет көрсетуі тиіс» дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан «О пьесе «Хан Кене» и ее критиках» (Казахстанская правда, 1934, 12-маусым) мақаласында жалғасын тапты. 1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналуға рұқсат берілмей келген М. Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген, жетекшілік жасаган Халық ағарту комиссариаты. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды.

Темірбек Қараұлы – өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндейтін тарихи сабактастық принципіне ұластирған сыншы. «Казахский перевод «Шахнаме» атты көлемді мақаласы (Казахстанская правда, 1935, 1 сәуір) автордың осы өредегі көзқарасын толық танытты. Фирдаусидың тұғанына 1000 жыл толуы қарсаңында оның мәнгі өлмес мұрасы – «Шахнаме» дастаның қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т. Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы әрі күні бүгінге дейін біздегі бірден-бір толымды зерттеу болып саналатын көлемді сибекті жазды.

Т. Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға үй. әдебиеттің зәру мәселелері бойынша перспективалық обиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған. 1925

жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Х. Досмухамедов, т. б. авторлардың шығармаларын енгізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау, т. б. туралы құнды мәліметтер берді. Ол 1935–37 жылдардағы әдебиет мәселелерін де назарында ұстады.

Т. Жүргенов әдебиет тарихы мәселелеріне ат басын жиі бұрды. «Жерүйық» атты мақаласында (Қазақ әдебиеті, 1936, 10-шілде) Асан Қайғы тұлғасына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан жөнінде революцияға дейін қарқын алып, 1920 жылдары одан әрі жеделдеген зерттеу ісі 1930 жылдар басында то-ластап қалған еді. Т. Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан серпін берді. Автор халық азызы жасаған Асан Қайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейіпі, ол XIV ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаган дәуірде өмір сурғен деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер Т. Жүргеновтің бұл пікірінің дұрыс екендігін көрсетті.

Темірбек Жүргенов 30-жылдары Пушкин мұрасына толымды баға берушілердің бірі. Бұл баға ұлы ақынның қайтыс болғанына 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген мақаласында барынша бедерлі көрінді. Мұнда алғашқылардың бірі болып Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқтаған. Осы орайда оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. Сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынның ақындық қуаты мен өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

Халық ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы билинг қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылымы материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, тәжірибелік басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге өз маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, сонымен қатар зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз жаргонға айналуынан сактандырды. Осы тақырыпты «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» атты мақалаларында өрбіткен ол 20-жылдары А. Байтүрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни термин сөздерді метаморфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге аударуга келмейтін, қазақша барабар (адекват) мәғынасы жоқ халықаралық аталымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды.

Апымай, ұлт намысы дегенде жанып кетер сондай батылдық бүгінгі қандас шенеуніктердің бойында болса гой деп ойлайсың. Өкініштің, басқа ұлттың бірлі-жарым өкілі отыrsa болды-ақ: «Бәрімізге...»

жөнелетін дергтен біз әлі де ары



тұрған сол 30-жылдардағы мәрттігі осы ұрпаққа зор тағылым. «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады», – деген Темкеннің сезі бүгін өз көкейкестілігін жоғалтқан жок.

Темірбек Жұргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның көсемсөз мұрасының дарыны үш нәрседен: жеке басының бүйдагерлік (лидерлік), саясаткерлік және ұйымдастырушылық қабілетінен алады. Бұған оның «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының құйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары», т. б. очерктер мен мақалалары жатады.

2008 жылдың 14–15 қарашасында туған жері Қызылорда, алғаш қызметін бастаған Ақтөбе облыстарында қайраткер-қаламгердің 110 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтілді. Ғылыми-танымдық конференциялар мен фестивальдар ұйымдастырылып, әртүрлі мәдени шаралар өтіп, жүргеновтану әлемі кеңейіп келеді.

Т. Жүргеновтің мол мұрасын зерттеу ісі енді басталды. Өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сінірген қалтқысыз енбегі бүгінде өз дәрежесінде бағалануда. Артында мұра болып қалған 7 кітабы, 150-ге жуық әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан архив сөрелерінен алышып, өз бағасын ала бастады. «Жүргеновтің публицистикалық мұрасы» атты тақырып алда өз зерттеушісін күтіп тұр. Оның осы саладағы қызметі жүйеленіп, жазғандары түгел жарыққа шыққаннан кейін жүргеновтанудың аясы кеңейіп, міндеттері саралана түспек.

Серік Қирабаев

ТЕМІР НАРКОМ

Лияс Омаров маркұм Қазақстанның мәдениет министрі болып тағайындалған. Нан кейін (1967) кабинетіне Темірбек Жүргеновтің портретін іліп қойғанын оны құттықтауға барған адамдар мен қабылдауында болғандардың бері де көрген, риза болысқан. Ілекенді аға тұтып, көп жылдар араласып жүрген мен оны құттықтауға ауылда болмай қалып, кешігінкіреп бардым.

- Көрінбейсің ғой! – деді ол.
- Ауылда болмай қалып, – деп бастап, жаңа қызметіне құтты болсын айттым.
- Бұдан да үлкен қызмет атқарған адамсыз ғой. Адамды қызмет көркейтпейді, қызметті адам көркейтеді. Сіз қайда барсаныз да, сол жерді ой-пікірдің, істің орталығынан ұлттық мәдениеті дөл өз мағынасын ала алмай жүрген орынды көрінеді маған. Енбегіңіз жемісті болсын! – дедім.

Осылай сөзімді аяқтай бергенде, басымды қөтеріп, Ілекенің бетіне қарап ем, көзім оның басынан аса, арқа тұсында ілулі тұрған бейтаныс адамның портретіне түсті. Үлкен кабинеттерде партия көсемдері мен ел басшыларының портреті ілінетін дәүірде, солардың орнында тұрған мына адамға таңырқай қарадым. Мұны Ілекен де аңғарып қалды.

– Сен бұл кісіні танисың ба? – деді ол мойнын артына қарай бұра.

– Жоқ.

Осыдан кейін Ілекен әнгімені өзі жалғастырып әкетіп, бұл кісінің – Темірбек Жүргенов екенін, оның кім болғанын баяндай жөнелді. Мен де бұл есімнен хабарсыз емес едім. 30-жылдардың әдебиеті тарихын зерттеп жүргенде, әдебиетпен тікелей байланыста дамитын мәдениет мәселелеріне назар аударғам. Жүргенов есімімен де талай кездескем. Қазақстандағы оқу жүйесі мен мәдениет саласына үлкен еңбек сінірген, дәстүр мен мәдениеттің үлттық сипатын жарқыратса көрсетуге ұмтылған үлкен қайраткер екенін ұққам. Бірақ суретіне көз тоқтата қоймаған болуым керек. Менің білгендерімді толықтырып, Ілекен ол кісі жөнінде біраз әңгіме айтты. Мен олардан Ілекенің Темірбекке деген құрметін, оның жолын жалғастыруши болуға ұмтылысын байқадым. Кейін қазақ мәдениетінің тарихын, есіп өркендеу жолын сөз еткенде, алдыңғы кезекте Т. Жүргеновтің, соңсa Илияс Омаровтың аттары аталатынын көріп те жүрміз. Соңда әлті сәт, екеуміздің әнгімеміз еске түседі. Қазір осы қатарды Өзбекәлі Жәнібеков аты толықтырды. Олардың арасында рухани жалғастық болғаны талас та тудырмайды. Бұл азаматтар өз қызметтерінде үлт тағдырын басты мұрат етіп ұстаган, заман ырқына қарай, өз мүмкіндіктері шенберінде үлттық мемлекет мұддесі үшін деп еңбек еткен, сейтіп қазақ жүргегіне жол тапқан қайраткерлер екені әркімге-ақ аян. Олар шығармашылық жұмысқа үлттық сипат дарыта білді. Бергі заманның осы бір ұлы тұлғаларының өзінде алдында еткен ағаларының мұрат-мұддесі жатқанын түсінуге әбден болады. Мұның шындығын бүтін үлттық мемлекет құру жолындағы талабымызға Алаш мұрасын пайдаланып жатқандаған түсінген сияқтымыз.

Темірбектің қазақ мәдениеті мекемесінің басына келу кезеңі – Қазақ мемлекеттің тарихының ең бір күрделі дәуірі еді. Революциялық аласапыран мен 20-жылдардағы тап арасының зобалаңдары, аштық пен адам құқына жасалған зорлық Қазақстанда қалай еткені елдін бәріне аян. Голощекин қазақ деген халықты да, елдің экономикасын да, ел мәдениетін де тұралатып кетіп еді. 1933 жылы жаңа келген басшы Л. И. Мирзоян осы зобалаңды басынан еткерген халықтың көңіл күйін көтеруге тырысты. Шаруашылықты жөндеуге, халықты аштықтан құтқаруға жаңа бастамалар жасады. Ол мәдениет мәселесіне де айрықша көңіл бөлді. Мәдениет пен оқу жүйесін көтере алатын адам іздеді. Сол кезде Өзбекстанда оқу-ағарту халық комиссары болып істеп жүрген Темірбек Жүргеновтің есімін атаған Фабит Мұсірепов сияқты. Жүргеновпен сейлесуге Ташкентке Фабиттің арнайы баруы осының анғартағы. Әббит от көзде Қазақстан Компартіясы Өлкелік комитетінде мәдениес:



Бұл жөніндегі мәліметтер Темірбектің жары Дәмеш Ермекова-Жүргенованың естеліктерінде келтіріледі. «Ташкентке Габит Мусірепов келе қалды. Темірбек екеуі жұмысқа барып та, үйге келіп те сөйлеседі. Өздерінше бір сырды менен жасыратын си-якты. Өздері айтсын деп сұрамадым. «Дәметай, – деді Темірбек, – мына Ғабиттің неге келгенін білесің бе? Үлкен қуанышты хабар алып келді. «Қандай хабар?», – деймін. «Қазақстанға баратын болдық, Дәметай», – деді. «Өз республикамыздың мәдениетіне де тамшыдай болса да үлес қосқанымыз дұрыс шығар» – дейді. «Рас па?» – деймін. Көзімнен жас шығып кеткенін білмей қалыптын. «Неге жылайсың? Дәметай! Немене осы жерге бауыр басып қалдың ба?» – дейді. «Жоқ, неге?» – дептін. «Өзбекстан бізге білім берді. Екеумізге де. Оны ұмыта аламыз ба? Ұмытпаймыз. Бірақ туған жерге деген сағыныштан болар көңілімнің босап кеткені, – деп жатырмын».

Л. И. Мирзоянның қабылдаудында болған Темірбек Жүргенов Қазақстанда жұмыс істеуге келіс отырып, үш түрлі шарт қойыпты. Оның біріншісі – әкемнің малы тәркілеуге ұшырағанын бетіме басып, байдың баласы деп ешкім қудаламайтын болсын. Екіншісі – менің ұсынысыммен жергілікті ұйымдар санасуы үшін өлкелік комитеттің құрамына қосу, мүмкін болса, бюроға сайлау, үшіншісі – оқу-ағарту халық комиссариатына бөлінген бюджеттік қаржыға ешкім қол сұқпасын, мен оны еркін жұмыс істеуге пайдаланамын, – депті. Мирзоян бұл ұсыныстарға келісіпті. Және Темірбек Жүргеновті оқу-ағарту халық комиссары етумен бірге мәдениет, көркеменер істері жөніндегі комитеттің тәрағасы қызметін қоса тапсырыпты. Сейтіп, Темірбек Жүргенов Қазақстандағы оқу-ағарту саласымен қатар, бүкіл мәдениет, көркем өнер ұйымдарымен жұмыс істеу міндетін мойнына алады. Және өзі жұмыс істеген төрт жылдың ішінде айрықша жігермен табысты қызмет атқарады. Өзі басқарған салаларда ір-гелі табыстарға қол жеткізеді. Ең алдымен Қазақстанда оқу-ағарту ісі, мектеп жағдайы Т. Жүргенов жұмысқа кіріскең кезде тіпті нашар еді. Голощекиннің мектеп бір немесе екі жылдық болсын, балалар сауатын ашса болғаны, ол үшін арнайы мектеп үйін салудың керегі жоқ деген нұсқауы бұл салада еш бір жаңа бастама көтеріп, ілгерілеу мүмкіндігінің жолын кескен болатын. Сол кезде Қазақстанда жұмыс істеген 7000 мектептің 16% – бір жылдық, 21,5% – екі жылдық, 19,9% – үш жылдық, 27% – төрт жылдық болған. Үш және төрт жылдық мектептер орталықтың айтуымен ашылған. Олардың ішінде қазақ мектептері (24,3%, 47,8%, 16,8%, 11,1% – жоғары ретпен санағанда) соның аз бөлігін құраған. Жеті жылдық (орталау) мектеп сирек ашылған. Ал 10 жылдық мектеп атымен болмаған. Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесінің негізгі міндеттері сауат ашумен шектелген.

Мектеп мұғалімдерінің білім сапасы тіпті де қанағаттанарлықсыз еді. Бүкіл Қазақстан бойынша жоғары білімді мұғалім 14% кана болған. Бастауыш мектептерде білімсіз, сауат ашу мектебін бітірген адамдар сабак берген. Мұндай «ұстаздар» жалпы мұғалімдер құрамының 75%-ын құраған. 8 бел 50 жастың арасындағы халықтың 37%

— откен.

Жаңа Нарком осы кемшіліктеге халықтың, қоғамның, мемлекеттің назарын аударып, осы салада батыл қадамдар жасауга ұмтылған. Ел аралап мектептердің жағдайын көзімен көрген. Мектеп жүйесін кеңейту, окуға қажет құралдарды шығарып пайдалану, мұғалімдердің білімін жетілдіру, оны дайындау мәселелерін шұғыл жақсартуға кірісken. Аз жылдың ішінде бұл бастама нәтижесін бере бастады. Ұлт тіліндегі оқылатын мектептер көпте ашылды. Шын мәнінде, ұлттық орта мектеп жүйесі Қазақстанда осы тұста қалыптасты. Ұлт тілі, әдебиеті, тарихы осы кезден бастап мектепте оқылатын пәндер катарына кірді. Қазақстан жоғарғы мектебі туып қалыптасты. 1928 жылы ашылған Қазақ университеті (кейін Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институты) катарына Ауыл шаруашылық, Медициналық, Тау-кен институттары қосылды. 1934 жылы Қазақ университеті ашылды. 1937 жылғы мәлімет бойынша, республикада 22 жоғары оку орны, 85 техникум жұмыс істеді. Оларда 7369 студент, 23517 техникум окуышылары білім алды. Олардың 3971 және 11355-і қазақтар болды. Мектепте 1,5 млн бала оқыды.

Ғылым жолына ұмтылған жастаңды қолдау ісі де жүзеге асты. 1933 жылы Т. Жүргеновтің тікелей қолдауымен М. Қаратаев, Б. Шалабаев, Т. Жароков, Х. Есенжанов, Ә. Бектұров сияқты сол жылы институт бітірген бір топ жас Ленинградқа аспирантураға аттанды. Оларға көмек ретінде Наркомның өзі қосымша стипендия төлеген.

30-жылдар – қазақ мәдениетінің жаңа сапаға көтеріліп өркендеғен мезгіліне айналды. 1933 жылы Т. Жүргеновтің ұсынысы бойынша «Ұлттық өнерді дамыту туралы» өлкелік комитет қаулы қабылдады. Көркем өнердің жаңа ошақтары ашылды. Республикалық драма театрынан Қазақ музыкалық театры бөлініп шықты. Филармония, ұлт аспаптар оркестрі, хореографиялық училище, үйір театры ұйымдасты. 1934 жылы Қазақстан жазушыларының бірінші съезі, халық өнерпаздарының слеті етті. Слетке ел ішінен әншілер, домбырашылар, қобызышылар, ақындар мен суретшілер, тағы басқа өнер өкілдері шақырылды. Слет тікелей Т. Жүргеновтің ұйымдастыруымен және қатысуымен етті. Слет халық таланттарының жаңа тобын жария етті. Онда таланты танылып, мойындалған ақындар мен өнерпаздар астана өнер мекемелерінде қызметке қалдырылды. Фарифолла Құрманғалиев музыкалық театрда, Дина Нұрпейісова, Қали Жантілеуов, Науша Бекейханов, Лұқпан Мұхитов филармония мен ұлт аспаптар оркестрінде жұмыс істей бастады. Жамбылдың таланты да осы слетте айрықша көзге түсті. Оған қоса Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Шашубай Қошқарбаев, Доскей Әлімбаев, Нартай Бекежанов сияқты халық ақындары катарға кірді. Суретші Әбілхан Қастеев салған суреттер слетте зор бағаланып, ол Н. Хлудов шеберханасында өнерін жалғастыруға мүмкіндік алды. Кейін Мәскеуге окуға жіберілді. Домбыра жасаушы шебер Қамар Қасымов үшін арнайы шеберхана ашылды.



* * *

1935

жылды Қазақстан мәдениеті қызметкерлерінің тұңғыш съезі өтті. Онда жасаған Т. Жүргеновтің «Қазақстандағы мәдениет революциясы» атты баяндамасы сол кездегі қазақ мәдениетінің проблемаларын кең көлемде көтеріп, оның өткені мен бүгінгі жағдайын, болашағын теориялық және практикалық бағытта түйін-деген құжат болған еді. Нарком «мәдениет» деген сөздің кең мағынасына тоқтала келіп, Қазақстандағы оқу-агарту ісіне, мектептер мен мамандар дайындастырын оқу орындарының, жоғарғы мектептің жағдайына қазақ мәдениеті дамуының қайшылықты жолына, көпшілік арасындағы саяси-агартушылық жұмыстарға, өнердің даму бағытына шолу жасады, жетістіктері мен кемшиліктеріне тоқталды. Ана тілі мен ұлттық әдебиетті, тарих пәнін оқытудың маңызын және оны жетілдіру шараларын атап айтты.

Бұл баяндама (тек бұл емес, жалпы Т. Жүргеновтің сөйлеген сөзі мен жазған мақалаларына тән сипат) сөзден гөрі іске ерекше мән беруімен ерекшеленеді. Т. Жүргеновтің сөзінің артында соны нақтылаған тиянақты ісі жататынын замандастары жақсы білді. «Сөз тірегі – іс. Бізге іс керек. Бұл үлгіні бізге Қазақстанның жаңа басшылығы көрсетіп отыр. Жатпай, тұрмай, іс істеуіміз керек. Құр іс емес, қалың бұқараның қамын ойлад, өсу, өркендеу жолына, қазақтың ұлт мәдениетін социализм заманының деңгейіне көтеру жолына кірпіш бола біletін іс керек», – деді ол баяндаманың қорытындысында.

Жаңа ұйымдар, мекемелер, әсіресе өнер ошақтарын ашу, оны ұйымдастыру, ұжым қалыптастыру, соған еңбек етегін таланттарды таңдап алып, өнер биігіне бағыттау – қыынның қыны. Т. Жүргенов өмірін осындағы ортада өткізген үлкен ұйымдастырушы болғаны оның замандастарының естеліктерінде де, сол кездегі баспасөз хабарларында да, тарихи құжаттарда да көп сақталған. Музыкалық театрдың Жүргеновсіз қаз тұрып кетуі тым қыын болған болар еді.

Т. Жүргенов жаңа ашылатын театрдың репертуары жайын алдын-ала ойластырды. Мұхтарды «Айман-Шолпан», Ғабитті «Қызы Жібек», Бейімбетті «Шұға» атты музыкалық пьесалар жазуға көндірді. Бейімбетке «Жалбыр», Сағыр Камаловқа «Ер Тарғын» атты болашақ опералардың либреттосын жазуды тапсырды. «Айман-Шолпанмен» музыкалық театрдың сахнасын ашты. «Қызы Жібек» дайын болған кезде, оның музыкалық драма емес, операға жақын жанрда орындалғанын көріп, оған музыка жазатын композитор іздеді. Есіне кешеғана өзі Ленинградтан алдырыған жас композитор Евгений Григорьевич Брусиловский тұсті. Оны бір жағынан музыка училищесінде сабак беруге жіберіп, екінші жағынан көркеменер комитетінің музыка кабинетін басқаруға қалдырыған болатын.

– Сен операға музыка жазасың ба? Материалы қазақ өмірінен. Қазақ эпосының сюжеттерінің мәдениеттік мұнайы да қазақ әндерінің негізінде жазылуы керек, – деді

Ол әуелде «жазам» деп қалды да, артынша кібіртікten:

— Мен қазақ музыкасын жетік білмеймін ғой. Тек қазір Затаевичтің кітабын алыш, зерттеп жатырмын, — деді.

— Онда сол кітаппен таныса бер. Опера таза қазақ музыкасынан құрылтуы керек. Арияларына қандай ән қолайлы екенін бірге шешуге, таңдауға қасына Құрманбек Жандарбеков пен Қанабек Байсейітовті қосам. Олар сол әндерді орындалап беріп отырады. Сен тындал, нотаға түсіресін, арияға айналдырасың. Көмекке қосымша Құләш Байсейітованы, Жұсіпбек Елебековті, Манаrbек Ержановты, Иса Байзаковты пайдалануға болады. Керек кезінде оларды Құрманбек шақырып беріп отырады. Ал, онда кіріс, ісіне табыс тілеймін!

Ол Брусиловскийдің қолына Ғабит жазған «Қыз Жібектің» либреттосын ұсынды.

«Жүргенов халық әнінің шенберінен мұлде ауытқып кетуге тыйым салды, — дейді өз естелігінде Е. Г. Брусиловский. — Оның өзі қазақтың халық әндерін жақсы білетін. Және біз ірікте алған әндерді қатаң түрде тексеріп отырды. Қажет болған жағдайда қайдан алынғанын, кім орындалап бергенін, нотаға кім түсіргенін айтып есеп беріп тұратынмын. Ол күні-түні біздің қасымызда болып, театрдағы репетицияны қарады. Костюм, декорация эксиздерін көрді. Қазақ биі жөнінде балетмейстер Александровпен сөйлесіп, билерді таңдауға қатысты».

«Қыз Жібек» осылай туды. Ол және «Шұға» сахнаға шықты. Оның артынан осы жолмен Брусиловский «Жалбыр» атты опера жазды. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онқундігіне дейін музыкалық театр сахнаға шығарған шығармалар осылар («Айман-Шолпан», «Шұға», «Қыз Жібек», «Жалбыр») еді. Солардың ішінен Мәскеуге соңғы екеуін аппаратын болып, жөндеп, жетілдіру, сахналық жабдығын, киімдерін сәнді етіп дайындау мәселелері күн тәртібінде тұрды.

Репертуар мәселесіне қоса сол тұста Темірбек артистер құрамын іріктеуге, то-лықтыруға айрықша қоңіл бөлген еді. Ол музыкалық театрдың көркемдік жетекшісі етіп Жұмат Шанинді алдырды. Қазақ театрының негізін салған осы үздік талант кеше-гі бір аласапыран тұста Қазақстаннан пана таба алмай, Қырғызстан асып кеткен еді. Ол да ризалықпен елге оралып, жұмысқа кірісті. Театр директоры қызметін Қанабекке тапсырды. Енді ол театрдың бағыт-бағдарын айқындастын, басты рөлдерді ойнайтын адамдарды іріктеді. Алдымен Қанабек пен Құрманбекті жаңа театрға ауыстырыды. Олар басты қаһарман жігіттер рөлін ойнайтын болды. Құләш пен Шара соның алдында ғана драма театрына қызметке алынып, негізгі қыздар рөлдерінде көріне бастаған. Оларды да жаңа театрға жіберу мәселесі шешілді. Алматының көркемөнер үйірмелері сахна-сында жаңа көріне бастаған екі қызды жолықтырып, оларға қамқор болған Қанабек пен Құрманбек екеуін театрға орналастырып, өсуіне бағыт сілтеп қана қоймай, отбасына серік етіп алуды шешіп қойған-ды.

Бір күні Нарком төртеуін шакырып отырып, олармен театрдың және жеке артист-тердің келешегі туралы әңгіме қозгады.

— Адамда, әсіресе бір ұжының ластиқ деген болады. Ол мінс...



мүмкін. Бізде өлең айтушылар бар да, бишілер жетіспейді. Өлең айтуды Құләшқа беріп, Шара, сенің ебің бар, бишілікке ауысуынды қалар едім. Сонда жарыспай, бәсекелеспей, екеуін екі салада жетекші қызмет атқарап едіндер. Қалай қарайсындар осыған?

Ақкөніл, қалтқысы жоқ Құрманбек бірден қолдады. Қалғандары үндей ғлмай, анырып қалды. Құләш пен Қанабек Шараның көңіліне қарады ма, бірден шешіле қоймады. Өуелде ойланып қалған Шара Құрманбектің сөзінен кейін есін жиып, келісетінін білдірді. Томсырайып қалғандар бірден күлкіге ауысып, мәз-мәйрам бол тарады.

Жүргенов ендігі жерде Шараны бір айға Өзбекстандағы Тамара ханумның қарамағына жіберіп алуды шешті. Одан келгеннен кейін Мәскеуге, ұлken театрдың атақты бишисі Галина Уланованың мектебінен өткізіп алды. Сөйтіп, «Қызы Жібек» қойылғанда, Құләш Жібек рөлінде, Шара бас биши болып шығып еді. Қазақ операларында қазақ биі содан бері көрнекті орынға ие болып келе жатыр. Шара көп бишілердің ішінде емес, би сахнасында бөлекше киініп, жетекші биши бол шықты. Би ұлттық спектакльдердің көркіне айналды. Біздің жас кезімізде жетекші бишілік бір ерек, бір әйелдің үлесіне тиіп, екеуі жарыса билейтін еді. Кейін екеуі топқа қосылатын. Алмас Бекбосынов пен Нұрсұлу Тапалованың биі біздің көз алдымызыда. Өкінішке қарай, осы дәстүр ұмытылып бара жатқанға ұқсайды. Қазір сахнаға жетекші бишілер шықтайтын болды, барлығы араласып кеткен тобырда кімнің не билеп, не қызмет атқарып жүргенін анғармай да қалатын болдық.

Осы төртеуі қойылған спектакльдердің көркі болып, Темірбектің көңілін жайландырды. Бірақ ол еш уақытта жайланаған, тыныштықпен отыра алмайтын адам еді. Спектакльдің Алматыда қойылуы өз алдына, оны Мәскеуде онкүндікке апару сапарының қыындықтары оның жанына тыныштық берген жоқ. Алматыда да, Мәскеуде онкүндік күндерінде де осы төртеуі ғана емес, бүкіл онкүндікке қатысушылардың бәрі Наркомның тікелей бақылауында болды. Ахмет Жұбанов естелігіне сүйенсек, «Ораз Исаев пен Темірбек Жүргенов онкүндікке қатысатын артистердің бәрін бет-бетімен жібермей, белгілі «құлдықта» ұстап отырған. Құләш, Қанабек, Шара, Құрманбек тек Темірбекпен бірге тамақ ішіп, белгілі уақытта демалған. Оның себебі – бұлардың басы ауырып, балтыры сыздаса, іліп алып кететін дүблері болған жоқ. Сондықтан бірдене болып қалса, спектакльдер жүрмейтіні белгілі. Оның үстінен бейmezgіл де жүріп қалатын біздің өнер адамының қасиеттерін білетін Темкен осындай да шара қолданған. Осының бәрі – жоғарыда айтқандай, топырлап барған соң, жарқырап қайтайық деген принцип еді».

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі 17–26 мамыр ара-лығында ұлken театрдың филиалында өтті. Оған қатысушыларды Мәскеу 12-мамырда Қазан вокзалында карсы алды. Қарсы алушылар ішінде көрнекті театр мен өнер, әдебиет кайраткерлері (ішінде СССР халық артисі, А. П. Чеховтың жары Книппер-Чехова
шаптанатты жиын өткізіп, жылы ықылас білдірді. Қазақстан
актерге Т. Жүргенов раҳмет айтты.

Ал онкүндік күндері жұмыс істеген көрме 10-мамырда театр ғимаратында ашылды. Оған қазақтың ұлттық бүйімдары, өнер шығармалары қойылды. Қазақтың киіз үйі, қолдан тоқылған кілемдер мен оюлап жасалған текеметтер, көшпелі елдің ыдыс-аяғы, ат әбзелдері (әшекейлеп жасалған ертоқым, жүген, құйысқан), әйелдердің әшекейлеп тігілген киімдері, Қазақстан байлығын танытатын минералогия мен кен тастары үлгілері, ауыл шаруашылық өнімдері, суретшілердің шығармалары мен көркем әдебиет, т. б. қойылған еді. Көрме 28 мамырға дейін жұмыс істеп, оны Мәскеу халқы сүйсіне қабылдап қызықтады.

Онкүндік 17-мамыр күні «Қызы Жібек» операсымен ашылды. Оған одақтық мемлекет басшылары қатысып, қазақ өнерін тамашалап қол соқты. Қызы Жібек рөліндегі Құләш Байсейітованың ғажайып дауысы тындаушыларды таңқалдырыды. Сол күннен бастап әнші «Қазақтың бұлбұлы» атанды. «Қызы Жібек» 19-мамырда қайта қойылды. 18–22-мамыр күндері мәскеуліктер «Жалбыр» операсын тыңдады. 23-мамырда екі бөлімнен тұратын концерттік бағдарлама көрсетілді. Бірінші бөлімде ұлт аспаптары оркестрінің концерті (жетекшісі А. Жұбанов) көрсетілді. Оркестрге қосылып Құләш, Жамал Омарова, Шара, хореографиялық училищенің балалары өнер көрсетті. Концерттің екінші бөлімінде сахнаға ұлттық ойындар мен Жамбыл бастаған халық ақындары шығып, қазақтың суырып салып айтуда өнерін жүрт назарына ұсынды. Сол кезде аты әлемге тарай бастаған Жамбыл ақынға көрсетілген құрмет халықты ерекше қуанышқа бөледі.

Онкүндік күндері оған қатысушылар Бүкілодақтық радионың үлкен бағдарламасына қатысты. Оған Елубай Өмірзаков, Құрманбек Жандарбеков, Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Құләш, халық аспаптары оркестрі, хор ұжымы, Сәкен, Илияс, Сәбит, тағы басқа ақын-жазушылар қатысып, олардың шығармалары орындалды. Халық аспаптары қаланың саябақтарында өнер көрсетті. Мәскеу өнерпаздарымен кездесулер өткізілді. 26-мамыр күні әдебиетшілер үйінде үлкен әдеби кеш болды. Мәскеудің газет-журналдары, радио күн сайын хабар таратып жатты. «Правда» газеті қазақтың халықтық өнеріне аса зор баға бере келіп, «Қызы Жібекті» осы текстес поэзия үлгісінің ен биігі, нағыз музыкалық поэзия. Спектакльдің авторы да, композиторы да қазақ халқының езі» деп жазды. Онкүндікті тамашалау үшін арнайы Ленинградтан композитор және музыка зерттеуші академик Б. В. Асафьев келді. Ол «Қазақстан музыкасы» деген мақала жазды. «Қазақтың музыкалық драмасы мен симфониялық музыкасының табыстары қазақстандықтардың Батыс Европа және орыс музыкасы классиктерінің биіктегін игеріп, КСРО-ның барлық музыка мәдениетімен достықта дамуы арнасында мүмкін болды» деп көрсетті ол. Асафьев Затаевич арқылы бүрын қазақтың халық музыкасымен танысқан, «Ақан-Зайра» атты опера жазбасқ боп біраз еңбектенген (либреттосын М. Эуэзов пен С. Мұқанов жазған) адам еді. Операсын аяқтай алмағанмен, қазақ музыкасын сүйеттін, оған деген құрметі үлкен қалпында қалды. Ол 1937 жылы жаңа құрылған опера театры Ленинградка гастрольге келгенде (1939), оның спектакльдерін көзін жайлы мақалалар жазды.



Қорытынды концертке И. В. Сталин бастаған елбасшылары қайта келіп қатынасып, соңынан Қазақстан делегациясын ресми қабылдады. 28-мамырда онкүндікке қатысушыларды өкімет наградаларымен марапаттау шарасы өтті. Жамбыл, Сәкен, Құләш, Қанабек, Құрманбек, Темірбек Еңбек Қызыл Ту орденін алды. Басқа да адамдарға орден, медальдар берілді.

* * *

Онкүндік 30-жылдардағы қазақ өнерін байқаудың биік шыны болып бүгінде тарихқа енді. Оның жоғарғы дәрежеде өтуі, жасырмай айтқанда, Темірбек Жүргеновтің арқасы еді. Ол болмайтынды болдыратын, сөзді тікелей іске айналдыра билетін, жауапкершілік пен тәртіпті берік сақтайтын аса үлкен қайраткер екенін танытты. Ол онкүндік алдында жүргізген жұмыстарын айтпағанда, Мәскеудегі күндері жоғарыда аталған шаралардың беріне қатысуға уақыт таба білді. Қатысушыларды демеп, жігерлендірді. Өзі де сөйлеп, мәскеуліктердің ықыласына ризалығын айтып көңілдендіре білді. Ол күні-түні ұйқысыз қызмет етті десе де болар. Оның мазасыз тіршілігінде қызметтес болған адамдар жиі еске алатын. «Бір қарасаң, Темкен театрдан шығып бара жатады. Енді бір кезде айналаңа көз салсан, сенің қалай ойнап жатқаныңды қадағалап, дәл алдында отырады» деп жазды Қанабек Байсейітов.

Онкүндіктің табыстары қазақ артистерін де, Жүргеновті де жаңа жұмыстарға жігерлендірді. Ендігі кезекте олар музика театрын опера және балет театрына айналдырудың қамына кірісті. 1937 жылы опера және балет театры ашылып, оның сахнасына «Ер Тарғын» операсы шықты. Тағы да қазақтың халық музыкасына негізделген операны Е. Г. Брусиловский жазып шықты. Ақжүністі Құләш, Тарғын рөлін Құрманбек орынады. Жүргенов тағы да өз биігінен көрінді. Сөйтіп келесі жылы жаңа театр ұжымын «Қызы Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» операларымен Ленинградқа аттандырудың жоспарын жасады.

Сол жылы опера театрына жаңа үй салу мәселесін көтеріп, Мирзоянның келісімін алды. Театр үйін салуға лайық жер іздел, осы күнгі Абай атындағы опера және балет театры тұрған жерді таңдаған да өзі еді. Театр үйінің проектісін жасауға тапсырма берді.

Сол жылы Кеңес Одағында атап өтілген А. С. Пушкиннің қайтыс болуының 100 жылдығын Жүргеновтің ынтасымен Қазақстан да тойлаған еді. Юбилейлік комиссия (терағасы С. Сейфуллин) құрылып, қазақ тілінде ақынның үш томдық шығармаларының жинағы шықты. Бұрын бас кейіпкерлерінің жазысқан хаттарын ғана аударған ұлы Абай ісін жалғастырып, «Евгений Онегинді» тарихта тұнғыш рет Илияс Жансүгіров толық аударып шықты. Алматыдағы көшпілік кітапханасына Пушкин есімі берілді. Осынын барлығынын жүзеге асуын Жүргенов ыждағаттылықпен қадағалады.

«МиПравда» газетінде (1-сәуір) Т. Жүргеновтің «Шахнаме» аспектінде. Ол сол кезде жанадан табылған парсы ақыны Фирдоусидің

атақты шығармасының аударылған қолжазбасына арналып жазылған-ды. Мақала авторы қолжазбаның үш нұсқасын түпнұсқамен салыстыра отырып талдайды. Оның аударылуының маңызын, Молда Ораздың көп еңбектеніп шығарғанын атап көрсете отырып, аударманың елеулі кемшіліктерін байқайды. Содан сол жылдары аталып жатқан Фирдоусидің мың жылдық юбилейіне үн қосу үшін «Шахнаменің» жаңа аудармасын жасатуды қажет санайды. Ол үшін Жүргенов Қызылордадан атақты ағартушы ақын, 1934 жылғы жазушылардың бірінші съезі мен халық таланттарының слетына қатысқан, кезінде Бұхарада Садриддин Айнимен бірге оқыған, парсы тілін жүйрік билетін Тұрмағамбет Ізтілеуовті шакыртуды үйымдастырады. Үкіметпен келісе отырып, оны Алматыда ұстап, бар жағдайын жасайды. Оған дербес зейнетақы үйымдастырады. Бірақ жұмыс аяқталуға жақын қалғанда, Жүргенов ұсталып, Тұрмағамбет те кудалауға ұшырайды. Аударма қолжазба күйінде қалады. Тек Тұрмағамбет ақталғаннан кейін, 1961 жылы М. Әуезовтің алғы сөзімен әрі редакциясымен «Рұстем-Дастан» деген атпен жарияланады.

Темірбек сияқты іскер басшы қайраткердің тууы мен қалыптасуы ол Қазақстанға келмей тұрғанда-ақ жұрт көзіне түскен еді. Ол жасынан жақсы тәрбиелі ортада, орыс, қазақ, шығыс мәдениеттері рухында үлгі-өнеге алып өсті. Әкесі Қара заманның пысық, алғыр, ел ұстаған, ауқатты адамы болыпты. Темірбекті де осы үлгіде тәрбиелеген. Үмітті жас қазақтың белгілі ағартушы ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуовтен сабак алған. Аламесек орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (Қызылорда) орыс-қазақ училищесінде, Уфадағы жер өлшеу училищесінде, Орынбор рабфагінде, Орта Азия университетіндегі білімін толықтырған. Осы мектептердегі окуын тәжірибесімен ұштасырып, халық арасындағы өмір мектебі сабагымен жетілдіре білген зор талапты азamat болып өсті. Бір кез Әліби Жангелдинге еріп, соның айтуымен революциялық істерге араласады, Торғайда кеңестер съезін дайындауға қатысады. Ырғызда ревком терағасы, Орынборда облыстық кеңестің үйымдастыру бюросының хатшысы да болған. Орынборда, Ташкентте баспасөз мектебін өткен. Осы жолдарды артқа тастап, Ташкентке Орта Азия университетіне окуға келгенде-ақ (1924), Темірбек өзін ересек сезінген жігіт болатын. Окуын үздік үлгере жүріп, қоғамдық қызметке белсенді араласады. Студент кезінен-ақ өзін ұстаздармен тен ұстаған. Оның университетте оқи жүріп, Қазақ АССР-ның Түркістан Республикасындағы өкілі болуы (1923), Түркістан Республикасы тарағанда, ұлттық республикаларды құру ісіне араласуы (1924), соңғы курста жүріп, жаңа ашылған Ташкенттегі Қазақтың педагогикалық институтының директоры (ректоры) қызметіне тағайындалуы осының анғартады. 1926–1929 жылдар аралығында ол осы қызметтерді абыраймен атқарды. Ташкенттің зиялдық қауымы мен басшы қызметкерлері тобына кірді. Оның іскерлігін, ынталылығын, іске, қызметке құлышындыратын жетекшілік қабілетін көп болып таныды. Сөйтіп Темірбектің сол кезде Түркістан Республикасынан жаңа болған Тәжікстанға Каржы халық комиссары қызметіне ұсынады. (Темірбек бітіруін, «КСРО мен Қазақстан»...)



дандастыру проблемасы» атты диплом жұмысын жазуын, «Саяси экономика» оқулығын шығаруын еске алыңыз). Бұл қызметті ол бір жылдай атқарып, езі сұранып Ташкентке келді. Өзбекстан орталық комитеті оны республиканың оқу-ағарту халық комиссары етіп бекітеді. Сонда Қазақстан шақырып алғанша (1930–1933) істейді. Сейтіп ол аса абыройлы еңбек тәжірибесінен өтеді. Оның өзбек жерінде оқу-ағарту саласында атқарған қызметтің Темірбектің бұл тақырыпқа жазған проблемалық мақалалары мен баяндамаларынан («Безразличие и безответственность», «Всеоуч в Узбекстане», «Главное – всеоуч и ликбез», «Наркомпрос полностью переведен на узбекский язык», «О всеобщей политехнизации», «Поддержка первому в Средней Азии», «Узбекистан быстро идет по пути культурного неравенства», «Строительство социализма и культурная революция в Узбекистане», «Мектептің түп кемшілігін көтіру үшін құрес», тағы басқа да жазбаларынан) тануға әбден болады. Олардың аттарының өзінен көтеретін мәселелері, ой-пікірлері анық байқалады.

Т. Жұргеновтің Қазақстандағы жұмысы осы істердің жалғасы сияқты еді. Бірақ мұнда оның көлемі тек оқу-ағарту мәселелерімен шектелмей, мәдениет, өнер, әдебиет проблемаларымен кең көлемде жүргізілді. Ол республика бойынша мәдениет революциясын жүргізу ұраны астында қажырлы еңбек етті. Республика басшысы Л. И. Мирзоян оны әрдайым қолдан отырды. Оның бірден екі жауапты қызметке (оку-ағарту халық комиссары және көркеменер комитетінің төрағасы) ие болып, өлкелік комитеттің мүшесі әрі бюро мушелігіне сайлануы, Мирзоянның Жұргенов үйымдастырған үлкен жиындарға әрдайым қатысып сез сөйлеуі, Украинадан кейін әлі де Автономиялық республика болып отырған Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің онкүндігін Мәскеуде өткізуге қол жеткізуі – осының айғағы. 1935 жылы Қазақстан мәдениеті қызметкерлерінің бірінші съезінде сөйлеген съезінде Л. И. Мирзоян: «Артта қалған өлкеден алдыңғы қатарлы елге айналып келеміз. Біздің комиссар Т. К. Жұргенов басшылықты жақсартып, тура-лап қалған жұмысты қайтадан жандандырды, ұлттық мәдени құрылышты өркендету штабына айналдырды», – деп көрсетті. Темірбекті «Темір Нарком» атандырған да сол кісі еді. Шынында да, Темірбек темірдей тәртіп пен кесек істің адамы болды. Замандастарының бәрі оны іскерлігі, бірсөзділігі үшін жақсы көрді, сыйлады. Ғабит Темірбекті «тілді де тісті, жігерлі де іскер адам болды» деп есіне алады. «Темірбек десе, темір бек еді. Нағыз темір нарком», – дейді Әбділда Тәжібаев. «Жұргеновтің кабинетінен шыққанда, Алатауды айырып, Қаратаяуды қайырып шығатындей, күш-жігермен тарайтын едік», – дейді Ахмет Жұбанов.

Т. Жүргенов кезінде қазақ тілінің болашағы, оның мемлекет тілі болып қазақ халқына қызмет етуі үшін көп қажыр-қайратын жұмысады. Мектепте, жоғары оку орындарында казак тілінде оқуды ұйымдастырды, қазақ балаларының білім алып, өз еліне қызмет етуін көтерді. 1935 жылы қазақ мәдениеті қызметкерлерінің съезінде: «Тіл адамның дүниенде орналасқан көрсетіп қоймай, оның адам болып қалыптасуында да үлкен роля». Тіл тазалығын мұғалімдерден бастауды ұсынды. Жас үр-

пақта таза ана тілінде сөйлеуді міндегтеді. «Дүниежүзілік мәдениетке ана тілі арқылы барамыз» дегенді айтты.

А. Жұбанов та, Е. Г. Брусиловский де өз естеліктерінде Т. Жүргеновтің ана тілінде сөйлеумен байланысты принципті бағыт ұстанғаны, ұлт намысы дегендे жаңып кететін мінезі жайлы бір оқиғаны еске алады. Жүргенов өз кабинетінде өнер адамдарын жинап, кеңес өткізді, оған отыз шақты адам келеді. Дені қазақ, орыс тілінде сөйлейтін екі адам (бірі – Брусиловский, екіншісі – қарағандылық өнерпаз Б. Орлов) болады. Жүргенов қазақша сөйлей бастайды. Бір кезде Орлов орнынан кетеріліп, өзінің қазақша білмейтіндігін ескертіп, мәжілісті орысша өткізуі ұсынады. Жүргенов бөгеліп қалады. «Бір кезде оның қара көздері ұшқындан кетті», – дейді Е. Брусиловский. – Жүрт бүкшие түсіп, тым-тырыс бола қалды. – Сіз қайда отырысыз, Орлов жолдас?! Қайда жүрген адамсыз? Сіз Қазақстанға келген екенсіз, жұмыс істегініз келсе, республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әнін орыс тілінде зерттейсіз бе?» – деді. Орлов үндей алмай, орнына отырады. Т. Жүргенов мәжілісті қазақ тілінде жалғастыра береді.

Біздің көбімізде осы өткірлік мінез жетіспейді-ау! Қазақ тілінің намысын көтеретін Жүргеновтер керек-ау әлі!

Жүргенов мұрасының үлкен бір бөлігі – оның публицистикасы. Ол жасынан-ақ сөзге шешен, қаламы да жүйрік, ойындағысын еркін жеткізе алатын жан-жақты білімді қалпын танытқан. Алғашқы туындысы «Переводчиктің қиялы» «Ұшқын» газетінде 1920 жылы басылған екен. Осы бір сатиравы өлең халық өнерпаздарының репертуарына кірген. Оны 1921 жылы Қазақстанның болашақ халық артисі Серке Қожамқұлов жаттап алғып, Орынбор студенттерінің жатакханасында өткен кеште оқыған. Кейін, 1926 жылы Қазақтың драма театры ашылғанда, тақпақ есебінде айтқан. Кейін Темірбектің журналистік қызметі «Қазақ мұны» газетінде жалғасқан. Онда ол редакцияның жауапты хатшысы болып істеген. «Еңбекші қазаққа» да жазып тұрған. Әдеби шығармалар жазғаны жайлы дерек аз. Зерттеушілер «Ж. Т.» деген атпен жарияланған Жиенғали Тілебергеновтің бір әңгімесін («Меруерт») Темірбекке танып жүр. Бірақ пікірлері онша дәлелді емес. Басқа әдеби шығарма жазбаған Темірбектен гері оқырманға есімі таныс Жиенғалидың авторлығы логикаға да сыйымды сияқты. Оның есесіне өзі қызмет істеген ортаның проблемаларын өткір көтеріп, оны жақсартудың жолын дәлелді айта білген мақалаларымен, баяндама, сөздерімен Темірбектің публицистикасының өзі-ақ Жүргеновтің кім екенін, енбегін танытуға жетіп жатыр.

Темірбектің Қазақстандағы оқу-білім ісінің жағдайы мен оны жақсарту шаралары, ана тілінің хал-күйі туралы («Мектептің түрі, тілі туралы», «Ұлттық терминологияның жағдайы мен жақсарту шаралары туралы», «О чуждых явлениях в казахском литературном языке», «Вопросы терминологии казахского языка», «О языке, школе и борьбе за кадры работников культуры», «Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы және «дүмшө молдалар туралы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою жұмысы туралы», «К задачам нового педвуза», т. б.), Қазақ театрының репертуары және жеке авторлардың



шығармалары жайындағы («Ушуга», «Хан Кене» пьесасы туралы»), жалпы ұлттық мәдениет мәселелерін көтерген («Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Жерүйік», «Ақыны и жыршы Казахстана», «Съезд деятелей культурного строительства», «Праздник народного творчества», «Возрожденная юность», «Об итогах декады казахского искусства», «Казахский перевод» «Шахнаме», «Орга Азиядағы қазақ халқының құйлері», «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы», «Город и аул в восстании казахов 1916 года», т. б.) мақалалары оның өмірді терең білуімен, проблемаларының өткірлігімен, жағдайды жақсартудың жолдары жайлы терең ойларымен ерекшеленеді. Бұл аталғандардан басқа да ол жазған мақалалар бірсыптыра. Әсіресе Ташкентте педагогикалық институт ашылғанда, жаңа институтты аяғынан тұрғызу жөнінде ойларымен бөліскең мақалалары, Мәскеудегі онкүндік өткізумен байланысты жазбалары мен сөздері, сұхбаттары, қазақ мектебінің мәселелерін қозғаған мақалалары сол дәүір шындығын танытарлық маңызды ие.

Ол – заманың өзекті мәселелеріне ойлы көзben қарап, туған халқының жаңа өмір қуруына қанаттанып кіріскең ұрпақтың өкілі еді. Сондыктan публицистік еңбегін түгелдей өзі қатысқан өмір фактілеріне негіздел жазды. Артына 7 кітап, 150-дегі мақалалар қалдырды. Оларда Жүргенов өскен, еңбек еткен орта шындығы мен қайраткердің өзі атқарған істердің мол мәліметі сақталған.

Теміrbектің жары Ермекова-Жүргенова Дәмеш – Алашорданың ұлы қайраткерлерінің бірі Әлімхан Ермековтің қарындасы, ағасы Әмірханның қызы еді. Ташкентте медицина институтын бітірген. Екеуі студент кезінде қосылған. «Қазақстанға жеткен күмәнді қырағылыққа түсінбегенмен, партия ісіне адал берілген азамат дәл осы күні өз басына қауіптене қойған жоқ еді», – дейді Дәмеш ұсталған күнін еске алғып. Ол 1937 жылы Қазақстан Компартиясының бірінші съезі жүріп жатқан күні ұсталыпты. Съезден шығып, жұмыс орнына соққан Жүргеновті сол жерде тұтқындаған. Дәмешті «күйеуіннің жау екенін айт, одан безін» деп зорлап, көнбекен соң 8 жылға айдауға жіберген. Одан қайтқаннан кейін де Алматыда тұруға рұқсат ала алмаған. Тек Теміrbек ақталғаннан кейін ғана Алматыға қайтқан. Біз ол кісімен Н. Базановың үйінде (көрші тұрганбыз) танысып едік. Әлия Сәрсенқызының Дәмешпен талай әңгімелескені есімде.

Т. Жүргеновтің адалдығына, азаматтығына, жаңа қоғамдық құрылыштың нығаюына сіңірген еңбегіне жұрт үлкен сеніммен қарады. «Халық жауы» деген дәлелсіз қаралау ешкімді сендіре алған жоқ. Оны уақыттың өзі теріске шығарды. 1957 жылы ол ақталды. Бірақ өзі оралмады. Бүгін туған халқы оның еңбегін еске алғып, құрмет тұтуда.

Бүгінде Қазақстанда Жүргенов атында үлкен университет бар. Ол – мәдениет кадрларын дайындаудың көрнекті оку орны. Ырығызда мұражай ашылып, 1986 жылы ескерткіш орнатылды. Қызылордада ескерткіш ашылды. Оның есімімен мектептер, көшелер аталады. Ұлы қоғам және мәдениет қайраткерінің өмірі мен шығармашылық жолын зерттеу жұмыстары (Р. Сулейменов, Т. Дайрабаев, Б. Иманғалиев, С. Ұзақбаева, А. Садықова, Б. Мырзабай, т. б.) жалғасуда. 2012 жылы Б. Иманғалиев жинал құрастырған «Теміrbек Жүргенов» деген үлкен жинақ жарық көрді. Оған қайраткердің

азаматтық, қоғамдық еңбегі жайлы зерттеулер, естеліктер, мақалалар кірген. Сонымен бірге Жүргеновтің өз еңбектері енген.

Біздің қоғамымызда «Ешкім де ешқашан ұмыт болмайды» деген иманды сөз бар. Темірбек аты ешқашан да ұмытылмайды. Және ол көптің бірі емес, артына сөзі де, ісі де, өнегесі де қалған «Темір Нарком», темір бек. Тәуелсіз елге осындаидар керек. Сондықтан оның мұрасын кең насхаттап, жастанға өнегесін үйрету әбден қажет.

Бақыт Нұрпейіс

ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ Т. ЖҮРГЕНОВТІҢ РӨЛІ

ХХ ғасырдың 1930-шы жылдары қазақ халқының тарихындағы аса бір курделі кезең болды. Қазақ елі бұрын-соңды болмаған қатерге кезікті. Құрығы ұзын, ноқтасы мықты отарлау саясатының бірі – қолдан жасалған геноцидтің құрбанына айналды. 1925 жылы Қазақ Өлкелік комитетін басқаруға келген Ф. И. Голощекин 1920 жылдардың сонына қарай қазақ интеллигенциясына қара құстай шүйліге бастады. Бұл ұнамсыз құбылыстың басы 1929 жылы А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов сынды он төрт қайраткердің сottалуына ұласып, соны Ж. Аймауытовтың, Д. Әділовтің, т. б. атылуымен трагедиялық жалғасын тапты.

Қазақстанда «Кіші Октябрь» идеясын жүзеге асыруға құлышына кіріскең Ф. И. Голощекин елді алапат аштыққа соқтырып, «Ақтабан шұбырынды» заманынан да асып түсетін сойқан жасады. 1931–32 жылдары қазақ халқы қанға бөгіп, екі миллионнан астам адамынан айрылып, шалғымен органдай жусап қалды. Жүздеген мың жандар көрші республикаларға, шетелдерге амалсыз босып кетуге мәжбүр болды. Қазақтар өз жерінде өзі телеріш көріп, басына ұлт ретінде жойылып кету қаупі төнді. Көрер қорлық мұнымен бітпей, 1937–38 жылдардағы сталиндік репрессияның қара құйынына ұласы. Сорпаның бетіне шығатын ел оқығандарының жаппай қуғын-сүргінге түсіп, сан мындағаны атылып кетті. Осындаидар жан ауыртатын қасіретті оқиғалармен қоса, бүкіл кеңес өкіметінде болып жаткан кейбір он істер қазақ даласына да қозғау салды.

1930 жылдардың басында республикамызда Қазақтың мемлекеттік театрынан басқа ұлттық өнер мекемелері болған жоқ. Режиссерлік өнердің көшбасшысы болған Ж. Аймауытов пен кәсіби театрдың шаңырағын көтеріспіп, іргетасын қаласқан Д. Әділовтің жала найзасына ілігіп мерт болулары қазақ театрының қабыргасын сөгіп кетті. Оның да кәсіби мамандар тапшы кездे барымыздан айрылу үлкен соққы болып тиіді.

Театрдың жұмысын жандандыру мақсатында театрды сахна өнерінің кәсіби білімі бар тәжірибелі мамандармен қамтамасыз ету және ұлттық мамандар даярлау мәселе-сі күн тәртібіне өткір қойылды. Осыған байланысты, 1931 жылдың 1 қарашасында Қазақстан Өлкелік партия комитеті «Қазақ драма театрының хал-жайы мен оның міндеттері» жайлы арнаулы қаулы қабылдап, онда Халық ағарту комисариатына бірнеше



1916 жыл. Перовск (Қызылорда) қаласында Сауранбай болысқа қарсы кедей шаруалар көтерілісі болды. Осы көтеріліс жасаушыларды жазалау үшін, Перовск қаласынан генерал-губернатор Куропаткинның өзі келген. Осы кезеңде оқып жүрген жас Темірбек халық өкілі ретінде генералға барып сөйлесіп, уитты, отты сөздермен генералды алған бетінен қайтуға мәжбүр етеді. Сейтіп көтерілісшілер Темірбектің арқасында жазадан аман қалған еді. Темірбекпен 1908–1911 жылдары қазіргі Қызылорда облысының Теренөзек ауданына қарасты Аламесек қыстағында екі кластық орысша-қазақша мектепте білім алдық. Мұғалімдер оған 5-тік бағаның үстінен косу белгісін қоса қойып отыратын, ол сондай зерек, алғыр болатын!

Досы Арбан Сарынов

Темірбек өнер саласында өздерінің қабілеттілігін көрсете алатын жергілікті таланттар мен дарынды адамдарды үнемі іздестірумен болды. Сейтіп ондай адамдарды тауып алып, оларға арнаулы шакырулар жіберіп жүрді, өзіндік дарыны бар адамдарға ақыл айтты, оның окуына және жұмыс істеуіне жағдай туғызды. Ол Кокшетаудан ағаш шебері және музыкалық аспап жасаудың маманы Қамар Қасымовты өзі шақыртып алдырыды. Шебер көп ұзамай ұлттық музыка аспаптарын жасайтын мастерской үйимдастыруды. Жүргенов тіпті сахна киімдерін тігетін адамдарды іздең тапты. Олардың алғашкы жұмыстарына қазақтың тұрмысы мен этнографиясын жақсы билетін Жүргенов әрдайым сынақ бағасын беріп отырды. Осының барінде де ол өзінің антарғыштығымен, жергілікті дәстүрлерді, республиканың әртүрлі аудандарының киім-кешек, музыка мен тіл ерекшеліктерін жете билетіндігімен жүртты қайран қалдырып отыратын.

ЖҮРГЕНОВТЕР ӘУЛЕТІ

Жүргеновтер әuletінің бір үрпағы ретінде әкем Нұржан Жұдырықұлының айтқан естеліктерін осы жинақ арқылы жүртшылыққа ұсынып отырын.

Аталарымыз мал біткеннен кейін Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында Басықара қопасы, Тышқанбай саласы Жантай деген жерлерді жаз жайлау етіп, Қаракұмды қыстау еткен екен. Шежіре бойынша тарқатсақ, Кіші жүздің Шөмекейінен – Тоқа, Қөнек, Аспан, Бозғыл.

Бозғылдан – Қаратамыр, Сарыбай, Торыбай, Келдібай, Қайқы.

Келдібайдан – Сүйін, Қожакелді, Келмембет, Келмембеттен – Әлдеберлі. Әлдеберліден – Есбол, Метей, Өтебай, Құдайқұл.

Өтебайдан: Устемір, Жанғабыл, Құба, Тойқожа, Сұлтан, Адамбай.

Сұлтаннан: Есіркеп, Тілеубай, Жәрімбет.

Жәрімбеттен: Қайырлап, Жолай, Мұсіреп, Әлен, Бұрқат, Ұсен, Бұркіт, Жолдас, Сексен, Қыстау, Нұртау, Дәуіт, Пәрменбай, Серкеш, Қекі, Сыrbай, Сазбай.

Әленнен – Байсал, Рай, Сүйін, Қуан, Мұрынбай, Жұрынбай, Сары, Қәпі.

Қуан Әленұлы атамыз өте бай болған, бір басында алты мындағы жылқы, қырық мындағы қой біткен кісі болыпты. Қуан атамыздың бала кезінде әкесі Әленнің үйіне (Әлен атануы да көп қой біткесін, осы дәуірге дейін шешелеріміз, женгелеріміз «қойы көп» деп атайды. Әленнен тараған үрпактарды Жәрімбет сарғасқаның ішінде) Орта жүздің қышишкі қызында елге танымал белгілі кісісі бар, бір топ жолаушысы түстеніпті. Қонақтар жайланып, ет әкелініп, бұрынғы ғұрып бойынша тамақ асатар кезде ауыл балалары есік аузына келіп тұрады. Қуан атамыздың бойы бәкенелеу болса керек, балалардың сонында тұрып қалыпты. Сол кезде жолаушылардың басшысы ері ақсақалы қолындағы жамбасты алдыңғы қатардағы балаларға асатпай, сонында тұрған Қуанға асатыпты. Ол кезде қонақтарды келесі ауыл тұсына дейін шығарып салу үрдіс болған.

Жолаушылардың бірі өз ақсақалдарына былай деп сауал тастайды: «Алдында біраз бала тұрса да, сіз қолыңыздағы жамбасты соңғы жақта тұрған баланы шақырып алғып бердіңіз. Осының бір мәні бар-ау», – депті.

– Е, жігіттер, сіздер қайdan білесіздер, бұл бала Кіші жүздің белгілі бір байы болайын деп тұрғой, – деген. Арада біраз жыл өткесін тағы бір сапарында баяғы жолаушылардың бірен-сараны ішінде абызы бар, Қуан атамыздың ауылына келеді. Атамыз ауылда жок екен, Айым әжеміз қонақтарды жібермей қысырдың тайын сойып, қонақтарды кондырады. Қуан атамыз тұнделетіп келсе керек, таңертен қонақтарды шығарып салуға жіберетін жігітке «қонақтарды шығарып сал» деп тапсырма береді.



Біршама уақыттан кейін қонақтардың біреуі баяғы абыз кісіге: «Сіздің айтқаныңыз келіпті. Куаң бүкіл қазаққа белгілі бай болыпты», – депті.

Куаңнан – Жұрген, Тұрган, Дәгір.

Жұргеннен – Жұдырық (Ақсақал), Сырлыбай (Қара), Қазибай, Дүйсебай, Еңсебай.

Ақсақалдың бойы шағын болғасын, халық – Жұдырық атап кеткен. Сырлыбайды бір сынышы кісі адамның ақ-қара бастысы екен, мұның қорқытпайтыны болмас дегенін естіп, халық Қара деп атап кеткен.

Жұргенов Қара Куанұлы кешегі патша заманында істі болып, екі жыл Арқаға жер ауып, кесімді уақытын бітіріп, түрмеден шығып келгенде, қаратамыр Онғар жыраудың айтқан толғауы:

Тілейміз тілге медет бір құдайдан,
Әрқашан айырма деп абыройдан.
Бұл күнде еткел бермес орал болдың,
Заманға шығып сага терең сайдан.

Арғы атан Өлдеберлі аруакты орын
Бабаңыз сез бастайын Өтебайдан.
Жерге нұр жазғы бұлттың жауынындай,
Ауысып ағайынға тиді пайдан.

Қасты еткен дұшпаныңмен қарсыластың,
Шаһарын шабыншылық етіп ойран.
Рудың ұstemіндей адамы еді,
Кәпір ит қадірінді білсін қайдан.

Би болған бабаң Сұлтан бақ қонғансын,
Сөйлейміз тіліміз бен жақ болғансын.
Теренге тегіндікпен жіберер ме,
Күніреніп көне аруақ жақ болғансын.

Қапасқа қиянатпен түсірер ме,
Ісіңіз аллаға аян ақ болғансын.
Жәрекен жердің жузін қызырыпты,
Бозғылда бір босаға болдың мықты.

Төрт бұрышын дүниенің кезіп жүріп,
Ақылмен тапқан екен жерүйікты.
Шілтендер шылауында жәрдем болып,
Түсінде «Бақ» пен «Қызыр» жолығыпты.

Арғы атаң бай Жәрімбет «Қыдыр» көрген,
Түсінде тұлыш тола ділда берген.
Бұл бақыт әулетінен арылмас деп,
Болыпты *шыны дауа шілтендерден.

Бай болған адам және атаң Әлен,
Беріпті қара түгіл, хандар сәлем.
Себебі тіл жағына тиер ме екен
Тебірентіп аруағын айтсаң өлең.

Бай болған және атаң Қуан,
Дәулетті болған емес ешкім мұнан.
Ат мінсе, аруақты әскердей бол,
Тұманда жүрген жерін еткен раушан.

Ол байды не қылайық мүлкін айтып,
Айдаған бес жарым мың жылқыны айтып.
Он мың қой айдаған өз басына,
Жүріпті алты нарга алтын артып.

Бұл сөзді өтірік деп кім айтады,
Дәулеті тап салған жоқ артық айтып.
Солардай шынжар қатар дуалы ердің
Кол үзсін әулетінен халқы қайтіп.

Бай Жүрген, батыр Тұрған, мырза Дәгір
Әкім боп бірнеше жыл сүрді дәүір.
Қызығын еркін жүртты көре алмады,
Аз өмір болғаннан соң ақтан әмір.

Жұдышықтан – Есім, Зарқұм, Бегім, Нұржан.
Зарқұмнан – Құлмағанбет (Құлша), Манаш апамыз.
Құлмағанбеттен – Әлімхан, Қазихан, Мәлике.
Қазиханнан – Женіс, Жәмила, Қайрат. Бұл ұрпақтар Ақтөбе қаласында тұрады.
Бегімнен – Сердалы, ертерек қайтыс болған.
Нұржаннан – Ерхан, Әбдірахман, Пайзарахман, Қытайы, Қырмызы, Үрім, Қырым,
Асылхан, Қасымхан, Жағыпар.
Жағыпардан – Қанабек, Данабек, Қарлығаш, Талапбек, Алмагүл, Айдын, Шалқар,
Сағынай, Айпара, Шаттық.



Жүргенов Нұржан Жұдырықулының немере ағасы Қара 1928 жылы конфискаға ілгіп, Қарқаралы, Семей деген жерлерге жер аударылған. Қара ұсталар сәтте ауылдағайын, балалары, т. б. кісілер қоштасуға келіп отырғанда, немере інісі Нұржан көзіне жас алыпты. Соны байқаған Қара інісі Нұржанға сені кейінгілерге басшы болар деп жиын-тойға, дау-дамайға көп ертіп едім, бұл не қылғаның, басқалардан бұрын толқығаның деген екен. Сіз кеткесін жағдайымыз қалай болар екен деп толқыдым депті Нұржан. Сонда Қара: «Қожакелді руының белгілі адамы Бостан би ауырып жатқанда, көнілін сұрай барған ауылдастары күрсіне бергенге ұқсайды, сонда Бостан би неге күрсінесіндер деп сұрапты. Ағайындары сіз кеткесін, халіміз қалай болады деп, соны уайымдал күрсінеміз депті. Сонда Бостан жалғыз мен емес, талай елдің Бостандары кетер, Бостансыз қалған елдермен бірге күн көрерсіндер деген екен, сол сияқты, Нұржан-ау, талай елдің Қарасы ұсталып жатқан шығар, сол Қарасыз қалған елдермен бірге жүрерсіндер», – деп қоштасқан екен.

Қара конфискаға ұшырап жер ауып кеткенде, інісі Нұржан қалай аман жүр деп, жергілікті белсенділердің көрсетуімен Қазалының Ақирек, Кекшекөл деген жерінде Нұржан Жұдырықұлы 1933 жылдың апрель айында ұсталып кетеді. Жазықсыздан жазықсыз он жыл үш ай абақтыда болады. Қарағандыда бір жыл, сонаң соң Қыыр Шығысқа жер аударылған. Бұл жылдары ашаршылық кой, жағдайлары ауыр болған.

С. Сейфуллиннің қыстауын өкімет алып, жазалы адамдар отыратын үй жасаған екен. Бұл кісілер сол Сәкеннің тамында қыстап шыққан. Әкем Қазақстанның жерінен өтіп, Қыыр Шығысқа жол тартқанда, «енді Қазақстанның топырағын басу жоқ шығар деп көзіме жас алып едім» деген. Ай жарым жол жүріп, елі екі туннельден өтіп, Владивостокке келген. Владивостоктың Голенки деген жерінде төрт жыл, Сахалин аралында екі жыл, теңіз жағасында балық пристанында төрт жарым жыл тұрган. Бұл жерде тамағы ток, жағдайлары жақсы болған. Охот теңізінде жаз айында кеме жүріп, жол қатынас болған кезде ғана Нұржан әкем хат арқылы елмен хабарласып тұрган. Қыс бойы қатынас болмағасын хабарласа алмаған. Кесімді жылын бітіріп, 1943 жылы август айында соғыстың қызып тұрган шағында елге оралады. Конфиска болып кеткен ағасы Қара 1934 жылы жазалы уақыты бітіп, елге қайтадан көшіп келген. Бірақ бұл кезде Нұржан сottалып кеткен. 1937 жылы Халық комиссары Жүргенов Темірші нақақтан «халық жауы» болып ұсталып кеткенде, жер ауып келген әкесі, аға-інілері де ұсталып кеткен. Сонымен әкеміз Нұржан елге аман келгенмен, туысқан аға-інілерінің ешқайсысын көре алмады. Әкемізге елдің амандығын білдіріп, хат жазып тұратын немере інісі Ысқақ екен. Ысқақ – Қараның Темірбектен кейінгі баласы. Ысқақ та ұсталып кеткен. Әкеміз елден хабар-ошар ала алмайды, елдегі жағдайды білмейді. Нұржан арабша сауатты болған. Аламесектегі мектепте Темірбекпен бірге оқыған, кейін әкесі Жұдырық оқытпай елге алып кеткен.

* * *

Мақалсыз сөз сөйлемейтін, мақал-мәтелге бай кісі еді. Он жылдан аса абақтыда болғасын, қоркыңқырап қалғандықтан болар, аса сақ сөйлейтін. Өлшеусіз сөз сөйлемейтін, ептең өлең жазатын қабілеті де болатын. Мына төмендегі ағасы Қараға 1934 жылы, інісі Ысқаққа 1938 жылдары түрмеден жазған өлең хаттарына кезек берейік:

1934 жылы елді сагынып ағасы Карага жазғаны:

Кұрметті сәлем жаздым Кәрен ағай,
Тез жазсын көрісуге жаппар құдай.
Бір туып, бірге жүріп, дәурен сүріп,
Панаңда көрдім қызық мен бірталай.

Болған соң ақтан бүйрық амал нешік,
Айрылдым дәм аударып әлдеқалай.
Сағындым бір көруге дидарынды,
Жүрген соң жер шетінде өте шалғай.

Бас болып Кіші жүзге билік айтқан,
Ардақты алтын сөзді ақылы дана-ай,
Айрылып бірге туған бауырластан,
Қапаста қайғы жедім алты жыл ұдай.

Әткен күн бір күнгідей болмас еді,
Босансам жақсылық боп мұнан былай.
Арманы мен сорлының болмас еді,
Кездессем тіршілік боп, Кәрен ағай.

Мекенім Владивосток қаласында,
Теніздің Японский жағасында.
Орнатқан Амурский аралында,
Күншығыс Ресейдің даласында.

Украин Дағын Восток деп айтады,
Байқасам, өте алыс жер расында.
*Каланда пауһимақпоз жазған екен,
Көруге бұл орынды о басында.



Халықтың көпшілігі монгол, бурят,
Сары орыс болды тума арасында.
Айнала біткен теңіз қорған болып,
Қаланың нақ тұрагы тау басында.

Бұл жерге келдім қазақ крайынан,
Жол жүріп ай жарымдай ұдайынан.
Амал не, баста ерік болмаған соң.
Бәрі де бір жаратқан құдайынан.

Ұлттық мұсылмандық ораза, намаз
Өтеуге еркіміз жоқ бұлайынан.
Ар, ұят, абырой сақтау бәрі де жоқ,
Аралас еркек-әйел тұтасынан.

Бұнымен қысқартамын сөздің артын,
Зейінді айырад та істің паркын.
Сағынып тұған жер мен ел-жұртымды,
Елекін, ермек қылып жазған хатым.

Арғы атам Әлдеберлі, ер Келдібай,
Жәрімбет алты Өтебай таза затым.
Ішінде Өтебайдың Сұлтанымын,
Айтамын істің рас ақиқатын.

Ата пір әулие өткен ер Сейтпенбет,
Тимеді-ау осында шарапатын.
Хат жолдап ақырына қолым қойдым,
Фамилиям Жұдырықов, Нұржан атым.

Немере інісі Қарағұлы Ысқақса жазғаны:

Қарағым Ысқақ, хабар ал,
Ағаңын жазған хатынан.
Бір заманда жігіт ем,
Тасқын судай шалқыған.
Жөнге келсе келгені,
Келмегенді нардай-ак,
Аяқпен қағып тарпыған.

Бұл уақыттар болғанда,
 Мендей мұңлы болмады.
 Айырылып зарлаған,
 Тұып-өскен халқынан.
 Өзімнен бұрын сottалып,
 Кетіп еді екі ағам. (Қосжан, Досжан).
 Қандай болып жүр екен,
 Құдайдың қосқан амалы
 Таңдал та алған Ұрлықан?
 Ол жігітте арман жок,
 Жоқтаушы болса артынан.
 Айта берсем зарымды,
 Тауда жатқан қара тас
 Қорғасындаш балқыған.
 Айыпталдың басында
 Бір жұмыспен алты адам.
 Қажыбай, Құлша, Ысмайыл,
 Құдайберген Ерназар (руы)
 Мырзабектің баласы
 Біреуі Айдар (руы) Сақтаған.
 Он жылдан кесіп қонжитты,
 Адам болса жақпаған.
 Ауылнайым Дүйсеней
 Жидебайдың баласы
 Жігіт екен мейірімсіз.
 Бір құдайдан қорықпаған.
 Аз тұрғызып ауданда,
 Қызылордаға жіберді
 Қалдырмай жеті аптадан.
 Ай тұрғызып онан да
 Жібермекке этапқа
 Комиссия көріп сорттаған.
 Арестованный поезден
 Он екі тәулік жол жүріп
 Қарағандыға келіп тоқтаған.
 Баласына Бозғылдың
 Тегіс сәлем айтамын,
 Қағаз салсын артынан,
 Азамат болса жоктаған.

Болмас еді арманым,
Қайтадан барып бір көрсем,
«Қармақшы» деген қаланы,
Дидарлассам тірі боп,
Ақсақал ағам Қараны.
Уақытында арыстанның
Жұзге жүрді-ау араны.
Ерекікен дүшпанға
Тапжылмады-ау табаны.
Жасы ортаға келгенде,
Нардай шөгіп қартайды.
Өтіп кетіп заманы.

Ауызынан бір сүйсем,
Қытайы деген баланы.
Карагым еске түскенде,
Көзімнің жасы ағады!

Владивосток жер шеті
Кекешің қашан барады.
Қайғыменен қарайып,
Өткен күнін санады.
Құдіреті күшті құдайым,
Қашан апу қыласың,
Нақақтан болған жаланы.
Өзім істеп күймедім,
Кісіден болды себебі.
Кесірі тиді екі иттін,
Бұкарбай, Сейіл арамы.
Дәмі жаман көсіктің
Болады жаман сабағы.
Ниеті жаман мұрдарды
Құдай-аруақ табады.
Амандықпен кездесіп,
Тірі жетім балдардың
Ашылар ма екен қабағы.
Жүректі туган ер болса,
Жарақсыз жауға шабады.
От басында бұғады,
Адамның акымақ жаманы.

Есіл қайрат жасыды,
 Істерге болмай амалы.
 Таза тыңдалап, құлақ сал,
 Кең ойлы кенес шығатын
 Халықтың жақсы адамы.
 Осыменен тоқтады,
 Нұржанның жазған қаламы.
 Осы арадан қояйын,
 Сөзімнің болып адағы.

Жүргенов Қара үш әйел алған. Бірінші әйелі Сұлу әжемізден → Ногай, Бидаш апам. Екінші әжеміз Жәніштен → Қосжан, Досжан, Темірбек, Ысқақ.

Үшінші әжеміз Кәмпитетten → Кәпназар, Айназар, Биназар (Бетай Куанов), Усемназар, Загипа.

Сұлу әжеміздің руы есімде қалмапты, Жәніш әжеміз он екі ата Байұлы тана руының қызы. Кәмпитет әжеміз шөмекей, тоқсейіт сарғасқаның қызы.

Қосжан, Досжан әкелеріміз 1930 жылдары ұсталып кеткен.

Қосжаннан → Қиназар, Үрзалипа.

Қиназардан → Мирамкул, Бауыржан, Ғалымжан, Жанат, бәрі қазір Астана қаласында тұрады.

Үрзалипадан → Смағұл, Қызылордада тұрады.

Темірбек көкемнен → Шорабек деген баласы үш жасында Ташкентте қайтыс болған. Онан кейін Ысқақтың Жұманазар деген баласын алып тәрбиелеген, ол да өзі сұранып соғысқа кетіп оралмады.

Куанов Биназар Қараұлынан (Бетай) → Келназар, Мағрипа, Бижан, Элипа, Галия, Дариға, Телжан. Усемназар ағай қайтыс болды, қалғандары Алматы, Қызылорда қалаларында есіп-өніп тұрмыс кешуде. Дариға Чехияда қызметте, үйлі-барапанды. Загипа апамыз қазіргі таңда Алматы төңірегінде Боралдайды Темірбек көкем жерленген манда тұрады.

Нұржан әкем: «Темірбек не айтса да тіке айтушы еді, жаңалыққа жаны құмар, ескігे үнемі қарсы тұрып келді. Темірбеккө Жағалбайлы руының байы Қалинурдың қызын айттырған-ды, бірақ ол атасына хат жазып, арнайы адам жіберіп, әкелер үәдесін бұздырды! Зорлық, зомбылық көрген жандар көзі ашық Темірбекке жиі келіп сөйлесетін. Ерте кетті ғой, шырагым», – деп көзіне жас алып отыратын.

Темірбекпен бірге ойнап, бірге естік. Жас кезінде тұған-туыстары, катар-тені, біздер «Темірше» деп атайдының. Жазда қыр елі Ыргызы жайлап, қыста Сыр бойына қоюс тебетінбіз. Дәлірек айтқанда, Жалағаш ауданы, қазіргі «Жанаталап» совхозының төңірегіндегі Іздібай өзенінің бойында «Қараның қыстауы» деген жерде отыратын едік. Қай жылы екені есімде жок, бірде әкелеріміз бізді Кауынбай молданың алдына жыныш беріп, «тіл» сындыртты. Қоңыраулық ауданда Тұрмамбет ақын (Ізтілеуов) келіп, біздерге дәріс берді. Окуымыз бұрынғыдан емес, ұғыныкты, көңілді бола бастады. Темірше бізден өзінің зерек, алғыр қасиетімен ерекшеленетін. Үлкендерден, ұстазымыздан естігендерін ұмытпайтын. Қайталап, тіпті қызықты етіп әнгімелеп те беретін. Содан да оны жаңына жакын тартып, оған зор сенім артатын.

Әзі жолаушылап, не басқа шаруамен кетсе, окуды жалғастыруды Теміршеге талсыратын. Ал ол ешқандай қысылып-қымтырылмастан сабактарды қайталап, тіпті өздігінен де оқытуға қабілеттілік танытатын. Откірлік, өжеттік қасиеттері сол кездің өзінде-ақ қалыптаса бастаған екен-ау деп ойлаймын бұл күнде.

Тұрмамбет ақын Теміршениң зеректігін экесіне жі-жі қызыға әнгімелеп, онын Аламесекте (казіргі «Ақарық» совхозы) барып окуын жалғастыруына ықпал етті. Біз әртурлі себептермен оки алмадық. Темірше болса өзінің ерекше қабілетін канат етті, қырандай қалыктап кете берді. Оның қайда оқығаны, қандай қызметтер аткарғаны, мемлекет қайраткері ретінде калай танылғаны бізге сол кездің өзінде белгілі болатын. Ауыл аймағымызбен қуанып, мактан етіп жүретінбіз. Тілеуін тілтейтінбіз. Несін жасырайын, оқымай қалғанымызға өкінетінбіз.

Сондыктан да біз оны әрдайым сол білктерден көреміз, сол шындардан іздейміз.

Женгеміз – Теміршениң зайыбы Дәмеш Ермекованың тағдыры да бізге матім. Темекенен соң көп ұзамай ол да «ұсталды». «Халық жауының әйелі» деген жаламен сөгіз жылға сотталып, мерзімін өтеп қайтты. Асыра сілтеу кезеңінің «колшокпартарды» онымен де тынған жок, «жауыздың жақыны» деп Ысқақ, Кайназар, Пірназар, Ысмакан Ысқақ (Жарасбаев) деген інілерін де ұстап, қайтпас сапарға аттанырып жіберді. Осы кезде бізді Теміршениң бауырына басып тәрбиелеген баласы Жұманазардың жағдайы көп алаңдатты. Дегенмен ол, жас та болса, көп ұзамай елді, ағайын-туысты тауыш, куанышқа кенелтті. Бірак, бала неме гой, бірге ойнап, бірге жүретін ауыл балалары оны «жауыздың тұқымы» деп үнемі шеттетіп, намысына тие беретін болды. Бұған ызғатанған ол: «Отанға адаптың кызмет етіп, әке-шешемді қалай да актап аламын. Олар ешқандай да жауыз емес», – деп, жасының толмағандығына карамастан, өзі сұранып майданға аттанды. Есіл ер содан оралмады.

Кейіннен Темірбек те, Дәмеш женгей де акталды. Женгей ағамыздын отын өшірмей, түтінін түттетті. Қызмет етті. Қазір ол дербес пенсионер, «Қазак ССР-інің еңбек сінір-ген дәрігері» деген күрметті атақтың иесі. Алматыда тұрады. «Алматыдағы үлкен әже» ауылдағы туыстары мен немерелерімен де катысады.

Мен 8 жасымнан бастап Таңкентте тұрған жездем Темкеңнің қолында болдым. Темірбекті жезде деп атайдынын. Ол менімен күліп, әзілдесіп отыратын.

1933 жылы Өзбекстаннан Қазақстанға қызметке шакыртылды. Ең алдымен Алматыға Темірбек асырап алған баласы Жұманазар мен мені өзімен бірге алып келіп, үкімет демалыс орнына орналасты, тамақты да сонда ішетінбіз. Дәмеш апам Тәшкенде өзінің ғылыми жұмысын аяқтау үшін қалған-ды. Көп ұзамай-ақ Дәметей келіп, бұрынғы Лагерная (қазіргі Шевченко көшесі) көшесі мен Фурмановтың қызылысындағы үкімет мүшелеріне арналған 1 этажды жеке үйге орналастық, үй төрт бөлмелі, кең болатын. Осы көшеде біз орналасқан үйлерді милиция күзететін. Бізге ең жақын жерде Киселев және Санжар Сәдуақасовтардың үйі болды. Ал біздің үйдің жоғары тұсында, қазіргі Құрманғазы мен Фурманов көшесінің қызылысында, Л. М. Мирзоянның үйі болатын, бұл үй казір «Достық» қонақ үйі шарбағымен жапсарлас тұр.

Темірбек Л. М. Мирзоянның үй-ішімен сирек те болса қатынасып тұрды. Сол кезеңдегі тұстастары ішінде, бала да болса байқағаным, Ғаббас Тоғжановты өте жақсы көріп, оның есімін зор құрметпен атайдын.

1938 жылдың наурыз айының басында НКВД-ның 2–3 адамы кіріп келіп, үйдегі адамдардың кім екенін тексере бастады, олардың жузінен қаныпезерлік сезіліп тұрды. Үйдегі заттарды олай-булай шашып, кейбірін бетімізге лактырды. Бұл үйді тез босатуды талап етті және мені балалар үйіне тапсырамыз деді. Осы кезде шыдамаған менің шешем (Дәмеш Ермекованың шешесі 1937 жылдары Т. Жүргеновпен бірге тұратын – Т. Д.): «Бұл Жүргеновтің қызы емес, менің қызыым», – деп қолымнан ұстап сыртқа шығып кетті.

Т. Жүргеновке жұмыс барысында көп адам келетін. Бірде «Айман-Шолпанның» басты кейіпкері Көтібар атын сахнада қалай атаяу керектігі жөнінде үйге келген адаммен көп таласты. Ақыры келісті-ау деймін.

Жұмыска ерте кететін, түскі асқа келіп, одан кейін кешке алтыда келіп, тамақтанып алғаннан кейін 2 сағаттай уақыт демалатын. Содан кешкі сағат 8-ден тұнгі 1–2-ге дейін жұмыста болатын. Ойға алған ісін тиянақтамай тынбайтын, өте енбекшіл болды. Өзінің хатшысына тікелей айтып тұрып жаздыратын. Бір сөзін қайталамайтынына таң қалушы едік.

Жездем өте сауатты болумен қатар, мәдениетті, әділ болатын. Кімге де болса тайсалмай шындықты бетіне айтатын.

Шоратай есімді жалғыз баласының атын «Шоратай атты есім үш тұрлі мағына береді», – деуші еді. Сол Шоратай інім 1933 жылы Таңкенде қайтыс болды.

1937 жылдың зобалаңын өз көзіммен көрген мен Т. Жүргеновтің тұрған үйі маңына жоламайтынын. Күні кеше бірге жүрген азаматтың ұсталғанын, атылғанын есіткен-нен кейін тіпті сол маңнан қашық жүрдім.



Сол абзал жездем бұл күні 100 жасқа толар шағында оның өткен еңбектері еленді, аты құрметтелді, енді оның еңбектері жарыққа шығып, оқырман қауым қолына тисе нұр үстіне нұр болмақ.

Жүргеновтің немере қарындасы Сымбат Ногайқызы

Влекен әкем Қара Жүргеновті 1928 жылы тәркілеп, Караганды облысының Жаңарқа, Қарқаралы ауданына жер аударды. Малын алдын-ала азайтқан болу керек. 1928 жылғы ірі байлардың қатарына ілінбеді. Бірақ НКВД балаларының малдарын қоса есептеп барып тәркілегенді. Мені де басқалармен бірге жер аударылған көшпен алып кетті. Шалқарға жете бергенде, артымыздан Досжан аға келіп, мені кейін алып қайтты.

Қарқаралыға жер аударылған Қара әкем алдымен Байқадам селосына келіп, бірекі күн тынығып жатқанда, сол ауылдың белсендері құжатың дұрыс емес деп, Семейдегі тұрмеге қамауға жібереді. Барған жерде жөні тұзу адам кездесіп, құжаттарын сұрастырып, мерзімі бітіп акталғанын анықтап, кері қайтарады. Бұл кезде біздер Диірмектебедегі туыстардың қасында болатынбыз.

Мен 1930 жылдың күзінде Та什кент қаласындағы Темірбек ағаның үйіне келіп орналастым. Осында хат танып, сауатымды аштым. 1933 жылы аға Қазақстанға келді, біздер де бірге келдік. (Мен, Жұманазар, Аяужан) (Дәмеш женгенің сіңлісі). Мені «Еңбекші Қазақтағы» рабфакқа түсірді, кейін педучилищені оқып бітірдім.

Темірбек аға сұсты болатын. Көп сөйлемейтін, домбыра тартып, ән салатын, өлең де шығаратын.

Біздер (Темірбектің тұрған үйін айтып отыр – Т. Д.) қазіргі Шевченко мен Фурманов көшесінің қызылысында, нақтылап айтсам, Фурманов 120 үйде тұратынбыз.

Мирзоянның үйі ете жақын болатын. Женгем Ақшеберді «менің қарындасым» деп айтушы еді. Аға ұсталғаннан кейін Жұманазарды елге жібергенбіз, ол ауылға үйренбей қайтып келді. Әлі есімде, оны әкелген «машинеші» ағай Сүлей Найманов болатын.

Осы сексен беске қарар шағымда басымнан талай нәрселер өтті. Адамдардың адалдығы мен арамдығын да көріп, сезініп өстік.

АЙТЫЛМАЙ КЕТКЕН АМАНАТ

Биыл ол тірі болса тоқсанға келер еді. Бірақ, қырық жасына да жетпей, қысталан жылдар іінінде мерт болды. Тым қысқа да, жарқын ғұмырын езгіден босанған халықтың еңсесін көтеріп, мәдениетін өркендетуге арнаған асыл азаматтың тоқсан жасқа толған жасын, сөз жок, бүгінгі бақытты ұрпақ ұмытпайды. Ол алпысқа, жетпіске, сексенге толғанда да солай болған: естеліктер айтылды, мақалалар жазылды, шағын кітап та басылды.

Он-ақ жыл бірге тұрсам да, бүкіл өмірімнің шырағы сынды есіл ерімнің – Темірбек Жүргеновтің артында қалған бар белгі – осы естелік-мақалаларға мен тағы не қоса аламын деп ойлаймын кейде. Эйтсе де, айтатын жайлар көп екен... Әсіреле, ойды да, сананы да қайта жаңғыртып жатқан бүгінгі қайта құру күндерінде КПСС Орталық комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың Ұлы Октябрь революциясының 70 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте жасалған баяндамасынан кейін... Мен Темірбекпен 1924 жылы Ташкентте таныстым. Қарқаралыдан келіп, Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне окуға түсken кезім. Заң факультетінің жоғарғы курсында оқитын кең мәндайлы, сұлу жігіт жолында кездескен қай-қай бойжеткеннің де ұрлана қарамасына қоймайтын. Оның үстіне желбуаз алашордашылармен ашық айқасқа түсіп, газеттерде көлемді-көлемді мақалалары жарияланып жүрген Темірбек есімі жастар арасында қатты қадірленді.

Өзі атақты Әліби Жангелдинмен жақсы таныс, Ыргызыда Совет өкіметін орнатуға белсене қатысқан, жиырмасынышы жылдан партия қатарында деп есептейміз. Сонау күйіп тұрған 16-шы жылы-ақ жап-жас басымен Түркістанның генерал-губернаторы Куропаткиннің алдына тайсалмай барып, Перовск училищесінде шәкірттерді қорлайтын қатығез оқытушыны жазалаттырғанын студенттер қауымы азыз қып айттар еді. Сол өткірлігі мен табанды құрескерлігінің күесі ғой, Темірбек ол кезде әрі оқиды, әрі Қазақ АССР-нің Түркістан Республикасындағы толық праволы өкілі қызметін атқарады. Қазақстан және Түркістан Орталық атқару комитеттерінің мүшесі.

Жиын-кеште жиі-жі қездесе жүріп, бір-бірімізді ұнаттық. Сегіз жас үлкен жігіттің алдында мен ерке шәкірт сияқты едім. Ал оның айтатыны ылғи саяси әңгімелер: өзі жинап, баспадан шығарған халық ақындарының «Терме» жинағы жайында көршілес республикалардың шекарасын қалай белгілеу туралы, жазып жатқан жаңа еңбектері хакында ...«Шіркін-ай», – деп армандастын ол, – қазақтың өз университеті қашан құрылар екен, шаруашылығымыз бен мәдениетімізді өркендестудің нагыз ғылыми орталығы сонда жасалар еді».

Темірбектің осы арманының алғашқы өтеуіндей және соның тікелей араласуымен 1926 жылы Ташкентте қазақтың тұңғыш жоғары педагогикалық оку орны ашылды.



Оған университеттің соңғы курсында оқып жүрген Теміrbектің өзі ректор болып тағайындалды. Кейін «Қазақ педагогикалық институтының бір жылғы жұмысы» деген кітапшасы да жарияланды. Алдын ала айта кетейін, оның әр жылдарда жарияланған еңбектерін бүгінгі күні жинап бастырап болсақ, өлкеміздің 20–30 жылдардағы саяси-әлеуметтік дамуынан толық мәліметтер беретін құнды анықтамалық жасалар еді. «Мені бәрінен босатып, ғылымға отырғызыса гой», – деп армандастырылған. Бірақ партия ісіне берілген білікті мамандар жетіспейтін жылдарда тәжірибелі ұйымдастырушыны қалай босата қойсын. Және тапсырылған жұмысқа зор жауапкершілікпен қарап, жантәнімен орындастырылған Теміrbектің өзі де жер-жерде жүргізіліп жатқан советтендіру ісінің нағыз курделі шағында саяси курестен бас тарта алмас еді.

Сонымен ол 1929 жылы ВКП(б) Орталық Комитеті Ортаазиялық бюросының қауысымен сол кездегі ең қыын участок – Тәжік АССР-на финанс комиссары болып тағайындалды. Менің окуым әлі бітпеген, сондықтан бірге кете алған жоқпын.

Жасында Тұрмағамбет Ізтілеуовтен дәріс алып, өзбек, тәжік тілдерін еркін менгерген Теміrbектің көрші республиканың шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға да біраз еңбек сініргені анық, бірақ өз көзіммен көрмеген соң және бұл туралы жазылған зерттеулер жок, қазір ештеге айта алмаймын. Менің билетінім: бір жылдан соң оны ВКП(б) Орталық Комитеті Тәжікстаннан шақырып алып, Өзбек ССР-нің Халық агарту комиссары етіп тағайындалды. Тап жауларының қолынан қаза тапқан Хамза Хаким-заде Ниязидің орнына. Бірге тұрдық. Шоратай есімді баламыз болды. Теміrbектің інісінің ұлы Жұманазарды да бауырымызға салдық. Күйеуімнің күні-тұні үй көрмей, тап жаулары – ұлтшылдармен қалай курескені, Өзбекстан мәдениетін дамытуға қалай атсалықсаны әлі күнге кез алдымда. 1933 жылы Теміrbектің Қазақ АССР-на Халық агарту комиссары болып бекітілгені туралы хабарды алып барған Ғабит Мұсірепов көзі тірі кезінде мына бір сәтті есіне түсірген-ди:

– Жүргенов неге кетеді, – депті оған сол кездегі республика басшыларының бірі Ходжаев. – Біз оған мәдениеттің бүкіл штабын беріп қойдық...

Сонымен, Теміrbек Алматыға жүретін болды. Мен ол кезде университетті бітіріп, ғылыми жұмыспен айналыса бастағанмын. Уақытша қала тұратын болдым. Екі баланы алып өзі кетті. Бір айдан соң-ау деймін, шаң-шаш болып келіп тұр:

– Дәметай, – дейді. – Өзің жүрмесең болатын емес, күні бойы жұмыстамын, ана балаларға қарайтын адам жок...

Келіспей қайтемін. Сөйтіп Алматыға біржола орнықтық. Үйіміз Лагерная (казіргі Шевченко) көшесінің Фурмановпен қызылысқан тұсында-тұғын.

Өмірінің ең соңғы да, мағыналы төрт жылын жұмсаған Қазақстанның Халық агарту комиссары қызметінде Теміrbектің қандай жұмыстар атқарғаны оқырмандарға жақсы таныс та болар. Ол туралы көрнекті әдебиет, өнер қайраткерлері Ә. Тәжібаевтың, Қ. Байсайитовтің, Ш. Жиенқұлованың естелік кітаптарында әсерлі баяндалған. Сондықтан мен өзімнің есімде қалған кейбір сәттерге ғана тоқталамын.

Ол демалыс дегенді білмейтін. Ұйқыдан тұру бойына, таңертеңгі шайға дейін қалада салынып жатқан жаңа мектеп құрылыштарын аралап келеді. Көбінесе көңілді қайтады:

– Жігіттер жарады, өз игіліктері үшін істеп жатқанын түсінеді, – дейді асығыс сөйлеп. Сосын түннің бір уағына дейін оралмайтын жұмысына кетеді.

Өзі сонау жас кезінен арман еткен Қазақ университеті ашылған күнгі қуанышын көрсөң! Музыкалық театрдың алғашқы қарлығашы «Айман-Шолпан» қойылғанда ше? Қос жанары шоктай жайнаған ерекше шабытты сәті еді ол. Либреттоны талқылаудан бастап, артистердің киімін тіккізуге дейін басы-қасында жүретін.

Республика мәдениет құрылышы қайраткерлерінің бірінші съезі, халық өнері қайраткерлерінің бүкілқазақстандық бірінші слеті... әйтеуір, жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Жамбыл мен Нұрпейіс Байганин, Ғарифолла Құрманғалиев, тағы басқа да өнер иелері нақ осы сәтте танылған еді. Орталықтан композитор Е. Брусиловский мен балетмейстер А. А. Александровты шақырды, Қекшетаудан музыкалық аспап жасаудың шебері Қамар Қасымовты алдырды. Тұрмагамбет Ізтілеуовті Фирдоусидің «Шахнамасын» аударуға отырғызды, ұлт аспаптар оркестрі мен хореографиялық училище ұйымдастыруды қолға алды, т. б.

Қазақ өнерінің астанадағы алғашқы байқауы өткен күндер Темірбектің де өміріндегі ең бақытты сәті еді. Оған дайындық кезінде театрдан шықпады десе де болғандай, тіпті май мерекесінде де олар репетиция өткізді.

Онкүндікке мен де барғанмын. Асыға күткен мерекенің үлкен театрдағы «Қыз Жібек» спектаклімен ашылған салтанатын Нығмет Нұрмаков екеуміз түрегеліп тұрып көрдік, бізге билет жетпей қалған. Үшінші актінің басындағы Қыз Жібектің:

«Сұрасаң руымды Жағалбайлы,

Жылқысын көптігінен баға алмайды», – деп келетін ариясын Құләш енді айта бергенде, Сталин, Калинин, Молотовтар бастаған үкімет мүшелері келіп, ложаға отырды. Құләш сөзінен жаңылып қалмаса еken деп тіледік ішімізден. Жаңылған жок, қайта үні бұрынғыдан да мөлдір.

Онкүндіктің соңы өнер шеберлерінің үлкен концертімен қорытындыланды. Әсіресе, Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» балетінен үзінділер көрсеткен хореографиялық училищенің шәкірттеріне көрермендер үсті-үстіне қол соғып, ортага шақырумен болды. Сол кезде М. И. Калинин жолдас Темірбекке:

– Айтыңыз, шықпасын. Балалар шаршады, балалар шаршады, – деп қайта-қайта ескерту жасағаны есімде. Ал Темірбек болса, онкүндік аяқталғанша тыным тапқан жок. Көзге көрінбес кемшіліктің өзіне қатты капаланатын. Сөйтсем, бұл оның бүкіл саналы ғұмырының соңғы түйінін таразылағандай сәті еken ғой...

Ол астанадан көңілді оралған. Бір топ өнер шеберлерімен бірге Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. «Өскен деген осы, үйренгеніміз де көп», – деп қайта-қайта айтатын. Бір күні кешкі серуенге шыққанбыз.

– О, міне, мынау театрдың орнына лайық жер ғой, – деді ол кенет. – Жаңа опера және балет театрын дәл осы жерге салуды ұсынсақ...



Сол жылы ол Қырымға демалысқа жүріп кеткен. Қайтар жолында Одесса қаласына соғып, жаңадан ашылған опера театрының қырық шақты суреттері мен жобасын алып келіпті. Осы жоба бойынша, Темірбек көрсеткен орынға жана театрдың іргетасы құйылған. Бірақ шаңырақ көтергенін көре алмай кетті. Бүтінгі Абай атындағы академиялық опера және балет театрының жанынан өткен сайын сол бір серуенге шыққан жаймашуақ кешті еске аламын.

1937 жылдың июнь айында Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының бірінші съезі болып, Темірбек Жүргенов Орталық комитетке, ал үйымдастыру пленумында бюроға мүшелікке сайланды. Семей сайлау округі бойынша СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып ұсынылған... Бірақ, амал нешік, көп ұзамай, дәлірек айтсам, 2 август күні қапыда көз жазып қалдым.

Қазақстанға да жеткен «күмәнді қырағылыққа» түсіне бермененімен, партия ісіне адал берілген азamat дәл сол күні өз басынан қауітпене қойған жоқ-ты. Келесі жиналысқа баяндама дайындағақ еді. Ал мен Жұманазар, шешем үшеумізді (Шоратай қайтыс болған) машинасымен саяжайға жеткізіп тастаудың өтіндім. Темірбек керекті қағаздарын алу үшін жолда кенсесіне сокты. Біз машинада күтіп отырғанбыз. Бір кезде бейтаныс жігіт мені шақырды. Бардым. Ол Халық ағарту комиссариатының акт залына ертіп барды да, «косында отыра тұрыңыз» деп өзі шығып кетті. Темірбектің айтқаны шығар деп, отыра беріппін. Біраз уақыт өтті. Кенет... есіктен оның көмекшісін көріп қалғаным:

- Темірбек қайда??
- Білмеймін, әлгіде шығып кеткен...

Жүргім зу ете қалды. Жүгіріп сыртқа шықтым. Машина ішінде шешем жылап отыр.

– Әлгіде, – дейді ол, – екі жігіт Темірбекті екі жағынан ұстап басқа көлікпен алып кетті. Сірә, сені іздел, бірнәрсе айтқысы келді-ау деймін, қайта-қайта мойнын бұрып қараумен болды...

Қазір ашық айтылып жатқан, ал сол кезде төбеңнен жай түскендей әсер ететін оқиға ғой бұл енді. Сасып қалдым. Содан ба, үйге оралғанда, Темірбектің қағаздарын қаттауға келген адамдардан не алғандарының тізімін де сұрамаппын. Есімді жиғандарғы ең алғаш өкінгенім – еріммен қоштаса да алмай қалғаным болды. «Не айтқысы келді еken? Кейінгі ұрпақтарға жеткізер аманатын да тындаі алмай қалдым-ау!» – осы өкініш мені әлі күнге мазалайды.

Кейін кездесу береді дегенді естіп, НКВД-ға бардым. Рұқсат алдым. Бірақ қажет болар-ау деген заттарды дайындамын деп жүріп, уақытынан бес минут кешігіппін. Соның сылтауымен кездесе алмадым. Темірбекке тапсырындар деген хатымды эзер өткіздім. Ертеңіне тағы барсам, маған жауап бар еken. Хат шығар деп қуана ашсам, екі айлық ақшасын алуға сенім білдірген қолхат қана. Әрі қараймын, бері қараймын – басқа ештеңе жоқ. Ол ақшаны алуға бармадым да...

* * *

«Барлық ұрпактар үшін тағылым болар кателіктен талай адаптацияның зала шеккен күрделі кез еді ғой ол. Бұрынғы Халық комиссары Темірбек Жүргенов «халық жауы» болып танылды, партия катарынан шығарылған соң, оның семьясына да үйді босатуға тұра келді. Суық күзде колымда қалған жас бала мен кәрі шешенің жағдайын түсініп, Ораз аға – Ораз Исаев жәрдем берген-ді. Кейін оның өзі де ұзак сапарға кетті. Мен де тергеуден тыс қалмадым. «Күйеуінің тап жауы екенін әшкереле, безін одан» дейді. Менін жауабым біреу: «Ашық сот болсын, кінәсі мойнына койылсын, содан соңғана безінемін». Бәрінен бұрын балам Жұманазардың болашақ тағдыры кинады. Бауыр басып қалған оның менен айрылғысы жок. Көндірдім ақыры. Жолсерік адам тауып, Темірбектің інісіне жібердім. Асыл азаматтың туған ұлындағы өсірген тұяғы кейін «әкем мен шешемді актап алам» деп жасы толмаса да, өз еркімен майданға сұранып, басқыншыларға қарсы ұрыста каза табады. Ал ол кезде мен де алыста едім...»

«Айыпталатынымды» Темірбектердің казасы туралы хабарды оқыған сәтте-ак білгемін, қалалық «Сошиалды Алматы» газетінің версткасынан оқыдым. Қошеде есітіп, құлаң қалмасын деп таныстарым беріп жіберілті. Хабарды оқып болған соң «Кетініз казір» дедім қаралы хабар алып келген жанашырыма. Айтқандай-ак, бір жарым сағаттан соң мені алып кетуге адамдар келді...

Бұл әңгімелердің айтының отырғандағы максаты – бүтінгі ұрпак уақыт шындығын, тарих тағылымын теренірек ұғынсын деген ой. Эйтпесе, қанша киындыққа жолықсақ та, біздің санамыздың партияға, еліміздің болашақына деген сенім бір сәт те бәсендеген емес. Ақмола манында сегіз жыл болған жеті мың әйел – коммунистер, саяси қайраткерлердің сүйген жарлары бар колымыздан келгенше адаптацияның әдебиеттік мәнін анықтауда, жаппай майданға сұрандық. Егер сол мекеменің архиві сакталса, одан майданға жіберудің сұраған бір менің ғана жүзге жуық арызымды табар еді. Біз бір-біріміздің саяси сенімізді демейтінбіз, достық пен жолдастыққа да дак салмай алып еттік. Бірде мынадай оқиға болды: әрқайсымыздың кай жұмыска денсаулығымыздың жарайтынын ай сайын тексеріп тұратын комиссия бар-ды. Кезекті тексерушілер келгенде, мен сырқаттанып жүргенмін. Комиссия екі адам: біреуі жас жігіт те, екіншісі карт дәрігер. Жастардан жүргегім шайлығып қалған басым ана үлкен кісіге көрінгім келген.

– Сіз бері келінің! – деп орта жолдан жас жігіт өзіне шақырды. Қарасам, менің кагазымды колына ұстап отыр. Тексерді, қарады. Біраз үнсіздіктен кейін:

– Сіз осы Алматы медицина институтында сабак берген жоқсыз ба? – дегені.

– Иә, дәріс оқығанмын.

– Мм. Күйеуініздің фамилиясы қатар тұрған соң танымай қалғаным. Мен сіздің шәкіртініңбін ғой, Павел Беляевпін. Есінізге түспей ме? Жарайды, сіз неге мұнда өз мамандығыңыз бойынша жұмыс істемей жүрсіз?

– Біздің арамызда жүзге жуық дәрігер бар. Ал орын он үш-ак. Қайсымызға жетсін.



– Жоқ, сіз мамансыз, – деді ол үзілді-кесілді. – Мамандығынызды ұмытпауға тиіссіз. Орынды өзім сұрап алып беремін.

Сонымен мен дәрігер болым. Қысылғанда көп адамға қол ұшын бердім. Гүлбаһрам, Әзия, Бибіжамал, Айша, Мәриям, Әйіш – бәрі ризашылықтарын күні кешеге дейін айтатын. Соғыс басталған соң майданға сұрандым. Бірақ мені майданға емес, дәрігерлер өте қажет деп солтүстік аудандарға жіберді. Қай жерде журсем де, Отаным берген бар білімімді сол өз Отанымның азаматтарын сауықтыруға жұмсадым. Ал жеке басқа табыну зардалтарын әшкерелеп, адаптадардың шынайы коммунистік арларын «жалаған» аршып алған КПСС XX съезінен кейін елге оралып, қанша жыл шәкірт тәрбиеледім. Міне, қазір республикалық дәрежедегі дербес пенсионермін. Шәкірттерім келіп тұрады. Қазір Ленинградқа қоныс тепкен Павел Денисович Беляев та Алматыға келген сайын бір соқпай кетпейді. Өз ғұмырыма ризамын, тек Темірбек ағаларының айта алмай кеткен аманаты болмаса... Артында қалған азды-көпті мұрасын зерделеген жан түсінер, бәлкім, оның өсietін.

Әңгімені жазып алған Т.Дүйісбеков

*Әлім Алмат
(Ғалымжан Әбсәламов)*

TİPI ҚАЛҒАНЫМ ТЕМІРБЕК АҒАЙДЫҢ АРҚАСЫ...

Мен Қазақстанның Торғай облысы Үрғыз уезінде (қазіргі Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы) Қарақоға деген жерде 1917 жылы дүниеге келіппін. Әкеміз Әбсәлам ерте дүние салып, 3 жастан бастап атамыз Төремұрат Алматұлының тәрбиесінде болым. Әжеміз сол уақыттағы аса дәүлетті адам Қараның ауылының қызы болатын. Өз шешем Қанымша Саудақызы Ақсақал-Тәүіп болысының ұзак жылдар болысы болған Тоқа Сәтбай ауылының қызы еді. Мына жайды үнемі аузынан тастамай айтып отыратын: «Атам Төремұрат 5–6 жасымда Үрғыздың Басықара қопасында жайлауда отырған Қара атамның ауылына ертіп барды. Темірбек аға Ташкенттегі окуынан ауылға демалыска келіп жатыр екен. Барған соң Қара атам:

- Ғалымжан, сенің нағашың кім? – деп сұрапты.
- Сіз тай беретін нағашымсыз, Темірбек аға қалам мен қағаз беретін нағашым, – деп жауап беріппін.
- Оу, мынау қандай ақылды бала, әкеліндер тайды, мінгізіндер, – деп Қара нағашымыз мәз болылты.

1931 жылы Файзолла ағам бай-болыстың балалары деп түбінде оқудан шығарады деп мені ертіп Шалқар қаласы арқылы поезда отырып Ташкентке жол тарттық. Сол

кезде Өзбекстанның Наркомпросын басқаратын Темірбек ағайдың үйін тауып алып жолықтық.

- Фалымжан, қайда оқығың келеді? – деп сұрады Темірбек аға.
- Математик болғым келеді, – дедім мен.
- Қазақта математик көп, сен домбыра тарту білесің фой, музика училищесінде скрипка аспабында ойнауды үйрететін оку бар, соған оқисың, – деді ағай.

Ертеңіне музика училищесінің директоры Сарымов деген қазаққа қағаз жазып берді де, шоферіне ертіп жіберді. Ол кісі мені жатақханаға орналастырып, окуға қабылдады. Сөйтіп, мен Ташкенттегі музика училищесінің скрипка бөлімінде 2 семестр оқыдым. Файзолла ағайды Мәскеуге кинооператорларды дайындайтын окуга жолдады.

Темірбек ағай 1933 жылы Л. И. Мирзоянның шақыруымен Қазақстанға Наркомпросты басқаруға келді. Мен де каникулда Алматыға келіп, Файзолла ағаймен бірге Темірбек ағага сәлем беруге барды.

– О, қара бала, жақсы келдің, – деген Темірбек аға Файзолла ағайға «Огонёк» журналын көрсетті: журналда мен туралы: «F. Әбсәламов – Өзбекстанның ең үздік оқыған, талантты музикант баласы», – деп жазылған екен.

– Фалымжан, сен енді Ташкенттен Алматыға ауысасың, – деп мені Ахмет аға Жұбановқа жіберді. Алматыдағы музика училищесінің скрипка класында оқи жүріп, 70 адамдық домбыра оркестрінің күрамында 6–7 бала (4 қазақ, 1 татар, 2 ұйғыр) репетицияларға қатысып жүрдік. Ахмет ағай музика тарихынан сабак берді. Фанбар Медетов деген күйші мен біздің Абыл ағай (А. Маханов) есімде, көпшілігінің атесімдерін ұмыттым. Темірбек аға біздерге, балаларға, арнайы костюмдер тіктірді, Мәскеуде өтетін 1936 жылғы 10 күндік қарсаңында. Шешеміз бізді Ұзақбай ағаның (Ұ. Құлымбетов), Темірбек ағаның үйлеріне жиі апаратын. Ұзақбай ағаның Мәскеуде оқытын інісі (Жолмұрат Құлымбетов), қыздары, Темірбек ағаның Қәпназар деген інісі, Жұманазар деген баласы болатын, мен оларға домбыра тартып беретін едім.

Мәскеуде болатын Қазақ өнерінің 10 күндігі қарсаңында танертенгі 9-дан дамылсыз репетициялар болып жүрді. Темірбек аға сол репетицияларға жиі келіп қатысатын. Опера театры «Қызы Жібек» операсымен барды. Есімде қалғаны – Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітова, Құрманбек-Шара Жандарбековтер. Үлкен театрдағы ложада отырған И. Сталин мен оның сол жағында 3–4 адамнан кейін Темірбек аға отырды. Концерттер зор аншлагпен өтті. Соңынан И. Сталин, Л. Мирзояндардың қатысуымен зияфат (банкет) берілді. Күләш ән салды.

Алматыға оралған соң театрдың завхозы балаларға тіктірген костюмдерді өзімізде қалдыруды сұрауымды өтінді. Мен олардың өтінішін орындаپ, Темірбек аға костюмдерді өзімізде қалдыруға нұсқау беріп, бәріміздің қуанышымызда шек болған жок.

1937 жылдың жазында «халық жауларын» жаппай ұстай басталды. 1938 жылы жазғытүрим «19 халық жауының» атылғаны туралы газеттерге жазылды. Ұ. Құлымбетов, И. Қабылов, Т. Жаманмұрынов, Ж. Сәдуақасов, Т. Жүргеновтердің фамилиясы есімде қалыпты. Театрдың директоры да айыпталды.



Ұзамай мынадай оқиға болды. Мен оқитын музыка училищесіне партия үйымының секретары (атын ұмыттым) келіп, комсомол жиналышын ашып, «араларында халық жауы бар, өзі шығып сөйлесін» деді. Жиналышқа катысушыларда үн жоқ.

— Сөйлемесе, мен сөйлетем, Фалымжан Әбсәламов, тұр орныңнан. Сен «халық жауы» Т. Жүргеновтің туысқанысың, ол саған талай қамқорлық жасаған, — деді. Бұрын дос болып жүргендердің бірталайы мені кінәлап сейледі. А. Жұбановпен бірге гастрольге шығып Ырғызда қалып қойған Абыл ағай да ұсталып, атылды.

«Мен оқуға түскенде 14–15 жасар баламын, саясаттан хабарым жоқ, жастай әкемнен жетім қалғанмын», — деп актальғаныма қарамай, мені комсомолдан, окудан шығарып жіберді. З ай оку да жоқ, жұмыс та жоқ, сандалып жүрдім. Осылай уайыммен жүргенімде, Мәскеуден нұқсау келді, әкесі үшін баласын жазғыруға болмайды деген. Қайтадан оқуға қабылданып, музыка училищесінде скрипка класын үздік бітіріп, 1939 жылдың аяғына әскерге алындым. 1941 жылы Брест-Литовскіден 10 км жерде алман әскерінің тұтқынына түсіп, лагерь азабын көрдім. Лагерьде тиф болып ауырып, 17 күн ес-түсіз жатып, ақырындалап есімді жиып, дәрігердің бөлмесіне келгенде, тірі қалғаныма таң қалды (ол да тұтқынға түскен адам еді). Лагерьде тамақ тапшы, тұтқындар аштықтан, аурудан өліп жатты. Әлі бар қазак, өзбек, қырғыз, түрікмендерді алман әскерінің қатарына еріксіз алып, ішінен 75 адамды таңдап алды. Оларды шағын топтарға бөліп, Қазақстанға десант етіп түсіруге әзірлей бастады. Біздің топтың басшысы австриялық неміс офицері еді, орыс тілін біletін, өзі пианино, рояльда жақсы ойнайтын. Мен болсам скрипка тартам, екеумізді музыка өнері таныстырды, табыстырды десем де болады. Екеуміз жақсы түсіністік, маған скрипка беріп тарттыратын. Көп ойланып, әлгі басшыма өтініш айттым. «Мен скрипачпын, мені десантқа жібермей, скрипканың окуына жіберіңіз», — дедім. 2–3 айдан соң әлгі досым «3 сағаттың ішінде киініп дайын тұр» деп, Берлиннен келген офицерге ертіп жіберді. Барған соң 10 күн скрипка тартып, дайындалып, экзамен тапсырдым. Мені алман әскері қатарынан шығарып, «отансыз» деген паспорт беріп, Берлин консерваториясының скрипка класына оқуға іліктім. 55 марка Гумболт атындағы стипендия тағайындалап, оның жартысын пәтер жалдауға төлеп, 1943 жылы Вена консерваториясына ауыстым. 1944 жылдың сонында Венага совет әскері жақындаған кезде Мюнхенге кетіп, Брауншвайд оркестрі құрамында жұмыс істедім. Кейін Баден-Баденде 100 адамдық оркестрге ауыстым.

1947 жылы Париждегі Мария Яковлевна Шокайға хат жаздым. Ол кісі мені Мұстафа Шокайдың жиені деп Франция консулдығына хат жазып, Париж консерваториясына ауыстыруға өтініш жасады, виза сұрады.

1948 жылы Францияға виза алып, 2 жыл Париж консерваториясының скрипка бөлімінде оқып, 1950 жылы бітіріп шықтым. Көптеген елдердің консерваториясына жолдамалар болды, қайсысына баарымды білмей дағдардым. Күнкөріс үшін көшеде жұмыртқа сатқан күндерім де болды. Туркия консулдығындағы елші маған: «Ұлым, сенің асылың – түрік. Стамбулға барғаның дұрыс, ол сенің Отаның болады. Жұмыс табуға да қолайлы», — деді. Мария анаммен ақылдасып, ол кісі маған Анкара кемесіне

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНӨВ

билет алып берді. Сейтіп, Стамбулдың симфониялық оркестріне жұмысқа орналастым. Түркия менің екінші Отаным болып қалды, осы елдің азаматы болып Әлім Алмат деген паспорт алдым. 1952 жылы Қырым татарының кызы Еділ жеңгеңе үйленіп, 2 жылдан соң ұлды болдым. Ұлымның аты Төре, немеремнің аты Мұрат, жастай әкеден жетім қалып өзімді дұрыс жолға тәрбиелеген Төремұрат атамының құрметіне осылай атадым. Мария анаммен үнемі хат алысып тұрдым. 1962 жылы жұбайымды ертіп Мария Яковлевнаға жолығып, ол кісімен бірге Берлинде Мұстафа Шокайдың басына барып кайттым. Қолымнан келгенінше Мұстафа Шокайдың басына қойылатын ескерткішке қаржылай көмек бердім. Еділ ханыммен 53 жыл отастық, 2005 жылы дүниeden озды. (Еділ бегім – белгілі тарихшы Исхахидың кызы). Стамбулда 25 жыл қызмет жасап, 1975 жылы пенсияға шықтым. Қазір 94 жастамын. Қазақстандағы туысқандарым Роман, Шамиль, Рахи ұлдары үнемі хабарласып, катынасып тұрады.

1992 жылы Қазакстанға қазактардың тұнғыш құрылтайына жұбайым Еділ мен ұлым Төрені ертіп бардым. Мария Яковлевна анамыздың қайтыс болар алдында айтқан: «Қазакстанға, Туркістанға Мұстафа Шокай туралы бар шындықты айтып бер», – деген аманатын орындал, Ыргыздағы музей қызметкеріне айтып бердім. Кейін Мұстафа Шокайдың машинкасын, каламы мен сия сауытын, «Яш Туркестан» редакциясының үш мөрін, Мария Яковлевнаның өзіме жазған хаттарын және бірқатар фотосуреттерді бұрын Франция елшілігінде қызмет істеген Бакыт Садықова есімді қызым арқылы қазак еліне жеткіздім. 60 жылдан соң кіндік қаным тамған Ыргыздағы туыстарым Рахи Махановтың (Абыл ағайдың туған інісі) отбасында 1 апта болдым. Ыргыздағы музеде Ұзақбай, Тел, Телжан, Темірбек ағалардың жарқын бейнелерін көріп, ол кіслермен қайта қауышқандай қатты толқып, көзіме жас алдым. Әсіресе Темірбек ағайдың: «Ғалымжан, сен скрипканың окуын оқисын», – деген дауысы құлағымда қайта жаңғыргандай болды. Менің тірі қалғаным, тірі жүргенім Темірбек ағайдың арқасы.

*Естелікті бейнежа збага жазып алған Б. Мырзабай
Ақтөбе – Стамбул. 2011 жыл*

Композитор Александр Затаевич

Сырдария өлкесінің өлеңдерін өте көп білетін интеллигент, байсалды жас қазак – Темірбек Жүргенов маған Хиуадан шыққан Қоңырат руының өлеңдерінен ерекше бағалы хабар берді. Амал нешік, өзінің туған Отанының ескі өлеңдерінен көп білетін – өзінен көп нәрсе алуға болатын адам-ды, қашшама тырысқанына қарамастан, пайдалана алмадым.



Мен Темірбекпен 1921 жылы Орынбор рабфагінде оқып жүрген кезінде таныстым. Жүргенов менің жаңадан бастап артист болғанымды білгенмен кейін маған аудармашы туралы өзінің тақпак-өлеңдерін репертуарыма енгізуді ұсынды. Тақпак-өлең 1920 жылы Орынборда «Ұшқын» газетінде жарияланды. Өлең маған ұнады. Мен оны 1926 жылы Қызылордада алғашқы Қазақ театры ашылған күні оқыдым. Өлең көрермендерге мықтап ұнады, олар көздерінен жас шыққанша шабытты күліп, мені көп уақытқа дейін сахнадан жібермей қойды. «Тілмаш-аудармашымен» ұзақ уақыт бойы айырылысқаным жок, оны 1936 жылы Москвада болған Қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкундігі программасына да енгіздік, одан кейінгі жылдарда оны жадымда сақтап келдім.

Арыстан Оспанұлы

ТЕМІРБЕК АҒАНЫҢ ШАРАПАТЫ

Казақ даласының көгінде ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздік жалауының желбіреп, арайлы ақ таңының атып келе жатқанына да жиырма үш жыл. Аллаға мың қайтара шүкіршілік. Қазақ ұлтының мәндайына біткен ұлылары осы мақсатта жанқиярлық еңбектер жасады, бүкіл саналы ғұмырын арнады. Әрине, оның бәрін қысқа ғана әңгімемізде айтып таусу мүмкін емес. Бұл – алдағы уақыттың еншісіндегі баяндар мақсатымыз болмақ.

Қазақ топырағы – өте киелі. Тарих тереңіне үңілсек, тыңдаушысын сөзімен ұйытып, тамсандырған ауызы дуалы билер, тандайы бүлкілдеген шешендер, ел көсемдері мен хандар, һәм жыраулар мен жыршылар, алысты болжап көз алдыңызға кешегіміз бен келешекті келтіріп көркем сөзben көмкеріп, құмарта бейнелеген ауызы дуалыabyzدار етті.

Естелік айту еріккеннің ермегі емес. Әңгімеміз бала күнімізден құлағымызда әкеміздің айтуымен жатталып қалған, қазақ ұлтының акмандаілы арысы – Темірбек Жүргенов туралы болмақ.

Қазақстанда төрт жылдай жауапты қызмет атқарған Темірбек Жүргеновтің өмірі мен еңбек жолы, жасында жайнаған тұлғасы мен жігері, іскерлік қабілеті, сол төрт жылдың ішінде қазақ мәдениеті мен халық ағарту ісі саласындағы орасан зор енбегі көп адамға таныс та емес болар. Тәжікстан мен Өзбекстаннан Қазақстанға Темірбек аға терең білім алып, мол тәжірибе жинақтап келген уақытта оның жасы небәрі 35-те

болатын. Оқу-ағарту Халық Комиссарлығына қоса, үкімет жанындағы мәдениет, өнер ісін басқаратын комитетке төрағалық етті. Ол аз уақыттың ішінде осы өзі басқарған салаларда төңкеріс жасады деп айтуда әбден болады.

Темірбек Жүргенов – Қазакстанда жоғары мектеп жүйесін кеңейтуге, мектепте білім алудың бірізділігін жолға қойған, мәдениет пен өнердің дамуына, оның зерттелуіне, сакталуына ерекше ықпал еткен тұлғалы азамат.

Темірбектің әкесі – Қара, Оспанның әкесі – Есжан туыстық жағынан аталас, ұлттық мұдде тұрғысында өте ұқсас, үндес, пікірлес, ниеттес жандар болған. Күнделікті тұрмыстық жағдайға да, сол заманның өзекті уақығаларына да жете мән беріп, бірге үн қосып, білек сыбана бел шешіп кірісіп отырған. Ел ақсақалдарының естеліктерінен, әкелеріміздің айтқандарынан ұқсанымыз Қара мен Есжан аталарымыз өз замандарында ағайындықтың қадірін арттырып, ұлттың мұддесін ұлықтаған, осы мақсатқа ғұмырларын арнаған жандар болған.

Біздің әкеміз Оспан /1887–1966 жж./ – үш ағайынды кісінің ең кенжесі. Ағалары – Замеддин мен Мақатай. Әке-шешесінен екі жасында жетім қалған ол әкесі Айшаның бағымында, ағалары Замеддин мен Мақатайдың қамқорлығында болады. Есжан ақсақалдың сенімді серігі, әuletтің, ауылдың қамқоршысы болған әжесінің бастауы, ағаларының қолдауымен тоғыз жасында әйгілі Түрмәғамбет ақыннан ескіше хат танып, 1902 жылы «Аламесектегі» 2-кластық орыс-түземдік мектепке окуға түседі. Бітірген соң Қазалы уезіндегі жыл сайын өткізілетін жәрменкеде тәжіктің Мұқымбай деген бай саудагерінің қарамағына жұмысқа кіріп, еңбекке ерте араласады.

Бір күні байдың фабрикасында өрт болып, осы өртті сөндіруде ерекше батылдық танытқан жас жігітті ұнатып, Мұқымбай көпес өзіне көмекшілікке алады. Өзіне тапсырылған сауда жұмыстарын аса тиянекты орындаиды. Өзбек, казак, орыс тілдерін жақсы менгереді. Алғыр жас жігіт Оспанға Мұқымбай көпес үлкен сенім артады. Аса ірі көлемде сауда айналымын жүргізіп, Мұқымбай көпестің Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Нижний Новгород, т. б. қалаларынан вагондармен тауарлар жеткізіп, онаң әрі Қазақстан мен Орта Азияға, яғни Самарқанд, Бұқараға дейін көлік, түйе керуендерімен сауда жасап, күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды ауыл-ауылға жеткізу, керісінше елден жиналған жұн, тері, астық, т. б. шикізаттарды Ресейге жөнелту, олардың есеп-кисап жұмыстарын жүргізуі толық менгеріп, шашау шыгармай жымдастыра біледі. Міне осындаі үлкен өмір мектебінен өткен әкеміз Оспан бір күні Мұқымбай көпестен өз алдына сауда істерін жүргізуге рұқсат алады. Сейтіп, Мұқымбай көпестің приказчигі қызметімен бірге Ходжент /Ленинабад/ маңындағы Оратөбе, Замин аймақтарында өз алдына сауда жүргізеді.

Замана ағымын ерте аңғарған әкеміз Кеңес өкіметі орнаған соң Орынборда мал шаруашылығы мамандығы бойынша қысқа курстан өтіп, «зоотехник» мамандығын алады.

Қазақстанның астанасы Орынбордан Қызылордаға 1925 жылдың көшірілген тұста әкеміз ел басқарған азаматтардың бірқатарын жақсы білген, тікелей таныстық орнаткан.



Осы қабілеттімен 1929–30 жылдары колективизация басталған тұста, туған жері Қызылорда облысында Кеңес заманына сай жаңға жылы, құлаққа жағымды естілетін «Жаңа талап» артелін құрып, соған басшылық жасайды.

Осы уақыттарда жаңадан су жүйелері жасалып, «Тас ой», «Сексен үй табаны», «Достық көлі», «Қара ой», «Нұрымбет», «Кәрібай тамы» деген жерлерге су жеткізіліп, егін еgetін алқаптар пайда болды. 1964 жылы «Аққыр» кеңшары бөлінгенге дейін бұл артельдегі тұтін саны 250-ден асты. Оспан әкеміз негізін қалаған «Жаңаталап» артелі іріленіп, дамып Қызылорда облысының белгілі көсалалы мал-егін шаруашылығына айналды.

Алайда елдегі кейбір күншілдердің кесірінен 1931 жылы үстінен «бұрынғы бай-саудагердің приказчигі кеңес жұмысында жүр деген» арыз түсіп, жаламен Қармақшы тұрмесіне қамалады. Сол кезде Ташкенттегі Орта-Азия политехникалық институтында (САПИ) оқып жүрген Макатай ағасының баласы Смайылға хабар жетіп, ол елге келеді. Смайыл аудан-ауданды, ел-елді аралап мемлекеттің саясаты жөнінде жиындар өткізеді. Осы беделін пайдаланып ағасы Оспанды бірнеше күнге кепілдікке шығарып алады. 1931 жылы күзде ағасы Оспанды жұбайымен, бесіктегі баласы Жаңаберген үшеуін Ташкент пойызына бір түнде отырғызып, алып кетеді.

Әкеміз ерте хат танығаны, еңбекке ерте араласқаны, өзінің алғырлық, көрекендік қасиетінің арқасында окудың пайдасын түсініп інілерінің де сауаттануына, терең білім алуына септігін көп тигізеді. Соның бірі жоғарыда аты аталған – Смайыл.

Ташкентке жеткен соң Смайыл Мақатайұлы ағасын (әкеміз Оспанды) Темірбек Жүргеновтің кабинетіне алып барады.

– Оспан аға, аш қазақсың ба, қаш қазақсың ба? – деп әзілдейді Темірбек әкемізге.

Оспан әкеміз бар жағдайды толық баяндап, жаламен түрмеге қамалғанын, бала-шағасын алып түрмeden қашып келіп отырғанын, «қаш қазақ» екендігін жасырмай айтады. Жағдайды түсінген Темірбек ойласа келе сауданы да, мал шаруашылығы саласын да жақсы менгерген тәжірибелі Оспан ағасына Сұрхандария облысының Байсын аймағына баруға ұсыныс жасайды. Алайда әкеміз бұл ұсыныстан бас тартып, Заминге жіберуін сұранады. Ол жерді қайдан білетіндігін сұрағанда, Мұқымбай көпестің приказчигі болып жүргенде ол жердің халқының жағдайын, климатын жете білгендігін айтады. Әкеміздің өтініші макұлданып Самарқан облысының Замин ауданына Замин ауданының жер бөліміне /РайЗО/ мал шаруашылығы бойынша бас маман болып орналасады.

Еті тірі, еңбек сүйгіш азamat бұл жердің жергілікті халқымен де тез тіл табысып, қызу еңбекке қайта араласады. Осы ауданда асыл тұқымды жылқы шаруашылығын үйимдастырып, шаруашылықтың зоотехниктік қызметін атқарады. Ұлы Отан соғысының алдында, соғыс жылдарында ең мықты жарамды аттарды әзірлеп, соғыс шекарасына дейін өзі апарып, аттардың күтімін өзі жасап, жеткізіп отырады.

Адал да абырайлы ұзак жылғы қызметі үшін Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен үш мәрте марапатталып, бірнеше мәрте аудандық, облыстық Кеңестің депутаты болып сайланады.

1930–1933 жылдарда ашаршылықтан киналып, Өзбекстанга жөңкіле көшкен Сыр бойы халқының 70–80 отбасын Замин ауданына орналастыруға ықпал етеді. Сол уақыттарда Өзбек АССР-нің Халық ағарту комиссары болған Темірбек Жүргенов ағамызбен тікелей байланысып, оларды баспанамен, жұмыспен қамтамасыз етеді. Осы жайлардан-ақ әкеміздің ұйымдастырушылық қасиетімен бірге, саясаткерлік қабілетінің де бар екендігін аңғаруға болады.

Оспан әкемізге бұл қасиет анасының сүтінен, әкесінің қанынан сіңген. Бұған бір дәлел – әкесінің өте сауатты болғандығы болса, екіншісі немере ағасы Пірмамбеттің Орынбор, Уфа, Саратов қалаларында дәріс алғып, 22 жасында-ақ Туркістан генерал-губернаторының бас тілмашы болуы. Бірақ Пірмамбеттің өмірі ұзақ болмаған. 27 жасында ауыр науқастан дүние салған.

1942 жылы Замин ауданына Қазақстанның Есжанов Оспанды іздеген хат барады. Өзбек достары «Заминда Есжанов Оспан деген қазақ жок, Эшонов Ұсман деген басқа адам бар», – деп әкемізді бала-шағасымен 5–6 ай тауға шығарып жіберіп, жасырып қалады. Екінші рет 1954 жылдардың аяғында іздеу хат барып, әкеміз жасырмай бар шынын айтып, ақталып құтылған.

Өз өмірі қат-қабат қатерлі де, киын болған соң ба адал еңбек етуге, оку-білімге, кіріптар адамдарға қамқорлық жасауға өзі де күштегі болды, балалары бізді де солай тәрбиеледі. Сол Замин ауданында жүріп отызыншы жылдардың аласапыранында әртүрлі жағдаймен Сыр бойынан жөңкіле көшкен 70–80 үйлі қазақ ағайындардың Замин аймағына орналасуына, ел болып кетуіне көмегін тигізіп, қамқорлығын аямады.

Азапты құндерді женіп, киындықтың бар ауыртпалығын көтере білген әкеміз ел алғысына бөленіп, үкімет наградаларымен маралатталған. Құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін, 1960 жылы туған жеріне қайта оралды.

Мен үшін әкем мен анам өзгелерден озығырак адам еді. Әкеміз сез ұстаган кісілердің қатарында болды. Ауылда да, Өзбекстанда жүргенде де, зейнеткерлікке шыққанда да отбасының жағдайынан бастап, ағайын-туыстың жай-күйіне, елдің хал-ахуалына қолынан келгенше пайдасын тигізетін. Біздің де сол шақтарда болсын, алдағы уақыттарда да осы пікірде қалуымызға үндеді, осыны мақсат етті. Отбасының жағдайына ерекше көніл бөлуді, балаларға тәрбие беруді, ағайын-туысқа, елге қамқорлықпен қарауға, барлық жағдайда ауызбіршілікте болуға үндеді. Ол кісінің бірде мынандай айтқаны бар: «Өмірде бес нәрсе сатылмайды. Олар тек қана Алладан келеді: өмір, перзент, ілім, абырай, өлім». Сонымен қоса, осы айтылғандарды өзі жік-жіктең түсіндіріп, дәлелдеп беретін.

Біздер, ағаларым Бағыберген, Тағыберген, Жаңаберген, Шахарбек, інілерім Куаныш, Сламғали, сол Замин ауданында өстік-өндік, білім алдық, ел қатарына қосылдық. 1960 жылы әкеміз бастап 30 жылдан соң бүкіл әулет 40–50 жан атамекенге оралдық. Заминдықтар әлі қүнге әкеміз Оспанды ерекше құрметпен еске алады. Біздермен қарым-қатынасын үзген жок, жиі хабарласып, барып-келіп тұрамыз.



Әке тәрбиесінің тағы бір мисалы: үлкен ағам Шахарбекке ел иғлігі, бабалардың рухы үшін жасаған жұмыстарына Өзбекстан Республикасының Үкіметі ерекше мән беріп, мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану жөніндегі Бас ғылыми-өндірістік басқармасының тәрағасы Р. А. Мансуровтың қолы қойылып, мөрі басылған Куәлігі тапсырылып, алғыс жарияланған. Куәлік мазмұны төмендегіше: «Усманов Шахарбек Оспанұлы өз қаржысына «Сейтқұл әулие – Әйтеке би» мемориалдық кешенінің алғашқы кірпіші қаланған күннен бүтінге дейінгі түгелдей дерлік жұмыстарына өзі демеушілік жасады. Атап айтқанда, кесенеге Сейтқұл әулие мен Әйтеке бидің құлпытастарын орнатып, мешіт, қонақүй, мұражай тұрғызып, тарихи экспонаттармен жабдықтады. Әйтеке би бюстін орнатып, Қазақстан мен Өзбекстан елдері Президенттерінің үлкен панносы қойылған мұражай, қонақүй, мұнара, асхана салды. Қақпасы орнатылып, сырты қоршаланды. Кесененің мемлекеттік тарихи жәдігерлер қатарына енгізілгендігі жөніндегі құжаты ойылып жазылған мәрмәр тасы орнатылды».

Ерекше атап кетерім, Заминге барғанда байқағаным – ол жердің халқы мейірімді. Парасаттылықтың көркем үлгісін танытады. Айналасында найман, қоңырат, қаңы деп аталатын ауылдарды көреміз.

Әкеміз өле-өлгенше Темірбек інісінің жасаған қамқорлығын, ерлігін әрдайым бізге үлгі қылып, құлағымызға құюмен болды, бойымызға сіңірге тырысты. «Әке көрген – оқ жонар»... дегендей Темірбектің жақсылығын Оспан әкеміз көп көрді.

Темірбектің жалғыз інісі бар. Аты – Битай. Одан туылған үрпақтарымен біз қазір тығыз қарым-қатынастамыз. «Үрпақ сабактастыры» деген осы шығар, туыстығымыз элі үзілген жок. Біздерде аталарамыздың ерлік істерін үрпақтарымызға дәрілтеп, сана-ларына тоқуды мақсат етіп келеміз.

Біздің мақсат – тұтас әuletімізге қынде демеу болып, шарапаты тиген Темірбек ағаның ерлігін ел-халқына паш ету, үрпаққа үлгі ету. Бірақ қырық жасына да жет-пей қысталада жылдар інінде мерт болды. Тым қысқа да, жарқын ғұмырын езгіден босанған халықтың еңесін көтеріп, мәдениетін өркендетуге арнаған асыл азаматтың есімін, сөз жок, бүтінгі бақытты үрпақ ұмытпайды.

Ұбісұлтан Аяпов

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ ТҮРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ ТУРАЛЫ МЕНИҢ БІЛЕТИНІМ

Мен – Ұбісұлтан Аяпов, қазір жасым 70-те. Лениндік шакыру бойынша партия қатарына арыз беріп, 1924 жылдан 1929 жылға дейін партия мүшелігіне кандидат, ал 1929 жылдан бастап партия мүшесі болдым. Бірақ 1938 жылы партия мүшелігінен шығып қалдым. Ол жайында айта кетейін.

1937–1938 жылдардағы жағдайға байланысты мені де «халық жауы» деп ұстал, сottады. Ең алдымен халық ақыны Тұрмамбетті ұстады. Мені сол Тұрмамбетке байланыстырып 1938 жылдың 3-июлінде тұтқынға алып соттады. 18.06.1939 жылы Шымкентке алып келді, онан Владивостокке жіберді. Маған тағылған «халық жауы» деген айыптың жалған екенін айтып Қазақ ССР Жоғарғы сотына шағым-арыз жаздым. Ол арызым каралып, 21.09.1939 жылы Қазақ ССР Жоғарғы соты (караған кісі Жәнібекова) мені актады. Бірақ акталған қағаз, мен тұрған жерге 1940 жылдың 18 майы құні ғана келді. Турмеден шыққаннан кейін жол үшін қаражат табуға 1940 жылы июнь, іюль айында сол жерде жұмыс істедім де, сонаң ауылға келдім.

1950 жылы екінші рет тағы ұсталдым. Қызылорда облыстық соты Құлымбетов деген ісімді қарап, Тұрмамбет ақынның өлеңін үгіттеп таратушы деп, 58-статьямен мені 8 жылға соттады. Сондағы менің айтып жүрген өлеңім Тұрмамбет ақынның «жаз болғаннан жадыңа ал» деген шығармасы болатын. Ол өлеңде жат идея жок, бұл Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде жарияланған өлең еді. Сол сотталуда Ақтөбеде, Донскіде түрмеде отырдым. Менімен бірге халық ақыны Баймұратов Нұрлыйбек, Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметкері боп істеген Жақыпбаев Бозтай бірге болды. Бұл түрмеден 1954 жылы акталып келдім.

Әрине, «халық жауы» деген атақтың жалған екенін партия мен үкімет ашты, мен де, Тұрмамбет те акталды. Қазір мен үкіметтен пенсия алып, өз ауылымның ортасында отырмын. Мен совет өкіметін жергілікті жерде орнату үшін еңбек еттім. Тек 12 жылдай ауылдық советтің председателі болып істедім. Өз ауылымға бірнеше жыл колхоз председателі болдым. «Қарақұм», «Қызылқұм» деген жердегі Совет үкіметіне, колхоз құрылсына қарсы болған көтерілісші, басмашылар – Акмырза Қожандарға қарсы күрес жүргіздім. Мұны менімен бірге болған, көтерілісті талқандауға қатысқан, сол кезде комсомол мүшесі Баймахан Ибрагимов біледі. (Ибрагимов 1948–1950 жылдары Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші секретары болып істеген). Қармақшы ауданындағы «Аю жармасы» деп аталатын каналды қазуға атсалысып, басшылық еттім.

Тұрмамбеттен көп адам оқып білім алды, сауатын ашты. Солардың ішінде – Ысқақ Байдәулетов, Әбжан Шонаев, өзім, т. б. бармыз.

1924–1925 жылдары біздің ауылға, Тұрмамбетке жолығу үшін Қызылордадан Хамза Жұсіпбеков, Сәкен Сейфуллин, Әліби Жангелдиндер келді. Олар Тұрмамбеттің шығармаларын оқытып тындалды. Сейфуллин Тұрмамбеттің өлеңін жеке кітап етіп бастыру үшін сол сапарда маған көшіртіп алып кеткен болатын.

Тұрмамбеттің қолынан Абайдың 1909 жылы Петерборда шыққан кітабы түспейтін. Жас қунінен бастап-ақ Абайды «қазақтың нағыз ақыны» деп айттып отыратын. Сол кітапты қайта-қайта оқитын. Сол сияқты Түрекен орысша көп білмесе де, орыс ақындарынан Пушкин, Крыловтың кітабын оқып отыратын. Крыловтың кейбір мысалдарын Түрекен қазақшаға аударды (мысалы, шортан, шаян туралы).

Тұрмамбет сол кездері Сыр бойы ақындарына дәстүр болған жазба айтысқа көп араласқан жок. Бірақ атақты ақындар өздерінің кезекті сездеріне жауап беру үшін сөз

таба алмаса, жұмбағын шеше алмаса, Тұрмамбетке келетін. Мысалы, Шораяқтың Омары қарасақал Ерімбеттің жұмбағына жауап қайтарарда Тұрмамбетпен ақылдасы, шешуін сұрап алды.

Шораяқтың Омары былай деп айтып отыратын еді: «Назың ақын орыстан шыққан Пушкин, казактан Абай, Шәді тере. Солардың ізін басатын Тұрмамбет».

Енді Тұрмамбеттің сотталуы жайында айтайын.

1933 жылы «Өндіріс» колхозынан 10 адамды Қармақшы ауданының соты Есімов деген соттады. Олар: Үбісұлтан Аяпов, Ақберген Сенгірбаев (ауылсовет председателі) Арыстан Ақшылықов (колхоз есепшісі), Бисен Діниев (колхозшы), Құрманай Жүсіпов (колхозшы), Тінжібек Көмекбаев (колхозшы), Мәдір Дайрабаев (колхозшы) және ақын Тұрмамбет Ізтілеуов, т. б.

10 жылға сотталған Тұрмамбетке сот Есімов үкім оқып, «24 сағаттың ішінде Жоғарғы сотқа шағым беруге еріктісің» дейді. Сонда Тұрмамбет соттан ақырғы сез сұрап былай деді:

«Бәрекелді сотқа,
Бетін күйген отқа.
Колхозшыны 10 жылдан кесіп,
Өзің де кетіп түр екенсің хотқа.
Молданікін мол кесет деген,
Мені де 10 жылға кестің ғой,
Пісіріп жей ғой шоққа».

Қазалы тұрмесінде жатқан Тұрмамбетті бір жылдан кейін айыбы жоқ деп Жоғарғы сот актады. 1934 жылы ауылшына келе жатып осы күнгі Жалағаш ауданының Ленин атындағы колхозында (бұрынғы «Еңбекші» колхозы) өзін соттаған соты Есімовке тағы кездеседі. Қасында прокурор Жанасов бар екен. Сонда сот Тұрмамбетті көріп, тұрмеден қашып жүр екен деп:

- Қайдан жүрсің? – депті. Тұрмамбет:
- Сен соттадын, мен акталдым, – депті.
- Ал, тұрме қалай екен? – депті сот Есімов. Сонда Тұрмамбет қарсыласа беріп қайтемін деп, мына сезді айттыпты:

«Аға» деген ініні –
«Жаным» десе болады.
Ерді күткен қатынды –
«Ханым» десе болады.
Ыңырыған ұл-қызды –
«Сәнім» десе болады.
Көктемдегі төл даусын –
«Әнім» десе болады.
Шөлдеп ішкен сусынды –
«Балым» десе болады.

Ойлы тұған ерлерді –
 «Ғалым» десе болады.
 Жаман тұған жақынды –
 «Залым» десе болады.
 Сот жүктеген жазаны –
 «Тәлім» десе болады.
 Осындай айтқан үгітті,
 Ел біткенге үйретіп,
 Мәлімдесе болады.

Қармакшы аудандық милициясының қызметкері Отарбай Қоянбаев ауданнан шығып біздін ауылға, ен алдымен біздің үйге келді. Мені өртіп Тұрмағамбеттің үйіне барды. Бұл 1938 жылдың жаз айы еді.

Тұрмағамбет соның алдында ғана тұрмеден келген, көп болса босанғанына 5 ай шамасы болды. Тұрмағамбетті ұстауга келгенін айтты да, Қоянбаев үйдің мулкін қағазға жазып, қаттады. Мұны көрген Тұрмағамбеттің әйелі Бига: «Құдай-ай, не жазып едім» деп күйзеле бастады. Сонда Тұрмағамбет әйелі Биғага: «Сен не жазайын деп едің, өздері жазып жатыр гой», – деді. (Қоянбаев Қазір Қызылорда қасында тұрады).

Мен Қоянбаевтан «70 шақырымдай жердегі ауданға Тұрмағамбетті жаяу айдағанша, астына ат берсек қалай болады?» дедім. Ол атқа мінсе қашып кетеді деген болу керек, «мүмкін болса, түйе берсендер» деді. Түйеге мініп жатып Тұрмағамбет өзінің баласы Әбдірауыпқа: «Ренжімендер, жаяу бара жатқан жокпын, хайуанның үлкені түйеге мініп бара жатырмын гой. Тағы да қайтып келермін», – деді.

Аудан орталығы Қармакшыдан, сол кездегі облыстың орталығы болған Шымкентке жауап беруге баратын болды. Тұрмағамбеттің қолынан қашып кетпеуге тілхат алып, Шымкенттегі облыстық НКВД-ға барып жауап беруге өзін жіберді. Тұрмағамбет Шымкентке барып түсіп, облыстық НКВД-ға поездан түскен күні емес, ертеңіне барды. Облыстық НКВД-ның қызметкері Ахметжан Қойшығұлов: «Кеше неге келмедін?» – деп сұрайды Тұрмағамбеттен. Сонда Тұрмағамбет: «Кеше келмегенім – қазынаға пайда келтірейін деп ойладым. Кеше келсем гой, маған 600 грамм наң шағын болар еді», – дейді. «Бұл қырсық адам екен» дп тұрмеге апарып жаптырады. Арада 15 күн өткеннен кейін ғана жауап алуға шакырады. Сондағы бірінші сұрақ, «қане, не істеп жүрсің, соны айт?» депті Қойшығұлов. «Өз енбегіммен салған мектебімді колхоздың астық складына бердім. Малымды колхоз ұйымдастыруға орталыққа өткіздім. Балам колхозшы болып істейді, өзімді Исаев, Құлымбетов, Жүргенов дегендер Алматыға шақырып, қызмет істеттірді. Менің істегенім осы», – депті.

– Алматыға ол иттердің шакырғанына неге бардың? – дейді Қойшығұлов.

– Олардың ит екенін мен кайдан білейін. Олар шақырып еді, оған бардым. Сен шақырып едің – саған келдім, – дейді Тұрмағамбет. Беретін жауабы тек осы. Сондықтан тұрмеде тағы 6 ай жатады. Алты айдан кейін тағы жауапқа шақырған



Қойшығұлов «Қалай, жағдайының жақсы ма?» деп сұрайды. Сонда Тұрмағамбеттің берген жауабы:

«Жақсымыз, жолdas! Келгелі
Болғаным жоқ жағдайсыз.
– Жақсы ма? – деп, – жәй-күйін? –
Әрқашан сұрап андайсыз.
Жарқын жұзді, жаз күнгі
Жарқырап атқан таңдайсыз.
Кездескен соң сізге кеп
Боламын қайтіп мандайсыз,
Ақ-қараны ашатын,
Ақылға диқан шайдамсыз.
Жазығым жоқ, жатырмын,
Қандай шара қамдайсыз?
Өтірікті айтпаймын,
Сөзіме сеніп нанғайсыз.
Көптен бері боп журмін
Бүрісken тондай шалғайсыз.
Қор қыла бермей қалайда
Қатарға қосып алғайсыз.
Қыран құстай қияға
Қайырып баптап салғайсыз.
Жетіспеген жерімді,
Беріп жәрдем жалғайсыз.
Мен түгіл, мұнша жұрт сыйған,
Кең салынған залдайсыз.
Қарағанда алыстан,
Аскар биік жалдайсыз.
Тандайдан дәмі кетпейтін,
Тамылжыған балдайсыз.
Әдетініз – әр істің
Тарауын тауып талдайсыз.
Дейсіз де жақтырмасаңыз:
«Неге надан малдайсыз».
Жақтырсаңыз – Жайхуннан
«Өткізіп салар салдайсыз».

- Не қызмет істейсіз? – дейді Қойшығұлов.
- Қызметім – ақындық, – дейді Тұрмағамбет.
- Үкіметке ақындықпен қандай қызмет атқардыңыз? – дейді Қойшығұлов.

Сонда Тұрмагамбет ақынның айтқаны:

«Дүниеге келгеннен соң мирас өлмек,
 Өлгөн соң қайта айналып жоқ қой келмек.
 Соны ойлап өз-өзімнен қайнап тасып,
 Қиялым көкірегімді кетті кернеп.
 «Кейінге нені тастан кетемін» – деп,
 Ішкенім у сияқты болды кермек.
 Жиырма мен жиырма бестің арасында
 Сұлудап секілді адам салған өрнек.
 Отызда ешнәрсені ойламайсын,
 Теңіздің толқынындаі тасқан өрлеп.
 Қырықта ердің миы толығады,
 Данышпан ақылдылар елді билеп.
 Елу жас ердің мінсе еңсесіне,
 Күннен күн кемиді екен күй мен көрнек.
 Өз жасым бұдан-дағы асынқырап,
 Алпысты алдындағы қалдым серлеп.
 Қалайда «қапыда өтіп кетем бе?» деп,
 Кітабын «Шаһнаманың» еттім ермек.
 Өлеңмен он бір буын он ай жазып,
 Бітірдім басым сипап, шаршап, терлеп.
 Тексеріп тәртіппенен төрт том етіп,
 «Казиздат» баспақ болған оқа, зерлеп.
 Талайлар таға алмай сын тарқап кетті,
 Қолына бергенмен де: «оқып көр!» деп.
 Доғардым, тартуым, деп, партияға,
 Аттай-ақ ан құтқармас қойған ерлеп.
 Үкімет ескеріп бұл еңбегімді,
 Пенсия бұйырып ед, «бұған бер» деп.
 «Айына, – онда, – үш жұз аласың», – деп,
 Қолыма берді қағаз жазып мөрлеп.
 Бұларым ойынындаі боп балалардың,
 Отырмын «түзеу үйде» енді шерлеп».

Тұрмагамбет осыдан кейін босанып ауылға келді. Бұл 1938 жылдың февраль, март айлары. Бірақ көп ұзаган жоқ, 1938 жылдың жаз айында қайтадан ұсталып Қармақшы ауданның тұрмесіне жатты. Сол тұрмада мен де жатыр едім. Бірге болдық.

«Көп екен көргеніңнен көрмегенің,
 Бәрінен жақсы екен өлмегенің»

деген өлеңін осында жатқанда шығарған болатын.



Тұрмамбеттен жауап алған кісілер – Пяткин (Кармақшы аудандық НКВД-ның начальнигі), облыстық НКВД-ның қызметкері Шоманов және Қойшиғұлов. Бірнеше рет түрмеге отырғызып, жазықсыз айыптау, ауыр қындық көру салдарынан «халық жауы» деген айыптан ақталмай жауап астында журген Тұрмамбет Ізтілеуов 1939 жылы май айында мезгілсіз қайтыс болды.

Fabit Mysirepov

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

Казақстанның 30-жылдардағы әдебиеті мен өнерін өркендедүде Т. К. Жүргеновтің жемісті еңбек еткені жүртқа аян. Бұл уақыт барлық жағынан Қазақстанның кан тамырларының толыға бастаған кезі еді. Қоғамдық организмнің көптеген экономикалық клеткалары жанданып есе бастады. Әсіресе әдебиетіміз бен өнеріміздің қарыштал өсуіне қолайлы жағдай жасалды. Мәдениет майданы бірінші кезекке шыкты. Ол кезде өнер секторы Оку Комиссариатының қарамағында болатын еді де, оның менгерушісі мен едім. Біз Халық Комиссары боп жаңадан келген Темірбек Жүргеновтің аса принципшіл де, табанды да және іскер адам екенін дереу анғардық. Менімен әнгімелесе отырып, оның маған қайта-қайта ескерткені – бір жылдың ішінде музикалық драма театрын ашуды дереу қолға алғып, оған көмектесуімізді талап етті. «Қазақтың аса бай музыкасы, өлөні, тамаша халық эпосы, – деді Жүргенов, – біздің өнерімізде өте нашар пайдаланылып келе жатқаны, эрине, ашындырады».

Kұрманбек Жандарбеков

АЛІҒАШҚЫ АСУ

Темірбек Қараұлының театрдың творчестволық өсуіне каншалықты күш салып, еңбек еткенін сөзбен айттып жеткізу өте киын. Өзінің тұнғышын сүйіспеншілікпен куана қарсы алған әке сияқты, Темірбек Жүргенов қазактың музикалық сахна тұнғышын да сондай әкелік қамкорлықпен аялады. Мұндай көніл бөліп, сергек қарғандық бізге қосымша күш берді, біз де еселеген жігермен жұмыс істедік. 1934 жылғы 7 январьда біз тұнғыш рет Қазақ драма театрының сахнасынан «Айман-Шолпан» спектаклін көрсеттік. Т. Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Біз оны казак театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны Қазақстандағы оку-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз.

НАРКОМ ЖҮРГЕНОВ

Отызыншы жылдардың басы – Қазақстанда өнердің қарыштап қадам үра бастаған кезі болды. Бірінің сонынан бірі бұл майданда өнердің жаңа мекемелері, көркем коллективтер көріне бастады. Сахнаға жаңа шығармалар, жаңа адамдар шықты, жаңа таланттар ашылды. Өнердің даму екпінінің күштілігі сонша, төрт-бес жыл ішінде астанамыз Москваға алып барып көрсетуге де жарап қалдық.

Мәдениет, өнер саласындағы жұмыс үлкен қарқынмен журді. Міне сол мемлекеттік қайраткерлердің ішінде Жүргенов Темірбектің рөлін айрықша атап кету керек. Өзінің Қазақстанда болған үш-төрт жылдының ішінде ол адам таңқаларлықтай кесек-кесек жұмыстар атқарды.

Темірбек кеңес тұсында жоғары дәрежелі білім алып, социалистік құрылыштың майдандарында шын мәнінде жауынгерлік қызмет істеген адам. Сонау азamat соғысы кезінде қолына қару алып ақтармен алысадан бастап, советтік мекемелерде мәдениет жорығының данқты солдаты болды. Жиырма жастан жаңа ғана асканда ол партия қатарына кірді. Сол күннен бастап өзінің қысқа өмірінде біздің ұлы партияның саясатын жүзеге асыруда аяnbай қызмет атқарды. Бізben жай әнгімелесіп қалғанда ол:

«Бала! Мына Өлкелік Партия Комитетінің қаулысында үлкен-үлкен шаралар жатыр. Соны әрбір әрпіне дейін жібермей орындау Сіз бен біздің ардақты борышымыз! – деп отыратын.

...Темірбекпен сөйлесіп шыққанда, «Алатауды айырып, Қаратауды қайырып жібергендей» жігермен үйге қайтатынбыз. Ал өнер саласында әрқайсымыз үшін сол Темірбектің жігері жетпейтін. Қызылордада ашылып, кейін Алматыға көшкен драма театрынан басқа өнердің ордасы болмайтын. Сол жалғыз театрмыздың барына риза болып, асықпай-саспай жүре беретінбіз. Темірбек Халық Ағарту Комиссары болып, өнер майданының «командованиеисін» өз қолына алғаннан кейін бұрынғы тыныштық, «бейбіт заман» келмеске кетті. Өнер майданы қыза, бұрқырай жөнелді. Отыз үшінші жылдың күзінде Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпаны» оқылады екен деген хабармен кадірменді ағам Құдайбергенге еріп мен де Үкімет үйіне келдім. Жазушылар, ақындар бар екен. Темірбек мәжілісті өзі басқарды. Бұл менің Темірбекті бірінші көруім болатын. Устінде сұр гимнастерка, аяғында етік, галифе шалбар, шашы қаншама кейін қарай тарап қойғанымен, тікірейіп кете береді, жатпайды. Темірбек көп сөйлеуді жек көретін, нағыз істің адамы еді. Ол екі ауыз ғана сөзбен мәжілісті ашты да, Мұхаңа пьесаны оқытты. Эрине, сол кездің өзінде жиырмадан аса пьесаның авторы болған майталман драматургтың мына туындысы да тыңдаушыларды қанағаттандырды. Тек өзінің соңғы қысқа сезінде Темірбек:

– Мұхтар! Осы Басыбар демей-ақ, сол шаңдын азан айттып койылған Көтібар атын өзіне қайтарсан қайтеді. Қашнама мәдениетті ат қоямын, жана буыннан оңдайды жасырамын дегенмен, басы болса басқа адамның басқа да жақтары болаттыны бәрі де бітеді гой. Шекспир бұл жағынан аса қысылып-қымтырылған деседі гой! – деді.

Отырғандар да біраз күліп, Мұхан ғұл ұсылысты қабылдап, сол арада-ақ кепкінде беріп, Көтібар ез атымен калды.

Темірбек драманың дауысы бар артистерінен Халық ағарту комиссариаты жаңылдан музикалық студия құрғанын, оған Абланов Сыңық бастық болғанын, Ташкенттен Тұрдықұлова Үрия мен Бисембаева Жамал (ол кезде Жамалдың фамилиясы солай болғатын) балет жұмысына шакырылғанын, Алматыда журген Л. Аришибашева мен Ташкенттен осында гастрольге келіп журген Али Ардобустың жәрдем беретінін, мына «Айман-Шолпан» пьесасын музикалық пьеса етуде музыка жазын И. В. Кошық деңгеж композиторға тапсырылғанын, режиссерлік жұмысты Жамал Шанин басқарғатының айтты. Бұл жұмысқа барлық әдебиет, өнер қауымы жәрдем ету керектігін кыншаша туғын-діріп, бізден қоштасты.

Көп ұзамай студия жұмысының кыза бастағаны біттілі. Драма театрынан Күлеши, Қанабек, Құрманбек, Манарабек, Елубай, Иса, Куан, Әміре осы студияға келіп, «Айман-Шолпанның» репетициясы жүре бастаны. И. В. Кошық казактың халықтың әндерінен таңдал алғып пьесаның музикасын күрастыруды. Жарты жылға жетпейтін уақыт ішінде музикалық студия тапсырылған жұмысты аяқтал. 1934 жылдың януарының 13-күні республикада бірінші рет ашылды.

«Айман-Шолпан» бірнеше айдың ішінде 101 рет койыстып, сонын бәрі анишлагпен етті. Ежелден музикаға кабілетті казак халқы өзінің ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан әндерінің енді жәй орындауда емес, сахнаға образ жасай, костюм күйт шығуын көріп-естігендеге көптен күткен арманы орындалғандай аса шеліркеп тындалды. Осындағы жақырлы басшылық арқасында, жылға жетпейтін мерзім ішінде Қазақстанның күнгей астанасында өнердің болашағы мол жаңа ошағы пайда болды. кәрі шанырак драма театры өзінің талантты әнші-артистерін беліп шығарып, белек отау тігіп берді.

Казактың профессионалдық өнерінің карыншатап дамуына тағы бір бұрын-сонды оңдай комакты түрде еткізілмеген шараның үлкен мәні болды. Ол 1934 жылдың июнь айында шакырылған бірінші бүкілказакстандық слет болды. Слетке республиканың бұрыш-бұрышынан төрт аяғын тәң басқан жорғалар келді. Күйшілер, әншілер, тақпакшылар, ақындар Алматыда он күн бойы тойлады. Шын мәнінде бұл слет халық творчествосының салтанатына айналып кетті. Слеттің корытынды мәжілісінде казак совет музикалық этнографиясының атасы Александр Затаевичтің еңбегі атальып өтті, карт музикант өзі сөйлеп, партия мен үкіметке алғысын айтты. Слетке шыккан он жеті кісіден құралған казактың халық аспаптары ансамблін негізге алғып, жер-жерден келген атақты Махамбет Бекейханов, Ғанбар Медетов, Лұқпан Мұхитов, Охаб Кабиғожин, Қали Жантілеуов, Габдулман Матов, Жаппас Каламбаев сияқты күйшілерді үйткы етіп,

қазак тарихында бірінші рет Ұлт оркестрі ұйымдастырылуы жайлар үкіметтің қаулысы жарияланды. Бұл да бұрын-сондық қазақтың өнер тарихында болмаған жаңалық еді. Өнер майданының кызып тұрған кезіндегі советтік шындықтың дүниеге алып келген өнер нәрестесінің бірі еді.

Осы 1934 жылдың күзінде Алматыда хореография мектебі ашылды. Оның көркемдік жағын басқаруға белгіленген аты әйгілі балетмейстер А. Александров қазақтың қарқоздерін жинап алып, көшпелілік дәуірде ұмытылып кеткен би өнерін қайта тудыруда үлкен қызмет атқарды. Бесікке бөлөніп, атқа мініп илінкіреп қалған аяқтар станокке түсіп, тезге салған уықтай түзеле бастады. Аз жылдың ішінде бұл салада да біздің айта қалғандай табыстарымыз болды.

Темірбектің үлкен бір ісі – 1936 жылғы Москвада болатын өнерді дайындау болды. Музыка театрының әлі буыны бекіп жетпегенін ескеріп, ол барлық өнер саласындағы күшті «Қызы Жібек», «Жалбыр» операларына, Үлкен театрда болатын концертке салу керек екендігін дәлелдеді. Бұл жөнінде «Біз бір театрдың ақсақалымыз, музыка театрының қосалқы рөлдерін ойнамаймыз» деген сияқты отбасы-ошақ қасылық әңгімелер Темірбекке кездескенін өзіміз көрдік. Бірақ Темірбек ондайларға істің мән-жайын айттып түсіндіріп, ал тіпті өзеуреп, ырыққа көнбекендері болса, бір ауыз сөзben «жуасыттын». Мемлекеттік көзқарас, республиканың ары деген жерде Темірбек барлық езінің рухани күшін жұмсайтын. Ол Ораз Исаев екеуі бір ай бойы музыка театрының үйінде спектакльдердің, концерттің репетицияларында ертеңен кешке дейін отыратын. Есімде, ертең Бірінші май болады деген күні де Ораз бен Темірбек репетиция соында артистерге алда тұрған үлкен емтиханның барын, ұлы астананың көрермендерінің, біздің партиямыз бер үкіметіміздің басшыларының алдында барымызша жақсы болуымыз көрегін, одан туатын мына жұмыстың қажетін айтып келіп, 1–2 май күндерінде де репетиция жасауды ұсынды. Бәріміз де мақұлдадық. Сол күндерде олар да бізден бірге болды, екі елі кеткен жоқ. Темірбектің инициативасы бойынша онкүндікке баратын поезд составына екі вагон-клуб тіркеліп, күндіз-түні репетиция жасай баруды бізге жүктеді. Ол – бір жағынан өнерге керекті үзбей дағдылана берудің қажеттігі болса, екіншіден, ұзақ жолдағы «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық» ынғайсыз жайларға келіп соқтыра ма деген қауіп те еді.

Темірбектің бірінші қараған кісіге тым қатал да болып көрінуі мүмкін еді. Бірақ іс жағынан келіп қарасаң, оның бәрі де тек мемлекеттік мақсаттан тұғанын сезетінсін. Бір мысал: Ораз Исаев пен Темірбек Жүргеновтің бірінші «Қызы Жібек» спектаклі басталып, бірінші акт аяқталғанша сахна артында жүргендерін былай қойғанда, олар онкүндікке қатысатын артистердің бәрін бет-бетімен қоя бермей, белгілі «құлдықта» үстап отырды. Құләш, Қанабек, Шара, Құрманбек тек Темірбекпен бірге тамақ ішіп, белгілі уақытта демалатын. Оның себебі – бұлардың басы ауырып, балтыры сыздай қалса, іліп алып кететін дублер болған жоқ. Сондықтан бірдене болып қалса, спектакльдер жүрмейтіні белгілі. Оның үстіне бидарық есіп, бейmezгіл де жүріп қалатын біздің өнер адамдарының «қасиеттерін» білетін Темекен осындай да шара қолданған. Осының бәрі

де, жоғарыда айтылғандай, жабырлап барған соң жарқырап қайташып деген ғана принцип болатын.

Фасырлаған мұзыкалық мәдениет үлгісі бар украиндықтардан соң іле-шала онқундікке барғанда біраз кобалжу да болды. Октябрьден бүрын да опералары болған анау груzin, армян, әзіrbайжандықтардан кейін небері екі жылдық «стаж» бар «Кыз Жібек». «Жалбыр» сиякты спектакльдерімізді алтып барымыз «Журек жұтқантық» та еді. Алайда онқундік жаксы етті. Ұлы актриса Күләш, от жалының Құрманбек, талантты Қанабек, өрімталдай Шара, казак даласын сахнага бір айқайымен алыш келген Манаубек пен Ғарифолланың аскан таланттары шырқап-калқып, Кремльді жаңырганда болды. Темірбек осы үлкен істі бастап, абыраймен аяқтаудағы рөлі айта калғандай болды.

Темірбек тек практика жүзіндегі қайраткер емес, үлкен журналист болатын да. Ол үзбей жазып тұратын. Сонау он сезізінші жылдары «Казак мұны» (Торғайда шының тұрған) газетінде редактор болып тұрғанда басталған жазу дәстүрін де үзген жок. Біз жоғарыда айтқан жылдар ішінде оның ондаған макалалары шықты. Әсіресе, советтік казак халқының еркендеген өнері жайлы көп жазатын. Бұл жәніндегі көкейтесті мәселелерді үнемі алға койып отыратын.

Темірбек өнер айналасындағы жаңалықты жаңымен жақтайтын да, ол шын мәнінде жаңалық болса, бағаша қуанатын. Ол кездерде біз сиякты жаңа ғана бас көтеріп келе жатқан, білмегенің білмегені көп жастармен құрдас болып кететін. Есімде, бірінші жаңа домбыра шыкканда, біз Темірбекке алтып бардык. Бекітханов Махамбет ойнац берді. Темірбек сол бойы, кілірместен Оразға телефон соғып, онын Совнаркомға барып жетуіне де карамай, дематыс кезінде тұра домбыраны құшақтатып мені Ораздың үйіне алтып барды. Сол күні бұл хабарды Л. И. Мирзоянга жеткізіп, кеште болған Өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде өзі осыны үлкен жаңалық етіп айттып беріпті. Сол сиякты филармония артистеріне сахналық күйді Алматыдан таба алмай асып-сасып барғанымда, ол Ташкентпен хабарласып, содан барып алтып келдік. Оттыз аттының жылдың басында бірінші рет Құрмангазыға арнал концерт бергенімізде, Темірбек Казакстандың партия, үкімет басшыларына барып, «осында үлкен халық композиторына арналған концерт болады» деп бәрін ертіп келгені бар.

Темірбек өзінің тікелей басқарып отырған жұмысында да үнемі қызу түрде қызмет істейтін. Бір жылдың ішінде Алматыда салынып үлгерілген 18 мектепті алмағанда, республика бойынша ондаған мектеп салынды. Ол халық ағарту ісін жоғары сатыға көтерумен қатар, өнер саласында үздік еңбек еткен адам. Кейін өнердің республикалық басқармасы күрылып, оның басында Фаббас Тоғжанов тұрған кездерде де біз Темірбектің өнер камкорлығынан көлін үзбегенін сезетін едік. Темірбек барлық білімін, кабілетін біздің ұлы партиямыздың мәдениет-өнер саласын кетеру мақсатындағы саясатын жүзеге асыруға жұмысады. Ол әр кезде де үлкен ынтымакпен жұмыс істейтін. Жұмыс істеп жаткан адамдарды жолынан қалдыратын нетүрлі есек-аян, әнгіме, арыз дегендерді жаны жек көретін. Өнер майданындағы адамдардың рухани таза, өз мақсатына берілген болуын арман етегін.

Темірбек 1938 жылдың февраль айында қаза болды. Сол қырыкқа жетер-жетпес жасаған өмірінің ішінде ол мына біз сияқты оны өз көзімен көрген адамдар үшін үлкен із қалдырыды. Біз Темірбектің советтік мәдениетке сіңірген игі еңбегін ұмыта алмаймыз. Бұл тек совет шындығы тудырған қайраткер жөніндегі қысқаша естелік. Темірбек жөнінде талай-талай кітап та жазылатынына күмән жок.

Сабит Мұқанов

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ЖАЙЛЫ

1935-1936 оку жылының басына мен мезгілінде оралым. ИПК-ның оку курсы 35 жылдың аяғында бітеді де, одан әрі диссертация да ярлау жұмысына кірсеміз.

Оку курсын жақсы аяқтадым. Барлық экзаменді де тапсырдым. Енді, диссертацияға кірісер алдында Алматыға барып, жолдас-жораларды көріп, қаланың жаңалықтарын көріп, көңіл көтеріп қайтқым келді. Басшылық ісіне Левон Исаевич Мирзоян барғаннан кейін республиканың экономикасы да, мәдениеті де қызы қарқынмен көтерілуін естіп те, көріп те келем. 1934 жылдың күздінде Алматыға да барып, жаңа игліктерін көріп куанды. Солардан бірнеше мысал.

Ең алдымен мектеп мәселесін алайық. Қазақтың ұлттық мектебі – Октябрь революциясының жемісі екенін білеміз. Қазақстанда Совет үкіметі орнай сала ауылдарда да, қалаларда да қазақтың бастауыш мектебі – мындал, орта мектебі – жүздел, жоғары мектебі – ондал... дегендегі қаулап өсті. Бұл жұмыска үкімет жыл сайын миллиондаған сом қаржат жұмсады.

Іс қарқыны солай бола тұра, республика басшыларының салақтығынан ауылдарда да, қалаларда да мектептің жаңа үйлері қажетті мөлшерде салына қоймады. Мысалы, отызыншы жылдардың бас кезіне дейін Алматыдағы мектептердің көбі ескі үйлерде болып келді. Мирзоян басшылығының ерекше колға алған мәселесінің біреуі осы. Ол кезде Қазақстанның Оку комиссары бол Темірбек Жүргенов тағайындалды. Алған мамандығы экономист болғанмен, бұл жігіт мәдениет мәселесіне де жүйрік қазақтың біреуі болды. Орта Азия университетін 1926 жылы бітірген ол республиканың әртүрлі қызметін атқара жүрді де, Мирзоян келе Оку комиссарлығына тағайындалды. Бұл қызметінің алғашқы күнінен-ақ оның көңіл бөлген үлкен мәселелерінің біреуі – мектептер салу. 1933-1937 жылдарда Жүргеновтің ынта жұмсауымен республикада салынған мектептің жақсы үйлерін жүздел санауға болады. Бір ғана Алматының өзінде калаға көрік беретін 18 мектеп салғызды. Оку кітаптарын, оку құралдарын молайтуға да Жүргенов өте көп еңбек сіңірді. Мен Қазақстан Республикасы ұйымдастынан бері оку жұмысын басқарып келген адамдардың бәрімен де таныспын. Жүргеновті солардың ішінде ең құштілерінің бірі еді десем – еңбегіне лайық баға болар еді.



Мирзоян тұсында республиканың жоғары мектептер саны да өсті. 1934 жылы Алматыда Қазақстанның бірінші Мемлекеттік университеті, Тау-кен институты ұйымдасты. Сол тұста Қазақстанның бірнеше қалаларында педагогикалық институттар ашылды. Іргесі 1932 жылдан бастап қаланған ССРР Фылым академиясының қазақстандық филиалы да аяғын нық басып, Қазақстанның байлығын зерттеуде, экономикасын, мәдениетін өркендедүде ғылыми жәрдем бере бастады.

Мирзоян қазақ халқының көркемөнерін алға бастыруда да қызу іске кіріstі. Бұл игілікті жұмыс Крайкомның 1933 жылдың күздінде қабылдаған қаулысынан басталды. Соған сәйкес 1934 жылдың басында Алматыда музыкалық театр ашылып, Мұхтар Әуезов жазған «Айман-Шолпан» атты музыкалық пьесаның спектакльдерін көрсетті. Сол жылы Алматыда халық өнершілерінің республикалық слеті шақырылып, қазак күйшілерінің, әншілерінің, ақындарының ішінен аса үздік шыққандары көрінді: күйіші Дина Нұрпейісова, әншілер мен композиторлар Шашубай Қошқарбаев, Кенен Әзірбаев, ақындар Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байганин, Нартай Бекежанов, тағы тағылар...

1935 жыл одан да артық жеміс берді. Жылдың басында Алматыда Қазақтың мемлекеттік филармониясы құрылды, қазақ музыкасының құралдарынан ұлттық оркестр ұйымдасты, көктем кезінде Алматы қаласында мәдениет съезі ашылып, оған қазақтың ұлттық өнерінің таңдаулы өкілдері катысты, мен де окуымды тез бітіруге, Қазақстанға қайтуға, қызу істерге араласуға асықтым...

Әбділда Тәжіibaev

ЖЫЛДАР, ОЙЛАР

1936 жыл. Мен онда Наркомпроста (халық агарту комиссариатында) істеуші едім. Онда барлық оқу, мәдениет көркемөнер жұмыстарын түгел осы Наркомпрос басқаратын. Осындағы аса күрделі міндеттер атқаратын мекеменің басына ерекше іскер және кайратты наркомның келгеніне екі жыл боп қалған. Нарком Темірбек Жүргенов болатын.

- Темір десе, темір көрінеді.
- Өзінде де дамыл жоқ, өзгеге де дамыл бермейтін болса керек, – деген мақтау лақабы тарап кеткелі қашан.

Расында да Жүргеновтің ісі Алматы көшесін аралап жүрген жай адамның кезінде оттай басылатын. Аз ғана уақыттың ішінде канша мектеп салынды. Откен жыты ғана халық өнершілерінің слетін өткізді. Бұл алыста жатқан домбырашы, қобызышы мен әнші, жыршыларды өз дүбірімен елеңдепткен тамаша жынын болды. Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай, Орынбай сиякты кәрі ақындарды да біз алғаш сонда көргенібіз. Тайжан,

Нартай сияқты гармонға қосылып жырлағыштар үнін де сонда естігенбіз, қазір ол Мәскеуде өтетін декада әзіrlігін басқарып жүр.

Темірбек орта бойлы, қаршыға пішіндес кісі еді. Бронзадан құйылғандай нығыз отырып, нығыз басып түрған. Ол шешіп сөйлеп, кесіп істегенді ұнататын. Осындаі іскер мактаулы нарком:

– Кел, бала, қызметтес болайық, – деген соң мен де сонда репертуарларды бақылап отыратын орын қызметіне барғанмын... Апрельдің орта кезі болу керек, ертемен телефон соғылды:

– Сіз дереу наркомға келіңіз, – деді таныс дауыс. Дереу болса болсын деп мен де кідірмей үлкен кабинетке кірдім.

– Тым ерте мазаладым ба, бала? – деп Темкен қолын беріп, қасына отырғызды. – Мезгіл сондай, шырақ. Есімізді енді жия бастаған шақта қимылданап қалуымыз керек. Біз қимылдамасақ, кім қимылдайды? – деді әнтек сұрланып.

– Әрине, Темке, – дедім көп сөз қоспай. Маған аға сөзінің арғы төркіні түсінікті еді, сәлғана үнде спей қалдық.

– Парижден Мирзоян телефон соғып (Мирзоян Парижде емделіп жатқан болатын) Оразға (Исаев Ораз) өз ойын айтты: қазақ ақын халық деуші едік кой, онымыз рас болса, декадаға ақын апарайық, Сүлейман Стальский сияқты бір қария табындар, – депті. Ораз соны маған тапсырып еді, мен саған тапсырғалы отырмын, – деді қарқ-қарқ күліп. Мен де қосыла күліп алып сөз соңын тындағым.

– Бұл өте жауапты міндет, Әбділда, – деді тағы да өзінің іспен шұғылданардағы пішініне көшіп, сен бүтін Жамбылды тауып әкелуге жүріп кет. Есінде ме ол карт?

– Есімде, аға, қайдан іздеу керек екен өзін...

– Ұзынагаш ауданынан.

Темірбек қоңырау қақты.

– Машина әзір ме? – деді кіре берген жәрдемшісіне.

– Әзір, жолдас нарком.

– Тауып қайт, бала, тапсан, маған хабарласарсың, – деп қолын созды, – жолың болсын.

... Жүргенов Темірбек ағаның кабинетіне куанышымды жасыра алмай, қызара, лоблыға кірген болуым керек. Қол алысып отырған соң ол да маған күлімдеп:

– Ажарың тәуір екен, бала. Кәне, оқы! – деді.

Мен Жәкенің өзіне оқығандай оқып шықтым. Темірбек тілін тістеп алғандай үн-түнсіз безеріп қалыпты. Мен қайтерімді білмей төмен қарап:

– Ұнамады ма, аға, – дептін.

– Үндеме, бала, тише, – деді жайғана даусымен, сәлғана қолын көтеріп. Содан кейін телефонға жабысты.

– Ораз, сәлем, Темірбек кой. Мына бала Жамбылдың өлеңін әкелді.

Иә ... оқыдық, мен айтып жеткізе алмаймын. Өзің тында.

– Кеттік, бала! – деді телефон трубкасын орнына қойған соң.

Жарыса басып кеп машинаға отырдық.



Исаев Ораз орнынан тұрып кеп қол беріп амандасты.

– Бала жұмыс тыңдырыды, – деді Темкен мені арқамнан қағып.

– Бала емес, жігіт Әбділда деу керек.

Жылы шырайлы құлімсіреп сейлейтін Ораз, сағатына қарап алды да:

– Қане, тыңдайық, – деді.

Тағы оқыдым, тағы тыңдалды, енді телефонмен Ораз сөйлесті. Ол Құлымбетовке әзілдең тіл қатып тұр.

– Бүгін поэзия күні болсын, Ұзеке, енді сіз тыңдаңыз, – деді күле сөйлеп. – Байгазына шарап әзірлерсіз, Жамбыл үшін қалай ішпейміз?

Тағы да құлісіп алдық.

– Жүріндер, ақсақалға барайық.

Мен бұл жолы өлеңнің кеп жерін жатқа оқып шықтым.

Және асықпай-саспай жақсы оқыдым.

– Қалай, ақсақал? – деді Ораз Құлымбетовке кулана қарап, тілегеніміз осы емес пе?...

Құлымбетовті бетпе-бет отырып, жақын көргенім осы еді. Маган ерекше ұнады. Шоқша сақалы, жіңішке ұзын мұрттары оның қызыл шырайына әулиелік қасиет беріп тұрғандай екен. Баяу қозғалып, асықпай сейлегені де өкімет ақсақалдығына жарасып тұр.

– Сәті түскен бір жұмыс болты, енді мұны келістіріп тұрып орысшалау қажет болар.

– Ұзекең маган қарады.

– Дұрыс айтасыз, аға, – деп қысқа жауап бердім.

... Мен тағы тіршілікті Темірбек Жүргеновтен бастадым. Ол Жамбыл жырының орысшасын өзі оқып шықты да, керемет ұннatty. Содан соң тез келістік те, «Правдаға» өлеңнің жолма-жол мен көркем орысшасын қоса жібердік. Кузнецов аудармасының бізге ұнағанын білдіріп хат жаздық. «Қалағандарынызды алыңыздар» дедік.

Қанабек Байсейітов

ҚҰШТАР КӨНДІЛ

Дір күні Күләш екеумізді жаңа болған халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов шақырды. Ұл кезде халық ағарту комиссариатының кенесі қазіргі Ленин даңғышында болатын. Келсек, онда Жұмат пен Ғабит отыр екен. Біз келген соң Жүргенов:

– Амансыңдар ма, балалар? – деп амандасты да, тікелей шақыртқан мәселесіне көшті. – Музыкалық театр ашқалы жатқанымызды естіген шығарсыңдар. Соған адам жетіспей жатыр. Елубайды да шақырдық, ризашылығын берді. Театрларыннан мүлдеbosanyp шық демейміз, бірақ бірінші спектакль сахнаға шыққанша көмектесіндер. Бековке айтамыз, уакытша босатады. Екеуің де ән айтады деп естідім, осыған қалай қарайсындар?

- Жарайды, қолымыздан келгенше көмектесейік, – дедік.
- Жақсы, ендеше, ертеңен бастап Жұмат сендермен репитиция жасауға кіріседі, – деді Жүргенов.

Біз мән-жайды Бековке келіп айттық. Қарсы болмады, бірақ:

- Ой, олар да түк шықпасқа әуре бол. Ән айтып адам ойнай ма екен? – деп кейіді. – Барындар, бақырып-шақырып беріндер.

Күләш екеуміз жарты ай дайындалдық, бізден басқаларының дайындала бастағанына үш айға жуық уақыт болған екен. Айман мен Арыстанның рөліне әркімді ойнатып байқап, ешкімге көнілдері толмапты. Сонан соң Жұмат бізді тандапты.

Сөйтіп, 1934 жылдың 13 январы күні драмтеатрдың үйінде «Айман-Шолпан» комедиясымен Қазақ музыка театрының тұнғыш шымылдығын аштық.

Жүрттың ынтығуын айтып жеткізу киын. Күнде коямыз. Тіпті, демалмадық. Содан он бесінші майға дейінгі аралықта «Айман-Шолпанды» жүз рет койыптыз. Дәл ондай табысты өткен спектакль дүниеде бола бермес. Қаладағы елдің сөзі, әнгімесі – бәрі «Айман-Шолпан» болып кетті. Күндіз де, түнде де, қайдан көрсөн, «Айман-Шолпанның» энін салып келе жатқан адам.

«Айман-Шолпанның» премьerasына Жүргенов ауру болғандықтан келе алмап еді. Спектакль сәтті өткен соң Ғабит мені сол кісінікіне ертіп барды. – Емделуге Москваға кеткелі жатыр, кіріп шығайық, – деді. Ғабит онда УТЗП-ның (управление театрально-зрелищных предприятий) бастығы болатын.

«Наркомның үйі қандай болады екен?» деген құмарлық та бар, есіктен кіргеннен екі көзім жан-жағымда. Үйі үш бөлмелі екен. Темкеннің өзі жатыр екен, киініп шыққанша, сол кірген бөлмемізде күттік. Жарқ-жүрк өткен әшекейлі ештеме көзіме түспеді. Ортада ағаш үстел түр, оны айналдыра төрт-бес орындық қойыпты. Қенелеу қара диван түр екен, әлгіге кеп екеуміз отырып ек, көтере алмай ортасы түсіп кетті, сонан соң Ғабит орындықта барып отырды.

Бір кезде киініп Темкен шықты. Ғабит мені таныстырыды.

- Э, білем, әлгі әйелі екеуі ойнаған бала гой? – деді Темкен.
- Иә, сол. Күләш екеуі ойнады, – деді Ғабит.
- Рахмет, бала. Жақсы ойнады деп көргендер айтып келді, – деді де, ары қарай Ғабит екеуі сөйлесіп кетті.

Мен үнсіз ғана екеуінің сөзін тыңдал отыра бердім.

Жүргенов Ғабиттен газеттердің жағдайын, спектакльге қандай пікірлер болмақ, елдің көзқарасы қандай, соны сұрастырды. Ғабит кейбір жеке адамдардың пікірлерін айтып, түсіндіре келді де: «Қатты айтатын статьялар да болуы мүмкін. Білесіз гой, музыкалық театрға теріс көзқарасты кіслер де бар. Олардың да жазуы мүмкін», – деді. «Ондей пікірлердің басылғаны бізге де, театрға да опа бермес, секретарьға звондармын», – деген тәрізді сөз айтты Темкен.

Содан кейін екеуі перспективалық мәселелерді біраз әнгіме етті. Театрдың жұмысын жетілдіру үшін қажетті деген шараларды да, таңсық театрдың жаңа



қадамына қарсы болады-ау деген жағдайларды да, – бәрін алдын-ала ақылдастып, пікірлер түйді.

Ауру кісіні артық қинамайық деп, біраз отырған соң Ғабит екеуміз қоштастық та, орнымыздан тұрдық. Біз үйден шығып кеткенше, ол кісінің сезі театр төнірегінде болды. Өзінің емделетіндігі жайында бір-екі ауыз ғана сез айтты.

«Айман-Шолпан» сәтті қойылған соң, музыкалық театр мәселесі оңай шешілді. Премьера 13 қаңтарда болған, ал 17 қаңтар күні драмтеатрдың жаңынан ашылған музыкалық студияны Қазактың мемлекеттік музыкалық театры етіп қайта құру жөнінде үкімет қаулысы шықты. Бұл күн қазақ өнеріндегі тарихи күн болып саналады.

«Арыстанды жақсы ойнадың», – деп қанышалық жұрт қошемет көрсетіп жатса да, мен іштей өзімнің драмтеатрда мұнан әлдеқайда артық ойнап жүргендігімді шамалап, онша көп желікпедім. Бірақ басшылар осы дүрыс деп тапты да, бүйрықпен Құләш екеумізді музыкалық театрдың артисі етіп бекітті. Оған іштей ренжіңкіреп, бірақ ешкімге білдірмей біраз жүрдім. Сол тұста Жүргенов Москваға емделуге кетті, соны пайдаланып мен де есебін тауып, Москвадағы режиссерлер даярлайтын алты айлық курсқа тартып отырдым.

Москвада оқып жатқаныма екі айдай болып қалған. Бір күні тұракты өкілдікте отыр едім, біреулер: «Сені Жүргенов телефонға шакырады», – деді. Сірә, сол арадағы жігіттердің бірі «осында отыр» деп ол кісіге айтып қойған болу керек.

– Эй, бала, қазір маған келіп кет! – деді Темкен. – «Националь» қонақ үйі, жүз оныншы бөлмедемін.

Бұлтаруға болмады. Келдім. Аман-саулық сұрасып біткен соң бетіме тесіле қарап отырып:

– Сені мұнда кім жіберді? – деді.

– Наркомпрос. Өзініздің орынбасарыныз.

– Бала, түсінсөнші, қазір саған оқитын уақыт емес. Режиссерлықты оқитын басқа бала табылады, ал сендей даяр артистер табылмайды. Бізге қазір театр жасау керек, театр керек. Оку, есу, жетілу – олар содан кейінгі, екінші жұмыс. Қой, менімен бірге бұрсағұн Алматыға қайтасың.

Қайтпаймын дей алмай қипақтап қалдым. Сасқанда адамның аузына өтірік те сап ете қалады екен.

– Қазір қайта алмаймын ғой, біреуден қарыз алып «Театральная библиотека» сатып алыш ем, – деп бөсіп жібердім. Қергенім рас еді, сатып алдым дегенім өтірік.

– Э, ол саған керек, қанша қарыз алып ең?

– Мың бес жұз сом.

Блокнотынан бір парақ қағаз жыртып алды да, әлденені жазып, маған ұстартты.

– Мә, мынаны тұракты өкілдікке апар да, акшанды ал. Кейін етей жатарсың, – деді.

– Ақшанды алған соң осында кел, мен сені бір жаққа жұмсаймын.

Ертесіне келдім. Көкірегін түсірген рентгеннің сүлдесін ауруханадан әкеліп беруге жұмсады. Соナン соң өзіне ет жеуге болмайтынын айтып, поезға келерде құс етін ала келуімді аманаттады.

Құс етін алдым, «Театр кітапханасын» да таптым. Ақшам сонда да артылып қалды. Оған Күләшқа, енеме, өзіме киім-кешек алдым. Сейтіп буынып-түйініп вокзалға келдім.

– Бала, жүгің көп қой, – деді Жүргенов.

– Қорпе-жастығымды да ала келіп едім, – деп жауап қаттым.

Сонымен, Төмеке екеуміз бірге қайттық. Халықаралық вагонның ішінде Алматыға жеткенше бес күн бойы әнгімелестік.

Көп нәрсені сұрады, көп нәрсені айтты. Театрдың ішкі-сыртқы жағдайларын тәптіштеп түгел сұрастырыды. Театрдың болашағы хақында өзі де талай мәселелерден мені құлаққағыс етті. Бейімбет «Шұғаны» бітіріп қалды, ол бітсе, «Қызы Жібекті» қолға аламыз», – деп келе жатты. «Алматыға барған соң жолық, келісетін жұмыстар бар», – деді.

Асығып-аптығып үйге келсем, Күләш Семейге гастрольге кетіпті, енем жалғыз өзі отыр. Жүргеновке де жолыққам жоқ, өзгеге де жөнімді айтқам жоқ, ертесіне Семейге тартып отырдым. Алматыдан шығарымда Күләшқа телеграмма соқтым. Иса екеудін вокзалдан күтіп алды.

– Арыстанды ойнайтын жөнді адам табылмай қинап тұр еді, жақсы болды келгенін, – деп жатыр Иса. – Жүрттың ықыласы сүмдік, казірдің өзінде он күнге алдын-ала билет сатылып кетті.

Исаның сезін бірде естімін, бірде естімеймін, есіл-дертім Күләшта. Ол да үрлана қарап, Исадан ұяла қолымды қысып-қысып қояды.

Екі күннен соң Жүргеновтен «Дереу театрды қайтарындар» деген тығыз телеграмма алдық. Қайттық.

Жұмат пен Құрманбекті, мені Жүргенов кенесіне шақырыпты. Бардық. Сол жолы Жұматқа Темекен қатты кейіді.

– О заман да, бұ заман – жалғыз спектакльмен театр гастрольге шыға ма екен? Бір күнгі табыска соншама мастанып. «Айман-Шолпаннан» басқа түгіміздің жоқ екендігін жүртқа көрсетудің өзі ұят емес пе? – деп ұрсып-ұрсып алды да, – барындар! – деді, күп шыққандай болды.

Шығып бара жатқан маған:

– Сен, бала, тоқта! – деп қайта шақырды. Асықпай бұрылып алдына келгенімде: – Біз сені музтеатрга директор етіп тағайынтаймыз. Бүйрық бүгін болады, ертең театрды өткізіп ал! – деді.

– Қалай болар екен, қолымнан кел...

– Келеді қолыннан. Москвадан қайтқанда, мен сенімен бес күн бойы бекер сөйлесіп келгем жоқ. Күмілжуді қой, жұмысқа кіріс. Бір спектакльмен театр театр болмайды, репертуарын байыту керек. Бейімбет бітіріпті, жақында «Шұғаны» қоясындар. Мә, мынаны Габитке апарып бер, бір айдың ішінде «Қызы Жібектің» либреттосын бітіріп берсін, – деді де қолыма записка ұстатты. – Егер қажет десе, жазуына сен де көмектес.

Кешкісін үйге келдім де, болған өзгерісті Күләшқа айттым.

Ойда жоқта директор болып шыға келгенімे ол да тан, өзім де тан, сөйтіп таңданысып отырганымызда, үйге Жұмат пен Құрманбек кіріп келді.



- Иә, күттү болсын! Директор болыпсың, естідік, – деді Жұмат.
- Бізді қайтетін болдыңдар, театрда істейміз бе, істемейміз бе енді, соны айтсаңшы!
- деді Құрманбек.

– Темкен ол туралы маған ештеме деген жоқ, істейтін шығарсындар, – дедім.

И. Коңық «Шұғаның» музыкасын жазып жатқан кезде, бір күні мені Жүргенов шақыртты.

– Бізде осы Коңыктан басқа композитор бар ма, жоқ па? – деп сұрады. Коңық мамандығы бойынша композитор емес, хордың маманы болатын.

– Ленинградтан келген Брусиловский деген бір жігіт бар, консерватория бітірген, қазір музыкалық мектепте сабак береді – дедім. – Жұрттың айтуынша, таланты жаман жігіт емес көрінеді.

– Ертен он бірде келсінші, әңгімелесіп көрейік, өзің де кел.

Ертесіне Евгений Григорьевич екеуміз уәделі уақытта Жүргеновке келдік.

– Қазақстанға қалайша келіп қалдыңыз? – деп сұрады Жүргенов.

– Мен өзім үлттық республикаларда істеуді ұнаттым. Сіздерге келу себебім сол. Менің ықыласымды аударған Затаевич жинаған «Қазақтың мың әні», сонымен таныстым да, музыкаларыныңға қатты қызықтым, – деді Брусиловский.

– Қазақстанға келгелі не тындырдыңыз? – деп сұрады Жүргенов одан.

– Құрманғазының бір-екі күйін, бірер халық әндерін фортепианоға өндеп жаздым.

– Қане, сол жазғандарыңызды ойнап көріңіші!

Сейтті де, Жүргеновтің өзі кабинетінде тұрған фортепианоның қасына барды.

Брусиловский Құрманғазының «Серперін», бір-екі халық әнін орындағы. Жалпы, Евгений Григорьевич фортепианоны тамаша ойнайды. Жүргенов оны катты ықылас қойып тыннады. Ұнады білем, үндемей тыннады. – Бала, «Қыз Жібектің» музыкасын осы кісіге жаздырсақ қайтер екен?» – деді акырын маған еңкейіп. Мен жауап беріп үлгергенше болмай, Брусиловскийден:

– Бізге бір халық музыкасы негізінде опера жазып беруге қалайсыз? – деп сұрады.

– Жаз десеніздер, неге жазбайын? Жазуға болады. Жүргенов сол арада-ак Евгений Григорьевичке: «Қыз Жібектің» қыскаша мазмұнын айтып берді. Түсіндіргісі келді ме, қызықтырғысы келді ме, білмеймін.

– Егер жақсы музыка жазсаныз, көре жатармыз, ал қазірге Сізді театрға музыкалық редактор етіп аламыз. Затаевичтің жинаған әндерін пайдаланыңыз, соңан соң осында әншілеріміз көп, әрқайсысының репертуарында басқалар білмейтін он-жырымадан әндері бар, соларды түгел тындалап көрініз. Жігіттер қолдан келген көмегін жасайды, керек музыканы өзіңіз таңдаңыз – әйтеуір, бізге жақсы опера жазып беріңіз, – деді. Сейтті де, қолма-қол сол арада Жұматка телефон соқты.

«Қыз Жібектің» музыкасын Брусиловский жазатындығын, үш күннің ішінде оған либреттоның жол аудармасын жасатып беруі керектігін тапсырды.

1936 жылы Қазақ мемлекеттік музыка театрында директор кезім. Театр онда қазіргі Қазакконцерт үйінде. Құрылғанына екі жыл болғанымен, театр әжептәуір беделге ие

болып қалған, репертуары да тәп-тәуір-тін. Саны ғана емес, сапасы да сондай. Тіпті сапа жағынан уақытқа ілесе білді, аз мезгілде алтын қор жасадық десем, әсіре айтпайтын шығармын деп ойлаймын. Себебі ол қысқа мезгілде дүниеге келген «Қызы Жібек», «Жалбырлар» әлі күнге жұртшылықты риза етіп келеді емес пе?!

* * *

Онер адамдары өз өнерін көрсетуге әрқашан әзір ғой. Дегенмен үлкен тойға үлкен дайындық та керек. Солайы солай болғанмен де, біз онкүндіктің болатынын тұтқыыл естідік. Дәл қай күні екені есімде жоқ, қыс ортасы болатын, театр басшылары мен өнер қайраткерлерін шақырып алып, Халық ағарту комиссары Темірбек Жұргенов: «Москвада қазақ өнерінің онкүндігі болады, – дегенді айтты. – Мирзоян жолдас Сталиннен рұқсат алышты, Украинадан кейінгі кезекті бізге берілті. Не істеп, не қоямыз, оны кейін ақылдасамыз», – деп хабарлау ретінде ғана әңгіме өткізді.

Сол күннің қай күн екенін, дәл есіме түсіре алмай-ақ қойдым. Осы еренсіздіктен қашшама опық жеп өкініп жүрсек те, амал не, ондай әдеттен көбіміз әлі арыла алмай келеміз ғой. Кейін бір керегі болар-ау, түртіп қояйыншы, белгілей салайыншы, – дегенді бойға сініре алмаған адамның – мен де бірімін. Халық өнері даму тарихының басы-қасында жүріп, сол жасалып жатқан тарихи өзгерістерді, күнделікті өмір тынысын дәлме-дәл жазып журмедік, енді соны егжей-тегжейлі еске түсіре алмай қиналадамыз.

Сонымен, онкүндіктің болатынын естідік. Оның тәртібін, жалпы жағдайын жобалап қана түсінгендей болдық. Бәріміздің де бойымызда бір жинақылық бар, жүрексіну де жоқ емес, әрине. Бәйге атқа бірінші рет шапқалы тұрған баладаймыз. Біздің қорқатынымыз – Украина сияқты үлкен, мәдениеті мен өнері ерте дамыған республикадан кейін қораң көрініп қаламыз ба дейміз. Онкүндікке дейін үш айдың айналасындағы ғана уақыт бар, ол жақсылап дайындалуға жете ме, жетпей ме деп күдіктенеміз. Қысқасы, күдік көп. Колға алатын жұмыстар ол да көп, бірақ нақты іс әлі жоқ.

Дайындық кеңесуден басталды. Кеңестен кеңес көре жүріп, дәл ол жолғыдай кеңесті өз басым оған дейін де, одан кейін де екінші рет көргенім жоқ. Екі жұма кеңестік. Кеңесіміз кәдімгі жиналыс. Сөйлейміз, таласамыз, дәлелдейміз. Күн сайын сол, демалыс күн деген жоқ. Және кей күндері таңғы тоғыздан түнгі он екіге дейін отырып қаламыз, тамақ ішудің өзін ұмытып кетеміз. «Мәскеуге қай өнерімізді көрсетеміз, нені апарамыз, нені апармаймыз, қайтсек ұятқа қалмаймыз», – деген тәніректе пікірлесеміз, сол тәніректе дауласамыз.

Ел ішіндеңі таланттарды таңдап апару керек дегенді бәріміз құптадық. Халық ақындарынан сұрыптал біразын апарайық дестік. Екі театрдан музикалы театр баратын болды да, бірақ оның құрамына драмтеатрдағы кейбір талантты адамдарды іріктең қосатын болдық. Ал енді қай-қай спектакльді апарамыз дегенге келгенде, өзара

катты дауастык. «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Айман-Шолпан», «Шұта» – төрлеүнен екі спектакльді ғана таңдал алуымыз керек болды. «Шұғаның» драмалық жағынан жақсы дүние екендігі, «Айман-Шолпанның» күлдіргілігі – бәрі сез бөлші, бірақ акырында «Қыз Жібек» пен «Жалбырды» апаруга келістік. Бұл екеуі тақырыптық жағынан да, музыкасы жағынан да жоғары еді. Соナン соң үлкен концерт қою көркітілігі айтылды. Ол концертте казақ өмірі, тұрмыс-салты, әдет-тұрпы театрларды бейнеге тусу керек деп шештік. Даулы жиынымыз келісіммен біткен соң мені Жүргенов өзіне шакырыпты, бардым. Бізден соншалық үлкен болмаса да, «бала» деп сөйлейтін сүйкімші бір әдеті бар еді:

– Бала, енді директорлықты қоясын, – деді. – Сен творчествоң адамысың, сондыктан декадаға дұрыстап дайындалуын керек. Саған казір қызметті емес, дауысты сактау қажеттірек. Бастықтық басқа адам табылады, енерді есіріп, шеберлігінші жетілдіре түсуін тиіс. Экімшілік мәселесін декада өткен соң тағы көре жатармыз. Москвадан өнердің біраз маман адамдарын шакырып отырмыз, барлық ерекшеліктерін түсіндірсіңдер. Оларға халықтың тұрмысын үйретесіңдер де, олардан өздерін ендер үйренесіңдер.

Құрманбекке де осылай әнгіме айтыпты. Ол да режиссерлықка алаңдамай, өзінің сахнада ойнау шеберлігін кетеруге кірісті.

Театрдың директорлығына февральда Аксарин деген кісі келді. Аса керікті, етулің үстіндегі адам еді. Режиссерлықка Боров дейтін ГИТИС-ті бітірген жас жігіт келші. Бас режиссеріміз Жұмат қана қызметінде калды, басқамыз біржола артистік қызметтімізге ден койды.

Темкен (Темірбек Жүргенов) Казакстан БК(б)П Өлкелік Комитетінің бюро мүшесі еді, сондыктан ол біздін арамызда жүрген Өлкелік Комитеттің екілі іспетті сезілеттін. Дайындық кезінде калай жұмыс істейтіндіктерімізді ол кісі алғашқы күннен-ақ ашып айтты.

– Жолдастар, уақыттың аз екенін білесіңдер. Бұл онкүндік берімізге сын, еште сын, ешін нағызын ойлайық. Дайындық біткенше жұмыс тәрібі бытай болалы: тангертенгі тоғызда келесіңдер, түнгі онларда кайтасындар. Түстікті театрдың ішінде шесіндер. – деді.

Ондай тәртіп орнатпайынша өзі де болмайтын еді. Жауалты жұмыс атқарып жатқанымызды түсіндік, жан-тәнімізбен дайындалдык. Бір касасан, Темкен театрдан шығып бара жатады, енді бір кезде айналана көз салсан, сениң қалай ойнал жатқаныншы қалағалап дәл касында отырады. Қай кезде келип үлгергенін көрмей қаламыз. Ойнамаган жерден жарқ етіп шыға келип талай састирганы да бар.

Музыканнтар арасында жазылмаган бір дәғдү тәртіп қалыптассан еш, бәрі әрбір кырық бес минут ойнаганин кейін он бес минут үзіліс жасайды: темекі тартады, демалады. Олар сол әдеттерін онкүндікке дайындық кезінде де тастамады. Соңдай кезекті бір кырық бес минут біткен кезде трубашы-вокалист Плотников деген валторнасын лактырып тастал:

– Мен бүйтіл күні бойы істей алмаймын, құл емеспін! – деді, наразылық білдіріп. Сол кезде ту сыртымыздан:

– Кім ол өзін құлмын деп есептейтін? – деп Темкеңнің дауысы саңқ ете қалды. Жүгіріп ортамызға шықты, – қап-қара болып түтеп кеткен екен. – Кімде-кім Қазақстанды елім, жерім десе, сол қалады, сондай адамдар ғана қатысады онқундікке. Өйтпейтіндерге жол бос, кете беріндер! – деді.

Сонан соң онқундіктің саяси мәнін, маңызын қайта тусіндіріп айтты. Шаршаган сияқты едік. Темкеңнің әлгі сөздерінен кейін сергіп кеттік. Сонда ол кісінің қай жерде отырғанын байқамапыз, көзге түсе бермейін дейтін болу керек, сірэ.

Тағы бірде жергілікті комитеттің жиналысын өткізіп жаттық, оған жаңа бастық сайлау керек болды. Өзімізше, заңды іс атқарып жатырмыз деген ойдамыз. Дәл сол жиналысымыздың үстіне жарқ етіп Темкең тағы жетіп келді.

– Мынауың не, ей бала? – деді маған.

– Месткомның жиналысы еді, – дедім мен мінгірлеп.

– Тоқтат! – деді жекіл. – Қазір жиналыстың кезі емес. Немене, дайындықты бітіріп қойдыңдар ма сонша? Жиналыс ашуға, бастық сайлауға біз де жетеміз, сендер, өнерлерінді жетілдіріндер, – деп бәрімізді бүріп ала жөнелді. Жұматқа да, Москвадан кемекке келген жігіттерге де қатты айтты. Бірақ қанша қатты айтса да, Темкең адам жанын ауыртатын әдепсіз сөздерді араластырмай, кісінің жеке басын қорламай ұрсуши еді. Ұрысканы құдды қызу лекция оқығандай болып келетін, әр сөзіне саяси мән беретін. Біздердің, артистердің, қамын өзімізден бұрын ойлайтың, кейде түн жарымдарда үйге телефон соғып:

– Неге жатпайсындар, дем алсаңдаршы! Таңертен жұмыс бар екенін ұмытпандар! – деуші еді.

Сол онқундіктің тұсында Темкең біздің бас қолбасшымыз болды десем, шындыққа киянат болмайтын шығар. Ең зәру, ең жедел шешім қажет мәселелерді тікелей Темкеңнің араласуымен қолма-қол шешіп жүрдік.

Дайындық жан-жақты жүріп жатты. Күн сайын қазақтың белгілі ақын-жазушылары да, мәдениет қайраткерлері де бәрі онқундіктің қамымен театрдан шықпайды. Әркім өз пікірін қосады, әркім өз білген ақылын айтады, байқаған кемшілігін көрсетеді, кәдімгі қырман басындағы қызу жұмыстай қайнаймыз да жатамыз.

Концерт дайындал жатқан кезіміз болатын. Бір кезде кабинетіме кірсем, Ораз Жандосовтың қасында бір бейтаныс қара шал қалғып отыр. Араларында Сәкен, Илиястар да бар, біраз кісілер алқа-қотан отыра қалған сәт екен.

Амандақсан соң:

– Мына кісі – Жамбыл деген атан, – деді Жандосов. – Жақында газетке шыққан «Тұған ел» деген өлеңін оқыған боларсың, енді өзін тыңдал көрсін деп әкелдім, осы жүргеннің көбінен күшті ақын, – деп маған айта отырып, басқаларға да ақсақалды таңыстырып шықты. Сөйтті де: «Мына отырғандар – қазақтың атақты ақын-жазушылары, – деп Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтарларды таңыстырып өтіп, – Ақсақал, тұрыңыз, бір-



деме айтып беріңіз балаларыңызға!», – деді. Сонда Жамбылдың касында бірге жүрепін бір жас бала бар еді, бірақ оның қай баласы екендігі есімде калмапты, ешкімнен кезінде анықтап сұрап та алмаппын.

– Не айтам? – деді Жәкең Жандосовка қарап.

– Қазак өнерін астанамыз Мәскеуге апарып көрсеткелі жатырмыз. Сәті түссе, белкім, өзініз де барып каларсыз. Жол болсын айтпайсыз ба балаларға? – деді Жандосов.

Жәкең алдымен домбырасын алдебір терме әуеніне салып түзеп алды. Қырылданқыраған дауыспен ал кетті дейсін, құдды күні бүрүн жатташ алғандай.

Ара-арасында Жандосов дауысын көтеріп:

– Қазақстанның байлығын айт, Алматы мен Мәскеу туралы айт! – деп бағыт сілтеп отырады. Соның бәрін дереу Жәкең жырға косады. Өлеңін айтып біткен сон:

– Шаршаңыңыз ба? – деді Жандосов.

Жәкең жымың етті:

– Өлең айтудан акын шаршаушы ма еді?!

Жәкеннің өлең айтысына бәрі риза болысты.

Сәкен, Ілиястар да бастарын шайқап:

– О, мына кісі терең екен ғой.

– Естіл жүрген акындарымызда бұл кісіден асатыны бола коймас, – деп жатырмыз.

Осыдан кейін-ак Жәкең жана тұғырга көтерілді. Оның өлеңдерін жазып алуға қасына хатшы белгіленді. Алғаш хатшы болған акын Эбділә Тәжібаев еді.

Содан онкүндікке барагын халық акындары да ірікtele бастады: Жамбыл, Нұрлайис, Орынбай, Кенен, Нұрлыбек, Нартай, Доскей –барлығы алты-жеті акын.

Көкектің жырымаларында онкүндікке дайындықты қабылдау комиссиясының отырысы болды. Оған Казакстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л. И. Мирзоян мен совнарком төрағасы Ораз Исаев катысады, қалған бастыштардың да біразы келмеді. Мирзоян емделуге шетелге кеткен болатын. Қабылдау кезінде комиссия пікірлері бір жерден шықлады, бірі жаксы дейді, бірі жаман дейді. ортақ түйінге келе алмады. Мәселен, О. Беков, М. Атаулін, Байбосынов секілді белгі қызыметкерлерін көнілі толмады, өздерінше көп кемшілік тапты, біраз саяси мін такты. Жүргенов жаңа үнде меде.

Ертегісін қабылдау комиссиясы кайта жиналды. Бұл жолы оған совнарком төрағасы О. Исаев, өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы А. Н. Гусев, басқа да бастыш адамдар катысты. Ол күні дау да, талқылау да болған жок, беріміз үнсіз гарастық. Келесі күні Жүргенов келіп, «қабылданды» легенді ғана хабарлады.

Үш айға жуық дайындалған енбегіміздің иттихесін естігей сон барып забен қалжырап шаршаганымызды сезлік, болдырдық деуге болаты. Жүргенов берімізге демалыс берді, бірсынырамызды он күн демалып кайтуға демалыс үйіне жіберді.

Бірақ арак ішпеуді катты ескертті, дауыска зияны тиеді дейтін тұдамал тамактардан ешқайсысын ауызға алмандар леді. Сахаров дейтін өз бухгалтерін бізбен бірге жіберді. Бізді соган бакылтты. Қуырган тамак жегізбелі, жатарда күшті тамак бергізбелі. Сүт-

қаймақ дегендерге тойдырында да қойды. Балаша, алаканына сап, күтті. Біз Құрманбек, Шара, Құләш төртеуміз бірге демалдық. «Қызы Жібекте» де, «Жалбырда» да басты рөлдерді орындаимыз, оның үстіне Қүрекен екеуміздің ептеп «ішуге» қарсы емес екенімізді де біледі, сондықтан Темкен өзді айрықша бақылады. Сахаровқа сенбей, демалыс үйіне қуніне өзі бір соғып, жағдайымызды біліп қайтады.

– Балалар, біз масқара болсақ, бүкіл елді масқара қыламыз, байқандар, онқұндік біткенше шыдандар! – деп ақылын айттып кетеді. Темкенің өзі өйтіп тыным таптай жүргенін көріп тұрып арақ құрғырды қайтіп татарсын, шыдадық.

Көкектің аяғында Украинаның онқұндігі басталды. Құні-тұні радионың алдынан кетпейміз, олардың әнін де, сөзін де тыңдал, өзімізben ойша салыстырамыз. Сегіз жүз адам келіпті, сонша адамның өзімізден шықпасын білеміз, зәреміз ұшады. Газет хабарлауын оқып та үрейленеміз. Кей өнерпаздарын Мәскеу жүртшылығы қол соғып, он минут бойы сахнадан жібермей қойғандығы жазылып жүрді. Мұндай қол шапалактауды Мәскеу көрмегелі көп болып еді деген де сөздерді естіп жаттық.

Соның бәрі зәрені алады. Украинаңай ірі республикадан соң сүмірейіп қалмас па екенбіз деп састьқ, шынын айтсақ, жүрексіндік. Жүрер кезге жақындағанда Жамбыл қарт бір қызық жасады. «Ал, ақсақал, Мәскеуге баратын болдыныз», – деп қуантқалы жүрсек, ол: «Бармаймын, – деп қырық салды, – мені кәрі маймыл құсатып несіне апарасындар, неміді көрсетесіңдер, аузымда бір тіс жоқ, не тур-тұс жоқ», – деп тулады.

Сонымен, сөзімізге оралсақ, ақыры аттаңдық Мәскеуге. Біздің жалпы құрамымыз үш жүз адам болды. Сапарға бесінші мамыр құні кешкісін шықтық, арнайы пойыз алып журді. Сол сапарға шығар алдында украиндықтардың қорытынды концертін естіп шыққанбыз, олардың табысы орасан болды. Әншілерінің дауысын естігенде, денеміз дірілдейді. «Мынандай мықтылардан кейін мәскеуліктер бізге мұрнын шүйіріп жүрер ме екен?» – деп қорықтық.

* * *

Ол кездегі екі астананың арасына пойыз алты сөткеге жуық жүреді. Жол бойы да талай қызықтарды бастан өткердік. Сол қызықтардың ең әсерлі, ең ұмытылмасы да – баяғы Жамбыл қарттың қасында болды. Біздер – Құләш, Шара, Құрманбек төртеуіміз халықаралық, ал Жәкендер жұмсақ вагонға орналасқан болатын. Тамак ішкен соң-ақ бәріміз Жәкенің қасына жетіп барамыз, өйткені ән мен өлең де, әзіл мен қалжың да әрқашан қарт ақынның қасында екенін білеміз.

«Әзілің жаражасса атаңмен ойна» дейтін қазақ емеспіз бе, қартты жан-жақтан қаумалап, алуан түрлі сұрақтар қоямыз.

– Қалай, тоқал аласыз ба? Мәскеуден келген соң алып береміз, – деп те әзілдедік. Әзіл сөзден Жәкен сасқан ба, өлеңдетіп коя берді:

Кыз түгіл, енді бізге кемпір кайда?
Текке қарап жүргенниң өзі пайда.
Аршын төс, алма мойын, акша бетті
Алкымдал жатушы едік терең сайда, –

деп салды. Сәл дөрекілеу айтылғандығын лезде құрастырғандығы елетпей жіберді, ер-әйел болып бәріміз күлдік. Біздін пойыз Күйбышевтен өткенде, «Правда» газетінің жаңа саны қолымызыға тиді, онда Жәкеннің эйгілі «Тұған елім» атты өлеңі басылыпты. Қарттың өзі де, біздер де сапарымыздың сәтті боларын сезгендей куандық. Сол өлеңі арқылы Мәскеу халқына Жамбыл бәрімізден бұрын танысып үлгерді. Кейін Мәскеу жүртшылығының: «Жамбыл қайда?», «Жамбылды көрсетші!» – деп іздең қарсы алғандығына сол өлеңнің «Правдада» басылуы себеп болды. Жәкеннің Жәкен екенін біз де осы сапарда білдік.

Ұмытпасам, Мәскеуте он бірінші мамыр күні тұс ауа жеттік. Астаналықтар Қазан вокзалында қарсы алды. Трибуна жасалып, бәрі дайын тұр екен. Біздерді КСРО мәдениет комитетінің бастығы Керженцев құттықтады. Қазакстандықтар атынан Күләш кысқа ғана жауап сөз айтты. Құшак-құшак гүлдердің ішінде калдық. Көбіміздің ондай ілтиштіктердің көрініші рет шығар, әрі таңбыз, әрі шатыз.

Түгелдей «Москва» конак үйіне орналастық. Құрманбек екеуміздің нөміріміз қарама-қарсы. Баяғы Сахаров вахтердің касынан кетпейді, ішімдік ішіп коймасын деп бізді де, басқаны да катты карауылдайды. Мәскеу әлі суық, тамағымызға суық тигізіп алармыз деп каланы аралаудан да каштық, дауыс пен деңсаулықты сактау – бәріміз үшін бірінші міндет.

Репетицияны Үлкен театрдың түбіндегі филиалында жасадық. Зал толы халық болды, мәскеулік әртістер, театр мамандары, зерттеушілер мен сыншылар, казак студенттері біз дайындығымызды бастағаннан біткенге дейін карат отырды, олардың қалай рұксат алатындықтарын да біз бітмейміз.

Бір күні репетицияда дауысымның бұзытындырай бастағанын байқадым. Түзеле ме деп кинаң көрсем, одан бетер қынырайып барады. Ертесі кетеуінің кетіп бара жатканын анық байқадым. «Ойбай, дауысым бұзылды», – деп шынымды айтсам, Темкен дереу жүрегі жарылып кетер ме еді, кайтер еді, кім білсін. Өйтіп айтуға бармадым, катты абыржыдым. Елтеп суық тигізіп алғанымды сезіп түрмүн, бірақ одан да бетер булдіріп алам ба деп, соны өзімше емдеуге батпай жүрексіне бердім. Ал енді дәл осы декада кезінде дауысты құртып, спектакльге шықтай калу мен үшін өлімнен бетер секілі.

– Кой, Қанаш, құрисын, аскынтып аласын, – деді Күләш. – «Жұз грамм» іш, жазылып кетеді.

Озім де сол емді ойлад, бірақ жүзеге асыра атмай жүрген басым батылданынзырап калдым. Ресторанға барғанды, темекі алған болып тұрып официантка он сомды үстата койдым да, бір ширек шиішаны жалтама сунғите салдым. Кім шығартсанын кайдам, аракта бұрыш косып ішіп емделетін әзет болушы езі ол кезде. Конакүйге келген сон мен де

сейттім. Таңертең тұрсын, дауысын әншайін сыңғырлап тұр. Түү, сондағы қуанғанымай! Жоғалтқан атын қайта тауып алған қазақтай болдым.

Онкүндікті он жетінші мамыр күні «Қыз Жібекпен» аштық. Сол Үлкен театрдың филиалында қойдық. «Үкімет басшылары түгел болады» деп, Жүргенов күні бұрын хабарлап қойған, жүрексініп те тұрмызы. Зал толы екен. БК (б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелері, мемлекет және партия қайраткерлері, атақты адамдардың бәрі де келіпті. Залдың көңіл-күйін, атақты кісілердің әрбір оқшаша ілтишатын Исаев пен Жүргенов кезек-кезек жүгіріп келіп ара-арасында біздерге айтып тұрады, қызмет балтарын біржола ұмытқан, ойлайтындары тек біздің қамымызы.

Ташкенде оқып жүргенінде бір кеште жүзден аса ән орындаған болып, соның алпыс бестейін орындағанның өзінде дауысына қатты зақым келген Құрманбектің кейде шаршағанда дауысының шығыңқырамай қалатыны болатын. Сонысынан қорқып «Қыз Жібектің» бірінші, екінші актілерінде оған Бекежанның әндерін айтқызыбайтынбыз, оның орнына қасына еріп жүріп Жүсіпбек Елебеков айтатын. Жүсіпбек Бекежанның қасына шабарман ретінде еріп жүретін де, Құрманбек Бекежан ымдады бітті, соның атынан сөйлей жөнелетін (ән айтатын). Соның мәнін түсіне алмаған бір басшы Исаевтан:

– Анау неге әнді өзі айтпады? – деп артына бұрылып сұрапты. Сонда ана кісінің қасында отырған Сталин Исаевтан бұрын:

– Бұл – шығыс халықтарының дәстүрі, – депті. – Олардың әкімдері өздері айтпайды, ол үшін оның қасында жүрген не шешен, не ақын адам айтады.

Соны бізге айтып келіп:

– Бір киын жағдайдан мені құтқарып жіберді-ау, – деп Исаев қуанған еді. Ал енді төртінші актіде Құрманбектің дауысы жетпейтін жерде жасаған тапқырлығын бұрыннырақ айтып кеткенімді оқырмандар ұмыта қоймас. Шеге рөліндегі Манарабектің де мәскеуліктерді қалай таң еткенін бұрын айтқам.

Мәскеу сахнасында жүріп те актер тапқырлығын біраз қолданып, көрермендерге құлық жасаған кездеріміз болды. Бірақ Жібектің түс көретін кезіндегі би етіп жатқанда, билеп жүрген бір жігіттің шалбарының бауы үзліп кетті де, шалбары дөңгеленіп барып тобығына түсті де қалды. Төлеген – мен де, Бекежан – Құрманбек те сахнада едік. Мен де, Құрманбек те, бишілер де – бәріміз билеп жүрген болып әлгі жігітті қоршай қалдық. Құрманбек кәдімгі Бекежанның жүрісімен барды да, жігітті желкесінен алған күйі сахнадан шығарып тастады. Әлгі ісіміздің барлығы әдейі күлкі үшін жасаған әрекеттей болды да шықты, көрермендердің көнілінде күдік-кірбін қалмады.

Күләш Жібектің кезекті бір ариясын айтып бола бергенде, Сталин Исаевқа бұрылып:

– Біздің кейбір әншілер бар ән айтса, қаққан қазықтай қатады да қалады. Ал қозғалса, әнін айта алмай қалады, мына қызда бәрі бар, әрі жақсы айтады екен, әрі жақсы ойнайды екен, – депті.



Спектакль біткендеңі қол соғудан тұп-тура басымыз айналды. Жұрт бізге қарап қол соғады, біз БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелеріне қарап қол соғамыз. Халық қолды україндықтарға сокты дегеннен кем соққан жоқ, соны көріп жүргеміз орныққандай болды.

Гримдерімізді жуып, құнделікті киімдерімізді киіп сыртқа шықсақ, халық сыртта әлі сықап тұр, біздің жай кездегі күйімізді, түрімізді керуге қызығып әдейі күтіпті.

– Молодцы! Браво! – деген дауыстар тұла бойымызды шымырлатты. Ол сөзді өзіміз де сирек естітінбіз, мәскеуліктерден естігенде қайтіп толқымассын.

Бізді әкетуге автобус дайын тұр екен, гүлдерін лақтырып, ықыластарын айқайлад айтып жатқан жұрттың ортасын жара солай жүрдік. Бас изейміз, қолымызды біресе қысамыз, біресе бұлғаймыз, біз де, әйтеуір, білгенімізше ілтипат етіп жатырмыз.

– Шелковая девушка!

– Вот, Бекежан злой!

– Юноша Тулеңен! – деген дауыстарды естіп, адамдардың бізді танып жатқандарын білдік.

Халықтың көп екенін көріп келеміз, бірақ жеке біреуінің жүзіне жөндел қарай алмаймыз. Дәл сол кезде өз басым олардың арасынан құліп өткенімді де, сейлем өткенімді де білмеймін. Бәлкім, аяғым жерге тимей өткен шығармын. Куаныштың қанаты көтеріп келе жатты ғой.

Автобусқа мінген соң жыртылып-айрылған халықты қақ жара ақырын жылжыдық. Мәскеуліктер шулай шығарып салды.

Ертесі «Жалбырды» қойдық. Жалбыр – Құрманбек, Қадиша – Күләш, мен – Сүтірмін.

Сахнаға мен шыққан кезде, сол кездегі әйгілі партия қайраткерлерінің бірі Исаевтан:

– Мына әртіс кім? – деп сұрапты.

– Кешегі Төлегенді ойнаған жігіт қой.

– Солай ма? Қалай құбылып шыға келген?! – депті басын шайқап. Соナン соң кешегі жауыз Бекежанның, бүтін батыр Жалбырдың бейнесін жасап жүрген Құрманбек пен Жібекті де, Қадиshanы да тамаша ойнаған Күләштің атына да жаңағы текстес жылы лебіз білдіріпти.

«Қыз Жібекті» үш рет, «Жалбырды» үш рет – барлығы алты спектакль қойдық. Ол кезде қосалқы адам жоқ, бір рөлде әр күн сайын да бір әртіс ойнайды. Ауыр тиіп тұрса да, тың адамдай жүрдік, онқундіктің ойдағыдай өтіп жатқанын көріп, соған куаныштымыз сондықтан шаршамаймыз.

Соナン соң концертіміз болды. Алғашкы күні Одактар үйінің Колонналы залында қойдық. Одан кейін өндіріс орындарында, мәдениет пен әдебиет мекемелерінде кездесулер өтті, ондай жерлерде концерттік толық программасы қойылмады. 25-мамыр күні Үлкен театрда қорытынды концертке түсте бір, кешке бір-екі рет repetitioия жасадық, соның өзінде зал лық тола болды. Астаналықтардың казак өнеріне деген құштарлығы бәсендеу орнына үдей түсті.

26-мамырда Үлкен театрда корытынды концерт қойдық. Оған да БК (б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелері түгел дерлік қатысты. Күләш «Гәкку» мен Майраның әнін, биске тағы бір әнді айтты, «Елім-ай» ма екен – анық есімде қалмапты. Қол соққан халықтың қошеметінен Үлкен театрдың іші күніреніп кетті. Адам шіркіннің шыдамдылығында шек жок қой, сондай үлкен қуаныштарға да жүрегіміз жарылмады-ау, соншалық бақытты минуттарды сыр бермей басымыздан өткіздік-ау!

Күләштай халық құрметін көрген қазақтың өнерпаз қызы кемде-кем шығар, нағыз бақытты көрді, сол бақытын басынан ұшырмай өтті, онда арман жок деп ойлаймын. Оның сол онкүндікте салған әндері музыканың әлемдік дәрежедегі білгірлеріне бас шайқатты ғой. Біздің өзіміз де Күләшті басқаша, қайта таныдық емес пе. Үлкен театрдың әйгілі әншісі, КСРО халық әртісі Валерия Владимировна Барсова сол кезде: «Бұл жас әншінің таңғажайып бейнесі маган жан тебірентерлік әсер еткендігін мойындауға тиіспін... Қазақ әншісінің шырқау, женіл әрі түп-тұндық дауысы соншалықты өзіне ғана тән, соншалықты өзгеше, – оны салыстыруға болатын басқа әншіні мен айта алмас едім», – деп жазды.

Содан былай «қазақтың бұлбұлы» деген атты Күләшқа бәріміз сүйсіне айтатын болдық қой. Оның шын бұлбұл екендігіне елдің көзі жетті, бұлбұл екендігіне Күләш та көзімізді жеткізді.

Онкүндікте ұлт аспаптар оркестріміздің де бар екенін алғаш көрсеттік, мәдениетіміздің марқайып келе жатқанын жан-жақты таныттық. Өзі үйимдастырған, өзі дирижерлік жасаған оркестрмен Ахмет Жұбанов та бір жоғымызды бүтіндең, үлкен абырой әперді.

27 мамыр күні танертең он үш адамды Жүргенов өз бөлмесіне шақырды. Барсак, Исаев та сонда екен. Женілдеу ғана тамақ әзірлепті. Осы күнгідей үйме дүние ол кезде жок, ішуге шай мен қымыз, жеуге қазы мен қарта қойыпты. Сол арада бізге үкімет наградасы берілетінін айтты, екеуі колымызды алып жеке-жеке құттықтады.

– Ауылдағы той тағы өзінше бола жатар, аздал қуаныштың құрметіне татайық, балалар, – деді Темкең.

Кімге қандай награда берілгенін сол арада бірінші рет естідік. Тұскі он екіде М. И. Калининге баратын болдық. Жүрек, шіркін, атша тулайды, тұла бойды билеген қуаныш өзінді ақылға билетпейді, сағат он екіні үздігіл құттім.

Сәл ертелетіп Кремльге келдік. Біз келгенде, Украинаның онкүндігіне қатысқандар наградаларын алып қарсы алдымыздан шығып келе жатты, оларға да сол күні беріпти. Сегіз жұз адам қатысқан украин өнерпаздарының он жетісіне, үш жұз адам қатысқан біздің он үшімізге награда тиді.

Сол кездегі ең жоғары награда – Еңбек Қызыл Ту орденін – Калинин ақсақал бірінші Құләштің кеудесіне такты. Әлі нәзік, жиырма төрт қана жастағы кезі ғой. Еңбек Қызыл Ту орденін алуға екінші болып Жамбыл көтерілді, ақын Қасым Тоғызақов қолтығынан демеп шыкты. Орденін алыш түрып Жәкең әйгілі «Орден алғанда» өлеңін айтты, оның аудармасын Алтайский оқып берді. Жәкеннің сол өлеңін кейін жастар «Айғөлек» биінде айттып жүрді.

Тоқсандығы Жамбылға
Толкындатып сөз келді,
Көктеменің көгіндей,
Кәрі өмірім өзгерді, –

деп басталатын еді. Өлеңін айттып біткен соң барып Жәкең бата айтқандай сақалын сипады да, сонан соң барып Калинин ақсақалдың қолын алды. Үшінші кезекте орден Сәкен Сейфуллинге берілді. Еңбек Қызыл Ту ордені Темкене, Құрманбекке, Елубайга – барлығы алты адамға берілді. «Құрмет белгісі» орденін берді, олар – Е. Брусиловский, Ү. Тұрдықұлова, Қ. Куанышбаев, М. Ержанов, Шара және мен.

Онқундік аяқталып келе жатты. Сол 27-мамыр күні кешкісін Кремльдің Үлкен сарайында казак өнерінің онқундігіне арналған үлкен банкет берілетін болды. Оған үш жүз адам түгел катыспадық, ақын-жазушылардан басқамызды біраз іріктелі, сонда ұзын-ыргасы екі жүздін ар жак-бер жағында барған болармыз.

Орденімізді тактық, ең жаксымызды кидік. Жүрек алыш-ұшып жетілерде-ак барып қалдық. Орден тағу салты да әлі қанға сіне қоймаған кез, республикада орден алған мемлекет қайраткерлері мен өнер адамдары да санаулты. Қазақстанның құрылғанына он бес жыл толуына байланысты Мирзоян мен Исаевтың ғана орден алғанын білем. Сол орденділердің аздығынан болар, өзіміз сұлумыз ба, соны ажырата алмаған адамша қайта-қайта кеудемізге қарағыштай береміз. Біз жарқырап, ал басқалар бізден бөлектеу көрінетін секілді.

Әрқайсымыздың колымызда аты-жөніміз, отыратын орнымыз жазылған талон бар, ерте бастан сол орындарға келіп орналаса бастадық. Сахнаға көлденен президиум үстелі іспеттеніп мемлекет басшыларына орын жасалыпты, оған бүйірлендіріп бірнеше қатар ұзыннан-ұзак өзге жүртқа үстел қойылған. Исаев пен Жүргенов бес адамды бөліп алыш қалды: Құләшті, Құрманбек пен Шараны, Елубайды, мені нөмірлі орнымызға отырғызбады.

– Сендер президиум мүшелерінің ортасында бір-бір бос орын калады, соған отырасындар, кай ретпен отыратындарынды кезінде айтамыз, – деді.

Дәл сегізде Сталин бастап үкімет басшылары кіріп келді. Сталин кірген беттегі шеткі орынға отырды, келесі орын бос калды, сол ретпен барлығы да орналасты. Сол кезде біз бесеуміз сахна жакты айналып, олардың ортасына барып отыруға келе жаттық. Бізді көрді де, президиумдағылардың бәрі орындарынан түрып кол соғып

карсы алды, ілтипатпен бізге орын ұсынды. Сталиннің қасына Құләш, бір кісіден соң мен, Димитровтан соң Құрманбек, сонан былай қарай кісі аралатып Шара мен Елубай да орналасты. Георгий Михайлович Димитров кеңес азаматы болып қабылданған, Мәскеуде тұратын.

Бірінші сөзді мұнда да Керженцев алды, президиум үстелінің тұсына трибуна қойылған екен, соған шығып сөйлемді. Онқундіктің табысты өткендігімен бәрімізді құттықтады. Екінші сөзге Исаев шықты. Өте бір ыстық ықыласпен, жақсы сөйлемді. Қазақ өнерінің онқундігін еткізіп отырған үкімет пен партияға рахмет айтты. Сонан соң Сталиннен бастап барлық үкімет адамдарын жеке-жеке атап тұрып, бүкіл қазақ халқы атынан оларды сендіре сөйлемді. Мәселен, К. Е. Ворошиловқа Отан қорғар күн туса, қазақ жігіттері жаудан елін корғай білетіндігін айтып сендірді, сол сияқты өзге басшылардың да басқарып отырған саласына байланысты істерге сендірулер айтты. Үшінші болып Жүргенов трибунаға көтерілді. Оның да сөзі жалынды, алғыс сезіміне толы сөз болды. Қазақ халқының өнері мен әдебиеті Л. И. Мирзоян жолдас басшы болып келген соң қауырт көтеріле бастағанын айтқан кезде, президиумдағылар бастап қол соғып жіберді, зал оны іліп әкетті. Бәріміз де Мирзоянды мақтан тұтқандай риза сезімде қалдық.

Төртінші болып Құләш шықты. Қысқа сөйлемді. Сталиннің денсаулығы үшін тост ұсынды. Құләш соны айта бергенде, Жүргенов оның қолына рөмке ұстата қойды. Құләш президиумға беттегенде, Сталин де, біз де – бәріміз орнымыздан түрегелдік. Құләшпен рөмкесін соғыстырған соң Сталин президиумдағы бәрімізben де жағалата рөмкесін соғыстырып шықты. Сасып қалды ма екен, Елубай бос рөмкесін соғыстыруға ала жүгіргенде: «Бұлай бола ма екен?» – деп ол кісі сәл бөгеліп қалды. Сол сәтте Құрманбек Елекенің рөмкесіне ішімдікті құйып та үлгерді. Айналып қайта орнына келген соң Сталин рөмкесін жоғары көтеріп тұрып елге көрсетті, сонан соң төңкеріп әкеп бөтелкенің аузына кигізіп қойды. Әйтеуір, сол бөтелкені банкет біткенше бір өзі ішіп тауысты. Суретіне қарағанда сұық адам секілденгенмен, кулімдеп, жайдары отырды.

Сөйтіп, бірінші тосты Құләш айтты. Енді трибунаға шығып сөйлеу тоқталды, содан кейінгі тосты әркім өз отырған жерінде түрегеп тұрып айта берді. Демьян Бедный, Немирович-Данченко, Антонина Нежданова тағы басқалар тост айтты. Бір кезде К. Е. Ворошилов орнынан тұрып Үлкен театрдың әншісі Рейзинге:

– Конактардың құрметіне «Эй, ухнемді!» айттып жіберейік! – деген ұсыныс айтты.

Ол сахнаға шығып әуелі «Эй, ухнемді», сонан соң «Қасиетті Байкал» әнін орындаң берді. Оナン кейін Ворошилов орнынан қайта түрегеліп:

– Менің солдаттарым қайда? Келіндер, ән айтамыз! – деді де, өзі бастап сахнага көтерілді.

Әп-сәтте әскери ансамбльдің адамдары сахнаға шығып, аспаптарын алып орналаса қойды. Александров дирижерлік жасады, ансамбльге қосылып Ворошилов жеке дауыста екі ән айтты, дауысы сүйкімді баритон екен. Ансамбль биге көшкен кезде Ворошилов келіп өз орнына отырды да, би біткенде тағы тұрып:



– Ендігі кезек қонактардікі, – деді.

Күләш орынан тұрды. Сонда А. В. Нежданова залдан дауыстап:

– Куляш, милая, спой нам «Гакку!» – деп тілек білдірді.

Жүргенов сахнаға шығып:

– Қазақ КССР-нің еңбек сінірген әртісі Күләш Байсейітова «Гэкку» әнін орындауды, фортепианода сүйемелдейтін Евгений Григорьевич Брусиловский, – деп хабарлады.

Сол-ақ екен, Брусиловскийдің сатырлатып «Майраны» тартып кеп жібергенін қайтерсін, жүрегіміз лық етіп бір шоршып кеткендей болды. Күләш сәл ғана жымиды да, Майраның әнін шырқай жөнелді. Көзім түссе, Темкең қап-қара тутеп кеткен екен. Апрай титтей сәтсіздікке де бар жүрегімен, бүкіл жан-дүниесімен киналатыны-ай азаматтың.

Жұрт ду қол соғып енді басыла бергенде, еш хабарлаусызы-ақ Брусиловский «Гэккуді» тартып жіберді. Әуенін тани қойған Нежданова:

– Е, міне Гэкку! – деп қуанып кетті.

«Гэккудің» қайырмасындағы стаккатоға орынан тұрып Нежданова да ілесе айтып тұрды. Ол кісіге «Гэкку» керемет ұнады. Қай жерде жолықса да, Күләшқа «үйретші» деп өтінумен болды. Қарт әйелдің сол әнге сонша күмартып, үйреніп алмақ болғаны кейде маған ерсілеу көрініп қалып жүрді. «Енді жаңа ән үйренбей-ақ койса қайтеді екен?», – деп кейідім. Бірақ шын өнерпаздың өзі картайғанмен, өнерге деген махаббаты өле-өлгенше қартаймайды екен гой, оған көзімді өмірдің өзі жеткізді. Күләштан кейін Шара шығып, Брусиловскийдің сүйемелдеуімен Тәттімбеттің «Былқылдак» күйіне би биледі. Шара билеп біткен кездे Сталин сағатына қарады, біз де сағатымызға көз тастадық, дәл он екі болған екен. Орынан тұрып Сталин екі қолын үнсіз көтерді де, біздермен қоштасқандай ілтипат жасады, содан кейін бұрылды да, шығар есікке бетtedі. Біз де тұрдық, сонымен тарадық.

Ертеңінде орден алған он үшіміз және Исаев пен Жүргенов, тағы баскалар бар, бәріміз Мирзоянды қарсы алуға Белорусь вокзалына бардық. Пойыз дәл уақытында келді. Езуін жия алмай күліп, халықаралық вагоннан Мирзоян қуанышпен түсті.

– Не дейін сендерге? Жарайсындар, жарайсындар! – деп, қуанғаннан сол бір сөзді қайталай берді. Шеттімізден бас алып құшактаң, бәріміздің бетімізден сүйіп жатты.

– Спектакльдерінді де, концертті де – бәрін естідім радиодан, жарайсындар! – деп ризалығын білдіріп жатыр.

* * *

Бір күні шырт үйқыда жатқанмызыда біреулер «тұр-тұрлап» шеттімізден оята бастады. Тұн ортасы. Көзімізді тырнап ашып зорға ояндық.

– Келдік. Қазақстанның шекарасына келдік, Ақбұлак станциясы! – дейді әлдекім.

Пойыз токтай қалды. Жүгіріп-жүгіріп сыртқа шықсак, вокзал тола жыртылып-айрылған халық. Шет-шеті болмаса, трибуна тұрган жер самаладай жарық. Кернейлеткен галстукті пионерлер.

Сол арада митинг-кездесу Мәскеудің мерекесі Қазақстанға жалғасты. Табысымызбен, наградаларымызбен құттықтап, пионерлерге дейін бәрі тақ-тақ етеді. Аудан басшылары үйимдастырыған ол кездесу ойламаған жерде мереімізді тағы бір асырып тастады. Біз үшін тұған Қазақстанымыздың да керемет қуанып жатқандығын алғаш сол Ақбұлақ станциясына келгенде білдік. Шаршау дегенді қайта ұмыттық.

— Барлық станция, барлық қала осындай дайындықта екен, тез киінуге ыңғайлана жатындар, — деді бәрімізге.

Содан Ақтөбеге келдік. Облыс басшылары, қала халқы қошеметтеп бастарына көтерді. Атап-атап біразымызға сыйлық берді. Сыйға шапан жабуды өз басым тұнғыш сонда көрдім.

Аралда да сол. «Біздің сыйымыз, соған қойымыз!», — деп кісідей-кісідей қызыл балықтарды вагонға әкеп сұнгітіп жатыр. Құндіз де, түнде де, таңға жуық та – барлық жерде халық үйыктамай күтіп алып отырды. Қалаларда, ауылдарда ең орталық деген аланға радио орнатып, жұрт соның түбінде жиналып тұрып бүкіл онкүндікті содан тыңдаңты. Қашан біздің Мәскеудегі спектакліміз бен концертіміз аяқталғанша, яғни түнгі он екіге дейін, күн сайын олар радио түбінен кетпейді екен. Өнерді сүйген біздің елдің осындай мінезі бар-ды.

Алматының адамдары Отардан алдымыздан шықты. Қымыздарын алып, қойларын сойып, сақадай сай әзірленіпті. Пойыз іші кісіге лық толып кетті. Әртісі қайсы, қарсы алушы қайсы, адам біліп болмайды, араласып кеттік.

Бірінші Алматының да, екінші Алматының да вокзалында митинг өткізілді. Алматыға тұс кезінде іліккен адамдар үйге кештетіп әрең жеттік. Үйге келіп те мейрамға кезіктік, бәрі құттықтайда, бәрі қуанады.

Енді Алматыдағы банкеттер басталды. Әрбір оку орны, кәсіпорындар онкүндіктің табысты аяқталу құрметіне банкет берді, кездесулер үйимдастырыды, өнер мерекесі әрі жалғасты.

Күллі Кеңестік Қазақстан санлактанды. Қазақ халқы қырандай сілкініп жайнаң қақты. Лениндік ұлт саясатының бал шырынын татып көрген халық жаңа жігермен социализм құруға кірісті.

Өнер мен әдебиет кайраткерлері «үй» деп демалдық, халық сенімін актадық-ау деп қуандық. Бірер күннен соң Құрманбек, Шара, Құләш төртеумізге Темкен Бурабайға демалуға жолдама берді. Басылмаған қуаныш қызуымен Бурабайға аттандық.

* * *

Бурабайда ете жақсы демалдық. Күтіміміз бен беделіміз казіргі ғарышкерлерден кем болған жоқ. Солтүстік Қазақстан облысының басшылары бар мүмкіндіктерін аямай-ақ жасады. Соның бәрі онкүндікте қазақ өнерін көрсетушілердің өкілі есебінде бізге білдіріп жатқан алғыс сезімдері екендігі айтпай-ақ түсінікті. Ай бойы аунап-кунап, Алматыға қайттық.



Шілде айында музыкалық театр қазіргі «Қазақконцерт» үйінен жаңа салынған Мәдениет үйіне көшті. Ол үй – қазіргі Комсомол кешесіндегі киностудияның көне үйі. (Қазір ол – Жамбыл атындағы филармония – Б. Н.). Ол кез үшін бұл үй нағыз кең сарай. Ал театрға арнап жаңа үй салынуы – үлкен мәдени жаңалық. Басшылар, әртістер, халқымыз болып – бәріміз қуандық.

Жаңа Мәдениет үйіне кіруімізге байланысты Жұргенов пен Тоғжанов үлкен жиналыс еткізді. Мұндай жақсы үйді қалай күтіп-ұстап, қалай тазалық сақтау керектігі, саhnаның техникалық тілін білу мәселелері кеңінен әнгімеленді. Алда тұрған мақсаттар да айтылды. Қара сөз араласпайтын таза опера жасау – ендігі ең бірінші көкейтесті мақсат делінді. Басқалай тәжірибе болмағандықтан, алғашқы таза операны да халық музыкасы негізінде жасау қажеттігі сөз болды. «Қызы Жібекті», «Жалбырды», «Айман-Шолпанды» нағыз опера етіп қайта жазу керектігі қозғалды. Бәрін де істейміз, жасаймыз деген батыл ниеттеміз. Қолдан келмейді-ау деген қобалжу жок, жаппай қуаныштымыз, өйткені онқундіктің буы әлі басыла қойған жоқ-ты.

Кейін білсек, жаңа операның либреттосын жазуды Жұргенов сол кезде-ак музыка мектебінің директоры Қамал Сағыровқа тапсырып қойған екен. Ол «Ер Тарғынды» жазып бітіп те қалыпты.

Дүйсен Әубәкіров

ҚОРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР, БЕЛГІЛІ ҰСТАЗ ЕДІ

1933 жылдары осы күнгі Алматыдағы № 12 мектепте оку ісінің менгерушісі болып қызмет істел жүр едім. Сол жылы Қазақстан Халық ағарту комиссариатына инспектор болып ауыстым. Комиссариат бұрынғы Үкімет үйінің астынғы қабатында 5–6 бөлмеге ғана орналасыпты. Орын тапшылығынан қызметкерлер тығыз отыратын-ды. Ал халық ағарту комиссары С. Менделешевтің шағын кабинетінде ғана ұзындығы бір жарым метрлік көне кілем, столында қызыл шүға жабулы түрушы еді. Июль айының орта шенінде мектеп секторы бастығының орынбасары А. Ниязбековті С. Менделешевте болатын мәжіліске шақырды. Ол бірер сағат мөлшерінде қайта оралды да:

- Дүйсен, жаңалық көп, – деді.
- Иә, айта ғой, – деп, құлак түрдім оның әнгімесіне.

– Сейдакан картайдым, демалуға тұра келді, – деп, Өлкелік комитет пен Халық комиссарлар советіне етініш беріпті, арызын қабылдапты. Ол сол Орталық атқару комитетінде қызметте калатын болыпты. Ал ертең жаңа комиссар келетін көрінеді. Ертеңіне, әдеттегідей қызметке келіп, орнымызға отырдық. Бәріміз де кезекті істерімізді аткаруға кірістік. «Жаңа комиссар келді» деген қызметкерлер арасында дауыстар естілді. Сол сәтте сұр түсті жаңа «ГАЗ» № 72-22 жөніл машина терезеден етіңкіреп барып, тоқтай

калды. Бірақ олар көп аялдамады. Қайтадан өлкелік комитетке кетіп қалды. Бір апта өтті ме, өтпеді ме, аяқ астынан басқа үйге көшетін болдық деген хабар келді. Сол күні комиссардың орынбасары Ш. Жантілеуов пен бөлім бастықтары жана үйді көруге кетті.

Ертеңіне кешіп те қондық. Бұл – Ленин көшесіндегі № 49 (казіргі № 53) үй. Осы жаңа үйге көшкен күннің ертеңіне біздін сектордағы 7 адамды түгелдей комиссар шакырды. Ол шашын ұстарамен қырдырган, тік жаға, ақ көйлек, белінде жіңішке былғары белдік, женіл ботинка киген жинақы кісі екен. Жантілеуовке қарап:

– Шайхы, жігіттермен таныстыры! – деді.

– Бұл отырғандар бастауыш және орта мектептер секторының қызметкерлері, – деді де, әрқайсымызды таныстырып шыкты ол. Содан кейін комиссар біздің жаңа қонысымызға құтты болсын айтты да:

– Орындарың жайлы ма, әлі де түзейміз, асықпандар, – деді де, кетуімізге рұқсат етті. Ертеңіне құрылым секторының бастығы Гончаров Николай Семенович Ленинградка жүретін болды. Ол жаңадан жабдықтар әкелмекші.

Екі алтадан кейін Гончаровтан комиссардың атына телеграмма келді. Онда: «Сіздің Халық Комиссарлар Советінің шаруашылық басқармасы арқылы жасаған заказыңыз түгел орындалыпты, акша да уақытында түсіпті. 120 стол, 120 орындық, 18 шкаф, 5 кілем, 300 метр жол-кілемше алдым, 18 ноябрьден калмай Алматыда боламын... » – депті.

Көп кешікпей комиссариаттың үйі жабдықталды. Содан кейін комиссар мәжіліс залында, бүкіл аппарат қызметкерлерін катыстырып, мәжіліс өткізді.

– Қазақстанда мәдени революцияның базасын жасау керек, жағдай туғызатын уақыт жетті. Енді іске кіріспекпіз, – деді.

Ол орыс тілін жетік біледі екен. Сөзі қысқа, ойы тұжырымды әрі мәнді.

Шашыранды мектептерді ірілендіріп, белгілі елді мекендерден мектептер ашуды үйімдастыру, мұғалім кадрлардың сапасын тексеру, кадр даярлау, арнаулы аттестация жүргізу, тұракты оку құралдарын жасау, балалар үйлерінің жағдайын жақсарту және еңбекшілер арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарын жолға кою үшін комиссариат оперативтік секретариат тобын құрды. Ол тікелей мәдени революция мәселелерімен шұғылданатын болды.

Орыс тілінде жүргізілетін істерге «КазПИ-ден» доцент Б. П. Страхов шақырылды. Қазақ тілінде жүргізілетін істерге аппараттың бұрынғы қызметкері Исарай Нұрманбетов және мен белгілендім. 1937 жылға дейін мен Т. Жүргенов жолдаспен бірге еңбек істеп келдім. Ол басқарған оперативтік толтың жұмысы қыза түсті.

Комиссариатта жұмыс толассыз жүріп жатты. Ертеңі 9-бен түнгі сағат 12-ге дейін жұмыс істейтін кездері жиі ұшырасатын, көбіне Темекеннің өзі қызметкерлермен бірге болатын.

Тәртіпегекатты болды. Қызметкерлерге еселеңталаптар койылып, бақылау күшайді. Облыстарға командировка жиіледі. Барғандары жергілікті жерден Комиссариатқа іс жағдайын хабарлап тұратын. Ол командировкадан келген кісілердің хабарын зейін



қоя тыңдайтын. Көпшілігін қолма-қол шешетін. Қызмет бабына байланысты 20–30 адамдық мәжіліс жи етегін. Бірақ ол қысқа, нақты сөздерді ұнататын. 1934, 1935, 1936 және 1937 жылдардың ішінде Қазақстанда бастауыш мектептерден бастап жоғары оку орындары ұлғайтылып, мұғалімдердің беделі артты. Оку сапасы мен тәрбие жұмысы күшейді. Тұракты оку құралдары молайтылды.

Сапалы мектеп үйлері салына бастады. Мәдени-ағарту орындары көбейді, театрлардың репертуарлары молайды. Өнер училищелері мен музика мектептері ашылды. Сейтіп, Темекен бұл істерді асқан шабыт, қажымас жігермен жүргізді.

Бір жолы Темекеннің маған мынадай ақыл айтқаны есімде:

— Дүйсен, сен институт бітірген жас жігітсің, сенің түпкілікті орның емес бұл. Бірақ біз жауапты кезенде мәдениет революциясын жүзеге асырудамыз. Сен соған атсалысып жүрсің. Қай қызметте болсаң да, халықтың тұрмысын, ой-пікірін, талабын, тілегін жете білмесен, ақылды, іскер азамат бола алмайсың. Міне, күніне менің атыма мұғалімдерден, ата-аналардан, өнер адамдарынан, т. б.-дан хаттар түсіп жатады. Байыпты оқы, ұғын, оларға лайыкты жауап қайтар, адал енбек босқа кетпек емес, – деді.

Ұмытпасам, 1935 жылдың күзгі айларының бірі. Мектептерді қысқа әзірлеп болып қалғанбыз.

— Ал, Дүйсен, дайындал, бұрсігүні аппараттан 5 адам Шымкентке жүреміз. Аудандық халық ағарту бөлімдері менгерушілерінің мәжілісін еткіземіз, мектептердің өмірімен танысамыз, – деді.

Сол кездегі Шымкент қазақ орта мектебінің үйіне барлық аудандардың аткару комитеттерінің председательдері, халық ағарту бөлімдерінің менгерушілері жиналды. Мәжілісте мектеп сеттерін реттеу мәселесі сөз болды. Оларға комиссар құнды кеңестер берді. Көпшілік оның сөзіне риза болып тарапты. Мәжіліс соңында Арыс, Сайрам аудандарының халық ағарту бөлімдерінің менгерушілерін шакырып алып, былай деді:

— Мына бала менің көмекшім, сіздермен бірге оқу-ағарту орындарын аралайды. Бәрін көзben көреді. Мектеп басшылары, ата-аналармен сейлеседі. Мектеп салудын күжаттарын, орнының лайыкты екенін байқайды. Көмектесініздер, – деп тапсырды.

Конак үйде бірге болғанымызда айтқаны:

— Дүйсен, сені бір айға әлгі аудандарға әдейі қалдырып отырмын. Жағдайды үзбей хабарлап тұр. Өмірді көзben көру – үлкен мектеп, – деді.

Мен ол кісінің тапсырмасын мұлтікіз орындал отырдым. Шындығында да онын талапкерлігі, өмірді білуге құштарлығы, іскерлігі менің өмір бойы есімде калды.

Мен 1933–1937 жылдарда Қазақ ССР Оку комиссариатының Наркомпростың тікелей көмекшісі міндетін аткарып, қызмет істедім.

«Шаһнаманы» қазақ тіліне аудару мәселесі 34–35-жылдары сөз болып жүрді. Аудармашыны іздестіруге облыстарға ғылыми адамдар да жіберіліп жатты. Ақыры, Тұрмагамбет Ізтілеуов лайыкты деп табылып, ол кісі Оку комиссариатына шакырылды. 1936 жылдың басында Казакстан Оку комиссары Т. Ізтілеуов, бірсыныра оқымысты-

ғалымдар, жазушылар құрамымен бас қосып, ол кісіні қабылдап, кездесіп, «Шаһнаманы» аударуға, дәл осы білімді ақын Тұрмамбет Ізтілеуов бекітілгенін естідік. 3–4 күн өткен соң, нарком маған тапсырма берді.

– Шаһнаманы аударатын Тұрмамбет Ізтілеуов деген атаң – осы кісі, – деп жаңында отырған орта бойлы, ашаң жүзді, үстіне көне шапан, бүрген бөрік киген, маған жылы жүзбен қараған карт адамды нұскады. Үй-тұрмысы жайында Т. Садықовқа, аудару жұмыстары жөнінде К. Жұбановқа тапсырылды. Ертеңен бастап, бұл кісі жұмысына кіріседі. Жұмысты өз үйінде отырып істейді. Аудару қаулыда көрсетілген кезеңдерде сапалы бітуін өлкелік партия комитеті маған тапсырды.

– Дүйсен, бұл кісінің жай-күйін үйіне барып, я келгендегі әнгімелесіп біліп, керекті тілектерін жоғарыдағы адамдармен кезінде шешіп отыр. Маған айтып жур. Ал, Түреке, сіздің бастығыңыз, – мына біздің Дүйсен, – деп күлді.

Біз приемныйға шығып көп сөйлектік. Менен отын-су, еңбек ақы мөлшері, кімнен алатыны жайлы, сондай-ак қағаз, қарындаш, сияларға дейін сұрады. Мен жауап бердім, қанағаттандырылғандай болды. Ризалығын сездірді. Қасына еріп барып, астыңғы үйдегі, комиссариаттың шаруашылық бөлімінің бастығы Тәңірберген Садықовқа Наркомның (Т. Жүргеновтің) тапсырмаларын айтып, шығып кеттім.

Сонда Тұрмамбет қариямызбен бір туғандай болып, комиссариат қызметкерлері арасында, жылы шыраймен жүздесіп, ақын адамды сыйласп, сәлем беріп, беделді көретінбіз. Солай болуга тиіс еді. Өте кішіпейіл, қызба сөздерден аулак, қарапайым адам еді.

Алғашында қазіргі Фурманов көшесіндегі № 14 үйде, сосын сәулесі мол, ауасы кең жердегі, қаланың бас жағындағы балалар үйінде 1937 жылға дейін тұрды. Тапсырманы 40 мың жолдан асырып, сапалы орындал бергенін анық білем. Содан соң өзінің туған жері Қармакшы ауданына қайтып оралды.

Темірбектің адамға деген қамқорлығы сондай күшті еді. Ол кішіпейіл, еңбеккор адамдарды көрсе, сондай қуаттанып, ал жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүрушілерден ат-тонын ала қашатын. Ол күн сайын аппараттағы 102 қызметкердің жай-күйлерін сұрап-біліп отыратын.

Тағы бір күні мені шақырып алыш, М. Қаратаев, Б. Кенжебаев, Б. Шалабаев және марқұм Т. Жароковтардың аттарын жаздырды да, маған мынаны ескертті:

– Олар Ленинградта аспирантурада оқиды, болашак әдебиетшілер, ғалымдар, ақындар. Стипендиясы аз көрінеді. Комиссариат атынан оларға ай сайын 250 сомнан жіберіп түруды бакылауға ал, бүйрықты заңдастыруды ұмытпа, – деді.

Қарапайым адамдарға, мұғалімдерге, артистерге, тіпті жас окушы балаларға жаңы ашып отыратын ақылды, ардагер азамат болатын ол.

– Уактан ірі туды, жұмыстың үлкен-кішісі жоқ. Қолға алған жұмыстарыңызды кешіктірмей уақытында орындаңдар. Сонда ғана халықтың адамы, ұлдары мен қыздары атанасындар деген ақылын талай рет есіттім.

Ол осындағы көрнекті қайраткер, белгілі ұстаз еді.

«ШАҢНАМА» ДАСТАНЫ ЖАЙЫНДА

Фирдаусидің «Шаңнама» дастанынан бала кезімнен-ақ хабарым бар. Бір кезде мұны Ораз молда, Шәді төрелер аударып, Ташкент баспасынан кітап етіп шығарған да болатын. Бірақ олардың көп сөздері түсініксіз еді. Өйткені бұл ақындар тек қазаққа ғана емес, Орта Азия халықтарына тән етіп, сол кездегі «Әдеби ортақ тіл» деп саналатын шағатайшаға бейімдеп аударған. Оған біздің қарапайым қазақтың түсіне қоюы қызын болатын.

1934 жылы жер жүзінің халықтары Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толғанын атап өтті. Міне, осы кезде «Шаңнаманы» қазақ тіліне аудару мәселесі көтерілді. Сол кездегі Қазақ ССР Оқу халық комиссары Т. Жұргенов жолдас тәжіктің классик жазушысы Садриддин Айнимен кез келіп, бір пікірлескенінде, бұған Тұрмағамбет ақынды қатыстыру туралы ұсыныс етеді. Осыдан кейін Тұрмағамбет Қазкрайком арқылы (ол кезде Мирзоян секретарь еді) Қызылордадан Алматыға шакырылып алынды. Т. Жұргенов жолдас Тұрмағамбеттен:

– «Шаңнаманы» білесіз бе? Аудара алар ме едіңіз? – деп сұрағанында сол басқосуда мен де бар едім. Оған Тұрмағамбет былайша жауап қайырды:

– «Шаңнаманың түрікшесі мен шағатайшасын да, парсышасы мен арабшасын да оқыдым. Көптеген жерін жатқа да білемін. Оны аудармай несі бар, – деді де табанда мына өлеңді шығарып, шұбыртып ала жөнелді:

– Тәуекел! Орын тап та тапсырып көр,
Алармын әр қалайда иілдіріп.
Қалайша қиял, шіркін, қашар екен?
Отырсам жоғарыға киімді іліп.
Баяғы балалықтың базарында
Өлеңді отырушы едім үйілдіріп.
Ойламай оның жолын қартайған соң,
Тастап ем зейінімді түйілдіріп.
Қалайда бәйге алып бере алмайды,
Жүйрікті жаратпасаң күйін біліп.
«Ишарат – ақылы барға» деген нақыл,
Ал қойдым осы арага тиылдырып», – деді.

Содан кейін оған аударуға бір жыл мерзім берді. Сол кезде Тұрмағамбеттің жасы 55-те еді. Бірақ ол бір жыл емес, тоғыз айда аударып, бітіріп берді. Міне, баспаға казіргі дайындалған қырық мың жол аударма сол Түрекен істеп кеткен еңбек. Кезінде мұның үзінділерін қазіргі «Жұлдыз» журналының ізі болып саналатын «Әдебиет майданы» журналына (онда мен соның редакторы едім) бастық.

Аударма біткен соң, жеті кісіден комиссия құрылып, қабылдап алынды, баспаға ұсынылды.

Енді осы жұмысты арнаулы редакциялауға істегендеріме келейін. Ең алдымен қолжазбаны бастан-аяқ оқып шықтым. Сонан соң редакциялауга отырдым. Бұған мен бір жылдай уақытымды сарп еттім. Әсіресе, мифтік жағына, шығарманың басталатын бөліміне баса назар аудардым да, ол жерлерді үш рет қарап, мол редакцияладым. Ал қалғандарына жеңіл редакция жүргіздім. Ақындық шабыттан туған әдемі жырлар жазылған беттерге қалам да тигізбедім.

Аудармашы автордың көзінің жоқ екенін және келешекте зерттеушілер үшін қажетті болғандықтан негізінен Тұрмагамбеттің стилін, оның тіл байлығының корын сақтауды мақсат еттім. Түсініксіз болар деген араб, парсы сөздерін азайтып, қазакқа ұғымды етіп беруге тырыстым.

Тұрмагамбетті «молда» дейді. Ол дұрыс емес. Қазақта дін мектебінде оқып, бітіргендерді «молда» деп атайды. Ал Тұрмагамбет болса, жоғары діни мектепті оқып бітіргеніне қарамастан, дін жолын ұстамаған кісі. Сол үшін Бұқара қаласының муфтилері оны жазаға да тартқан. Молдаларды балағаттап, боктап отыратынын талай рет кулагымызбен есіттік. Тұрмагамбеттің бұл сырыйн қазіргі жазушыларымыздың бірқатары жақсы біледі.

Тұрмагамбеттің өзінше стилі бар, күшті ақын. Тіпті, ойламаған жерден үйқас тауып кетеді. Қазақ тіліне жетік, тілге шөшен және Шығыстың тарихын, әдебиетін, ғұрпын жақсы білген, зерттеген ғалым. Міне, осының бәрі «Шаһнама» сияқты ғаламат енбекті қазақ тіліне келтіруге бірден-бір себін тигізді. Осындай жан-жақты талант пен білім бойында болмаса, Түрекенің «Шаһнаманы» аударып шығуы мүмкін де емес еді.

Мұхтар Әуезов

«ШАҢНАМАҒА» АЛҒЫСӨЗ

Батыр Рұstemнің аты – қазақ халқының ортасына көп заманнан жайылған ауызша аныз әнгімелер, ертегілерден мәлім болған аса даңқты ат. Оның жайын жалғыз қазақ халқы емес, қазақпен туыстас, тілдері жақын өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ елдерінің бәрі де көбінше қарасөзбен айтылатын аныз, әнгіме ретінде баяндайтын.

Сол бар тілдегі Рұstem жайындағы әнгімелердің түп негізінің бірі атақты Шығыс классигі Әбілқасым Фирдауси жазып шығарған «Шаһнама» болады. Бірақ Рұstemнің жайы жалғыз Фирдаусиден басталмайды. Ол тұрасындағы көне аныз, әнгімелер Фирдаусиден бұрын да көп жайылған болатын.

Осы баспада окушыға ұсынылып отырған «Рұstem-Дастан» жыры Фирдаусидің «Шаһнамасынан» жасалған аударма емес. Ол арғы-бергі (соның қатарында Фирдаусидің



де еңбегінен ауысқан) ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше тарағ кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры. Өлеңмен жыр етуші Тұрмамбет ақын бұл жөнінде XIX ғасырда қазақ ортасында көп жайылған Шығыс аңыздарының өлеңге айналатын дәстүрін қолданған.

Қазактың кейбір ақындары «Мың бір тұн» ертегілерінен алғып жыр-дастан жазатын. Мына тұста да Тұрмамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен Рұstemнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдаусидің «Шаһнамасынан» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмамбеттің өзі өлең етіп жазған Рұstem жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз.

Шолпан Біткенбаева

ЖҰМЫСКЕР НАРКОМ ЖҮРГЕНОВ

Карт буын ардагерлер әңгіме құрып, сонау отызыншы жылдардағы мәдениет-лағарту ошақтарының жай-күйі сөз бола қалса, Темірбек Жүргенов аталмай қалмайды және де бұл адамның ылғы да биік сапасы айтылады. Қарт педагог, қазіргі пенсионер Ике Кайрақбаев назар аудараптық бір сөз қозгады:

– Астанада алғашқы орта мектеп құрылышы жүріп жатқан. Онда құрылышты подрядчиктер бітіріп береді деп қол кусырып қарап отырмаймыз, мектеп директоры да, жетекші педагогтар да мектеп құрылышына белсene араласып, бір жағынан өзіміз іске қосылып жүреміз. Ол жылдары техника жағы бұл кездегідей емес, көбіне қол күші жұмысалады. Кірпіш қалаушылар, балташылар, арматурщиктер, бетоншылар жұмыс істейді. Оларға ара-тұра мұғалімдер де, жоғары класс шәкірттері де болысып кетеді. Осылайша қызу еңбектің қайнап жатқан үстіне бір күні ат-арбамен халық комиссары Жүргенов жетіп келді. Аяғында етік, галифе шалбар, басында сұр кепка, үстінде ак кейлек, аяғын тез-тез басады, жұмысшылармен күлімсірәй амандасады. Құрылыштың жай-күйімен танысты да, Жүргенов құрылыш бастығымен, прорабпен әңгімелесті, чертежді сұраттырып алды да, онымен асықпай, қарындашпен әр жеріне нокат қоя отырып танысты.

– Коридорларың өте тар, – деді чертежден басын көтеріп, мандайына түсе берген шашын кейін қайыра тастап, – қатарынан неше адам журе алады?

– Үш-төрт адамға дейін.

– Үлкендер үшін, эрине, ондай аумақ жетеді. Ал мектеп коридоры дегеніміз алдымен балаларға арналған гой. Кластан жапырлай шыққан олар коридорда катар-катар жүгіреді, топтаса қалады, бір-бірін кимелейтін де әдеттері болады. Коридор бір жағы олардың ойын алаңы. Чертежге өзгеріс жасандар, коридор неғұрлым кең болсын, жолдастар! – деді ол. Қазірде де сол кезден сақталған екі қабатты, занғарлы мектептер көп.

Солардың аса аумакты коридорларын көргенімде, Жүргеновтің сол бір айтқан нұсқауы ойыма орала кетеді.

Бұл – карт педагогтің наркомға берген бағасы, көрсеткен күрметі. Революшонер жазушы Сәкен Сейфуллин 1936 жылдың күзінде кешкілікте өткен бір жиналыста әдебиет жайында сөйлей келіп, сез арасында кейбір наркомдарды да сынай кеткен.

Ол сол сөзінде Қасаболатов, Нахимжанов деген жолдастардың аттарын атал, ескертпелер айтты. Ал Темірбек Жүргеновті үлгі ете сөйлемеді. – дейді карт коммунист М. Құспанов.

– Күн сайын ертемен Карл Маркс көшесін бойлап, тау жакка көтерілемін. Бой сергітіп, қайта оралғанымда, жолдағы мектеп күрылсызы бұркырап, басталып та кетеді. Дан-дүн айқай-шу, жол тауып өтіп кетуің киын. Таң аттай тұрып алып, күрылсызы басында Темірбек жүреді. Жұмысты ұйымдастырып, жұртты жұмылдырады. Оның касында қазір екі адам болса, тұс әлетінде ету адам болады. Біздін Жүргенов – жұмысқер нарком!

Ол 1920 жылдан КПСС мүшесі, ер кезеңде партиянын Қазакстан атқелік комитетінің бюро мүшесі, Қазак ССР Орталық атқару комитетінің мүшесі болған. Ол – сол кездеңі ұзап оқыған азғана азаматтарымыздың бірі. Оның тұтан жері – қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданы, «Жана талап» ауылы, бірінші ынталымі – белгілі акын Тұрмағамбет Ізтілеуов. 1913–1917 жылдарда ол Ақмешіттегі (Қызылорда) орыс-қазак училищесін, одан кейін Уфадағы жер-су училищесінде оқып, кейін Ташкенттегі Орта Азия университетінің экономика факультетін ойдағытай зияттаган.

Егер қызметтерін айтсак, аса маңызды салаларға жетекші болғанын байхаймыз.

Ырғызыдағы уездік ревком председателі, Қазакстанның Ташкенттегі толық дережелі екілі (1921–1926 жылдар). Қазак пединститутының алғашкы ректоры, Орта Азия университетінің ғылыми қызметкері (1927–1929), өзбек тәжік республикаларының оку-ағарту халық комиссары (1929–1933), т. б.

Отызынши жылдарда Қазакстанның әдебиеті мен өнеріне де оку-ағарту комиссариаты басшылық еттегі. Сол жылдар ішінде артистерді, музиканттарды, композиторларды іріктеп, тоңтастыруды да, «Ер Тартын», «Жалбыр», «Қыз Жібею», «Айман-Шолпан», «Шұға» сияқты ірі шығармалардың саңнаға шығуында да, опера және балет театрының, филармония, хореография, музықа оку орындарының шаңырақ көтеріп, өнер карлығаштарын шыгаруында за бұл адамның енбеті аз болған жок.

Партия мен халыктың адаптерзенті Жүргенов бастыштық еткен кезең өнеріміздің аса бір жемісті жылдары болды, соның ішінде театр өнері бейшешек ата гүлденді. 1936 жылдың майында казак өнері мен әдебиеттің Москвада онхундікі ойдағылай өтті. Сол сапарда Темірбек Жүргенов Енбек Қызыл Тұ орденімен наградталды.

Бірде драма театрында М. Ақынжановтың «Исатай-Махамбет» пьесасының талқылауы болғанын карт буын жазушылар еске ғүсіреді. Пьесага сын көп болды, әсіресе көркемдік жағы баса сез болды. Талқылауда корытынды сез сөйлеген Жүргенов:

– Коркемдік жағын кейін тарай-сыпай жағармыз. Эзірге идеясы жоғары, бүтін таңда білгіле шайдалы шысса болғандыктан, мұны сақнана шығару керек, – дегенді айтсаң.

Ол майтапшыл журналисттердің де бірі болатын. Торғайда алғаш шықсан (1918–1919 жылдар) «Қазак мұны» газетін шығарушылардың бірі де, «Советская степь» газетіндегі (1927 жыл, 22 наурыз) «Қазак университетінің бүтін мен ертеңі турашы макаланын, «Еңбекші қызық» газетіндегі (1926 жыл, 1-октябрь) жала мен деревня арасындағы шығарманы бірте-бірте жою мәселелері жөніндегі макаланың авторы да – Темірбек Жүргенов.

Бұл адамның раслубликаның белгілі ғалымдары Санжар Асфендияров, Ілляс Кабылов, Күлайберген Жұбанов жолдастармен бірге жаңа алфавитке кешуудың маңызы турашы мәқалалары, сөздері бір төбе.

С. Сейфуллаев айтыладай, бұл жұмыскер нариком езде де қалалар мен ауыл-сеполарда салынған жаңа мектептермен жағар. Алматыда мәдени 18 мектеп үйінін жақсы, үлгілі салынтуынша пікелей басшылық етеді.

Бұл істерінің бәрі де – Темірбек Жүргеновпің аты мен еңбегін ұмыттырмайтын есекерікшілер.

Шара Жиенқұлова

ӨМІРІМ МЕНІН – ӨНЕРІМ

1933 жылы септемврий сөзініңде Казакстан К(б)П Өлкетік комитетінің «Ұлттық енергия дамыту шаралары жөніндегі» арнауды қауытсы шығып, онда халықтың өмірінде жаңа енергияларды – музыкалы театрг ашу, балет студиясын жәндейту шараларды қамылған және осы саладаны ұлттық кәріларды тәрбиелеу жұмысы жайыны және жақтың айтылған болынғын. Растында, республикалық өмірдің жаңа, советтік заманнан сай түрлерін дамыту үшін белгілі, арнайы мамандандын кіслер аса кәжет еді де, соның тапсынындағы едәуір партия тақырын болатынбыз. Жалын драма театрымен күн сайнана жағалында күншынан, жаңа енергия дәмін атын, көрлен сайнан су-сипаттаған халықтың ескелегі талабы мен талғамын қанагаттаныша алмақты?

Мінне, Қазақстан Коммунистік партиясы мен үкіметтің осы бір ишшікті істе өнер кайрашкерлерін біттіл ғоздаудың көшірімін, олардың творчествотың есүніне зор қамақорлық жасады және өнердің дашу жолдарын алғын ала көріп, халыққа жол сілгелі оғырдады.

Жонарғыданы қауытша көрестінен шаралардың бірі – раслубикада музыкалы ұлт театрыны күру мәселе. Онынан орай музыкалы студия ашу кәжеттің де тутам. Соңдай студия драма театрынан жаңынан күрүлді. көп көшікпей осы студия жеңізде

Қазақтың музыкалы театры шаңырақ көтерді. Ол 1934 жылы 13-январьда алғашқы шымылдығын ашып, М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясын көрсөтті. Айман релінде Құләш, Арыстан – Қанабек, Көтібар рөлінде – Құрманбек, Шолпан болып жас актриса Әйніш Ержанова ойнады. Спектакльдің жүрттывы қызықтырғаны сондайлық, қатарынан бірнеше рет және күн құргатпай қоюға тұра келді.

* * *

Осының алдында Құрманбек екеуміздің басымызға күн туып, жас шаңырақтың уықтарын солқылдатқандай ауыр жағдай өткен-ді. Дүшпансыз кісі болмайды. Біреулер көре алмай жағаңнан алады, асып кетсөн, ор қазады, тасып кетсөн, тор құрады дегендей әртүрлі жағдай болмай тұра ма? Оның үстіне, өнер адамының төңірегінде де айтылар сөз көп. Бір семьядан екі адам бірдей жүргенде, арага от жағып: «Ол сенен асты, сен кем қалдың» деген тәрізді көреалмаушылықтан туған «жанашырлық» та кездеспей қалған емес.

Жасырып қайтейін, бәлкім, өмір жолы солай болды ма, осындай жыбыр-жыбыр сөздер бізге де тәнді, жиналысқа да салындық, арамызға сызат та түсті. Кеше ғана жыртылып-айрылысқан жолдастар теріс қарап, «театрда қалу, қалмау» мәселеіміз қаралғанда, қалдырмау жағына қол көтергендер де табылды. Көз жасыма ғана ерік беремін, басқа не істейін?

Ал Қүрекен болса, қара мойыл көздерінің шарасы кеніп, ұшқын ата қарап, сұрлана түскен. Бір кезде тұрды да:

– Рахмет, ағайын! Біраз іредіндер, сыйбадындар, ал сендердің көңілдеріңе бола семьямнан ажырап, сүттей үйіп отырган отбасын іріте алмаймын. Ақ адап жарымның қаяусыз көңіліне қайғы сала алмаймын! Ел іші кен, табылар бір сая, – деді де мені қолымнан жетелей шығып кетті.

Бұл кезде көршилес Қыргыз республикасынан Қүрекене арнайы шақырту қағазы келіп жатқан-ды. Онда: «театр құрып берсін, бар жағдай жасалынады» делінген.

Қүрекен шындалап ойланды, әлдене есіне түсіп кетсе: «Бауырларға бармағанда, кайда барамыз?» – деп те қоятын.

Екеуміз де театрға бармай қойдық. Ондағылардың да шекесі қызып жатпаса керек, ейткені кей спектакльдер жүрмей тоқтап қалыпты. Ол кезде басты рөлдердің көбінде Құрманбек ойнайтын: «Еңлік-Кебекте» Есен, «Қарагөзде» Сырым, «Майданда» Орынбай, «Үйленуде» Анучкин. Біраз спектакльдің режиссер-қоюшысы да Қүрекенің өзі-тұғын. Менің де рөлдік «корым» жағымдысы, жағымсызы бар дегендей, әжептәуір. Құләшпен көбіне кезектесіп ойнаймын.

Қырғызстанға баруға ақыр келісті. «Өзіңіз құратын театрды өзіңіз басқарыңыз» деп қырғыз ағайындар үлкен өтініш білдіріп жатса, мына жақтан арадай талап, «байдың сұлуына үйленіп, селкілдеп жүр» деген іштарлық сұлтаумен басына қамшы сілтеп жатса, бір жағынан ол қалайда шығуға тиісті еді.



Жолға жиналдық. Тақтай чемоданымыз бар, көйлек-көншегімізді салдық, екі қызыл көрпе, екеуара құс жастық, жалғыз одеялға түйдік. Ағаш қасық, бір-екі құрсаулы шыны-шэйнек (көріп тұрсыз, «байдың» қызының жасауын) секілді ыдыс-аякты, туыстумалардың жолға деп берген азығын қоржынға тығып, жиынып-түйініп арбаға артып жатқанда... қара машина көлденендей есік алдына тоқтай қалды. Ішінен сықай киінген сұлуша жас жігіт түсті. Керіле басып қасымызға келді. Сыпайы сәлемдесті.

– Ал, Құреке, жол болсын! – деді. – Сіздерге әдейілеп келе жатыр едім, қане, жүре қойыныздар!

– Ешқайда бармаймын! Қошкелі жатқанымызды көріп тұрған боларсың, шырақ? – Құрекен арқасын сырт берді.

– Қошкені қалай, айналайын, Құреке-ау?! Нарком Жүргеновтің өзі шақырып жатыр емес пе?

– Е, бізде жұрттың не шаруасы бола қалыпты?

– Өте маңызды шаруа, Құреке, әйеліңізben жүре қалыныздар. Қане, мына машинаға мінейік...

«Маңызды шаруамен» дегенге Құрмаш елең етті, бірақ әлі де ашуы тарқамаганы байқалып, өңі құрланаң шаңытып тұр еді.

Жігіт маған жәутендей карады.

– Құрмаш, – дедім, – әуелі не шаруа екенін біліп алсақ... Бәлкім, сенің рөлдерінді ойнайтын кісінің реті болмай, қайта шақырып... өйткені, олар қалып барады ғой.

«Сенің рөлдерің қалып барады ғой... » дегенім оған құдды «балаларың қалып барады» дегендей әсер етті білем, жүзінен айрықша киналыс, кимастық табы білінді: бетінің бір жағы жыбыр етті.

Ыстық ұясын, өз колективін кім қысын. «Құрмаш, сіз... сәл сабыр» дей бергенім де сол еді:

– Жә, Шәкітай, біз бір жел айдаган қаңбақпыз, түсір жүкті!

Ертегі ашуы тұске жетпейтін жайсан сабаз Құрекем-ай!

Жүргеновтің көмекшісі жеңіл машинасына отырғызып алып кетті. Автомобиль дегенге ғұмырымда отырғаным осы!

Республика Халық агарту комиссары – нарком Темірбек Жүргеновті көру де үлкен куаныш, сыртынан атын естігеніміз болмаса, жүзбе-жүз көрісудің сәті енді түспек. Асыққаным сонша, не киіп, не қойғанымды білмеймін. Жаңа Құрманбек:

– Жақсы көйлегінді, топлийнді ки, жөп-жентік болып барайық, аты бүкіл Одакқа мәлім адам, қалай болса солай бара салғанымыз жарамас, – деген-ді.

Сейткенмен, пәнер шабаданның кілтін қапелімде жоғалттым, бар бір киерім сонда-тұғын, жолға шықкан кейлегіммен, шашымды арқаға бос тастап жүре бердім.

Кең кабинеттің алдыңғы бөлмесіне кірсек, ол кісі әлі алдына ешкімді шақыра қоймапты, ал шақырғандары жиналыш қалыпты. Жұмат Шанин, Габит Мұсірепов, Манарабек Ержанов, Құләш, Қанабек Байсейітовтар отыр екен. Бәрі бізден бұрын келген және жинақы келген. Асып-сасып, ебіл-дебіл келген біз секілдіміз. Сасқалактай

ұялақтаған мен, ал Құрманбек, киімінің жұпнынылығына қарамастан, сырбаздығына сызат түсірмей, қасын жоғары көтере бәрімен жайбақат жайдары амандасты. Қараторы өні нұрланып, бетінің оймышынан сүйкімділік нұры тамғандай.

Күләштің қасына отыра беріп ем, ол:

– Эй, Шара, шашыңды неге пасондап түймегенсің? Мені қарашы, кеше кешкілік орыс құрбыма жасатып ем, қалай әсем бе? – дегені.

– Э, жақсы екен, жарасады, – дедім.

– Эй, өзімнің де зықым шықты, прическам бұзылмасын деп түнімен қақайып отырым...

Мен мырс етіп құліп жібердім.

Құрманбек те көңілденіп қасымызды келіп:

– Ал, екі қыз, әңгімелерің баяғы той, бірақ мына фасоның, Күләш, саған жарасып тұрған жоқ, – деді.

Күләш қызараптап қалды.

– Жә, оған қапа болма, екі қолаң шашты иықтан арқаға түсіріп койса, одан артық әсемдік болар деп есте ойламаспын! – деп құлімсірей маган қарады Құрмаш.

Көңілім құсша шалқыды! Өз жарыңа ұнағаннан артық қандай бақыт бар әйел затына!

Өстіп отырып және байқағаным – Құрманбектен басқа әртістер бұрын галстук байламайтын. Кімнен сұрап алғанын – Қанабек қисайтып жуан қара галстук байлап алыпты.

– Шара, әтірін бар ма? – деді Күләш, – тастап кетіппін.

– Түү, екі жынды қыз-ай, қайдағы әтір-пәтірді әңгімелеп басты қатырдыңдар-ау! – деп Құрманбек ашуулана бастады да, қасымыздан тұрып арлы-берлі журе бастады.

– Эй, болды, тымпиындар енді! – деп Қанабек те зекіп тастады.

Біз Күләш екеуміз бір-бірімізге қарап тымпиып қалдық. «Кіріңіздер» деп бір шамада бізді өртіп әкелген жігіт қара былғары қапталған жалпақ есікті аша берді.

Бәріміз орнымыздан тұра-тұра есікке ұмтылғанмен, «сен баста, сен баста» десіп сыйырласа тығылып тұрмыз. Құрманбек:

– Эйелдер бастайды, – деп Күләш екеумізді алдымен ендірді. Жол берген еркектерге риза болғандай тайрандап кіріп бардық, бірақ өзімізге қадалған шоқтай өткір жанарды көргенде, тайсақтап қай бұрышқа тығыларымызды білмедік.

Орнынан салмақты көтеріліп:

– Келініздер, төрлетініздер, – деп орын көрсетті.

Мығым денелі, кою қара шашты, маңдайы кен, отыздарды оргалап қалған бұл кісі Темірбек Жүргенов еді. Ер адамдардың қолын алды, оларды алға өткізді. Біз, екі келіншек, кіре беріс бұрыштағы жалғыз орындыққа екі жактан қонақтай беріп ек:

– Ау, құрметті қыздар, сіздер азаматтардан да жоғары отыруға лайықты жандарсындар, кәне, анау креслога қарай жылжыңыздар, – деп қолқалағандай тап төрге өрлетті.

Әрқайсысынан жеке-жеке хал-ахуал сұрап болған соң:

— Ал, балалар, бұл шұғыл шақырыстың себебі мынадай, — деп нақты мәселеден бастап кетті.

— Кеше Қазақстан К(б)П Өлкелік комитетінің қаулысын баршаныз оқып құлақтанған шығарсыздар. Сол қаулыда республикамызда музикалы театр ашу керектігі жайында айтылған. Музыка театрын құрамыз, тікелей қатысы бар деген мына сіздерді соған бола шақыртып отырмыз. Жаңа театрымыздың ерекшелігі сонда — оған музыкаға бейім, ән салып, би билейтін әрі сахнада ойнап образ жасайтын сайыпқыран сегіз кырлы, бір сырлы деген өнерлілер жарайды. Болашақ опера-балет театрының түпка-зығы болатын болғандықтан, арнайы музикалық балериналық білімі бар мамандарды тәрбиелеуміз керек. Сол негізде студия ашамыз, өздерініз бас боп қатынасып құрделі, қыын музыка сауатының алғашқы әліпбін игересіздер. Ешқандай әбессіну, керенау-су болмайды! Осы отырған бесеуініз, — деп мені, Құләшті, Құрманбекті, Қанабекті көзімен сүзіп өтті:

— Музыка театрына аудысасыздар, соның алтын дінгегі боласыздар! Қалғандар драма театрында ойнай береді. Құләш, Қанабек, Манарбек әнші болады. Құрекен әрі әнші, әрі режиссер болып басқарады, ал Шара қарындас, сіз балерина-биші боласыз. Былайынша да бишісіз, бірақ классикалық балет өнерінің негізін игермей болмайды. Қазактың профессионал биінің бастау – көзі сіз боласыз, ендеше, әлемдік классика биінің барша тармағын болмаса да, шама жетер деңгейге дейін үйреніп, окуның керек болады. Сол үшін де Москвадағы Үлкен театрдың әрі бишісі, әрі балетмейстері Александров дегенді шақыртып отырмын. Ол осында балет студиясын басқарады, шәкірттер баулиды және сізге би қояды. Сол маманнан классика биінің бүге-шігесін үйреніп, біраз нәрсені менгересіз. Қарсы емессіз ғой осыған?

Касы калың қабағын сілкіп, маған сұрау тастай қарады. Мен не дейін, Құрекене қарадым, ол иығын киқаң еткізді.

— Өзбекстандағы атакты биши Тамара-ханымды естіп пе едініз? Сондай биши біздін Қазақстанға да керек. Сізге сол кісінің де алдынан өту керек түбінде. «Өнер мұраты – үйрену, өнерді үйрен де жирен» деп Абай текке айтқан жок. Реті келгенде, сізді Ташкенге командировать етерміз... Ал сіздердің маған сұраптарының бар ма? – ол отырғандарға жағалай қарады.

Ешкім ештене дей қоймады, «бәрі түсінікті» дегендей мінгірледі. Нарком ағайдын айрықша ықыластана назар аударғанына таудай болып көтеріліп калдым. «Маған да үлкен міндет жүктелді-ау!» дегенде, жүргім атқактап аузыма тығылды.

Күрбым Құләшқа жалт қарадым, сөйтсем, оның «пасондаған» прическасы арық түйсінің еркешіндегі бір жакка кисайып құлақ кепті. Күлкім келгені сондай, сасканымнан ерінімді тістеп, іштей селк-селк етем. Құрманбек бүйірімнен қағып қалды, «сонша не болды саған?» дегендей.

— Өнер сатысы өрлей берсе – биік, ерінбеген ен төменінен бастап біртіндең жоғарылай береді. Сіздерден де соны талап етер ем. Келгендерінізге рахмет, енді боссыздар!

Жүргенов орнынан тұра берді, бәрі көтерілді.

– Қүреке, сіз қалыңыз, – деді.

Сыртқа сыйтылып шықтық-ау. «Не болды, не қойды» деп бір сағатқа жуық әңгімені қайта ой жіберіп қарасақ, түкке түсінбегендейміз. «Опера», «балет», «оркестр» деген түйдек-түйдек сөздер кептеліп өндіршегімізден өтпей тұрды. Не де болса, Қүрекенді күтейік дегендей ошарылып тұрдық.

Бір шай қайнатымдай мерзімнен соң ол шықты. Қабағы түюлі. Үн-тұн жок, алдымызыға түсіп алып жүріп берді. Қаздың балапаныңдаш шұбырып сонынан ілестік.

Күләш:

– Құрмаш, опера деген не? Әнді гармоньмен айтамыз ба әлде скрипкамен айтамыз ба? – деп сұрады.

Құрманбектің тұнерген түріне қарап жауап қатпай ма деп қауіп ойлап ем, жок, ірі тұлғасын бұра бізге қарсы тұра қалды:

– Опера деген ешбір қара сөз жоқ – басынан аяғына дейін әнмен айтылатын спектакль. Жұз шақты музыкант ойнаушылар қосылып әндерін, арияларын жетелеп әншіге сүйемел жасайды. Оны «оркестр» дейді.

– Ойбай-ау, сонша шуылдақтан басың айналмай ма?! – Күләш аңырып тұрып қалды. Біз ілгерілей бердік. «Мана Қүрекенді алып қалып нарком ағай не деді екен?» Көкейімді тескен осы ой. Бірақ жолда сұрауға болмайды, ол ашуланып қалады. Басқа сұрақ қояйын дедім де:

– Құрмаш, балерина деген де оркестрмен билей ме? – дедім.

– Иә, оркестрмен. Тырдай жалаңаш, бақайынның ұшымен көбелек құсан ұшып жүріп билейсің.

– Қойыңызшы, өлсем де балерина болмаймын! – деп шыр-пыр қақтым.

– Нарком жолдаспен де осы жөнінде аз-кем тілге келіп қалдым. – Сірә, кететін шығармыз қырғызға! Театрына бастық болмай-ақ қойдым.

– Ағатай, бір жолғы ашуынды маған берші, сабыр ет, Құрмаш! – Қанабек қасымызға еріп келе жатқан-ды, Ғабит пен Манаrbек бөлініп кеткен. Күләш өзімен-өзі кейінірек келе жатыр.

* * *

Канша басылайын десем де өткендеңі оқиға басыма тепшіп шыға береді, қайтіп басылайын, Қанабек? Шырылдан араға түскен жалғыз сен ғана, өзгелері арадай талады емес пе? Аңқылдан үлкенине аға, кішісіне пана болып жүргеннен өзге бөтен не жазып ем?!

Екі бөлмелі ескі тамның бір жапсарында біздер, екінші жағында Күләштар тұратының баста айтқанмын. Үйімізге таянғанда, әркім өз «жартысына» қарай манды. Қүрекен ашуының басылмағанын сезіп үнсіз-түнсіз үй шаруасына кірістім: примусты тұтатып, үстіне тамақ астым. Бір қайнап жас еттің иісі жайыла бастағасын ба, үйдін іші көнілденіп салғандай. Бесіктегі бала қыңқылдан оянды. Қамыр илеп жатқан менің



қолым тие қоймасын байқаған әкесі оны бесіктен шешіп, алдына алып әндептіп қайта үйіктатты. Сосын костюмін желең жамылып сыртқа шығып кетті.

Сабасына әлі түсे алмай, өзі айтқандай, «басыла алмай» жүргені байқалады. Қамырды тегешпен бастырып «демін алсын» деп сызыраға орап қойып, соңынан тыңқа шықтым. Сүт-сәуле құйылған қараша айының мамыражай түнінде адам бойы ез көленкесіндей зорайып, «көленке басы ұзарып» көрінеді екен. Қолын қеудесіне айқастыра аспанға қарап тік тұрып қалған Құрмаш құдды ағаш аяқ байлап алған кісідегі ұп-ұзын болып сидиып тұр.

Еттеп қасына бардым, екі қолымды иығына салып, басымды қақлақтай жауырынына сүйеп сәл түрдым. Бірдене деп көңілін аулауым керек, неден бастарымды білмей тосылып түрдым да:

– Есінізде ме, Құрмаш, екеуміз алғаш жолыкқанда, сіз маған елден безбе, қандай жағдай туса да жүрт ішінде бол, маған сен, қолымнан келгенше басыңа бакыт қондырам дегеніңіз? Енді ғой өзініз елден кетеміз дейсіз. Бір-екі алакөз дүшпанға бола жылы ұмызызды тастай қашқанымыз қалай болар? Оларға, бәлкім, осы керек шығар? Сіздің театрда пір болып жүргенізді көре алмайтын, менің сізге жар болып жүргенімді ішіне сыйғыза алмайтын піғылды тарларға жем болмаймыз ба қайта? Осыны ойланынызшы? Оның үстінен, жаңа театр құрылады, соған сіз жетекшілік етесіз деп үкімет жауапты істі тапсырып тұр, – дедім.

Қүрекен жаратылысы таза, аккөніл, аңғал адам, ашуы сынған ағаштай сарт еткенмен, бір айналымға жетпейтін, кек сақтамайтын. Қанша абыржып, қамырығып кайғы бүркеніп жүргенмен, ешкімнің бетін жыртып, тілдеп айғайласқан жок.

Ол мені бауырына басып, маңдайымнан иіскеп сүйді де:

– Бар үйге, тамағынды әзірле! – деді.

Жерге көрпе тәсеп, дастарқан жайып, қазақша тұрамыз.

Құмғанды алып шығып қолына су құйдым. Үйге кіргесін алдына ет салынған үйеме табақ асты койдым. Зәті, үйде арак сақтамаушы ем, бірақ жымынып алдына бір жартыны койдым. Қүрекен балаша қуанып, қарқылдан күліп қоя берді.

– Мына құдай қосқан қоңыларымызды шакыр, жатып қалмаса, – деді.

Расымен, Қанабектердің үйінен тықыр естілмейді, үйықтап қалмаса де. Сол кезде есік айқара ашылды да, домаланып Қанасы, жымын каккан Құләшімен құлмендей кіріп келді. Құдды ит арқасы қияннан сарғая тосқан қонақтары үзілтіп жеткендей:

– Ал, ал төрлетіндер! – деп Құрмаш қауқылдан ұшып кете жаздады.

* * *

Музыка театрының бола коюына әркім әртүрлі қөзқараста – біреу сеніп, біреу сенбей, «тазға тарап жараспас, соған басты ауыртып кайтеміз» дегендегі тоғыз тарам ойларда болды. Үйымдастыру жұмысын шұғыл әрі катан колға алған Жүргенов осы бір керегар пікірлердің етек алып кетпеуін көздел, мәселені бірден репертуардан

бастасы. Онердің әдебиеттің көш бастаушылары – Мұхтар Әуезов, Рабит Мұсірелов, тағы басқаларымен коян-көлтық ақылласа, шікілесе жүріп, болашак репертуардың нағайзін реттел алды. Алтымен, тұнғыш музыкалы спектакль – «Айман-Шолпан» жазып блірүш Мұхамед міндеттей. Әуезов оны шытыл арада комедия күш жаты, музыкасын казактың халық еңбекерінің негізінде И. В. Конық құрастырып. Жұмат Шанин дереу коюта кірісті. екі-үш айтын ішінде постановканы саңнага шығарды.

«Айман-Шолпан» әзірленіп жатқанда, Жүргенов «Шуга» музыкалы драмасын жолға алалы, ол саңнага шыға берісімен «Кыз Жібектің» либреттосын жазуды Рабит Мұсіреловжек табыстырайты. Казакстанға жаңалан келген жас композитор Е. Брусиловскийге болашак тұнғыш операның музыкасын жазуды жүктеді. Сейтіл, айналасы бір жылдан ішінде музыка театрының саңнасына үш спектакль койылуды қамтамасыз ете алды. Айтса наңғысыз, мұндай жай театр тарихында некең-саяқ көздесер. Темекен ағаның күш-каждыры, үйымластырушылық кабілеті орасан еді. Бірі аяқтаптамай жатып, алдағы екінші, үшінші туындытарға алдын-ала заявка беріп кою депен тек Жүргенов сиякты аса кабілетті адамдардың ғана көлінан келетін іс. Элде уақыт осыны тарап етті ме, кім білсін.

Мәселен, «Кыз Жібек» операсына каркынды әзірлік жүріп жатқанда, ол кісі «Жалбыр» операсының либреттосы мен музыкасын жазуды тиісті адамдарға табыстырайты, одан «Ер Тарғын» операсына кіріседі. Осындалық қауырт енбектің арқасында казак опера өнері қаз тұрыл, аз ғана жылдын ішінде Москва, Ленинград жүртшысының тан калдырылды.

* * *

Казак биінің суреті, нақышы, мән-мазмұны қандай болмак? Неден бастаймын? Элде өзімізге туыстас, би өнері дамыған өзбек, ұйғыр халықтарының биінен еншілеуіміз керек пе? Жок, бұл халықтардың музыкалық ырғак, сазы казак музыкасының әуенідік, ыртактық сазына үйлеспейді, ендеше би теркіні де бөлек болуы керек.

...Нарком Жүргенов маган таяу уақытта казак биін билеп саңнага шығасын, Казакстанның он бес жылдық торкалы тойына әзірлігін сол болмак деді. Бұрын-сонды өзіміше би деп билеп жүргендерім өз көnlіме конудан калды. Жаңа, сұлу, мазмұнды би керек!

Өстіл ойым онға, миым мынға белініп жүргенде, сәті түсіп, Жүргеновтің айтқан Александровы келе қалмасы бар ма? Ұзын бойлы сидам, бүйра бакенбарды бар, атжакты, акқуба, сылайы адам барлық мән-жайды асықпай зерттеді. Ол белгілі балетмейстер, Улken театр саңнасында көлтеген балеттік спектакльдер койған, кезінде атакты биші Анна Павловамен билеген орыс балет өнерінің айтулы жүлдyzдарының бірі. Білімділігі, жалпы ілімге, білуге құштарлығы, ықтияттылығы оның неге болса да зор ықылас, ынта қоя білетіндігінен ангарылады.

...Қазақ биіне қандайлық үлкен үлес қосқанын әңгіме барысында айта жатармыз. Иә, сейтіп, бізді Жүргенов шақырып алды:

– Құрметті Александр Артемьевич, сізге қазақ өнері атынан зор миссия жүктейміз: канаты қатлаған жас би өнеріміздің алғашқы қарлығаштарының бірі – алдыңызда отырған Шара ханым! Таңданбаңыз, ғажап сұлу бола тұра, керемет биши де. Шара қарындас, қызарманыз! Шындықты айтқаның айбы жоқ. Тек арнары білімі жоқ, самоучка дейміз бе, өз бетінше үйреніп билеп жүрген жайы бар, ендеше, бұл кісіні профессионал бишілікке баулуымыз керек. Оны сізге тапсырамыз, Александр Артемьевич! – деп нарком-аға ұлттымызда би дегеннің кенжелеп қалу себептерін, жалпы қазақ өнері жайында біраз әңгіме толғады.

Професор Александр, әсілінде, қазақ операларына би қоюға шақыртылғанды, бірақ Жүргеновтің арнары табыстауымен маған хореографияның жүйе-жүйесін, техникасын үйретіп, би білімімді ұштауды қолға алды. Және екі-үш жаңа би қойып беруді де міндеттіне алды.

Алғашқы әңгіме жалпы кенес беруден басталды:

– Қандай іс болсын, тәртіпті жақсы көреді: тәртіп және тәртіп! Салақсыған істің аяғы – олак. Одан еш нәрсе күтүге болмайды. Мен өте қatal адаммын! Ертебастан ескертіп қоямын. Қойған талаптарыма шыдай алмай шағынып жүрсөніз – ескертемін: менің қолымнан енді ешкім ала алмайды. Өйткені сіз боп, мен боп қазактың балғын балет өнерін көтеруіміз керек! Ол үшін айрықша төзімділік, шыдамдылық керек. Соңан соң барынша ықтияттылық керек! – деді ол.

Балет сабагының катаң кестесін тағайыннады: ертенгілік сегізден он бірге дейін, – уш сағат. Түстен кейін – үш сағат. Құніне алты сағат тынымсыз шыр көбелек айналып, үршықша зырылдау, көлденен қерілген ағаш-станоктан ұстап аяқ-қолды созып түрлі кимылдар жасау денесі қақайып қалған жиырма екідегі (балет заны бойынша тоғыз-он жастан тәрбиелейді) әп-әйдік әйелге оңай тиді деп ойлайсыз ба? Әлсірел көтерем тоқтыдай құр тери қалды. Бақырайған көз, ырғайдай мойын – Қүрекен танымастай күйге түстім. «Неге биши болдым?» деп жылаған күндерім де болды.

...Мені ғана кинаса жақсы ғой. Александр барша артистерді (драма әрі музыка театрларының) балет студиясында бір уақ сабақ алып, кимыл, пластика тәсілдеріне жаттығып, сақнада кимыл-козғалысқа, биге емін-еркін болуы үшін би өнеріне тартты. Баста Жүргеновтің де тапсырмасы осылай-тұғын. Бұған біреу көнді, біреу көнбеді. Александр қатуланып, асауларын тұра Жүргеновтің алдында жүгіндірді.

Карал тұрсаныз, бұдан қызық қөрініс жоқ! Шайларын асықтай ішіп, театрға асықпай байпан басып келетін сабаздарың көздерін тырнап ашып, балет класына жүгіргендерін көресін! Одан соңғы азаптанып, бірі тарпаңдал, бірі маймандал, музыка бір жакта, өздері бір жакта – бидің әүресінде жүргендерін көріп әрі күлесін, әрі аяйсын. Бірде Мұхтар Әуезов те келіп, биден сабак алды. Мұхан билей бастаса, біз аузымыз анқайып сол жаққа караймыз, акыры ұяды білем, бірер сабактан соң келмей койды.

Артист қауымында келмей қоюға шама жок. Іштерінен Александровты сыйбайды, айтқанына бас шүлғиды, әйтеуір ит азаппен таңертенгілік бір сағаттың би сабагын өткізеді, одан театрға, репетицияға тартады.

Ойлап қарасам, аңы тер төкпей ешнэрсе қолға түспейді екен.

Апыр-ау, соның игілігін соныра талай актерлерің көрді емес пе? Қалибек Куанышбаевтың Баптиста («Асаяға – тұсау») рөлінде есте қалғандай образ жасап байпаң қағуы немесе Дуанбасы («Ревизор») кейпінде бірде керден, бірде от басқан тайлақтай тайран қағуы; Серке Қожамқұловтың жорға Земляникасы мен бұлталақ какқан Яичницасы; Қамал Қармысовтың айлалы тұлқідей әккі Ягосы мен «Сарандағы» Гарпогоны; Шәкен Аймановтың атақты Петруччиосы мен ұрт мінез Отеллосы – тағы тағыларының орыс және батыс европалық классикалық пьесаларда қай-қай өнерлі актермен терезесі тен түсер озық образ жасай алуы пластика мектебінен өткендіктен болса, бір жағы өз бойларына біткен зор талант қуатынан болар деп ойлаймын. Және қателеспеген де болармын деймін.

Өз басыма келсем, былайғы балериналар тоғыз-он жастан оқып аттай тоғыз жылда игеретін классикалық балет мектебін айналасы бес жылда бітірдім. Сөйтіп киын да күрделі өнер техникасын әжептәуір игеріп, профессионал балерина деген атаққа ие болдым. Бұл мен үшін үлкен жетістік. Қазақ хореографиясында арнаулы білімі бар маман жоктың қасы еді, соның төл басы болғанымды мақтаныш тұтам.

* * *

Шарочка, біз елге шығуымыз керек, қазақ этнографиясын, тұрмысын көрмей, би тұғызу мүмкін емес, – деді Александр Артемьевич.

Сонымен елге шықтық. Мақсатымыз – халқымыздың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, тіршілік-тынысын көре, біле жүріп болашақ би сұлбасын, нұскасын ойластыру. Алғашқы бағдар алған жағымыз – Қаракәстек, әуелі жақын маңайды зерттейік, содан соңғысын көре жатармыз.

Біздің бұл этнографиялық сапарымыз сәтті болып, келесі сапарды Талдықорған, Семей жақтарды аралауга арнадық. О жақтардан да бәйге, атжарыс, көкпар ойындарын бакыладық, жолай ер-тұрман, жүтен, құйысқан, зерен, күміс қасық, ожау секілді заттарды жия жүрдік. Оларды әкелген соң Александр Артемьевич үядай бөлмесіне жиып қойып, өзінше үй музейін жасады.

Бірден дайындыққа кірісіп те кеттік.

– Кәне, кошқар мүйіз жаса дейді, жасаймын. «Сынар мүйіз қандай, көрсет. Бүркіт қанатын қалай қомдайды? Ұршық иір... киіз бас», – деген бұйрықтарды заматта орындаимын. «Ал, осылардың басын қос» дейді де күй тартады, мен билеймін...

Міне, достар, көріп тұрсыздар, қазақ биін біз осылай бастадық.

Менің бұрынғы билерімде үйғыр, өзбек, татар бишилерінен көрген элементтер көп еді, ал сүйегі нағыз қазақы бидің өмірге келеріне А. Александров сынды орыстың зиялы



азаматы осылайша атсалысты. Ол қайсыбір ұлт өнерінің қайнары халықтың өзінен бастау алатынын, соның дер кезінде көзін аша білу қажеттігін білімпаздықпен көре де, іс жүзінде дәлелдей де білді.

Алғашқы биімізді «Тәттімбет» деп атадық, өйткені атақты қүйшінің «Былқылдақ» дейтін қүйі негізінде би мазмұны, ритмі, суреті туып еді. Кейіннен бұл би «Қызы Жібек» операсына енді.

* * *

Онкундікке әзірлік аяқ астынан басталды. Өйткені оның болатынын да ойламаған жерден естідік: тағы да Темкен (Жүргенов) біраз өнер мен әдебиет қайраткерлерін шакырып алды да:

– Бір қуанышты хабар келіп тұр: Москвада қазақ өнерінің онкүндігі болады, енді соған қызу әзірленуіміз керек, ал не апарып, не қоямыз, оны мықтап ойласармыз, – деді.

Онкүндік дегениң не екенін сол жерде жобалап түсінгендейміз. Яғни, бұл қол жеткен ұлттық өнерімізді астанада паш ету, бұрын өз халқымызға ғана көрсетіп жүрген жайымыз болса, енді Советтер Одағының барша халқына көрсетіп, сайыска түсу. Сол сайыстан топ жарып, ту ұстап шықсақ – мұратқа жеткеніміз. Жақсы хабарға жүрек жарыла қуансақ, осыны ойлағанда қорқып, қобалжып та кетеміз.

Қойшы, «тәуекел түбі – жел қайық, кешесің де өтесің» демекші, тәуекел еттік те, әзірлікке кірістік. Уақыт тым тығыз, небәрі үш ай, «туған ай – туралған нан» деп отыруши еді апам, әр күн, әр сағат санаулы. Жүргенов жолдастың өзі жұмыс уақыттымызды тағайыннады:

– Театрга ертеңгі тоғызда келеміз, түнде тараймыз, тамақты осында ішеміз, басқа елең-селен, сән қуып, серілік ететін заман қалады, өйткені бұл – ел намысы мен абыройы үшін болатын жұмыс.

Программа да ете ауқымды: үш жұз кісі қатынасатын фольклорлық концерт жасауымыз керек. Онда қазақ халқының әдет-ғұрып, тұрмыстық өмірі түтел театрланған бейнеде көрініс табады. Яғни, қыз ұзату, айтыс, ат жарыс, қыран бүркіт салу секілді ұлттық ойын-сауық, тамашаларымен қатар, ән, би, қүй және жыршылық, суырыпсалма тапқырлық өнерлері қамтылуы керек.

Жас композитор Ахмет Жұбанов жаңа құрған домбырашылар ансамблінің негізінде қазақтың ұлт-аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Александров балет студиясы шәкірттерінің катысуымен П. И. Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» балетінен үзінді қоя бастады. Онкүндікке ұзақ кеңестен кейін екі спектакль – «Қызы Жібек» пен «Жалбыр» апарылатын болып шешілген. Алдыңғысы – музыкасы жағынан да, әдеби негізі жағынан да көркемдік биік өредегі, махаббат жайлы әлемдік туындылардың қай-қайсысымен де иықтаса алатын, халқымыздың інжу-маржан асыл казынасы – әні, қүй, жыры өзек болған шын мәніндегі классикалық дүние болса, соңғысы он алтыншы жылғы бұқара халықтың бай-феодалдар мен патша өкіметінің шірік саясатына карсы

ереуілді күресі бейнеленген, мұнда да қазақтың фольклорлық бай қазынасы қамтылған, тарихи-революциялық тақырыптағы құнды шығарма.

Бәрі – декорация, костюм, киім-кешек, тағы басқалары жаңалануы керек. Екі спектакльдің де қоюшылары Жұмат Шанин мен Құрманбек Жандарбеков. Ал жалпы басшылықты Темкең өзі қолға алып, темір тәртіп пен тиянақтылықтың тізгінін мықтап ұстады. Ол кісінің пікірінше, бар көрініс өзінің табиғи түрінде алынуы керек. Қазақтың бай әдет-ғұрпы мен киімін, салтанатын – москвалықтар бұрын көрген жоқ, олай болса, сахнада шын мәнінде қазақ үйі тұруы керек. Сол секілді аңшы бүркіт ұстап шықса, ол да шын тірі бүркіт болады. Осы есеппен, мәселен, Жібек кәдімгі алтындаған құйме ішінде отырып, Төлегеніне «мен сендік, арғы жағын өзің қамда» деп жүрек сирін айтады. Спектакльдің екінші актісінде Базарбай ханың сарайында жігіттер алтын табаққа қәдуілгі үйітілген қойдың басын алып шығады. Міне, осындаи бутафорлық жалғандық болмау жағын қарастырған еді. Қазақ үйі көрінісі де барынша ұлтық табиғи көркімен көрінуге тиіс болды: бау, басқұр, дәдегелеріне шейін кестеленіп, тұрлі ою-өрнектермен безендіріліп, ішкі жасауы кілем, алаша, гүлді текеметтермен жабдықталды.

Біздің алдымыздаған сегіз жүз кісілік өнерімен астананы дүрліктіріп өткен Украина әдебиеті мен өнерінің онқұндігінің ізі әлі суи қоймаған кез еді. Біздерді үл да сескендіреді. Асып түспесек те, барымызben жарқырай көрініп, өскелен елдің жетілген үздік өнерін паш ете білсек деген мұдде сол кезде әрқайсысымызды толғандырып жай таптырмады.

Қазір сол өткен кезді ойласам, үлкен демей, кіші демей, басшы демей, жай сахна қызыметкери демей – бәрінің бір жұдырықтай жұмылып, онқұндік қамымен күндіз күлкі, түнде үйқыны ұмытып жаңыбып жүргендерін еске алсам, жүрегім езіліп кетеді. Өз халқының абыройы мен атағынан жаңын саялайтын бір адамды мен ол кезде көрмедім, қайта қарақан басының қамы мен жағдайын мұлде естен шығарып жүректерін ала жүгіріп жүргендерін көрдім.

Құрекен екеуміздің ол кезде екі нәрестеміз бар-тын: тәрт жасар Болат, емшектегі Марат. Жүгіріп жүрген Болаттың жағдайы жақсы, ол әкесімен бірге бұрынғы Ішкі істер министрлігінің клубында қона жатып жүреді десе болғандай. Нарком Жүргенов онқұндікке дайындық кезінде сол үйді алған еді, кейіннен ұзақ уақыт Қазақ драма театрының үйі болды. Қазір үйғыр және корей музыкалы драма театрларының үйі.

Онқұндікке әзірлікті шұғыл бастадық та, құні-тұні дамыл таппадық. Мезгілінде үйге келіп ауқаттанып кетуге де мұрша жоқ. Әркімнің үйінен кісі қатынап, әзір тамақ әкеп тұрады, әйтпесе, театрда арнайы буфет үйымдастырған – жұрт керегін алады.

Құрекен екеуміздің сонымыздан құндақтаулы баланы бір қолына, екінші қолына – шәйнек ұстап апам келеді. Баланы үш-тәрт мезгіл емізу керек. Ал шәй ішпесем, менің қабагым ашылмайды.

Апамның бір мезгіл әкелген шайын аңдушылар көп, әсіресе, Қанабек:

– О, менің айналайын алтын әпкем! – деп есіктен ақ жауалығы ағарандаған апамды бас салады. Апам да ол бауырына ерекше елжірейді, әйткені екеуі бір жақтан және де

руластық жакындықтары бар. Маган деп экелген шайды Қанабек жолдан қағып әкеткенде, ызаланамын, шыж-был бола қаламын.

Темірбек Жүргенов қатты ашуланса, қою шашы тік тұратын.

– Сендерге бұл жер шайхана емес! – деп зірк еткенде, шай жайына қалатын.

Кім біліпті, жарығымның көрер күні ұзақ болмаған ба, Маратжаным өкпесі қабынып қатты ауырып, содан көзін аша алмады...

– Қүреке-ау, енді қайттік... – деп егіле берем. Оның қинаалысы менен де зор. Сәл колдары босаса, жора-жолдастар бізді төніректейді, басу айтады:

– Саган, Құрмаш, тап қазір қатты құйзелуге эсте болмайды. Даусыңа қатер ғой, оның үстіне, мынадай үлкен әзірлік кезінде сенде жауапкершілік мол: әрі режиссерің, әрі атқаратын рөлдерің бар. Сенің Бекежаның мен Жалбырыңсыз онкүндікке ойдағыдай көрінуіміз қыын-ау... Ендеше, мықты бол, қанша қабырғамыз қайысса-дағы, жұбатудан артық ешиәрсе айта алмаспыш... – деседі.

Қанша қиналсақ та, құйзелсек те, үлкен жауапкершілік тұрғасын біртіндең әзірлікке кірісе бердік.

Дайындық зор қарқынмен жүріп жатты. Ұйқы қысканда, залдағы креслоларға қисая кетіп мызығып аламыз. Бәріміз дә көнтері болып осындаі кезге дә көндігіп кеткендейміз. Тек музыканнтар жағынан шу шықты:

– «Жалмауызға да жан керек». Біз мұндай азапқа шыдай алмаймыз, мына қолды қара, күп болып ісіп кетті. Уш күн дамылдайық, тым құрыса, әйтпесе, қажалған қолда қуат жоқ, – десті.

Рас-ау, музыканнтарға ете қыын: бір ойнағанын сан ойнайды, үзіліс жоқ. Біздер, біріміз ойнасақ, біріміз кезек күтіп тұрамыз ғой. Темкенденің (Жүргенов) де мазасы әбден кеткен, құндіз қызмет бабымен журеді (ол әрі Қазақстан БК (б) П Өлкелік Комитетінің Бюро мүшесі), тұнде біздің қасымыздан табылады, үзіліс арасында дамыл-дамыл және келіп тұрады. Сонда қай уақытта тынығады, қай уақытта ас ішеді?

Жалғыз ол ғана ма, үкімет адамдарының қай-қайсысы да бізді көздерінен бір сәтке таса еткен жоқ. Соның бірі Ораз Жандосов еді.

Қазақтың мандай алды жазушылары да театрдан шықпайтын. Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар сынды ардагер ағалардың ақыл-кеңесін, қамқоршыл адал көңілдерін біз әрдайым көрдік.

Менің екі спектакльде де жеке биім бар, оның үстіне театрлы концертте билерім бар. Бәріне де жаңа костюмдер тігіліп жатыр. Құндыз бәрік, оқалы шапан, бүрмелі шәйі көйлектер, ою-өрнектері алтын зермен кестеленген қымбат костюмдерді әзірлеу арнайы нұсқаумен, қыруар ақшага түссе де, шұғыл қолға алынған. Әзірліктен арқа босаса, дереу киім-кешек тігілетін шеберханага, киім өлшеуге жүгіреміз.

Не керек, соңғы әзірліктер де бітті. Енді бір сүрінбей өтетін межеміз – Мемлекеттік комиссиясы. Басшылардан – Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Л. И. Мирзоян жолдас шет елге сапар шегуіне байланысты бұл қабылдауға қатыспады: ол кейіннен Москваға, онкүндіктің соңын ала сол жақтан келді. Қабылдау комиссиясынан

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

екі рет өттік, соңғысында Халық комиссарлар советінің Председателі Ораз Исаев жолдас қатысты. Бәрі бір тоқтамға келіп, қабылдау керек депті.

Мұны естігенде, арқамыздан үш айдан бергі тыным таптырмаған ауыр жүк түсіп, «Ун» дестік. Темірбек Жүргенов жолдас:

– Ал, балалар, енді бір шамалы уақыттынығып, ат шалдырып алуға болады. Бәріңе он күн мұрсат! – деді.

Біразымыз Алматы төңірегіндегі демалыс үйінде, біразымыз өз отымыздың басында азын-аулақтынығып, кәкір-шүкір үй тіршілігімен айналысып оңалып қалдық. Қанабек пен Құләштің, біз Қүрекең екеуміздің семьямыз көбіне-көп бірге болатын. Түү баста театр берген екі бөлмелі жатаған үйдің бірінде олар, бірінде – біз тұрып, арамызды жалғыз кереге ғана бөліп, қалған уақытта бір дастарқанда ас ішіп, бүтін құртты бөліп жескен жалбыздай жайқатыла жүрген жандармыз. Бұл жолы да төртеуміздің жұбымызды жазбай Жүргенов демалыс үйіне жіберді. Екі-үш күн тырп етпей жаттық та қойдық. Әбден қалжыраппыш. Бірақ біздің үш ай бойғы күнді күнге, түнді түнге ұра дамыл таппаған, мезгілінде ұйықтамаған, уақытылы тамақ ішпеген жағдайлар мұнда керемет ескертілген: «салулы тесек, салқын үй» дегендей, жанға керектің бәрі бар. Қымыз, қазы-қарталарың самсап тұр. Тек Қанабек пен Құрманбектің әредік тамақ жібітер «жынды сулары» жок. Екеуінің де қабағы кіржілікі.

Нарком аға болса, ол екеуін бақылаттырып қойған, өзі де тынбай, құдды баласын өпелектеген жандай, сәл қолы қалт етсе, шауып келеді:

– Ал, балалар, қалай демалып жатырсыңдар, ә? – деп, демалыс үйінің бастығын шақыртып алып, «бәрі жеткілікті мә?» – дейді.

– Эрине, эрине, – деп ол да қалбалашқағады.

Бұл Қанабектің жынына тиеді: «Жел теңсeltken күнбағыстай, басынды ие бергенше, жоқты неге айтпайсың?» – деп оны оңашада қысады.

– Ойбай-ау, режим, режим... – деп, ол әйтеуір сыйылыш шығады.

Құләш екеуміз сылқ-сылқ күлеміз де:

– Эй, қор болдыңдар-ау! – дейміз, ана екеуін мазактап.

Құрманбек балаша еркелетіп:

– Өй, екі жындықтың кыз, ермек таптай бізді қажайын дедіндер ме! – десе, Қанабек шарт кетіп:

– Адамның сіркесі су көтермей тұрғанда, сендер де сар масаша ызындал, қоймадыңдарғой, бар, өсектерінді айтсандаршы одан да! – деп қастарынан қуады. Бізге де керегі сол, тау-тас өрмелеп, Медеу шатқалынан аса кете барамыз. Бұл жер көзіме отша басылады. Бала жастан төсінде ойнап, шалғынында аунап өскен құтты мекен, пірлі отымыз ғой...

Мен Құләшқа сыр толғаймын:

– Мына таудан бір бел ассан, біздің жайлау – Көкайырық. Атам мені қула дөненге мінгізіп, жетегіне өзі алып шығатын. Өйткені тік қияға өрмелеп шығу, арық аттың жонындағы жіңішке белдерден асу қияметтің қияметі. Әрі ассан, тостағандай төңкерілген Жасыл көл. Жасыл көл адамның көзі болса, оны айнала жағалай, тау беткейлеріне өрмелей өскен қарагай, шырша, самырсындар – көздің кірпігі.



– Түү, Шара-ай, неткен бақытты едің! Қандай жерде туып-өскенсін, сондықтан гой самырсының балаң талындай сылаңдал сұлу бол ерекше жаратылғаның!...

– Ал сен, Күләтай, сондай әдемісін! Мінезің қандай биязы, нәзік!

Әстіп бір-бірімізді мақтасамыз.

– Күләтай, эн салшы, «Дүние-айды» мен үшін бір орындал берсен, – деп жанын қоймаймын. «Дүние-ай» – «Қызы Жібек» операсындағы ару Жібектің қоштасу зары, соңғы финал. Неге екенін, Күләш осыны айтса, мен жылаймын. «Өзін де жылайсың ба?» деп сұраймын. «Е, жылаймын!... Жарық дүниемен қоштасып жатқандай сезінем өзімді», – дейді. Сонда мениң жаным түршігіп кететін. Екеуміз де жаспыш гой. Өмірдің қүнгейін ойлап, көленке жағын ойламайтындеймымыз...

Асыл құрбым көп зарықтырмады, бастап кетті. Сыбызғының уіліндей шымыр да есілген жібек арқандай жұмсақ нәзік үн төніректі тербел алып кетті.

Қарлығаштың қанаты кешкі тымықты тызылдата қалықтап тұрып алушы еді гой, Күләштің даусы сол дерсін!

Айдын көлде кос ақку сиза жүзіп, махабbat жырын толғамаушы ма еді, Күләштің даусы сол дерсін!

Сыңыған қамысты көлде, тұн ауа бере құстар дүниесі шуылдал сазды оркестрге салып айналаны азан-қазан еткенде, ішінде бір құс саз сырнайдай бір әуезді құйқылжытпай ма, Күләш бейне сол!

* * *

Он шақты күннің ішінде-ақ құр аттай ойнақтап шыға келіппіз.

Міне, «Москваға – онқұндікке» деп зулап та барамыз.

Есіме осыдан үш-төрт жыл бұрынғы бір оқиға түседі. Жолы түспеген Лондон сапарының әуре-сарсаңы. Оған осы ұзак жол кінәлі, ол кезде поэзың Москва мен Алматы арасында он күндей жүретін.

Иә, сейтіп, Москвадан телеграмма келді: «Балерина Шара Жандарбекова Лондонға фестивальға баруға бекітілді, тез Москваға жеткізіндер... »

– Бүгін сабак болмайды, Шара екеумізді нарком жолдас шақырып жатыр, – деді Александров.

Бардық, Жүргенов көздері отша жайнап отыр екен, неге қуанып отырғаны белгілі. Амандық, хал-жай сұрасқаннан соң неге шақыртқан себебін айтты.

– Біздің Шарамыз енді бүкіл әлемді шарықтайды, – деп көзінің астымен маған бір қарап қойды. – Лондон қаласында дүние жүзі халықтар билерінін фестивалі етеді екен, бақыттымызға орай, қазақ халқынан да бір өнерпаз катысуға тиіс екенін біліп жүрегім жарылардай қуанып отырмын. Оған енді біздің Шара бармай ма, э, Александр Артемьевич? – дегендеге үні саңқ ете, тұғырда отырған қыран бүркіттей қомданып қойды. Александров та елең ете, ашандау өнінде қызыл арай пайда бола қап, қастарын кере нарком ағайға қарап қалыпты. Темкен мениң сұл-сұр бол енім

қашып қорқып кеткенімді көз қылғының ұшымен байқап отыр, сәл езу тарта жымың етті де:

– Олай болса, Артемьевич, сіз шұғыл түрде Шараға төрт би қоясыз, олар мыналар, – деп, «Балбырауын», «Келіншек», «Былқылдақ» және «Мерген» күйлерін атап, жазған қағазын Александровқа берді. – Осы билер бекітілді, екеуіңе он бес күн уақыт берем, осы мерзім ішінде мына күйлер нотаға тусу керек, пианисттер олар да ойнап жаттыға беру керек. Ал, ең негізгі, бишімізге керемет қазақ киімдерін тіккізуіміз керек, қазақтың да кім екенін білмейтін тәқаппар ағылшын жұрты небір асыл мен қамқаға оранған қазақ сұлуын көргесін таң қалып, естері аусын...

– Ағай, мен Лондонға бармаймын! Қорқамын... – деп жылап жібердім. Басқаны күтсі де, осыны күтпеген Темірбек Жүргенов анырая Александровқа қарады. Ұстазым еңі сұстана, сұрғылт көздері шыныдай шақырая:

– Барасың! – деп зекіді. Одан сайын жылайын.

Екеуі өзара кеңеске көшті, мен бұрышта пысылдал отырмын.

– Бұл аса жауапты тапсырма, қадірлі Александр Артемьевич, ана төрт бидің төртеуі де нағыз профессиоnalдық дәрежеде болуы керек.

– Бәрі ете орынды, нарком жолдас, бірақ сіз мынаны да қалерінізге іле кетіңіз, төрт бидің біреуі ғана бар, ол – «Былқылдақ». Қалғандарын жаңадан қою керек. Сіз жаңа әр бидің мазмұнын, харakterін айтып өттіңіз. Қазірден-ақ қиялым шарықтап, құс болып ұшып барады. О, мерген би!.. біздің Шара аңшы бол кінеді... ғажап!

«Би» десе, ішкен асымды жерге қоя салатын жазған басым ұстазым сызған болашақ би өрнегіне қалай елтіп кеткенімді білмеппін. Орнынан ұшып тұрып, құшақтай алып:

– Александр Артемьевич, тезірек үйретінізші! – дептін.

«То-то» дегендей, Артемьевич Жүргеновке қарап көзін қысты.

Екеуі де көңілденіп қалып еді, бірақ көңіл шырайын Александровтың өзі бұзды:

– Мына уақытыңыз тым тығыз, Темирбек Жүргенович, – деп әндете бастады ол. – Он бес күннің ішінде бір бидің өзін тиянақтап алсақ жетер еді...

– ССРР Халық Комиссариатына телеграмма салынды, пәленбай уақытта пәленбай дейтін бишіміз барады деген, – деді Жүргенов.

Кабинет ішінде шыбынның ызыны ғана естілетін тыныштық басты. Екі алыпқа кезек қарап, енді не болар екен дегендей тынысым дірілдеп отырмын.

– Өне бір художникпен келісіп костюмдер эскизін әзірлендер, біткесін маган көрсетініздер! Ал, іске сәт!

Александров басын ііп шығып кетті. Сонынан жүгіре мен де шықтым. Аяқтың тарпылы, әлде жүректің дурсілі – әйтеуір әлдене миды үрғылап жатқандай...

«Лондон деген қайдан шықты, картадан оқығаным болмаса, қай ата-бабам көріпті? Өне бір жылы Әміре Қашаубаев Парижге барғанын білеміз, мұздай киініп келгенін де көргеміз. Мен жалғыз өзім, қасымда Құрмаш та жок, корықпаймын ба расымен... »



Күдігім осы. Үйге кеп Құрмашқа, апама айтып едім, әсіресе апамның зәресі үшты. Баяғыда шалы кеткенде өстіп бір сүрініп жығылып еді... байғұс анам.

– Е, мен әйел алдым ба десем, биши алған екенмін гой...

Құрманбектің бұл сөзі окпен атқандай болды. Талықсып отырып қалыппын. Апам байғұс бәйектеп, «шай іш, күнім, күйзелме, а, Қызыр баба, өзің деме, қырық шілтен, өзің сакта қарағымды... » деумен шоланға бір шығып, үйге бір кіреді.

«Айттым – бітті, кестім – үзілді!» дегендей Құрекен кетті.

Екі оттың арасында қалғаным осы ғана ма еді? Нелер өтпеді бастан! Әрі ана, әрі жар, әрі әртіс болудың киындығын да, қызығын да көріп келемін. Бірақ ен басты нәрсе – семья бүтіндігін сактау. Ол мәрмәрдай мықты болса ғана бүтін де, аман да болмақ. «Тасты тамшы бұзады» деген сөз бар. Расымен, тырс-тырс тамған тамшы үздіксіз, толассыз тاما берсе, небір асыл тасқа да сызат түсірмей ме? Сызат біздің семьяға да түсті ме дегендे түршігіп саламын.

Қын күндерім енді басталды: таң атқаннан күн батқанға шейін репетиция. Ұақыт кестесі қатаң:

- a. Сағат сегізден онға шейін классикалық би сабағы.
- ә. Сағат оннан кешкі жетіге дейін билер үйрену.
- б. Кешкі сағат сегізде – спектакль.

Ал осылардың арасында нота үйренуім, ағылшын тілінің сабағына қатысуым керек. Бұл екеуін де ұстазым Александров үйретеді.

– Александр Артемьевич, ағылшын тілін үйренбей-ақ қойсам қайтеді? Тіптен үлгере алатын емеспін.

– Үйренесің, – дейді Артемьевич.

– Неге? Бұл неге керек?

– Лондонға барғанда, тым құрыса, нан сұрап жерсін, – дейді де өзі каркылдан күледі. Мен ызаланамын. Амал қанша, бәріне төзесін.

Бір төзе алмағаным – диета сақта, яғни, тамакты тартынып жеу. Құндік талшығым – екі алма, аз ғана тоназыған ет, бір кесе сүт. Болған-біткені осы. Қайран иісін бұркыратып, қаймак катып ішетін кою шай! Көзден балбұл үштың-ау!

Бір күні станоктың касында есім ауып құлаң түсіппін. Білгендей-ақ, Құрманбек, өзінің репетициясын токтата салып, би сабағы өтіп жаткан класс есігін тоқпақтап:

– Эй, Александров, әйелімді аштан өлтіретін болдың, тым болса, бірер кесе шай ішкізсенші! – дейді айкайлад.

Александров міз баклады, сабағын жургізе берді.

– Эй, ағайын, үйде бала бар ғой, соны неге ойламайсын? – Құрекен жаксы сылтау таптым ба дегендей жеткірініп алды.

– Балан жыласа – каша бер! Менін мазамды алмандар, кетіндер көзіме көрінбей!. – деп Александров та киғылықты салды.

... Арығаным сондай, Жүргеновтің өзі аяп кетті. «Карағым, жүдеп кетіпсіз ғой, еш-нәрсе емес, жассын. Бәрі орына келер, тек шыдай біл. «Ән айтсан да жанынды кинап

айтасың» деген сөз бар, әрине, сені бидің жолында құрбандыққа шалайық деген емес бұл. Үйрене бергенің өзіңе жақсы. Ал Лондон секілді ірі шаһарға бару – екінің бірінің қолынан келмейді. Дүние жүзінің небір жорға бишілерін көресің, үйренесің, түсінігің, талғамың кеңейеді», – деп нарком ага басымнан сипады.

Ұлагатты кісінің сөзі қанатыма қанат жалғады, қиялым шарқ ұрды. Тек шай ішпегенім кинайды. Басым сынып ауырғанда, биден де, басқадан да безіп кеткім келеді. Бір күні Құрмашқа жалынды:

- Құреке, өлтірмесеніз, кабинетінде маған бір шай қайнаттырып қойсаныз...
- Өй, әлгі Александровың... (жақсылап сыйбап алды!)
- Ол сезбесін, әйтпесе, тіпті Құрмаш, қын... басым айналады.
- Е, болты, шай түгіл, басқасын да сықап даярлап қояйын!
- Ойбай, нені? – деппін, аракты айтып түр екен деп.
- Қорықпа, сен қорқатын зат емес, – деп Құрекен қарқылдан күлді.

Ертесіне ымдал шакырады. Бардым. Дастарқанды жайнаттып қойыпты: апам екеуінің тірлігі – жапырақтап туралған ет, қазы, карта, сары майға шыланған жарма, нан, буы бұркыраған шай... Көзім жайнап салды! Бірақ тартыншактадым, ұстазымның еңбегі зия кетпесін дегенім болар, бір-екі кесе кілегей қатқан ыстық шай ұрттал, бірер түйір нан гана жедім. Соның өзіне-ақ әлденіп алдым.

Тал шыбықтай болып әбден-ақ тараптады, ұстазым разы: «Молодец!» деп қояды. Қатаң тәртібін тоқтатпайды, көз алдым қарауытып кешкісін кейде үйді таппастай дәрежеге түсем. Құрекен енді қатты ашуға басты: «Жүргеновке айтам! – деді. – Егер сорпа-су ішіп, әлденіп алмаса, Шарадан айрыламыз, – деді».

- Жоқ, болмайды! – деді Александров қазақша.

– Болады, болдырамын! – деді Құрманбек. – Мына түрімен Лондон түгілі, мына тұрған Әулие атаң да жете алмайды.

– Жетеді, Лондонға да жетеді. Ал тәртіп қалпынша қалады. Өмір бәрін үйретеді, үйренбесен – күйретеді, – деп қазақша сайрап тұр Александров. Бәріміз таң-тамашамыз. Құрекеннің таң қалғаны сондай, ашуының тарқап кеткенін анғармай Александр Артемьевичті құшақтай алып:

- Өй, сабазым, Александр! – дегені.

«Өмір үйретеді, үйренбесен – күйретеді» деген сөз мәтел бол кеткен-ді бұдан былай.

* * *

Москваға 1936 жылы 5-май күні аттандық. Арнаулы поезд кәдүілгі ұзатылған кыздай: жалаулатып, ұрандатып жан-жагына қызыл маталар ұсталған; іші думан, эр вагонда шырқалған ән, күмбірлеген күй, әзіл-калжың, сынғыр-сынғыр құлқі. Казактың не бір ығайы мен сығайы, еркесі мен бөртесі бар состав шыныменен тарих керуені іспетті, казақ қазақ болғалы, іргелі ел болғалы мұндей сапар – тұнғыш сапар.

Әр станцияда жергілікті жердің басшылары, белгілі адамдары бастаған қауым жұрт қарсы алады, шын тілекестік айтып, абыроймен оралындар дейді.

«Абыройлы болсак» дегенде, бізде жүрек жок, ұлттық намыс бар, намыс атаулының ең зоры, нағыз атасы бола ма, бар ойлайтынымыз осы. Қарақан бастың тірлігі мен күйбенің жиып қойдық. Біздің алдымызыда ғана болып өткен Украина әдебиеті мен өнерінің онқундігі зор табысқа жеткенін білеміз, радиодан күн сайын программасын тыңдалап отырдық. Бұлардан кейін біздікі қалай өтеді еken деп толқымыз. Жолай жапырыла, қоғадай иіле қарсы алып, шығарып салып жатқан республика жүртшылығының ізгі аманатын арқалап барамыз.

«Бір биеден ала да, құла да туады» демекші, онқундікке кетіп бара жатқандардың ішінде алуан турлісі болатын. Ішімдікке үйірлер, содыр-сотанақтары болмай қалған жок. Бірақ босқа обалы көне, сондайлардың біреуі сыр білдірмеді. Өте тәртіпті, жинақы, шашау шыққан бірде біреуі болған жок.

Әулиеата (Жамбыл) станциясында Құлымбетов жолдастың өзі күтіп қарсы алып, облыс еңбеккерлері атынан абырой тілеп: «Сәтті сапар, қарақтарым», – деді.

Біздің әрбір кездесулеріміз республика газеттерінің күнделік беттерінде жазылып жатты. Ал Мәскеуде казақ әдебиеті мен өнерінің өкілдерін Қазан вокзалында қарсы алған сәттен бастап-ақ орталық баспасөз беттері көздерінен таса еткен жок.

Қазан вокзалына 10-май күні келіп түстік. Қарсы алушы москваляқтардың құшағына сұнгідік те кеттік: құшақ-құшақ гүл, қуаныш лебіздер бас айналдырыды. Оркестр гүмпілдетіп сазды музыканы құйқылжытады. Поездан түскен бойда сырт-сырт суретке түсіре бастады. Міне, мына сурет... көрген сайын толқып кетем. Ентелеп келіп тоқтай қалған бәріміз: тоқсандағы Жәкен, Жамбыл, мен, Құләш, Жұбанов, Қалибек. 1936 жылдың май айында «Социалды Қазақстан» газетінің бірінші бетіне басылып шыққан сурет. Астына текст жазылған, онда: «Қазақ көркем өнершілерінің Мәскеуге келіп түскен беті. Суреттегі: Жамбыл, Шара, Құләш, Жұбанов, Қалибек, тағы басқалар» деп жазылған.

Тірі сурет, бәрі-бәрі бүгінгідей... содан бері қырық алты жыл өтсе де, көнермес тарих күесі.

Ал мына бір сурет те Қазан вокзалының басында түсірілген. Қарақұрым ел, үлкен мінбе, мінбеде мен, Жәкен, Құләш, құшағымызыда гүл. Құләштің басында ақ берет (менде де бар-тын, бірақ мен кимегем. Жалпы Құләш екеуміз бірдей киінуге тырысатынбыз), екеуміздің де үстімізде күздік шұға пальто; Жәкен басында сусар бөрік, масаты шапан, бойын тіл-тік ұстап, бозбала жігіттердей-ақ тұр, жарықтық.

Бұл сурет орталық газеттердің бірінде басылды, текстіде: «10-майда Москваға келіп түскен казақ өнерінің қайраткерлеріне арналып үлкен кездесу болды. Суретте: Қазан вокзалының перронындағы митинг. Солдан онға қарай: республикаға еңбегі сіңген артистка Жандарбекова, Халық ақыны Жамбыл, республикаға еңбегі сіңген артистка Байсейітова, СССР Халық комиссарлар советі жанындағы өнер жөніндегі Комитет пред-

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

седателінің орынбасары Боярский жолдас және басқалар», – делінген. «Тасқа түскен танбадай» деуші еді ғой мұндай нәрселерді. Ешбір уақыт қатпары өшіре алмайтын жайттарды айттар болар. Бұл онқұндік беттері тоқсандағы Жамбылдан төрттегі Болаттымызға шейін (ол да барған, онқундіктің ен жас мүшесі деп газеттерге жазып, суретін басқан) өшпес, ұмытылmas ең бақытты кезең болып қалғаны да, әрқайсымыздың өмірбаянымызда алтын әріппен жазылғаны да аян.

Бізді совет өнерінің ірі қайраткерлері қарсы алды, ішінде Демьян Бедный, Валерия Барсова, Ольга Книппер-Чехова, Ляля Черная, тағы басқалары бар. Құләшқа Барсова гүл берді, маған – Книппер-Чехова, Жамбылға – Демьян Бедный, Елубайға – Ляля Черная, міне, сөйтіп бәріміз гүл құшактап, достардың әк пейілін көріп мәртебеміз көтеріліп қалды. Одан соң митинг болды, кәдімгі салтанатты мерекелік митинг. Боярский қазак делегациясының қызыл астанаға жауапты да үлкен сапармен, өнер сапарымен келгенін айтып, құттықтап, зор табыс тіледі. Жауап сөзді қысқаша Құләш айтты.

«Москва» қонақ үйіне алып келді.

Күн тәртібі өте қатал болды. Қыдырыс, кердендең жүріс, орынсыз ішіп-жеу секілді селкеу іс-әрекеттің бәріне тыйым салынды. Тамактың өзін номерімізге әкеліп береді, бәрімізді балаша мәпелейді. Темкенден кейін қорқатын бір адамымыз бар, ол – бухгалтер Сахаров. Бірдене ұрттап қоймасын деп басты рөлдегі актерлердің қасынан кетпейді, әсіресе, қыдиып Қанабек пен Құрманбектің қасынан табылып тұрганы әмәнда. Ақшага тола портфелин қолтығына қысып-ап шауып жүреді, не болып, не қойып жатқанын дереу Жүргеновке дың дегізеді. Ақша керек бола қойды ма, соған, Сахаровка жүгінеміз; бір портфель ақшаны сол үшін арқалап жүргендей-әк ол рұқсат қағаз болды ма, бере қояды. Тек алғаныңа қол қой, бітті.

Май айы болса да, Москва сүйк, қара сұықтың ызғары әбден ығыр етті, әсіресе, әншілерге қыын-әк. Тамактарын орап, қымтанаңып-шымқанып жүргендері. Тағы да күні-түні әзірлік. Үлкен театрдың филиалы бар екен, сонда өткіземіз. Алматыдағыдан еш айырмасы жок. Өнер қайраткерлері, мәдениет басшылары, фотогазет тілшілері күн құрғатпайды. Орталық баспасөз беттерінде біздің әзірлігіміз жайлы, репертуарымыз жайлы жазылып жатады. Төменде бірер мақалалардан үзінді келтіреміз:

Казак қөркемөнерінің – ұлы мәдениетінің тоібы

«Мәскеу. TACC тілшісімен әңгімелескенінде Қазақстан Халық комиссарлары советінің қасындағы қөркемөнер басқармасының бастығы Жүргенов жолдас быладай деді:

– Қызыл астанамыз бізді аса үлкен қуанышпен қарсы алды. Мұны біздің коллективіміз Мәскеуге келіп түскен жерінде, вокзалдың басында-әк көрді. Пролетариаттың ұлы астанасындағы қөркемөнер қайраткерлері бізге шын көңіл болді, бізге шын жақсы көзбен қарады.



Екі ойынымыздың соңғы репетициялары зор қуаныш, туысқандық достық устінде өтті. Бұл ойындарымыздың репетицияларында СССР Халық комиссарлары советінің қасындағы көркемөнер комитетінің председателі Керженцев жолдас, оның орынбасары Боярский жолдас, театр майданының аса көрнекті қайраткерлері В.И. Немирович-Данченко, профессор Асафьев, т. б. жолдастар болды.

Соңғы репетицияда әртістеріміз, музиканттарымыз үлкен мақтау алды. Мәскеудің театр, музика, әдебиет әлемінің адамдарына біздің музыкамыз, әртістеріміздің ойыны, декорацияларымыз, киімдеріміз қатты ұнады». «Социалды Қазақстан» газетінің 21 майдағы санынан).

Ал «Известия» (17-май. 1936-жыл, № 114) былай деп жазды:

«Москвада өтетін қазақ өнері онқұндігінің программасына ең үздік өнер мен әдебиет туындыларын, өнерпаздар колективтерінің әні мен биі, бейнелеу өнері енген. Қазақ мемлекеттік музика театры өзінің екі жақсы постановкасын көрсетеді. «Қызы Жібек» жайлы жазғамыз («Известия» № 112-ні қаранды). Майлиннің «Жалбыр» пьесасы революция алдындағы қазақтардың көтерілісі жайлы толғайды.

Үлкен театр сахнасында қазақ өнерінің барлық жанрының басын қосқан кұрама концерт болады. Оны КазЦИК атындағы ұлт аспаптар оркестрі ашады...

Ақын-жыраулар халық әпости қазынасынан үзінділер айтады, тәкпе ақындар табанда шығарған өлеңдерін оқиды.

Сол секілді көпшілік және жеке би номерлері бар.

Концерттің екінші бөлімі театрланған ұлт ойындарына ұласады. Бұл ойындарда қазақ халқының ұлттық мұрасы боп саналатын күрес, бәйге, айтыс, пантомималық билер, қуыршақ ойындары, түрмис-салт көріністері, аңшылық кәсіп түрлері бейнеленеді».

«Известия» газетінің осы номерінде Сәкен Сейфуллиннің «Адам» деген өлеңі мен Темірбек Жургеновтің «Жерүйік» атты мақаласы жарияланды.

Ал «Советское искусство» газетінің бірінші беті, ішкі екі беті – түгелдей қазақ онқұндігіне арналынып, ірі өнер қайраткерлеріне сез берілген және «Жалбыр» мен «Қызы Жібек» операларына жан-жақты талдау жасалған. Әсіресе, «Қызы Жібекке» жазылған мақала авторы С. Коревтің аса білімді, терең талдауы бүгінгі оқушыға да әсерлі болар деген оймен әдейілеп әр жерінен үзінді келтіріп кетуді жөн көрдік.

«...Спектакльдегі ең ірі құнды нәрсе – оның бастан-аяқ халық музыкасымен көмкерілуі. Москва тыңдаушылары қазақ музыкасын біле де бермеуі мүмкін. Затаевичтің құрастыруымен «Музгизден» шықкан қазактың халық әндерінің жинағы санаулы мамандарға ғана таныс. «Грампласттрест» шығарған қазақ музыкасының күйтабагы болымсыз тиражбен тараған. Сөйте тұра, «Қызы Жібек» спектаклі москвалықтарды ерекше қызықтырды.

«Қызы Жібектің» музыкасы бірінші тактсынан соңғысына шейін сүмдүк сүйкімді. Мәселен, «Гәкку» әні тыңдаушыларының есін алды: әшекей-бояусыз қоңырқай ғана ән болғанымен, оның әуендей суреттемесі қашалық мәнді, мағыналы... қандай әсерлі! Немесе халық әнінің негізінде құрылған маршты қаранды, әлде бір дауысты унисон

әдісімен орындалатын хорды алсаныз-дағы, полифониясыз-ақ әуендей сазға мол екендігін аңғарасыз.

Осы орайда жас композитор Брусиловскийдің еңбегін айрықша бағалаған жөн, өйткені ол барынша европалық музика техникасына сүйенгендемен, халықтық музыканың бар ерекшелік бояуларын, бедерін әдемі сақтай алған... кемшіліктері де жоқ емес, мәселен, кейде үрлеме аспаптардың дауыс ұнділігін тым қоюлатып жібереді, ал кей жағдайда романс стилімен әуестенетіндігі байқалады. Әрине, бұлар сондайлық дабырайған кемшіліктер емес, үлкен, құнды еңбектің бағасын түсіріп те тұрган жоқ.

Драматург Мұсірепов пен композитор Брусиловский қазақ халық творчествосының негізінде керемет музикалы-саҳнадық туынды жасаған... көрушіні декорациялық көркемделінуі, костюмдері, көпшілік саҳнадары мен билері қандайлықтаңқалдығанмен, ен алдымен басты орындаушылар туралы айтпаска болмайды», – дей келіп, Күләш, Қанабек, Құрманбек жасаған образдарға үлкен баға береді мақала авторы.

«Шара Жандарбекова» деген мақалада: «... Жандарбекованың би қымылдарында үлкен үндестік бар: тек аяқтары билемей, бар денесімен билеп саҳнада қалқып жүргендей. Бишинің қолдары әдеттегі қатып қалған «классикалық» мәнерден бөлекші өрнек сыйзды. Бұралған нәзік саусактары, құс қанатынша жазып жіберетін алақаны – бәрі-бәрі биші қөңіл қүйінің нәзік пернесін басып, саҳнадағы би бейнесін мүсіндей түседі. Жандарбекова айрықша сезімтал, тұла бойы тұнған музика, кей-кейде естіп жүрген музикалық аспалтың тембрі, дірілі бар сияқты оның биінде, яғни, музикалық образды би бейнесінде көресін – бұл ғажап!» дей келіп, автор қазақ билерінің қымылға, пластикаға бай екенін, оның тұп негізі табигат көріністері мен еңбек процестері екенін айта келіп: «...Бірақ бұлар жалан, жабайы қымылдар немесе нобайын со қалпында қайталай салу емес, бұлар тіпті пантомима емес, нагыз би, өнер туындысы», – дейді. Сонымен қатар, мақала авторы В. Потапов Москвага отты билерімен грузиндер, аяқты қойып тізесімен жорғалайтын украиндер, енді міне, шығыс саздарында сырлы бояуга, үндестікке толы қазақтар қазақ биімен келіп-кетіп жатыр. Бірақ бір өкінішті – «...осы өнерпаздар өнері біздің балет театрлары мен эстрадамызға еш әсер етпегендей. Би шеберлері ұлттық би қорының мүмкіндіктерін ескермейді, ескі балет формаларын түрлендіру жағын ойластырмайды. Консерватизм мен балеттегі ескі канондық формаларға жүтінуді қоймай келеді; оның орнына халық өнері жетістіктерін орынды пайдалана білсе ғой, балет өнерінің бейнелеу мүмкіндіктері молайып, түрлік, формалық қасиеттері артар еді», – дегенді айтады.

«Өзара өнер алмасудың жақсы мысалын қазактардың өздері-ақ көрсетіп отыр, кәдімгі «европалық» оркестр аспаптарынан тамылжытып халық қүйлері мен әуендерін төккенде, олар өз ерекшеліктерімізді жойып аламыз ғой деп жүрексін-бegen. Олар біздің елімізде мәдениет пен халықтық ерекшелік дейтін түсініктің бір-біріне керегар келмейтінін түсінген, сол секілді халықтық өнер мен «жетілдірілген» профессионал өнердің байланысы тек қана өзара алмасу жолы арқылы ғана іске асатынын аңғарған».



Міне, көріп тұрсыздар, сол кездің өзінде-ақ ұлттық өнерге жабайы, кездейсок нәрсе деп қарамай, үлкен мән бере, барынды бардай бағалап құрметтеп қараған. Мұны біз онқұндік өту барысында өте-мөте сезіндік.

Әр жерінен үзінді келтіріп отырган «Советское искусство» газетінің сол номерінде жиырмасыншы ғасырдың Гомері – Жамбыл турасында да көлемді кең макала бар. Бір кызық нәрсе – газеттің екінші бетінің айдарында түгелдей латын әрпімен (сол уақыттың қолданылған әрпі) ірі қып теріліп: «Қазақ халқының көркемөнер шеберлеріне жалынды сәлем!» деп жарқыратып жазған. Ушінші бетте бұл орысша жазылған.

* * *

Онкүндікті 17-май күні «Қыз Жібекпен» аштық. Күні бұрын құлактанғандықтан ба, өйткені газеттер әзірлік үстінен-ақ репортаж жазып хабарлап жатқанын айтқанбыз, халық залға сыймай кетті. Шымылдық ашылғаннан-ақ кол шапалакталап коя берді. Бұл күні ойынға үкімет басшылары келген жоқ, бірақ өнер мен әдебиеттің атакты-атакты дегендерінің біразы болышты.

Бастадық! «Қыз Жібектің» сазды увертюрасы ойналып жатыр. Жүректі шым-шым еткізе терен ғасырлар койнауына алып жүре беретін осы увертюра үшін-ақ мен Бруслиловский рухына бас ием.

Спектакль басталмас бұрын Исаев пен Жүргенов қайта-қайта келіп, әркайсымызды демеп, рух беріп: «ал, балалар, мықты болындар!» деп кетеді. Сөйткенмен ездерінде ен жоқ, бол-боз. Темкеннің қап-қара кою шашы одан сайын үрпіп кеткен. Бәрімізде зәре жоқ, дір-дір етеміз.

Әйтеуір басы жаксы басталды. Құләш «Гәккүін» әдемі-ақ айтты, кобалжуын білдірген жоқ, нағыз актриса ғой!

Қанабек те Төлегеннің рөлінде қасын көріп келісті бозбала бол шыкты, бірақ азеттегі дауыс «тонын» жоғарырак бастал барып түзеп әкетті. Енді мен «Былқылдаққа» жеке билеп шығуым керек. Сахнада тігулі түрған Жібектің ак үйінің алдында дайындалып тұрмын. Қүрекен жүтіріп келіп: «Ал, Шара, әзір бол, қазір сенін «Кіріс» музыканың ойналады», – деді. Сол-ак екен, дірілдеп салғаным. Екі аяқ селкілдеп, ен бойым зікір салған баксыдай калышылдаپ коя бердім. Адамның өзін-өзі игерес алмауы корлық екен. «Кіріс» музыканың басталғанын естіп тұрмын, орга шені...

– Әй, Шара, шыкпаймысың! – деп Қүрекен санқ етті. Өзі Бекежан бол киініп, гримденіп алған, колында дырау қамшы. Секунд өтпей сол камшының арқамнан сарт етерін білсемші жазған басым.

– Шекітай-ау, неғып тұрсын?...
– Қүреке, коркып тұрмын?
– Шығасын ба деймін?
– Қүреке, – дей бергенім сол еді, Құрманбек мені итеріп жіберді. Сахнаға қалай ыршып шыққанымды да білмеймін, іле сылқылдаған сазды күй ырғағымен билеп кеттім.

Зал күніреніп кетті. «Бис» деп айқай салды. У-шу. Алматыда халық ұнаған әндерін қайыра айткызып, операның ортасында жер тепкілеп отырып алатын. Ал мұнда мәдениетті қауым жүріп жатқан спектакльді үзіп тастап ұнап қалған дүниесін қайталататынын білмейтінмін. Және менен кейін Жібек пен Төлегеннің дуэті айтылатын. Оркестр сол араны ойнап жатыр, бірақ шапалақ үнінен музика естілуден калды. Эншілер не істерін білмей дағдарды.

Бұл концерт емес, биді спектакльде қайталамайды. Рөл атқарушыларға қын, образдан шығып кетуі ықтимал, әсіресе, музикалы спектакльдерде. Қайта-қайта сахнага шығып бас ием, тағым етем. Болмайды. Оркестр ақыры тоқтады. Төлеген мен Жібек төрде отыр.

Күрекен «биінді қайта биле» деп, дирижерге белгі берді. Қайта биледім. Тәттімбеттің «Былқылдағы» жастық пен маҳаббат ак құсындағы желбіреп астана сахнасында қайта калықтады.

Спектакль аяқтала бере Исаев пен Жүргенов ентіге басып келді. Жұздері бал-бұл жайнайды, қайсымызды құшқастап, қайсымызды сүйерін білмейді, естері шығып кеткен. Арқамыздан қағып:

— Жарайсындар! Азаматсындар! Халық сенімін ақтадындар, — дейді.

Бізге осыдан артық алғыстың керегі де жоқ еді, қуаныштан жүрек жарыла жаздайды. Залдағы жұрт овацияға шақырғанда, көбіміз қуаныштан жылап тұрмыз. Жүргенов пен Исаев – ортамызда, «браволаған» қошаметтер сол екі арысқа айрықша айтылғандай...

Ертесінде, «Правда» газетінде «...казак бишісі Шара Жандарбекова сахнага нажағайдай жарқ етіп шыға келді», – деп жазып, Күләш, Құрманбек тұрасында, өзге артистер ойыны жайында толымды мактау пікірлер жарияланды.

Аяулы «Қыз Жібекімізді» астаналықтарға үш рет қойдық, үшеуінде де үш түрлі қызық жағдайлар болды. Кезінде аныз болып кеткен, бүгінгі күнге шейін ауыздан-ауызға түрліше құбылып жеткен оқиғалар айтыла-айтыла жауыр да болған шығар-ау. Әйтсе де...

Халқымызда мақал бар: «Көп жүрген жолдастан айрылар, көп жасаған құрдастан айрылар» деген. Біздін де арамыз сиреп барады, кешегі жыртылып-айрылысқан достар, көз көрген жора-жолдастар жок бүгінде. Құлазисың, жаның жудейді. Осындағы кездे өткен думанды шактың бірер елесін қөніл айнасына салып қайта қарасан... жаның жадырап шығады. Кейбіріне ішек-сілен қата күлесін.

Бәрі де жарықтық Күрекене байланысты. «Жақсы адамның артынан сөз ереді, жаман адамның артынан шөп ереді» деген де текке айтылmasа керек.

Сол күлдіргі үш оқиғаның біріншісі «Қыз Жібектің» алғашқы қойылымында, маған байланысты болды, яғни үрейленіп сахнага шықпай тұрғанда, Күрекеннің мені тізесімен итеріп жіберіп сахнага қуып шыққаны. Екінші қызық оқиға (жүре-бара қызыққа айналып маңызын еш жоймай келген) спектакль екінші қойылғанда, 19-май күні кеште болды.

Бұл күнге партия және үкімет басшылары келіп «Қыз Жібекті» көрсетін болды. 1936-жылдың 21-май күнгі номерінде «Социалды Қазақстан»былай деп жазды:

«Москвада ойын көрсетіп жатқан Қазақ мемлекет музыка театры майдың 19-күні «Қыз Жібекті» екінші рет қойды. Қазақ музыка театрының ойыны болып жатқан Улкен театр филиалы халыққа лық толды. Көрушілер ойынды өте жақсы қарсы алды. Шымылдық ашылып, бірінші передеде қазақтың ерте кездегі шалқыған бай, құлпырған әсем киіз үйінің тамаша суреті алға тартылып, неше түрлі сәнді киінген қыздардың косылып салған әндерінен соң ойын көрушілер ұзақ қол шапалақтады. Ойын уақытында жұрт қайта-қайта қол шапалақтап отырды. Эрбір передеден соң жұрт тамаша жақсы ойын көрсеткен театрдың айта қалғандай үздік колективіне овация жасап, құрмет етті. Жұртты өте-мөте сүйсіндіргендер, басты рөлдерді ойнаушылар – Қазақ Республикасына еңбегі сіңген артистка Құләш Байсейітова, артистерден Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Манаrbек Ержанов, Үрия Тұрдықұлова, биші Шара Жандарбекова және басқалар болды».

Осының алдында «Жалбырды» қойып, о дағы көпшілік көңілінен шығып, Улкен театр филиалының сахнасында өзімізді еркін ұстап дағдыланып қалсақ та, «Қыз Жібекке» үкімет басшылары қатынасады деген сөз де айтылып жүрді.

«Шешінген судан тайынбас» деп спектакльге кірісе бердік. «Зал жаққа қарамаңдар» десе де, шымылдықтан сығалап ложаға кез жіберген батылдарымыз да болды. Құләш әдетінше әсем сзызылтып ариясын айтты, Қанабек те бұжолы «тонын» дұрыс алды. «Былқылдақтың» кіріспесі басталғанша, дәт қылмай, түлпарша тықыршып мен тұрмын. Әйтеуір биледім-ау. Дұрыс шықкан сияқты.

«Ер арманы Жібек,
Тұғырында түлеп,
Тосуменен жүдеп
Отырмысын, тотым? –

деп Бекежан шықты жолбарысша атылып. Әлекедей жаланып тұрған шағы Құрманбектің! Жап-жас, өткір, сұлу. Көздері жалт-жұлт етеді. Үні де әсем.

Бірақ... иә осы жолы бір кәдік болды. Атақты ариясы – «Сармойын» әнінің негізінде жазылған:

Айттым ғой ерегіс бір іс істетті,
Түбіне Төлегеннің намыс жетті.
Атыста – жекпе-жекте, айдалада
Төлеген қайтпайтұғын а-хоу, сапар шекті, – ай-ай, –

деп еркін көтеретін дауысы қожырағандай болды. Қорқып кеттік. Ес жиып та үлгер-медік, Қүрекен «а-хоудын» орнына «ха-ха!» деп қарқылдап күлмесін де. Оркестр тоқтап қала жаздады, тоқтамады. Өйткені Құрмаш музыка ыргагына еш нұқсан қелтірмей дәл-ме-дәл айтты. Екінші шумакта тағы күлді, бар күшін сап еркін көтергенде ол құлкі тіптен өлген жауын табалап тұрған нағызы қанішердің кескінін беріп, тындауышыны тіксін-

дірді. Сүйсініп тұрсақ та, «бұл неге өйтті екен?» деumen дал болдық. Бәрі дұрыс, ешкім ештеңе аңғармағандай.

Кейіннен Құрмаштың өзі айтады: «Мәскеу театрының сахнасы техникалық жағынан бізден көш ілгері екен: декорация тез жиналып, тез құрылады. Бұрын етеп демалып алушы едім, бұнда үлгере алмадым, оның үстіне алдындағы Базарбай сарайындағы керіністе «Жамбы атыс» бінен алқынып қалған басым...»

Құрманбек Жандарбеков «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтіндей нағыз өнер тарланы еді. Хан сарайында қарақшы жігіттерімен қосыла өзі де садақ атып билей кететін, сабаз!

Жүргенов келді түтігіп. Келе Құрманбекке: «Рөлді бұлдірдің, арақ ішіп құрып қалғансың ғой. Жоғал көзіме көрінбей!» деп айқайлағанда, кара жерге қазықтай қағылдық. Әйткенмен сыр бермедік, спектакльді аяқтау керек болды. Оның қалай жүргені, жүрттың қалай қарсы алғаны, партия мен үкімет басшыларының риза болғаны – түтедей газеттерде ертесіне-ақ жазылды ғой. Сол мақаланың бірін әдейі жоғарыда келтірдік емес пе? Тарихи шежіре деген осы!

Құрманбектің кешегі ойыны туралы айтылған пікірлер біз күтпеген жай еді. Біз түгіл, Жүргеновтің өзі таң қалыпты. «Правдада» барша артистер ойынына талдау жасалынып, қатты мақталынып, ал актер Жандарбеков күлкісі «Бекежандай дала тағысының психологиясын аша түсуге кілт болды» деп жазыпты.

Москвада шығатын орталық басылымдарды күнде, ертенгісін номерімізге әкеп тұратын. Қүрекен екеуміз таласа-тармаса оқып жатырмыз. Өзі туралы айтылған тұста: «Уа, пірім, әрдайым өстіп деме!» – деп саңқ етті Құрмаш. Сейтті де:

– Алыр-ай, «қысылғанда жол таптым ба, әлде жау таптым ба?» деumen түнімен дөңбекшіп, көз ілмей шықтым. Сен оны сезбедің, Шара. Жастыққа басың тисе, қор ете ұйықтап кететін жазған басың байындың нелер ойға кетіп, нелер қиялдарға шомғанын қайдан сезе қояйын деп едің, – деп біргүрлі мұнайды. Ойламаған жерден жазықты боп қалып мен де қысылдым. Рас, түнде қатты ұйықтап қалыппын.

– Шаршап қалыппын, Құрмаш, кешегі көргендеріміз бен сезгендеріміз аз күшке түспеді, әсіресе, сіз...

– Иә, мен бәрін бұлдірген! Бұлдірген де, күлдірген де...

Ол тас-талқаны шыға шығып кетті, сірә, қарсы бөлмедегі Қанабектерге кетсе керек.

Ерлі-зайыпты жұбайлардың арасында осындағы ойпаң-тойпаң нәрселер болып тұрады. Көбіне әйелдер жағы, біз кінәлі боп қалатын тұстар аз емес. Мұндайда әйел жазғандардың жалғыз-ақ құралы – үндемеу, қарсы келмеу. «Ашулы адамның алдына келме» деген бар емес пе? Шешем Тыныбала басында мениң Құрманбекке шығуыма қарсы болғанымен, кейіннен оның адамгершілік, азаматтық істеріне тәнті болғаны сондай, күйеу баласына шаң жуытпай, тек соның сөзін сөйлейтін болды. Екі сөзінің бірінде:

– Ерекпен жағаласып әйел онбас, бәрібір баар жерін Балқан тау – сен сүрінесін. Мен тірі тұрганда Құрмаштың бетіне қарсы келмейсің! – деп шегелеп отыратын.

Құрекенің бетіне қарсы келейін деп эсте ойламайтынын, ғұмыр бойы «сіз» деп еттім емес пе...

«Жақсы адамның ашуы жібек орамал кепкенше, жаман адамның ашуы абыройы кеткенше» дегендей, біздің Болаттың папасы қазір ашуланса, қазір жадырап шығатын кісі, сондықтан оның екі айналмай-ақ «әу, Шәкітай» деп отыратынын білемін. Жана әзірде ғана бүрқан-талқан кеткен кісінің қазір-ақ күндегі күлімдеп кірерін сеземін де, қаперіме ешбір мұн алмастан үйқыдан тұрған Болатжанды жуындырып, киіндеріп енді тамақтануға әзірленіп жатқанымызда:

– Оу, біздің Бекентай тұрған екен ғой! – деп кірген бетте баласын құшып, сүйіп-сүйіп алды да:

– Қазір бір қызық жасайық! – деді.

– О не қызық?

– Шұрқ етпе! Болатты Темкеңе жіберейік, о кісінің мұны жақсы көретінін білеміз ғой. Жұр, Ботам, атаға барамыз, – деді де Болатты жетелей жөнелді. «Атаға» десе Болатта да жан жоқ, Жүргеновті солай атайдын, арсаландаپ алдына барса, о кісі де шырқ иіріліп қалатын. Өздерінде бала жоқ, оның үстіне біздің Болат зерек өсті де, тілін қызықтап сөйлете беретін.

Бір кезде қойны-қонышы будырап ақшага толып Болат, оның сонынан қарқылдай құліп Құрекен келеді. Есім шығып:

– Эй, бұларың не? Мұнша ақшаны кім берген сендерге? – деппін.

Сейтсе, оқиға былай болған екен.

Әкелі-балалы екеу Жүргеновтің бөлмесін қағады. Ашса – Болат тұр (папасы жасырынып қалады).

– Ой, көкем, неғып тұрсын? – деп Темкең төрт жасар балаға еңкейіп бетінен сүймек болады. «Ата» деп Болат та шап ете мойнына асылады. Темкеңде жан қалмайды:

– Ал, Дәмеш, Болатжан келіпті, қане, завтракқа заказ бер!

– Папам далада тұр...

– Эй, о неғып сыртта тұр, кіrmей ме?

– Ол сенен қорқады...

– Қорықаны несі-ей? Эй, Құрмаш, кір жасырынбай! – деп қарқылдай құлген Темкең есік жақтауында тұрған Құрманбекті ішке қолқалайды. – Эй, Құрмаш, сен газетті оқыдың ба? Қалай мактаған! Біз профан екеміз, өнерді түсіну жағынан. Саған текке ұрсыппын... кешір. Дәмеш-ау, конъягін бар ма, әкелші, әншінің дауысын ептеп жібітіп қоймаса болмас...

Мығым денесін допша лақтыра қағылез ұстайтын нарком өстіп Құрекен алдында қанғалақ қағады. Құрекен өз есебі өзінде, бәлсіне түсіп:

– Жоқ, Темке, біз Болат екеуміз Алматыға қайтамыз. Өзің емес пе көзіме көрінбе деген... Жоқ, оны қойшы, мына Болат балаңа киын болды, күн ұзакқа номерге бекітіп кетеміз, жалғыз өзі, әлденеге ұшырап қала ма деп Шара екеумізде зәре жоқ. Нәнке керек еді бұз балаға қарайтын, – деп зарлай бастайды. Сейтсе Bolat та:

— Ата, няня жок... — дейді.

Темірбек көздері жыптылыштап сасып қалады. «Эй, Сахаров!» — дейді. Осы жарлығын күтіп отырғандай-ақ, көрші бөлмеден портфелін қонжитып сүйретіле Сахаров та жетеді. Дереу үш жұз сомды шытырлатып санатып, Құрманбектің қолын қойдырып бергіздіреді де:

— Иә, онкүндік өткенше, Болатжанға нәнке жалдайсың, — дейді.

Біздің семьямыз аяқ астынан ақшаға карқ болды да қалды. Үш жуз сом деген ол кезде біраз пұл. Қүрекенің сондағы айтатыны ғой:

— Эй, Шара, алдымен ауылдағы балаларға бәтінкे, Хадишаға да туфли алайық. Апама ақ шайіден жаулық...

Со жолы шынымен 22 пар аяқ киім алдырды. «Балалар» дейтіні — менің інілерім мен сіңлілерім, ал Хадишасы — Хадиша Жиенқұлова, тетелес сіңлім, Шәкен Аймановтың әйелі.

«Қызы Жібектің» үшінші қойылымында күтпеген және бір оқиға болған еді. Көп қызы бар, және қыздардың бәрі тентек бір шал әбден болдырғанда айтқан екен дейді: «Үйдегі қызыым бұдан өткен сорақы», — деп. Сол құсап, бұнысы бұрынғысынан да өрескелдеу.

Ұмытпасам, майдың 21 болар. Соңғы спектакль. Сақадай саймыз, ысылып алғамыз. Бірінші акт өте жақсы өтті. Екінші акт. Хан сарайындағы қыз-қырқындар әні, би. Төлегеннің ұзак сапарға аттануына байланысты той. Қарлығаштың осы тұстағы «Еділ бойы» әнінің нақышымен айтатын көкесімен қоштасар ариясы-ай! Адамның жанжүйесін босатып жібереді ғой. Осы арада мен «Шашу» биін билеуім керек. Екі жағымда екі жігіт, алтын табаққа қойдың басын салып алғы шығамыз. Кәдімгі үйітілген күйқалы бас. Жүргеновтің істетіп жүргені. Сахнадағы хан сарайы да көз алдаушы бутафория емес, уық, шанырактары, дәдеге, басқұрлары — бәрі рас. Ақ туырлыққа шейін қойдың күзем жүнінен басылған. Бұл декорациялар турасында Москва газеттерінің бетінде мақтау сөздер аз айтылмады. Реті келсе, үзінділер келтіреміз де.

Билеп жүрміз. Құйқылжыған күй, құлпырған би. Бір кезде үшеуlep билеп жүрген жігіттің бірінің атлас шалбары сыптырылып барады. Көзім әлгіде, бақшишып тұрыппын да қалыптын. Бұқіл сахна, музыканың тоқтап тұрып қалды. Дирижеріміз Кузьмич күлкіден құлап тұсті. Сахнаның о жақ, бұжырынан сығалап қарап жүретін администратор жігітіміз талып тұсті. Не қулерімізді, не жыларымызды білмей дағдарып тұрған бетіміз...

Бір ғажабы, зал жақ күлмеді, мелшип отыр, дүрлікпейді де. Шымылдық қалтарысында тұрып Құрманбек «бастандар, әрі қарай» деп ымдайды. Ыздан көздері шатынап, қолдарын сермен, жұдырығын түйеді. Ешкім ештеңе ұқпайды.

Үш минуттай дағдарыс. Шымылдық түсірілді. Әлі тұрмыз қалшишип. Тас боп қатып қалғандаймыз. Кімнің ойлап тапқанын, Жәкенді (Жамбылды) біреу сахнага ап шықты. Жүрт ду қол шапалақтап қоя берді.



Осы бір сабылыста Құрекен дереу жүртты орны-орнына қойып, ышқыр бауы үзілген «батырынды» желкеден бір түйіп қуып шығып:

– Ал, не тұрыс, дереу бастандар! – деп бишилерден соңғы сценаны бастатқызып, оркестрді ойнатқызып, шымылдық ашылып ойын өз жолымен жүре берді. Хор шырқа-лып, хан сарайындағы дыр-думан үзілмesten әсерлі көрініспен жалғаса берді.

Спектакль аяқталды. «Дүние-айын» айтып Құләш та залдағы отыргандармен қимай қоштасқандай. Жүрт дүрлігे қол соғып орындарынан тұрып кетті. Куанышмызды шек жоқ, бәрінің онды біткеніне қуаныштымыз.

Бірақ Жүргеновтің ашуы тарқамапты. Шашы тік тұрып, өрт сөндіргендей өні тутығып сахнаға шықты да, Құрманбекке:

– Әдейі істедің провалды, тұра тұр, саған көрсетермін провалды! – деп айқай салды. Не болғанымызды білмедік. Ұнжыргамыз түсे нөмерге келдік.

– Шәкітай, – деді Құрмаш, – сен Болатты ал да Алматыға тарт...

– Сіз ше?

– Мен енді Алматыны көре алмаспын...

Жылап жібердім. Болат та, не болғанын ұғып тұрмаса да, қосыла жылады.

– Ал енді осы жалғыз саған аманат!

* * *

Аяулы оқушым! Сізге ылғи жақсы жайларды айта бергенше, бірауық бастан кешкен қыындықтарды да айта отыруды жөн көрдім. Өйткені тәттіні жей берген ауыз улығады. Сол секілді адам өмірі де ашы мен тұщыдан тұрмаса, өмірдің қадірі болмас еді. Адам өмірі тек конфет пен мармеладтан тұрады деп кім айтыпты.

1932 жылдың 8-февралінде, тұн ортасында Құрекенді ояттым:

– Белім бүріп алып барады, Құрмаш, ауруханаға жеткізіңіз!

Жалма-жан орнынан атып тұрды.

– Шыда-шыда, мен қазір атты жегем! – деп далага шығып кетті.

Ол кезде үй дейтін қай бір үй, театр корасында, бұрын тауық қора болған лыпаны іші-сыртын сылап қамзау болатындағы әйтеуір қалыпқа келтіріп тұрып жатқанбыз. Темір пештің мұржасы терезеден шығады. Тамак ішетін де, қонақ құтетін де, рөлдің сөзін жаттайтын да, қысқасы, бар жаты жайымыз осы.

Театрдың қаусап тұрган жалғыз шанасы, арық кек аты бар, қантардың шұнақ аязында бұрсен қаққан сорлыны орнынан әрен тұрғызып жегіп болып келді де:

– Ат-шана әзір, қалайсын, қозғала аласың ба? – деді.

Менің жүрелеп қалған түрімді көрді де, көрпеге орап көтеріп шанаға жатқызды. Өзі атты жетелеп жаяу айдал келеді. Тұн қараңғы, жол тайғақ, көпсік қар жоқ, қатқақта әрен келеміз. Ат бір жаққа, шана екінші жаққа таяды. Бұлталақтап жолдан шыға берген

көлікті итерумен Құрекенің сілесі қатты, шабан көкті тартқылаумен қары талды. Атты да, шананы да жеті атасынан тарта боктағанда көше жаңғырығады. Қатты қиналып бебеу қағам.

Таң сарғайып келеді. Жол білетін емес. Карл Маркс көшесінен қазіргі кілем фабрикасы тұрған жерге жету үшін қанша уақыт керек мынадай митың жүріспен. Сол жерде «Красный крест» дейтін жедел жәрдемнің жалғыз ауруханасы бар.

Үш көше қалғанда сілең катқыр кек шолақ сілейіп тұрды да қойды. Шыбыртқыға да, айқайға да селт етпейді, болдырып туралап қалған. Құрекен мені балаша өңгеріп алды:

– Мойнынан мықтап құшақта, жазатайым тайып кетсем қын болар.

«Балаға закым болады» деп еппен-ақ жүріп келеді. Жерде жатсам қолды-аяққа тұрмай зар-зар қағар ем, кісі қолында жаның шығып бара жатса да шыдайсын. Бірақ тұла бойдан қысқан толғақ алқымға тіреліп тұрып алғандай; дем бітпесін деймін, мойнын бұлғалактап алқына берем. Зілдей, бір емес, екі кісінің салмағына, тыптырына төтеп бере алмай, Құрекен тізелері дірілдеп отыра кетеді, мандайынан тер моншақтайды. Аяз. Қос самайын аппақ қырау басты.

Мен шыдай алмай жыладым.

Бір кезде итшілеп жеттік-ау! Өзі де құлады. Мені ішке алып кетті... Таңертенгі сағат сегізде Болатжан дүниеге келді.

Құрмаш аурухана есігін күзетіп таңды көзімен атқызыпты. Есік алдында екі тізесін құшақтап отырған жерінен сестра шығып:

– Сүйінші! Ұлды болдыңыз, – дегенде, Құрмаш орнынан атып тұрып, сестраны құшақтап сүйеді. Қолында сыйлыққа алған алтын сағаты бар еді, сыптырып соны ұстатауды. Эйел байқұс абыржып:

– Мұндай қымбат дүниені ала алмаймын, қойыңыз, – дегеніне қарамастан, ұстатауды да жүгіре жөнеледі.

Баяғы жолда қалған кек ат жарықтық, тапжылмастан тұр екен дейді, шанага сұлай кетеді. Жағдайды сезгендей жануар бұрылып өзінің үйреншікті орнына, театрдың корасына тартады. Екі аяғы екі жаққа кете, етпептей жатқан күйі ат шананың үстінде театрға келеді. Мұны кейбірі басқаға жорып: «Құрманбек қатты мас екен, шана үстінде есін білмей, екі қолы екі жаққа жайыла сұлап жатқанын көрдік» деп те әңгімелепті.

Сейткен Болат қой – Құрманбектің бары да, нары да. Өте өжет. Төрт жасында-ақ әріптің бәрін танып, көрген жазуын ежіктеп оқытын.

Болаттың қызықтары көп. Бірде осы онкүндік кезінде «Жалбыр» спектаклі болатын күні бұл «ложага барам, атаға барам» деп қыфылық салады. Өзінше Жургеновтің мойнынан құшақтап алдында отырам деп ойлайтын болса керек. Құрекен әрі жұбатады, бері жұбатады, бұл болмайды. Сол кезде сахнаның шетінде ложага кіретін есік алдында Жданов, Исаев, Жургенов жолдастар әңгімелесіп тұрады. Жданов жылаған балаға назар аударып:

– Балақай, неге жылайды? – деп сұрайды.

– Тым ерке еді өзі, атаға барам деп тұрғаны...



– Мен ғой ата, қане, бері келе ғой, – деп Жданов Болатты көтеріп ложаға алып кетеді. Бір қуантып, бір жылатқан қызықты құндер-ай! Бүгінгімен тояттап, ертең не болатынын ойламайтын құндер-ай...

Таңертенгісін азанда номерімізге есік қағып Исаев пен Жүргенов кіріп келді. Үрпісіп қалдық, кешегі оқиғадан әлі ес жия қоймап ек. Оның үстіне, біздің кететінімізді біліп қойған екен деп қысылып барамыз. Олардың ойында түк жок, құндей құліп жадырап тұр.

– Балалар, жақсы ұйықтап тұрдыңдар ма? Болатжан қайда? Өй, азамат, ұйқыны соғып жатыр ғой.

Біздің әлденеден сасып тұрғанымызды сезгендей:

– Кешегі қорытынды спектакль тамаша өтіпті, тіпті ана бір қолайсыз жағдайды ескермеген, тұра солай өтуге тиіс деп қабылдағандай. Москва жұрты аса зиялыш ғой, бізге көп нәрседен тағылым берді.

Апыр-ай, неткен қуаныш! Құрекен көздері жайнаңдап құліп сала берді. Мен толқығаным, әлде әйелбастылығым – тамағымда бір түйдек кептеліп тұрып алғандай, жасқа толы көздерімді бұра бердім.

– Ал, балалар, ертенгі шайды мына Ораз ағаң, бәрің менің бөлмеме келіп, Дәмеш женгелерінің қолынан ішесіндер.

Екі асыл аға өстіл күтпеген қуанышқа кенелтіп кетті. 25 майда Кремльдің Георгиев залында үлкен кездесу болды.

Ол тұрасында Жүргенов бізге алдын-ала ескертіп: «саспектар, әбігерленбендер, сендер де бір мәртебелі халықтың үл-қыздарысындар, казақ деген атқа лайық өнер көрсетіп, жүртты таң-тамаша ете білдіндер, енді сол халқыңың мінезі мен қасиетіне лайық парасаттылық, кермиық сырбаз ұстамдылық деңгейінен табылындар», – деген болатын. Десе де мұндаилық салтанатты жиынға ғұмырымында қатынасып көрмеген, оның үстіне үлкен адамдармен бетпе-бет жүздесіп көрмеген басымыз, қорықпақ түтіл зәреміз ұшты. Партия мен үкімет басшыларын газеттерден көреміз, одан соң онқұндіктің үшінші құнінде «Қызы Жібекке» келіп, үкімет адамдағының ложасында отырғанын білеміз. Әйттеуір ол күні со жакқа қарамауға тырыстық, қарасақ, құлал қалатындағы көріндік.

23-май күні онқұндігіміз үш жұз адамдық үлкен концертпен аяқталды. Бұл концерттің қандайлық әсер еткенін ертесінде-ақ жарқ ете қалған орталық газеттердегі мақалалар айтады: Мәселен, «Комсомольская правда» (№ 119, 24-май, 1936 жыл) газетінде жарияланған мақаладан үзінді келтіруге тұра келді, өйткені таза халық әндерінің қай жүректен болса да жол тауып, сүйсінте алатынын құрметті оқушыма тағы бір құлаққағыс етсем деген ойым бар.

«23-майда Үлкен театрда қазақтың халық музыкасы, әндері және күйлерімен, билерімен қазақ өнерінің Москвадағы онқұндігі аяқталды. Бұл концерт қазақтың музикалы мәдениетінің бар үлгісін көрсету арқылы халықтық творчествоның інжумаржан қазынасын ашып, ғасырлар бойы қалыптасқан көркем мәдениетінің ен үздік түрлерін паш етумен Ұлы пролетарлық революциядан кейін қайта жаңғырған талантты қазақ халқының жарқын да бақытты еркін өмірінің көрінісіндей болды.

Концертті КазЦИК атындағы Ахмет Жұбанов басқарған халық аспаптарының ұлттық оркестрі ашты. Шымылдық сырғып ашыла бергеннен-ақ аса көркем ұлттық киімге малынған оркестранттардың сахнадағы әсем көркіне сүйсінген көрушілер тасырлатып қол шапалақтап жіберді.

Оркестр бірнеше әндер мен әртурлі күйлерді орындағы. Оркестрге қосылып жеке дауысты музика театры мен Қазақ мемлекеттік филармониясының артистері – Қуләш Байсейитова, Жамал Бейсембаева, Ж. Елебеков, Б. Балабеков ән салып, түрлі лирикалық, сатиралық, түрмисстық және ерлік тақырыптағы әндерді орындағы. Музика театрының бишісі Шара Жандарбекова және балет ансамблі «Қызы Жібек» пьесасынан билер орындағы.

Бірінші белімнің соңғы аккордындай айрықша әсер еткен. Алматыдағы қазақ хореография мектебі түлектері – жиырма баланың биі болды. Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару» балетінен вальс орындаған өрімдей жас бишилердің сымбатты да сұлу биіне сүйсінген жүртшылық ду қол шапалақтап, концерттің екінші белімнің басында қайта билетті. Екінші белім түгелдей ұлттық ойын, ән-бимен өтті.

Сахнада таулы ауыл көрінісі: жастар жиналып ән салады, бір кезде оргытып «Ортеке» биі кетті (билеп жүрген текелерді бейнелейтін қуыршақ театры).

Тойдағыдай қызыл-жасыл киінген жастардан сұрылып екі жігіт шығып күресе бастады. Ол аяқтала бере дуана шығады. Қазақстанның халық артисі Е. Өмірзаков дуана рөлін келістіріп орындағы. Жүртшылық бұған сүйсініп бола бергенше, төкпе ақындар шыға келіп айтысты бастап жіберді. Бұл да бір өзіндік ерекшелігі мол, көнілді де көрікті көрініс болды.

Сонында барша колектив қосылып хор орындағы. Музыканттар, әншілер, ақын-жыраулар, бишилер, орталарына тоқсандағы Жамбылды алып, сахнада тұрып көруші қауымға, партия мен үкімет басшыларына аса ризалық ілтипаттарын көрсетіп дуылдата қол соқты. Ду қол шапалакқа ұласқан «уралаған» қуанышты үндер көпке шейін толастамады».

Міне, ешбір артық-кемі жоқ осындағы шабытты шалкулар қазақ өнері мен әдебиетінің өкілдерінің басында өтіп жатты.

Темірбек Жүргенов өз номеріне Құрманбек екеумізді ғана шақырмаған екен. Құләш, Қанабектер бар бірнеше актерлерді шақырыпты. Ондағы әңгіме төркіні де бүгінгі Кремльде өтетін қазақ артистері мен Мәскеу өнер қайраткерлерінің кездесуі жайлы болды.

Қанша жүрек жүтқан болсан да қын екен. Әсіресе партия мен үкімет басшыларын бетпе-бет көру, сөздерін жаңынан есту – эй, адам иланғысыз жайлар-ау. Ойбай-ау, басқаны қайдам, өзім-өзімे орын таппадым...

Кремльдегі кездесу кешкі сағат сегізде, ал біздер жетіде сонда болуымыз керек. Ерлер түгелдей қара костюм, ақ жейде, қара ботинка киіп, галстук байлайды. Ал Құләш пен Шара ұлт киімін кисін деген жарлыкты да Жүргенов бізге күні бұрын жеткізген.

– Банкет болады, тәртіпті отырындар. Қатты дауыс көтеріп сөйлемендер:

орындарында әрлі-берлі қозғалактап, базарға тұңғыш келген ауыл баласындағы алақтап жан-жақтарыңа қарай бермендер. Театрдың асханасындағыдай вилка-қасықтарды салдырлатып, ыдыс-аяқты салдыр-күлдір еткізіп жүрмендер. Алдарында көп рюмкалар, шанышқы, қасық-пышақтар болады: қара басып құрдасындың үйине келгендей әзілдеген бол сұғанақтана көрмендер. Және де әрқайсысын бір ұстай бермендер. Ең бастысы – ағыл-тегіл дүние екен деп арақ-шараптан сылқылдатып іше бермендер...

Міне, «Москва» қонақ үйінің залына бәрімізді жинап алып Исаев пен Жүргеновтің катты қадағалап айтқаны осылар. Бірінші тосты Күләш айтып көтертеді, екіншісін Мұқан (Әуезов) айтады, қалғандарын тыныш отырасындар дегенді де со жолы естідік.

– Қазір бәрің демалындар, сағат алтыда төменге жиналындар!

Демалыс қайдан болсын. Күләш екеуміз бір-бірімізге қатынал:

– Сен не киіп жатырсың?

– Сен не киіп жатырсың? – деумен өзімізге де тыным тапқызбадық, көз шырымын алуға қисайған ана екеуіне де дамыл бермедік.

– Өй, екі жынды қызы, койсандаршы, белгілі емес пе не киетіндерің? – деп әбден болмағасын үйқысы мазасыздау Құрекен екеумізді бөлмeden куып шықты.

Дәлізде тұрып сылқ-сылқ күлеміз. Әй, жындымыз-ау! Бірақ жыирма төрттегі бізден не көсемдік сұрарсың...

Балалықпен қанша жарқылдан күлгеннен де Күләштің бүгін банкетте сөйлейтінін еске алсақ болды, жым боламыз.

Кешкі алты бол қалды, қонақ үйдің астыңғы фойесіне жинала бастадық. Басқыштан сырбаздана түсіп келе жатқан мына сыптай сулу кісілерді танымай қалатындастың! Су жаңа қара костюм киіп, ақ шаңқан көйлектің жағасы қатырмаланып, қораптан ілкі әзірде ғана алынып киген бәтінкелері жалтырап – бәрі шетінен кербез де манғаз.

Күләш екеуміздің ұстімізде: қосетек жібек кейлек, қынама бел камзол, қамар белбеу, басымызда қарқара – әшекейлі, үкілі күндыз жекей, қос бұрымға сыйдыратып шолпы тақтық, жүргенде тілерсекті соғып, күміс тенгелері күмбір-күмбір етеді. Аяқта өкшелі оюланған қызыл кебіс. Былқ-сылқ басамыз, екеуміз де жаспыз, әрлі де шығармыз, сондықтан жүрттың көзі де бізде. Бір жігіт шыдай алмай:

– Несін айтайық, Күләш – Шара, екеуің көк аспандағы қос жүлдизсындар! Сахнада сұлусындар ма, әлде өмірде сұлусындар ма?! – деп-ақ келе жатыр еді, Темекен естіп калып:

– Комплімент айтатын жерді тапқан екенсің! Желөкпеленбей жайына жүр, – деп тыйып тастады.

Әрқайсымыздың қолымызда шақыру қағаз – атымыз, фамилиямыз, отыратын орнымыз жазылған.

Кремльдің Георгиев залы неткен ғажап! Ертегілерден оқитын алтын сарайлар осы-ақ шығар! Еденінің өзі мұз айдынында жалтырайды, небір алтыннатқан әсем суреттер көздің жауын алады. Ақ сүттей жарық шашқан хрусталь шамдалдарды көрудің өзі бір арман ба дерсіз.

Күләш екеуміз кол ұстасып алғанбыз, мәнерлі коньки теуіл жүргендей, мәрмәрлі көк еденде тайғанак қагамыз. Төбемізден төніп тұрган сүт сәулелі шамдалдарға қараймыз деп жалып етіп тайып түстік бір кезде! Ұят-ай. Абырой болғанда, өзіміздің адамдардан басқа ешкім көре коймапты. Тұра береміз деп тағы тайдық. Со кезде бір әлуettі қол Күләш екеумізді как айырып кос көлпектан ұстай алды. Жалт карасақ – Сәкен ага! Сасқаннан тағы құлай жаздатық. Сымбатына салтанаты сай бұл ардагер ағаның бетіне тіке қарал сейлеуден де именетінбіз. Мойыл көздері нұр жайнап, бір қарағаннан жүзінді шарпып алатын ғажайып сұлұлығына сұсты тәқаппарлығы тұра келген, казақ поэзиясының кызыл жалауын қолында алаулатып жүрген бүкіл Одакка мәшнүр адамды осылайша жолыктырамыз деген Күләш пен менін үш ұйыктасақ, түсімізге кірер ме екен?

– Ал қыздар, калқам, онша абыржымаңдар. Қәне, Шара, биши емессің бе, аяғынды әсем бас. Бүгін екеуің де ғажап сұлусындар, тек бір арзанкол жаман этірді жағыныпсындар, бұларың болмаган екен, – деп канша жұқалап айтса да кос келіншек бетімізден от шыкты.

Сәкен аға ак иық қырантай мойнын әсем бұрып екеумізге кезек қарал қойды, езу тартып сәл жыныды, бипаздал өсірген құңдыз қара мұртынын ұштары дір етті.

– Уака емес, жассындар алі. Сендерді емес, ана екі жігітті кінәлауға тұра келер: гүлді колшарына қондырған екен, балттай да білсін! Қымбат этір сатып әпере алмайтын негылған нашар қүйеулер өздері? Джентльмен емессіндер деп екеуін бір желкелейінші, – деп аса қымбат матадан тігілген сұліктей қара костюмінің өнірін ашқанда крахмал жағалы ак койлек, қара бантік, карасүр атлас жилет – мүсіндей таразы бойына қандайлық қонып тұрганын көріп сәл антарылып қалдық. Шынын айту керек, кей адамға алтын костюм кіссе де жараспайды, кей адам мыржық-тыржық шалбарын өмірі үстінен тастамай, олшиып-солшиып қалай болса солай жүре береді. Эйелі үтіктең бермесе, шалбарына қай жылы қыр салынғанын да ұмытады. Несін жасырамыз, біздің артист қауымынын ішінде осындаілар кездеспейді емес.

Кезінде көрбездікті «шіжонство» деп, сұлұлық-әсемдік атаулының бәріне шоклар ала жүтіріп, бұларды буржуазиялық көртартпа таптың мұлқі санап адасқандар болғанын білеміз. Алыр-ай, сұлұлыктан қашканда, тапканымыз – көрік-кескінсіз мұскін, дерекі дүниелер болғаны ма?

Тап мұны ойлаута казір менде мүмкіндік қайдан болсын, Сәкен аға тес қалтасынан сұрып әдемі құты ұсынып тұрды.

– Мынау француз дұхыны, қәне, үстеріне шашып әдеміленіп алындар. – Шынашактай құтыны алдық та әуелі Күләш, одан мен басымыздан төмен құя салдық. Ішінде болар-болмас бірденесі қалған шишишін өзіне бере салдық, сейттік те зыттық.

Артымызға бұрышып карасақ, Сәкен ішек-сілтесі ката күліп, ақ жібек орамалмен көзін суртіп тұр екен. Эй, жабайылық-ай! Этірді шым-шымдан алкымға, құлактың түбіне жұқалап кана жағатынын білмеппіз ғой. Негұрлым бұркыратып жағып исін шығарып жүрсек, сол жаксы деп ойлаптыз.



* * *

Тағы да шежіре-фактіге жүгінейік.

«Правда» (№ 143. 1936-жыл, 26 май) газетінен:

«25 майда Үлкен Кремль Сарайының Георгиев залында Москвада гастрольде жүрген Қазақстан артистерінің москвалық өнер қыраткерлерімен жолдастық кездесуі болып етті.

Кешкі сағат сегіз мөлшерінде Кремль сарайына астана қоғамдық үйымдарының көптеген өкілдері келе бастады. Олар – режиссерлер, артистер, жазушылар, кино және радио қызыметкерлері, суретшілер, мұсіншілер. Толық құраммен Қазақтың мемлекеттік музыка театрының колективі, Қазақ мемлекеттік филармониясының және КазЦИК атындағы ұлт аспаптар оркестрінің артистері, тоқсандағы Жамбыл бастаған республика ақындары келді.

Зал төрінде «Қазақ халқына сәлем!» деп қазақша жазумен ұран ілінген.

Партия мен үкімет басшылары төрдегі президиум столына жайғасты. Олармен бірге Қазақстан Совнаркомының председателі Ораз Исаев жолдас, Қазақстанның халық артисі Елубай Өмірзақов, еңбек сінірген артистка Күләш Байсейітова, балет бишісі Шара Жандарбекова отырды...

Кіріспе сез алып кездесуді СССР Совнаркомы жаңындағы өнер жөніндегі Бүкілодактық комитет председателі П. М. Керженцев жолдас ашты. Сөзінде ол Советтер еліндегі ең жас театр – қазақ музыка театры мен қазақ филармониясының қол жеткен табистарын, бұлардың зор шеберлік дәрежесінде өнер көрсете алғандығын айтты.

...Керженцев жолдас сезінің қорытындысына талантты қазақ артистері үшін, Қазақстан үкімет басшылары Мирзоян, Исаев жолдастар үшін деп тост көтеріп, соңғы сезін қазақша:

– Жасасын қазақ халқы! – деп бітірді».

Мақалада қысқаша Күләштің сез сөйлегенін, одан соң Жүргеновтің «Қазақ халқы өнер баспалдақтарын қалай игеріп келіп, енді бүгін соның үш жүз өкілі Кремль сарайында отырғаны – сол баспалдақтардан мәдениет биіктігіне көтерілгендігінің айғагы екендігін» айтқан сезін келтіреді. «Біз, – дейді Жүргенов, – Москвада көп нәрсені үйрендік, өз жұмысымыздың сапасын бұдан да әрі жақсартып, Қазақстанда мәдени революцияны өркендете түс міндеттерін қабылдадық».

Кездесуде республика халық артисі В. И. Немирович-Данченко өте әсерлі сез сөйлем, тост көтергенін, Исаевтың қазақ халқы мен үкіметі атынан жалынды сез айтып, бұл кездесудің қазақ халқы тарихында өшпейтін факт болып қалатынын, осынша зор құрметтің лениндік ұлт саясатының арқасында болып отырғанын айтып тост көтергенін мақалада келтіреді.

Мәртебелі газеттегі мақала сонында:

«Кездесу кешінің сонында «Қызы Жібек» операсынан қыздар хоры, Байсейітованың әні, Жандарбекованың биі, суырып салма ақындардың айтысы, сол секілді Пятницкий атындағы хордың әні, армян әншісі Мкратчянның, республикаға еңбек сінірген

артисті М. П. Максакованның орындауындағы әндер, Қызыл тулы қызыләскерлер ән-би ансамблінің өнері зор ықыласпен тыңдалды.

... Аристер өнеріне кездесуге келгендер катты риза болып дүркін-дүркін қол сокты», – дедінген.

Күләш тост айтты, оған катты дұылдан қол соғылды.

Сөз ретінде ескерте кетейін: макалада айтылмаған-ды, алайда Демьян Бедный сөз алды, Мұхтар Әуезов сез алып тост көтерді. Өте әсерлі, мәнерлі сөйлемді.

Концерт президиум отырған сахнада етті. Ворошилов көнілденіп кетіп қызыл-әскерлер ансамблінің сүйемелдеуімен екі ән айтты. Ұлken театр әншісі Рейзен орыстың халық әні «Дубинушканы» айтканда, бүкіл отырғандар қосылып үлкен залды күнірентіп жіберді.

Күләш «Геккүді» әсем орында орнына отырғанда караса, алдында – хрусталь ваза, оған гүл салынған. Мен де билеп келіп отыра бергенімде, карасам – менің де алдында хрусталь вазасымен гүл. Екеуміз кас қағыстық: «аламыз ба, жоқ па?» Ваза өте сұлу, құмай мойынды, гүл бедерлі құмыра. Алмаудың өзі өкініш, ал бірақ Темкен «ешнәрсесіне тимендер» дегесін коркып отырмыз. Көзіміз мәлдіреп әлгі құмырага қарай береміз. Сейтіп отырғанда қарсы алдында қылыш мұрты едірейіп құлмендеп Буденний тұра калмасын ба: биге шакырады! Оркестр мың құбылтып орыс биін ойнал жатыр екен, құстай үшіп атакты маршалмен билеп кеттім.

Шіркін, заман-ай!...

Тамаша біткесін қызу қол шапалактан, бізді осынша биіктетіп мәртебемізді көтерген ұлы социалистік Отанға, оның басшылары мен ардагер ұл-қызына алғысымызды айтып жеткізе алмай, көзімізде жас мәлтілдеп, ал москваликтар бізге деген ак берен риза көнілдерін, асып-тасқан қуаныштарын кайтіп айтып тауысарын біле алмай ұзақ қол шапалактан тұрып алыстық.

Нөмерімізге келсек, бағы қөздін жауын алған ваза гулімен жайқалып столымыздың үстінде тұр! Ой, қуанғанымыз-ай!

* * *

Кисык мойын қыздар, калай, амансыңдар ма? Жүректерін орнына түсті ме? – дейді ертесіне Ахмет Куанұлы Жұбанов. Кеше бір бағытқа қараймыз деп мойнымыз қарысып калғанды айтып тұр. Күлдік.

Бапшен, бишаздан сөйлейтін кісі ғой, әр сөзі мірдің оғындаі. Әңгімеге де ұста, анау-мынауды айта бермейді, арзитындарын ғана айтады. Бірде ол құлімсіреп есіне бір жайды алды.

Жеті жастагы қызы Газиза екеуі төрт колдан пианино ойнайды. Пысық та алғыр Газиза музықант болуға жаратылғандай-ак, қарғадайынан тырмысып нота игеріп, музыкалық аспапта еркін ойнайтын болады. Сонымен әкесі екеуі бір шыгарманы тартып отырса, қызы кейіп:



- Папа, сен дұрыс ойнамай отырсың! – депті. Сонда әкесі:
- Қарағым-ау, сен ғой нотаны жеті жасында игердің, ал мен он жеті жасымда ғана барып до-ре-ми-дің не екенін үқтыйм, – дейді.

Мұны ол үлкен мақтанышпен айтатын. Сол Ақанның ұйымдастырған ұлт-аспаптар оркестрі Мәскеу жүртшылығын таңқалдырып, онқұндікте қазақ өнері алған атақ-даңққа өз үлесін кости.

Мұны тегін еске алып отырғам жоқ, жиырма екі жасымда мен станок қасында қақшиып тұрып – «тандью», «батман», «шэнэ», «фуэт» деп келетін балет қымыл-қозғалыстарын, көзімнен сорам ағып тұрып, игерем, үйренгем. Ал музикалық сауаты мүлде жоқ, тек жомарт табиғат жарылқаған таланттымен опералық рөлдер атқарып, ең биік ноталарды еркін алатын Манарабек Ержановты осылай еді деп мәскеуліктерді сендіріп көрініз. Сол секілді Күләштің, Құрманбектің, Қанабектің, Үрияның, тағы басқаларының қайсысы консерватория бітіріп, немесе итальяндық ән мектебінен тәжірибе алып еді? .

Бүкілодактық староста атанған СССР Орталық атқару комитетінің Председателі М. И. Калинин жолдастың қолынан «Құрмет белгісі» орденін алған күн – мен үшін ең бақытты күн.

27-май күні. Барлық орталық газеттер бірінші бетінде анадайдан жарқыратып қазақ әдебиеті мен өнерінің өкілдеріне үкімет наградаларын беру туралы Указ жариялады.

Күндізгі он екіде Кремльге келдік.

Әр адам өмірінде толқымай, тебіренбей айта алмайтын бір сәт болады, мен үшін де солай. Сондықтан, өзім жеткізіп айта алмайтын болғасын, газеттердің біріндегі мақаладан үзінді келтіреміз. Міне, «Социалды Қазақстан», 29-май, 1936 жыл. № 112.

«Қазақ көркемөнерінің шеберлеріне ордендер тапсыру» деген тақырыптың астында:

«СССР Орталық атқару комитеті Президиумының майдың 27 күні М. И. Калинин жолдастың председательдік етуімен өткен кезекті мәжілісінде украиндықтар мен қазақ көркемөнер шеберлеріне ордендер берілді. Украинаның мемлекеттік опера мен балет театрына Одактық үкіметтің берген Ленин орденін Калинин жолдас театрдың «уш тағанына» тапсырды. Награданы алып тұрып театр директоры Яновский жолдас Ленин ұлт саясатының арқасында Украина мәдениетінің гүлденгенін тебірене айтты.

...Қазақ театрының шеберлері атынан Қазақстанның еңбегі сінген артисткасы Күләш Байсейітова сөйлемді. «Бұл атакты награданы езілген халықтарды қайта туғызған Лениннің ұлы партиясының арқасында алып отырмын, – деді. – Қазақтың халық көркем-өнерін өркендету үшін барлық күшімді саламын, опера шеберлігінің жоғары техникасына жетілемін», – деп уәде берді Күләш Байсейітова.

Қазақстанның халық ақыны 90-дағы Жамбыл Жабаевты мәжілістегілер ду қол шапалақтап қарсы алды, оған Еңбек Қызыл Ту ордені берілді.

«Қазақтың совет әдебиетін өркендетудегі ерекше еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту ордені берілген Сәкен Сейфуллин жалынды сөз сөйлемді», – деп мақалада кен түрде хабарланған.

Шара тым шежірешіл болып кетіпті деп маған кінә тағылар да, одан үркіп отыргам жоқ, бірақ ауызекі сез – сөз де, баспасөз фактісі – 1 тарихи документ. Және де өз жаңыңа жақын өз ұлтыңың өнері туралы жылы лебіздерді аттап кету мен үшін қиянат та. Қазак өнері мен әдебиетінің сол бір шыған биікке шыққан шарықтау шағын, өрлеу кезеңін көзіммен көрген күзегердің бірі ретінде кейінгі, бүгінгі ұрпаққа өзім ғана баяндамай, сол кездің баспасөзінің пікіріне молырақ сүйене отырсым, ой-өрісім де қанат жая бастағандай болады. Несін жасырайын, мақтаныш та бар, «міне, біз туралы осылай деген, балам!» дегім кеп тұрады. Өйткені бұдан қырық бес жыл бұрынғы, архивте қөнеріп, сарытап болып жатқан, латын әрпімен терілген газеттерді ғылым құған жан болмаса, былайынша ешкім барып әдейілеп оқи да коймас деп ойлаймын. Сондықтан Калинин ақсақалдың украин және қазақ мәдениеті қайраткерлеріне ордендер тапсырып тұрып сөйлеген сезін түгел болмаса да әр жер, әр жерінен мысал ретінде үзінділер келтіре кетсем деймін. Калинин жолдастың сезінде бүгінге дейін құнын жоғалтпаған нәрлі пікірлер бар.

«Бүгін Украина мен Қазақ республикаларының көркемөнер қызметшілері орден алғып отыр. Украина мен қазақ театрларының Москвадағы ойындарын астананың еңбекшілері ерекше қуанып қарсы алды.

Ұлт тілдерінде болған опера ойындарына Москва жұртының қол шапалактауы украин мен қазақ жұртының қол шапалақтауынан кем болған жоқ. Мұның себебі не? Мұның себебі: халық көркемөнерінің өзін білмейтін тілде көрсетілсе де, қай халыққа болса да түсінікті, жақын болып отырғандығы. Мен қазақ және украин театрларының ойындарында болдым, сол ойындарда таныс жолдастар да көп болды.

...Бізде халық көркем өнері дегенді жабайы нәрсе деп ұғынатындық бар. Халықтікі дегенде сол сезіді тырнақшаның ішіне ала сөйлейтіндік бар. Бұл өте үлкен кате. Көркем өнердің ең жоғарғы, ең талантты, ең данышпан түрі – халық көркемөнері, басқаша айтканда, халықтың қоңырлінде қалған, халық сақтап келген, халықтың әлденеше ғасырлардан бергі бірден-бірге қалдырып келген көркемөнері – бұл күмәнсіз. Өздерінізге мәлім, құны жоқ көркемөнер халықта сақталмайды. Халық та бір, алтын іздеуші де бір; ол ең бағалы, ең данышпан нәрсені ғана іріктең алып, сақтап, өндеп, әлденеше он жылдар ұстайды.

Сонымен, қазақ пен украиналықтар Москваға өздерінің халық творчествосымен келді. Біздің жұртымыз бұларды толық ұғынды, бұларды өте кошаметтеп қарсы алды», – деп келіп Калинин жолдас мұндай онқұндықтердің саяси-әлеуметтік маңызын да түсіндіре кетті:

«Сөз жоқ, біздің социалды құрылышымыз таяу уақыттың ішінде өзара жарыс негізінде, барлық ұлт республикаларымыз көркемөнердің түрлі саласында бұдан да үлкен талантты басшылар мен тамаша жасаушыларды жарыққа шығарады. Сөз жоқ, халық та нағыз артықша көркем және данышпан шығармаларды туғызып бұрынғыдан да жемісті етіп өндейді... Бұлардың Москвага келуінде, осы жұмыстағы көрсеткен инициативасында орасан үлкен маңыз бар. Бұлардың ойындары Советтер Одағындағы

халықтар арасындағы айнымас берік туысқандық, жақындық барлығын көрсетті. Олардың ерекше үлкен бағалы болып отырган ісі де осында.

Халық ұлт өнерінің алғашқы өкілдерін – украиналықтар мен қазақ жолдастарды шын көніліммен құттықтаймын. Біздің өзге республикаларымыз да Москваға өз көркеменерінің талай-талай тамашасын көрсетеді деп сенемін. Украиналықтар мен қазақтардың ардакты награда алғанына тағы да құтты болсын айтамын, бұлар совет астанасына әрдайым келіп тұратын қалаулы мейман болар деп ойлаймын!»

«Социалды Казақстанның» осы аталмыш номерінде Темірбек Жұргеновтің «Женғен халықтың көркеменері» деп аталатын «Правдадан» радио (қазіргіше телеграф) арқылы алынған бас мақаласы кешіріліп басылған. Газеттің төң жартысына жуығын алып тұрған бұл мақаламен қатарлас Құләш екеуміздің «Қызы Жібекте» киіп шығатын костюмізбен түсken үлкен портрет-суретіміз басылып, онда: орден алған артисткалар, деп, текст берілген. Газеттің ішкі беттері де қазақ өнерінің қайраткерлеріне арналып, Серке Қожамқұлов туралы және «Біздің Жұбанов», «Композитор Брусиловский» деген суреттемелер берген. «Жамбылдың ордені» деген мақаланы Фали Орманов жазған.

Бір қызық нәрсе, үкімет наградаларын алған біздердің қуанышымызға бүкіл Қазақстан қуанып, Москваға жер-жерден телеграммалар жаудырыпты. Сөзім дәлелді болу үшін тағы да осы газеттің материалына жүгінемін:

«Орденділерді бүкіл халық құттықтайды» деген тақырыптың астында «Үкіметтен ұлы награда алған Қазақстан көркеменершілерін құттықтаған телеграммалар басқармаға күн сайын келіп жатыр. Қазақстанның кесіпорындарындағы стахановшылар, ауылдағы колхозшылар көркеменердің зор дәрежеде күшейіп, ілгері басқанына қатты қуануда», – дей келіп республика жер-жерінен келген құттықтау хаттарға қысқаша шолу жасайды.

«...Еңбекшілдер, Көкшетау, Ақмола, Қызылту ауданының (Карағанды облысы) колхозшылары үкімет қаулысын құшагын жайып қарсы алумен қатар, көркеменерді күшайте берудің керектігін айтып отыр.

– Біздерге патефон, гитара, домбыра керек. Көнілді, қуанышты тұрмыста бұларсыз отыруға болмайды... »

«Степняк, Караганды жұмысшылары награда алушыларды құттықта, жұмысты жақсы істеу үшін жаңа міндеттер алуда, өзара социалды жарысты қыздыруда».

«Қазақ педагогика институтының колективі Мирзоян жолдасқа жіберген телеграммасында былай дейді:

– Сіздің басшылығыңызбен социалды ұлт мәдениеті майданында әлі де табыстарға ие болатынымызға көзіміз жетеді».

«Еңбекшіқазақ МТС-ның жұмысшылары, мамандары, трактористері награда алғандарды құттықтаған былай дейді:

– Қазақстан – көркеменері қарыштап ескен ел, осы жолмен ілгері басуға ешкім шек келтіре алмайды».

Міне, құрметті оқушым, қазақ мәдениеті қайраткерлерінің зор табысын өз табыстарындей көріп, жүрекжара қуанумен қатар, республика еңбекшілері жаңа

міндеттер алғып, біздің табысымызben жігерленіп, үстеме енбек каркынын көрсеткен. Тілгі енерге деген ықылас-ынтасты бұрынғыдан да артып, «жұмышшылар, колхозшылар шатефон, гитара, мандолина, домбыра, тағы басқа құралларды алуға заявка бере бастанды», – дег жаңды газеттерде.

Социалистік Отанын ұлы Коммунистік партиясынын аркасында қауызынан жаңа ашылған гүлдей бүр жарып, құлпыра өсіп келе жатқан түрі үлттық, мазмұны социалистік советтер халқының мәдениеті осындайлық зор табыстарға жете бергенде... эттең соғыс!

Төсімізге орден қазап, жүзіміз күндей жарқырап Кремльден шығып келеміз. Ол кезде орден таққандар онша көп емес, сондыктан ба көшедегілердің бәрі бізге қарайтын секілді. Астана аспаны да со күні бұтынғыр пердесін түріп, шайдай ашылып, күні жарқырай қалыпты. Елдің еңесі биік, бәрі бізге қарайлыш, біз оларға қараймыз. «Осы араңа дүкен бар, кіре шыкпаймыз ба?» – деді Күләш ақырын.

– Дүкен-мүкенді коя тұрындар, ертең екі айлық жалақыларынды, тағы қосымша үстеме сыйлыққа деңгендерінді алғып карк боласындар. Сонда кәнеки, бар Москва университетарын көтеріп әкетеміз десендер де мейлілерін, – деді Жүргенов құлімсірей.

Омырауында Енбек Қызыл Ту ордені, енселі мол тұлғаты тұрпатынын өзіне-ак кісі сүйсінерлікте. Мен, рас, бұл кісіге сүйсіне қарадым. Осы кісінің қажырлы қайраты, болаттай қатал, мейірлі тұста тұған анаңдай аялайтын айрықша мінездері болмаса, алдекалай болар едік деген ой үялалы менде.

Біздің казакстанлық делегациядан он үш адамға үкімет наградалары беріллі. Енбек Қызыл Ту орденін алғандар: Жамбыл, Күләш, Сәкен Сейфуллин, Темірбек Жүргенов, Курманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзаков, «Құрмет белгісі» орденімен Қанабек Байсейітов, мен, Манарабек Ержанов, Үрия Тұрдықұлова, Серке Кожамқұлов, Қалибек Куанышбаев, Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский награлталдык.

«Казак опера өнерін, музыкасын, әні мен биін өркендету ісіндегі үздік еңбегі үшін» дег біздерге, артистер қауымына наградалар берілсе, Сәкен Сейфуллин мен Жамбыл Жабаевка: «Казак совет әдебиетін өркендету ісіндегі үздік еңбегі үшін» дег арнайы Указмен наградтаган.

Осылан артық қандай құрмет, мәртебе болмак! Үлттық өнеріміз бен әдебиетіміздің жұлдызы жарқырады деген осы да!

Жамбыл атамызға награда беру туралы Указда оны «Казак АССР-ның халық ақыны» деген. Тоқсандағы жыраудың сонғы демі біткенше, талмастан Советтік Отаның өзінің сарқырама судай толассыз поэзиясына ту қып өткені баршамызға аян. «ХХ ғасыр Гомері» дег тегіннен-тегін атальмаса керек.

Сол қауылда сонымен катар казақ артистерінің тұрмыс жағдайын жаксарту мәселелері де каралып, бекітілді. Алматыда «Артистер үйін» салу, яғни Мемлекеттік казақ музыка театрының артистері тұратын пәтер салынып, оған бір миллион сом каражат бөлінген; Театр үйін салып оған бұрынғы бөлінген каражатқа үстеме екі млн



сом беру; Хореография мектебі салынып, 1 500 мың сом қаржы бөлу; барлығы – төрт жарым миллион сом қаржы босату белгіленді.

Бұдан артық бақыт, бұдан артық қуаныш болар ма!

Қазіргі Абай атындағы опера және балет театрының әсем ғимараты осы үкімет қауысынан кейін бой көтерді. Москвандық Улкен театрды үйімен бой таластырыған, архитектуралық үлгісі, нақышы да келген, залдағы орындықтар мақпалмен көмкеріліп, оюлары алтын түстес бояумен бедерленген – айта берсе таусылмайтын бұл ғимарат шынында көрсө көз тойғысыз. Хореография мектебі Коммунист проспектісінің бойында; Виноградов көшесі мен Мир көшелері түйіскен жерде артистер тұратын пәтер үй салынды. Қазақ артистерінің небір тарландары осы үйде тұрады, үрпак өсіріп, балапан түлетті дегендей бұл үйдің өзіндік сырты мен тарихы қат-қабат.

* * *

Кейде кешкісін серуендейтін әдетім. Саялы көшелермен жүріп келе жатып осы тұсқа, біреу шегелеп кеткендей, таяна бере қалт тұрамын да қаламын. Мынау, міне, Консерватория, кейіннен Өнер институты, оң жақ қапталда актерлер үйі, одан бертінде «бұл үйде композитор, академик Ахмет Жұбанов тұрган» деген мемориал-тақта жapsырылған енсілі ақ үй. Селк ете түстім: мен үшін Ахмет Жұбанов әлі тірі сияқты еді, сырғақтай басып Коммунист проспектісінің арғы бетінен бері өтіп келе жатқандай...

Мен үшін Каллеки де, Сераған, Шәкен, Елаған да дін аман, шырайлы жұздерімен, шұрайлы сөздерімен жұртты қарқ қып жүргендей; Құрманбек, аяулы Құрекен де мүйіз сапты таяғына сүйене, Консерватория үйінен қасына ерген шәкірттеріне әлденені қызықтай әңгімелеп, қауқылдай күлісіп келе жатқандай... Ол осы Консерваторияның профессоры болатын.

Күләш та «аспандағы аққумен үн қосқан» әнімен опера театрында шырқап тұргандай... Иә, өткен екен олар... тек өкінішті өмір сүрмегені қандай бақыт!

Осы бір аралар мен үшін оттай ыстық: менің де бар өмірім, тіршілік-карекетім осынау Фурманов, Калинин, Коммунист проспектісінің киылыштарында өткен екен. Ботаника бағына әлемнің жер-жерінен әкеп еgetін асыл тұқымды ағаштардай, қазақ мәдениетінің ғимараттары қаздай тізіле осы араларға қоныс теуіпті. Алматыда туып-өсіп, бой жетіп, ат жалын тартып азамат болып, енді міне шашты ақ қырау шалып, кәрілікке бойсұна шау тартқан шағымда да, бірер жасты сілкіп тастап сонау киіктің асығындағы онтайлы, жас шағыма жетіп Алматының оқтай тұзу көшелерімен жүгіріп өтсем деймін.

«Көніл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» депті баяғыда біреу, сол құсап көніл түскірдің алыстап кеткен арман аспанында шарқ ұратыны бар. Жеткенің қайсы, жетпегенің қайсы дегенде, кейбір қолға түсіп тұрып ұстай алмаған армандар, жылдар тозанының астында қалса да, еске оралған сэтте бүйрекке біздей қадалып тұрып алады...

ДОС, АДАЛ ДОС

Мен 1936 жылы Отан жүргегі Москвада өткізілген қазақ әдебиеті мен өнерінің тұнғыш онкүндігіне қатысу бакытына ие болдым. Ол азаттық танынан жарық алған жас республикамыздың өміріндегі ұлы оқиғалардың бірі еді. Ондағы, әсерді әрине, бүгін тілмен айтып жеткізу кын. Әйтсе де, онкүндікке әзірлік және оны өткізу кезіндегі бүкіл шаралар күні бүгінге дейін кез алдында тұр.

Москваға Үлкен театрдың филиалында өткен өнер мерекесі «Қызы Жібек» операсының постановкасымен басталды. Залда көрермендер өте көп болды. Ушінші акті басталар алдында үкімет мүшелеріне арналған ложаға ВКП (б) Орталық комитеті Саяси Бюросының мүшелері келіп отырды. Ложада сондай-ақ, Қазақ АССР-і Халық комиссарлар советінің председателі Ораз Исаев пен республика Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтер де болды. Олар партия мен үкімет басшыларын сахнада жүріп жатқан операның либреттосымен қатысушы адамдармен таныстырып отырды. Міне, соңғы үшінші акті басталды. Шымылдық баяу ашылып, аяғының басына дейін төгілдіре ажібек көйлек киген Күләш Байсейітова шықты. Көрермендер осы сәтте оны айдында жүрген аккута ұқсатқан еді. Сахна еркесі шығысымен Қызы Жібектің мұнға толы атақты ариясын шырқай жөнелді. Артистің көзінде жас, аузында ән. Оның ашық та, мөлдір дауысы бүкіл зал ішін кернеп кетті. Осы сәт әншінің көзі ложада отырған үкімет мүшелеріне түсіп еді. Бірақ ол қысылып-кымтырылған жоқ. Қайта сахнаны өзінің құдіретті өнерімен билеп алғып, отырған жүртты қайталанбас ұлы таланттымен таң қалдырды.

Қызы Жібек-Күләш керемет өнерімен әрбір москвалыктың жүргегіне жол таба білді. Қазақ тілін білмейтін көрермендер әнші шырқаған аскак арияға тәубе етіп, қуана кол соқты. Сол жолы ол «қазақ бұлбұлы» деген атақ алғып қайтты. Сол жолы 24 жастағы қазақ әншісіне «СССР Халық артисі» деген ең жоғары атақ берілді. Ансамбльге қатысушылар түгелдей тамаша өнер көрсетті. Олар москвалыктар алдында жас қазақ елінің өсу, өрлеу жолындағы өнерінің керемет қасиеттерін паш етті. Биши Шара, артистер Құрманбек, Қанабек, Қалибек, Елубай, Үрия, тағы басқалары шығарманың күш-куатын, музикалық ерекшеліктерін өнер сүйетін қауым алдында тамаша орындалап берді. Операның құдіреттілігі сол, москвалыктар 10 минут бойы түрегеп тұрып, ду кол соқты. Қазақ артистеріне, қазақ өнеріне шексіз риза болды. Артынша үкімет мүшелері Исаев пен Жүргеновке шығарманы қайта тыңдағысы келетіндерін айтты. Сондықтан «Қызы Жібек» астана сахнасында қайта шырқалды. Сол сияқты «Жалбыр» да үлкен табыспен өтті.

Онкүндіктің жабылар күні ССРО Үлкен театрының сахнасында қазақ өнер шеберлерінің үлкен концерті болып, ол шын мәніндегі мерейлі мерекеге айналды. Жас дирижер, композитор Ахмет Жұбановтың басқаруында ұлт-аспаптар оркестрінің



орындауындағы халық күйлері залда отырган жүртшылықты еріксіз қол соқтырды. Қазақ күйлері өзінің сиқырлы саздарымен, әуезді үнімен, адуынды сарынымен тыңдаушыларын еріксіз бас изетті. Қазақ өнеріне деген ыстық ықыласты үстемелей түсті. Бұл туралы «Правда» газеті 25 май күнгі номерінде арнайы мақала жазып, ұлттық өнерімізге тамаша баға берді.

Көрермендердің өтініші бойынша Құләш Байсейітова тағы да бірнеше ән орындалды. Москвалықтар ол туралы керемет әсерде қалды. Нотаны білмейтін халықтың Октябрьден кейін оянған татаусыз талантты астанадан лайықты бағасын алып қайтты.

Енді осы онқундікке әзірлік кезінде жүзеге асырылған шаралар жөнінде есте қалғандарымды айта кетейін.

1933 жылы Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші секретары болып сайланысымен Мирзоян жолдас қазақ әдебиеті мен өнерінің кең қанат жаюына айрықша көңіл бөлді. Осы кезде жолдасым Темірбек Жүргенов Қазақ АССР-нін Халық агарту комиссары болып тағайындалды. Ол кезде бұл комиссариат халық ағату мекемелерін, жоғары оку орындарын, мәдениет мекемелерін және ғылым мен әдебиетті басқаратын еді.

Өлкелік партия комитеті мен республика үкіметі қазақ өнері мен әдебиетін дамыту жөнінде бірнеше қаулылар қабылдады. Музыкалық театрлар мен филармониялар ашу күн тәртібіне қойылды. Бұл жауапты іс Жүргеновке жүктелді. Темекен іске шын ынталасымен кірісті. Сөйтіп, алғашқы қадамын қазақтың тұңғыш музикалық театрын ашудан бастады. Театрдың қаз басып, қалыптасып кетуіне С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, F. Мұсірепов, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, тағы басқа әдебиет пен өнердің белгілі сандақтарын кеңінен тартып отырды. Сөйтіп, бас-аяғы бір-екі айдың ішінде М. Әуезов «Айман-Шолпан» пьесасы бойынша, F. Мұсірепов өзінің әйгілі «Қыз Жібергіне», Б. Майлин «Жалбырға» жаңа либреттолар жазды. Т. Жүргенов бұл шығармаларды талқылауға, сахнада қойылғаннан кейінгі жүртшылықтың пікірталасына белсене қатысып отырды.

Әлі есімде, Темекен жатса-тұрса аузынан халық таланттары жөніндегі арманын тастамаушы еді. Ол үнемі халық арасынан талантты артистерді, әншілерді, ақындарды, бишілерді, домбырашыларды, қобызшыларды жалықтай іздел жүретін. Осы арманын жүзеге асыру үшін ол 1934 жылы халық таланттарының бүкілқазақстандық тұңғыш слетін ашуға мұрындық болды. Слетте Темекен мазмұнды баяндама жасады. Жүртшылық дәл осы слетте Жамбылмен, Фарифолла Құрманғалиевпен дидарласып, олардың таланттын тамашалады. Сөйтіп, бұл слет халық арасында көмүлі жатқан қазынаның бетін ашқан алғашқы игі қадам болды.

Темекен қазақтың тұңғыш музикалық театрына драма театрынан Құләшті, Қанабекті, Құрманбекті, Елубайды, Қалибекті, Серкені, Манарбекті, Шараны, тағы басқаларды шақырып отырды. Режиссер Жұмат Шаниннің қабілет-дарының кеңінен пайдаланды. А. Жұбанов, Е. Брусиловский сияқты композиторлардың театрға белсене араласуына ықпал жасады.

«Айман-Шолпан» атты музыкалық пьесаның репетициясынан Темекен өте көнілді шықты. Қуанғандығы соншалық, әрбір артистің ойынына жеке тоқталып, маған олардың сахнадағы ойын ерекшеліктері туралы қызықты әнгімелер айтып берді.

– Бәрі де талантты адамдар, – дейді ол. – Тек бұларға достық көмек керек. Қазіргі кезенде бұлардан еш көмегімізді аяп қалуға тиіс емеспіз. Ұлттық театр өнеріміз сондағанда үлкен ордага айналады.

Темекенің қызметіндегі тағы бір ерекше сәттерге тоқталайын. Театрға артистер, әсіресе, балет үшін бишілер таңдал жатқан кез болатын. Бірде ол Өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінен оралғаны сол еді, телефон шылдыр ете қалды. Ол трубканы көтерді де, маған қарап: «Сені Ораз Исаев сұрап жатыр», – деді. Мен таңданып қалдым. Өйткені түнгі сағат 2-нің кезі болатын. Амалсыз телефонды алдым. Орекен әдеппен амандық сұрады. Сонан кейін Ораз аға маған «Темірбек саған не айтты?» – деді. Мен қысылыңқырап қалдым да: «Ештеңе айтқан жоқ», – дедім. Сонан кейін Ораз ағай кайталап Темірбектен сұрауды өтінді. Дауыс үнінде әзілдің табы бар. – Бүтін бюро болды. Онда Темірбек «Шараның өзін қимасаңыздар да, ақ балтырын маған сыйласаңыздар екен» деді ғой, – деп Ораз ағай рахаттана күлді.

– Ал сен Темірбекті қызғанбайсың ба?

Мен оның әзіліне түсіндім де:

– Темекен музыкалық театр ашу жөніндегі сіздердің тапсырмаларыныңды орындау қамында жүр. Ал Шара болса, сол театрдың сұлу қарлығаштарының бірі ғой. Окасы жоқ, – деп әзілмен мен де жауап бердім.

Ораз ағаға рахмет айтып, трубканы орнына қойдым да, Темірбектің жанына келдім. Ол диванда ішек-сілесі қатып күліп жатыр екен. Мен өған: «Жарайды, бугін тыныш үйіктай ғой, ертең сыбағанды беремін», – деп әзіл қашырдым.

Айтпакшы, Ораз ағаң өз сөзінде «бюро Темірбектің өтінішін қанағаттандырды» деп тәтті әзіл жүгірткен болатын. Сөйтіп, Шара сол күннен бастап музыкалық театрдың бишісі болды. Көп ұзамай қазақ өнерінің мақтанышына айналды.

Сөйтіп, Темекен онқұндікке әзірлікті қыздыра түсті. Бас-аяғы екі-үш жылдың ішінде ұлттық музыка театры ашылды. Театрға қазақтың тамаша ұлттық өнерін кеңінен наси-хаттау парызы жүктелді. Темекен бұл кезенде әрбір өнер жаңалығына тынымсыз құлак түріл отырды. Таланттарды үзбей іздестіре берді.

Онқұндік алдында жазылған ақын Жамбылдың өлеңі және оны жас әнші Әбділда Тәжібаевтың мақамына келтіре оқып шыққаны Темірбекке қатты ұнады. Бұл туралы ол табан астына Мирзоянға, Исаевқа, Қабыловтарға да айтып шықты. Жамбылдың өлеңі сол күні-ақ орыс тіліне аударылып, «Правда» газетінің редакциясына жіберілді. Онқун-діктің ашылуына бірнеше ай қалғанда, Темірбек көп уақытын театр мен концерт залдарындағы репетицияларда өткізіп журді. Ол бұл байқауларға партия мен үкімет бас-шыларын да шақырып отырды. Байқауларға жазушылар, композиторлар, өнер екілдері түгел қатысып, пікір айтып жатты.



Онкундіктен кейін Қазақстан Үкіметінің шешімі бойынша музыкалы театр «Қазақтың мемлекеттік опера және балет театры» болып қайта құрылды. Бұл шешім Темекенді қатты толғантты. Өйткені опера театры үшін ол кезде арнайы театр үйі жок еді. Сондықтан Темекен 1937 жылғы жазда, Қырымға емделуге барған сапарында Одессаның опера театрында болып, одан 20-дан астам фотосуреттер, эскиздер алып келді. Мұндағы мақсаты – сол үлгімен опера театры үйін салу мәселесін жоғарғы орындардың алдына қою еді.

Бір күні кешкүрим Темірбек екеуміз Калинин көшесінің бойымен қызырып келе жаттық. Кенет ол токтай қалды да, маған қарап: «Осы жерде біздің опера театрымыздың үйі салынады», – деді. Сол Темекен көрсеткен жерде бүтін ұлттық өнеріміздің алтын ордасы жұртшылыққа есігін айқара ашып тұр.

Темекен жазушы, әдебиетшілердің де шын қамқоршысы еді. Ол араб, парсы тілінің жетік маманы, Шығыстың інжү-маржаны атанған «Шахнаманы» қазақ тіліне аударушы Тұрмагамбет Ізтілеуовтің талантын үнемі қастерлеп отыратын. Сондықтан да Темекендің инициативасы бойынша Қазақстан Үкіметі ақын Тұрмагамбет Ізтілеуовке қоллайлы жағдай жасады.

Тұрмагамбет бұл қамқорлықты адал еңбегімен ақтап, бас-аяғы 10 айдың ішінде ұлы шығарманы өзінің ана тіліне аударып шықты.

Темекен туралы әлі де көп айтуға болады. Бірақ оның семьядағы тәлімді ісін, досжарандарына деген жомарт жаңын, тапсырылған міндептіне деген жауапкершілігін, туған халқының әдебиеті мен өнеріне сіңірген еңбегін аз сөзben айттып жеткізу киын. Оның қысқа өміріндегі аткарған қыруар еңбегін бүгінгі ұрпакқа жария етіп, заманнан заманға ұсынып отыру тарихшылардың, әдебиетшілердің парызы болса керек. Сонымен Темекен жөніндегі естелігімді қазақ сахнасы жарық жұлдыздарының бірі – Құрманбек Жандарбековтің мына сөзімен аяқтамақпын: «Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер текті. Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде білеміз. Біз оны Қазақстандағы оқу-агарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз».

Дәмеши Ермекова-Жүргенова

МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРИ

Темірбек Жүргенов – жынырма жасында қазақ даласындағы жаңа өмір үшін күрескे тікелей араласқан азаматтардың бірі. Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен азамат соғысына белсене қатысқан. Дала комиссары Әліби Жангелдиннің тікелей тапсыруы бойынша ол 1918 жылы Советтердің Торғай облыстық съезін үйімдастыру бюросының жауаптары болып тағайындалады. 1920 жылы Ыргыз уездік ревком

председателінің орынбасары, ал 1921 жылдан окуга кеткенге дейін осы ревкомның председателі міндетін аткарды.

Т. Жүргенов 1927 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) экономика факультетін үздік бітірді. Оқып жүргеннің өзінде Казакстанның Орта Азиядағы тұракты екілі (1925–26 жж.), ғұнғыш Қазак педагогикалық жогары оку орнының директоры, САГУ-дың ғылыми қызметкері (1926–29 жж.) болды. ВКП(б) Орта Азия биоросының шешімі бойынша 1929–30 жылдары Тәжікстан каржы халық комиссары, ал 1930–1933 жылдары Өзбек ССР Халық ағарту комиссары болды.

ВКП(б) Орталық комитетінің үйіншімі бойынша Т. Жүргенов Халық ағарту комиссары ретінде Қазақстанға жіберілді. Осы қызметінде және ВКП(б) Қазақстан Өмірдік комитетінің бюро мүшесі болып 1937 жылға дейін істеді. Сонымен бірге Т. Жүргенов Қазах АССР Министрлер Советі жанындағы Өнер істері жөніндегі комитеттің председателі міндетін аткарды. Осы уақыт ішінде мұғалімдер кадрын даярлау, мектептердің оку-материалдық базасын нығайту, көптеп жана мектеп үйлерін салу, интернат, балалар бакшаларын ашу ісіне баса көніл белді және көп нәрсениң жүзеге асырып үлгерді. Бір ғана мисал: үш жылдың ішінде Алматының өзінде 18 мектеп салынды.

Ол кезде Халық ағарту комиссариатына мектептер, орта арнаулы және жогары оку орындары ғана емес, ғылым мен мәдениет саласы, творчестволық одактар (жазушылар, композиторлар, суретшілер, театр қызметкерлері), баспа және полиграфия ісі, театр, концерттік мекемелер де қарайтын.

Т. Жүргенов үлгілік енер кадрларын іздеу, дайындау, енер мекемелерін тезірек іске косу мәселесіне де ерекше көніл белді. Жер-жерде театр өнері дамыды. Опера және балет театры ашылды. Оңда «Қызы Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» опералары мен «Айман-Шолшан», «Шұға» сиякты музыкалық спектакльдер койылды. Филармония, хореография училищесі ұйымдастырылды. Ақындар слеті, айтystар, байқаулар, конкурстар кен қанат жайды.

Театр жұмысын шұғыл жаңдандыру үшін Т. Жүргенов ен алдымен бұған елге кеңінен танылған талантты жазушылар С. Сейфуллин, Б. Майтін, И. Жансүтіров, М.Әуезов, Ф.Мұсірепов, С. Мұжанов, Ф. Тоғжанов, Ә. Тәжібаев, т. б. тартты. Осының нағайесінде М.Әуезовтің «Айман-Шолшаны», Ф. Мұсіреповтің «Қызы Жібегі», Б. Майтіннің «Жалбыры», т. б. дүниеге келді. Жыр алыбы Жамбыл, жez таңдай әнші Ф. Құрманғалиев, бал бармақ құйші Л. Мухитов, санлак кобызшы Ж. Қаламбаев, мын бүралған биши Шара Жиенқұлова, т. б. талант көзі осы тұста ашылды. Халық мактанышына айналған Құләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзаков, Қалибек Куанышбаев, Серкіс Коғамқұлов, Манарабек Ержанов, т. б. сол кездे-ақ профессионал актер дәрежесіне көтерілді. Тұнғыш режиссер Жұмат Шанин, композиторлар Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловскийлер талантты енбектерімен көпке танымал бола бастады.

Т. Жүргеновтің жаналық атаулыға жаны құмар болатын. Мынаңдай бір оқыға есімде қалыпты: Ахмет Жұбанов пен атакты ломбырашы Махамбет Бекейханов өздері жанаша жасаған ломбыраны оның кабинетіне әкеліп көрсетіп, сол жерде бірер күй тартып береді.

Наркомның шексіз куанғаны сондай, бірден сол кездегі Совнарком председателі Ораз Исаевқа телефон соғады. Ол КазЦИК председателі Ұзакбай Құлымбетовке хабарлайды. Сол күні Жұргенов бұл жаңалықты ВКП(б) Қазақстан Өлкелік комитетінің бірінші секретары Левон Исаевич Мирзоянга да жеткізеді. Бәрі де мұны куана кабылдайды. Декаданың қарсанында ақын Ә. Тәжібаев арқылы Жамбылды таптырып алдырыды. Жыр алыбының Әбділда қағазға түсірген өлеңдерімен танысқан бойдан куанышы қойнына сыймай, бұл жөнінде де бірден Мирзоянға, Исаевқа, ВКП(б) Өлкелік комитеті үтігінасихат белімінің менгерушісі, бюро мүшесі Илияс Қабыловка хабарлайды. Жамбыл өлеңдерін қазақстандық орыс ақыны Павел Кузнецовка аударттырып, «Правда» газетінің редакциясына жібертеді. Ол өлеңдер газетте бірден жарияланды.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін декадасына дайындық устінде Т.Жұргенов өзін іскер ұйымдастыруши, зерек жетекші, қатаң талапшыл да айрықша қамқоршы бастық ретінде көрсете білді. Декадаға дайындық жұмысы күндіз де, кешкісін де жүріп жатты. Ол барлық репетицияларға тікелей катысады, шаршау дегенді білмейтін. Декадаға дайындықтың барысын көруге республиканың партия мен үкімет басшыларын жиі шакыратын. Олар да қыруар жұмыстарын тастап, жиі-жиі келуден жалықпайтын.

1936 жылы май айында Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің декадасына катысқанымды, бәрін өз көзіммен көргенімді өмір бойы ұмытпақ емеспін. Декаданың барысы туралы орталық газеттердің бәрі сондай сүйініл жазды. Әсіресе, біздің алдымыздаған болып өткен украин әдебиеті мен өнерінің декадасынан кейін ғашала москвалықтардың ыстық ықыласын өзіне аудару деген біздер үшін үлкен сұн болатын. «Правда» газеті өзінің 1936 жылғы 27 майдағы санында быттай деп жазды: «Қазақ театрының спектакльдерінде, қазақ музыкасының концерттерінде, ән және би концерттерінде болған совет өнерінің әйгілі шеберлері, халық артистері және еңбеті сінген артистер өздерінің тамаша эсер алғандарын тамсана айттып, сондай аз уақыттың ішінде үлт өнерінің осыншама табысқа жетіп, биікке көтерілгеніне қайран қалысты».

Қазақ әдебиеті мен өнері декадасының Москвада ашылуына сол кездегі партия мен үкімет басшылары түтел катысты. Бұл да халқымызға, елімізге деген үлкен құрмет болса керек.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы тұнғыш декадасының зор табыспен өтті партиямыз бер үкіметіміздің тарапынан жоғары бағаланып, Жамбыл, С. Сейфуллин, К. Байсейітова, Е. Өмірзаков, К. Жандарбеков және Т. Жұргенов Енбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Партия мен үкіметтің камкорлығы аркасында қазақ өнері казір тамаша жетістіктерге жетті, алда да небір биік асуладан аса бермек. Осының бастауында тұрғандардың алғаш қанаттандығандардың қатарында белгілі мемлекет қайраткері, менің жұбайым Темірбек Жұргеновтің болғанын мақтаниш етемін.

ОЛ БІР ЕРЕКШЕ ЖАН ЕДІ

Темірбек 1930–1933 жылдары Өзбекстанда Халық агарту комиссары болып кызмет етеді. Маман-калрлар есіруге көп күш жұмысады. 1933 жылы Мәскеуде ВКП (б) Орталық комитеті Жүргеновті Казакстанға жіберді. Халық агарту комиссары болып ол кесек-кесек жұмыстар атқарды. Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы. Мирзоянының басшылығының аркасында партияның саясатын жүзеге асыруға нарком Темірбек мәдениет, оку, енер саласын жоғары көтеруге аянбай басшылық етіп, көп еңбек сінірді. Ол өзі облыстарға, аудандарға баратын, көзімен көріп, құлагымен естігенді жаксы көретін. Кабинетте отырып іс шықпайды дейтін. Мұғалімдер дайындау, олардың тұрмыс-жағдайын түзеу, балаларды оқыту, мектептер салу керек деп көп айтатын... Сөйтіп, Алматыда уш жылда 18 мектеп салынды.

Орталық партия комитетінің қаулысы бойынша Казакстанда музикалық театр ашу ісі народ Жүргеновке тапсырылды. Темірбек атакты жазушыларды Ф. Мусіропов, Б. Майлін, М. Әуезовтерді шакырып: «Сіздер «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», «Жалбыр» пьесаларына либретто жазуларының керек, екі айда бітіріп берулерінді құраймын», – деді. Олар орынлады. Хореография мектебін ашып Мәскеуден балетмейстер Александровты шакырды. Ол балаларды биге үйрететін болды. Композитор Евгений Брусиловскийді, Алматы драма театрының жаксы артистерін Құләш, Қанабек, Шара, Құрманбек, Елубай, тағы басқаларды шакырып, Орталық комитеттің қаулысымен таныстырып: «Сіздер сол музика театрының артистері болуларынызды құраймын», – деді. Бәрі көнді. Репетицияларында болып жүріп, Темірбек артистердің ойынына сонша риза болып келетін. «Бұларды көтеру керек. Бұлар талантты адамдар», – дейтін. Аз уақыт ішінде Мәскеуде болатын онкүндікке дайындық жасады. Қундіз де, кешке де репетицияларына Темірбек барып өзі басқарып, жазушылар, композитор, тіптен артистердің қиіміне дейін, сахна қандай болуы керектігін айтатын. Бір күні ренжіп келді. Мен оны сырқаттанып қалған шығар деп есептеп, тамырының соғуын өлшемек болдым. Ол денсаулығының жаксы екендігін, мұндай көніл-күй жұмыстағы ұсак кикілжінен туғандығын айтады. Темірбектің тынымсыз жұмысын, оның ерекше кайрат-жігерін көре алмаған басшы кызметкерлердің бірі оған: «Сен өзін дем алмағанынмен қоймай, өзгеге де тыным бермейтін болдың ғой. Айналасы 2–3 жылда театр құруға, сөйтіп Мәскеуде онкүндік өткізуғе бола ма еken? Сен бұл ісіңмен бүкіл Казакстанды ұтқа қалдырасын», – деп сөгілті. Мен оны тыныштандырып, мұның бәрі кызғаныштан туған сез екенін, оның енбегі міндетті түрде жанатының айтып көnlін аулауға



тырыстым. 1936 жылғы онкүндік Мәскеуде жақсы өтті. Мәскеуден қайтқан соң, ОҚ-ның қаулысы Музыкалық театр енді Опералық театр деп аталсын деп шешті. Темірбек «енді бізге үлкен театр үйін салу керек» деген пікір айта бастады. 1937 жылдың жазында Темірбек Қырымға демалысқа барып сол жақтан Одессаға барды. Жаңа салған опера театрының эскизін, 20 фотосуреттерін алғып келеді. Бір күні екеуміз жүріп келейік деп көшеге шықтық. Калиниң көшесінде, Темірбек тұрып қалды да «осы жерге театр салыну керек» деді. «Апыр-ай, сенің шұғылдан тез шешетін әдетің бар», – деп күлдім. Айтқандай, Темірбек көрсеткен жерде қазір Абай атындағы Қазақ опера және балет театры тұр.

Қуанышқа бөленіп жүргенімізде, 1937 жылы 2 тамызда «Халық жауы» деп жазықсыз Темірбекті НКВД алғып кетті. Үйге тінту жүргізіп суреттерімізді, Темірбектің жазған еңбектерінің бәрін алғып қойды. Жанқияр досымнан айрылып, 5 күн, 5 түн үйкі көрмедім. Тамағымнан су өтпеді. Басқа қара күн туды. Мені партиядан куып, үйімізден шығарып тастанды. Темірбекпен кездесуге сұрандым. «Киімдерін алғып кел», – деді. Бәрін алғып барып едім, 5 минутқа кешіктің деп кездесуге рұқсат бермеді. Ертеңіне барып едім, көрсетпеді. Маған Темірбектің өз қолымен жазған сенім хатын, екі айының еңбек жалақысын табыс етті. Қарындашпен жазған қағазы маған өте қымбат болды, ақшасын алмадым. Кеудемде сақтап жүрдім. Күйеулерімізді 1938 жылы «халық жаулары атылды» деген күннің кешінде мені, тағы басқа әйелдерді бір түнде түрмеге жапты. Түрмеде отырып, унсіз жылағанымыз, парлап аққан екі көздің жасы көл болды. 3–4 күндей үйкі көрмедік, тек жылаумен, қайғымен өткен күндер болды. 3–4 айдан соң 8 жылдан беріп, лагерьге жіберді. Түрмесі, лагері, айдаумен 1957 жылы 18 жылдан кейін Алматыға келіп сағынған бауырларымның күшагына бөлендім.

Темірбектен айрылғаныма 50 жылдан асса да, оның бейнесі, адал ниеті жарқыраған жүлдіздай жүргегімнің түкпірінде сақталып келеді. Жазықсыз деп 1957 жылы ақталған қағазын алған соң, Темірбектің атын өшірмеймін деп көп ойландым. Жанымды аямай ізденіп, оның халқына жасаған қызметі мен көптеген жазып қалдырған еңбектерін архивтерден сұрай бастадым. Сол уақытта мені тауып алғып, қолының ұшын берген, іздесуге көмектескен, жаны ашыған әдебиетші ғалым Мардан Байділдаев болды. Ал 1968 жылы Рамазан Сүлейменов кітапша жазып шығарды. Екінші мақсатым, көзімнің тірісінде оның жатқан жерін көрсем деп арман еттім. Өткен 1988 жылы Темірбектің жерленген жерін білетін жолдастар мені сонда алғып барды. Көргенім белгісіз қара жер болды. «Қайда болсаң тауып аламын», – деп уәде бергенмін. Сол уәдемді орындағандай болдым.

ПОРА ВОЗДАТЬ ДОЛЖНОЕ СЫНУ СВОЕЙ РОДИНЫ!

В этом году отмечается 100-летний юбилей нашего земляка Темирбека Каравича Жургенова. К сожалению, после его реабилитации в 1955 году на родине видного государственного деятеля ни разу не отмечался его юбилей, не было на должном уровне организовано ни одно мероприятие, посвященное памяти славного сына казахского народа. Только стараниями покойных Узбекали Жанибекова и Мардана Байдильдаева отмечался 90-летний юбилей Темирбека Жургенова в Алматы. Предлагаем вниманию читателей выступление известного айтискера, поэтессы Надежды Лушниковой, произнесенное на этом торжестве.

На II Республиканском айтисе в 1980 году моим соперником от Кзылординской области был ныне народный акын Манап Кокенов. В своем очередном «нападении» он пел о том, что в столице нет улицы учителю учителей Алтынсарину, нет памятников первому вожаку комсомолии Гани Муратбаеву, Турару Рысколову. Если, мол, самой не справиться, брошу работу, приеду на помощь.

Ответ акыну Манапу был таков:

Көңіліне қараймын ғой тұрған шалқып,
Мен сізден мін жағынан болман артық.
Коркыт пен Тұрмагамбет кос данышпан,
Жургенов аған еді аргы тұстан,
Бар ма еді сол бабаңа тең келерің,
Көктасын тұрғызыды ма сенген елің?

В результате возведен Мавзолей Коркут-ата: 4 кобыза восьмиметровой высоты, соединенные пучком труб. Попав в них, ветер Сыр-Дары наигрывает два кюя Коркут-ата. Отпразднован 100-летний юбилей акына Турмагамбета, выпущен его сборник стихов «Назым», построен кумбез у въезда в село, на нем надпись:

Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім,
Арапал жердің жүзін жүрер сөзім.
Көре алмай кейінгіні кеттім-ау деп,
Арманда болмай-ақ кой екі көзім.

(Не кручинься душа, что не доведется увидеть счастливых потомков, зато слово каждое мое будет с ними жить).

И вот сегодня у их потомков один из знаменательных дней. После пятидесяти лет разлуки вернулся к нам видный государственный деятель Темирбек Каравулы Жургенов. Просветитель, умнейший человек, в народе его так и величали – Второй Луначарский, а Габит Мусрепов, вспоминая его, говорил, что Жургенов был желанным сыном и для узбеков, и для таджиков, выполнял один работу пяти министров.

С чувством большой дочерней благодарности обращаюсь к представителям старшего поколения, которые, наконец, осмелились поведать нам о годах репрессий. Я учитель казахского языка и литературы в сельской школе. Окончила Кзыл-Ординское педучилище. В стенах его никогда не говорили, что до 1917 года оно носило имя Суханского и что первовские педагоги в тот год давали последнее напутствие и добрые пожелания своим выпускникам, среди которых выделялся своей даровитостью Темирбек Жургенов. Желательно отреставрировать старый корпус училища как мемориал.

Годы репрессий ураганом унесли выдающихся классиков казахской литературы: красного сокола Сакена, горного гордого орла поэзии Ильяса Джансугурова, любимца нашего Би-ага /Беймбета Майлина/. Молодые сердца волнует вопрос, почему авторы столь ценных народных произведений стали «врагами народа». Им неведомо, что и мне никто ничего не объяснял. Мои сверстники – дети военных лет. «Ку согысты шакырған, ку жетімек атандық...», «Жаралдық Жамбыл ата жырларынан, Жаралдық соғыс жылғы бүркасыннан...» – легенды.

Только однажды Бауken Момышулы ответил: «Дочка, не торопи время. Иіні канбаган камырды етке салма!»

А ребятам объясняю, что в начале 30-х годов к власти в Германии приходит Гитлер. Семиглавому айдаһару – фашизму, чтобы стереть с лица земли советское общество, любой ценой, любыми путями нужно было убрать лидеров наших, за которыми шел народ, кому верил. «Народ – нуль. Сила нуля в единице» говорил в свое время Абай. Исподтишка работали ярые враги нашего государства, ими были сорваны самые яркие цветы. Следом нагрянули годы войны: Халхин-Гол, финская, Отечественная.

Мое поколение – ростки из пепла войны. Как нам, полусиротам, хотелось прижаться к щетинистой щеке отцов, гордиться ими.

Я целую сегодняшний день, солнце, вершины Алатау, Землю, вас, люди, за возвращение из небытия Темирбека Жургенова, поэта Маждана Жумабаева и многих других. Дорого сердцу народа каждое оставленное ими слово. Читая книги Т. Жургенова «О культурной революции в Казахстане» /1935/, «О работе по ликвидации безграмотности в Казахстане» /1936/, я удивляюсь, как человеку, занимающему такой высокий пост, удавалось заботиться о самородных талантливых людях из глубинок. Благодаря ему в 1925 году в журнале «Термі», который выпускался в Ташкенте, учений литературовед Шамгали Сарыбаев впервые опубликовал статьи о народных акынах, жырши, жырау. Впервые дали анализ творчества акынов Жетысу Жамбула и его соратников.

Т. Жургенов, У. Джандосов, Ж. Барибаев – дорогие имена для каждого акына и сейчас. Находили они троику к каждой творческой личности. Объбрали по крупицам культурное наследие казахов.

Одна из тех, кто принимала участие вместе с Джамбулом в 1936 году в Днях декады казахской литературы и искусства в Москве, – уроженка с. Каракастек Сазбата

Егинчиева. У нее было в ту пору 9 детей. Как Темирбек агай сожалел, что её кюи останутся под пеленками.

Саябала аттай открывала своим кюем «Арман-ай» первый айтыс ақынов Алматинской области в 1977 году. В свои 80 лет, думается, тлел в ней тот огонек искусства, который помог зажечь непосредственно Т. Жургенов. Нами записано всего лишь 3–5 кюев из ста, что сочинила Саябала – поздно хватились, когда и память ее была уже не та, и мощь руки ушла.

Родилась я под Алма-Атой, в с. Чемолган. Помнится, старики каждый вечер собирались на шыңғоржы за селом и тихо беседовали. Мы выбегали из домов пораньше, чтобы встретить юров и послушать беседы старших. Однажды они говорили о 19 комиссарах, Темирбеке Жургенове, расстрелянных в Бурундае. Когда в 1938 году довелось, мол, сму свидеться с супругой Дамеш, он задал ей всего три вопроса:

- Ел аман ба? /В здравии ли народ?/
- Аман.
- Совет не?
- Совет.
- Сталин орнында ма? /На посту ли Сталин?/
- Орнында.
- Мүмкін емес, мүмкін емес, мүмкін емес...

/– Не может быть, не может быть, – трижды повторил он, и время свидания истекло!.

Мүмкін емес, мүмкін емес, мүмкін емес...

Сонғы сөз, сонғы лебіз, сонғы елес.

Жүректе мұз каткан сол бір белес.

Бір-ақ күнде аспан жерге түсті ғой,

Сталин жоллас орнында ма, анық па?

Бас изеді әйелі,

Көзінің жасы мелтілден.

Ерінің бетін сипады,

Ісініп кеткен көлкілден.

Ел серкесіз жән таба алмай қалады деп,

Жау шенгелін салған екен тамакқа.

Бостандыктың дәмін таткан халқымыз

Қара нардай шыдамас қай тамукқа.

Илиясы, Бейімбеті, Жамбылы

Әнгө коскан ак армандай жыр ма екен...

Замананың ұлағатты көшіне

Үлкен сойкан бұлттай төніп түр екен.

Ойын толғап Дәмешіне бұрылды:

– Ел аманда мені ойлама, бол бекем.

Бас изеді әйелі,
Жалын ата күрсінді.
Қамаудағы ерінің
Жүргегі қақты дұрсілді.
— Ырғызымда жиде исі аңқыған,
Май топырақ араласқан сорменен.
Бір айдың да жарымы күн, жары түн,
Бір жағынан күншілдік қой сор еккен...
Сен көп жаса, үлбіреген үкім-ау,
Жақсылықпен кездескенше бол бекем.
Бізден өнген бота-тайлақ ер жетсе,
Жүрт болар-ау ақыл еске мол кемел.
Ақ тарыдай ақтап алар сол үрпак,
Көнілімнің үміт оты – сол медеу.
Кош, қайыр кош, аптағым-ау, бол бекем...
Мұндай күндер дүшпанның да
Басына кайтып келмесін.
Сынар акку сүйреді
Жесірліктің кемесін.
Куанышқа жиылған жүргт
Аймалап отыр Дәмешін –
Токсандагы картының
Қырықтағы бейнесін.

Жақсылай Сарбалаяұлы

АЙШЫҚТЫ МЕЗЕТ

Серуар шақ сәуірдің шұакты күндерінің бірінде Жалғаш поселкесінің орталық кешесінде қыдырып жүрген Киназар ағамынға, бұлай доссем кашықтапты алармын, бір кездері мектеп кабыргасында біздерге әдебиет шының сабак берген устазымда жолығын калдым.

Аманшық-сауылқ сурасқанинан кейін ойын жүзбен біраз уақыт берімде карат түршіл: «Әй, кім! Саган айттар ажантай бүйімтайды бар еді. Колыңа тисе, үйге соғып кетсөн», – деш көп аялдамай әрі карай жүріп кеткен. Жетістің жетегіне ішкен жаңының көніл-куй баз-баяны калыңда түр. Алы-женин толық біліп тұrsa да, шакірттеріне: «Әй, кім» дед, каратын алатын әдетін әлі жүзіге тастамашы. Арага біраз күн салың, кайт ешкен уақытында қалы жібермей, үстаз үйін бетке атдым. Женіміз екеуі төрден орын

ұсынып, бәйек болып жатыр. Тізе бүгіп жайғасқаннан кейін тағы да бетіме қарап отырып барып әңгімесін бастады.

– Сен осы «кекем» жайлы көп нәрседен хабардар сияктысың. Анау бір жылы арнау жырынды тыңдағаным бар-тын. Арада біраз жыл өтті ғой. Бүгін «Түркістан» газетін алым едім. Даирбаев Тынышбек ініміздің «Тұманды жылғы тұлғалар» деген айдармен «Темірбек Жүргенов» деген көлемді макаласы жарияланыпты. Кейір материалды менен де алған еді. Көкемнің өмір жолдарын түгелге жуық қамтыған тәрізді. Мениң айтпағым – асыл жанның ардакты жары Әмірханкызы Дәмеш женгеммен ең алғашқы кездесуім не табысұым туралы еді. Әріден таратып айттар болсам, ұзаксонар әңгіме болаты. Кара көкемізден қалай айрылғанымыздан бастайын.

Бір елдін басшысы болған, феодал деуте келмейтін дала философтарының біріне саналатын Кара атамызды бүкіл балалары мен немерелері «Көке» дейтін едік. Осы кекемнің екінші әйелі Жәніш әжемізден Коңжан, Досжан, Темірбек, Ыскак атты төрт ұл өрген екен. Көкеміздің үш әйеліне еркелеп өстік емес пе? Бірінен-бірі артық-кем санаған жокпаз. Сұлу әже, Жәніш әже, Кәмпитет әже деп кана атаушы едік. Көкем немерелеріне де Мейімназар. Айназар, Көбназар, Биназар, Жуманазар, Кинаазар деп көптің назарында жүретін айтулы азаматтар болып өссін деп, көгенге тізгендей етіп ат коя беріпти. Өз әкем Карапын Коңжаны туралы көп айткам жок. Қазақ жұртшылығының қабырғасын кайыстырып, катарын сиретіп кеткен алапат аштық басталатын жылы жазықсыз жазаланып, атынып кеткенін кейін білдім. Сөйтіп, үш жасымда экесіз ұл атанып жетім калдым. Бір әuletке зобалаң туып, Карапың коныр козыларына бөрідей тиғен. Кеңестік кесір саясат ет бауырын суырып жалмай бастаған екен. Жылдар жылжып өте берді. Мен де ат жалынан тартып мінетін козы жаска іліктім-ау. Көкем болса тәркілеуден калған азғана малын алдына салып, кектем шыға Қаракұмға қарай бет алатын. Біздің көшіміздің катарында Шөмекей тайпасының екі-үш рулы елдерінен бес-алты үй катарға қосылып бірге көшетін еді.

Шанырагын кайғы-бұтт шалып, урей торласа да, үмітін жоғалтпайтын бір жан болса, осы Көкем болар деп едім. Тағдырдын салған әлегін мойындаса да, мойығаның көрген жокпаз. Жігерін жанып, намыс отын өшірмей, біздерге де күш-куат берерлік ақыл-кенестер беріш, жұбаныш сездер айтушы еді. Болашақ күндерден күдерін үзбейтін.

Маган мектеп бітірген соң, Темірбек көкенің қолына барып оқисың. Әлі-ак қазакқа танымал азамат боласын деп коятын. Сол сәттер де тарихи уақыт туып, белгісіз ортага ертен-бүтін аттанып кететіндегі сезінемін. Арман-қиялымның канаты қырқылар күндер туып келе жатканын білген жокпазын, 1937 жылы көкемнің тұтқынға алынғаны жайлы хабар жетті. Сексенді алымдаған Көкемнің сол сәттегі көніл-күйін еске түсірсем, әлі күнге ет-жүргегім елжіреп кетеді.

– Ойпырмай, коныр козыларымды мына үкімет көгенімен күртқылары келе ме? – деп жер шұқып отырып калған.

Сол жылдың ерте күзінде азын-аулак мадды алдымызға салып, Қаракұмнан Сырға құлаш келе жаттық. Қазалыға жакындалап калған кезде шағын көштің алды ошарылып



тұрып қалды. «Бұл не болды еken? Білейінші» деп, астыма мінген атымды тебініңкіреп, ілгері қарай оздым. Алдыңда бізбенен бірге көшіп-қонып жүрген Есіркептің бір жастағы ұлы Қомшабай бар болатын. Өзің білесің ғой, сол бала бүгінгі «Алаш» сыйлығының иегері Қомшабай Сүйінш еді. Көкем болса, ылғи да кешкенде мініп жүретін кек байталдың үстінде-тін. Кештің алдың бөгеген кім болды еken деп жақын келсем, бөтен киімді екеу, бірі орыс, екіншісі қазақ болуы керек. Көкем мінген байталдың шаужайына жабысып тұр еken. Сол екеуінің айтқан сөздерінен еміс-еміс есімде қалғаны. «Сен тұтқындауға келіп тұрмыз. Бізбен бірге жүресін, қарсылассан, басқа шара қолданамыз», – деп қокан-лоқысы ғана. Сол сәтте менен жеті жас үлкен, көкірегі ояу туымды да, алымды Биназар ағам аналарға тіктеле қарап тұрып: «Кәнеки, кәрі шалды тұтқындаپ әкел деген қағаздарыңды көрсет!» демесі бар ма?

ОГПУ қызметкерлері де дайындалап әкелген қағазды көрсетуге іркілген жоқ. Біздің есімізді жиғызбастаң, Көкемді «қош» деп те айтқызбастаң алдарына салып алып кете барды. Иіріліп, көш екіге жарылды. Бізге ілесіп жүргендер жан сауғалап жапан далада қала берді. Арыстай атамыздан тірідей айрылған біздер елді бетке ұстап, еңіске тарттық. Сырға жетіп, қыстауға табан тіреп үлгермей-ақ он күннен кейін Кекемнің атылғаны жөнінде хабар да жетті. Алтын діңгегіміз құлады деген қазалы хабар, азалы күй кештірсе де, Кекемнің атылғанына сенгеніміз жоқ. Ата салтын ардақтаумен келе жатқан біздің әулетте кішілері үлкендерін «Кәке», «Тәте», «Кәке» деген қаратпа сөздермен ғана атаушы еді.

Қазақ даласында әдебиет пен өнердің қанатын қатайтып, білім мен мәдениетті өркендесем дей жүріп, арманының ақбозымен Көкем озды өмірден. Еркіндігі мен егемендігін қорғап, жазықсыз жазаланып, Көкем кешті фәниден. Жазмыштың жазуына мойын ұсынған кілең мұнлық біздер қалдық арттарында.

1944 жылы орта мектепті бітірген соң, ауыл мектебінде екі жыл ұстаздық етіп бала оқыттым. Женіс жылы майданнан Битай ағам аман-есен оралды. Менің қызмет етіп жүргеніме қуанса да, киналып жүргенімді сезді ме: «Сен бұлай жүре берме, оқып ал, әлі-ақ білім қажет болады» деген ақылын айтты. Өзім де білім қууды армандаушы едім. Аға ақылы да себеп болды ма, әйтеуір, 1946 жылы Алматыға барып, КазГУ-дың филология факультетіне құжат тапсырған едім. Жолым болды ма, түсіп кеттім ғой. Қала өміріне үйренісіп алғаннан кейін, таныстар іздей бастадым. Сөйтіп жүріп Темірбек көкемнің асыл жары Дәмеш женгемнің туған ағасы Әліхан Ермековтің үйіне жиі соғып тұруышы едім. Бір күні кештетіп Әлекең үйіне соға қалып едім. Ол кісі алдыннан жайрандай шығып: «Сүйінші, Дәмеш женгегә тұрмеден біржолата босанып келді. Сенің оған сәлем бере барып, жолыққаның жөн болар», – деді. Асыл женгемді өмірімде көрмесем де, қатты сағынатынын. Жүзін бір рет көрсем деп армандаушы едім. Қазақтың осы бір қайсар әйелі 1938 жылы «Темір комиссарға» жар болғаны ушін ғана 8 жылға сотталып, Қарағанды түрмесіне жабылғанын білетінмін. Женгемнің мекенжайын сұрап алды да, сәлем беріп, танысуға тәуекел еттім. Жатақханаға келген соң, жалғыз баруға батылдығым жетпей, қобалжи бастадым. Ертеңіне ҚазПИ-де оқитын Сактағаннның

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ

Төлегенін тауып алып, оған женгем туралы біраз сыр айтып, сол кісімен кездесуге бірге жүруін өтіндім. Ол кездері Алматы шағын қала болатын. Іздеген үйімізді тез тауып алдық. Есік алдында аз-кем ошарылып тұрып барып, есік қақтық. Қарсы алдында ер тұлғалы, самайын ақ шалған, қысқа ғана шашы бар әйел тұрды. Жұзімізге көз жүгірте бір қарады да: «Кім боласындар, қайдансындар?», – деді.

– Мен Қиназармын ғой.

– Қарғашым-ай, Қепназарлардың бірі екенсін ғой, – деп бауырына басты. Сол сәтте жанарыма жас үйіріліп, босап кеткен болуым керек.

– Әй, өзің жамансың-ау... Темірбектің інісі болсан, жылауға тиісті емессін, – деп жұбаныш сөздер айтып жатты. Міне, бұл менің өмірімдегі ең бір айшықты мезет болып мәнгі есімде қалды. Қекемнің жүзін көргендей әсерде жүрдім. Сол күні үйінен шығарып салып тұрып, қолыма жиырма сом ақша ұстатқаны да есімде қалыпты. Тағдыр бір қалада женешеммен қатар жүретінімді де көп көрді ме, арада аз уақыт өткен соң, асыл женгем Дәметайды Қекшетауга жер аударып жіберді де, қулазып қалдым. Алматыға мен университетті бітіретін жылы оралды. Оку бітіргенімді бірге тойладық. Жылжып жылдар өтті. Жазықсыз жазаланғандар да ақталды. Қазақ халқы асылдарын іздей бастады.

Бұдан кейінгі жайлардан хабардар шығарсың. Дәметай женгем осылардың бәріне күе бола жүріп 1990 жылы 86 жасында дүниеден өтті. Алтындаи болған абзал ана Дәметай женгемнің азасына сол кездегі астана – Алматы жүртшылығының өкілдері мен қазақтың зияллылары түгел жиналды. Қабіріне топырак салуға елден барған ағайындар осының күесі болдық.

Қиназар аға бір сәт үнсіз отырып қалды. Осы бір сәтте әлгіде есік алдында ойнап жүрген 3–4 жастағы бұлдіршін де «хан тағына» жайғасқандай, атасының алдына отырып қалды.

– Ойнай тұр, көкем, кісі кеткен соң келерсін, – деп мені шығарып салатында ыңғай білдірді.

– Немереніздің аты кім?

– Темірбек.

Сол сәт аз-кем ойланып қалдым. Қазақ ата есімін үрпағына телу сирек құбылыс саналатыны түсті. Өткен ғасырларда хан тұқымдары ғана үшінші, төртінші үрпакқа айбарлы деген аталарапының атын беріп отырғаны тарихтан ғана белгілі.

– Әй, кім, осы уйде Ғалымжан деген інің бар. Әсия деген келінім бар, солар ғой мына балаға Қекемнің атын қойып жүрген.

Осы тұста әңгімемізге Қиназар ағамыздың жары Қатша апай араласты.

– Біздің Әсияжан да текті жерден шықкан. Бүгінде есімін ел білетін тілші-ғалым, байырғы журналист Қарақұлов Мәліктің немересі бұл Әсия. Сол кісінің ұлы Болаттың қызы болады, – деп сұхбатымызды толықтыра түсті. Қиекен болса немересіне Темкеннің атының берілуін одан әрі дәлелдеп жатыр.

– Әдетке сіңбеген демесен, ешбір әбестігі жоқ сияқты. Алғашында әйелдер жағына киындау соғып еді. Бұл күндері үйреніп кетті. Әжесі мен женгелері «Тимка» десе де, өз



анасы мен біздер «көке», «көкешім» дейміз. – Өзгелер үшін Темірбек деген аты жетіп жатыр емес пе? – деді.

Тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы, абзал ағаның отбасынан қалың ой құшағында шықтым. Бір тұстарда замана заласын, нәубеттің наласын көрген жанның өз өмірінің айшықты мезеттерінен шерткен сырын қалың көпшілікке жеткізуге асықтым.

Жайық Бектұров

ҚАЙРАН АБЗАЛ АҒАЛАР...

Сол 1935 жылы, күзде, Арыс ауданына Темірбек Жүргенов келе қалды. Бұл ағамыз 1933 жылы С. Мендешев ақсақалдың орнына Халық ағарту комиссары болып бекітілген. Оның алдында ол Өзбек ССР Оку халық комиссары болған. Алматыға лениншіл коммунист Л. И. Мирзоян жолдас келген соң, республикамыздан тысқары жүрген біраз басшы қазақ қызметкерлерін Қазақстанға шакыртып алған. Сол тұста жұрт мынадай әңгіме естіген: – Т. Жүргенов Қазақстанға келу үшін Л. И. Мирзоян жолдасқа үш тілек айттыпты. Бірінші – мені байдың баласы еді деп қазақ жігіттері қудаламайтын болсын. Темірбектің әкелері Актөбе облысының Ырғыз ауданында бай кіслер болса керек. Екінші – жергілікті ұйымдар жұмыста санасу үшін, мені өлкелік партия комитеті бюросының құрамына өткізіндер депті. Үшінші – Халық ағарту комиссариатының бюджетіне берілген қаржы-қаражат түгелдей өз билігімде болсын, бүгін, не ертең алдымен не қажет, соған еркін жұмсау үшін керек бұл депті. Өлкелік комитет бұл тілекке келісіпті. Алматыдағы осы күнгі №№ 12, 18, 28 және өзге де мектептер дәл сол жылдары Темірбек ағамыздың дереу де еркін кимылдауымен тез салына қалған астанадағы ең алғашқы сәнді де, сәулетті мектептеріміз еді.

Темірбек ағамыз қазақша сөзге де, орысша да өте жетік адам-ды. Республикада құллі мәдениет саласын сол кісі тікелей басқарды. Күрделі, сүбелі мақалаларды орысша жазды. Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1936 жылы Москвада өткен алғашқы тамаша онкүндігін Темірбек ағамыз тікелей басқарды.

Жә, Арыска Темекен келе қалды. Әбдібек құрбысының үйіне тұсті. Арыс пен Ташкент арасында шағын ғана Монтайтас станциясы бар. Осы күні Шымкент облысының Ленин ауданына қарайды. Ол кезде ит байласа тұрғысыз дейтін қу дала. Темірбек ел ішінде ұсақ мектептерді біріктіріп, қазақ ауылында орталau (жеті жылдық) және орта мектептер ашып жүр. Орган қолдай нарком, өлкелік партия комитеті бюро мүшесі Т. Жүргенов жолдас бір шеттегі Монтайтастағы болмашы мектепті өз көзімен көремін деп, ол кезде көмірді қүрекпен салып жүргізетін паровоз машинасына мінді де кетті. «Әрі қарай Ташкентке барамын, Файзолла Ходжаевта, Ақмал Икрамовта боламын. Ташкент маңындағы қазақ мектептеріне көмек сұрап

аламын. Сонсоң Ташкент-Новосибирь поезымен Алматыға қайтамын», – деп Темірбек жүріп кетті. Міне, ол кездегі басшы қызметкерлердің өз міндестіне, мемлекет ісіне жан салуы осындағы еді.

Темірбек Жұргеновті 1937 жылы жаз, Қазақстан Компартиясы I съезі кезінде қамады. Осы күні Қарағандыда жасы тоқсанға келген Рақым Момышұлы тұрады. Инабатты, ұстамды кісі. Жас шағымнан білемін Рақанды. Наркомпроста қызмет істейтін, Ленин көшесіндегі екіқабат ағаш үйдің астыңғы қабатында отыратын. Терезесі көшеге шығатын. Сол кісі айтады: «Кеңседе кезекші едім. Тұс кезі. Темірбек «Эмка» машинасымен есік алдына келіп түсті де, үстіңгі қабаттағы бөлмесіне жүгіре басып шықты. Артынан екі кара машина куып келді. Уш-төрт кісі Темірбектің өз кабинетінде тұтқынға алды. Мен бөгде куә (понятой) болдым. НКВД адамдары үстелінің суырмасынан чек книжкаларын алды. Темірбектің ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовке «Шахнаманы» аудартып, айдаудан келген оқымысты Ахмет Байтұрсыновқа қазақ тілі ғылыминың тарихын, ертеде Думаға депутат болған, оның сезін Ленин қолдаған, Петербург университетін бітірген ескі интеллигент Бақытжан Қаратаевқа Қазақстанның Россияға қосылу кезеңін жаздырып жүргенін білетінбіз. Жаңағы чектерде осы кісілерге ақша берген түбіршектер бар екен. Эрине, Т. Жұргенов жолдасқа бұл ол кезде үлкен айып, айғакты зат».

Темірбек сол кеткеннен жоқ болды. Оның ардақты есімін, қайғылы тағдырын біз газетке езіміз жариялаған тізімнен көрдік. Темірбектің жұбайы дәрігер Дәмеш Ермекова да жер ауып, көп бейнет көрді. Осы күні Алматыда тұрады.

Мамытбек Қалдыбаев

ҚОС ТҰЛҒА

Алқымыздың сүйікті ұлдарының бірі, аты ақызға айналған батыр, көрнектіңінші жазушы Бауыржан Момышұлы кезінде «Адамдар, кездесулер» деген естеліктер кітабын жазақшы болған-ды, тіпті оның жоспарын да құрган еді. Ол кітапта Анна Панкратова, Елена Стасова, Алексей Толстой, Всеиволод Вишневский, Наталья Сац, Жәкен (Жамбыл), Қаныш, Мұхтар, Габит, Сәбит, Габиден, Глияс Омаров, Әбдіжәсіміл Нұрпейісов, Әбу Сәрсенбаев, Хамит Ергалиев, Үрия Тұрдықұлова, Шара Жандарбекова, Қасым Аманжолов секілді халқымыздың ардақты ұл-қыздарымен қандай достық қарым-қатынаста болғанын әңгімелегуді ниет еткен. Бірақ денсаулығына байланысты ол ойын жүзеге асыра алмады... «Мамытбек болсын, Михаил болсын, замандастарым туралы сырымды келер үрпаққа жеткізсе жарап жатыр» деп әзілдей күліп, сол естеліктердің бірсынырасын маган айтып берген еді. Мойныма жүзүк, артыма қарызы болмасын деп соларды қағазга түсіріп, газет-журналдарға ұсынып жүрмін. Мынау

«Зерде» журналына беріп отырған естелік те сол Баукең айтқан әңгімелердің бірі. Мұны естелік ішіндегі естелік деуге де болады. Себебі бұл әңгімеде қазақ музыкасының қалыптасуынан көңіл-көңілдегі еңбексіңірген көрнекті қайраткер, әйгілі композитор Е. Брусиловский Баукеңе халқымыздың асыл азаматы Темірбек Жүргеновтің адамгершілігі, өнер мен мәдениетке деген қамқорлығы туралы айттып берген.

Мәскеуде қонақүйде жатқанмын. Кешке серуендегелі көшеге шықтым. Шықсам, Евгений Брусиловский жалғыз жүр екен. Амандастым.

– Зерігіп, тысқа шыққан едім, – деді.

Бұрын сыртынан көргенім болмаса, таныс емеспін. Екеуміз бір-бірімізге сынай қарап, Қызыл алаңға, Ленин Мавзолейіне, Василий Блаженный соборына бардық. Әңгімелесе келе ол шешілді.

– Ленинград консерваториясын бітіргенімде жап-жас едім. Қайда баарымды білмейдім. Консерваторияның өзіне оқытушылық қызметке қала алмадым, орыс операсына баруға шамам жетпеді, эстрадалық оркестрге дирижерлік етер едім, оны бермеді.

Ол кезде Қазақстан туралы естігенім болмаса, білмейтінмін. Тәуекел деп Қазақстанға келдім. Темірбек Жүргеновтің қабылдауында болдым. Тамаша кісі екен. Жас композитор екенімді айттым.

– Жарайды, жігітім, қай жерге тоқтадың? – деді ол.

– Қонақүйге.

– Командировкаға алған ақшаң бар ма?!

– Бар.

– Онда қонақүйде тұра бер.

Қалтамда екі күнге ғана жетерлік ақша қалған еді, оны айту ұят қой.

Жүргенов қоңырау басты. Көмекшісі келді.

– Брусиловский жолдас қонақүйге тоқтапты. Директорына телефон соғыныз. Оның бөлмесіне ешкімді жібермесін, ақшасын біз төлейміз.

Мен таң қалдым.

– Бухгалтерге айтыңыз, мына жігітке мың сом берсін, – деді. Есім шығып кетті.

Жүргенов маған қарап:

– Барыңыз, қонақүйде тұра берініз, жолдас Брусиловский. Тамақтануынызға, қыдырып-серуендеуінізге мың сом жетеді. Бір апта өткен соң сізben сөйлесем. Дәл жетінші күн дегенде маған келініз, – деді.

Қоштасып шықтым. Көмекшісі бухгалтеріне ертіп барып, нарком бұйырды деп мың сом алып берді.

Бір стақан шайға зар болып жүрген кісімін ғой, жарыдым да қалдым. Алматыны арапладым, кафелерге, ресторандарға кірдім. Әрі-беріден кейін тауға бардым. Таудан қаншама поэзия, қаншама музыка таптым десенізші?! Тау маған композитор болып тіл қатқандай еді. Өзімді жеті қат аспанның ар жағында жургендей сезіндім. Ақ қайындарды ауызға алмай-ақ қояйын, бір ғана қарағайлар қанша сыр сыйлады. Қайда қарама, қайда барма – тұнып тұрған поэзия.

Бір жеті откен сон Жүргеновке бардым.

– Уакытыңызы қалай өткіздіңіз? – деді ол.

– Тамаша! Ғажап әсер-сезімге болендім.

– Қайда болдыңыз? Не көрдіңіз?

Бәрін айтып бердім.

– Тауда болғаныңыз жақсы екен.

– Алған әсерім міне, – деп жазған ноталарымды көрсеттім. Үңіліп қарап шықты. Не дер екен деп дірілдең отырмын. Кеңесесінде пианино бар екен.

– Мен нотаны оки алмаймын, бірақ тыңдай білемін, ойна, – деді.

Дірілдең, пианинога отырдым. Жүргенов желке тұсымда кеп тұрды. Тұла бойым қалшылдаң кеткендей болды. Ойналым. Ойнағанда толкимын деп көп қате жіберіп алдым.

– Жарайды, жетеді.

Орнымызга барып отырлық.

– Жолдас Брусиловский, сіз бізге жұмыс істегелі әлде саяхаттап жүргелі келдіңіз бе? – деді.

– Жұмыс істегелі келдім.

– Онда жақсы, біз сізді жұмысқа аламыз. Әзірше Савельскийдің орынбасары етіп қабылдаймыз.

– Савельский кім? Ол кісіні мен білмеймін.

– Ол Қазакстандағы хордың дирижері. Кейін қабілетіңізге қарай көре жатармыз. Дайын пәтер жоқ, конакүйде тұра бересіз. Ақшасын біз төлейміз.

Жерден жеті қоян тапқандай қуандым. Савельскийдің білімі болғанымен, музыкаға шорқақ екен. Қазак әніне, музыкасына жөнді түсінбейді. Алты ай орынбасары болдым.

Ескертпе жасасам, елең қылмайды. Әрі шыдадым, бері шыдадым. Ақырында екеуміздің арамызда қып-қызыл шатақ шықты. Ол Жүргеновтің құлағына жетілті. Құтпеген жерден репетиция өтетін болды. Оған Жүргенов қатысты. Оны Савельский білмейді.

«Қамажай» музыкасына дирижерлік етіп тұр еді, қателесті. Жасырын кеп отырған Жүргенов орнынан тұрып:

– Савельский, сіз бұл әнді дұрыс түсінбейді екенсіз, – деді. Савельский не дерін білмей сілейді де қалды. Мен сахна бұрышында тұрғам. Жүргенов:

– Брусиловский! – деді, – Сіз Савельскийдің орынбасары ретінде мына әнді қалай түсінесіз. Қазір дирижерлік етіңіз.

Дірілдең кеттім. Хор біткен сон:

– Жақсы, – деді. – Мен нарком ретінде ойлануым керек, бұгін қорытындымды айтпаймын.

Бәріміз тан қалдық.

– Брусиловский, бір апта ішінде оркестрді дайындаңыз.

Шын мәнінде бір апта бойына дирижер мен болып қалдым. Не істерімді білмей састым. Құнде бір-екі рет жаттығып журміз. Жүргенов өте ұқыпты кісі екен, бір аптадан

кейін қайта келді. Алдыңғы орында үндемей отыр. Оркестр де, мен де қалтырагандай болдық. Біткен соң орнынан тұрды.

– Мына тұрларіңізден ештеңе шыгар емес, біраз ескертпем бар. Әрине, мен музықант емеспін, бірақ ұқыпты тыңдаушымын. Бір аптадан кейін пікірміді айтамын, оған дейін ойлануым керек. Брусиловский, жұмысынызды жалғастыра беріңіз.

Орнынан тұрып кетті де қалды. Бәріміз қобалжуымыз. Савельский болса, оркестрден шеттетілгендей күйде. Оған:

– Сіз тәжірибелі, көпті көрген кісісіз, маған көмектесініз, не істеуім керек? – деп едім.

– Ешқандай көмек бере алмаймын, өзіңіз білесіз, менің дирижерлігім оған ұнамады, – деді.

Амал жоқ, күн демей, тұн демей дайындалдық. Үйқы да, құлқі де қашты. Тіпті түсімде де дирижерлік ететін болдым. Алдағы сыннан сүрінбей өтем бе, өтпеймін бе деп дамыл көрмедім. Өзінді аямаған соң, басқаны да аямайды екенсің. Оркестрді бір қалыпқа келтірсем деп жанталастым. Бір-екі музықанттың бұзып ойнайтынын таптым. Біреуін оркестр құрамынан кудым, екінші ойнағанда, екіншісін кудым.

Айтқан мезгілде Жүргенов келді, мен дірілдеп, дирижерлік еттім. Екі музыканы ойнадым.

Жүргенов орнынан тұрды. «Қазір бәрі қүриды» деп тұрмын.

– Қазірге жаман емес, ізге түскендейсіндер. Алда тағы жұмыс істейсіндер, оркестр жақсы атқа ие болады деп ойлаймын. Мен тағы бір аптадан кейін келемін.

Тағы дайындық. Тағы сабылыс. «Жаттығу кезінде сіз көрінбей тыңдал отырыңыз да, кемістігіміз болса, айтыңыз», – деп Савельскийге жалындым. Ол келісті.

Мен де, оркестр де ак тер, кек тер болдық. Бір аптадан кейін Жүргенов тағы келді.

Бәріміз дірілдеп ойнай бастадық. Біттік. Дірілдеп тұрмыз.

– Жаман емес, еткен жолғыдан жақсы. Жұмыс істегендеріңіз көрініп тұр. Брусиловский, сіз оркестрдің дирижерісіз, оркестр сізді бар жан-тәнімен тыңдауы керек. Бірақ сіз қазак музыкасының, әуенінің кейбір нәзік сырларын түсінбейді екенсіз. Нотадағы жазуда нәзіктік ерекшелігінің бәрі бар деу киын. Сол себепті Құрманбек Жандарбековпен, Қалибек Куанышпаевпен, Жұсінбек Елебековпен сейлесіп көрініз. Сол кісілердің пікірін тыңдалап, нотадағы жазбаларыныңға өзгеріс енгізініз, – деп орнынан тұрып кетті де қалды.

Әлгі кісілермен таныс емес едім. Телефонмен байланысып едім, жәндеп сейлеспеді. Эрқайсысының үйіне барып, табанын жалай жаздадым.

– Мен дирижер едім. Мынау қалай? – десем, шешілмейді. Жығылсан нардан жығыл дегендей, лаж жоктыктан Жүргеновке бардым. Қабылдады.

– Энеукүнгі ескертпенізді ескеріп, айтқан кісілеріңізге барып едім, менімен ешқайсысы сейлескісі келмеді.

Жүргенов таңданып бетіме қарады.

– Барыңыз. Бүтін сізге ештеңе айта алмаймын, ертен өзім телефон согамын.

Қайттым. Дөңбекшіп, тұнімен жөндеп үйықтай алмадым. Ертеңіне сағат он екілерде тыр етіп телефон соғылды.

– Мен Жұргеновпін, тындаپ тұрмысың?

– Иә, иә.

– Ол кісілермен сөйлестім. Алдымен Қалибек Қуанышбаевқа барыңыз. Ол рас, әнші емес, драмалық театрдың актері, бірақ музыканы бір кісіден кем түсінбейді. Бүгінге осы жетер.

Ертең Құрманбек Жандарбековке барыңыз. Ол білімді кісі, ол әнші ғана емес, композитор. Онымен байқап сөйлесіңіз.

Арғы күні маған келініз, – деді.

Айтқанын істеп Қалекене бардым. Орысшаны шала білетін кісі екен. Домбыра тартты. Жақсы музыкант екені бірден көрінді. Домбырасын шертіп, әңгімелесіп отырып, бір кезде «Қаракесекті» ойнады.

– Ah! – дедім. Әнін бұрын нотадан білетінмін, орындалуын естігеніммен, көзben көргенім осы. Ойпырмай, Бауыржан, кешіріңіз, үннің өзін аспаппен ойнауға болады, бірақ соған қосылып шырқау оны өзің көріп отыру маған ғажап әсер етті. Ұл музыканың үнін де, мазмұнын да терең ашады екен. Егерде жаңағы «Қаракесекті» домбырамен тартып қана қойса, мен оның сырына түсінбес едім, ал соған дауысын қосып айтқанда, қазақша білмесем де, маған соншалық түсінікті болды. Ол кісінің айтуында үн мен сөздің мазмұны қосылып, егіз баладай сұлу көрінді.

Екінші күні Құрманбек Жандарбековке бардым. «Ха-ха!» деп күліп, қалжындағы қарсы алды. Шаруамды айттым.

– Жақсы, қазір, – деді.

– Мынау әнді айтып берсеңіз? – Айтып берді. Композитор ретінде әннің ыргагына, әннің тубіріне түсініп отырмын. Ол кісі эстрадалық мәнерде орындалады. Бауыржан, түсінесің бе, түсінбейсің бе, эстрада мен операның айырмасы жер мен көктей. Бірақ Құрманбекке табиғат дауысты аямай берген екен. Дауыс өз алдына, әнді нәзік, түсініп айта білетін кісі екен... Табиғат берген дауысты сыйлау, бағалау керек деп іштей ойлап, тағы біраз ән айтқыздым.

Кейіннен жете біле келе үғынғаным, Құрманбек жалғыз әнші емес, актер де, режиссер де екен. Тағы қатардағы емес, үздік өнер иесі екен.

Жаманды-жақсылы көпті көрдік, көпті тыңдадық қой. Кейбір әншілер дауысым бар деп, әннің мағынасына мән бермейді. Олар тағы консерваторияны бітіргендер.

Құрманбекте әншілік талғам өте биік, өте таза екен. Ол – қазақтың опералық театрының негізін салды, бірақ өзі еш уақытта мен салдым деп айтқан емес, солай деп ешкім мойындаған да емес. Ал шындығында, қазақтың опералық театрының негізін салушы – Құрманбек Жандарбеков.

Темірбек Жұргеновтің мені неге Құрманбекке жолық дегенін қазір ойласам, ол кісі оның бойындағы осы дарының таныған екен...

Е. Брусиловскиймен кездейсоқ кездесемін деп, осындаі әңгіме естіп, ойламаған ол-жаға кенелгенім бар.

ҚАСИЕТТИ КІСІ ЕДІ

Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген екен Бұхар жырау. Казір өзіміз 80 жылдығын атап өткелі отырған Илияс Омаров көнекөз қариялар айта беретін «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда ғана боларсың елге иұска» дейтін ата сезін ту етіп, уақыты тар болса да арманы алыс, мақсаты асқақ өмір кешкен мемлекет қайраткері, дарынды қоғамтанушы, әдебиет, өнер зерттеушісі, кай-қайсымызға болса да ақылшы аға, жақын дос қамкоршы ұстаз еді.

Оның өмір жолына, азаматтық тұлғасына, шығармашылығына үніле отыра, біз табиғатынан сезімтал, адамның ішкі сырын «айтпай білетін» (Абай) ақыл-ой исесінін, әрбір сезінде тоспалға тұратын қаламгердің тұрпатын көреміз. Ілекеннің бойында көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлерінде кездесе бермейтін өзгениң тағдырына қүйініс, табысына қуаныш сезімі, парасаттылықты іштей ұғынып, жүрекпен түсінетін халықтық қасиеттер молынан табылатын еді. Тері, Шал ақынның «Саясы жок байтерек саздауга біткен талмен тен. Жаксы ағаныз бар болса, алдында сары балмен тен» деген сөздерінің мәні де осында жаткан сияқты.

... 1962 жыл. Наурыздың 2-і күні мен Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым. Комсомолдың съезінде жастардың бос уақытын, демалыс сәттерін пайдалану ісінде жіберілген кемшіліктер жөнінде сез болған-ды. Әсіресе, Қостанайдан келген бір делегат Боровский ауданында мәдени-ағарту орындарының, әсіресе клубтардың жетісе бермейтінін айткан.

Съезд бітісімен осы мәселе мен Қазак КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне барған болатынмын. Комитет торагасының бірінші орынбасары Илияс Омаров мені жылы шыраймен карсы алып, келген жұмысымның мән-жайын сұрай бастады. Мәселе клуб жайында болғандыктан түсініс пігілден білдіріп, тікелей шара колданатынын айтты да: «Бірлесіп кимылдасак клуб салына жатар. Дегенмен менің саған айтатын басқа бір тілегім бар. Казір әдебиетке Олжас Сүлейменов. Тұманбай Молдагалиев, Сәкен Жұнисов секілі жастар келіпти. Егер мен біртене түсінетін болсам, болашақта әдебиеттің құлагын осылар ұстайтын болады. Менің жағдайымды әдебиет мәселелеріне араласа бір-төсімді біреу түсінсө, біреу түсінеді. Сен осыларға қамкоршы болып орынды болар еді», - дегенді айтты.

Абзат ағаның тапсырмасын алып, біз жас әдебиетшілермен тікелей айналыса бастадық. Ен алдымен Олжас Сүлейменовті бұрынғы Олак көлеміндегі оқырманнан таныстыруды мақсатымен алған рет онин «Адамға табын. Жер. енді» поэмасы жайында 1962 жылғы 16–20 соуірде өткен Бүкілолдақтық Ленинишіл Коммунистік жастар одағының XIV съезінде айттыды. Кейіннен сол поэмасы үшін Олжас Сүлейменов Бүкілолдақтық Ленин комсомолы сыйыстырының тұнғыш лауреаттарының бірі болды.

Партия катарына өткенде де оған кепілдік берген Ілияс Омаров, Қамал Смайлұс (ол кезде «Қазақфильм» киностудиясының директоры болатын) және мен болды.

Ал Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылығы Казакстан комсомолы Орталық комитеттің бюросында талқыланып, енді ғана бүршік атып, оқырман қауымға таныла бастаған жас ақынның азаматтық лирикасына толық талдау жасалды. Сол мәжілісте сейлекен сезінде оның «Егер менен болашакта танымал ақын шығатын болса, мен осы бүрорға міндетті боламын» дегені әлі есімде. Тұманбай Молдағалиев кейіннен Казакстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды.

Сол кезден бастап-ақ, дарынды прозаик болып таныла бастаған Сәкен Жұнісовтің шығармашылығы біршама басқаша қалыптасты. Әсіресе, оның «Жаландагы жалғыз үй» романы жазушының белашағынан зор үміттендіретін туынды еді. Бұл жөнінде Ілияс Омаров баспасез бетінде пікір айттып, өз ойларын ортаға салды. Әйтсе де, комиссия мүшелері жас жазушының қалам алдысына сыйлық бере салмай, оның шығармашылығына кейінрек кайта орату кажет деп тапты.

Ойлап карасам, осы бір жайттар асыл ағамыздың жас әдебиетке деген камкорлығының өзінше айғағы екен.

Казакстан комсомолының съезінен кейін «Казақ әдебиеті», «Ленинская смена» газеттерінің редакция алқалары комсомолдың Орталық комитеттіне бірлескен ашық хат жолдан, Мұхтар Әуезовтің 1960 жылдың желтоқсанында университеттінде сонғы рет сейлекенін тілге тиек етіп, жыл сайын 25 желтоқсанда университетте Мұхтар Әуезовке арналған әдеби кеш өткізілетін болса, онда сонғы жылдағы жас әдебиеттің туындыларына талдау жасап, болашакқа бағдарлап отыруға мүмкіндік туар еді. – дегенді айтты.

Сейтіл, 1962 жылы 25 желтоқсанда университеттін филология факультеттін үйінде Мұхтар Әуезовтің естелігіне арналған осындағы кеш өткізу келісілді.

Менің серіктерім сол кеште баяндама жасауды маған ұсынды.

Мен болсам «Әдебиет үшін мен кіммін? Онан да баяндаманы белгілі жазушы жасаса орынды болар еді» дегенді айттым. Әдеби кеште баяндама жасауды Сабит Мұқановтан өтінгенімізде, ол кісі әртүрлі себептермен баяндама жасай алмайтынын айтты. Одактың сол кездегі бірінші хатшысы Габиден Мұстафин наукас болатын. Габит Мұсіренов болса шет елде жүр еді. Сейтіл баяндаманы Мұхаметжан Қаратаев жасайдын болды. Ал корытынды сез сейлеуді Ілияс Омаровтан өтіндік. Мұндай хабарлы естігендे, ол кісінін куанганын айтсанышы. Жыл сайын Мұхтар Әуезовке ариап кеш өткізіп, онда жана туындыларға баға беріп, жұртшылықты жас әдебиетшілермен таныстырып отырсақ кандай тамаша деп кайта-кайта ризашылығын білдірді.

Сонымен Мұхтар Әуезов университет студенттерінің алдында сонғы рет сез сейлекен аудиторияда оған ариатған кеш болды. Оған Орталық комитеттегі насиҳат және үіт болімі менгерушісінің орынбасары Әнуарбек Шманов катысты. Кешті қыскаша кіріспемен өзім аңыл, баяндама үшін М. Қаратаевка сез бердім. Ол кісі бір жарым сағат баяндама жасады, басқа сейлеушілер де болды. Сонында Ілияс Омаровка сез берілді.

Ілияс ағамыз қағазсыз, екі иығын қомдап, теңселіп тұрып сөйлейді еken. 43 минуттің қалай өткенін де байқамай қалыптын. Әңгіме тек жас әдебиеттің төңірегінде ғана емес, ел тағдырына, тарихқа, мәдениетке, әуезге, бейнелеу өнеріне, сәулеткерлікке байланысты болды. Ол кезде ойға келе бермейтін соны пікірлер де айтылды. Мысалы алсақ, халық педагогикасы дегенді сол кеште мен бірінші рет осындай дуалы ауыздан естіп, қайран қалғаным бар.

Тіптен, ертеңіне Орталық комитетке барып, хатшының алдында «қайдағы бір плановикке» сөз бергенім үшін жауап беруге тұра келгеніне де ризамын. Жазған басым, ол кісінің тарихқа, мәдениетке, әсіресе ел тағдырына байланысты мәселелерді көтеретінін қайдан біледін? Ең болмаса стенограммаға түсіріп, не таспаға жаздырып алмағаным аосы күнге дейін өкінемін.

Жалпы осы кештен кейін біз жас әдебиетшілермен, өнер қайраткерлерімен көптеп айналыса бастадық. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының алғашкы лауреаттарының қатарында Әнуар Әлімжановтың, Газиза Жұбанованың, Анатолий Молодовтың, Шемші Қалдаяқовтың, Петр Усачевтің, Ескендір Хасанғалиевтің, Нұрғали Нұсіпжановтің болғаны дәлел бола алады.

Жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік IX фестивалі 1968 жылы Софияда (Болгария) өтетін болды. Өкініштісі, фестивальға жас өнерпаздарды таңдал алу үшін келген комиссияға Мәдениет министрлігі мен Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің насиҳат бөліміндегілер (мен ол кезде жастар делегациясымен Цейлонда жүрген едім) бірде-бір дұрыс ансамбльді, не жеке орындаушыны көрсете алмағандықтан Қазақстаннан ешкім алынбапты. Мен келе сала, Мәскеуге телефон соғып, ренішімді білдіргенімде, БЛҚЖО Орталық комитетінің хатшысы Борис Пастухов делегацияның құрамы бекітіліп кеткенін айтты да, не де болса бір адамды өзің ұсынсан қосымша енгізейік деді.

Сол кезге дейін қазақ әншілері дуниежүзілік конкурстарға қатысып көрмеген болатын. Сондықтан да болар, фестивальға қатысуға жаңа ғана студияны бітірген Гүлжан Талпақованы ұсындық. Оған салтанаттық және сахналық етіп киім-кешек тіккіздік. Конкурсқа қатыстыру үшін халық би «Айжан қызыға» қоса Тәттімбеттің «Былқылдағының» ырғағына тағы бір би қойғыздық.

Қалыптаскан тәртіп бойынша, фестивальға баратын өнерпаздар бір ай бұрынғы Мәскеуге жалпы репетицияға шакырылатын. Біздің жалғыз бишіміз Гүлжан Талпақова Мәскеуге алдын-ала шакырылғанымен, фортепьяноға билейтін болғандықтан конкурсқа жіберілмейтін болынты.

Фестивальға аттанар алдында саяси делегация құрамына снгендермен, туристермен бірге Мәскеуге мен келген соң, Гүлжанмен ақылдаса отыра, екі биден бір би шыгарып, бір өзбек дойрашысын сұрап алып, оның сүйемелдеуімен билейтін болып келістік. Конкурсқа қатысу Гүлжан үшін табысты болды. Ол скінші орынға ие болып, фестивальдің күміс медалін көкірегіне тақты.

Фестиваль аяқталып, елге оралдық Сол кезде мәдениет министрі қызметіне ауысқан Илияс Омаров та болып жатыз бишіні конкурсса қатыстырамын деп тарткан азабыма байланыстыра. «біз қашанғы фортеңінога билей береміз?» деп қатты-қатты сөздер айтыптын. Ілекен болса өзін көргө жер таптай, «Ойпырмай. Өзбекката (ол кісі мені осылай деп атайдың еш) сен ете қатты ренжісін ғой, мен бұл мәселені коллегияға қоям, шара көлінамын. Өзің блесің ғой, қазір «Гүлдер» ансамблі құрылтып жатыр, ондағылар тек оркестрдің сүйемелдеуімен ғана билейтін болады» деп калбалактай берді...

Бұл біздің соңғы тапасуымыз еді. Кейін «Гүлдер» ансамблінің тұсаукесер-таныстыру рәсіміне ауруханадан алтып келгенде, құр сүйек қатып, ағамыздың «тірі аруақтайды» болып калғанын көрдік. Ілекендегі азаматтың орны тола бермейді. Кайран ағашың әбден ауру деңдел, көз жұмар шагы жақын калғанда, оған қөніліне келетін сөздер айтқанымды ешқашанда кешіре алмаймын. Кеп ұзамай Ілекенді актық сапарына шығарып салзық.

Мен Торғай облысына қызметке аусынап кеттім. Онда музыкалық драма театры құрылып, оған директор және көркемдік жағын баскарушы Казакстанның халық әртісі Канабек Байсейітов тағайындалатын болды. Бірак жасы асып кеткен адамға жана театр құру оңайға соклайтын болғандыктан. Алматыға кайтаруга тұра келді. Бір кешіте Канабек Байсейітовтен Илияс Омаров жөніндегі мынадай бір әнгіме естіген едім. Ілекен министр болып тағайындалған соң, Канабек Байсейітов бір мәселе мен министрлікке барғанда, министрлін кабылдау бөлмесінде ілуіл тұрған Темірбек Жұргеновтің суретіне көзі түсіп: «Ілеке, мынаны қалай түсінүте болады?» депен ежен. Соңда Илияс Омаров: «Е. Канеке. Менін министр. сіздің халық әртісі болып жүргенің осы кісінің арқасы. Темірбек Жұргеновтің кейін біздің казак енеріне косканымыз шамалты». – депті. Кейін Илияс дүние салып, онын орнына басқа тағайындалғаннан кейін бірде министрлікке барғанымда. Темірбектің суретінің орнына натюрморт ізүлі тұрғанын көріп тәбемнен токпакпен ұрып, жерге кіргізіп жібергендей болдым». – деп Канекен көзіне жас алды.

Мен Илияс Омаровпен кайсыбір тарихи оқиғаларға, әдебиет пен өнер туындыларына партиялық тұрғыдан баға беруде жіберілген «кемшілктер» үшін күткін-сүргінге түсіп, қызметсіз де қалып, әмірден әккі бола бастаған шағында таныстым. Бірак ол ешқашан да қажыған, мойыған пигыл көрсетпейтін, көрісінше, өмірсүйгіштігімен, енбеккорлығымен, іскерлігімен жүртты өзіне тартатын. Илияс Омаровтан кейін сол секілді Казакстан Компартіясы Орталық Комитетінің идеология жағын баскарған жатышларының елтану мәселелеріне тікелей айналыскандарын көргөн емесспін. Көп оқығандығы сонша, дүниежүзілік немесе орыс классикасының, бұрын-соңғы казак әдебиеті шығармаларының кей-кайсысынан болса да бетпе-бет үзінде келтіріп, пікір таластыра златындықтан. Онымен тікелей катынаста болу біз үшін үзін мектеп болатын. Онда Казак Республикасына сінірген еңбегі, шығармашылығы өз алдына зерттеп-бытуі қажет ететін құбылымы. Ілекеннін, жағдайе әдебиеттануда, көркемсөзде

қалдырған мұрасын жинақтап бастыру кезек күттірмейтін нәрсе. Осындай курделі тұлғаның ел алдындағы қызметіне лайықты баға беретін деректі фильм, радио-, теледидар хабарларын ұйымдастыру қажет. Оны есте қалдырудың да шешімін таба алмай келе жатқаны өкінішті-ак.

Мұның өзі тек біз үшін ғана керек емес, жастарға, әсіресе болашак ұрпакқа ізгілік, отаншылдық рухта тәрбие беру ісіне қосылған үлес болар еді. Илияс Омаров шығармашылығын зерттеп-білу Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеумен тікелей айналысатындарға да үлкен көмек болатыны даусыз.

Евгений Брусиловский

ДҮЙІМ ДУЛДУЛДЕР

Алматының музикалық активі бес адамнан құралатын: Сергей Иванович Шабельский, Иван Васильевич Коцык, Борис Григорьевич Ерзакович, Дмитрий Дмитриевич Мацуцин және Поливанов. Қаланың бас музыканты И. В. Коцык еді. Бұл Алматыға Украинадан келген профессионал-регент болатын. Кәсіптік білімін Польшада алған көрінеді, өзі сол жақта туған. Хор басқару онерін шебер менгерген кісі. 1925 жылдың өзінде Қазақстанда хор ұйымдастырып, ол хор Мәскеуде онер көрсеткен. Оның өзі іскер, жігерлі, ширак ері тамаша ұйымдастыруши болатын. Нарком Т. Жүргенов қандай да болсын мәдени-бұкараптық және музикалық шараларды ұйымдастыруды тек соған тапсыруши еді. Наркомның оған деген сенімі Коцыкты музика-көрермендер мәселелері жөнінде өкілетті жетекші ретіндес танытып, оның өзге музика қайраткерлеріне, ортаколды дилетанттар мен қын демей, бас шұлғып тұратындардың алдында әлдебір ресми емес билігін жүргізуіне ырық беретін секілді еді.

Наркомға Иван Васильевич бір ауыз сөз айтса бітті, оған карсы келмекші болған адамға әжептәуір кеселі келмей коймайды. Ал кесел келтіруге де ол әкі болатын. Мені Коцык, әлбетте, үрпие карсы алды. Бәсекелес болып келдім той. Бұл кім, кайдан, не тып жүр, не керек өзіне – дереу ежіктеп аныктаған. Алматыға, әдетте, жаксыныққа байланысты келмейтін, өз ықтиярыныз келетіндері аз емес, мұнда тұрып, омір суру үшін емес, уақытша тірлік есебінде келелі көбі. Коцыктың өзі де бүрін сондай, уақытша тірлік өткізген түрі бар. Жынды сүрэйлікін сирек түрі секінші «өзінің аринаулы жоғары білімі бар бір кісі ықыласымен Алматыда жұмыс істеуге көзінің» деген ойлаудың өзі кисынсыз еді. Демек, ол онда, Ленинградта басы артық болғаны той? – Жок, олай емес, басы артық болмай шыкты. Бәлкі, оны акырын коныс аудартып салған шыгар? – Жок, коныс аударған да емес. Содан не керек арамында ұхакка соғынған, кісіні мезі ететін, кірбін-кікілжін майдан басталып берсін. Осек-аян, жаңжал, арамшату

әрекеттері де кым-куыт етек алды. Бірақ та мен Л. Мұхитовпен бірге өз «кабинетімде» тарс жабылып алдым да, ешкандай дерлік көрінбей қойдым. Окта-текте ғана әртүрлі жинальстарда фортепианога өзім бейімдеген құйлерді ойнап беріп жүрдім. Коңық коммуналдық тірліктің өрескел тәсілдерін іске қосып бақты, ал мен болсам тыңғышты шығармашылық жұмыспен жауап бердім.

1934 жылы қантарда Алматыда Қазактың мемлекеттік музыка театры жұмыс істей бастады. Адам Атаның қабырғасынан жаралған Хая ана секілді, Қазақ музыка театры да Қазақстандағы драма театрының негізінде құрылды. Бұған дейін ол синтетикалық театр болып келген еді. Сол кезден бастап музыкалық жағынан дарынды актерлер драмалық театрдан бөлектеніп шығып, музыкалық театрда бас қосты.

М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» атты тұнғыш спектакліне музыканы И. В. Коңық жазды.

Драма театрында директоры Орынбек Беков, Қалибек Куанышбаев, Елубай Өмірзаков, Серке Қожамқұлов, Қапан Бадыров, Қамал Қармысов, Жұсіпбек Елебеков және басқалары калды. Драмадан музыкалық театрға Күләш Байсейітова (Гұлбаһрам Бейісова) кетті де, драмада жетекші артист әйелдерден тек М. Шанова мен Рәбига Мұхамедиярова калды.

Оның есесіне музыка театры Күләш Байсейітова, Үрия Тұрдықулова, Айнұш Ержанова, Шара Жандарбекова, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітov, Манарабек Ержанов, Ибади Тәукелов сынды тума таланттардың есімімен әйгілі болды.

Наркомпрос Темірбек Жүргенов бұл жас театрды зор қамқорлықпен және сүйіспеншілікпен аялап, ағынан тік тұрғызыды. Театрдың ресми көркемдік жағын басқарушы Жұмат Шанин, бас суретшісі – А. Ненашев, музыкалық жетекшісі – И. В. Коңық болғанымен, театрдың барлық жұмысымен – репертуар таңдау, постановка қою, музыкасын таңдау, суретшінің жұмысы, материалдық жағдайы дегендегүйін шаруаның берімен Жүргенов өзі шүғылданатын.

Сонымен, театр 1934 жылы қантарда М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» атты музыкалық пьесасымен ашылды. Спектакль аса дулы табыспен өтті, бірнеше мәрте қатарынан халық лық толы болды. Театрдың Пушкин көшесінің бойындағы үйі небәрі 450 орындық еді, әлбетте, оған келгісі келген жүрттың бәрі қайдан сыйын. Абажадай зор денелі Қажымұқанның өзіне ғана екі орындықтың аралық сүйеніш белдеуін кесіп тастап, әзер дегендегүйін сыйлап берген.

Алғашқы спектакльдерде И. В. Коңыктың өзі дирижерлік еткен еді, бірақ одан соң, көп уақытқа дейін театр дирижерінің орнын театрдың бұрынғы кернейші музыканты Федор Алексеевич Кузьмич алды. Алуан әуезді музыканың қисынсыз түйдегімен елең еткізген спектакль музыкасында Коңыктың өз тындырғаны не екенін айту да киын.

Ол кезде қазактың биі болмайтын. Соңдықтан да, сірә, уақытша, өзбек, татар билерімен, тіптен кафенің ерке-бәдік билерімен алмастырған шығар. Ол билерді Ташкенттен келген мейман Али Ардобус койған, ол Орта Азия билерін жетік билетін.

1934 жылдың жазында Наркомпрос халық шығармашылығы қайраткерлерінің бүкілқазақстандық олимпиадасын ұйымдастырды. Бұл бағалы әрі пайдалы шара екі түрлі проблеманы шешуге – театр ұжымдарын жас күштермен толықтыру үшін халық арасынан хас шеберлерді айқындау және халық музикасының жаңа үлгілерін жинастыру ісіне жәрдем етуге тиісті еді. Олимпиада бірсыптыра жаңа есімдерді: Фарифолла Құрманғалиев, Қали Жантілеов, Жаппас Қаламбаев, сыйбызғышы Ш. Бәлиев және басқа дарынды халық музиканттарын әйгілеп берді. Олимпиадага А. В. Затаевич келді, олимпиада барысында этнографиялық жұмысты А. В. Затаевич, И. В. Коцық, В. Г. Ерзакович, В. С. Пирогов және мен жүргізуге тиісті едік.

Әлбетте, ең көп шығарма жазып алған А. В. Затаевич болды. Ол кез келген жерде, рояльсызы-ақ шапшаң жазып ала қоятын. Шапшаң жазып алу үшін ол музикалық стенографияның өзіндік жүйесін ойлап тапқан, соның арқасында анағұрлым шапшаң жазу амалын менгерген. Музика жазып алуды ол жанындан сүйеттін, бұл сүйікті іспен қайда болсын, қашан болсын және қанша уақыт болсын шұғылдана беруден жалықпайтын, талмайтын.

1935 жылы А. В. Затаевичтің жұмыс істегеніне он бес жыл tolуын атап өту жөнінде гі шешім қабылданды. Қазақтың драма театрының үйінде мерекелік салтанат өткендей болды. (Театр Карл Маркс пен Совет көшелерінің бүршынында, парктің іргесінде болатын). Залда адам аз болды, әлдебіреу шағын баяндама жасады. Затаевичке шағын гүл шоғырын табыс етті. Соңсоң мінберге Наркомпростың бухгалтері Мұқанов көтерілді, ол маңдайындағы көзілдірігін тәмен түсіріп, А. В. Затаевичке мерейтойына байланысты 2400 сом ақшалай сыйлық беру жөнінде Наркомпростың бұйрығын оқыды.

Олимпиада корытындыларын жинақтау мақсатымен Жүргенов өз кабинетінде облыс өкілдерінің басын косып, кішігірімдеу мәжіліс шакырды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам – қарағандылық Б. А. Орлов және мен орыс жүртynan едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек казақ тілінде сөйледі. Мұндай жайға өз басым үрреніп, көндігіп алғам, олимпиаданың нәтижелері бұл мәжіліссіз-ақ өз басыма түсінікті болатын. Ал Борис Александровичке бәрі жетісінкіремей, кемшін болып тұрады. Білмекке ынтық зейін-зердесі мұнда сөз болып жатқан мән-жайды білгісі келеді. Ол Қарағандыға осыдан біраз бүршын Саратовтан келген, ондағылардың бәрі орысша сөйлеген, сондықтан да женіл, оңай да түсінікті, қарапайым ғана орыс тілі тұрғанда, осында түсініксіз казақ тілінде сөйлеудің не керегі бар екенін Борис Александрович ұға қоймады? Осындағы кисындар ырқымен Борис Александрович орнынан тұрды да, Жүргеновтің қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында әнгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол түсіністідей болуы үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтты.

Жүргеновтің кішкентай, кара көздері ұшқындалап кетті. Қашанда дүрдінкіреп тұратын астынғы ерні одан сайын торсия берді. Мұның өзі қызық көрініс еді. Жүрттың бәрі бірден бүкшие түсіп, тым-тырыс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» – ашу наизағайы үрейлене бүкжиген қайраткерлердің үстінен ойқастай шапшыды.

«Сіз қайда жүрсіз, өзініз?!» – деп қайталап, Жұргенов дауысын бұрынғыдан бетер катаита сөйледі. – Сіз Қазақстанға келдіңіз, егерде мұнда жұмыс істегініз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Бәлкім, Сіз, Орлов жолдас, біз өз ана тілімізде сөйлеуімізге мұрсат етерсіз? Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?»

Кабинет ішін тыныштық ызыны қеулегендей. Орловтың өні құп-ку, бол-боз. Ләм деместен ол өз орнына отыра берді. Дұмпу осымен тәмәм болды да, мәжіліс әрі қарай іскерлік арнамен жалғасып кетті...

Рашид Жарылқасынов

УШ МЫҢ ШЕНЕУНІК УШ АЛЫПҚА ТАТЫМАЙ ОТЫР

Саясаткер мен мемлекеттік қайраткердің айырмашылығы: саясаткер келе жатқан маусымдық науқанға қызмет етеді, ал қайраткер халқының келешегіне қызмет етеді. Біріншісі – саяси ұлай жинау үшін қамданса, екіншісі – ұлттың ұлайы үшін кам жейді» депті Британияның атақты премьері Уинстон Черчилль. «Мемлекеттік қайраткер ұлт намысын бәрінен жоғары қояды» деген-тін Франция президенті болған Жорж Помпиду. Міне, осы тұрғыдан бағамдасақ, қазакта қайраткерден гөрі, саясаткер көп сиякты бүгінде.

Ал кеше... Алаш идеясы. Алашорда қайраткерлері. Ұлт мұддесі үшін курсес... Тіпті тоталитарлық жүйе орнаған заманның өзінде ұлт намысын корғаған Темірбек Жұргенов, Илияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібековтердің ерлігі өз алдына бір тәбе. Қазак мәдениетінің һәм ұлт руханияттының дамуына қосқан осы үш алыптың ерлігін бүгінде үш мың шенеунік жабылса да қайталай алмайды. Өйткені олардың жеке амбициялары ұлттық мұддеге қызмет етпей отыр.

Мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жұргеновтің ерлігі жайлы Е. Брусловский «Дүйім дүлдүлдер» атты енбегінде былайша еске түсіреді: «Жұргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам – карагандылық Б. Н. Орлов және мен – орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек казак тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да, Жұргеновтен қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында әнгіме болып жатканын өзі ұқпай отырғанын, сөйлеушілерді ол түсінетіндей болуы үшін орысша сөйлеу жөн екенін айтты. Бір кезде Жұргеновтің кара көздері ұшқындалап кетті... Жұрттың бәрі бүкшие түсіп, тым-тырс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас! Сіз қайда жүрсіз, өзініз!» – деп Жұргенов дауысын бұрынғыдан бетер катаита сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егерде мұнда жұмыс істегініз келсе, республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз

бей?» – деп өзге үлгітан қазақ тілін құрметтеуді талап етті». Ал қазақ шенеунің бүгінгі Бористердің тізесін баса алмай, талай Орловтың алдында мәймәнкелеп келеді. Себебі олар Николаевичтің туған тілін ғана біледі.

Т. Жүргеновтің тікелей атсалысуымен қазақ мектептерінің саны артты. КСРО-ның жоғары оку орындарында қазақ жастарының білім алуына көмек көрсетіп отырды. Қазақстанда алғашқы опера және балет театрын ұйымдастыруға өлшеусіз үлес косты.

Мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков Алматы облыстық атқару комитеті тәрағасының орынбасары қызыметін атқарғанда, аудан-ауданды арапаң, сол кезгі астаналық облыстың тарихи сипаты бар ғимараттар мен ескерткіштердің тізімін алғып, оларды корғау үшін мемлекет қарауына енгізіп, белгі қою, кайта жөндеу талаптарын алға тартып, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы алдына мәселе қояды. Куану, жедел жөндету, қаржы бөлу ісін қарau орнына, айлакер бірінші хатшы әлгі ұсынысты: «Өзбекәлі Жәнібеков өз саласына қатысты істі жүзеге асыра алмай отыр», – деген желеумен сөгіс жарияладап, сырғытып жібермек болған. Іс күннен-күнгे насырға шауып бара жатты. «Қызыметтен босатамын, партиядан шығарамын!» – деп айғайлапты әлгі әпербақан басшы эй-шәйға қарамай. Екеуден-екеу ырғасып отырғанда Өзбекәлі Жәнібеков өзінен лауазымы биік әлгі орысқол басшыға «К... -не қара!» деп, жерлеп, жерге бір түкіріп шығып жүре беріпті.

Ө. Жәнібеков жетпісінші жылдардың өзінде-ақ Қожа Ахмет Яссайи кесенесінің калпына келтірілуіне үйтқы болды. Оның бастамасымен Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сактау мен калпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Наурыз мейрамының кайта оралуына белсене атсалысты.

Мінекей, аталған үш алғы үлт намысы сынға түскен құрделі кезеңде ел көшін алға сүйреді. Өз халқын тонап, опасыздық жасаган жок. Әркендетті. Шетел асып қашқан жок. Әристетті. Қауқарсыз қалған қазағын қаңғыртқан жок. Қолдады. Күрмеуі көп қыын шакта қарнын сипал кабинетінде отырған жок. Халқымен бірге болды!

Жүргеновтің жау жүректігі, Омаровтың тектілігі, Жәнібековтің мәрттігі бүгінгі шенділерге дарыса дейміз. Ендігі сенім қазақстандық шенеуніктердің жаңа толқынында. Қоңілімізде күдіктен гөрі үміт үстем...

«РУСТЕМ-ДАСТАН» ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?

Кармақшының «Ақтайлак кезен» деп аталатын ежелгі елді мекенінде туып-өскен Тұрмамбет Ізтілеуұлының балалық дәурені оку, ізденумен өткен еді. Ауылдағы молдалық мектептен саут ашқан ол он төрт жасында Бұхара шаһарындағы медресеге окуға аттанады. Сөз жок, ондағы окулар балалыктан бозбалалық шакқа өткен шәкірттің дүниеауди көзқарасын қалыптастыруда терең өзгерістер жасайды. Сондагы окудан

терен білім алып, ауылға оралған соң, өзі жинаған бай кітапханасындағы дүниелермен шәкірттерге дәріс бере бастайды. Білімдар жас ұстаздың қолында арабтың «Мың бір тұн», үндінің «Тотынама», парсының «Шаһнама» тәрізді баға жетпес мұралары, сондай-ақ Сағидидың «Гүлстан», «Бостан», Низамидің «Ескендірнама», «Хосроу-Шырын», Науайдың «Ләйлі-Мәжнүн», «Жеті жүлдүз» аталатын классикалық шығармаларының толық қолжазбалары болған. Оны ұлы шайыр Тұрмағамбетпен тұстас өмір сүрген құймақұлак қариялар кейінгілерге жыр ғып айттып отырушы еді деседі.

Бұхарадағы Мир-араб, Көкелташ медреселері негізінен діни оку орны болғанымен, оларда парсы, араб, түркі және шағатай тілдері терендептіп оқытылып, шәкірттерге арғы-бергі әдеби мұралардан мол мағлұмат берілетін-ді. Осының барлығы да Тұрмағамбеттің тіл іліміне деген құштарлығын арттырып, оның ақындық өнерге қарай қарымды құлаш жая тұсуіне серпінді ықпал еткен еді. Елдегі мешіттерде ұстаздық еткен кезінде оның терен білімдарлығы айқын сезіле түседі. Осы арада айта кетер бір жәйт, ол Аламесектегі мешітте (Жалағаш ауданы) казактың тұнғыш Халық ағарту комиссары Темірбек Жұргеновке дәріс беріп, оның сауатын ашуға көп ықпал етеді.

1934 жылы «Шығыстың жарық жүлдүзы» атанған Фирдоусидің туғанына мың жыл толған мерекесі әлемнің көптеген елдерінде атап өтіліп, мәңгі өлмес шығармасы «Шаһнама» (патшалар өмірі жайлы жыр) әр халықтың тілдеріне жаппай аударыла бастайды. Өз кезінде «Шаһнаманы» Шығыстың «Илиадасы» деп те атағандар болған. Бірақ шын мәнінде «Шаһнама» «Илиада» секілді туындыдан сегіз есе көп келетін теңдессіз эпопея-дастан.

Сол бір дүбірлі мереке атальп өтіп жатқан 1934 жылы Алматыда Қазақстан жазушыларының тұнғыш съезі, одан соң дәл сол жылы көркемөнерпаздардың республикалық I слеті өткізіліп, оған Оңтүстік Қазақстан облысынан Тұрмағамбет Ізтілеуов те қатысады. Осы барған сапарында Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л. И. Мирзоянмен, Оқу халық комиссары Т. Жұргеновпен жүздесіп, олармен келелі әңгімелер козгалады. Сөз түйініне тоқтар кездे Темірбек Жұргенов Тұрмағамбеттен: «Шаһнаманы» аудара алар ма едіңіз?» – деп сұрайды. Сонда Тұрмағамбет: «Ол дастанның түркішесін де, шағатайшасын да, тіпті парсышасы мен арабшасын да оқығанмын. Көптеген жерін жатқа да білемін. Оны аудармай несі бар?», – дейді сенімді түрде.

Арқалы ақын Темірбек Жұргеновке осы кесімді сөзін айтқан соң, былай деп өлеңдете жөнеледі:

«Тәуекел! Орын тап та, тапсырып көр,
Алармын әркалайда иілдіріп.
Қалайша киял, шіркін, қашар екен,
Отырсан жоғарыға киімді іліп.
Баяғы балалықтың базарында
Өлеңді отырушы ем үйлдіріп.
Ойламай оның жолын қартайған соң,

Тастап ем зейінімді түйілдіріп.
Қалайда бәйге алып бере алмайды,
Жүйрікті жаратпастан күйін біліп.
«Ишарат – ақылы барға» деген накыл,
Ал койдым осы араға тыйылдырып».

Сол әңгіме үстінде бірге болған ақын Өтебай Тұрманжанов өз естелігінде бытадай деп жазады: «Шаһнаманы» бітіргеннен кейін оны редакциялауды маған талсырған еді. Ен алдымен колжазбаны бастан-аяқ оқып шыктым. Ақындық шабыттан тутган әдемі жырлар жазылған беттерге қалам да тигізбедім».

Тұрмагамбеттің «Шаһнаманы» аударуға бұлайша зор ынта-ықылас қоюы кездескіттік емес. Бұхарадағы медреселерде оқып, Шығыстын әдеби мұрасымен етепе танысқан зейінді шәкірт Тұрмагамбет араб, парсы, түркі, шағатай тілдерінің қырысырларын әбден жетік менгеріп алған еді. Әсіреле, онын Көкелташ медресесінде тәжік жазушысы Садриддин Айнимен бірге оқып достасуы, онда кабырга газетін шығарысып, ой-пікір жағынан бір-бірімен теренірек жақындастырынын дүниеге көзжара-сын барынша айқындағы түсуге септігін тигізгендігі даусызы.

Сөз ретінде келген соң, осы арада бір әңгімені тілге тиек еткенді жөн көрдім. 1983 жылы Кармақышда өткізілген Тұрмагамбеттің жүз жылдық мерейтойына Алматыдан келген ақын, жазушылардың арасында Әбділда Тәжібаев та болған еді. Ол аудан орталығындағы Мәдениет үйінде көп адам катысқан салтанатты жинальста Тұрмагамбеттің ақындық шығармашылығы жөнінде кемел ойға құрылған келелі сөз сөйледі. Соңда есімде қалғаны – ақынның анасы Айманкулдин «Шаһнаманы» тәржімалатаға кірісер алғанда Тұрмагамбетке айткан кейбір ақыл-кенестері болатын.

Ақын Әбділданың анасы Айманкул ескіше оқып, терен білім алған соң түстегі зиялы кіслердің бірі болған. Ұлы шайыр Тұрмагамбеттің торт томдығының парактап отырып онда араб әрпінің А. Байтурсынов құрастырған төтө жазуына көзім түсті. Ол Айманкулдин Тұрмагамбетке жазған сәлем хаты екен. Ондагы жазушын аудармасымынау: «Кайным, «Шаһнамага» езіннен езге адамнын элі келмейді. Осының тәуекел етіп аударып көр. Айманкул. 1936».

Бар болғаны екі сөйлемнен құралған қып-қыска сөз. Осы қыска арі нұсқа сөз Тұрмагамбет ақынды Фирдоусидің әйгілі дастан-эпопеясының зор ынталанып аударуға құстепті дыра түсін тәрізді. Сол бір шабыттың сәтін ақынның өзі бытайша суреттеп жазған еді:

«Барады күннен-күнгө көзілім есті,
Кен кеүлете жатқаннан соң геунар казып.
Келгеймен кейуана бөлім ету үшкі,
Жасарып жылғымдағы көзілім күшкі».

Айманкул Тәжібаева оқыған, терен білімді адам. Көрнекті филолог Өтеген Күмісбаев бір сөйінде бытадай деп айткан болатын: «Алакты ақынның Әбділданың анасы Айманкул Тәжібаева «Шаһнаманы» 1908 жылы Ташкентте шынысан нұсқасын

қара сөзбен аударғанын айта кету ләзім. Маржандай әріптермен көшірілген дәптерлерін көзім керді. Кезінде бұл қолжазба М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар корында сакталулы болатын».

Тұрмагамбет «Шаһнаманы» аударуды қолға алғанда, оған құдікпен қарагандар да болған. Академик М. Қаратаев «Қазақ әдебиеті» газетінде (06. 07. 1962 ж.) жарияланған «Ақын туралы ақиқат» деген мақаласында сондай күмән келтірушілер жайында өз ойын бүкпесіз ашық жазған. Үзінді келтірейік: «Ондай ақынды білмейміз, молда дейді ғой өзін, «Шаһнаманы» өзіміз неге аудармаймыз?» деген сықылды қысыр сөздерді күнкіл түрінде де, тіпті шағым түрінде де естідік».

Сөз жоқ, «Шаһнаманы» аудару оңай дүние емес-ті. Фирдоусидің ақындық стилі ерекше бөлек. Оның шығармасы мутакариб өлшемімен жазылған. Мутакариб ұзақ буынды бәйіт-өлең үйқасына құрылады. Өлең өнерін шебер менгерген Тұрмагамбет қазақтың мутакарибке жақын он бір буын қара өлең әдісін қолданып, қисса-жыр етіп жазып шығуға кіріседі. Академик-жазушы М. Әуезов айтқандай, «Өлеңмен жыр етуші Тұрмагамбет ақын бұл жөнінде XIX ғасырда қазақ ортасында көп жайылған Шығыс аныздарының өлеңге айналған дәстүрін қолданған». Фирдоуси бұл тенденсіз эпопея-дастанды көз майын тауысып, отызы бес жыл тапжылмай отырып жазып шыққан екен. Онда ежелгі Шығыс елдерінің төрт мың жылдық тарихи оқиғаларының желісі қамтылғаны белгілі. Шығарма 55 мың бәйіттен тұрады. Оның өзі өлең жолымен есептесек, 120 мың жол.

Зәкір Асабаев

УШ АЛЫПТЫҢ ДОСТЫҒЫ

Жазу-сызу аздал қолымнан келгенмен, мен ақын да, жазушы да емеспін. Тек өнерге қатысты көзім көріп, куә болғандарды ғана әңгімелеге құлқым бар, – дейтін қарт әнші марқұм Бісміллә Балабеков. – Сендер 30-шы жылдар ішінде қазак өнерінің қалай есіп-өркендегенін онша біле бермессіндер. Қазақтан шыққан тұңғыш театр режиссері Жұмат Шанин мен министр Темірбек Жүргеновтің үлт өнеріне қамқорлықтары ерекше еді ғой. Екеуі де «халық жауы» боп атылып кетті. Олар жөнінде қазіргі айтылып, жазылып жүрген дерек-мәліметтерде дәлсіздік, білместік, бұрмалау жоқ емес. Тіпті, олармен үзенгілес боп, жұмыс бабында қатар жүрген мен де бес саусақтай білемін дей алмаймын. Әйтсе де, есімде сакталған кейбір жайларды ортаға салу парыз деп білемін.

Бір таңғалатыным, халық таланттарының 1934 жылы өткен республикалық слеті жөнінде егжей-тегжейлі айтылатын қомақты еңбек әлі күнге дейін неге жоқ? Слетті кімдер үйимдастырды, кімдер қатысты, кімдер қандай жүлдеге ие болды? Солардың

бәрінің суреті басылған кітапты неге шығармасқа?! Әркімнің өз білгенінше тиіл-кашып сөз ететіні аз. Білместік, керегарлық сондайдан туындауды», – деп бір тоқтаған еді сонда қария.

– Енді негізгі айтарыма келейін, – деген содан кейін әңгіме иесі. – Құдай берген дарынның арқасында 1932 жылдың басынан бастап Караганды радиосында біраз уақыт Қали Байжанов, Иса Байзаков, Қосымжан Бабақовпен бірге әнші бол істедім. 1933 жылдың басында Сібірге әкем, карындастым Рахима үшеуміз гастрольге шығып, Кузбасстың айналасындағы қазактарға үш ай концерт көрсеттік. Әкем мен карындастым Рахима Кузбастың өз басында тұратын Новосібір радиосынан ән салдық. Ұлты орыс болса да радио басшылары Алматыдағы жағдайларға қанық екен. «Сендердің астаналарында «Айман-Шолпан» деген спектакль койылды. Режиссері Жұмат Шанин. Бұл хабарды біз Мәскеу радиосынан естідік, газеттен оқыдық, сениң орнын сонда емес пе?», – десті.

Сол камшы болды ма, қайдам, ертеңіне әкем мен карындастымды Кузбасска аттандырып, бірден Алматыға тарттым. Бұрыннан жақсы білестін Жұматтың үйіне түстім. Ол арқа-жарка бол, куана қарсы алды.

Жұмат таяуда Қыргызстаннан оралғанын, онда жана спектакль койғанын айтты. Бұл 1934 жылдың көктемі еді. Ол ертеңіне мені халық комиссары Темірбек Жүргеновке апарды. Министрмін деп отырған Темірбек жок, өте карапайым, сыпайы, ашық. Бұрыннан таныс болғандықтан: «Кәне, «Қызыл бидай», «Алтыбасар», «Топай көк», «Қаналияны» айтып жібер», – деді. Домбырам жоғын байкасымен, он жағындағы кабырға сүйеулі домбыраны алып колыма ұстатты. (Кордін бе, қазір кайлам, ол кездегі министрлердің кабинетінде домбыра болатын). Темірбектің сұраған әндерін кабинеттің ішінде шырқап бердім. Министр ризалық сыйаймен Жұматка қарады. Ол басын изеді.

Кабинеттен шығысымен театрға бардык. Қызметке кабылданым. Біраз күннен соң Жұмат: «Алматыда халық таланттарының слеті өтеді, әкен де катысын, шакыр, білік кой, бұл министрдің ұсынысы». – деді. Бір жеті өтөр-отиесте әкем келді. Жұмат лен әйел Жанбикені дәмле шакырдық. Әкем Жұматтан Әбікей Сәнбаев, Әміре Кашаубаевты сұрады. Әбікей аман-сая. Әміре кайтыс болды дегендеге көз жасын төгіл жіберді.

– Қазақстандағы құллі енергияның жинал байқау еткіземіз, озиандарға бейге беріледі. Сіз сағнага шыкқанда Боржаным «Майды коныр», «Жамбас сипар» әндерін жиырма бес жасыныңдағы айтыныз. – деді Жұмат әкеме.

– Карапайым кой, – деді ақсанад.

– Алда Бейтімбеттің «Шұға» шыссасын коймакшымын. Бұйырса, сонда ын карттардың бірінін рөліне шынгасын. – деді тағы да Жұмат.

– Ол болмас. – деді әкем. – Кинама. Басқалар бар ғой. Мен эн сануға жарасам да жастер.

Сонымен. Пушкин көшесіндегі музика театрында (кейін ұзақ жыл «Қазакконцерт» соңда болды) енергиядарды тұндау бастатсы. Ешін барлық түкшірінен ат сабылтын көлемдер жыртылған айырылады. Бір ғана Жамбыл ақын мен Дина күйші неге тұрады

десейші. Екеуі де керемет екен. Біліп қой, Жамбылды мен әлі даңқы жер жармай тұрған, елден келген талант иесі ретінде көріп, тәнті болғанмын.

Өнер өкілдері бірінен соң бірі шығуда. Үздік дегендерді қазылар мен Жүргеновтің өзі жазып алып жатыр. Бір кезде саҳнага үстінде үлкен жеңіл шапаны бар Жәкен, Жамбыл ақсақал қырғыз қалпағын шалқайта киіп шыға келді. Даусы қоңыраудай, өткір, ашық. Ұзіліс кезінде оны Ораз, Кенен, Сәкен, Жүргенов, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Ахмет, Сәбит, Затаевич, Жұмат ортаға алып, құрмет көрсетті. Ұлы ақын: «Әттең, осы күн жиырма бес жасымда келмеді-ау», – деп бір қойды.

Келесі күні Жамбыл бізді сөзін өзі жазған «Угайым» деген әнімен таныстырып: «Мұны сен айтасын, тез үйрен», – деді маған. Қорытынды концерт күні бас жүлде алған Жамбыл, Дина және менің әкем Балабек жиналас төрінде отырды. Ұшеуіне де бірінші дәрежелі диплом, Құрмет грамотасы тапсырылды, дербес зейнетакы тағайындалды.

Осы слетті ұйымдастырыған әрі музика театрының келешегін ойлаған Темірбек пен Жұмат жарғақ құлактары жастыққа тимей зыр қағып жүріп, байқауда көзге түскен айрықша дарын иелері – қобызышы, сыйбызышы, сырнайшы, күйші, биши, әншілерді слеттен кейін алып қалуга күш салды. Ғарифолла Құрманғалиев солардың ішіндегі шамшырақ іспетті еді.

Бұл кездер Жұматтың Бейімбеттің «Шұғасын» саҳнага шығаруды ойластырып жүрген шағы-тын. Слет аяқталған соң көп ұзамай дайындыққа кірістік. Жұматтың режиссерлік тәсілі қарапайым, қонымды, актерлер мен актрисалардың тез түсініп, қабылдауына ынғайлы. Жұмат әуелі оларды бір-екі күн катар отыргызып, пьесаны не өзі оқиды, не басқаға оқытып, тәптіштеп түсіндіреді. Әркімге тапсыратын кейіпкерінің мәтінін жаздырады. Сейтеді де: «Ал, енді жазған қағаздарыңа қарап отырмай, сөзді бірінен соң бірің іліп әкетіндер, – дейтін. – Сөздерді жаттап алындар, суфлерге сенбендер. Ол сендер сүрініп-қабынбас үшін шұңқырда бұғып отыратын аңдушы. Екі көздерің суфлерде боп, құлактарынды түре бермендер. Кім қай жерде не айтады, қай жерде іркіледі, дауысты қалай шығарады, күбылтады, айқайлады, құледі, жылайды – бәрін өзі біліп, өзі шешуі тиіс. Спектакль сонда ғана жүртттың көңілінен шығып, табиги мөнгө ие болады», – дейді.

Күнде дайындық, ақ тер, көк тер. 20–25 күннен кейін театр залына әзірлік барысын көру үшін Бейімбет Майлін келді. Бұл кезде артистер өз рөлдерін түгелге жуық менгерген-тін. Жұмат: «Бейімбеттің алдында қысылып-қымтырылмандар, тінгі оның отырғанын білмесен боп ойнай беріндер», – деп кеңес берді.

Мен баксы болып шыкканда Жұмат Бейімбеттің жанында отыр екен. Биаганың жүзіне құлкі үйіріліп, масаттанғаны көрініп тұр. Дайындықтан соң Жұматқа: «Пьесаны маған берсе тұрындар, біраз ұштайын. Әсіресе, анау баксының аузына өтімдірек сөз салайын, бірдене жетпейтін секілді, шамам жеткениң өткірлейін», – деп шығармасын алғы кетті.

Ол күні біздін де арқамыз кеңіп, ырғап-жырғап қалдық. Ертеңінс дайындық күндеғіден әлдесқайда қызу журді. Ертелестіп келген Биаган Шұға роліндегі Құләш

Байсейітова, Әбіш рөліндегі Ибәди Тәуекелов, оны алмастырғыш Қанабек Байсейітовті кайта-кайта тексеріп, шеберлікті шындауға үйретті. Оған шамданған Жұмат жок, кайта жазушыны көтермелеп, дем береді. «Мен ескермеген екенмін, мұныныз орынды» – деп жайран қағады, алғыс білдіреді. Биаганың жас кезінде өз ауылындағы қызыл отауда пьеса қойғанын да сол жолы: «Әй, Жұмат, егініме түсті деп өкпелеме, сендей сайыпқыран болмағанмен, менің де режиссерлігім бар», – дегенінен анғардык.

– Әй, Бісміллә! – деді Биагаң маған бұрылып. – Бақсы келеді дегенде карапайым жұрт оның жыны болады деп былай да корқады, білдін бе? Ауруды қарағанда бақсы халыкты алдал, дүние-мұлікті көбірек қарпу үшін барынша құтырады. Шұғаның жанына барып, аузыңнан ак көбігің бұрқырап зікір салғанда, өтірік сейлеп, алдайтының сезіліп тұрсын. Айтатын сөздерді қайта жаздым, толықтырдым. Жаксылап таныс, жатта, құйындардып, зуылдатып, жұрт үркетіндей етіп сойле!

– Құп болады, Биага! – деймін қол қусырып. – Жаным садака!

Дайындық бітіп, «Шұғаны» халыққа көрсететін күн де жетті. Жұмат бәрімізге жеке-жеке қосымша ақыл-кенес, нұсқау береді, пысықтайды. Тектілігінде шек жок, сабырлы, байсалды, сенімді.

Ойын басталды. Зал лық толы. Жұрт біресе Шұға мен Әбіштің мөлдір махаббатына сүйсініп, куана құптаиды, біресе бастарына түскен машакаттан торығып, қайғы-мұндарына налиды, көздеріне жас алады. Міне, айықлас дертке ұшыраған Шұға төсекте жатыр. Кезек бақсыға жетті. «Жындарымды» шақыра жулқынып шықтым да, қобыз тартып отырган бейбактың колынан аспапты жұлып алдым. Көзімді алак-жұлак еткізе барып, қабырғаға сүйеулі асатаякты жерге салдыры-гүлдір атып ұрдым. Кайта көтеріп, еденді түйіп-түйіп қалдым. Кобызды жерге бір соғып, аурудың айналасында отыргандарды үркіте куып жібердім. Біресе секіріп, біресе күжірейіп, Шұға болып «ауырып» жатқан Құләшті екі айналдым. Асатаякты оқтала сермен, залда отыргандарға қарай екпіндей жүгірдім. Бар дауысыммен: «Аллаһу-ак, бәлекті қак!» – деп зікір саламын. Аузынан ак көбік атылады. Қайтадан кос аяктап карғып-секіріп. Құләштің жанына бардым. Әлденелерді айтып, асатаякты жоғары-төмен ұрғылаймын. Құләшка көзім түсті. Теріс қарап күліп жатыр. Мән беруге болмайды. Одан сайын скіленіп: «Аллаһу-ак, бәлекті қак!» – деп барылдаймын, уәлдемін, секіремін. Бір сәт дамылдан, залға қарадым. Қыран-топан. Орындарынан тұрып, кайта отырып жатқан адамдар. Маған ежірейіп, үрке караушылар одан коп. Сарт та сұрт іншашақ. Жұмат мәз-мейрам. Жанбике женгем тіпті риза. Биаганың екі езуі екі құтагында. Әтің не керек. Шұғаны «бақсылықпен» жаза алмадым. Бақын аттанды.

Ойын бітті. Артистер мен Жұмат, Бейімбет сахнага шыкты. Сәкен, Ілияс, Сәбит, Мұхтар, Ғабит олардың кезек-кезек колларын қысып, күттүктал жатыр. Арынның баса алмай, терімді құрғатып, асатаяғымды тауып ағанша: «Бақсы, бақсы!» деген айғай шыкты. Асатаякты көтеріп залға шыкканымда жұрт маған да құрмет білдіріп, дүнидата қол сокты.

Шымылдық жабылды. Жұрт тарап жатыр. Бейімбет Жұматтың қолынан ұстап тұрып: «Бәрекелді, бауырым! Дарыныңа бас иемін. «Шұға» бұлай шығады деп ойлаған жоқ едім. Бір бақсының өзі-ақ анау-мынау кем-кетікті жойып жіберді», – деді. Біраздан соң маган да жақын келіп: «Саған үлкен раҳмет. Мен де біраз бақсыны білуші ем, бірақ, сен бұрын-сонды мен көрмеген тосын қымылдар жасап, пьесаға одан сайын жан бітірдің. Залға қарай тап берген тұсында бәріміздің төбе шашымыз тік тұрып, кәдімгідей шошындық. Әсіреле, женешен орындықтың астына кіріп кете жаздады», – деп селк-селк күлді.

– Ал мен сені залдағы халықты айдал шыға ма, қайтеді деп ойладым, – деді Сәкен аға.

– Танертең біздің үйге кел, Жұмат та келеді, – деді Биагаң қоштасарда. – Ұмытып жүрме, келістік пе?

– Ұмытпаймын, қазір жүр десеніз де баруға әзірмін, – дедім әзілдеп.

Таңертең барсам, Жұмат менен бұрын барып, Биагаң екеуі әңгімелесіп отыр екен. Дастанқан алуан түрлі дәмді тағамға толы. Әне-міне дегенше, ісі мұрын жаратын күйірдақ та келді. «Тамақ жеуің онша емес қой» деген Биагана Жұмат: «Мынаның құйрығы қайсы, екпе-бауыры қайсы, ажыратта алмай отырғаным», – деп бәрімізді ду күлдірді. Бірер сағаттан кейін дастанқанға әкелген бір табақ еттің көбі білем-білем құйрық екен, Биагаң елеусіз ғана: «Ал, міне, құйрық та келді, асай бер», – деді тағы да Жұматқа қарап.

Осылай әзіл-қалжынымыз жарасып, тұс ауғанша отырдық. Биаганың қалаған әндерін шырқап бердім. Жұмат пен Биагаң ертесінде Жүргеновке барып, елге гастрольге шығу жөнінде сейлесеміз десті. «Шұға» мен «Айман-Шолпанды» апарсақ, ұпайымыз түгел болады деп те қалды.

«Шұғаны» тағы да бір ай қойып, кем-кетігін түзеп шираттық. Халық әр күні көп жиналады, бос орын болмайды. Бір айдан кейін Қарағандыға аттандық. Бір күн «Шұға», бір күн «Айман-Шолпан» қойылады. Соңынан концерт көрсетеміз. Шахтерлер қаласында қазақ аз емес-ті. Зал бір күн бос болмайды, халық азаю орнына көбейе берді. Құрманбек жасаған Көтібар, Құләш ойнаған Шұға, Айман, Манаrbек жасаған Жарас бейнелері жұртка ерекшес ұнады. Күн сайын оларды да, басқаларды да іздел келеді, қонаққа шакырады. Жұматқа құрмет мұндае бөлек. Сонау Қарқаралыдан іздел келушілерде есеп жоқ. «Елге жүрініз», – дейді. Жұмат бара алмайтының айтады. «Онда бәрінді алтып кетеміз», – дейді. «Ол да мүмкін емес, алдың-ала белгіленген жерлерге ғана баруымыз керек, тәртіпті бұзуға болмайды», – дейді Жұмат.

Қазақша, орысша газеттерде біз тұралы күнде жазылады. «Шұғаны» жазған Бейімбет Майлін, «Айман-Шолпанды» жазған Мұхтар Өзев, оларды сахналаган режиссер Жұмат Шанинге алғыс айтады. Құрманбек Жандарбековті көбірек дәріптейді. Оның артистігі де, дарыны да ғажап болатын. Өзелі Шараның шыққан тегін ескеріп, екінің бірі «күйеу бала» дейді. Жас қызы-келіншектер «жездес» деп еркелейді.

Гастрольдік сапар сәтті өтті. Театрга қыруар қаржы түсті. Артисттерге де мол аванс берілді-ау деймін. Бірақ сол жолы Жұмат Шаниннің артық бір тын алмаганы есімде.

Қолы таза болатын, ақшага қызықпайтын, аз ба, көп пе, жалақым бар, сол жетеді дейтін.

Келер жылы қырғыз ағайындарға бардық. «Шұғаны» олар да жылы қабылдады. Құрмет те, табыс та жеткілікті болды.

1937 жылдың лаңы басталып, Жүргеновтен бастап, Биағаң да, Жұмат та атылды. Олармен бірге «Шұға» да құрдымға кетті. Біржола ұмытылды. Сондай пьеса болған еді деп атауға да қорқатын кез келді.

Солайша жолы кесілген «Шұғаны» қайта тірілтуге (онда да пьеса емес, повесть ретінде) Биағаң мен Жұмат ақталған соң қол жетті. Осы күнде театрлардың «Шұғаны» неге қоймайтынын білмеймін. Ол деген кез келген театрдың репертуарын байытып, гүлдентіп жіберетін шығарма емес пе? Тиісті орындар мен мамандар осыны ескерсе, шіркін!...

Міне, қазақтың халық әндері мен күйлерін жинап, екі рет кітап стіл шығарған аса құрметті Александр Затаевичке халқымыздың небір інжу-маржан әндерін жаздырған, халық таланттарының тұнғыш слетінде жүлдегер атанған әйгілі әнші Балабектің ұлы, еңбек сінірген артист, ол да әнші әрі актер Бісміллә Балабеков марқұм Бейімбеттің «Шұға» пьесасының тұнғыш сахналанғаны жайлы әңгімесін осылай тәмамдап еді. 60-шы жылдардың соына қарай «Мәдениет және тұрмыс» журналына мақала алғып келген орта бойлы, мығым денелі қартан адам: «Танысып қояйық, – деді маған қолын ұсынып. – Сенің орындаудағы «Айнамкөз», «Бурылтай» әндерін радиодан тыңдал жүремін, нақышымен айтасын», – деді салған жерден. Бұл кісі – жоғарыда әңгімелеген Бісміллә Балабеков еді. Зейнеткер, ұмыт қалғандай күй кешіп, жабырқап жүреді екен. Іргедегі Мәдениет министрлігіне ертіп барып, министр Ілияс Омаровтың қабылдауына жаздырдым. Министр жылы қабылдап, 70 сом мөлшерінде көмек бергізіпті. Бұл жайлы билетін көзі тірі куәлер қазір де баршылық. Мәселе онда емес. Алматыға жақын Жандосов кеңшарында тұратын өнерпазбен кейін де ұшырасып жүрдік. Кезінде елге танымал боп, қазак өнеріне бір кісідей еңбегі сіңген әкелі-балалы өнерпаздардың арттарында қалған мұрасын жинақтап, кәдеге асырса, тіпті де артық болmas еді. Павлодар өнірінде туып-өсken Балабек пен Бісміллә секілді өнер саңлақтары жайлы сол аймақтағы көкірсегі ояу, көзі ашық азаматтар да қозғау салса, нұр үстіне нұр болмак. Кезінде Бісмілләнің аузынан жазып алынған дерек-хикаяны оқырмандарға ұсынып отырғанымыздың тағы бір себебі осы еді десек те болғандай. Бісміллә кейбір оқиға-деректерді көзі тірісінде жарық көрген шағын кітабында да баян етеді. Біз де кей жайларды сондагы айтылғандармен толықтырып, нақтылай түсkenімізді қаперге саламыз. Өз басым Бісмілләдай қазына қартпен 1966–1971 жылдарда корісіп жүрген едім. Иманды болсын.

ТЕМІРБЕК АҒАЙ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Орта мектеп есігін өткен ғасырдың елуінші жылдары ашқан біздер мектеп бітіргенімізше Темірбек Жүргенов туралы ештеңе естіген емес едік. Тіпті аудан орталығында тұрсақ та, өзімізден 50–60 шақырым жерде өмір сүрген Сыр сүлейлерінің есімдерін де еске алып жатқандарды көріп-білгеніміз жоқ. Кейін сараптап-сарапасақ, оның себебі – 37 жылдың нәубеті халықтың арасында мықты қорқыныш, үрей туғызғандығы болса керек деп ойлаймын.

1961 жылы Қызылорданың медицина училищесінде оқымын, сәуір айының соңғы күндерінің бірінде, күнделікті келетін газет-журналдарды оқып отырып, облыстық «Ленин жолы» газетінің соңғы бетіндегі төрт шумақ шағын өлеңдерге көзім түсті. Өлең дегендегі ішкен асымды жерге қоятын маған бұл өлеңдер ерекше әсер етті, бұрын-соңды осы силаттағы өлең оқып көрмегенмін. Куанғаннан ағаш кереуеттің үстінде Құран кітаптарын аударып отырған, көп жылдар Қызылордадағы жалғыз мешіттің хабиб-имамы кызметіндегі біз Кәке деп айтатын Сұлеймен ишан атама: «Кәке, мен сізге құшті өлеңдер оқып берейін бе?», – дедім. «Оки ғой, балам», – деп ықыластана қарады. Бұл өлеңдер шағын шумактардан тұрады екен, бәрінің де бірінші жолдарын айтайын:

Жасымнан назым сөзге шебер едім...

«Аға деген ініні жаным десе болады...

Жүйрік аттың қызығы шомылып терге лыққанша...

Жаманға жақсы кісі ақыл айтар...

Жазған Тұрмағамбет Ізтілеуов деген кісі екен, – деп өлең окуымды аяқтағанда, карасам Кәкем егіліп көзінен жасы парлап отыр екен. Біртүрлі ынғайсыз жағдайда қалғаным да рас. Біршама уақыттан соң Кәкем: «Қалқам, Әбділлажан, су әкел», – деп беті-қолын жуып болған соң, Тұрмағамбет ақынға арнайы дұға жасады. «Қарағым, Тұрмағамбет атаң меннен 4 жас үлкендігі бар, кадірлі сыйлас аға еді. Қекілташ медресесінде өзіміздің мұфти Бабахан ишан, Садриддин Айни жазушымен бірге оқыған болатынбыз». Таляба кездеріндегі қызықты әңгімелерінен де бірсыныра хабарлар етті, әңгімесін 1935 жылдың күз айларының бірінде ақынның атамды іздең келгендей туралы толғады. Түс алеуетінде: «Сұлеймен жанның үйі осы ма?», – деген дауысты есітіп даға шықсам, ат арбамен келген Тұрмағамбет екен, арбаға екі қой тиғен. Құшактасып көріспей үйге кіріп амандық-саулық сұрасын болған соң, арбадағы екі койды түсіртті де, «Сұлеймен жан, мына бір койды Марал бабаның әруағына айтканым еді, ал енді біреуін сойғызып, келінгес астыра бер. Үйге пәленеш-түгеншелерді шакыр, көлтен көріспегендерім еді, бір рахат мәжіліс құрайық», – деп тапсырма беріп жатыр. Менің есіме сол ақын айткан сыйлас замандастарынан тек Құрманғали молда дегені

есімде қалыпты. Өкінішке орай, ол кісілер қалада болмай шығып, көрші ақсақалдар гана келеді. Отырған жері Мысыр шаһары дерлік, небір інжу-маржан сөздер айтылды десенізші. Келген кісілер түн ортасы ауа тарқасты. Жатар алдында: «Сұлейменжан, езіңіз білетін Қараның Темірбек деген баласы қазір Алматыда Наркомпрос қызметінде. Ол бала ертеректе Аламесекте екі-үш жылдай өзім оқытқан шәкіртім еді. Фирдоусидың «Шаһнамасын» қазақ тіліне аудару мәселесі сөз болғанда, өзбек, тәжік ғалымдарымен ақылдасса керек, барлығы да бұл жұмысқа Тұрмагамбет ақынды тарту керек деп үйғарыпты. Мирзояның да қабылдауына апарды. Осы үлкен жұмысқа бел буып, бір жылға шарт жасастым. Алматыдан үй берді, артынан кемпірім мен балалар да келмекші. Біздің жайымыз осылай», – деп бір тоқтады. Түгел оқып шықпасам да, «Шаһнаманы» әр жерден оқығаным бар болатын. «Ойпырмай, аға, өте үлкен кітап еді, қын болмас па еken, бір жыл аздық етпей ме?» – дегенімде, маған қарап жымыып: «Әлі-ақ көрерсің, Сұлейменжан, парсы мен тәжіктің 10 ауыз сөзін, қазақтың қарабайыр бір ауыз сөзіне мөлшерлеп жазғанда 1 жылға да жеткізбесім мүмкін деген еді, жарықтық. Бұл Тұрмагамбет ағаны соңғы көруім еken», – деп Кәкем тағы да терең ойға кетті. Не ойлады, нені есіне түсірді, әрине, ол жағы маған беймәлім.

Кейін ақын акталған соң «Шаһнаманың» кейбір тарауы қазақ әдебиетінің ақсан білімдар зерттеушісі Мардан Байділдаев ағамыздың жанкештілігінің арқасында жеке кітап болып басылды. Әділ бағасын классик жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқаны оқырман қауымның есінде болар. Осыдан бір жыл бұрын жасы 90-нан ақсан көрнекті жазушы Мұзафар Әлімбай ағамыздың «Өмір, өнер, өнерпаз» кітабы қолыма түсті. «Абайы елдің Ахаңы» атты естелік эссе бар еken, енді Мұзаганың өз жазғанынан оқыык:

«Жұбановпен жанасқандар білсе керек, ол кісі сырттай сыпайы көрінгенімен, анау айтқан жұмсақтардың, иілгіштердің легіне жата қоймас еді, керісінше, сұсты, кірісі қаттылар, алапаттылар қатарынан табылар еді.

Ахаң өз басынан сөз асыртаған, тіпті төбесінен құс ұшыртпастай тәкаппар, асқақ, пенде баласына өзін иықтатпаған ағалардың бірі-ау, сірә.

Міне, сондай Ахаң ауладағы әңгіме үстінде:

– Мен өзімді тізеге көне коймайтын қазакпын деп ойлаймын. Жолыққандардың маған батып, батыл сөйлес, омырау корсеткендері жоқ білем. Сыртымнан ғайбаттаса, өздері біледі, ал көзімше, алдында мына жасқа келгенше бір-ақ адам екі рет сыйбағаны бар. Ол кім дейсіз гой. Білсесіз бе, білмейсіз бе, ол кезде сіз алі баласыз ғой, ио... Оныңыз айтсам, атын қазір ауызға алуға болмайтын азамат, Советтік Қазақстан дейтін іргелі сл-дің ірі атпал азаматтарының, қабырғалы кайраткерлерінің бірі еді. Аты-жөні – Темірбек Жүргенов, – деді.

– Ойпырмай, ондай үлкен ага да інінің нағызына тиуге іркілмегені ме?

– Іркілмескс қазір ойласам, сол жолы хакы да бар сияқты. Москвада алғаш өтестін Қазақ өнерінің 1936 жылғы онкүндігінің қарсацы. Ұлт-аспаптар оркестрінің жана тәй-

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

тәй баса бастаған кезі. Оркестрдегілер шетінен дерлік шики, сауаты шамалы, нота танымайды, сахна тәртібіне, өнер этикасына көндікпеген, жамырап жүрген бір тобыр... Бірін жөнге салсан, екіншісі желдең кетеді...

Декадага деп сауырынан басып, таңдал аларлықтай қолда жиналған репертуар да мардымсыз. Бардың өзінен нені программаға сайларымды біле алмай, өзімнің де есім шығып жүрген сәтім болатын.

Кезекті күндердің бірі. Сахнада жаттығушы жан баласы жоқ. Сапырылысқан жүрт залда, дәліздерде бір-екіден, үш-төрттен топтанып, даурығысып, күлісіп-ойнап, біреулер киімдерін тазалап, екіншілері ине-жіп ұстап, ескісін жамап, үшіншілері сыраға бөгіп дегендей, лепірген калыпта. Нарком Темірбек Жүргенов ойда-жоқта сондай сәттің үстінен шықпасын ба?! Казкрайкомның Орталық комитеті бюро мүшесі, Өлкенің Оку халық комиссары, казақ өнерінің Москвадағы онқұндігіне жауапты Т. Жүргеновтің қабағы кату екен. Кабинетте бір күйдің нотасын өндеп отырганмын, есік сырт етіп ашылды:

— Мынау не тәртіп? Оркестр қайда? Мынау не босып жүрген бос халық? Әй, Ахмет, — деп бір сыйады.

— Темке, біз қолдан келгенінше, — дей беріп едім.

— Ертең қайта келем, осыдан оркестрің астанада өнер көрсетердей деңгейде болмаса, көресің менен... Ұқтың ба? Сенің оркестріңің түрі мынау, басқа да колективтердің сиқы анау... бірі болса, бірі жок... Ұқтың ба айтқан сөзді?! Сенен бірдене шығады деп сеніп тапсырғанымызды білесің бе?

— Білем ғой...

— Білсең енді не бітіріп отырсын?

Ағай ашуға булықкан бойы шұғыл бұрылды да, есікке беттеді. Естен танып есенгірегендей кабинетте қыбыр ете алмай, біраз тұрыппын. Абырой болғанда, кабинет есігі Темкен сыбағанда да, ол кеткен соң да жабық екен, кейін есіме түсірдім. Сәл-пәлден соң ғана серпіліп, оркестр құрамын сахнага жинаттым да, ешкімді үйінс босатпай, тұнімен жаттығу жасап, күйлер тартқыздым. Азанда 3–4 сағат тыныс беріп, ұйықтаттым да, буфеттен бәріміз бірге ауқаттандық. Түске тармаса, қайтадан репетиция бастадым. Декадага аппаратын негізгі номерлер осы-ау деп жорамалдағандарымды әлсін-әлсін пысықтаттым. Оркестрдегілердің шаңын қағып, шамырқанып, «қаз ашуын тыридан алады» дегеннің кебін киіп, мен тұрмын.

Жастау кезіміз ғой, ішімнен: «Оздеріне де осы керек!» — деп коям, оркестранштар да іштей ширығып, күндеңіден гөрі ұжымды, кешегіден гөрі домбыраларын дүрілдетс ширак тартқандай әсср қалдырды. Бірақ мұның бәрі көнілімдегі деңгей емес... Концерттің финалы деп «Сарыарқа» күйін орындааттым да, үзіліс жарияладым.

— Ертең сағат тоғызыда сахнадан табылыңыздар, кешіккендерінің Москвандық карасын да көрмейсіздер! — дедім, шарт үзіп.

Сахнадан ылдилап, залға беттегенімде кешкі бейуақыттағы қара көлеңке қойнынан көтерілген біреудің сұлбасы көзге таныс адамға ұқсап кетіп еді.

– Ахмет, саламатсың ба? Айналайын, аңсаған оркестріміз бар екен-ау, әжептәуір ысылып қалыпты да ғой. Рахмет, қарағым! Кешегімді кешіре гөр! Москва алдында көрінудің ауыр сыйынан қалай өтеміз деп қысылып жүргенде мына ағанды қара басыпты, әдептен де аттап кетіпті, көңілге де қарамапты... Кешір, шырак! – деп Темірбек Жүргенов қолын ұсынғанда, мен не дерімді білмедім...

Ортак перзентіміз оркестрге арнап айтқан жылы сөзі мені де жібітіп жібергендей еді.

Сол жолғы декада керемет абыраймен өтіп еді ғой, шіркін! Жиырма төрт жастағы Құләшіміз дүниені қайран қалдырыды емес пе? Москва мейірлене қол соқты қазақтың өнерпаз ұл-қыздарына! Ал соның беріне бас-көз болған Темірбек аға еді... – деп аяқтады Ахаң әңгімесін.

Міне, бір естеліктің бір деталінің өзі-ақ Темірбек ағаның темір нарком аталуының бекерден-бекер еместігіне көз жеткізеді.

Мен Темірбек ағаны көрмесем де естіген, оқыған екі әңгіме, жазбадан ойыма халқымыздың қанатты бір сөзі орала береді. Ол дүниеде жақсының аты, ақынның хаты өлмейді деген сөз. Біздің Ақтебеде де Темірбек Жүргенов сияқты халқымыздың біртуар ұлына құрмет әр кез жалғасын тауып жатады. Бұл игілікті істің бастауларында марқұм ағамыз Мұхтар Арын мен Қапаз Еламанов тарихшы, ұлтжанды азамат Бекарыстан Мырзабай құні-тұні жүрді.

Ыңғыз ауданында жерлестері 1986 жылы ескерткіш орнатты. Темірбек ағаның атына Ақтебеде үлкен көше атауы берілді. 110 жылдығына арнап ас берді, ғылыми конференция өткізілді. Мұражайдан атаулы бөлме үйымдастырыды. Осы шараларға көзі тірісінде риза болған Дәмеш Ермекова апай Мырзабай Бекарыстанды көпшіліктің көзінше құшақтап, «менің өкіл баламсың» деп көзіне жас алған-ды.

Осыдан бір ғасыр бұрын «Қазақ елін қайткенде өркениетке жеткіземіз», – деп алас ұрып, акырында сталиндік репрессияға ұшыраған Алаш ардақтыларының сонына еріп, Кеңес өкіметі еңбекшілерді бақытқа жеткізеді деп шын сенген, елін сүйген қашшама қазақтың біртуар азаматтары жазықсыз жазага тартылды. Солардың бірі емес, бірегейі осы Темірбек ағамыз екендігіне дау жок.

ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВТІҚ ЕСКЕРТКІШІ

Діргыз ауданының (Актөбе облысы) орталығы – Ырғыз селосында белгілі мемлекет және партия кайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновке ескерткіш ашылды.

Осыған байланысты село тұрғындары катысқан митингіні ашқан Халық депутаттары аудандық атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары Ж. Қанымбаев жолдас:

– Темірбек Жүргенов біздің ауданда туып-өскені үшін ғана емес, әсіресе, өлкемізде Совет өкіметін орнатушылардың бірі болғаны үшін аса қадірлі, – деді. – Ол 1918 жылы Советтердің Торғай облыстық съезін дайындалғанда белсене атсалысты. 1919 жылы Ырғызда ақгвардияшылар мен алашордашылардан азат етуге және уезде бас көтерген бай-кулактың Совет өкіметіне қарсы көтерілісін басуға тікелей катысты. Содан кейін Кенжегара облыстық ревкомының председателі болып істеді. 1920–1921 жылдары Ырғыз уездік ревком председателінің орынбасары, соңынан оның председателі және уездік атқару комитетінің председателі қызметін атқарды. Көп ұзамай жауапты жұмыстарға шақырылған Т. Жүргенов 1929–1933 жылдары Тәжік ССР-інің Финанс халық комиссары, Өзбек ССР Халық ағарту комиссары міндетін атқарды. 1933–1937 жылдары ҚАССР Халық ағарту комиссары, ВКП(б) Қазақстан Өлкелік комитетінің және оның бюро мүшесі болды. Ол 1920 жылдан КПСС мүшесі.

Сөйтіп Т. Жүргенов мемлекет және партия кайраткері ретінде Қазақстан мен Орта Азияға түгел танылды.

Митингте шығып сөйлеген соғыс және еңбек ардагері, карт педагог Б. Баудияров жолдас өзінің сезінде Т. Жүргеновтің партиямыздың мәдени-ағарту саласына байланысты саясатын жүзеге асыруда үлкен кайраткерлік, ұйымдастырыштық, табандылық көрсеткеніне тоқталды. Та什кент қаласында алғаш ашылған қазақ педагогика институтының тұнғыш ректоры болғанын атап өтті.

Темірбек Жүргенов атындағы Нұра орта мектебі бастауыш партия ұйымының секретары К. Мырзалин жолдас өзінің сезінде Т. Жүргеновтің ағарту саласындағы қыруар енбегін айта келіп, өздерінің, яғни ұстаздар колективінің мектеп реформасына байланысты шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие берудегі тыңдырып жаткан істерін және КПСС XXVII съезінің шешімдеріне сәйкес оқушылардың тікелей өндіріске араласуы мәселесін ортаға салды.

Темірбек Жүргеновтің туған інісі, соғыс және еңбек ардагері, ағарту саласының байырғы қызметкері Б. Куанов жолдас ағасы туралы есінде қалғандарын айтты.

Ескерткіштің ашылу салтанатына катысу үшін Алматыдан арнайы келген Темірбек Жүргеновтің зайыбы, еңбек ардагері, Қазақ ССР-нің еңбек сінірген дәрігері

Дәмеш Жүргеновтің лениндік партиямыздың мақсат-мұраттарына адалдығы, өмірде принципшілдігі, жұмыста іскерлігі, әдебиет пен өнерге деген ерекше қамкорлығы, халқының қамын жеп, елінің өртегін есте естен шығармайтындығы, тұрмыста аса қарапайым, адамдармен қарым-қатынаста әділ де мейірбан жан болғандығы жайында тебірене айтты.

Сексен жастағы қарт ана жұбайы Т. Жүргеновтің елге, қоғамға сінірген еңбегін әділ бағалап, Ұлы Октябрьдің 70 жылдығы қарсанында оған осындағы құрмет көрсетілгені үшін партия мен үкіметке көптен-көп алғыс білдірді.

Тағы басқа да кісілер естеліктер айтып, ез пікірлерін ортаға салды.

Ескерткішті ашу салтанатына байланысты алқызыл лентаны қию құрметі де Дәмеш Ермековаға берілді. Ырғыз селосында Темірбек Жүргеновке ескерткіш ашылуына орай жолдаған Қазақ ССР тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық Советі президиумының, сондай-ақ партия, соғыс және еңбек ардагерлері Жүсіпбек Арыстанов, Рымбек Ильяшев, Серғали Толыбековтің, әдебиет пен өнер қайраткерлері Әбділдә Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаяев, Шара Жиенқұлова, Хакімжан Наурызбаев (мұсіннің авторы), Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Рамазан Сүлейменовтің, т. б. құттықтау телеграммалары оқылды.

Бекарыстан Мырзабай

МЕН ӨЗ ҒҰМЫРЫМА РИЗАМЫН...

1978 жылы қараша айында Алматыдағы партия тарихы институтының залында Т. Жүргеновтің 80 жылдығына арналған кеш болды. Кеште баяндама жасаған Рамазан Сүлейменов, естеліктер айтқан жазушы Ф. Мұсірепов, ғалым С. Толыбеков, өнер қайраткерлері С. Қожамқұлов, Ш. Жиенқұлова, жұбайы Д. Ермековалар болды. Орталық газеттерде Т. Жүргеновтің өмірі мен қоғамдық қызметі туралы мақалалар, естеліктер жарияланып жатты.

Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институты тарих факультетінің екінші курсында оқып жатқан маган әкемнің елден жазған «Нұра орта мектебіне Темірбек Жүргеновтің есімі берілді, ол кісіден үрпак бар ма екен, соны білерсін» деген тапсырма хатын жақындаған алғанмын.

Т. Жүргеновті бұрыннан білетін ұстазым Қайрош Әбдірахманов ағайдан жұбайы Дәмеш Ермекова-Жүргенованың телефонын алып хабарластым. Ол кісі кездесетін күнді белгілеп, адресін берді. Іңім Жоламанды ертіп, Пролетар көшесі 98-ші үй, 38-ші пәтердің есігінен кіргенімізде ұзын бойы сәл еңкіш тартқан, бетін әжім торлаған жылы жүзді қарт ана жұмсақ дауыспен:

– Э, қарғаштарым, қош келдіңіз, – деп шағын екі бөлмелі үйдің сол жағындағы залға кіргізді. Бөлмеде, стол басында Темірбектің інісі Бетайдың (Биназар) Бижан, Телжан, Әлипа, Фалия есімді ұл-қыздарымен таныстырыды. Соңан соң қабырғада ілулі тұрған Темірбектің портретін көрсетіп:

– Мынау Темірбек ағаларының 1936 жылы Мәскеудегі онкүндіктен оралған соң, Қырымда бір ай демалып келгеннен кейін түскен, менде сакталған жалғыз суреті, – деді дауысы сәл дірілдеп. Осы алғашқы таныстықта Темірбек Жүргеновтің есімі берілген біздің ауылдағы орта мектепке музей ашу, ескерткіш-мұсін орнату туралы ойларымды айттым. Сол күннен бастап Дәметай (жақындары Дәмеш Әмірханқызын Дәметай деп атайдын) апамен өмірден озғанша 12 жылдай тығыз байланыста араласып тұрдым.

1980 жылы Ырғыз ауданы «Нұра» совхозының директоры С. Қалтаев, Т. Жүргенов атындағы орта мектептің директоры А. Ұзаков және селолық кеңестің төрағасы М. Шопановтар Алматыдағы өнер комбинатына Т. Жүргеновтің ескерткіш-мұсін жасауға тапсырыс берді. Ауданда музей ашу ісімен ескерткіш-мұсінді орнату мәсслелері бойынша үйымдастырудың барлық ауыртпалығын Қапаз Еламанов ағамыз өз мойнына алды.

Т. Жүргеновтің ескерткіш-мұсінің мүсінші Хакімжан Наурызбаев Қордай гранитінен үш натура келемінде 1984 жылы қашап бітірді. Облыстық партия комитетінің қарсылығына тап болған біздер дайын болған ескерткіш-мұсінді теміржол контейнеріне тиеуге рұқсат ала алмадық. Т. Жүргеновтің тарихи тұлғасын халқына қайта оралтуға өлшеусіз еңбек сінірген қадірменді ағамыз – Мардан Байділдаев киыннан қысын тауып, 3 тонналық ескерткіш-мұсінді 300 кг Боранқұл Мырзабаевтың құлпытасы деп қағаз жасап, теміржол қызметкерлерімен келісіп Шалқар стансасына тиеп жіберді.

Осының алдында Темірбек Жүргеновтің есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде Қазақстан КП Орталық комитетінің Бірінші хатшысы Д. А. Қонаевтың жеке қабылдаудың сұрап хат жазған Дәметай аpanы Орталық комитеттің хатшысы Кәкімжан Қазыбаев қабылдан өтінішін қанағаттандыруға үәде берген еді. Дәметай апа қатты куанып, Мардан ағай мен екеумізден сүйінші сұрап:

– Білесіндер ме, қарғаштарым? Мені Демекенің тапсырмасымен Орталық комитеттің хатшысы Кәкімжан Қазыбаевтың өзі қабылдан қөшениң, бір жоғары оқу орнының атын Темірбектің атымен атау және оған ескерткіш қою жөнінде үәде берді. Темірбектің атындағы көшедегі орындықка жайғасып отырып өтіп бара жаткан жүртқа «мынау менің Темірбегімнің атындағы көшө» деп мактану ұзак жылғы арманым еді. Бұйыртса, ол арманыма жетуге де жақындалдым, – деп куанышын бөліскең еді. 1984 жылдың күзінде Алматы Қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары Жібек Әмірханова «Көк базардың» төменгі жағындағы мешіт орналасқан Т. Жүргенов атындағы көшемен Дәметай аpanы қызмет машинасына отырғызып жүріп өткенде, «бір арманым орындалды» деп қатты куанған-тын.

1986 жылы 12 қарашада Нұра ауылындағы мектепке емес, Ырғыз ауданы орталығындағы музей алаңына орнатылған ескерткіш-мұсіннің ашылуына Өтебай Қанахин бастаған

М. Байділдаев, Ү. Уайдин, Б. Қараев, З. Сактағанова сияқты іні-келіндерін ертіп Дәметай апанаң өзі қатысты.

1988 жылы Мардан ағаның ізденуімен Боралдайдағы 19 халық комиссары атылға –жерге бір топ ниеттестерімен барып, зиярат еткен Дәметай апа құрбандарға арнап құран оқытты. 1989 жылы Қазақ ССРі Министрлер Кеңесінің қаулысымен Алматыдағы өнер институтына Т. Жүргеновтің есімі беріліп, алдына ескерткіш мүсінін қоюға шешім қабылданды. Ө. Жәнібеков, С. Жандосов сияқты ұлт қайраткерлерінің басшылығымен Т. Жүргеновтің 90 жылдығы Республика көлемінде лайыкты аталып өтілді осы шараларға көnlі толған Дәметай апа Мардан аға екеумізге зор ризашылығын білдіріп :

– Қарғаштарым, Шоратайым үш жасында Ташкентте шетінеді, Жұманазарым біздер атылып-айдалып кеткен соң әке-шешемді актап аламын деп майданға аттанып оралмады. Олар тірі болса әкесін дәл осылай іздер ме еді. Мен сендерге өмірімнің кей сәттерін айтып берейін, – деп тәмендегі естелігін айтқан еді.

«1923 жылдың күзінде мен Қарқаралы каласында 9 жылдық мектептің 9 класын бітіріп 17 жасында жоғары окуга баратын болым. Әкемнің інісі Әлімхан Ермеков ағам оқыған адамдардың бірі болатын. Ол маган «сенің жүргегін жұмсак дәрігер болуын кепек» деп, мені Ташкентке окуға жіберді. Ташкентке келіп Орта Азия мемлекеттік университеттің медицина факультетіне окуға түстім. Темірбек Орынбордағы рабфактың 2 жылын бітіріп, 1923 жылы Ташкентке келіп осы университеттің заң-экономика факультетінде оқиды екен.

Темірбек оқумен катар Қазақ АССР-нің Ташкенттегі өкілі болып қоғамдық жұмыска да белсene араласып қызмет атқарып жүретін. Сол жердегі қазақ халқының күйлерін, тұрмысын, экономикасы мен мәдени жағдайын зерттеп, кезекті міндеттерін баспаса з беттерінде үнемі түсіндіріп отыратын. Сол жылдарда Темірбек 25-тен жаңа асқан зерек, жігерлі, білімді, терен ойлы, қулашын кенге сермен, табанды коммунист болатын. Менімен үш жыл бойы таныс болып, 1926 жылы желтоқсан айында үйленіп, тұрмыс құрдық. Университетті Темірбек үш жарым жылда үздік мактаумен бітіріп шыкты.

1926 жылы Ташкентте Қазақстанның тұнғыш педагогикалық жоғары оку орны ашылды. Оның ректоры болып Темірбек Жүргенов тағайындалды. Бұл жоғары оку орнына Москва, Ленинград, Киевтен белгілі ғалым-профессорларды шакырып, ұйымдастыру жұмыстарын іске қарлап атқарды. Сонда оның мақсаты – Қазақстанның өзінде, астанамыз Алматыда университет ашу еді. «Жеріміз мол, малымыз көп, жер астында ашылмай жаткан кеңіміз де көп, бай өлкені игеру үшін алдымен жергілікті халық арасынан шыккан жоғары білімі бар мамандарымыз болуы керек. Мамандардың санын да сапасын да көбейту керек», – деп жоғары оку орындарының міндеттерін газеттерде жазып отырды. 1928 жылы Қазпедвуз Ташкенттен Алматыға көшірілді.

Темекен 1927–1928 жылдары университетте жұмыс істеді. Сол кезде Маркс, Энгельс, Ленин шығармаларын көп оқыды, қазақ тіліне аударылуын қолға алды. 1929 жылы Тәжікстанда Қаржы халық комиссариатын бір жылдай баскарды. Ұйымдастыру жұмы-

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНӨВ

сын, экономикасын көтерді. Темірбек парсы, өзбек тілдерін жақсы білетін. 1930–1933 жылдары Өзбекстанда Халық ағарту комиссары болып істеді. Мектеп, институт, театр өнерін ашу, өркендету, кадрлар өсіру, тәрбиелеуге айрықша құш жұмысады.

1933 жылы партияның орталық комитеті Темірбекті Қазақстанға жіберді. Ол Халық ағарту комиссары болып, кесек-кесек жұмыстар істеді.

Алматының өзінде 18 мектеп салынды. Облыстарда жүздеген мектептер салынып жатты. Ол өзі облыстарға, аудандарға шығып көзімен көріп, құлағымен естігенде жақсы көретін. Кабинетте отырғаннан іс шықпайды дейтін. Мұғалімдер дайындау, олардың тұрмыс жағдайын түзеу, балаларды оқыту, өнер және көркемөнер саласын дамытуды жолға қойды. Хореографиялық мектеп ашты. Музыкалық театр ашылды. Оған халық таланттарын іздең, әнші, домбырашы, кобызшы, биші, ақындарды тартты.

1934 жылы Қазақстанда көркем өнерпаздардың 1-слетін өткізіп, баяндама жасады. Сол жолы Жамбыл, Фарифолла, Гамбар, т. б. таланттар табылды. Кейінірек мұғалімдердің 1-республикалық съезін өткізді.

Темірбек қажырлы, еңбекшіл, ізденуден жалықпайтын адамдардың бірі болатын. Өзінен кіші адамға бала дейтін. Орталық партия комитетінің қаулысы бойынша Қазақстанда музыкалық театр ашу Халық ағарту комиссары Т. Жүргеновке тапсырылды. Темірбек атақты жазушылар М. Әуезов, Ф. Мұсірепов, Б. Майдандерді шакырып алыш: «Сіздер «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», «Жалбыр» пьесаларын жазуларыңыз керек, екі айда бітіріп берулерінізді сұраймын», – деп тапсырма берді. Сол кезде Алматыда болған жалғыз драма театрының жақсы артистерін Күләш, Қанабек, Шара, Құрманбек, Елубай, Манарабектерді шакырып Орталық комитеттің қаулысымен таныстыруды. «Сіздердің музыкалық театрдың артистері болуарыңызды сұраймын», – деді, бәрі көнді. Олардың ойынына Темірбек сонша разы болып келетін. Аз уақыт ішінде Москваға баратын онкүндікке дайындық жасады. Құндіз де, кешке де репетициялар болып тұрды. Темірбек артистердің киіміне дейін, сцена қандай болуы керек, бәрін өзі ойластыратын. Жазушылар, композиторлар бәрі қатысатын. Онкүндік Москвада жақсы өтті. Маралаттаулар мен ордендер, жақсы атақтар алыш кайтты. Москвадан келген соң 1936 жылдың жазында Темірбек Қырымға демалысқа барып, сол жақтан Одессаға барады. Жаңа салынған опера театрының эскизін, 20 суретін алыш келді. Бір күні екеуміз серуендер келейік деп көшеге шықтық. Калинин көшесіне келгенде Темірбек тұрып қалды да:

– Осы жерге театр салыну керек, – деді.

– Япырай, сенің шүғылдан тез шешетін әдетің бар, – дедім мен. Айтқандай Темірбектің көрсеткен жерінде қазір Абай атындағы Қазақ ұлттық опера театры тұр.

Шат-шадыман куанышқа бөленіп жүргенімізде ойда жоқта 1937 жылдың аласапыраны басталды. Сүлеймен Ескараев ұсталған күні Темірбек:

– Япырай, Дәметай, заман не болып барады? Ылғи адап азаматтарды шетінен ұстап қамап жатыр, – деп қауіп айтты.



– Темірбек, сен білесің бе, жамандықтың беті аулақ. Алда-жалда қын күн туса, мен сені қайдан да болса тауып аламын, – деп сезін бөліп кетіп уәде бердім.

1937 жылы 2 тамыз күні «Халық жауы» деп жазықсыз Темірбекті де алыш кетті. Жанкяр досымнан айырылған соң менің басыма кара күн туды.

1937 жылы желтоқсан айында Залиннен Темірбекпен кездесуге рұқсат алдым, бірақ анаммен ақылдасып түрмеге жеткенімше 5 минут кешігіп, соны сылтау қылып кездес-тірмеді. Тек Темірбектің өз қолымен жазған екі айлық ақшасын алуға берген қолхатын берді. Соны қеудешемнің қалтасына салып, сақтап журдім. Оны өзімді ұстаган күні тінткенде тартып алыш, жыртып тастады.

1938 жылы 21 наурыз күні кешкілік баспаханада жұмыс істейтін бір сыйлас эйел маған ертең шығатын газеттің версткасын әкелді. Онда Ұ. Құлымбетов бастаған 19 «ұлтшыл фашистердің, халық жауларының» ату жазасына кесілгені, үкімнің орындалғаны туралы хабар бар екен. Әлгі әйелге «тез бұл арадан кетініз» дедім. Артынша 4 адам үйге келіп, астан-кестен тінту жүргізіп, Темірбектің барлық қағаздарын алыш кетті. Мені түрмеге апарып қамады. Үйдегі анаммен әрен қоштасып үлгердім.

Мені қамағанинан кейін жарты сағаттан соң түрмеге Ұ. Құлымбетовтің әйелі Айышты, Ж. Садуақасовтың әйелі Лизаны, Н. Сыргабековтің әйелі Баршынды, т. б. әйелдерді әкеліп қамады. Мен сыйырлап Баршынға атылғандардың хабарын айттым, ол басқаларға сыйырлап айтты.

Түрмеде 3–4 күндей берген тамағы тамағымыздан өтпелі, үйкі көрмедік, тек жылаумен, қайғымен екі көзіміздің жасы кел болды. Бізден бұрын түрмеде теміржолшылардың әйелдері бар екен. Елуден астам койка тәрізді темірлер, қаптаған қандала, жағымсыз сыз иісі, есік алдында параша, адам тығыз. Үш ай жылаумен күндер өтті, дегенмен түрме өміріне де көндік. Маусым айында бізді 58-ші баптың 17-ші тармағымен 8 жылдан беріп соттады. Бізді жазықсыз күйеулерімізден, балаларымыздан, туған-туыскандарымыздан айырды. Бірнеше айдан соң, қыс түсө түрмeden шығарып, лагерьге аппаратын болды. Барлығымызды тінтіп, далага шығарып, ашық машинамен, қарулы күзетпен, арсылдаған иттермен вокзалға апарды. Вокзалда анам мен сінлім Бопан тұр екен. Бізді тізерлеп тұрғызып қойды, сөйлессен атамыз деген. Анам:

– Құлым-ай, қайда барасың, бізді тастан кеткениң бе? – дегенде, ештене айта алмадым. Столыпинский қызыл вагонға 13 кісіден бір купеге қамап тиеді. Күн сұық, жерде қар, түнімен поезд абылай, таң атты. Ертеңгі асқа сасыған балық әкелді. Інім Мұсілім вокзалда анам беріп жіберген ішікті әкеліп тұр екен, алмадым.

– Мұскен, 8 жыл, 8 жыл, мынау ертенгі ас, Ақмола дейді, – дедім айғайлап. Сейлестірмей есікті сарт жауып тастады. Бірнеше күн жүргенімізден тұрғанымыз көп, вагонда келе жатқанымызда Сәкеннің (С. Сейфуллин) ұлы Аян анасы Гүлбаһрамның қолында шетінеп кетті. Гүлбаһрам аса сабырлы әйел еді. Шетінеген сәбиін бауырына басып, бір күн бойы ешкімге бермей қойды. Князева деген әйелмен екеуміз күні бойы Гүлбаһрамды қайрап, қолындағы сәбидің денесін әрен дегенде алдык. Сәбидің денесін

қолымызға ұстатқан Гүлбаһрам вагонның бұрышына барып, бұк түсіп теріс қарап отыра кетті. Тұн қарандысында вагонның бүйіріндегі тесіктен тымақ киген бір казаққа:

– Мынау ақын Сәкен Сейфуллиннің ұлы Аян. Оның денесін жер қойнына беріңіз, етінемін, – деп сыйырлап қолына ұстарттым.

– Бұл қай жер? – деп тағы да сыйырладым.

– Саршаған деген станса, – деді әлгі қазақ.

Сөйтіп аяулы Сәкеннің ұлы Аянды Саршағанда қалдырып, бірнеше күннен соң Новосібірге келдік. Бізді вагондардан түсіріп, тізерлеп отырғызды да бірнеше сағаттан соң, перессыльный тұрмеге «уркалардың» үстіне әкеліп қамады. Олар бізден киім, тамақ талап етті. Князева өте қайратты, ақылды әйел еді.

– Дәметай, мына «уркаларға» тамақ беріп тіл табысайық, – деді. Тамакты берген соң ішіндегі атаманы жылды шырай көрсетті. Екі күннен соң аулаға шығарды. Сонарадай жерде бір топ ер адамдар тұр екен.

– Сіздер қайдан келдініздер? – дедім.

– Атуға кесіліп, кейін 25 жылға өзгертті, Иркутскіденбіз, – деді олар.

– Біз Алматыданбыз, – деп оң қолыммен ағашты ұстап тұр едім, құзетші мылтықтың дүмімен қойып қалғанда, төрт саусағым сынып кетті. Екі айға жуық жазылмай, азапты көрдім. Новосібірден Петропавл тұрмесіне келдік. Мені, Баршынды тағы төрт әйел – алтауымызды басқалардан бөліп алып қалып, Челябідегі «уркалардың» тұрмесіне әкеліп қамады. Баршынға айтып «уркаларға» тамақ беріп, тіл табысып, орын алдық. Челябідегі тұрмаде екі айдай болдық, ашықтық, жүдедік. Қайтадан Петропавл тұрмесіне әкеліп қамап, содан соң «АЛЖИР» лагеріне 26-шы нүктеге әкелді. Әр баракта 350 әйел болдық. Баршын екеуміз жолдан ауырып келдік. Бізді емшектегі баласымен Азиза (Т. Рысқұловтың жұбайы), Айыш (Ұ. Құлымбетовтің жұбайы), Құләндам (С. Қожановтың жұбайы), т. б. күтіп алды. Азиза сиыр базасында ветврач болып істеді. Жасқа толмаған қызына күніне 0,5 литр сүт беретін. Құләндам сиыр базасында ауыр жұмыста болды. Кейде жасырып Азизаның қызына сүт әкелетін. Айыш қой сонында жүрді. Көп сөйлемейтін, мінезі ауыр, аса шыдамды адам еді.

– Дәметай келін-ау, ел қайда, жұрт қайда? Мына қындықтан құтылар күн бар ма екен? – дейтін шаршағанда қамығып. Бәрі де таңғы сағат төртте тұрып, күн батқанша жұмыс істейтін. Ишетін тамактары баланда, кара көже. Боранда баракта от жағылмайды, тамақ істелмейді. Мен алғашқыда аула сыпырушу болдым, кейін майданға киім тігіп 200 пайыз орындан жүрдім. Соғыс басталғанда жаппай майданға сұрандық. Тек менің өзім ғана 100-ге жуық арыз жазып майданға сұрандыым. Бір-бірімізді үнемі демейтінбіз. Достық пен жолдастыққа дақ салмауга тырыстық.

Бір күні денсаулығымызды тексеретін ай сайын болатын комиссияның басшысы, бір жас жігіт менің карточкамды қолына ұстап отырып:

– Сіз бері келініз, сізді бір жакқа кетті деп еді, осында екенсіз ғой, мені таныдыңыз ба? – деді. Тұрме қызметкерлерінен әбден запы болған мен сактанып:

– Жоқ, мен сізді танымаймын, – дедім.



– Мен сіздің шекіртіңіз Павел Беляевпүн ғой. Сіз неге мұнда өз мамандығының бойынша жұмыс істемей журсіз? – деді.

– Біздің арамызда жүзге жуық дәрігер бар, ал орын бірнешеу ғана, қайсымызға жетсін? – дедім мен.

– Жоқ, сіз мамансыз, орынды өзім сұрап алып беремін, – деді ол үзілді-кесілді. Сонымен мен дәрігер болып, қысылғанда көп адамға қол ұшын бердім. Біз Н. Сыргабековтің әйелі Баршын, М. Тәтімовтің әйелі Шәкітай, Ә. Мусиннің әйелі төртеуміз бір топта болдық. Штопка ұйымдастырып, соған әлсіз, науқас адамдарды орналастырдық.

18 жыл айдауда болып, келіп сағынған бауырларымның құшағына бөлендім. Жұмыска тұрдым. Темірбектен айырылғаныма 50 жылдан асып барады, оның адап ніеті, ақ бейнесі жарқыраған жұлдыздай жүрегімнің түкпірінде сакталып келеді. Мен өз ғұмырыма ризамын, тек Темірбек ағаларының айта алмай кеткен арманы болмас... Жазықсыз деп 1957 жылы акталған қағазын алғаныма 30 жыл өтті. Темірбекті тірілте алмаймын, бірақ оның істеген ісі мен халқына жасаған жұмысын, көптеген жазып қалдырыған еңбектері мен Темірбегімнің атын өшірмеймін деп көп ойландым, жаңымды аямай іздендім, ондаған есіктердің табылдырығын тоздырдым. Сол уақытта қолының ұшын берген, іздесуге көмекші болған жанашыр бауырым әдебиетші ғалым мына отырған Мардан, – деп аяқтады әңгімесін Дәметай апа.

Дәметай апа туралы естелігімізді Республикалық Әділет қоғамының төрағасы Жандосов Санжар Оразұлының мына пікірімен түйіндейік: «Ресейліктер декабристердің әйелдерін мақтан етіп, орасан зор патриоттық сезіммен насиҳаттайды. Олар Сібірге айдалған көзі тірі қүйеулеріне пар ат жеккен сайлы шанамен, жылы киіммен барып қауышып, жар құшып, бала сүйген батыл әйелдер еді. Ал жазықсыз «халық жауы» болып жазаланған қазақ қайраткерлерінің әйелдері өлі-тірісі белгісіз қүйеулерін өмір бойы іздейп, олардың ақталғаны туралы хабарды алған соң тарихи тұлғаларын халқына қайта оралтуға, адап бейнелерін ұрпаққа паш етуге өлшеусіз тер төкті. Солардың бірі және бірегейі – Дәмеш Әмірханқызы Ермекова-Жүргенова».

III БОЛІМ

АРНАУ ЖЫРЛАР МЕН ТОЛҒАУЛАР

Тұрмагамбет Ізтілеуұлы

«ШАҢНАМАҒА» КІРІСКЕНДЕ

(Оқушыларға)

Оқушым! Шашуым бұл шашқан менің,
Көріндер кеулегендей гауһар кенін!
Әуелі – Адам-ата, соңы – Дарап,
Қазықты қатаң қағып тартқан желім!
Сөзінің көбірегі көрінеді
Тұран мен соғыстыру Иран елін.
Екеуі о басында туысқанмен,
Шайқаған бір-бірінің шалқар көлін.
Өздерің оқығанда байқарсындар
Себепші болғандығын оған ненің.
Ираннан Рұстемдей батыр туып,
Тұранның талқандаған тау мен белін.
Сөздер бар басқа-дағы, басты шайқап,
Есіткен отыратын тістеп еріп.
Болсаңдар әзіріне бұған разы,
Тигендесі төбем көккс таркар шерім!
Қалдырып араб. фарсы, өзбек тілін,
Өзімше өлең еттім ойға ұнарын.
Кітап бол «Шаңнама» шыға қойса,
Қандыраң қалай-дағы сл құмарын.
О баста оқыған соң фарсы, араб.
Жазушы ем хикая, жыр оған қарап.
Ұнатып оларымды оқығандар
Ішкендей есіруші еді шарап.
Осындай өнерімді естігеги соң,

Жұргенов шақырып ап, шашын тарап,
Бұйырды «Шаһнаманы» сөз қылуға,
Ойласып Мирзоянмен ойға сарап.
Бедеудей басым шұлғып, «болады» деп,
Күйіме күннен күнгө түстім жарап.
Қолға алып қаламымды құрастырдым,
Ойласып ойымменен, өлшеп танап.
Әртүрлі әңгімелер ішінде бар
Аңыз бол ел аузына кеткен тарап.
Қалайша халық танырқар іс болмасын
Кезінде сол ерлердің Рұstem, Сұхрап!
Фирдауси оны отыз жыл жазған екен,
Алтыннан алмақ болып неше қадақ...
Өлеңмен он бір буын он ай жазып
Бітірдім, «мінеки» деп, бердім санап.
Таба алмай тақысы бар татаулы гәп,
Көргенмен әркімдер де аудармалап.
«Әмірлік соның үшін пенсия», – деп,
Айына бес жұз сомды берді қалап.
Ойлаймын: осынша еткен еңбегімді
Окушым қабылдар деп шын бағалап!

Тұрмагамбет Ізтілеуұлы

Ұ. ҚҰЛЫМБЕТОВКЕ

– Тисін, – деп, тірліктен көпке пайдам,
Кірісіп қызметке өткен майдан.
Жатырмын «Шаһнаманы» ермек етіп,
Анықтан апа тілмен ашық айдан.
Создері көцилімс көрінеді,
Сүйірік гей шыққан жарып қара ылайдан.
Түрі бар біте қойса болатұғын,
Гүжімдесій көлеңкелі өнген сайдан.
Ойым жоқ слу үшкे келгеніммен,
Кейіншіріп қалам деген құнан, тайдан.
Баласы Кіші жүздін, Кете руым,
Емеспін сарт пен өзбек, я ноғайдан.

Ауданы Қармакшының, оныншы ауыл,
«Кім еді?» деп сұрасандар біздің жайдан.
Бағып түр Наркомпрос тәрбиеlep,
Жай беріп жаман емес бұл маңайдан.
Айлығым алып тұрган ауыспайды
Негізінде жейтұтын нан, ішер шайдан.
Тон киіл, тон кетсе де алі жүрмін,
Көрініп көзге едәуір анадайдан.
Сол үшін жанабына жолдадым сез,
Өзіндей сұрауга ақыл, ойға байдан.
Жол сілте, жолдас, маған жөні келсе,
Каржыны киім алар табам қайдан?
Өздерің осы орынга отырғалы,
Еш жай жоқ берекелі бұл крайдан.

Тұрмагамбет Ізтілеуұлы

АЙЫШҚА

Ақылым айтатұғын, келін Айыш,
Құрметпен қатарынды талдай майыс.
Ақылы ажарымен тең боп келген
Әйелдер аңлауымда илі қайыс.
Кенеттен келсе конак кол қусырып,
Иіліп сәлем беріп деп түр: «Шэй іш!»
Қалайда «Халық сыйлаган калыс қалмайды»,
Селтимей серігінің себін жайыс.
Осындай үгіт айтсам ұнатпайды,
Өз-озін опалаған өңшесң дәйіс.
Ер болсын, әйел болсын ақымақтардың
Басынан бір сағатта-ақ бакыт тайыс.

«ШАҢНАМАНЫҢ» СОҢЫНА

(Автордан)

Токтатты Тұрмагамбет келген ойды,
Соңына «Шаңнаманың» қолын қойды.
Балаша бағып-қағып бабын тауып,
Өсірдім сүйріктей қып сұлу бойлы.
Күндей-ак күллі әлемге нұрын жайған
Арнадым, Компартиям, осы сыйды!
Әлемдік «Шаңнаманы» жырлауыма
Тікелей Мирзояннан жәрдем тиді.
Уақытында Николайдың езгіленіп,
Жан едім жүдеп қалған болып шилі.
Мирзоян бізге келмей тұрғанда әрі,
Болмап па ед уақиғалар неше қылыш?
Сәкеннің сәтті жазған «Қызыл аты»
Арнайы ашып берді осы жайды.
Откеннің барлығы да ұмыт болып,
Мәз-мәйрам болдық енді күйлі-жайлы.
Жүргенов жаздыруышы, Наркомпрос,
Оңаша өз алдыма беріп үйді.
Алдырып Алматыға ардақтатып,
Аринаулы пенсияны маған киды.
Болғанмен жасым анық елу бесте,
Жасарып жиырмадағы тұрмын күште.
Советтік Отанымның арқасында,
Етіндей! өсіп тұрмын әзір іске.
Сондыктан сылтауратып бас бұрмаймын,
Әрқалай кызметінен деген: «істе!»
Денім сау дерг-сырқаудан болып тұрса,
Ойым жок енан өзге бұл келісті.
Баяғы бай мени бидің уақытында
Менсел бол мөртілгенмін итерісте.
«Осыдан күтүлар күн болар ма?» дес,
Бармағым шайнаған ед азу тісте.
Тозаңы таршылықтың өткендегі,

Өң түгіл, көрінетін емес түсте.
Ойынан уайымның өрті өшкен сон,
Бір жан жок жүрген қазір өкініште.
Бәрінің екі езуі құлағында
Сиякты шарбактағы піскен пістес.
Көрүгө социализм салтанатын –
Балаілар да асығулы жатқан іште.
Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім,
Аралай жердің жүзін жүрер сөзім.
«Көре алмай кейінгіні кеттім-ау!» – деп,
Арманда болмай-ақ қой, екі көзім.

Жақсылай Сарсенбаев

ҚАЙТА ОРАЛДЫ-ОЛ БҮГІН...

Төтеп қеліп тауқыметті ғазапка,
Жұмыс құрғаң Наркомпрос, ҚАЗАПП-та,
Ыргызда емес, «Қыстауы да Қараның» –
Ортақ перзент өйлан тұрсақ-казакка...

Көрікті ердің қоленкелер шоқтығын,
Билік құралр беймаза шақ-жок бүгін.
Ақталды деп айтуда кате – актайтын
Халқы оны қаралаған жок тұғын...

Еркін ұлы еске түсер далаңын,
Естелігін оқыр болсақ Шараның.
Қыңырлар да қынжыгумен еске алар,
Темірбектің қамшысы мен қаламын.

Күрбан-боллы деп жатырмыз, дұрыс па?
Онер сөзде озі болнаң шын ұста.
Қапыныста каза тапқан деу көрек,
Мәдениет майданында ұрыста.

Қарымтасы қасіреттің қайтуда,
Қайта оянып баянды іске бай тұлға.



Іштей тұнып жүргендерге сөз тиді
Жүргеновке туыспыз деп айтуға.

Қырсыздарға қыңыр қарап сүзеген,
Жалған істі жал құйрықтай күзеген.
Кешірімді біз берейік ғасырға,
Кештеу барып өз қатесін түзеген.

Жанған ерді жалын атып шоқ болып,
Тасалаған тағдыр еді көп көріп,
Тоқсанында қайта оралды ортаға,
Жарты ғасыр ортамызда жоқ болып.

Сақтаған Есмаханов

АСЫЛ АҒА

Тұған елдің легіменен тең көшкен,
Жаңа өмірдің тал бесігін тербескен.
Аға ұрпақтың сардары боп кешегі,
Талай-талай шерулерде сел көшкен.

Бүгінгі ұрпақ бақыты үшін толғанын,
Қындықпен қасбатыр боп белдескен.
Асыл аға, сен бір жарық жұлдызын,
Көгімізде ерте жанып, сртө өшкен.

Шаңын қағып Жылшама атты кітаптын,
Әр бетінен жүргегімс от тұтатым,
Сендер едің байтеректің дінгегі,
Сол діңгектен мен жайынан бұтақтын.

Өткен кездің сырын ұқтық сүренсіз,
Азалы өмір, болған дүние бір өнсіз.
Сол күнде де алған едің зерделеп,
Бақыт үшін айқын жолды жүрер, Сіз.

Өң түгіл, көрінетін емес түсте.
Ойынан уайымның өрті өшкен сон,
Бір жан жоқ жүрген қазір өкініште.
Бәрінің екі езуі құлағында
Сияқты шарбактағы піскен пістес.
Көруге социализм салтанатын
Балалар да асығулы жатқан іште.
Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім,
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім.
«Көре алмай кейінгіні кеттім-ау!» – деп,
Арманда болмай-ақ қой, екі көзім.

Жақсылай Сарбалаев

ҚАЙТА ОРАЛДЫ ОЛ БҮГІН...

Төтеп келіп тауқыметті азапқа,
Жұмыс құрған Наркомпрос, ҚАЗАПП-та,
Ыңғызда емес, «Қыстауы да Қараның»
Ортақ перзент ойлап тұрсақ қазаққа.

Көрікті ердің көлеңкелер шоқтығын,
Билік құрап беймаза шақ жоқ бүгін.
Ақталды деп айту қате – ақтайтын
Халқы оны қаралаған жоқ тұғын.

Еркін ұлы еске түсер даланың,
Естелігін оқыр болсақ Шараның.
Қыңырлар да қынжылумен еске алар,
Темірбектің қамшысы мен қаламың.

Құрбан болды деп жатырмыз, дұрыс па?
Өнер өздеде өзі болған шын ұста.
Қапылышта каза танқан деу керек,
Мәдениет майданында ұрыста.

Қарымтасы қасіреттің қайтуда,
Қайта оянып баянды іске бай тұлға.



Іштей тұнып жүргендерге сез тиді
Жүргеновке туыспыз деп айтуға.

Қырсыздарға қыңыр қарап сүзеген,
Жалған істі жал құйрықтай күзеген.
Кешірімді біз берейік ғасырға,
Кештеу барып өз қатесін түзеген.

Жанған ерді жалын атып шоқ болып,
Тасалаған тағдыр еді көп көріп,
Токсанында қайта оралды ортага,
Жарты ғасыр ортамызда жоқ болып.

Сақтаған Есмаханов

АСЫЛ АҒА

Тұған елдің легіменен тең көшкен,
Жаңа өмірдің тал бесігін тербескен.
Аға ұрпақтың сардары боп кешегі,
Талай-талай шерулерде сел кешкен.

Бүгінгі ұрпақ бақыты үшін толғанын,
Қындықпен қасбатыр боп белдескен.
Асыл аға, сен бір жарық жүлдышын,
Көгімізде ерте жанып, ерте өшкен.

Шаңын қағып Жылшама атты кітаптын,
Әр бетінен жүрегімс от тұтаттым,
Сендер едің бәйтеректің дінгегі,
Сол діңгектен мен жайынан бұтақнын.

Өткен кездің сырыш ұқтық сүренсіз,
Азалы өмір, болған дүниес бір өңсіз.
Сол күнде де алған едің зерделеп,
Бақыт үшін айқын жолды жүрер, Сіз.

Тағдыр – қатал, қылыштың, бақ-талай,
Бірде ол – Күн, бірде бұлтқа батқан Ай.
Долы дауыл соқса екпін қоя ма,
Бау-багыңды, гүлзарыңды таптамай?!

Сенің сонай көзбен тұс бол тағдырың,
Тастап кеттің жүрегіңе ел мәңгі мұн.
Арман үшін арпалысқан қайран ер
Зұлымдықтан семдірдің ғой жая гүлін.

Жылдар өтті, өмір түлеп, жаңарды,
Бүгін, міне, сен аңсаған таң – әрлі.
Біргесіңдер бізбен, асыл агалар,
Жүректерің мәңгі тірі, алаулы.

Тау тозаң бол, теңіз деген тартылар,
Өмір-өзен таусылар да сарқылар.
Бірақ өшпес ер есімі өмірден.
Ардақ тұтар Отаны бар, халқы бар.

Сендер мәңгі ақындардың жырында,
Сендер – жаңа тараусындар ғылымға,
Сендер – мәңгі жұлдыздары заманың,
Жарқыраған азаматтық туында.

Мәлік Аяпов

ЖУРГЕНОВТІҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Кім айтаңы адалдықтың өлшемін,
Адалдықты ар-ожданмен олшедім.
Халқым үшін қайысады қабырғам,
Зор үмітпен артып тұрса сіл сенім.

Халқым десе қарсы айрылды жүрегім,
Халқымды ойлан күні-түні жүдедім.
Отанымнан өшпес мәңгі от алып,
Адал ұлы атансам деп жүр едім.



Халқым менің – куатым да муратым,
Сенім артып халқым мені сынасын.
Қының сәттің қыспағында қалғанда,
Қайран халқым көз алдымда тұрасың.

Жалған атты дауа бар ма шіркінге,
Заман мынау сан құбылды бір күнде.
Мұңын мұндалап, жоғын жоктап жүргенде,
«Халық жауы» атануым мүмкін бе?!

Корлығына мойымай тар заманның,
Сәуле түсер жүргегіне адамның,
Тар жол, тайғақ кешуде де мұқалмай,
Кілтін тауып алынбайтын қамалдың!

Төңірегің қаптап кеткен сатқындар,
Сатқындарды, заман, қайдан таптындар?!

Ей, адамдар, ұлдарыңды ардақты
Опасызға құрбан етіп жатсындар.

Мүмкін емес мұның шегі болмағы,
Замананың сан өзгерер толғағы.
Сары алтын бол құмға сінген біздерді,
Халқым өзің әқтап алсаң болғаны.

Серік Сатанов

НАРКОМ ЖҮРГЕННОВ

Бес уәзірдің білгенін бір-ақ өзі білетін,
Халық үшін қаймықпай, киындықта жүретін.
Орда бұзған отызда ер еді ғой Темірбек,
Ел мен Жердің ырысын теңеді ғой Темірбек.

Отыз тоғыз жасында шынға қонды қырандай,
Отыз тоғыз жасында сызға отырды, жұбанбай...
Алмағайып дүние ашып арам көнілін
Қырық жаста қиянат киып кетті өмірін.

Мың тоғыз жұз отыз жеті, тамыз айы сүрланып,
Қызыл көзі қанталап жетті жауыз жынданып.
Қолы қан-қан жалмауыз салды келіп шенгелін,
Жалғандықпен жалғады тас түрмеде тергеуін.

Күнде бір сөз қайталап қарқылдаған қарғадай
Сүм тергеуші сұқталып сұрак қояр балғадай.
– Айыпкер Жұргенов?!

– Менмін...
– Жұр бері! Мойның ал кінәнді ойың жаман!...
– Мойын кетсе дс мойындарман!
– Әкестіңдер!

Тас еденнің ызғары тас төбеден шығады.
Сеніп, жанып жанарда тіршіліктің шырағы.
Көніліне кептеліп өкініштің өксігі,
Өтті шерлі жүректің көп күні мен көп тұні.

Көз алдына келеді өткен күндер елесі,
Бірде күліп, мұңайып аяулы жар Дәмеші.
Қайран Ырғыз туған жер, Басқарасу, Нұрасы,
Қол созады алыстан дегендей ме, шыдашы.

Шыдай-шыдай ширығып шыдамы да жетпеді,
Жұқарды әбден үйкеліп, жүйкенің де шектері.
Кеңірдегін кескілеп кеудедегі кектері,
Ауызынан ауаға атып шықты от демі.

– Тас пигылды тергеуші,
Залым заман зауалы-ай!
Тірі пенде жерлеуші,
Қаскөй қасқыр адам-ай!

Құлап кетті ызадан тыныс-тірлік тарылып,
Тас қабырға соққанда маңдай кетті жарылып.
Талып түсті талықсып бүктеңіліп бұрышқа,
Қайран арлан қамалып қасіретті қуыска.
Күн бе, тұн бе белгісіз – бір уақытта оянды,
Өң бе, тұс пе белгісіз – бір уақытта оянды.
Оянған жоқ дұрысы – оятыпты жендет кеп,
Өздерінше азаппен өзекті ұлды жеңбек бол.

Тағы тергеу. Тағы да қарқылдаған қарғадай
Сұм тергеуші сұқтанды сұрақ қойып балғадай:
– Айыпкер Жүргенов?!

– Азаткер Жүргенов десеңіз...
Тілінді сенің кесеміз!

Тәштік қара сұмырай мысық көз зәр төгіп,
Күл бол кеткен секілді жалпақ беті өртеніп,
Деді тағы: – Мойның ал кінәнді,
Ойың жаман!?

– Мойын кетсе де мойында мағын...

Дойыр соққы қапыда көк желкеге сарт етті,
Шыр айналған дүние жанарында жарқ етті.
Тас бөлмеде бір кездे көзін ашты ақырын,
Ес жигызды көңілден бойға тарап батыл үн:

«Мен адамын арыма, мен адамын жарыма,
Мен адамын Отанға, елім, жерім-бағыма.
Ажал келіп тырнағын салса егерде тағы да,
Есіне алар туған ел, есіне алар сағына.

Жандайшаптар басса да шоқтай темір етіме,
Тура қарап барамын ажалдын да бетіне.
Өсіп кеткен жігерім дүниеге өмір боп,
Халық барда қаһарман жақсылыққа өлім жоқ.

Қинағанмен өзімді қамай алмас өмірді,
Өзім тіккен шаңырап театр болып өрілді.
Оттарым бар жүрекпен деректерге жағылған,
Жолдарым бар жігермен болашаққа салынған.

Мен халқымның әлемге жарқыратып аспанын,
Әлеметін жасқадым, мәдениетке бастадым,
Шіркін, сол бір жұлдызды шақтарыма сүйінем
Тебіренткен Мәскеуді Құрманғазы күйімен.

Шіркін, сол бір онкүндік ... шаттығыма сүйінем,
Теңсeltіп ек Кремльді Құрманғазы күйімен.

Ақку Шара биімен, бұлбұл Күләш үнімен,
Әттен, әттең өмірдің баянсыздығына қуйінем...»

Алты ай өтті тергеумен сұмырайлар қадалып,
Шашы кетті азардан бір-ак күнде ағарып.
Әлі шыдал келеді Жүргегі мен Жігері,
Өлтірмейтін рухы – демеп мәнгі Ұлы Елі.

Дүниеде дүбірлі жалмап жатқан құйыны,
Ажал күту екен ғой киындықтың қыны.
Минет сайын үрей мен сағат сайын өлім жүр,
Бәрін-бәрін көріп жүр жан-жағында өріп жүр.

Тұған елі Үргызы, Басқарасу, Нұрасы
Елес болып келеді дегендей ме шынымен.
Өскен жері ыстық-ау жылынгандай,
Кез алдына көрініп шақырғандай.

Мынау, міне, япыр-ау Сырдың елі
Дәріс берген Іztілеу Тұрмагамбет,
«Шаһнамасын» Фирдоуси казақшалап
Ерлік жасап еді ғой, қайдан мұнда тұр...

Мынау... әлгі Александр Затаевич
Менен сұрап шығарған халық әнін,
Орынборда талай сыр ағытып ек,
Қайдан ғана білмеймін, қалай ғана осында...

Мынау... менің Дәмешім, неге, неге...
Бой-бой болып, япыр-ау, қайда мені шакырды,
Мынау... менің экем ғой, қайда мені шакырды,
Мынау... менің шешем ғой, қайда мені шакырды...»

Ұйқысынан Темірбек кетті оянып шошынды,
«Әкем, шешем шакырды неге мені,
Уға толып кеткендей көкірегі құрсалы,
Күлді сосын жауызға, жауыздарға ызалы.

Запырандай от күлкі, күлкі деу де орынсыз,
Өмір отын бұзатын кейбір аяр түлкі ғой.

Өлім деген – құлқі ғой,
Өмір деген – тұлқі ғой!»

Адамдықты арбаган – надандыққа күйемін,
Адалдықты алдаған – арамдыққа қулемін.
Отансызға қулемін, опасызға қулемін,
Мен антыма сенемін, мен халқыма сенемін.

Сайраса да көкірек өкінішке тұсалды,
Бұл ақырғы деміне көрінгендей нышаны.
Жылады да шыдады – Жүргі мен Жігері
Адал адам сенімді – ұмытпайды Ұлы елі.

Мың тоғыз жұз отыз сегіз, он екінші ақпана
Шындық отын жасырды жалғандықтың оқпана,
Бакильтыққа аттанды жазықсыздан жеріне
Темір Нарком атанған ер Темірбек Жүргенов.

Уақыт өтті. Кесір кетті. Шындық жетті.
Академик Рамазан, Дәмеш, Мардан да,
Елі, халық жиылып, ұрпақтары тұрғызыған
Ескерткіш боп тірілді ер Темірбек Ырғызда.

Сейфолла Оспан

КӨСЕГЕСІН КӨГЕРТКЕН ЖАН ӨНЕРДІҢ

Орда бұзбай отызында кайралған,
Қырық жаста камал алмай қайран жан
Оку-білім, мәдениет, онерді
Гүлденілірін, лозаққа озі айдалған.

Бір жан еді, Елім деп тек еңіреген,
Жанып отін жанга тыным берменген.
Жишиң алып таланттардың тарланып,
Таптырып ал Жамбылды да селдеген.

Наркомпрос Жүргенов бол атаған,
Жұмыс десе талап қойғыш катал жан.

Қысқа өмірі өтіп бара жатқандай,
Зулап ұшқан құс аузынан от алған.

Қара шаңырақ өнерімнің тенізін,
Қаластырып Операның негізін.
Ахандар мен Габендерді бас етіп,
Үйлестірген әуезі мен сөз үнін.

Сонша еңбекті бағалаған алыптар,
Естелікте жан жүрегін жарып бар.
Билігі жоқ ала құйын заманның
Ұстап қалған шағы еместе шалықтар.

Өзегінен өргенге әсте көнер кім?
Өлтірмestен биіктігін өнердің,
Жарқыратып жүзін алмас қылыштай
Москваға, декадаға жөнелдің.

Ез болмаса жанбай жатып сөнер кім,
Сонда мұны жасаттырған шебер кім?
Бағыт түзеп бұзып-жарып талқандап,
Өрден орын алып берген ерен кім?

Лебізінде Сәбит Мұқан ағаның:
Елде мектеп жүзден ашқан, адамың
Осы кісі – Алматының өзінсі
18-ін.
Бұдан өтпес ғажабың.

Мәдениет, әдебиет саласын,
Жаңдандырып өнерімнің қанаасын.
Онқундікке алғашқы атау дем берін
Жасағтырған, касиетті карашым!

Деп бағасын беріген Сәбен тарланым.
Мұсіренов Ғабит айтса қалғаның;
... Мейрам болды мәдениет майданда
Бұл кісінің келуімен жаңданды үн.

Айта берсе жетіп жатыр еңбегі,
Ерліктері аңыз болған елдегі.
Орда бұзбай, қамал алмай ақылмен,
Іскерлікпен, халық жаңын емдеді.
Серілікті жиып қойып халқының,
Қамын ойлап болашақтай артының.
Марғасқа боп өткен мына заманнан
Мұндай жандар сирек туар.
Бар шыным!

ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР ШӘКЕҢ

Дор адамның өмірі жазылмаған кітап іспетті», – деген екен бір ғұлама. Иә, рас екендігі дау тудырмаса керек. Дей тұрганмен, адам баласы әрқиыл, оның жаратылсы, бейне алақан қолтаңбасының әрқиылдығы сияқты. Сондықтан да оны бір қалыпты өлшеуге келмейді. Әр адамның өмір сүріп отырған ортасына орай рухани дәрежесіне, сыр-сипатына сәйкес сана-сезімі жетік, халқына қалтқысыз қызмет еткен саңлак тұлғалары болатыны ақыкат.

«Тұлпарда да тұлпар бар, қазанат жөні бір басқа, жігітте де жігіт бар, азамат жөні бір басқа» дегендей, шын азамат парасатты дейтін ұғымға сай сарабдал, сыралғы кісі. Осындай азаматтардың қатарына Оңтүстік Қазақстан облысының, осы облыстың Түркістан, Мақтаарал аудандары мен Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, республиканың еңбек сінірген қайраткері Шахарбек Оспанов ағамызды жатқызуға әбден болады.

Бағзы замандардан атадан балаға мұраға қалған ұлттымыздың асыл қасиеттері мен құндылықтары – елі үшін тұн үйкесін төрт бөлген қылышынан қан тамған батырларымыздан, тілінен бал тамған ақындарымыздан, туралықты ту еткен билерімізден, көпшілікті имандылыққа үйітқан аһун-ишандарымыздан, ғұлама молдаларымыздан, қандай бір қитұрқы заманалардан аманат болып бізге жеткендігі айдан анық. Осындай ізгі қасиеттерді бойына мейлінше мол жинаған азаматтардың бірі – осы Шәкен.

«Тәрбие тал бесіктен» дейді халқымыз. Осы тұста сөз тізгінін ағаның өзіне берейік: «Мен Кіші жүздің шөмекей руының бозғыл аталығына жатамын. Арғы атамыз әулие Жәрімбет Сахи. Әулиелігі сондай, халыққа қайрымы мол, дүниесін жетім-жесірге аямаған, көшпелі замандарда Қызылқұм мен Каракұмда халық үшін ақысын өзі төлеп, 30–40 құлаштық құдықтар қаздырып, құламасын деп сексеулмен өргізіп отырған. Сол құдықтардың ізі элі күнге лейін сакталған.

Сауданың қызызымен Қытайға, Еуропаға, Таяу Шығыс елдерінде кірестартқан екен. Мениң аталарым Есжан, Осман да оз уакыттарында саудамен біршама айналысқан. Ал атакты бай Қара атамыздан алты Аланғың арқақтыларының бірі темір нарком Темірбек Жүргенов ағамыз бен Үскек бауырларымыз тарайды. Сол Қара деген кісі мениң Есжан атаммен шобере болып келеді.

Озім тәрбиеін көп көрген, бүкіл өмірімнің темір қазығында болған Оспан әкеме менің баға беруім ерсілеу болар. Бірақ көрін-білгенимде, алғау сөзі жоқ, адамгершілкten таймаған, өмір бойы бесс уакыт намазын қаза қылмаған такуа кісі болатын. Экем орта шаруа болған. Кей жылдары Қара атамызбен бірге жаз айларында Каракұм, Ақтөбе облысының Ырғыз уезіндегі Басықара жайланауына, қайсыбір жылдары Қызылқұмға көніп жүрген. Бала кезінде атакты

Дәулетназар медресесінде біршама мұсылмандық білім алған, Кеңес өкіметі тұсында сонау өткен ғасырдың 20-шы жылдары Орынборда алты айлық мал дәрігерлік курсын оқып бітірді. Тіпті Кеңес өкіметі орнамай тұрганының өзінде-ақ, Қазалы ауданындағы байлығы шалқыған бір тәжік байының приказчигі болған екен. Кең заманды тарылтқан, құғын-сүргін жылдары Заминге асуы да осыған байланысты болуы керек. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының соңына қарай әділетсіз жүргізілген конфискацияға біздің әкеміз де ілігіп, жалғыз сиры мен астындағы аты ғана қалады. Өмірден түйгені мен көргені көп әкемді бұл науқан көп қажытпаған сияқты. «Көппен көрген ұлы той» деп, алғашқы колхоздастыру кезінде Жаңаталапта бірінші артельді құрып, басшылық жасайды. Жаппай тәркілеуден есенгіреп малсыз қалған, жоқшылыққа ұшыраған халықты егіншілікке ден қойғызады. Әкемнің тікелей басшылығымен Басар, Шенгелді, Арқаш арықтары казылып, егіндікке су тартылады. Аз уақытта қарын тоғайып, артельдің тасы өрге домалай бастағанда, іші тар қызғаншақ жерлестері ата-тегін тәптіштеп, оған саудагерлігін қосып жоғарыға домалақ арыздар жөнелтеді. НКВД-ның назарына ілігіп, қамалатынын білген әкем бір түнде тек киім-кешектерін алғызып, отбасымен түнде Ташкент поезына отырып, ондағы нарком қызметіндегі інісі Темірбек Жұргеновке барады. Жылы жүзбен қарсы алған Темірбек ағаның бірінші сұрағы «аш қазақсың ба, қаш қазақсың ба?» депті жай ғана жымып.

Бар жағдайға қаныққан Темірбек інісі алдымен әкеме үлкен лауазымды жұмыс ұсынады. Сонау 20 жылдары Орынборда оқыған мал дәрігерлік курсында жылды шаруашылығы бойынша мамандық алғанын айтЫп, әкем Самарқан облысының Замин ауданына сұранады. Сөйтіп Темкеннің тікелей қамқорлығының арқасында Замин ауданының жер бөліміне (райзо) жылқы шаруашылығы бойынша бас маман болып тағайындалған. Әкем жылқының жалында өскендіктен еш киындықсыз тапсырылған жұмысты жолға қоя біледі. Өзбек ағайындармен тез тіл табысып, сыйласып кетеді. Сөйтіп жүріп-ақ аштықтан жан сауғалаған көптеген кандастарына қамқорлық жасап, жұмысқа тартады. Қызметін абыроймен атқарған әкем екінші дүниежүзілік соғыс жылдары бір ғана Замин ауданынан қызыл эскерлерге таңдаулы 500 сәйгүлік жібереді.

1942 және 1954 жылдары құзырлы органдардан әкеме сұрау салынады, біріншісінде «бізде Есжанов Оспан деген кісі жок, Эшонов Усман деген бар» деп жауап береді, екіншісінде әкеме ең жаксы мінездемемен жауап қайтарады. Сондыктан болар, киын-кыстау кезінде өзбек ағайыннан пана таптым деп жиі айтатын. Кейде, аса бір көңілді кезінде домбыраны колына алғып, «қызмет жайымен Заминдамын, десек тे бала-шаға қамындамын» дспыңылдаپ әндестін.

Заман бір қалыпқа түсіп, елмен қатынас көбейген соң, қазак әдебиеті классиктерінің бірі Ғабит Мұсіреповтің «Дүниеде туған еліңен артық ел де, жер де жоқ» дегендей, әкем қартайған сайын туған елін аңсал күрсінің көбейе

берді. Ақыры, 1960 жылы сыйласқан, сырласқан өзбек, қазақ ағайындармен баталасып, туған жері «Жаңаталап» совхозына көшіп келдік. Жетпістің жетеуіне келген әкем шақырған жерге ғана барып, тек жайнамазда отыратын болды, тіпті намазы таусылмайтын еді. Қайран әкем, 1966 жылы ауырмай-сирқамай сәждеге бас қойып отырып, бақиға аттанып кете барыпты. Бұларды тәптіштеп айтып отырғаным, өзім Ташкенттің тоқыма институтын инженер-технolog мамандығы бойынша бітіріп, қызметке араласып, еліме қалтқысыз қызмет істеуім, ағайын-туысқа, көпшілікке деген ықылас көмегім әкем марқұмның тікелей ықпалы деп білемін. Ташкентте оқып жүрген студент кезімде алда-жалда үлкен шаһарға келе қалса, әкем Ташкент халқы қадір тұтатын атақты Хусейн молданың Марал ишанның шөбересі «Ескі жуа» мешітінің имамы Сейітхан Максұмдардың үйіне түсуші еді. Бастары қосылса қауқылдасып, қуанып қалатын, қариялардың үйіне мені ылғи да қасынан қалдырмай ертіп барушы еді. Шамасы, мені ол «кісілердің ғибратты әңгімелерінен, айтатын шаригат заңдарынан ұлғі алса ғой» деп ойласа керек. Ол кісілерді осы күнгі ой-санаммен сараптасам, заманының дін ғұламалары екен».

Халқымызда «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген даналық сөз бар. Шәкең Түркістан аудандық комсомол комитетіне басшылық жасады. Қазақстан комсомолының Орталық комитетінде жауапты қызмет атқарды. Кейінірек Түркістан, Шымкент мақта зауыттарында директор болды. Сол жылдары халқымыздың біртуар азаматы Өзбекәлі Жәнібековтен, Түркістан ауданын көп жыл басқарған ұлтжанды ағамыз Ұлттыбай Бисенбаевтан, жаны да, ары да таза еңбекқор туған бауыры Жаңабергеннен де көп тәлім-тәрбие, өнеге алды. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қайта құрылған «Каззаготхлопкопром» өнеркәсіп бірлестігінің бас директоры қызметінде болды. Сөйтіп бүкіл республиканың мақта өсіретін колхоз, совхоздары, мақта тазалайтын зауыттары тікелей Шәкеңің қол астына қарал, барлық мақта саласын қаржыландыруды қолына алды. Ал 1997 жылдан «Шымкент-Мақта» акционерлік қоғамының президенті. Студенттік шағында волейболдан спорт шебері болып, Өзбекстан студенттерінің құрама командасының белді ойыншысы болған. Бала күнінде жұмыс бабы Замин жылқы шаруашылығына тікслей катысты болған әкесі Оспанның тәрбиесімен бәйге аттарын баптап, мерсеклерде өтетін бойғе жарыстарында атқа шауып, атырапқа белгілі шабандоз бала атанып, жастайынан шынығып, шымыр болып өскен Шәкеңді көрген адам 80 жасқа жақындаған деп еш ойламас еді. Бойы екі метрге жуық алпамса азаматтың тіп-тік дене құрылышына, отты жанарына, шалт қымылышына таңданбасқа болмайды. Ел-халқына перзенттік парызын қандай бір қыншылық көрсе де, еш ортайтқан емес. Кеңес дәуірінде көптеген медальдармен бірге «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, егемендік алған соң қеудесіне «Құрмет» орденін тақты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мақта бұрынғы Кеңес республикаларына керек болған жок, мақтаны

Шәкенің, жоғарыда айтылғандай, жомарт жүрек сахи жан, мәрт азамат екені бүгінде жалпак жұртқа жаксы белгілі. Десек те, халықтың біртуар перзенті Әйтеке би бабамызды бүкіл елге танытудағы оның жанкешті еңбегін ескермей «білем» деу қыншы. Сары даланың сағымындай бұлдыры мен бұлдыры көп көң заманларда қазактың от ауызды, орак тілді небір лілмар шешендері, еллін сөзін ұстаптан билері мен батырлары аз болмаған гой! Озардың ішінде әз Тәүке ханның ғұсында «Жеті Жарғыны» жазуға катысқан үйсін Төле би мен қарекесек Қазыбек бидің, алшын Әйтеке бидің орындары бір төбе еді. Тәуселіздік таны аткалы Төле бидің зираты Таңкентте екені, Қазыбек бидің қасиетті Түркістандағы Кожа Ахмет Яссави кесенесіне жерленгені анықталған. Ал Әйтеке би сүйегінің кайла екені көпке дейін белгісіз болып келген. Міне, Шахарбек ағамыз баба басына шығыстық үлгіде көздің жауын аларлықтай мемориалдық кешен тұрғызыды.

Ол бейнеті мен ауыртпалығы басым осынау иғі істің калай басталғаны жөнінде былайша баяндайды. Шахарбек аға 2005 жылы Өзбекстанға кәсіпкерлік

іс-сапармен барғанында, Сейітқұл әулие мен оның үрпағы Әйтеке бидің сүйегі Нұаи облысы Ңұрата ауданындағы орталық қорымда жатқанын есітеді. Қам кірпіштен соғылып, жартылай құлаған ескі зиратты облыстың бас имамы Насреддин Ишан баба өзі ертіп апарып көрсетеді. Ертеректе осы қорымдардың үстінен жол түсетін болып, бұзуға кіріскенде, Насреддин Ишан бабаның атасы, ауыл молдасы Сайд Мубинжон Эшонбобо бала-шағасымен трактор алдына жатып алыпты. «Бұл жерде қазақтардың әулие бабалары жатыр, сонынан сұрауы болады», – дегеннен кейін ғана үкімет орындары тоқтап, қорымды айналып өтетін жол салыпты. Кейін Ңұрата мешітінің найб-имамы Момынжан Атаев та пәк жүректі Сейітқұл баба әuletі тағдырынан мол мағлұмат берді. Осы қорымда жатқан Сейітқұл әулие мен Әйтеке биден басқа Ораз қажының, Тоқпан мен Ақша бидің бейіттерін көрсетеді. Ата аманатын ыждағатпен көңіліне түйген қария қай төмпешіктің астында кімнің жатқанын тайға таңба басқандай түсіндіріп өтеді. Енді бір ондаған жылдан соң онсыз да мұжіліп, құлауға айналған бұл бейіттердің тегістеліп кету қаупі барын жан-жүргімен сезінген Шәкен бұл ойын сол кездегі Қазақстанның Өзбекстандағы өкілетті елшісі, бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Асқар Мырзахметовке айтады. Бабалар бейітін жаңғырту жөніндегі ойын ортаға салады. Ол Сейітқұл баба – Әйтеке би кесенесін көтеруге қажетті жер алып беруге көмектеседі. Кейіннен ол кісінің орнына елші болып Зауытбек Тұрысбеков тағайындалды. Ол кесене құрылышын ұйымдастыруға бел шеше кіріседі.

Көп ұзамай Шахарбек ағамыз бас болып Рахат Байзақов, ағайынды Қаражан және Бернард Сердалиевтер, Арғынғазы Беркімбаев, Ибадулла Қалыбеков тәрізді азаматтар қол ұшын беріп, жұмыс басталып та кетеді. Шахарбек аға інілері Арыстан, Ңұрландармен бірге Қазақстанның Өзбекстанға апта сайын қатынап, қажетті құрылыш материалдарымен қамтамасыз етіп тұрды. Жобаға сәйкес Ңұратадағы Сейітқұл әулие мен Әйтеке би кесенесінің қазығы 2008 жылдың 18 қыркүйегінде қағылып, құрылыш жұмыстарына Ислам мәдени орталығының ғылыми-өндірістік бас басқармасының басшысы, белгілі ғалым Раушанбек Мансұров жетекшілік жасады. Көшіліктің ұйғарымымен оның алғашқы кірпішін қалау құрмсті белгілі кәсіпкер Шахарбек Усманов ағамызға жүктелді.

Жұмыс алғашқыда қызу басталғанымен бірте-бірте барлық салмақ оның ұйымдастырушысының иығына түсті. Қоптеген азаматтардың «белсененділігі» сөзден аспай, ортақ тірлікten сырт айнала бастағаны байқалды. Әйткені олар кесене құрылышының аяқталуымен байланысты «міндетім бітті» дес есептеді. Ал оның маңайын көркейту, келісті қақпасын орнатып, сыртын қоршаша колға алынды. Кесене жанынан мұнара тұрғызылып, мұражай салынды. Зиярат етіп алыстан келушілерге арнап басына қонақ үй салынды. Асхана жұмыс істей бастады.

Ақыры көптен күткен қуанышты құн де келіп жетті. Нұратада қаласының маңында ортағасырлық архитектура үлгісімен салынған кешенді құрылым ғимараттары бой көтерді. Кесенениң биіктігі – 14 метр, ұзындығы – 15, ені – 8 метр, қабырғаларының қалындығы – 1,5–2 метрді құрайды. Мұнарасының биіктігі – 13,5 метр. Кесене құрылымы аяқталғанымен оны күтіп ұсташа бар ғой. Осы қүнге дейін су құбырын тарту, басқа да жөндеу жұмыстары, су, жарық төлемдері, кесене қызметкерлерінің жалақысы түгелдей Қазақстандағы «Әйтеке би» мәдени-тарихи орталығы есебінен, нақтырақ айтқанда, Шахарбек ағаның өз қалтасынан төленіп келеді. Осыған орай, олардың халық үшін, бабалардың асыл рухы үшін атқарған тірліктеріне Өзбекстан үкіметі ерекше мән беріп отыр. Қазіргі таңда Әйтеке би бабамыздың мемориалдық кешені тарихи құнды ғимарат ретінде Өзбекстан Республикасының мемлекеттік қорғауына алынды. Ал Шахарбек ағаға Өзбекстан Мәдениет жөне спорт министрлігіне қарасты Мәдени мұра нысандарын қорғау жөніндегі Бас ғылыми-өндірістік басқармасының куәлігі табыс етілді. Куәлікке Ташкент қаласында Бас басқарма басшысы Р. А. Мансуров 2013 жылдың 2 мамырында қол қойған.

Кесене құрылымының аяқталуымен байланысты жыл сайын мамыр айында бабалар рухына бағышталып, құран оқылып, ас беріліп келеді. 2009 жылы Сейітқұл баба мен Әйтеке би басына зиярат етуге келген Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев осындағы құрылымы жұмыстарына зор ризашылығын білдіріп, Шахарбек ағамыздың қолын қысып, кең құшағына алып, осы шараға орай еларалық үлкен ас өткізуға кеңес береді.

Бұл жолы да Оспан ата әулеті түгелдей ас қаражатын өздері шығарып, 2012 жылдың 18 мамырында Нұратада Сейітқұл баба – Әйтеке биге арналған үлкен мерекелік шара өткізіп, ас берді, құран бағыштады. Бұл асқа Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қазақстанның барлық облыстарынан өкілдер қатынасты. Көптеген қоғам, мемлекет қайраткерлері, Сенат және Мәжіліс депутаттары, туысқан кіндік Азия мемлекеттерінің жазушылары, ақындары қатынасты. Ұлт үшін, ата-бабалар әруағы үшін осындағы зор ауқымды жұмыстарды абыроймен аяқтаған Шәкенді қалай әспеттесек те артық болмас, ағайын. Қазактың белгілі ақыны Мұзатар Әлімбаевтың мына бір өлеңіндегі:

Біреудің есімі аспас албардан да,
Біреудің есімі аспас ауданнан да,
Лайықты өз елінде жігіттер бар,
Дабысы асып жатқан таулардан да, –

деген шумактар дәл Шахарбек ағамызға арналғандай көрінеді маған. Сейітқұл баба – Әйтеке би мемориалының құрылымы аяқталған соң бабалар құрметіне ағамыздың берген айтулы асы магынасы мен мазмұны жағынан хан Абылайдың, керей Сағынайдың астарынан кем түспегені анық.

Ортагасырлық сәүлөттерімен өрнектелген хас шебердің қолтаңбалары айқын аңғарылып, 10 баллдық жер сілкінісіне төтеп беретін бүкіл іс-шараның, күрылыштың сапалы шығуына көп үлес қосқан Шахарбек ағаның еңбегіне кенірек тоқталғанның ерсі еместігі анық нәрсе. Рас, Әмір Темір Қожа Ахмет Яссайи бабаға алып күрылыш салғанда, жарты дүниені билеген патша емес пе еді? Самарқандағы Тілла Қари мен Шердарды салдырыған Жалаңтөс бабамыз сол өлкенің ширек ғасыр билеген баһадүрі болатын. Ал мынандай алмағайып заманда бар жиған-тергенін, бүкіл әүлетін де осындай жұмысқа тартып, еңбек еткен Шәкенің есімін ел тарихына алтын әріппен жазса болады. «Пайғамбарымыздың хадисінде: қайырды сау кезінде, уақытында бер дегені бар. Маған біткен несіbenі Алланың бергені деп түсінемін», – дейді ағамыз қарапайым ғана.

«Дүниенің тыныштығының төрт тірегі бар. Бірінші – патшалардың даналығы, екінші – қазылардың әділдігі, үшінші – ауқатты адамдардың қайырымдылығы, қайыр-сахабаты, төртінші – көпшіліктің тілек дүғасы», – дейді бір хадисінде Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбарымыз. Шахарбек ағалар сияқты халқын, елін сүйген азаматтар дүние тыныштығының бір тірегі екендігінде дау жоқ. Макаламыздың басына «Елін сүйген ер Шәкен» деп ат қойған едік. Елін сүйген Ерді елі де сүйері ақиқат.

УСМАНОВ ШАХАРБЕК ОСПАНҰЛЫНЫҢ ӨМІРДЕРЕГІ

Усманов Шахарбек Оспанұлы 1937 жылы 1-ші акпанда Өзбекстанның Самарқан облысы Замин ауданында қызметкер отбасында дүниеге келген. 1957 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Ташкент тоқыма институтына окуға түсті. Бұл жоғары оку орнын 1962 жылы инженер-технолог мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Ш. Усманов еңбек жолын Славян мақта зауытында ауысым мастері болып бастады, одан соң өндіріс бастығы болды. 1964 жылы наурыз айында Түркістан мақта зауытына ауысып, осында цех бастығы болып тағайындалды.

1965 жылғы қантарда Түркістан аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды, ал 1966 жылы республика комсомолы Орталық комитетінде жауапты қызмет атқарды.

1966 жылдың қазан айынан бастап Шымкент мақта зауытының директоры, 1969 жылдың қазан айында Түркістан мақта зауытының директоры болып тағайындалды, осы зауытты басқарған 19 жыл ішінде зауыт ұжымы республика, Одақ көлеміндегі ең алдыңғы салтағы кәсіпорындар қатарынан көріне білді.

Усманов Ш.О. 1985 жылдың тамыз айынан бастап республикалық «Каззаготхлопкопром» өнеркәсіптік бірлестігінің бастығы, ал 1994 жылдың акпаңында бұл кәсіпорын «Каззаготхлопкопром» өндіріс бірлестігі болып қайта құрылуына байланысты бас директор болып тағайындалды. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1993 жылғы акпаңдағы шешімімен аймақтық «Мақта» акционерлік компаниясының құрылуына байланысты Ш. Усманов осы компанияның президенті болып тағайындалып, осы кезеңде ол республиканың барлық мақта өсіретін колхоз, совхоздарын, мақта тазалайтын зауыттарды тікелей басқарып қаржыландырып отырды.

Ал 1997 жылдың желтоқсан айынан бастап қазіргі күнге дейін «Шымкент-Мақта» акционерлік қоғамының президенті.

Еліміз тәуелсіздік алғашкы жылдары Шахарбек Оспанұлы Корея елімен байланыс жасап, Алматы қаласындағы радиотехника құралдарын өндіретін өнеркәсіпті, сондай-ақ Шымкент қаласындағы осындай өнеркәсіпті қалыптастыруға бастамашы болды.

Қоғамға сінірген еңбегі үшін Шахарбек Усманов көптеген наградалармен марапатталған. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі грамотасының и-

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

гері. Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласы, Мактаарал ауданы, Қызылорда облысының Жалағаш ауданының және Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы. «Республиканың еңбек сінірген қайраткері», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерінің, бірнеше медальдардың иегері.

Отбасылы. Жұбайы екеуі төрт ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

Темірбек Жүргенов туралы 2012 жылы Б. Иманғалиевтің авторлығымен жаңық көрген кітапқа, Темірбек Жүргенов туралы деректі телесериалға, сондай-ақ осы кітаптың жарыққа шығуына демеушілік жасаған Шахарбек Оспанұлына зор алғысымызды білдіреміз.

ТҮСІНІКТЕР

I-БӨЛІМ

Т. Жүргенов туралы зерттеулер мен мақалалар

1. М. Байділдаев. «Ақындар творчествосы» кітапшасынан. А., 1959.
2. Р. Сулейменов. «Темирбек Жүргенев» атты зерттеу кітапшасы. А., 1968.
3. С. Узакбаева, А. Садыкова. «Служение родному народу» атты зерттеу кітапшасынан. А., 2009.
4. М. Байділдаев. «Шаһнама» қазақ топырағында. «Білім және еңбек» журналы, 1962 ж., № 7.
5. Письмо об увековечении памяти Т. Издлеуова Первому секретарю Центрального комитета Коммунистической партии Советского Союза тов. Хрущеву Н. С., Шелепину А. Н. и др. «Т. Ізділеуұлы туралы естеліктер, мақалалар, мұрағаттық құжаттар» кітабынан. IV том. Құрастырған М. К. Байділдаев, А. Н. Алматов. А., 2007.
6. Ш. Артықбаев и др. Письмо об увековечении памяти Т. Жургенева Первому секретарю Кызыл-Ординского обкома КП Казахстана И. А. Абдукаrimову. 1977 жылы 21 сәуірде Д. Ермекова-Жүргенова өз қолымен Қызылорда облысына арнаулы почтамен жіберген белгісі бар хаттың көшірмесі. М. Байділдаевтың жеке архивінен алғынып, тұнғыш жарияланып отыр.
7. Ш. Артықбаев и др. Письмо об увековечении памяти Т. Жургенева Первому секретарю ЦК КП Казахстана Д. А. Кунаеву. 1978 жылы 2 ақпанда жазылған хаттың көшірмесі. М. Байділдаевтың жеке архивінен алғынып, тұнғыш жарияланып отыр.
8. М. Байділдаев. Халық комиссары. «Лениншіл жас» газеті, 1978 ж., 29 қаңтар.
9. А. Игенбаев. Табанды күрескер. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1978 ж., 24 қазан.
10. М. Кенжебаев. Өнегелі өмір. «Социалистік Қазақстан» газеті, 1978 ж., 28 қараша.
11. Р. Сулейменов. Полпред культуры Казахстана. «Каз. правда», газета, 1978 г., 28 ноября.
12. Қ. Еламанов. Елдің шекарасын белгілеп, мәдениетіне қамқор болған. «Ақтөбе» газеті, 1983 ж., 17 наурыз.
13. Ә. Тарапов. Азапты жылдар ақыраты. «Алматы ақшамы» газеті, 1990 ж.
14. А. Тасымбеков. Алжир-Малиновка. Дәмеш. Темірбек Жүргенов. Олар 19 еді. «Жан дауысы» кітабынан. А., 1994.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

15. Д. Әшірбеков. Жарты ғасырға созылған құпия Жаңалық ауылында жария болды. «Жетісу» газеті, 1992 ж., 7 сәуір.
16. Б. Қойшыбаев. Нарком Жүргенов. «Нәубет» кітабынан. А., 1990.
17. Ә. Бекірұлы. Жүргеновтер отбасы қалай жазаланды? «М. Шоқай» кітабынан. А., 1997.
18. Е. Арын. Жүргенов нарком боп жүргенде. «Егемен Қазақстан» газеті, 1998 ж., 18 қараша.
19. Б. Сәрсембина. Жүргеновке жаңаша қарайық. «Жас алаш» газеті, 2008 ж., 29 қыркүйек.
20. Б. Мырзабай. Т. Жүргенов – кеңестік жүйе саясатының құрбаны. «Актөбе» газеті, 2008 ж., 14 қараша.
21. Т. Дайрабаев. Жүргеновтер әuletінің ақиқаты. «Түркістан» газеті, 2009 ж., 25 мамыр.
22. С. Исаев. Уроки навсегда. Т. Жүргенов. Шығармалар. А., 2013.
23. Б. Иманғалиев. Ұлтын ардақтаған ұлтжанды тұлға. «Т. Жүргенов» кітабынан, А., 2012.
24. С. Кирабаев. Темірбек Нарком. «Егемен Қазақстан» газеті. 2013 ж., 22 қыркүйек.
25. Б. Нұрпейіс. Қазақ театр өнерін дамытудағы Т. Жүргеновтің рөлі.

П-БӨЛІМ Естеліктер

1. Р. Алшынбаевтың естелігі. М. Байділдаевтың жеке архивінен.
2. А. Сарыновтың естелігі. М. Байділдаевтың жеке архивінен.
3. Ж. Нұржанов. Жүргеновтер әuletі. Алғаш рет жарияланып отыр. Жазып алған Б. Мырзабай, Қызылорда, 2008.
4. М. Әбдіқұловтың естелігі. Т. Дайрабаевтың «Тұғыры биік тұлға» кітабынан. А., 1998.
5. А. Ермекованың естелігі. «Тұғыры биік тұлға» кітабынан. А., 1998.
6. С. Ноғайқызының естелігі. «Тұғыры биік тұлға» кітабынан. А., 1998.
7. Д. Ермекова. Айтылмай кеткен аманат. «Мәдениет және тұрмыс» журналы, 1987 ж., №2.
8. Ә. Алмат. Тірі қалғаным Темірбек ағайдың арқасы. Алғаш рет жарияланып отыр, жазып алған Б. Мырзабай. Стамбул, 2011.
9. А. Затаевич. Т. Жүргенов жаздырған әндер туралы. Қазақ халқының 1000 әні жинағына түсіндірме. М., 1963.
10. С. Қожамқұлов. Т. Жүргенов жайлы естелік. «Социалистік Қазақстан» газеті, 1967 ж., 1 қазан.

11. А. Оспанұлы. Темірбек ағаның шарапаты. Алғаш рет жарияланып отыр, жазып алған Б. Мырзабай. Шымкент, 2013 ж.
12. Ұ. Аяпов. Халық ақыны Тұрмамбет Ізтілеуов туралы менің билетінім. 1959 жылы 19 ақпанда М. Байділдаев жазып алғып, «Т. Ізтілеуұлы туралы естеліктер, мақалалар, мұрағаттық құжаттар» кітабының IV томында жарияланған. А., 2007.
13. Ф. Мұсірепов. Т. Жүргенов. «Социалистік Қазақстан» газеті, 1965 ж., қараша.
14. Қ. Жандарбеков. Алғашқы асу. «Жұлдыз» журналы, 1965 ж., №2.
15. А. Жұбанов. Нарком Жүргенов. «Мәдениет және тұрмыс» журналы, 1967 ж., № 4.
16. С. Мұқанов. Т. Жүргенов жайлары. «Есею жылдары» кітабынан, А., 1970.
17. Ә. Тәжібаев. «Жылдар, ойлар» кітабынан. А., 1970.
18. Қ. Байсейітов. «Құштар көңіл» кітабынан. А., 1977.
19. Д. Әубекіров (Т. Жүргеновтің 1933–1937 жылдары көмекшісі болған). Көрнекті қайраткер, белгілі ұстаз еді. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1967 ж., 16 қараша.
20. Ә. Тұрманжанов. «Шаһнама» дастаны жайында. 1960 жылы 10 тамызда «Қызылсу» газетінде жарияланып Т. Ізтілеуұлы туралы естеліктер, мақалалар, мұрағаттық құжаттар кітабының IV томына енгізілді. А., 2007.
21. М. Әуезов. «Шаһнамаға» алғысөз. 1936 жылы жазылып 1961 жылы жарыққа шыққан «Рұstem-Дастан» кітабына енгізілген. Осы жинаққа II томдық «Шаһнама» кітабынан алғынып отыр. А., 2009.
22. Ш. Біткенбаева. Жұмыскер нарком Жүргенов. «Мәдениет және тұрмыс» журналы, 1978 ж., № 7.
23. Ш. Жиенқұлова. «Өмірім менің – өнерім» кітабы, А., 1983.
24. Д. Ермекова-Жүргенова. Дос, адал дос. «Ленин жолы» газеті, 1977 ж., ақпан.
25. Д. Ермекова-Жүргенова. Мәдениет қайраткері. «Мәдениет және тұрмыс» журналы, 1987 ж., № 11.
26. Д. Ермекова. Ол бір ерекше жан еді. «Жас алаш» газеті, 1991, желтоқсан.
27. Н. Лушникова. Пора воздать должное сыну своей Родины! «Тураби» газеті, 1998 ж., 30 сәуір.
28. Ж. Сарбалаұлы. Айшықты мезет. Немере інісі Қиназар Қосжановтың естелігі. «Ленин жолы» газеті, 1988 ж., 10 қараша.
29. Ж. Бектұров. Қайран абзал ағалар. «Нәубет» кітабынан. А., 1990.
30. М. Қалдыбаев. Қос тұлға. Т. Жүргенов туралы Б. Момышұлының естелігі. «Зерде» журналы. 1990 ж., № 11.
31. Ә. Жәнібеков. Қасиетті кісі еді. «Егемен Қазақстан» газеті. 1992 ж., 19 тамыз.
32. Е. Брусиловский. «Дүйім дүлділдер» кітабынан. А., 1995.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

33. Р. Жарылқасынов. Үш мың шенеунік үш алыпқа татымай отыр. «Егемен Қазақстан» газеті, 2013 ж.
34. З. Асабаев. Үш алыптың достығы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2013 ж., 14 шілде.
35. А. Омаров. Темірбек аға туралы бірер сөз. Алғаш жарияланып отыр.
36. Ө. Қанахин. Жұргеновке ескерткіш. «Мәдениет және тұрмыс» журналы, 1987 ж., № 4.
37. Б. Мырзабай. Мен өз ғұмырыма ризамын. Т. Жұргеновтің жұбайы Дәмеш Ермекова-Жұргенованың өз аузынан 1989 жылы 11 қазанды жазып алғынып, тұнғыш рет жарияланып отыр.

III-БӨЛІМ Арнау жырлар мен толғаулар

1. Т. Ізділеуов «Шаһнамаға» кіріскенде. II томдық «Шаһнама» кітабынан. А. 2009.
2. Т. Ізділеуұлы. Ұ. Құлымбетовке. «Т. Ізділеуұлы туралы естеліктер, мақалалар, мұрағаттық құжаттар» кітабының II томынан. А., 2007.
3. Т. Ізділеуұлы. Айышқа. «Т. Ізділеуұлы туралы естеліктер, мақалалар, мұрағаттық құжаттар» кітабының II томынан. А., 2007.
4. «Шаһнаманың» соңына. II томдық «Шаһнама» кітабынан. А. 2009.
5. С. Сатанов. «Ақтөбе» газеті, 1998 ж.
6. Ж. Сарбалаев. Қайта оралды ол бүгін. «Жаңадария» газеті, 1989 ж.
7. С. Есмаханов. Асыл аға. «Сыр бойы» газеті, 1989 ж.
8. М. Аяпов. Жұргеновтің соңғы сөзі. «Жаңадария» газеті, 1998 ж.
9. С. Оспанов. Көсегесін көгеркткен жан өнердің.
10. А. Омаров. Елін сүйген ер Шәкен. Т. Жұргенов туралы осы жинақтың жарыққа шығуына тікелей ықпал етіп, қаржылай демеушілік жасаған Усманов Шахарбек Оспанұлы туралы ой толғау.



МАЗМУНЫ

Алғысөз 3

I БӨЛІМ Т. Жүргенов туралы зерттеулер мен мақалалар

1. М. Байділдаев. Ақындар творчествосы	10
2. Р. Сулейменов. Темирбек Жургенев	12
3. С. Узакбаева, А. Садыкова. Служение родному народу.....	57
4. М. Байділдаев. «Шаһнама» қазақ топырағында.....	173
5. А. Турмагамбетов. Письмо об увековечении памяти Т. Изтлеуова Первому секретарю Центрального комитета Коммунистической партии Советского Союза тов. Хрущеву Н. С., Шелепину А. Н. и др.	177
6. Ш. Артықбаев и др. Письмо об увековечении памяти Т. Жургенева Первому секретарю Кызыл-Ординского обкома КП Казахстана И. А. Абдукаримову	180
7. Ш. Артықбаев и др. Письмо об увековечении памяти Т. Жургенева Первому секретарю ЦК КП Казахстана Д. А. Кунаеву.....	183
8. М. Байділдаев. Халық комиссары.....	185
9. А. Игенбаев. Табанды курескер	189
10. М. Кенжебаев. Өнегелі өмір	194
11. Р. Сулейменов. Полпред культуры	196
12. Қ. Еламанов. Елдің шекарасын белгілеп, мәдениетіне қамқор болған.....	199
13. Ә. Тарапов. Азапты жылдар ақиқаты	202
14. А. Тасымбеков. Алжир – Малиновка.....	204
Дәмеш.....	208
Темірбек Жүргенов	211
Олар 19 еді...	212
15. Д. Әшірбеков. Жарты ғасырға созылған құпия Жаңалық ауылында жария болды.....	223
16. Б. Қойышыбасев. Нарком Жүргенов	226
17. Ә. Бекірұлы. Жүргеновтер отбасы қалай жазаланды?	234
18. Е. Арын. Жүргенов Нарком бол жүргенде.....	245
19. Б. Сарсенбина. Жүргеновке жаңаша қарайық.....	251
20. Б. Мырзабай. Т. Жүргенов – кеңестік жүйе саясатының құрбаны.....	257
21. Т. Даирабай. Жүргеновтер әулетінің ақиқаты	266

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

22. С. Исаев. Уроки навсегда.	272
23. Б. Имангалиев. Ұлтын ардақтаған ұлтжанды тұлға.....	277
24. С. Қирабаев. Темір Нарком	281
25. Б. К. Нұрпейіс. Қазақ театр өнерін дамытудағы Т. Жүргеновтің рөлі	294
Күжаттар мен суреттер	304

II БӨЛІМ

Темірбек Жүргенов туралы естеліктер

1. Р. Алишынбаевтың естелігі	393
2. А. Сарыновтың естелігі.....	393
3. Ж. Нұржанов. Жүргеновтер әулеті	394
4. М. Әбдіқұловтың естелігі.....	403
5. А. Ермекованың естелігі.....	404
6. С. Ногайқызының естелігі	405
7. Д. Ермекова-Жүргенова. Айтылмай кеткен аманат	406
8. Ә. Алмат. Тірі қалғаным Темірбек ағайдың арқасы	411
9. А. Затаевичтің естелігі	414
10. С. Қожамқұловтың естелігі.....	415
11. А. Оспанұлы. Темірбек ағаның шарапаты	415
12. Ү. Аяпов. Халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов туралы менің білетінім ...	419
13. Ф. Мұсірепов. Темірбек Жүргенов	425
14. Қ. Жандарбеков. Алғашқы асу	425
15. А. Жұбанов. Нарком Жүргенов	426
16. С. Мұқанов. Темірбек Жүргенов жайлы	430
17. Ә. Тәжісібаев. Жылдар, ойлар	431
18. Қ. Байсейітов. Құштар көңіл.....	433
19. Д. Әубекіров. Көрнекті қайраткер, белгілі ұстаз еді	451
20. Ә. Тұрманжанов. «Шаһнама» дастаны жайында	455
21. М. Әүезов. «Шаһнамаға» алғысөз.....	456
22. Ш. Біткенбаева. Жұмыскер Нарком Жүргенов	457
23. Ш. Жиенқұлова. Өмірім менің - өнерім	459
24. Д. Ермекова-Жүргенова. Дос, адад дос	500
25. Д. Ермекова-Жүргенова. Мәденниет қайраткері	503
26. Д. Ермекова-Жүргенова. Ол бір ерекше жан еді	506
27. Н. Лушникова. Пора воздать должное сыну своей Родины!	508
28. Ж. Сарбалаяұлы. Айшықты мезет.	511



29. Ж. Бектұров. Қайран абзал ағалар.....	515
30. М. Қалдыбаев. Қос тұлға.....	516
31. Ә. Жәнібеков. Қасиетті кісі еді	521
32. Е. Брусиловский. Дүйім дүлдүлдер	525
33. Р. Жарылқасынов. Үш мың шенеунік үш алыпқа татымай отыр	528
«Рұстем-Дастан» қалай жазылды?	529
34. З. Асабаев. Үш алыптың достығы	532
35. А. Омаров. Темірбек ағай туралы бірер сез.....	538
36. Ә. Қанахин. Темірбек Жүргеновтің ескерткіші.....	542
37. Б. Мырзабай. Мен өз ғұмырыма ризамын	543

III БӨЛІМ

Арнау жырлар мен толғаулар

1. Т. Изтілеуұлы. «Шаһнамаға» кіріскенде	550
2. Т. Изтілеуұлы. Ұ. Құлымбетовке	551
3. Т. Изтілеуұлы. Айышқа	552
4. Т. Изтілеуұлы. «Шаһнаманың» сонына	553
5. Ж. Сарбалаев. Қайта оралды ол бүгін.	554
6. С. Есмаханов. Асыл аға	555
7. М. Аяпов. Жүргеновтің соңғы сезі	556
8. С. Станов. Нарком Жүргенов.....	557
9. С. Оспан. Қосегесін көгерктен жан өнердің.....	561
10. А. Омаров. Елін сүйген Ер Шәкен.....	564
 Усманов Шахарбек Оспанұлының өмірдерегі.....	571
 Түсініктер.....	573

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ

«Сарыарқа» баспасында басылып шыкты.

Бас директор: Қайрат Әли

Мәтіндерді компьютерде терген: Ұлыбек Бекарыстанұлы, Жәмила Бекболатқызы

Техникалық редактор: Жетпісбай Жанахметов

Корректор: Амангелді Қайыраев, Фалия Раушанова

Компьютерде беттеген: Диана Қалқамбекова, Жанар Бектебергенова

22. 08. 2014 ж. басуға қол қойылды. Пішімі 70x100^{1/16}.

«Times New Roman» гарнитурасы. Оффсеттік басна.

Есептік баспа табагы 36,25. Таралымы 1500 дана.

Тапсырыс № 50.



Астана қаласы, Көкарада көшсі, 2
тел.: 52-74-11, 52-74-62, факс: 52-74-89
e-mail: izdat_saryarka@mail.ru

